«ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРІ»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары

27 ақпан, 2019

Ақтау

ӘОЖ 821.0
ББК 83.3
Т90

Yessenov University ректоры Б.Б.Ахметов жалпы редакциялығымен

Редакциялық алқа:
Е.Т. Нұрмағанбет, А.Н. Отарова, Б.І.Нұрдаулетова, А.М. Джанисенова

Т90 «**Түркі халықтарының рухани мұралары және Маңғыстау жыраулық дәстүрі**»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019. - 444 б.

ISBN 978-601-308-086-4

«Түркі халықтарының рухани құндылықтары және Маңғыстау жыраулық дәстүрі» халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференция материалдарының жинағы түркі халықтарының рухани мұралары, түркі рухани құндылықтарындағы тарихи таным, Маңғыстаулық жыраулық дәстүр, рухани жаңғыру аясында қоғамдық сананы жаңғыртудың білім берудің өзекті мәселелерін қарастырады.

Жинақ жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен білім алушыларына, ғылыми ізденістегі өзге де жұртшылыққа арналады.

ӘОЖ 821.0
ББК 83.3

© Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019

ISBN 978-601-308-086-4

1-СЕКЦИЯ
«ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫ»

ӘОЖ 930.2

ТҮРКІ РУХАНИЯТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БИЛЕР ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ РӨЛІ

Ахан Б.
С.Байішев атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада көшпелі түркі жұртының ұлттық руханиятын қалыптастырудағы билер дүниетанымы ғылыми тұрғыда сараланады.

Түйінді сөздер: билер институты, рухани қазына, жеті жарғы.

Ел егемендігі рухани дүниемізді түгендеуге белгілі дәрежеде жағдай жасады десек те әлі күнге қазақ топырағының төл туындылары боп есептелетін оның ауыз әдебиеті нұсқалары, әсіресе, шешендік сөздер үлгілері, мақал-мәтелдері, эпос жырлары, халықтың әйгілі би-батырлары, хандары, билері жайлы ел аузында жүрген әңгімелер, олардың өнеге-өсиет сөздері философиялық, жалпы дүниетанымдық, саяси –әлеуметтік, құқықтық тұрғыдан арнайы зерттеп-зерделеуге түскен жоқ. Осы бағыттағы атқарылар іс әлі өз кезегін күтуде және оның көшпенділердің рухани өркениетін, оның ішінде олардың саяси-құқықтық көзқарастары мен ұғым-түсініктерін, қағида-принциптерін танып білудегі берері де аз болмаса керек-ті. Бір қуанарлық жәй соңғы кездері қазақ халқының тарихы, ауыз әдебиеті, жалпы рухани мәдениетіне арналған деректі материалдар көптеп басылып шығуда.Бүгінгі алқалы мәжіліс түркі жұртының ұлттық руханиятын ұлықтаудағы ұлы істердің бірі деп білеміз. Рухани жаңғыру аясындағы ұлт рухын танымдық тұрғыда зерделеудегі игілікті іске сәттілік тілеймін.

Билердің рухани қазынасы – мәңгі өшпейтін шырақ, таусылмайтын кәусар бұлақ іспетті. (1) Олардың қоғамдық-саяси және құқықтық болмыстары тек қана өз заманының көкейкесті мәселелеріне ғана арналып қоймай, сонымен қатар бүгінгі күн тәртібінде тұрған біршама өзекті мәселелерге де өздерінің нақтылы жауабын беріп тұрғанына таңданбасқа болмайды. Олардың кейбір ой-пікірлерін кәдемізге жарату - әлеуметтік тәжірибені алға дамыту деген сөз. Сонымен қатар құқық саласындағы көзқарастарын, таным-бағдарларын, жан-жақты терең зерттеудің нәтижесінде біз олардың осы күнге дейтін беймәлім болып келе жатқан биліктерін танып, өткен ғасырдағы қазақ қоғамындағы, тіпті, қазіргі кездегі қайшылықтардың себептеріне бойлауға мүмкіндік аламыз. Өйткені олар айтқан биліктерде құқық тарихының жаңа беттері ғана емес, дәстүрлі жалғастығы да бар. Оны Шыңғыс хан жосығының, Есім ханның ескі жолымен, Қасым ханның қасқа жолының, Әз Тәукенің «Жеті жарғысының» занды жалғасы деп ұққан жөн. Ел ішіндегі дау-шарлар туралы билердің әрбір сөзі, әрбір шешімі - Әз Тәукенің «Жеті жарғысындағы» баптармен үйлесіп отырған. Және олар негізін үйсін Төле би, Арғын Қазыбек би, алшын Әйтеке би қалаған «Жеті жарғыны», қазақ ханы Әз Тәуке бекіткен «Жеті жарғыны» ұдайы басшылыққа алып, қажетті жерінде заман талабына ылайық өзгертіп, жетілдіріп те отырған.

Қазақ халқының қадірменді билері ел басына ауыр күндер туған қиыншылық кездерде, ел жиналған айт, ас, той тұсында, жер дауы, жесір дауы, барымта дауы, көтерілген жерлерде ауыл ақсақалдарымен кеңесіп, ел тағдырын бірге шешісіп келген. Кейде ауыл ақсақалдары, билері бір шешімге келе алмай қалғанда ортада билік айтып дауды тындырып отырған. Бүгінгі күн көзқарасымен емес, сол заманның деңгейімен бағаласақ, билер өз дәуірінің айрықша қайсар адамдары, ел билейтіндей көсемдіктер, ділмар шешендіктер, ержүрек қолбасшы екендіктерін танытқан адамдар.

Билер қазақ қауымында аса зор құрмет иесі, сирек кездесетін әлеуметгік топ. Өйткені, «жүзден-жорға, мыңнан тұлпар» дегендей, казақ биіне артылар жүк пен қойылар талаптардың салмағын ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де көтере алмайды. Ал бидің әрі шешен әрі көсем болуы шарт. Ол аз болса, ел басынан өткен тарихи уақиғаларды, шежірені, мақал-мәтел мен

қанатты сөздерді, аңыз-әңгемелерді және ең бастысы - қазақтың әдет-ғұрпын, салт-санасын, ескі рәсімдерін, алқалы жиындарда айтылған атышулы биліктер мен атақты билердің ғұмыр-деректерін, жөн-жобаларын жақсы білуі тиіс. Демек, оның әрі философ, әрі тарихшы, әрі әдебиетші, әрі заңгер болуы шарт. Бұл туралы Шоқан былай дейді: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы, немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің ұлттық салт-дәстүрі мен болмысына негізделген, мұсылмандық құқық ісіне жетіктігін және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы жұрттың бәріне мәлім болып отырған. Сонымен, бұл «би» деген атақ ел ішінде билік айтуға және төрелік сөз сөйлеуге патент сияқты нәрсеге айналған». Тарихи деректерге қарағанда 26 жастағы Шоқан Көкшетауға барған сапарында Қанжығалы Бөгенбай батырдың шөбересі Саққұлақ бидің аулында қона жатып, атышулы шешенмен бірнеше күн әңгіме-сұхбат құрған. Осы кездесуде Шоқан Саққұлақ биге: - Ақсақал, біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды? - деген сауал қояды. - Шырағым, көнеден сұрайды, - деп жауап береді шешен. - Көне адасса кімнен сұрайды? - Көне адасса, көргендіден сұрайды. - Көргенді адасса, кімнен сұрайды? - Көргенді адасса, көптен сұрайды. - Көп адасса, кімнен сұрайды? - Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды. - Көп оқыған адасса кімнен сұрайды? - Көп оқыған көзі шықпай неге адассын! Әлгінде ғана Сатыбалдының Жаманқұлына күдіктеніп, оның Үмбеталы жырау туралы дастанын өзің де менен сұрап, анықтап алған жоқпысың? - дейді шешен. Содан соң іле-шала: Асылы, ақыл-адамды аздырмайтын ем, білім-таусылмайтын кен. Адамның басшысы - ақыл, жетекшісі - талап, Шолғыншысы - ой, жолдасы - кәсіп, қорғаны - сабыр, қорғаушысы - мінез. Адам биік болса тасар-ды, кішік болса, құрт-құмырсқа басар-ды, орта құба төбел болса - сол адам ұзақ жасар-ды. Біліп туған бала екенсің, тумысыңнан дана екенсің, - деп Шоқанға қатты риза болған Саққұлақ би батасын берген екен. Осы бір мысалдың өзінен-ақ қазақ билерінің табиғи болмысын, тапқырлық өресін, шешендік шабытын көресің. Қазақ биіне қойылатын тапаптар хақында ұлы Абай да кезінде көшпелі пікір айтып былай деген: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», әз Тәуке ханның Күлтөбенің басында күнде кеңес болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек. hәм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек». Демек, Абайдың ойынша қазақ биі ескі жөн-жобаларды, заң күші бар ережелерді біліп қана қоймай, оларды заманның жаңа талаптарына сай, өз қабілетінше бейімдеп, әділ билік жасай алуы керек. Әділ билік демекші, қазақ билерінің хұзырлық деңгейінің кепілі «қара қылды қақ жарған» сақилық болып табылады. Қазақта «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген тамаша диалектикалық мазмұндағы мақал бар. Әділеттіліктің туын жоғары ұстаған ұлағатты билер халық сеніміне ие болып, «құлағынан сыбыр», алдынан дау кетпеген. Ал «имансыз» билер, керісінше мал үшін сөзін сатып, сақалын саудаға салып, әділет жолынан ауа жайылған соң туған-туысқанын қолдап, оларды ақтауға, немесе жақтауға жанын салып, тілін безеп сөз қадірін кетіргендер, Абайдың «отырман ескі бише бос мақалдап», - деуі де осындай билер хақында айтылған.

Қазақ билерінің хұзырлық болмысы халық сотында жасайтын жария билігі арқылы айқын көрінеді. Билер соты негізінен алғанда үш сатыдан тұрады: төменгі сатысы - жеке бидің, немесе ауыл ақсақалының билік қылуы; екінші сатысы - жүгініс. Бұл орайда билікке 1-2 би, екіден сегізге дейін ақсақалдар қатысуы мүмкін; үшінші, яки ең жоғарғы сатысы - «Билер кеңесі». Оның құрамында 6-дан 24 биге дейін болады. Кейіннен «шербешнай» (чрезвычайный съезд) аталған. Билер кеңесі руаралық, тайпааралық, тіпті ұлысаралық шиеленісіп кеткен үлкен дауларды шешуге байланысты шақырылып отырған. Даудың мән-маңызына, береке-бітім табуына қарай хандық (кесілген құнның жиырмадан бір бөлігі) және билік (кесілген құнның оннан бір бөлігі) жауапкер жақтан алынып отырған. Қазақ билері үлкен дауларда айтысқа өз руының, немесе тайпасының атынан түссе жақтаушы (адвокат), немесе айыптаушы (прокурор) міндетін атқара берген. Тергеу жұмыстары алдын ала да, айтыс үстінде де жүргізіле бергендіктен, қазақ билері тергеуші міндетін де қоса атқарған. Билер айтысында төбе би сайланады. Соңғы кесім, ақтық шешім сол төбе бидің хұзырында болады. Билер соты шын мәнісінде ашық сот, жария халық соты. Билер үкімінің

сыншысы да, мақұлдаушысы да, бекітушісі де орындаушы да - халық. Көпшілік келісімі (конвенция) билер үкімінің орындалуына кепілдік орнына жүреді. Дауласушы екі жақ береке-бітім тапса, халық та риза. Көпшілік айыпталушының да, дау иесінің де қуанышына ортақтасып бірге тойласады. Өкінішке орай, бұл дәстүр біздің заманымызға жетпеді. Береке-бітімнің ишара белгісі ретінде екі жақтың арасына ала жіп керу рәсімі үкімді тұйықтайтын болған. Ол рәсімнің шығу төркіні сонау қадым замандардан басталатын сыңайлы. Хан дәргейіне бас ұра келгендерді ала жіп астынан өткізу рәсімі олардың пиғыл-ниеттерінің ақ-қарасын ажырату мақсатында қолданылса керек. Ол жіптің астынан өту дос елдердің өкілдеріне міндетті болмаған, яки терезесі тең хандар мен атышулы билерге де сондай артықшылық берілген. Ал жіп астынан тізерлеп, немесе жер бауырлап өту, немесе тік түрегелген күйі басын изеп, иіп өту де ханның келушіге қатынасына байланысты болған.

Қазақ билерінің хұзырлығына тиесілі халық сотының, яғни жария биліктің үкім шығарарда сүйенер келесі әдет заңдарының бірі «жан беру» рәсімі болып табылады. Егер қаралып жатқан іс күмәнді болып, оның ақ-қарасын ажыратуға айғақ боларлық куәгерлер жеткілікті болмаса, онда би даугер мен жауапкерге «ағайын-қарындас» болып бітісуді ұсынады. Олар бұл ұсынысқа келіскен жағдайда жауапкер айып құнының жартысын ғана төлейді. Егер келіспесе, онда би «жан беру» рәсімін қолданады. Алайда бұл рәсімді орындау хұқы кез-келген адамға сеніп тапсырылмайды. Өйткені, оның жауапкершілігі аса зор болғандықтан «жанға ұстаған» кісі атақ-абыройы бар, халық сеніміне ие болған беделді болуы тиіс. «Жанға ұстаған» бидің шешімі бойынша қарсы екі жақтан да тағайындалуы мүмкін. Егер «жан беру» рәсімі жауапкер хақында іске қосылса, онда «жанға ұстаған» адам жауапкердің «осы күмәннан адал екеніне» жан береді. Ал, керісінше, ол даугер жағынан тағайындалса, онда «даугердің күмәні жала емес» деп жан береді. Әдетте «жан беруші» қарсы жақтан тағайындалады. Мысалы, даугер «жанға ұстағанды» жауапкер ауылынан, ал жауапкер керісінше, даугердің ауылынан немесе оның рулас ағайындарының ішінен іздейді. Кішігірім істер бойынша, олардың ақ-қарасын тексермекке би ант ішкізу рәсімін қолдануы мүмкін. Мұндай жағдайда даугер де, жауапкер де, тіпті екі жақтың куәгерлері де өз сөздерінің дұрыстығын растауға ант ішеді. Қазақ арасында жалған іске ант бергендерді «көк соғады», «ант ұрады» деген түсінік мықтап қалыптасқандықтан бұл рәсімге кім болса да, ойлана-ойлана баратын болған. Оның үстіне ондай адам ант ішу арқылы жауапкершілікті тек өз мойнына ғана емес, бүкіл ағайын-туыс, әулетіне артады. Күйсе, оларды бірге күйдіреді. «Арам іске ант ішпе» деген заң күші бар мәтел содан қалған. Ант ішудің «жан беру» рәсімінен айырмашылығы мынада: Егерде ант ішуге іске қатысты адамдардың барлығы дерлік хұқылы болса, «жан беруші» бейтарап кісілерден тағайындалады, онда да оған қойылатын талаптарға сай келсе. «Жан берушінің» кандидатурасын бекіту ісі тек билердің хұзырында болатындығы да сондықтан. Мұндай тәртіп «жан беру» рәсіміне аса зор жауапкершілікпен қараудың нәтижесінде қалыптасқан. Қазақтардың «жан беру» дәстүрінен қатты қорқатын себебін олардың анимистік дүниетанымы арқылы түсіндіруге болады. Анима - «жан», «рух» деген мағынаны білдіретін латын сөзі. Анимистік дүниетаным шынайы түтастықтың санадағы екі ұдайылануынан келіп туындайды. Ертедегі адамдар түс көру, өлім сияқты күрделі құбылыстарды танып-білуге ниеттеніп, нәтижесінде бұл дүниеден басқа да дүние бар, денеден бөлек «жан» болады, өлген адам әруаққа айналады деген сенім қалыптасқан. «Қазақ ұғымындағы жан - деп, жазады К.Ш.Бейсенов, - адам өлгенде денесінен үшып кететін, шыбын тәріздес, бірақ рухани сипаттағы бейзаттық құбылыс. Ол адам үйқыға кеткенде оның денесінен үшып шығып жер жаһанды аралап, небір таңғажайып оқиғалардың куәсі болуы мүмкін. Осыдан келіп түс көру құбылысының себебін түсіндіруге талпыну орын алады. Ал, өлген адамдардың рухтары мәңгі сүреді деген сенім қазақтар арасында ислам дінінен анағұрлым бұрын қалыптасқан. «Әруақ атады», «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген түсініктердің анимистік көзқарастан туындайтыны да ақиқат нәрсе. Анимистік көзқарастың салт-санаға, түрмыстық жөн-жоралғыларға етене енгендігі де белгілі жәйт. Тіпті, қазақ баласын «жаным», «шыбыным» деп жақсы көрсе, ол да анимистік дүниетанымның әсері. Міне осындай дүниетанымның аясында өмірге келген «жан беру» рәсімінен қазақтың қорқуы табиғи нәрсе. Өйткені, ол біреу үшін өз жанын, яғни өз өмірін кепілдікке береді. Оның үстіне жан берген ісі жалған болып шықса өлетініне шүбә келтірмесе, әрі екі дүниеде жаманаттан арыла алмайтынына кәміл сенсе! Сондықтан да «жан беру» рәсіміне істің ақ адал екеніне әбден көзі жеткен кісі ғана

ризашылығын береді. Осы жағдайды ескерген би «жан берушіге» мерзім белгілейді. Көрсетілген мерзім ішінде ол ақ-қарасын әбден тексеріп, ауыл адамдарынан, ағайын-туысынан, жора-жолдастарынан істі адамның адалдығына айғақ іздейді. Көпшіліктің берген мінездемесі, әсіресе ақсақал, ақылгөй қариялардың пікірлері еске алынады. Нәтижесінде, егер істі адам «жан беруге» тұрарлық болса «бәленше осы күмәннан адал» деп би алдында куәлардың көзінше сол үшін жан беретінін мәлімдейді. Қазақшылықтың мұрты бұзылмай тұрған замандарда «жан беру» рәсімі моланы айналу арқылы, яғни әруақтар алдында жүзеге асырылса, кейіннен мылтықтың ұңғысына серт қылып, ал сот ісіне Шариат араласқан кезеңнен бастап құран ұстап бимен қоса молда алдында орындалатын болған. «Жан берушінің» тексеру нәтижелеріне еш уақытта күмән келтірілмейтін. Алайда, оның өзі мүдделі ісінің ақ-қаралығына дүдәмал болса, немесе тағайындалған мерзім ішінде елеулі себепсіз би алдына келмесе жан беруге тиісті адам жауапқа тартылады. Ал жалған күмән еткен жан берушіге 1885 жылы Қарамолада өткен билер кеңесінде ("шербешнай", ягни чрезвычайный съезд - Б.А.) ұсынылған Ереженің 22-ші бабы бойынша «қасқа тоғыз», немесе «түйе бастатқан бір тоғыз» айып салынады. Б.Адамбаевтың «Шешендік өнер» атты кітабында біздің ойымызша «түбі шикілеу» бірер аңыз әңгімелер келтірілген екен. Онда Қазымбет деген ұста шапқан ерге Төле би қызығып «менің тоғайымның ағашы» деп жала жауыпты-мыс.Сонымен, Дүңгене деген қарт биге жүгінгелі бара жатқанда жолда кездескен бір жылқышы жігіт былай депті-міс: Өзің үйсін Төлесің, ақылға кең кемесің, Жорта қиял қылмасаң, алыстан өзің көресің. Барғаның бүкір би болып, бермесе қисық төресін, Мұнымен қайда барсаң да, түбінде сен өлесің. Қапталы қайың, қасы тал, Қазымбет қосқан ер екен, Қайтсең де иесіне бересің. Бұл аңыз әңгіменің қисыны келіспей тұрған себебі, біріншіден, Төледей азулы, аузы дуалы би жала жаппай-ақ «қалап» немесе қолқа салып-ақ қандай ер болса да өзіне ала алар еді, емеурін білдірсе-ақ ердің иесі қуана-қуана тарту етер еді. Екіншіден, «қарақылды қақ жарған» әділдігімен аты шыққан «толық билікке Төле жеткен» деп Қаздауысты Қазыбек би айтқаңдай үш жүзді аузына қаратқан әрі шырылдап елінің үстіне түскен адалдығы мен жанкештілігінің арқасында «Қарлығаш би» атанған Төленің біреуге жала жабатын еш қисыны жоқ деп білеміз. Үшіншіден, Төле би жүгінетін жер қайдағы бір бүкір би емес «билер кеңесі» болса керек-ті. Төртіншіден, жолай кездескен көлденең көк атты Төлеге «өлесің» дейді. Бұлай деп тек «жан берген» күмәнға айтуға болады, ал өлең мәтінінде ол туралы ештеңе де жоқ. Асылы, бұл біздің заманға келіп жеткен басқа бір аңыз әңгіменің бұрмаланған түрі болса керек: Осындай аңыз әңгіменің тағы бірінің мазмұны мынадай. Бірде Төле мен Әйтеке астыртын уағдаласып, Қазыбек биді сынамаққа бір ерге өтірік таласып, оның алдына жүгініседі. Екі би дауласып бірталай жерге барып, Төле би қыза-қыза келе «жан беремін» деп айтып салады. Сонда Қазыбек би: «Үш жүзді аузыңа қаратқан Төлесің, адам болайын деп жүрген немесің, ағаш ер үшін жан берме, ағаш ер үшін жан берсең, ажалыңнан бұрын өлесің», - дей келіп, «сен екі шіркін қартайғанда мені сынамай-ақ қойғанда, үш жүзде біреудің жауырыны жерге тимегенде қайтеді», деп олардың «қулығын» біліп қойғандығын, әрі өзінің де шашасына шаң жұқтырмайтын дүлдүл екендігін осылайша білдірген көрінеді. Міне, бүл аңыз-әңгіменің тарихи шындыққа жанасымды екендігіне ешкім де күдік келтірмесе керек. Әрине бүл әдет заңының, оның ішінде «жан беру» рәсімінің бағы таймаған замандарда болған әңгіме.

Билер даналығы дегеніміз тек қана терең біліктілік емес, ол – сонымен қатар, ғұмырлық ақиқаттарды танып білуге негізделген бидің өмір сүру салты, тұрмыстағы мінез-құлқы, үлгі тұтарлық кісілік парасаттылығы.

Билер даналық тағылымына қарай жасалған бетбұрыстың бір көрінісі билер институтының қазіргі таңда қайта түлеуі. Еліміздің егемендік алған кезінде қайта жаңғырып отырған құбылыс қоғамның ізденісінен, ұлтымыздың рухани жан дүниесін, оның мәдениетін, билердің даналық тағылымдарына, ұғым-түсініктеріне сүйене отырып жандандыру деп ұққан дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тэйлор Э.Б. Первобытная культура. М., 1989. 16
2. Сейфуллин С. Билер сөзі. // Қазақ әдебиеті. I кітап. Алматы, 1932;
3.Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы, 1991;
4.Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16 том., Алматы, 1985, т.б.

5. Ахан Бекежан. Билер дүниетанымы Алматы Ғылым 2001ж. 344б.
6.Ахан Бекежан. Билердің әлеуметтік философиясы оқу құралы Ақтөбе 2004ж.
7.Мәметова Ә. Шешендік сөздер.// Қазак әдебиетінің тарихы. Алматы. 1948. 8.Адамбаев Б. Шешендік создер. Алматы, 1967; Шешендік өнер. Алматы, 1969;
9.Б.Адамбаевтың «Шешендік өнер» Алматы,. «Жазушы» 1969.-140б.
10.Казахское традиционное ораторское искусство и речи, связанные с именем Сырыма. Автореферат канд.дисс. Алматы, 1962;
11.Халык даналығы. Алматы, 1976; Тозған қазды топтанған карға жейді. Алматы, 1991;

ӘОЖ 930:001.89

ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ ТІНІ: ТЕРМИНОЛОГИЯ ТАРИХЫ

Абдимурат У.А.
Ғылыми жетекші: Миров М.О.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлттық терминология ғылымының дамуы мен қалыптасуы қарастырылған.
Түйінді сөздер: ұлттық терминология, терминологиялық сөздіктер, қоғамдық сана.

Әрбір тіл өз терминологиялық жүйесін жасау мен қалыптастыруда түрлі кезеңдерді бастан өткізеді. Қазақстанда терминология жұмысы 1920-жылдардан басталады. Осы уақыттардан бастап баспа беттерінде терминология мәселесіне ділгерлігі сөз етілді.. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омаров, Т. Шонанов, Ә. Ермеков, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Қ. Кемеңгерұлы, Ж. Күдерин, М. Жұмабаев, Н. Төреқұлұлы, Қ Жұбанов 1 сияқты ағартушы қазақ зиялыларының өкілдері өткен ғасырдың бірінші он жылдығынан бастап қазақ тілінде алғашқы оқулықтарды шығарып, орыс тілінен кейбір шығармаларды ауыстыра бастады. Қазақ зиялыларының өкілдері ғылымның кейбір салалары бойынша сол тарихи кезеңнің қажеттіліктеріне сәйкес терминологиялық атаулар жүйесін іріктеуді ғылыми негізінде жүргізді.

Ұлттық терминологияның қалыптасуына, әсіресе нақты ғылыми салалар жекелеген пәндерге деген мұқтаждықты қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқан ұлы ғалым Б. Байтұрсыновтың еңбегі айрықша маңызға ие болды. Қоғамдық санасын ғылыми нысанын дамытуда және оны тереңдетуде, ғылыми танымның ауқымын кеңейтуде жоғарыдағы аталған ғалымдар еңбектерінің ықпалы өлшеусі мол болды. Осылайша, тілде терминологиялық сипаттағы жаңа атаулар мен сөз орамдары пайда болды.

ХХ ғасырдың 10-30 жылдарындағы, А. Байтұрсынов кезеңіндегі ұлттық терминологияның ең басты ерекшелігі – бұл термин ретінде қазақтың байырғы сөздерін кәдеге жарату және жалпы халық тілінің сөз байлығын барынша пайдалану болды. Алайда, бұл қағидаттың ғұмыры қысқа болды. [2.] 1940 жылдан бастап идеологиялық қысымның салдарынан терминдерді аудармасыз қолдану не орыс тіліндегі нысанын өзгеріссіз сақтак практикасы кеңінен енгізіле бастады. Әсіресе, 1960 жылдардан бастап жасалған терминдердің ішінде қазақ терминдерінің саны шектеулі болды. Дегенмен, 1940-1990 жылдар кезеңінде 150-ден астам терминологиялық сөздік шығарылды. Олардың ұлттық терминологияны қалыптастырудағы сөздік шығарылды. Олардың ұлттық терминологияны қалыптастырудағы оң маңызын теріске шығаруға болмады.

Кеңес дәуіріндегі қазақ терминологиясында орыс және шетел терминдері сыни талғамсыз қолданылды, қазақ терминологиясының басты қағидаттары еленбей қалды. Орыс тілінен енгізілген терминдер және орыс тілі арқылы келген халықаралық терминдер орыс тіліндегі сияқты өзгеріссіз қолданылуы тиіс деген реже күштеп енгізілді және нұсқау заңдастырылды.

Осы кезде шығарылған терминолгиялық сөздіктердің көпшілігі басқа тілдерден алынған терминдердің негізінде әзірленді. Нәтижесінде терминология жүйесінде қазақ сөзінің үлес салмағы мүлдем аз болды. Осылайша қазақ терминологиясыны өзінің ұлттық келбетін жоғалта бастады. Егемендік алуға және қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесінің берілуіне байланысты

ұлттық терминология проблемаларына ерекше мән беріле бастады. Қазақ терминологиясының ұлттық ерекшелігін жаңғырту үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Бұрынғы ондаған шет ел терминдері сәтті қазақша баламалар таңдалып алынды. Тәулсіздік жылдары әртүрлі ғылым салалары бойынша шығарылған сөздіктердің жалпы саны жүзден асып жығылады. Соңғы жылдары ресми іс жүргізу саласында, бұқаралық ақпарат құралдарында және білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілді пайдаланудың үлес салмағы арта бастады. Қазақ тілін жазбаша және ауызша нысанда қолданудың жандануына байланысты зерттеушілердің басым көпшілігінің назары тілдің ішкі мүмкіндіктерін зерттеуге аударылды. Сондай-ақ, сөзжасамдық белсенділік те жаңа сапалы деңгейге көтерілді.

Іс-тәжірибесінде қолданылып жүрген терминдердің едуәір бөлігі ғылым – білім, оқу – тәрбие, әлеуметтік – саяи салалардағы ежелгі сөздерді «жаңғырту» жолымен жасалды.

Алайда, соңғы жылдары қазақ тілінің терминологиялық жүйесін әзірлеу белсенділігінің күрт өсуіне қарамастан, ұлттық нақыштағы терминдерді жасау кезінде қазақ тілінің ішкі ресурстары, лингвистикалық ғылымның жетістіктері барынша толық пайдаланылмай келеді. Қолданылып жатқан шаралар жеткіліксіз болуда. Оның басты себептері: өзара әрекеттесетін екі негізгі фактордың - тілдік фактордың әсіресе бағалауынан және тілдік емес (әлеуметтік, саяси, экономикалық, психологиялық, тарихи, географиялық, өзге де) фактордың ескерулерінен тілдік ахуалдың қалыптасуы болып табылады. Ұлттық қоғамдық – саси, рухани – мәдени өмірінде болып жататын өзгерістердің барлығы оның тілінен көрініс таппай қалмайды. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, халықтың танысы мен білімінің жинақтаушысы да болғандықтан солай болуы заңды да. Ғылым тілінің даму тарихын да халық өмірінде болған өзгерістермен байланыстырмай, бөліп алып қарауға болмайды. Сондықтан да біз бүкіл термин шығармашылығын, терминологиялық лексиканың барлық тәсілдері арқылы жасалған терминдерді қоғам өмірінде болған сондай өзгерістермен тікелей байланыста қарастыру қажет. Қазақ терминологиясының қалыптасу, даму тарихы термин шығармашылығының барлық уақытта бір қалыпты жүріп жататын процесс емес екендігін көрсетеді. Түрлі себептердің әсерінен белгілі бір мерзім аралығында терминдер қатары тез өсіп, терминологиялық лексиканың ауқымы молая түсс, келесі бір уақыт аралығында ондай қарқындылық болмайды. Оның бірнеше себептері бар. Солардың ішіндегі термин шығармашылығына тікелей ықпал ететін ең басты факторлардың бірі – ғылым мен техниканың дамуы болса, екіншісі – сол елде үстемдік етуші тіл саясаты. Ғылым жақсы дамыған тұста көптеген жаңа ұғымдар пайда болып, олар тілден өзінің таңбалаушысын табуды қажет етеді. Мұндай құбылыс арнаулы саланың барлығына емес, санаулы бір ғылым салаларына ғана тән болуы да мүмкін. Көбіне солай болады да. Ұлт тілінің саласындағы қызметі, термин шығармашылығына қатыстырылуы сол тілдің қоғамда атқаратын рөлімен тікелей байланысты. Ал тілдің қоғамда қандай рөл атқаратындығын сол елдің тіл саясаты белгілейтіндігіне өткен ғасырдағы қазақ терминологиясының даму жолдары куә бола алады. [3.21]

Терминологияның дамуы мен қалыптасуының өзіндік тарихы бар. Оны ғылым мен техниканың өркендеуінен, қоғам өмірінде болып жататын саяси – экономикалық, рухани – мәдени, тарихи - әлеуметтік өзгерістерден мүлде бөліп алып қарауға болмайды. Қазақтың ғылыми терминологиясының даму тарихына үңілер болсақ, оның қалыптасуына қоғам өмірінде болған өзгерістердің айқын із қалдырғанын көруге болады. Жалпы терминологиялық лексика қорының жасалуы ғылым мен техника салаларының игерілуіне, дамуына тікелей тәуелді. Сондықтан қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуын Қазақстан ғылымының даму тарихынан бөліп қарау мүмкін емес. Соған сәйкес біз қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қалыптасуын кезеңдік тұрғыдан сипаттауда осы шындыққа табан тіреуімізге тура келді. Сонымен бірге терминологиялық жұмыстың жүргізілуі тікелей әсері болған тілдік және тілден тыс факторларды ескерусіз қалдырмау жағынан да көңіл бөлінеді. Өзімізге дейінгі қазақ терминологиясының даму тарихын зерделеу мәселесіне тоқталған ғалымдардың пікірлері де назарынан тыс қалмады. Қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қалыптасуы осындай факторларға сәйкес кездестіріледі. Төменде қазақ лексикасының терминденуі төрт кезеңге бөліп қарастырылады.Олар:1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 10-жылдарына дейінгі бірінші кезең;

2)1910 жылдан 1930 жылға дейінгі екінші кезең;

3)1930 жылдар мен 1990 жылдарға дейінгі аралықты қамтитын үшінші кезең

4)1990 жылдан бергі төртінші кезең.

Енді осы кезеңдердің әрқайсысына жеке – жеке тоқталамыз. Қазақ лексикасы терминденуінің алғашқы кезеңі. Ұлттық ғылыми терминологияның қалыптасуын алғашқы басылымдардың, оқулықтардың, ғылыми еңбектердің жарық көріп, ғылым салаларының саралана бастауымен байланыстыра қарастыру дұрыс. Алайда жазу мен алғашқы баспа өнімдері пайда болмастан көп бұрынғы кезеңдерде де халық өмірінің материалдық және рухани мәдениетінің сан түрлі салаларының, әлеуметтік – экономикалық, қоғамдық қатынастар, халықтың әдет- ғұрып, салт – дәстүрін т.б. көрсететін лексикалық қабаттың болғанын, ғылыми терминологияның қалыптасуына негіз болған сол бай мұраның арнайы зерттелмей келе жатқанын тілші ғалымдар айтып жүр. Мәселен, осындай пікір айтушылардың бірі – түрколог ғалым К. Мұсаев. Ол өз пікірін былай білдіреді: «Айналысатын шаруашылықтарына орай әр түрлі тілдерде терминологияның түрлі салалары дамыған. Мысалы, эстондардарда балық шаруашылығы, әзірбайжандарда мұнай өндіру мен өңдеу, қазақта мал шаруашылығы мен халық шаруашылығы, армяндарда құрылыс, грузиндерде қолөнер, өзбектерде жібек және мақта шаруашылығы, бақша өсіру мен суармалы шаруашылыққа қатысты атаулары мол кездеседі».

Осыған ұқсас пікірлерді жекелеген ұлттық тілдердің терминологиясын зерттеген ғалымдардың көпшілігінің еңбектерінен ұшыратуға болады. Қазақ терминологиясының 80-жылдардың ортасына дейінгі даму жайын сөз еткен еңбектерінде тілші ғалымдар Ә. Қайдаров пен А. Әбдірахманов саналы түрде жасалатын терминологиялық лексиканың ең алдымен бай халықтық терминологияға негізделетінін, терминологияны түзетін жалпыхалықтық көздердің тамыры тереңде жатқанын сөз қыла келіп, терминдік мәнде жұмсалатын көптеген сөздердің бізге көне түркі жазба ескерткіштерінен жеткенін айтады. Олардың қатарына көне түркі сөздігінде берілген мынадай терминдерді жатқызады:

1) туыстық атаулар: ата, әже, апа, сіңілі, келін, жиен, т.б.

2) табиғат құбылыстары мен олардың байлығын көрсететін терминдер: жер, тау, тас, алтын, күміс, темір, т.б.

3) қоғамдық – саяси құрылысты көрсететін терминдер: қаған, бек, тархан, құл, күң, шығай, т.б.

4) мал шаруашылығы терминдері: ат, айғыр, тай, бұқа, т.б.

5) анатомиялық атаулар: бас, аяқ, құлақ, жүрек, т.б. [4.37]

Сондай – ақ ғалымдар көшпелі өмір салтын кешіп кең байтақ жерді иеленген қазақ халқының тілі жер бедерін және өсімдіктиер дүниесін білдіретін жағрафия, өсімдіктені атауларына бай екендігін де өте орынды көрсеткен.Ең алдымен, бұл мерзім ішінбе түрлі ғылым салалары бойынша жекелеген терминдердің жасала бастағанынан қарамастан, салалық және жалпы терминдер жүйесінің қалыптасуына әлі біршама ертерек еді. Оның өзіндік себептері болды. Терминдер жүйесі қалыптасу үшін – ғылым мен техниканың дербес салалары өз алдына дамып, ұғымдар жүйесінің жасалуы қажет. Ал ғылым салаларын дамытып, ұғымдар жүйесін қалыптастыру үшін немесе ғылымы ертерек дамыған елдердің ғылымын игеріп, оны ұлт тілінде сөйлету үшін білікті ұлттық кадрлар, салалық мамандар өсіп шығуы тиіс. Бұл кезеңде қазақ халқының тарихында орны айрықша Абай, Шоқан, Ыбырай сынды ұлы тұлғалардың өмір сүріп, ұлт мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқандығына қарамастан, ғылымның сан саласын дамытып, ғылыми терминологияны жасайтын ұлттық кадрлар шоғыры өсіп жетіле қоймап еді. Ондай кезеңге біз тек ХХ ғасырдың басында жеттік деуге болады. Міне, сондықтан да сөз болып отырған кезеңде ұлттық ғылыми терминология қалыптаса қоймады. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі де, жетістігі де осы тұрғыдан бағалануға тиіс. Ұлттық руханиятымыздың қайнар көздерінің бірі саналатын терминология тарихын тереңнен тану-болашақтағы зерттеуіміздің жалғасы болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер Алматы Ғылым 2010
2. Байтұрсынұлы А.Тіл тағылымы Алматы 2003
3. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. :Қазақ терминологиясының негіздері Алматы Рауан 1997
4. .Қайдаров Ә Қазақ терминдеріне жаңаша көзқарас Алматы Рауан 1993

УДК 745.048

К ВОПРОСУ ОБ ИНТЕРПРЕТАЦИИ САКРАЛЬНЫХ СИМВОЛОВ ОРНАМЕНТА КЕРАМИКИ ЭПОХИ БРОНЗЫ В ИСКУССТВЕ КАЗАХСТАНА

Муратаев К.К.[1], Нехвядович Л.И.[2], Турганбаева Ш.С.[3]
[1]Казахский национальный педагогический университет им.Абая,
[2]Алтайский государственный университет
[3]Казахская головная архитектурно-строительная академия

Аннотация. В докладе рассматривается картина мироздания гончарных мастеров, воплощенная в декоративном оформлении керамики эпохи бронзы, созданной племенами периода андроновской культуры – II тыс. до н.э. на территории Казахстана. Интерпретационные возможности керамики как источника, использование разных методов ее анализа даст возможность извлечения новой этноискусствоведческой информации.

Ключевые слова: сакральность, керамика, орнамент, эпоха бронзы, искусство Казахстана.

Введение. Глина в традиционных культурах издревле имела сакральное значение. С момента развития древних цивилизаций этот земной материал способствовал раскрытию преобразующих способностей, духовных поисков и творческих устремлений человека. Особенно в его возможностях создавать не существующие и не видимые в природе формы, объемы, образы. В трактовках сотворения первого человека глине отводится роль одухотворенной «искрой божьей» субстанции, начиная с тенгрианских, как наиболее ранней в истории системы единобожия, а позже в библейских и коранических традициях. Упоминая «искру божью» как определенную степень присутствия духа высших сил в преобразованной глине и о сакральном значении огня, с помощью которого обжигали керамику известно из древнетюркских рунических надписей V—III вв. до н.э., обнаруженных в Казахстане. Именно поэтому изделия из керамики, помимо их чисто утилитарного назначения, обретают особую символику в понимании и осмыслении действительности и становятся одними из центральных звеньев в миропредставлениях древнего человека. Поиски ответов на «младенческие» вопросы – «Откуда и как появилось Всё?», «Кто мы и я в этом Всё?» позволили гончарным мастерам пытаться моделировать это Всё, т.е. универсум как вечность, вселенная и свою смысловую причастность к этой вечности. Рассмотрим сакральный смысл декора керамики андроновской культуры в искусстве Казахстана.

По теме исследования существует обширный комплекс археолого-этнографических, письменных и устных источников. Наиболее полные сведения о памятниках искусства эпохи бронзы, в том числе на территории Китая, Казахстана представлены в работах Е.И. Агеевой [1], К.А. Акишева [2], Ф.Х. Арслановой [3], Т.М. Тепловодской [4], А.А. Ткачева [5], Childs-Johnson [7], A.N.Podushkina [10], W. Zhongjie, L. Hui'E [11].

Анализ литературных источников позволяет заключить: 1) представления о сакральном меняются, границы этого понятия в гуманитарном знании размываются; 2) в искусствоведении сформировалась исследовательская традиция интерпретации символов в искусстве [9].

Проблема возникает в связи с тем, что в методологии истории искусства подходы к интерпретации сакральных символов в компонентах декора произведений гончарного искусства неоднозначны. Назрела необходимость теоретического осмысления заявленной проблемы, поскольку связана она с генезисом и особенностями художественного языка изобразительного искусства, способностью его передавать архетипическое содержание, с его ролью как фактора сохранения и развития национального своеобразия искусства.

В настоящей работе предпринята попытка очертить смысловое поле сакрального в формировании компонентов декора керамики андроновской культуры в искусстве Казахстана.

Методы исследования. Основным методом исследования выступает описание и анализ мотивов декора андроновской керамики на территории Казахстана с позиции его сакрального смысла. Под сакральной интерпретацией мы понимаем такую разновидность искусствоведческой

интерпретации, которая соотносится, прежде всего, с духовным восприятием, с манерой сакрального видения мастера, со способом выражения его специфической картины мира [8].

Признаки андроновской культуры на территории Казахстана. В казахстанской археологии XX в. достаточно подробно изучены периоды и характерные особенности памятников исторических культур с древнейших эпох до Нового времени. В ряду памятников древних культур особый интерес вызывают образцы керамики эпохи бронзы, созданные племенами периода андроновской культуры – II тыс. до н.э., названной так по месту первых раскопок могильника у села Андроново в Южной Сибири. Раскопки здесь были проведены в 1913 г. Б.В. Андриановым. Один из основных центров андроновской культуры находился на территории Казахстана. В Центральном Казахстане обнаружено свыше 30 поселений; более 150 могильников андроновской культуры (на реке Нура, Атасу, аула Дандыбай близ Караганды, в урочище Бегазы в Северном Прибалхашье) [4].

Археологические данные свидетельствуют, что андроновцы вели оседлый образ жизни; занимались скотоводством и земледелием с преобладанием пастушеского скотоводства; изготавливали посуду из глины. Глиняные сосуды являются основными находками в погребениях андроновцев. Сосуды имеют плоское дно, диаметр которого почти всегда вдвое меньше, чем диаметр венчика. Высота сосуда примерно равна его диаметру. Боковые стороны выпуклые, округлые, наибольший диаметр находится в верхней трети сосуда. Линия профиля плавная, без уступа [3]. Для андроновской традиции в составлении формовочных масс характерно добавление дресвы и органики. В целом, все рецепты можно сгруппировать в четыре традиции: а) чистая глина без искусственных примесей; б) глина, дресва, раковина; в) глина и речной песок; г) глина и шамот [4]. При изготовлении керамики обжиг огнем являлся не только технологическим этапом, но и имел сакральное значение.

Семантика огня. Образы и культ огня в эпоху бронзы становятся одними из стержневых в понимании и представлениях гончарных мастеров о мироздании. Об этом говорят материалы археологических раскопок и свидетельствуют наиболее древние гимны Ригведы. Обращение исследователей к Ригведе вполне обосновано, так как все больше свидетельств тому, что это памятник древнеарийских кочевых племен, пришедших в Индию в эпоху бронзы из Евразийских степей. Так, основному качеству огня – жару в гимне о сотворении мира отводится роль первопринципа бытия [7, X, 129, 1-3]. Он задает схему перевода внешних, чувственных знаний в ментальные формы. Огонь существует как идея, семантическое образование, посредством которого сохраняются и передаются смыслы в культуре.

В другом гимне – о космическом жаре огонь в своем главном качестве выступает и как первоэлемент всего сущего, осмысляясь в двух аспектах: как физического воплощения огня - пламени; как идеальной, сакральной субстанции [6, X, 1]. Огонь приобретает космологические характеристики: небесный (солнце, молния), земной (очаг) и подземный (вулкан).

Путь приобщения души усопшего к вечному космическому огню раскрывался через значение и символику погребального костра, покровителем которого был бог Агни. Путь этого приобщения через земной огонь к его космическому прообразу трактуется далеко не однозначным и «вечное счастье», т.е. бессмертие гарантируется, как понималось, только с достижением «вечного света», пронизывающего все мироздание и лежащего в его основе. Например, в одном из гимнов Соме (одному из солярных божеств) из Ригведы говорится о бессмертности «не меркнущего света» [7, 188, IX, 113, 7-9]. Бессмертность «не меркнущего света» в данном случае отождествляется с мировым порядком – «нерушимый мир», как основным качеством вселенной, а огонь, будучи создателем ее, выступает и как «страж» этого порядка.

Компоненты орнамента декора андроновской керамики. Основная особенность декора андроновской керамики всех периодов – это геометричность его характера. При этом структурные элементы, составляющие декор в целом, немногочисленны и образуют три основные группы: разновидности треугольных, линейно-горизонтальных и варианты графически родственных Z и S–образных компонентов.

Уже в раннем периоде андроновской культуры, при наличии отмеченных составных элементов в декоре сложились традиционные и для последующих периодов композиция и принципы декорирования. Так, в основном, декор строится на строгой последовательности двух

ярусов – верхний, как правило, из рядов треугольных вершинами вверх, а нижний на сочетании Z и S–образных элементов. Разделяются ярусы прямыми или волнистыми линиями. Ниже этой основной части декора, часто и на донцах сосудов, располагаются солярные знаки в виде перекрестий двух Z–образных фигур (свастики). Таким образом, принципы декорирования, основанные на последовательном сочетании определенно построенных рядов и элементов, образуют трехчастную структуру композиционного строя декора.

Прямые и волнистые линии (элементы второй группы компонентов), разделяющую двухъярусную часть декора, очевидно, трактовались как грань между миром реальным и потусторонним. Над ними располагается ряд на основе треугольников (элементов первой группы компонентов) – как профильные изображения почитаемых и в связи с культом умерших священных объектов – надмогильных курганов (земляных, каменистых или каменных возведений). Если учесть, что поселения андроновцев находились невдалеке от родовых могильников, насчитывавших десятки, нередко от 200-300 таких погребальных сооружений, то строй ансамбля этих курганов составлял весьма существенную часть степного ландшафта. Также треугольные элементы могут быть изображением языков пламени погребального костра. Более сложная структура нижнего яруса, организованного на основе Z и S–образных элементов соответствуют конструктивным особенностям подкурганных ям со ступенчатыми террасами и погребальными камерами.

Знак в виде перекрестий двух Z – образных элементов, приобретает графику безостановочной динамики, как бы передавая характер «немеркнущего света», «вечного огня», создающего и лежащего в основе мироздания как трактуется это в гимнах Ригведы. Этим объясняется частое наличие этого знака на донцах сосудов, которые вплотную соприкасаются с пламенем огня. Первоначально имея характер магического символа, изображения его отдельных элементов со временем подвергались стилизации, возникали различные иконографические вариации.

Таким образом, основой содержания декора андроновской парадной керамики могла быть идея моделирования представляемого процесса приобщения души умершего к вечной жизни вселенной. Неслучайно глиняные сосуды, будучи важной материальной ценностью быта древних, одновременно и как непременный атрибут захоронений сопровождают прах умершего, являясь как бы его субстанциальным продолжением. Попытки объяснения тайн постоянного обновления природы порождали достаточно сложные в этом отношении представления. Это и упомянутые понятия о природе огня, о его функции как эсхатологической, и более ранние трактовки о формах жизни в окружающем мире, например, засвидетельствованные в гимне погребальному костру [7, X, 16, 1-3].

Заключение. Целостное архаическое сознание и мышление не противопоставляет человеку, созданный непосредственно его же руками, качественно новый пространственный объем и не наделяют его антропоморфными чертами. Создавая композиционно продуманный и идейно осознанный декор, древние мастера подсознательно стремятся проникнуть за черту кажущегося замкнутым круга – рождение-смерть. Тем самым, при декорировании глиняного сосуда преодолевается его тектонически закономерное, пластически замкнутое состояние и развивается при этом его вытекающая отсюда же вторая особенность – бесконечность объема при динамике восприятия и вместе с этим утверждается идейная тематика не замкнуто-циклического характера – рождение-смерть-бессмертие. Этой трехчастной семантической структуре соответствует и отмечавшаяся трехчастность композиционной системы декора андроновской керамики. И это не как образ и символ целого, а лишь как качество, присущее всеобщему в процессе его развития.

Таким образом, керамика эпохи бронзы на территории Казахстана является текстом культуры, детальное и разностороннее изучение которого позволяет системно и всесторонне проанализировать картину мироздания гончарных мастеров и ее воплощение в компонентах декора. Изучение орнамента в семиотическом прочтении керамики как текста культуры позволило выявить структурные единицы геометрического орнамента; систематизировать предполагаемые значения символов. Рассмотренные символы подтверждают распространение в изучаемый период на территории Казахстана культа огня, влияние этого культа на компоненты декора.

Керамика, в силу особенностей ее создания и использования, является наиболее ёмким информативным источником по истории искусства Казахстана. Все элементы формы и декора имеют конкретное значение, а реконструкция любого из периодов истории традиционного казахстанского керамического искусства может быть эффективным источником этноискусствоведческой информации, который можно рассматривать как текст об этнических особенностях искусства.

ЛИТЕРАТУРА

1. Агеева Е.И., Максимова А.Г. Очерк археологического изучения Казахстана. Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. - С. 9-26.
2. Акишев К.А. Эпоха бронзы Центрального Казахстана: Автореф.дис. канд.ист.наук. Ленинград: Эрмитаж, 1953. - 18 с.
3. Арсланова Ф.Х. Памятники андроновской культуры из Восточного Казахстана. 1973. № 4. С. 160-168.
4. Тепловодская Т.М., Кузнецова Э.Ф. Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана. - Алматы, 1994. – С.46-48.
5. Ткачев А.А. Культура населения Центрального Казахстана в эпоху развитой бронзы: автореф. дис. д.ист.наук. Москва. 1991. - 27 с.
6. Ригведа. Перевод Т.Я. Елизаренковой. М.Наука, 1999.
7. Childs-Johnson E. Big ding and China power: Divine authority and legitimacy. Asian Perspectives. Vol. 51, Is. 2, 2012. Pp. 164-220.
8. Nekhvyadovich, L.I. The possibilities of ethnometodology in modern art studies // Terra Sebvs: Acta Musei Sabesiensis, Special Issue, 2014, p. 187-199.
9. Scientific Reseach on Historic Asian Ceramics. Washington,Smithsonian Institution, 2009. Pp. 100-132.
10. Podushkin A.N. Towards analysis and semantic interpretation of a kangju anthropomorphous image from Southern Kazakhstan. Stratum Plus. Is. 4, 2016, Pp. 55-67.
11. Zhongjie W., Hui'E L. Concept and form of two gods of he-he: In ancient Chinese ceramic art. Ceramics - Art and Perception. Is. 108. 2018. Pp. 92-95.

УДК 82-131(045)

ИСТОРИЧЕСКИЕ ТРАДИЦИИ ИСКУССТВА КАРАКАЛПАКСКИХ ЖЫРАУ

Ережепов А.А.
Нукусского Государственного института им. Ажинияза
Республика Каракалпакстан

Аннотация. В статье рассказывается об огромном месте и значении музыкальных исторических традиций искусства Каракалпакских жырау в развитии музыкальной культуры.

Ключевые слова: Жыраў, музыкальный инструмент Қобыз, Икусство, Муыкальная культура.

История развития искусства каркалпакских жырау столь же сложна и многогранна, как и история самого народа. Пройдя трудный, богатый событиями исторический путь, каракалпаки создали самобытную художественную культуру, неотьемлемую часть которой составляет традиционная музыка. Каракалпакская традиционная музыка представлена различными видами-как фольклорными формами, так и жанрами профессиональной музыки устной традиции. В последней центральное место занимает эпическое творчество (дастаны, толгау, терме и др.) В современной национальной культуре каракалпаков существуют 3-вида сказателей-исполнителей дастанов: жырау, баксы и кыссаханы. Их творчество отличается друг от друга как музыкального-поэтическим репертуаром, манерой исполнения, так и используемым музыкальным

инструментарием. Среди традиций эпического творчества-искусство жырау более древнее. Каракалпаксие жырау ведут своюмифологическую генеалогию также от Коркыта Ата. До сих пор одно его имя и образ может внушать нам, его потомкам, пиетический (почтительный) страх и уважение в силу загадочности своей жизнедеятельности. В народе он велкий прорицатель, мудрец, стратег, в то же время музыкант и изобретатель сакрального инструмента кобыза. Среди каракалпаков также бытуют ставшие популярными легенды об изобретении им кобыза и его борьба со смертью. Сюжет последней легенды, на наш взгляд, является кочующим в огромном ареалепроживания тюркоязычных народов. Свидетельством этого служит наличие нескольких могил Коркыта на территориях государств от Казахстана до Турции, народы которых почитают его по сей день. Могила Коркыт Ата имеется и на территории Тахтакупырского района Каракалпакстана. Подчеркнем, что полифукциональность его личности отражена не только в устных легендах, но и в письменных средневековых источниках.

Так, великий узбекский поэт и мыслитель Хазрат Алишер Навои (1441-1501) в своей книге «Насоимул мухаббат» упоминает о нем следующим образом: «… известно, что он (т.е.Коркыт Ата-К.К) говорил о том, что случилось несколько лет до него, и о том, что случится несколько лет после него» [6;155]. Сильным стратегом и главным советником огузского хана Иналяви предстаёт он в «Шажарайи тарокима» (Родословная туркмен) (около 1660г.) хорезмшаха и историка Абулгази Бахадирхана. «Архаический тип эпического певца, одновременно …знахаря, советника хана и почитаемого старейшины племени» [4;642] представляет собой другой жырау-Соппаслы Сыпыра (XIVв.). Его имя «в вариантах Сувра, Супра-жырау, Сафар-дау упоминает во всех разновидностях этого жыра (имеется ввиду- «Едиге») у родственных тюркоязычных народов» [5;4]. Во всех каракалпакских авариантах дастана «Едиге» его называют «шурегей-жырау», по всей видимости, отмечая тем самым, его особый исполнительский дар. Весьма досадно, что в очень малом количестве сохранились образцы его творчества и «в письменных источниках отсутствуют какие-либо достоверные данные о нем» [3;4], общеизвестно лишь, что, являясь близким советником хана Тохтамыша, Сыпра жырау исполнял многие эпические произведения золотоордынского периода. А «в каракалпакской литературе Сыпыра известен как основатель самой болшой школы эпических певцов» [5;4].

Как известно, распад Золотой Орды (1480) привел к образованию на ее территории нескольких независмых владений, в том числе, Ногайского ханства. Последнее объединило в своем составе тюркские кочевые племена в западной части «кыпчакских степей», что способствовало созданию геороического эпоса, связанного с историей Ногайской Орды.

Блестящим памятником данного периода истории каракалпаков, дошедшим до наших дней, является «Толғау Орманбет бия» Блестящим памятником данного периода истории каракалпаков, дошедшим до наших дней, является «Толғау Орманбет бия» (Орманбет бийдин толғауы) из репертуара Жумабая Базарова (1927-г.р.). Самое слово «ногаец» в употреблении среднеазиатских народов приобретает как бы расширенное значение, особенно в применении к героям эпических сказаний прошлого» [4;75]. Известный каракалпакский жырау-импровизатор Кыяс Кайратдинов (1903-1974) в своем терме пел;

Ноғайлы дейди екен халқымды сонда
Туп бабамды Көзин көрген кобызым.
В дословном переводе;
«Ногайцем» звали тогда мой народ
Предков моих видел ты кобыз.

Поэтому имена великих поэтов-мыслителей XV-XVI вв. -Асан кайгы, Жийренше шешен, Казтууган жырау, Доспанбет жырау в равной мере рапросранилось среди ногайцев казахов, каркалпаков и башкир, их творческое наследие является всеобщим достоянием этих народов. В каракалпакской фольклористике их творчеству отведено огромное значение. «К концу XVI века в рамках Ногайского союза завершился сложный процесс этногенеза каракалпаков. С XVIII в.основная часть каракалпаков населяла территорию по среднему и нижнему течению Сырдарьи. Они жили в тесном соседстве с казахами Младшего жуза»[7;57]. « По народному преданию, в те времена всех каракалпаков, живших на Сырдарье, называли туркестанскими: весь Сырдарьинский район для каракалпаков назывался «землей отцов-Туркестан» «Ата журты-Туркистан». В

куьтурной жизни каракалпаков этого периода важную роль сыграло творчество Муйтен жырау (примерно 1570-1650 гг.). Яростный борец за справедливость, красноречивый оратор и смелый защитник угнетенного народа-таким он сохранился в памяти каракалпаков. К сожалению, очень мало сохранилось образцов его творческого наследия. Можно предположить, что многие сочинения жырау растворились среди народа как безымянные. Центром расселения каракалпаков во второй половине XVIII в. Стал Жанадарьинский оазис. К этому периоду истории народа относится жизнедеятельность великого каракалпакского жырау Жийен Аманлык улы (1710-1784) - родоначальника каракалпакской классической поэзии, продолжателя традиций жырау «ногайлинского» периода.

Жийен-жырау был очевидцем тех трагических для каракалпакского народа событий, заставивших мигрировать их содного места на другое. Он посвятил этим событиям свои бессмекртные толгау- «Уллы тау» (букв.-Великая гора) и «Поскан ел» (Разоренный народ). Яркое исполнение им героических дастанов “Кырык кыз”, «Алпамыс», «Едиге» и других, сыграло большую роль в объединении народа против иноземных захватчиков.

Начиная с деятельности Жийен жырау, еще более отчетливо вырисовывается генеалогическое древо (шежире) кракалпакских жырау в силу большей сохранности информации. Напомним, что кракалпакские жырау в конце дастана обычно ссылаются на своих поэтических предшественников-учителей (устазов),- «чтобы засвидетельствовать достоверность и древность эпического сказания. Так поступал, например, Курбанбай жырау… Согласно его утверждению первым исполнителем эпоса «Алпамыс» (вероятнее всего, каракалпакской версии, известной певцу) был Жийен-жырау (XVIII в.), передавший его Айтуар жырау. Последний в свою очередь обучил Сарсенбай жырау, ученик которого Кабыл жырау передал эпос Халмурату жырау. Курбанбай жырау был учеником Халмурата жырау, а позднее - Нурабылла жырау». Из этого перечня Нурабылла Каражан улы (1862-1927) признан самым крупным и плодотворным жырау начала XX в. Он создал большую школу сказителей, ставшую крупным очагом эпического искусства современного Каракалпакстана. «24 учеников выпустил в своей жизни Нурабылла жырау –свидетельствует о нем фольклорист-литературовед. К.Айымбетов[1;90].

Из них Абдурасул, Куламет, Курбанбай, Есемурат и др. впоследствии сыграли важную роль в культурной жизни народа. Представителем этой школы является наш современник Жумабай Базаров (1927), ученик Есемурата жырау. Примерно с первой половины XX века намечается медленный процесс заката искусства каракалпакских жырау. Об этом красноречиво свидетельствуют рукописные материалы и полевые записи из фонда Каракалпакского отделения АН РУз, (экспедиции 1960-80 гг.), личные полевые записи автора, которые содержат высказания самих жырау и почитателей этого искусства. Они единогласно утверждают об угасании интереса слушательской аудитории к их творчеству, о переориентации их внимания к искусству баксы, особенно среди молодежи. На это также сетовал в начале 1940-х гг. известный жырау-импровизатор Курбанбай Тажибаев (1876-1958) в своем дастане «Кырык кыз».

С начала XX в. начинается рацвет искусства каракалпакских баксы -лирического в своей основе вида творчества, который составил следующую, высшую ступень развития устно-профессионального творчества. На наш взгляд, через этот естественный историко-культурный процесс прошли многие народы. Ведь «эпос неможет быть создан искусственно: он предполагает эпическое состояние мира, героическую ступень его развития, большие коллизии народов, народные войны, храбрость как настоящую эпическую добродетель» [2;20]. Как изкестно, более поздней ступенью развития среднеазиатского героического эпоса являются дастаны из цикла Гороглы (XVI-XVIII вв). Здесь героические подвиги персонажей тесно сплетаются с любовной и сказочной романтикой «Народного романа».

В современном искусстве Огузов-туркмен также не сохранилось «никаких отражений сказания об Алпамыше-Бейреке ни в эпической, ни в сказочной форме. Оно оказалось вытесненным, как и другие эпические сказания цикла Коркута, новым эпосом о национальном герое Кёроглы и пышным рацветом эпоса романтического «народного романа».

Еще в середине XIX в. Казахский ученый Ч.Валиханов сообщает, что в последнее время его пребывания в степи «джиры почитались уже устартелою формою поэзии. Форма джиров, как и самый кобыз, осталась теперь только достоянием баксы. Они только сохраняют эту форму стихов,

употребляя еепри заклинании джинов. Можно утвердительно сказать, что форма джира и употребление кобыза вышли из моды со смертию знаменитого певца-импровизатора Джапака… Балалайка (т.е., домбра- К.К.) и новейшие песни выжили теперь совершенно джир и кобыз»[3;226]. На примере каракалпаков отметим, что развитие традиций жырау, носителей героического эпоса, продолжалось до конца XX века. А циклы поэм о Гороглы у каракалпаков нашли воплощение в творчестве другого вида сказателей-баксы, исполнителей-творцов романического эпоса. Процессу угасания искусства жырау способствовали также идейно-политические тенденции бывшего СССР, когда имел место неофициальный запрет исполнения дастанов «Едиге», «Алпамыс», «Ер Шора» и др. Памятны случаи репрессирования ярких интерпретаторов этих дастанов (ерполат жырау-1861-1938 гг.), попытки инкриминирования им уголовных дел (Отенияз жырау-1883-1979, г Есемурат жырау-1893-1980 и др.). Жумабай Базаров (1927 г.), пожалуй, последний каракалпакский жырау в традиционном значении этого слова. Как творческая личность, на сегодняшний день, к сожалению, он исчерпал себя. Он не подготовил ни одного ученика, который бы продолжил его дело. Ныне он не в самом хорошем состоянии здоровья, и его уход с музыкальной арены республики означает, позволю себе сказать, практически полное вымирание данного искусства среди каракалпаков. Со второй четверти XX в. -параллельно с фольклорной и профессиональной музыкой устной традиции - началось формирование национальной композиторской школы, которое означало переход к новой, третьей стадии развития музыкального искусства каракалпаков. Талантливые народные музыканты первоначально при содействии музыкальных деятелей из других республик бывчего Советского Сюза, а потом и самостоятельно начали осваивать технику, формы и жанры многоголосной мухыки. Этот процесс-тема для отдельного выступления, в которую мы не будем углубяться. Остается надеятсья, что в дальнейшем эпическое искусство, наряду с письменной литературой, станет большим подспорьем для национального композиторского творчества в создании высоких художественных образов, в целом определяя идейное содержание их творчества, став сюжетной основой крупных и малых произведений различных жанров.

ЛИТЕРАТУРЫ

1.Айымбетов. К. Халык даналыгы. Нокис, “Каракалпакстан”, 1968, с. 90.

2.Соллертинский И. Исторические типы симфонической драматургии. М., Госмузиздат, 1963 г, с.20.

3.Сочинения Ч.Ч. Валиханова. //Записки императорского русского географического общества по отделению этнографии. Спб, 1904, Том, XXIX, с. 226-227.

4.Жирмунский В.М. Тюрский георический эпос.Л., Наука, 1974, стр 642.

5.Магауин М.Кобыз и копкье. Алма-Ата, «Жазыушы» 1970, стр 4.

ӘОЖ 82-15/29

ТҮРКІ ТАРИХЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ТАНУ

Абдешов Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Еліміз егемендік алғаннан кейін әлемдегі сандаған елдермен түрлі саладағы байланыстар жасалып, қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, еліміздің ұстанған бағыт-бағдарлары айқындалды. Туысқан халықтардың жақындасуына қолайлы нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл мәселеде түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына ғылым мен өнер барынша ықпал етуі тиіс. Түрлі тарихи оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір түріктерді бір-бірінен алыстатып, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері тамырлас халықтардың өмірлеріне «өзіндік» өзгерістер жасағаны

баршаға аян. Алайда, олардың этностық қалыптасуы бір екендігін айғақтайтын басты екі ерекшелік бар екендігі анық:

Түйінді сөздер: түркі халық, түркі рухани құндылықтары, түркі құндылықтары, түркі әлемі.

Түркі халықтарының тарихына қатысты ғылымда қыруар еңбектер жазылды. Кеңес дәуірінің өзінде де түркология ғылымына қызығып, өмірінің барлық күш-қуатын сарқа жұмсаған ғалымдар есімі жұлдыздай жарқырап тұрғаны мәлім. Бұл мәселеде түркі тектес халықтардың асыл қазыналарына қатысты айтарлықтай істер тындырған Е.Э.Бертельс, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, И.В.Стеблева, Ә.Н.Нәжіп есімдері ғылымда өз бағасын алған. Қазақ халқының дарынды таланттары Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайлов, С.Аманжолов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, М.Жолдасбеков, Х.Сүйіншәлиев, С.Қасқабасов, Ғ.Мұсабаев, Қ.Өмірәлиев, Ғ.Айдаров, Ш.Сатбаева, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, А.Егеубаев, М.Мағауин, Н.Келімбетов, Ә.Кекілбаевтар және т.б. ғалымдар мен сөз зергерлері түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасына әр қырынан үлес қоса білді. Данышпан Л.Н.Толстойдың «Білім ұлы адамды жуасытады, орташа адамды таңырқатады, күйкі адамды ісіріп кептіреді» дейтін ділмәрлықпен айтқан қанатты сөзі бар. Бұл сөздің дәлелін түркі тану ілімі бере алғандай. Себебі, түркі дүниесінің сырын ашып, құндылықтарын танытуда сандаған таланттардың ғылымдағы сара жолдары сайрап жатыр. Бір белгілісі «Түрік қағанатының ұланғайыр өлкесін мекендеген сан алуан тайпалардың бәріне бірдей түсінікті ортақ тілі болғандығы» [1].

Соның дәлелі ретінде көне ескерткіштер мен сандаған естеліктер қалдырғаны. Шетсіз-шексіз кең жазира даласы соншалықты кең болса, түркі әлемін тануда тым тереңдікті, мейлінше кемелдікті қажет ететін. Табиғат берген зерделіктің нәтижесінде жаратылысы айрықша ғұламалар қалыптастырған ілімнің бірі – тюркология. Бұл ілімнің басында әлемді дүр сілкіндірген В.Томсен, В.В.Радлов, Ю.Немет, Х.Н.Орхун, С.Е.Малов және т.б. жаңалықтары еске түседі. Бұл орайда «Тюркология ілімінің негізін қалауға лайықты үлес болып қосылған Радловтың алғашқы іргелі зерттеулер сериясы» [2] болып табылатын «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» [СПб, 1866-1907] атты он томдық әлемге әйгілі еңбегінің орыны айтарлықтай екендігі ғылымда лайықты бағасын алған. Сөзіміздің дәлелі ретінде А.Н. Самойловичтің «Ақиқатты ту етіп, әділін айтсақ, тюркологияның пайда болған сәтінен біздің заманымызға дейін В.В.Радловтай үлкен қайраткер болған емес» деуін айтсақ та жеткілікті. Дарынды ғалым ең алдымен түркі халықтарының ел аузында сақталып қалған асыл мұраларын мұхият жинақтап, бірнеше томдарға айналдырып, жарыққа шығарды. Европа халықтарының тілдеріне аударып, әлемге таныстырғанының өзі де ерекше тебіреніс тудырады. Осыншалық жинақтаған мұраларға байланысты В.В.Радлов: «1869 жылдан, Алтайдағы түркі тілдерін зерттеуге кіріскен алғашқы күннен бастап-ақ тек халық шығармашылығын жинауға көңіл бөліп қойғам жоқ, мүмкіндігіне қарай мол сөз қорын жинауға да күш салдым» [3], – деп жазады. Анығында жинақтаған қыруар мұраларымызды ғалым ғылыми тұрғыдан тексеріп, жан-жақты зерттеудің кейінгі толқынға кілтін ұстатып кетті. Түркі әлемінің құндылықтарын дәл осылай біртұтас алып, ғылыми-салыстырмалы әдістермен саралау алғашқыда дұрыс жолға түссе де, кейін күркіреген Кеңестік дәуір идеологиясына байланысты бөлшектеніп кетті. Тек қана лингвистикалық зерттеулерде болмаса, тарих, әдебиет, этнография, археология ғылымдарындағы ізденістер түбі бір түркі дүниесінен алыстап кетті. Ендігі уақытта көбінесе ежелгі түркі тайпаларының негізін құраған, кейіннен тағдыр талайынан бөлінген ұлыстар мен ұлттардың шеңберінде ғана зерттеле бастады. Бұл қасаң және қатаң қағиданың пайда болуына Кеңес Одағы құрамындағы түркі тілдес халықтардың рухани құндылықтарының зерттелуі ұшырап, ғылыми саралаудың методологиясын «ұлы халықтың» мұраларымен ғана салыстыра тексеру керек делінетін қисынсыз теорияны қалыптастырды. Солай десек те «Ғылым мен өнер жүрек және өкпе сияқты өзара тығыз байланысты, сондықтан бірі бұзылса, екіншісі дұрыс қызмет атқара алмайды» [4] дейтін данышпанның сөзінің айғағындай, көне түркі тас жазбаларының табылуы мен ғылыми тұрғыдан зерттелуі түркі тектес халықтардың қайта құрылуына, халық музыкасы, сәулет өнері саласындағы ізденістер арқылы түркі халықтарының табысуына өмірдің өзі қолайлы сәттер туғызды. Қатқан тоңдар мен сіреске сеңдер солай бұзылған еді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін әлемдегі сандаған елдермен түрлі саладағы байланыстар жасалып, қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, еліміздің ұстанған бағыт-бағдарлары айқындалды. Туысқан халықтардың жақындасуына қолайлы нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл мәселеде түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына ғылым мен өнер барынша ықпал етуі тиіс. Түрлі тарихи оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір түріктерді бір-бірінен алыстатып, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері тамырлас халықтардың өмірлеріне «өзіндік» өзгерістер жасағаны баршаға аян. Алайда, олардың этностық қалыптасуы бір екендігін айғақтайтын басты екі ерекшелік бар екендігі анық:

Бірінші, ең басты көрсеткіштің негізі түркі тілінде екендігі ғылымда нақтыланып, түркі тілдес халықтар тілдерінің классификациясы лингвистер тарапынан түсіндірілген. Ғылымда бұған байланысты әлі де терең тексеріліп, толық тұжырымдар жасауға тиісті мәселелер бар екендігі айтылып келеді. «Мәселен, Орхон аңғарынан табылған ескерткіш-жырлардың тілін бірқатар лингвистер қазақ тіліне жақын десе, енді біреулері қырғыз немесе хакас тілдерімен туыстас деген пікір айтады. Бұл тіл – бірнеше түркі тілдерінің тарихи ортақ мұрасы деп қараушы ғалымдар да бар» [5].

Екінші, түркі халықтарының этникалық негізін бұлтартпай дәлелдейтін деректік мағлұматтарды фольклорлық мұралардан табамыз. Кеңес кезеңі бұл мәселеге аса сақтықпен қарап, түркі әлеміне ортақ заңдылықтарды түбегейлі тексеруге кедергілер келтіріп бақты. Түркі тектес халықтардың тұңғыш рет фольклорлық мұраларын тұтастай саралауға арналған еңбек жарық көріп, сол іске осы мақала авторы да араласты [6]. Туысқан халықтардың фольклорына арналған еңбекті шығарудағы басты мақсат: тұтастай белгілі бір аймақта емес, бірі шалғай, енді бірі жақын жатқан түркі халықтарының тілімен қатар, олардың рухани қазыналарының ұқсас, сарындас келуінің сырын аңғарту болған. Кешегі ғылым тар шеңберде ғана жасалса, бүгінгі таңда неғұрлым кеңейтуді керек етеді.

Дәл осы маңызды мәселеде түркі әлемін тануға фольклортану ғылымына жаңаша бағыт пен бағдар ұстау қажет. Ата-бабаларымыздың қалдырған аманатын асыл сөзден танып, бір-бірімен түсінісу, дүниені танып, білудегі сана-сезімі халық мұрасынан танылатыны біз ашқан жаңалық емес. Сонымен қатар фольклордың сан-салалы, салт-дәстүр, ырым-кәделер, ойын-сауық т.б. қат-қабат тамырласып жатқанын ескерсек, онда түркі тілдес халықтар фольклорын біліп-игеру, тұтастай саралай зерттеу халық пен халықты, ел мен елді жақындастырады. Түркітану ілімінің негізі ерте қаланса да, туысқан халықтардың бір-бірімен жақындығы, рухани құндылықтарының ортақтастығы жайлы сөз арасындағы айтылған пікірлер болмаса, салыстырмалы түсініктер кең көлемде жүзеге асырылмады. Әрбір түркі халықтары бұл тұрғыдан ойлану керектігі бүгінгі уақыт талабы, ғасырлар тоғысының үкімі мен үзілген тарихтың алға бастар үкілі үміті екендігі анық. Олай болмаса, жаһандану кезеңінің жемсауына оп-оңай тұтыласың. Фольклортану ғылымында типологиялық, поэтикалық зерттеудің арнасын келер уақытта түркі әлеміне бұрып, тұтастай талдауларды қалыпты контексті-реконструктивтік әдістер мен семиотикалық тәсілдеріне жүгінсек, ғылымда ілгерілеушілік болары біз айтпасақ та түсінікті.

Түрлі қоғамдық оқиғалар кезеңінде «өзін-өзі зор тұтқан, басқаларды қор тұтқан» өктемшіл, ұлтшыл, ақылсыз надандар да өз үстемдігін үстемелей жүргізді. Айталық күні кешегі империялық саясаттың қазақ ұлтына өз атауын қимай, «киргиз», «бұратана халық» деп келгені мәлім. Саясаттың салқынынан зардап шегіп, ғұрып-салттарынан алыстап, тілі мен дініне секемдік түскен, бабалар аманаты жолындағы күресте амалы таусылып, қажыған халықтың сүлдерін көресің. Түркі халықтарының кейбіреулері өз дінінен басқа дінге ауысқан, рухани мұраларының кейіпкерлерінің өзі басқа халықтың өкіліне айналғанын фольклорлық мұраларды ұшыратып қаламыз.

Жалпы фольклордың тектеріне сараласақ, онда халық прозасы, халық поэзиясы, халық драмасы бойынша қарау қисынды. Түркі тілдес халықтардың фольклорында, халық прозасының түрлері: миф, әпсана, хикаят, ертегілері бәрінде де бар. Көпшілігінің сюжеттері бір-бірімен сәйкестік танытады. Аспан мен жер, табиғат пен жаратылыс, адам мен қоғам, махаббат пен достық туралы таным-түсініктері ортақ екендігі көзге бірден шалынады. Керек болса, белгілі бір сюжеттер қаз-қалпында, жолма-жол қайталанылады. Оның басты себебі ерте дәуірдегі тыныс-тіршілігіміз, салт-дәстүріміз бір екендігін білдіретін түркі бірлестігі, түркілік дүниетанымымызда жатыр. Араға ғасырлар мен жылдар салған айырмашылықтар Адам аттары мен Кеңістік

атауларында тұр. Қиыр Шығыс, Сібірдегі және Орал, Волга, Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтарының ертегі, аңыздарында кейіпкерлер орыс есімдері мен жер атаулары соншалықты өзгеріске түсіп үлгерген. Ертегі мен аңыздардағы Иван, Владимир, Павел, Белое озеро, Красная поляна т.б. бұған дәлел. Ертегі есте жоқ, өткен ескі өмірдің ескерткіші екені талас тудырмайды. Ендеше ондағы есімдер өзгерісі тағы да өктем саясаттың салқыны, бодандықтың күшті қарқыны жүзеге асқандығы дегеннен басқа жауап таппайсың. Ендігі бір мәселе ауызша сөз өнеріндегі ертегілердің өзінен-ақ, әр халықтың мекендеп отырған жерінің қадір-қасиетін, ондағы өсетін өсімдіктер, мекендейтін аңдар мен құстар жөнінде мол мағлұматтар алуға болады. Мәселен, Алтай, Тува, Долган, Хакас, Якут, Башқұрт, Чуваш халықтарының хайуанаттар жайындағы ертегілерінде – аю, арыстан, жолбарыс, бұғы, т.б. жөнінде көп айтылып, ертегілерде аю тотемі қалыптасқан. Осындай ерекшелік құстар, балықтар және өсімдіктерге де байланысты айтылады. Ал, Орталық Азиядағы түркі халықтары фольклорындағы хайуанаттар ертегілерінде қасқыр тотемі ерекшеленеді екен. Аңдардан көбіне түлкі, қоян, қасқыр, жолбарыс, арқар, киік, барыс ертегі кейіпкерлеріне айналған. Киелі құстар ішінде қарлығаш, аққу, сарыала қаз, ұлар ерекшеленеді.

Түркі халықтарының көпшілігінде Қожанасыр (Насредин) аңыз, анекдотқа айналған. Орталық Азиядағы түркі халықтарында Қорқыт, Алдар Көсе, Жиренше шешен, Асан Қайғы бейнелері аңыздың прозаның ортақ кейіпкері ретінде көрінеді. Бұның себеп-салдарын бүгінгі тарих, философия ғылымдары түсіндіруге көмекке келді.

Халық поэзиясындағы отбасы – ғұрып фольклоры поэзиялары барлық түркі тектес халықтарда бар және идеялық жағынан ортақтаса алатындығын аңғартады. Мәселен, жар-жар, тойбастар, сыңсу, жұбату өлеңдері пішіні жағынан басқаша болса да, мазмұны жағынан үндестік танытады. Көлемді халық поэзиясының шырқау биігі эпостық мұралар. Түркі тектес халықтар мұрасында «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» лиро-эпосы, «Алпамыс батыр», «Қобланды батыр», «Көрұғлы», «Едіге батыр», «Ер Көкше», «Ер Тарғын», «Шора батыр» жырлары жиі ұшырасады. Бұның мән-мағынасы қоғамдық бірлестіктер мен тарихи оқиғаларға қатысты екендігін көпшілік қауым жақсы түйсінеді. Түрік қағанаты дәуіріндегі ерлікке тұрғызылған ғажап ескерткіштердің бірі «Қорқыт ата кітабы» екендігі ғылымда бағасын алған. Қазақ эпосын зерттеуші ғалымдар ондағы бірнеше жырлармен «Алпамыс», «Қобланды», «Орақ-Мамай» т.б. жырлармен үндестігіне байланысты байыпты пікірлер айтқан. Батырлықты дәріптейтін жырлардың сюжеттік ұқсастығынан басқа, назар аударарлық жағдайдың бірі – көне таным түсінікте тұр. Эпостың ең көне варианттарында Көк Тәңірге және Жер анаға сыйыну қалыс қалмаған, «Шындығында, бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер ролінде, ал Ұмай – Жер-Ана болып қабылданады» [7]. Сондай-ақ, Қорқыт жырларындағы айтылатын Яншкент, Жент, Үзкент, Баршыкент, Сүткент, Отырар т.б. болса, осындағы қыпшақ тайпаларының басты қалалары делінетін Сығанақ, Түркістан, Созақ т.б. қалалар тарихи жырлары (Есім хан, Абылай хан, «Шақшақ ер Жәнібек», «Қара Керей Қабанбай батыр», «Кенесары-Наурызбай») жырларында да айрықша аталып отырады. Керек десеңіз қазақ халқының түп негізі түркі екендігін анық түсіндіретін – тарихи жырлар [8].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991. – 264 б.
2. 2.Смайлович А.Н. Радлов как тюрколог / Новый Восток. 1992.№2
3. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб, 1988. Вып. 1. (Предисловие)
4. Даналардан шыққан сөз. – Алматы, 1987. – 383 б.
5. Келімбетов Н. Аталған еңбегі.
6. Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Астана, 2009. – 432 б.

УДК:398.335

НАСЛЕДИЕ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Аббасов Н.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается наследние древнетюркской цивилизации. Благодаря достижениям археологической науки теперь мы знаем, что наши предки имели средневековую городскую культуру, ирригационные сооружения, архитектуру, искусство. Доказано, что наша родина была колыбелью своеобразной степной цивилизации, сочетавшей в себе симбиоз культуры земледельцев и скотоводов. Шелковый путь объединил различные мировоззренческие системы, демонстрировал веротерпимость, стремление к активному обмену инновациями. Тюрками был совершен колоссальный культурный прорыв, сформирован новый тип незамкнутой культуры со своей уникальной рунической письменностью.

Ключевые слова: наследие, комплексное исследование, тюркский мир, поэтическое философствование.

Казахская культура – прямая наследница древнетюркской цивилизации. Благодаря достижениям археологической науки теперь мы знаем, что наши предки имели средневековую городскую культуру, ирригационные сооружения, архитектуру, искусство. Доказано, что наша родина была колыбелью своеобразной степной цивилизации, сочетавшей в себе симбиоз культуры земледельцев и скотоводов, Города и Степи.Причем традиции взаимодействия прослеживаются и ранее - в эпоху бронзы.

Сначала дадим определение понятию «культура».

Культура – это совокупность достижений человеческого общества в производственной, общественной и духовной жизни.Культура бывает материальной и духовной.

К материальной культуре относятся например, города, памятники архитектуры, предметы быта, одежда, народно-прикладное творчество., а к духовной – устное народное творчество, произведения литературы, музыка.

Города образовываются в поймах рек, междуречье, на соединении континентов, на трассе торговых караванных путей, т.к. города были центрами сосредоточения торговли и ремесла, с\хозяйства, таким регионом на территории Казахстана было Семиречье.

Первое описание городов Семиречья принадлежат буддийскому паломнику Сюань Цзяню, проехавшему здесь в 630г. Он сообщал: «Пройдя более 500 ли на северо-запад от Прозрачного озера, прибыли в город на реке Суй-е (Суяб). Этот город в окружности 6-7 ли.В нем смешанно живут торговцы из разных стран и хусцы. Прямо на западе от Суйе находится несколько десятков одиночных городов и в каждом из них свой старейшина. Хотя они не зависят один от другого, но все они подчиняются тудзюю(кагану).Страна от города Суй-е до Гэшуанна (Кушания) называется Сули, ее население также носит это имя…Тех, кто возделывает поля, и тех, кто преследует выгода – поровну».[1]

В Согдийском культурном комплексе находят воплощение и функции города как центра ремесла, торговли и сельского хозяйства .Распространение согдийского культурного комплекса в Семиречье происходило отчасти путем непосредственного переселения сюда согдийцев.С другой стороны его можно объяснить как отражение процесса культурной интеграции. Согдийцами были основаны города Джамукат, Бунджикат

Одновременно с согдийским культурным комплексом в Семиречье, на юге Казахстана и в Мавераннахре распространяется и тюркский культурный комплекс, представленный в археологических материалах такими массовыми находками, как металлическая посуда и вооружение, предметы с руническими надписями. В результате в 6-первой половине 9в.в. в Семиречье и Средней Азии складывается своеобразный культурный комплекс, который можно назвать тюркско-согдийским.

Интенсивный культурный синтез проходил на фоне этногенетических процессов. Таким образом, в период раннего средневековья на юге Казахстана и в Семиречье сложилась своеобразная культура, которая интегрировала в себе культурные достижения Согда и тюркский культурный комплекс. Наиболее ярко проявление этой интеграции наблюдается в культуре города.

Кстати, археологическими исследованиями на юге Казахстана зафиксировано 25 городищ со слоями 6-9в.в., которые можно считать остатками городов.Известны названия некоторых из них – Исфиджаб, Шараб, Будухкет, Отрар, Шавгар. В этих городах выделяются: цитадель, шахристан и рабад

В юго-западном Семиречье, по археологическипм данным, насчитывается 27 городищ, которые в большинстве своем отождествляются с летописными городами Таразом, Куланом, Атлахом, Джамукатом, Мерке. [2]

Арабское завоевание оказало сильное воздействие на жизнь Средней Азии.И хотя ни юг Казахстана, ни Семиречье не попали под власть арабов, тем не менее последствия завоеваний сказались на городской культуре области.Связанная тесными экономическими и культурными связями с Средней Азией, она испытала сильной воздействие мусульманской культуры, которая распространилась в первую очередь среди городского населения. Письменные источники свидетельствуют об увеличении числа городов в указанное время. В предгорной полосе Таласского Алатау, судя по этим данным, появились города Джумишлагу и Манкент; на Средней Арыси сформировался округ Кенджиде с центром в Усбаникете; в Отрарском оазисе – города Кедер, Весидж и Бурук, в округе Шавгар – Яссы, Шагильджан, Карнак, Карачук; Сауран; в низовьях Сырдарьи – Сыгнак, Дженд, Асанас, Барчкент; на северных склонах – Баладж и Берукет.

Великий Шелковый путь.С первых шагов своей государственной истории тюрки, контролировали важные участки евразийского Торгового пути, получившего в конце 19в. с подачи труда немецкого географа и геолога Рихтгофена «Китай» экзотическое название «Шелковый путь», ибо основным экспортным товаром из Китая в страны Запада являлся шелк, ставший международной валютой.

Для истории Казахстана крайне актуально исследование проблемы взаимодействия кочевых и оседлых цивилизаций, отношений между Степью и Городом. Трасса Сирия – Иран – Средняя Азия – Южный Казахстан – Таласская долина – Чуйская долина – Иссык-Кульская котловина – Восточный Туркестан оставалась основной до 14в. На трассу выходил еще и и другой маршрут: из Византии через Дербент в Прикаспийские степи – Мангыстау – Приаралье – Южный Казахстан. [3]

Так выглядел Казахстанский участок Великого Шелкового пути.Из Шаша дорога шла через перевал на Турбат в Испиджаб, располагавший караван-сараями, торговыми постройками, хозяевами которых были купцы Бухары и Самарканда.Географ 10в.Ибн Хаукаль писал: «Испиджаб состоит из медины, цитадели и рабада.У медины четверо ворот…Это обильный людьми и обширный город, во всем Хорасане и Мавераннахре нет города, с которого не взимался бы харадж, кроме Испиджаба» Покинув Испиджаб, караваны двигались в сторону Тараза. Из Тараза на восток путь продолжался по пустынной местности карлуков к городу Кулану .Автор географического словаря Якут отмечает в 20-х г.г.13в.; «Кулан – приятный городок на границе страны тюрков, со стороны Мавераннахра».

От Кулана далее на восток стояли города Мерке и Аспара.

Из Джиль-Шуба дорога шла в Сарыг – Кирмирау – Навакет(резиденциякаганов) – Пенджикент – Суяб.Суяб – крупный город Семиречья, был столицей западных тюрок, тюргешей и карлуков. Из Суяба дороги шли либо по северному, либо по южному берегам Иссык-Куля, затем соединялись у перевала Бедель и через него, либо Ташрабат, Шелковый путь приводил к Кашгару и Аксу.

Из Иссык-Кульской котловины через перевал Санташ и долины р.Каркары шел путь в Илийскую долину, затем в Алмалык, а затем по северной оконечности мертвой пустыни Такла-Макан, через оазисы Хами и Турфан шел к Дунхуану и в Китай.

Шелковый путь вначале служил для экспорта китайского шелка. В свою очередь, из Рима, Византии, Индии, Ирана, Арабского халифата, а позднее из Европы и Руси по нему шли мирра и

ладан, жасминовая вода и амбра, кардамон и мускатный орех, женьшень и желчь питона, ковры и полотна, красители и минеральное сырье, алмазы и яшма, янтарь и кораллы, слоновая кость, слитки серебра и золота, меха и монеты, луки и стрелы, мечи и копья. По Шелковому пути везли на продажу знаменитых коней Ферганы, арабских и нисийских скакунов, верблюдов, слонов, носорогов и львов и т.д. По Шелковому пути распространялись культурные растения. Кроме товаров по Шелковому пути распространялись религиозные идеи,искусство, музыка.

Современники тех далеких событий воспевали не только преуспевание того или иного государства, но и освоение ценностей чужих культур собственным народом, общение между народами.

Шелковый путь объединил различные мировоззренческие системы, демонстрировал веротерпимость, стремление к активному обмену инновациями. Тюрками был совершен колоссальный культурный прорыв, сформирован новый тип незамкнутой культуры со своей уникальной рунической письменностью.

Достаточно сказать, что ЮНЕСКО в 1987г. одобрен Международный исследовательский проект «Шелковый путь - путь диалога» по инициативе Греции, Египта, Индонезии, Италии, КНР, МНР, Омана, Португалии, Шри-Ланки и бывшего СССР. С 1993г. страны прилагают меры по возрождению туризма. Китай, Индия, Пакистан, Иран, Греция, Арабские Эмираты и Турция первыми приняли туристов. Открыли свои границы Казахстан и Средняя Азия.Не остались в стороне и государства – конечные пункты Шелкового пути на его обоих концах:Япония, Корея, страны Европы.

Памятники древнетюркской письменности.

На земном шаре существует свыше 3000 живых языков, но лишь около 200 из них обладает письменностями.

На территории Казахстана самым древним памятником письменности является серебряная чашечка с 26 руническими знаками, нанесенными металлическим стилетом на ее дне, из Иссыкского кургана, раскопанная К.А.Акишевым в 1969-1970г.г., и датируемая 5 в.д.н.э. Однако, она все еще не прочитана и определение ее языка дискуссионно, хотя предложено 11 вариантов дешифровки в Казахстане, России, Венгрии. А это ведь «26 молчащих веков» – как выразился один из интеллектуалов современности.

Рассмотрели на примере городов тюркского периода материальную культуру, теперь перейдем к духовной. К работе приступает 2-я подгруппа.

Древнетюркское письмо впервые было открыто в долине Енисея в 20-х годах 17в. немецким ученым Даниил Готлиб Мессершмидтом, состоявшим на службе у Петра1, и сопровождавшим его швндским офицером Филипп-Иоганн Таббертом-Страленбергом,. Они назвали письмо «руническим» - по его сходству со скандинавскими руническими текстами и данное название закрепилось в науке.

В 1889г. русский этнограф и археолог Николай Михайлович Ядринцев обнаружил на берегу р.Кокшин-Орхон в Северной Монголии два больших рунических памятника в честь Бильге –кагана(680-734) и в честь его брата, полководца Кюльтегина (684-731), воздвигнутые в 732-735г.г. По месту находок письмена были названы «орхоно-енисейскими». Эти памятники Бильге-кагана и Кюльтегина, как и памятник советника первых каганов второго Восточнотюркского каганата (689-744г.г.) Тоньюкука(646-731г.г.), созданный вскоре после 716г. еще при его жизни. Являются наиболее древними памятниками древнетюркской письменности.

Большой вклад в изучение памятников рунического письма внесли финские и русские ученые под руководством Аксель Олай Гейкеля и Василия Васильевича Радлова. По результатам их научных экспедиций созданы два атласа со снимками, схемами и шесть сборников трудов, которые стали настольной книгой последующих поколений тюркологов, историков, востоковедов научных школ различных стран.

ЛИТЕРАТУРА

1 Сосанов Кошали. История Казахстана. Справочное пособие. -- Алматы: «Ол-Жас Баспасы», 2007. -- С. 22-23. ISBN 9965-651-56-6.

2 Локотинова О. С. Гребенюк Ю. П. Методические рекомендации по подготовке школьников к ЕНТ по истории Казахстана. -- Алматы, «Институт повышение квалификации и переподготовки кадров системы образования», 2005. -- С. 26.

3 Т. В. Зееп. Пособие для подготовки к единому национальному тестированию (ЕНТ) по истории Казахстана. -- Алматы: «Зият Пресс», 2006. С. 23. ISBN 5-7667-7905-4.

ӘОЖ 82-15/29

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Абдолкайымқызы Ш.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Түркілік мұраны зерттеудің маңызы туралы аз айтылып-жазылып жатқан жоқ. Өйткені оны зерттеп-зерделеу арқылы халық тарихын, жады мен ой-санасын, таным-түсінігін, этникалық ұқсас қауымдастықтардың белгілі бір тарихи-мәдени кеңістіктегі тұрмыс-тіршілігін, өркениетін анықтауға болады. Осылардың тағлымдық жағы да назар аударуды қажет етеді. Бұл бағыттағы ізденістер, әлі де болсын, ортақ арнасы мен шешімін күтуде.

Түйінді сөздер: түркілік жазба мұралар,түркілік жазбалар, түркілік мұра, түркітілдес халық.

Ұлтымыздың қалыптасуы, ұлттық сананың бастаулары арғы түркі заманына, терең тарих қойнауына жетелейді. Сол себептен, осы түркі тілдес халықтардың туыстығы мен бірлігін айшықтайтын тарихи-мәдени ортақ жазба мұраларды бүгінгі күні бір арнада зерттеп-зерделеуге назар аударылды. Қазіргі тарихымыз орта түркі дәуірінен кейін түркі тілдес халықтардың қалыптасу дәуірінде өз алдына жеке отау тігіп, жеке ұлт ретінде тарих сахнасына шыққаны белгілі. Сол себептен түркі халықтарына ортақ ауыз әдебиеті үлгілері мен тарихи жазба мұралар қазақ ұлтына да тиесілі болып саналады.

Түркілік мұраны зерттеудің маңызы туралы аз айтылып-жазылып жатқан жоқ. Өйткені оны зерттеп-зерделеу арқылы халық тарихын, жады мен ой-санасын, таным-түсінігін, этникалық ұқсас қауымдастықтардың белгілі бір тарихи-мәдени кеңістіктегі тұрмыс-тіршілігін, өркениетін анықтауға болады. Осылардың тағлымдық жағы да назар аударуды қажет етеді. Бұл бағыттағы ізденістер, әлі де болсын, ортақ арнасы мен шешімін күтуде.

Күні бүгінге дейінгі зерттеулерді зерделесек, олардан халықтың тарихына, тіліне, діліне, дініне, яғни еуразиялық кеңістіктегі көшіп-қонған ру-тайпалардың өмір-салты мен әдет-ғұрпының қалыптасуына, олардың өзара қарым-қатынасының ерекшелігіне деген түрлі ой-пікірлердің бар екенін пайымдаймыз. [2]

Бұрын батыс, орыс ғалымдарының еңбектері шешуші құжат, айқын дәйек ретінде қабылданып келді, қазір сол мұраларды зерттеп-зерделеуге әрі толықтыруға мүмкіншілік кеңінен ашылуда.

Жалпы түркілік ауыз әдебиеті – ықылым заманнан бері атадан балаға ауысып келе жатқан көненің көзі, сол сияқты ежелгі және орта ғасыр (VII – XVI) жазба ескерткіштері де түркі халықтары тілі қалыптасу дәуіріне дейін жазылған әдеби-рухани ортақ мұралар. [3]

Оларға Орхон-Енисей, Талас жазбаларын, ұйғыр жазуының нұсқаларын, «Дивани лұғат ат-түрік», «Құдатқу білік», «Хұсрау мен Шырын», «Мұхабат-наме», «Гүлстан бит-түрки», «Нахадж әл Фаради», «Қисса сул-Әнбиә» сияқты т.б. оғыз-қыпшақ тілінде жазылған мұраларды жатқызып жүрміз. Осы жазба ескерткіштер әрі әдеби-тілдік дерек, әрі тарихи-танымдық дерек, әрі рухани әдеби-мәдени құндылық ретінде XVIII ғасырдан бастап зерттеліп келеді. Әсіресе, тарихи-тілдік материал, көне әдебиет нұсқасы ретінде біршама кең ауқымда зерттеліп-зерделенді. Бұл бағытта түркітанушылар: В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Н.М.Иль-минский, Н.К.Дмитриев, Н.А.Баскаков, С.Е.Малов, А.Н.Кононов, Ф.Г.Исхаков, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев сияқты т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Түркітанудың кең өріс алып дамуына қазақ ғалымдары да ай-тарлықтай ат салысты. М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиев, С.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Ш.Сәтпаева, Ә.Құрыш-жанов, М.Томанов, Ә.Ибатов, Ә.Қайдаров, А.Аманжолов, Н.Келім-бетов, С.Қасқабасов, Қ.Өмірәлиев, А.Егеубаев, А.Қыраубаева, Ш.Ыбырай сияқты т.б. қазақ ғалымдары көне түркі жазба ескерткіштерінің жанры, әдеби-көркемдік ерекшеліктері, дүние-танымдық сыр-сипаты, қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, әдеби тіл тарихы, этнолингвистика мәселелеріне қатысты іргелі еңбектер жазып, түркітануға сүбелі үлес қосты.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болғаннан бері қазақ тілін туысқан түркі тілдерімен салыстыра зерттеу, қазақ тілі тарихының тереңіне бойлау бұрынғыдан гөрі қарқын ала бастады.

Қазақ тілінің даму тарихын нақтылау мақсатында ауыз әдебиеті үлгілерінің тіліне, түркілік ежелгі жазба ескерткіштер тіліне, орта ғасырдағы жазба мұралар тіліне зерттеулер жүргізіліп, ата-бабадан қалған мәдени-әдеби рухани мұраларды ұлттық құндылықтар ретінде зерттеп-зерделеуге ерекше мән беріле бастады. Осы мақсат-мүддеге орай, қазақ ғалымдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Орхон-Енисей» мен орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық сыр-сипаты, әдеби көркемдік ерекше-лігі, дүниетанымдық қыр-сыры жайында зерттеулер жүргізіп, олардың қазіргі түркі тілдес халықтарға ортақтығын, тіл арқылы қалыптасатын рухани-мәдени құндылықтардың бүгінгі түркі тіл-дес халықтар мәдениетімен және жалпыадамзаттық өркениетпен сабақтастығын анықтауда.

Түркілік жазба ескерткіштердің әдеби-көркемдік сипаты, тілдік ерекшеліктері туралы біршама зерттеулер жүргізіліп, құнды-құнды еңбектер жарық көргенімен, тарихи тұрғыдан толық шешімін тапты деуге әлі ерте. Бүгінгі таңда Y–XIY ғасырларда жазылған түркілік жазба ескерткіштер тілін қазіргі қазақ тілімен салыстыра отырып зерттеу – өзекті мәселе. Өйткені ұлт тарихын, яғни өзімізді танып-білу үшін бұл мұралардың маңызы зор. Ал осы мұралардың орта ғасырларға жататындары қазақ тілінің тарихын қыпшақтық негізін анықтауда негізгі тілдік материал болып саналады.

Ондай ескерткіштердің қатарына Құтыптың «Хұсрау мен Шырыны», Хорезмидің «Мұхабат-намесі», С.Сарайдың «Гүлстан бит-түркиі», Мұхаммед бин Алидің «Нахадж әл Фарадисі», Рабғузидің «Қисса сул-Әнбиәсі» сияқты т.б. шығармалар жатады. Аталмыш ескерткіштерді зерттеу «Мәдени мұра» бағдарламасымен толық сәйкес келеді. Қазіргі қазақ халқы түрлі тарихи кезеңдерді бастан өткеріп, бүгінгі көркем қалпына жетті. Оның барша халыққа ортақ, жалпыға түсінікті, нормалары қалыптасқан, қоғамдық қызметі жан-жақты әдеби тілі сан ғасырлар бойы қалыптасты. Сол себептен түркілік дәуірдегі жазба мұралар тарихын, тілін,мәдениетін, әдеби-көркемдік ерекшелігін, тарихи-танымдық сипатын ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап, зерттеудің маңызы зор.

Ескерткіштердің тарихи, әдеби-тілдік деректері қазіргі түркі халықтары өркениетінің қалыптасып дамуынан, соның ішінде қазіргі қазақ өркениетінің өркендеуінен хабардар етеді. Қазіргі тарихымыз бен әдебиетінің тарихи маңыздылығын, көркемдік-әлемінің жаңа заңдылықтарын анықтап, еліміздің мәдени өміріндегі жаңашыл бағыттарды жүйелеп, оларға ғылыми-практикалық сипаттама беру үшін де түркілік жазба мұраларды зерттеу қажет. Сол себепті де бұл жазба ескерткіштерді тарихи жағынан болсын, тарихи, әдеби көркемдік сипаты тұрғысынан болсын зерттеп-зерделеу бүгінгі күнде аса қажетті мәселелердің қатарына жатады.

Қорыта айтқанда түркілік жазба мұраларды тарихи-танымдық тұрғыдан және әдеби-тілдік зерттеудің нәтижелері – қазіргі әлемдік жаһандану дәуірінің саяси-экономикалық ықпалында ұшырап отырған әрбір түркілік мемлекеттің жалпыадамзаттық өркениеттегі өз орнын анықтауда, бір-бірімен ықпалдасуына септігі тигізетіні сөзсіз.[1]

ӘДЕБИЕТТЕР

Жұман С.Ә. Түркілік мұра ұлттық тарихымыздың қайнар бұлағы – 2014ж

1. Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы. – В кн:, Тюркологический сборник. 1971. М., 1972.

2. Рахымов Б.С. Қазақ тарихи жырларындағы қаһармандар әлемі (Бабалар рухы және дәстүр жалғастығы). Ата мұра – асыл қазына. – Көкшетау:КМУбасп., 2007. – 152 б.

ӘОЖ 82-131(045)

ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ ЖЫРЫНДАҒЫ ӨЛШЕМ БІРЛІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МАЗМҰНЫ

Қуанышев А.
Ғылыми жетекші: Абдрахманова Ж.М.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Атап айтқанда, тіл тек байланыс (коммуникативтік) құралы емес, сонымен бірге адам болмысының, оның әлеуметінің, мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениеттің этносимволдық белгісі тілден тыс көрініс таба алмайды. Осыған сәйкес тіл тек денотативті коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар коннототивті (белгілі бір әлеуметтік, мәдени, тағылымдық мәні бар) құрал. Этномәдени лексикаға қатысты тұжырымдар мен нәтижелерді пайдалана отырып, қазақ этнолингвистикасының тақырыптық топтары мен тілдің шегіндегі лексиканы (периферийнная лексика) диахронды - синхронды жолмен талдап, олардың жалпы түркілік және қыпшақтық қабаттарын анықтау, этномәдени мазмұнын сипаттау өзекті мәселе.

Түйінді сөздер: кумулятивтік, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнетология, этногенез

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихи қойнауында ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып отырған рухани – мәдени мұрамыз, ұлттық құндылықтарымыздың бірі – батырлық жырлар. Фольклорымыздағы батырлық жырлардың даму тарихы әріден, түркі тілдес тайпалардың өз алдына жеке халық болып қалыптасып үлгермеген кезінен бастау алады. Халық фольклоры мен поэзиясының негізі сол тұстағы ұжымдық қоғамдастықтың танымынан шыққан батырлық жырларда жатыр. Батырлық жырлардың идеялық, көркемдік тұрғысынан дамуы эпосымыздың өрісі кең дүние екенін бейнелеп отыр. Батырлардың отансүйгіштік, жеңіске деген құштарлықтары халықты сүйсіндіріп, олардың ерлік жолында жасаған істері кейінгі ұрпаққа жетіп, бүгінде ұлттық танымымызды көрсететін байлығымызға айналып отыр.

Осыған сәйкес қазіргі тіл әлемінде халқымыздың рухани өрісімен сабақтаса қалыптасқан, кумулятивтік функциясы негізінде бейнеленген ана тіліміздің негізгі мәдениетке тікелей қатысты аса бай тілдік қазынасының ұлттық болмыс – мазмұнын, аксиологиялық мәнін деректік сипатта белгілеп, дәйектейтін зерттеу жұмысына қосылатын нақты дәйектік үлес – «Қырымның қырық батыры» жыр циклі болып табылады.

«Қырымның қырық батыры» жыр циклінің тілдік деректердің болмыс пен мәдениетке қатыстылығын зерттеу аса маңызды. Осыған байланысты жырдың этногенездік мазмұнын сипаттау қазіргі заман болмысымен сабақтасып отыр.

Бұрынғы заман адамдарының түрлі тарихи – әлеуметтік кезеңдердегі өкілдерінің этномәдени болмысы, тіл байлығы қазіргі «Қырымның қырықт батыры» секілді тарихи мұраларымыздың көздері арқылы келді дейтін болсақ, батырлық жырдың мазмұн негізінен жиналған лингвистикалық деректемелердің мазмұнындағы архетиптік болмыс пен мәдени байлықты сипаттайтын ұшан теңіз мәліметтер мен этногенезистік мәліметтер, сол мәтіннің көркем текстте айшықталған ерте кездегі тілдік материалдар дана халқымыздың ұзақ уақыттағы этномәдени дамуын, рухани және материалдық құндылықтарын, түпкі тереңін танудың бір құралы, маңызды таным бірлігі ретінде зерттелуі керек.

Олай болса, қазіргі тіл білімінде тілдің болмысы мен мәдениет саласы байланысын, тіл әлеміндегі ұлттық болмыс сипатты, ұлттық рухты, ұлттық таным – түсінікті танып білуге негізделген жаңа ғылым саласы когнетология, оның өзі лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. салаларға бөлінеді. Негізін қалаған: В.Гумбольдт, А.Потебня, Қ.Жұбанов, Е.Жанпейісов,

Р.Сыздық, Ж.Манкеева т.б көрнекті ғалымдарды атап көрсетуге болады. Көрнекті тілтанушылардың ұлт пен тіл, тіл мен мәдениет қағидасына сай кешенді сипаттағы зерттеу еңбектерін негізге ала отырып «Қырымның қырық батыры» сынды рухты эпостарымызды бүгінгі кезеңнің болмысына сай жалғастырып, игеру лингвистикада аса маңызды.

Осыған байланысты, қазақ тілінің киелі лексикасында ұзындық, биіктік, қалыңдық өлшемдері айрықша орын алады. Қазақтың ертеде ұзындық өлшемдеріне байланысты қолданған сөздері тіл қазынасының таптырмас байлығының бірі. Көне өлшем бірлік атауларынан қалған кейбір сөздер ана тілімізде әлі де өз маңызын жойған емес.Уақыт өлшемдерінің қас - қағым сәтінен бастап, шексіздікке дейінгі әсіресе бірліктерге бөліп, сан түрмен аталуын халқымыздың ауыз әдебиетіндегі көне де құнды қазынамыз – «Батырлар жырынан», яғни «Қырымның қырық батыры жырынан да» кездестіруімізге болады.

Ұзындық, биіктік, қалыңдық өлшемдері – қар, ариын, қарыс, қарыссүйем, сере қарыс, кере қарыс, жырта қарыс, елі, шынтақ, табан, бармақ, сүйем, құлаш, адм және тағыда басқа. Ана тіліміздегі ұзындық, биіктік, қалыңдыққа байланысты айтылатын өлшем атаулары көбінесе дене мүшенің қатысы арқылы беріледі.Осы келтірілген өлшем атаулары жырда Жырдағы өлшем атауларына тоқталсақ:

Ноғайдан қашып, заңғардың
Қорғалаған жері еді.
Сексен аршын қаласы,
Мықтылығы сол еді [1,73].
(«Құттықия жыры»)

деп келтірілсе, Мұса хан жырында:
Алпыс аршын қаласы,
Дарбазасы саны алтау,
Бір жағында көлденең
Биік жатқан тауы бар.
Ар жағында дария
Тасып жатқан суы бар,
Бер жағында қалың нуы бар,
Келе ме екен шамаңыз?! [1,138].
(«Мұса хан жыры»)

Аршын сөзі тілімізде сирек қолданылады, иран тілінде «әрш» сөзі біздің тілімізде «шынтақ» мағынасын береді. Ана тіліміздегі ұзындық, биіктік, қалыңдық өлшем атаулары көбінесе дене мүшенің қатысуымен қалыптасқан. Академик, түркітанушы, қазақ этнографиясына өзіндік үлес қосқан көрнекті ғалым Радлов «арш» - саусақ пен шынтақ ұшына шейінгі аралық деп көрсеткен (В.Радлов 331б). «Арш» сөзі түркі тіліне ауысқаннан кейін, сөздің түбіріне –ын, -ун жұрнақтары жалғану арқылы ұқсастыру – кішірейту мағынасында бұл сөз жырда ұзындқ өлшемін білдірген. Башқұрт, өзбек, қарақалпақ, татар, әзербайжан, бүтін түрік тілдерінде - аршийн, аршыйн(arsin),аршун,арджун, якут тілінде – ассы:н, (arsi:n), чуваш тілінде - аршан (apshan).Кейбір деректерде «Аршын» – жарты метрге жуық ұзындық өлшемі делінсе [ҚТТС., 2,112], кейбір дереккөздерде Аршын – метрге тең өлшем, кез деген мағынаны білдіреді. Жырдағы «Мұса хан» мен «Құттықия» батырлардың бөлімінде алпыс,сексен есептік сан есімдерімен контексте тіркесе келіп өлшемнің атауын беріліп тұр. Орыс ғалым Э.В.Севортянның сөздігінде бұл сөзге сантиметр деген мағына телінген.Ғылыми деректер мен сөздіктерге сүйенсек сандық өлшем бірліктің атауы екеніне толық көзіміз жетеді.Түркі тілінде әр түрлі фонетикалық варианттарда кездесу арқылы этнолингвист Е.Жанпейісовтың еңбегінде этнографизм ретінде көрсетілген. Зерттеу еңбектерін саралай отырып өлшем атауының түрлі варианттарда кездесетінін көрдік, В.Г.Егоров аршын сөзін аршан/аршам тұлғасында қолданып, бұл сөздің мағынасын шынтақ деп келтіреді.Зерттеу жұмысының барысында көптеген еңбектерді оқи отырып аршын сөзі парсы тілінен алынған деген тұжырымдама жасадым. Өлшем атауларының адамның дене мүшелеріне қатысты аталуының тағы

бірі дәлелі болса керек – ті. Ежелгі түркі ескерткіштерінде аршын, аршун, арчин варианттарында кездесетін бұл сөздің түпкі мағынасы шынтақ болғанымен, аршын сөзі өлшем атауына жақын болғандықтан осы сөздің бұрын қолданылғандығы, өлшемдік мәні басымдау екені анық.Орта Азия халықтары көбіне аршынмен мата өлшеген, әрі бұл атау екпін, қарқын деген ауыспалы мағынағада ие болған.

Ұзындық, қалыңдық, биіктік өлшемдерінің бірі – құлаш. Түркі тілдерінің бір қатарында бұл атау «есепсіз ұзын» деген мағынаны береді.

Құлаш – иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының арасы.Сөздің бастапқы кездегі морфологиялық тұлғасы : қол + аш(ашу етістігі)қолды ашу, жазу деген мағынада. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі Қ.Жұбанов өлшем мәніндегі бұл сөзге мынадай ой келтірген: «Қатар тұрған екі ағаштың біреуін құлаштап өлшеп, бес құлаш екенін біліп, екіншісін қарыстап өлшеп, елу қарыс екенін біліп алып, одан кейін бұл екі санды қосып екі ағаштың ұзындығының елу бес қарыс немесе оны не құлашқа, не қарысқа айналдырып отырған». Қолаш//Құлаш вариантына дейін өзгеріске ұшыраған өлшем атауы жырда мына

Жүрісі тыныш жорға бер,
Жүрсем, тыныш өзіме.
Бір жүйрік ат тағы бер,
Жау көргенде, өзімді,
Жеткізбей тұрып, асайын.
Қырық құлаш арқан бер,
Шыңырауға салайын,
Суын тартып алайын.
Бір айлық азық беріңіз,
Жолдас алып, не етейін,
Көріп келген жерім ғой .
Адаспай-ақ жетейін [1,205].
(«Қарасай Қази» жыры)

деп келтірілсе, дәл осы жырда:

Сонда Қази қатынға шаппайтын жорға, жер басқаннан қалмайтын жүйрік береді. Қырық құлаш арқан, бір айлық азық береді... [1,205].

(«Қарасай Қази» жыры)

Жырдағы тағы бір өлшемнің атауы қарыс.Қарыс - бас бармақ пен ортаңғы саусақтың аралығымен өлшейтін ұзындық өлшемі [ҚТТС.,20, 119]. Түркі тілдерінде қарыш/қарич/қарыс/xarus сияқты фонетикалық варианттарда кездеседі. М. Қашқари түркі әлемінің құнды еңбегі «Түркі тілдерінің сөздігінде» қариш/karich түрінде ұшырасып, Bir karich тіркесін осы сөздің ұзындық өлшеміне қатысын мағына жағынан аша түсу мақсатында мысал ретінде келтірілген [М. Қашқари,426].Кейбір түркі тілдерінде қары – зат есім болып табылады.Қазақ тілінде өнімсіз –с, - ш жұрнақтары жалғану арқылы бұл сөз сәйкесінше өзгеріске ұшырап қарыс, қарыш деп ұзындық өлшемі ретінде қолданылады.Бұл сөз жырда өзінің бастапқы позициясында емес, морфологиялық тұлғасы өзгеріске ұшырап қарыс + ты вариантында кездеседі.Мысалы мына жыр жолдарында қарыс зат есімінің орнына қарысты сын есімінің тұлғасында қолданылып тұр.

Найза ұстаған қолдары
Екеуінің де қарысты.
Лашын құстай шүйіліп,
Жауатын бұлттай мұнартып,
Бегіс сонда ақырды,
Дауысы жерді көшірді.
Ақ найзасын ол былғап,
Сонда қанға малынды [1,343].
(«Ер Бегіс» жыры)

Түрколог ғалым К. Дыйканов қарыш(с) атауына мынадай түсініктеме береді: “Бұл сөз екі морфемадан тұрады, алғашқы морфема қар “қол” деген мағынаны білдірсе, екінші морфема - ши(ич) “қолдың ішкі бөлігі” деген мағынаны білдіреді, екеуі қосылып “қолдың ішкі бөлігінің ұзындығы” екенін анықтайды [Дыйканов К.,87].

Қазақтардың ең алғашқы дүниеге көзқарасы мифологиялық, яғни адам мен ғарыштың біртұтастығы идеясы болды. Оларда Ғарыш пен Жердің Ғайыптан пайда болғаны туралы, Күннің, Айдың және басқа да аспан шырақтарының қайдан шыққаны туралы айтылған. Ерте замандағы қазақтың ұғымында: жер жүзіндегі барлық жаратылыстың түпкі тегі төрт нәрседен - Топырақ, Су, От және Ауадан жаратылған. Барлық болмыстың өмір сүру тетігі: жарық пен қараңғылыққа байланысты деп білген. Олардың ойынша: Жарық-жылудың, күннің, өмірдің, жақсылықтың және өмірдің нышаны. Ал, Қараңғылық - суықтың, түннің, өлімнің, жамандықтың, сор-қырсықтың нышаны. Бұларды бір-біріне қарама-қарсы күштер деп есептеген [1].

Бұрынғы замандағы қазақтың санасында: жаратылыс дүниесі адамдардың тұрмыс-тіршілігіне ұқсатып топшыланған. Олардың ойлауынша, әлемдегі барлық нәрсе және тіршілік жоқтан бар болып, кішкенеден үлкейіп, бір-бірінен туып, өсіп-өрбіп отырған. Ерте замандағы қазақтың «жасаған», «жаратқан» деп сыйынатын «иелері» де бейне бір асқан шебер өнерпаз «ұста адам» бейнесінде болған. Қазақтың жер мен аспан алғаш жаралғанда тым кішкене екен. Алғашында «әуе айнадай, жер тебінгідей» ғана болыпты. Ол кезде бүкіл әлем қаратүнек тұман ішінде тұрған. Кейін ұзақ замандардың өтуімен, жер мен аспан бірте-бірте үлкейіп, бұлардың арасынан күн мен ай туып, қараңғы мен жарық айырылып, адамзат, жан-жануардың тіршілігі пайда болған екен дейді.

Қазақтың көне дәстүрі бойынша, Жер - адамзат, жан-жануар, ағаш шөптің анасы. Аспан - жарық, жылу беріп, жаңбыр жаудырып есіркеуші - атасы есептелген. Сондықтан, ерте кездегі қазақтар Көк-Тәңірге, Жер-Анаға табынған.

Қазақтың ұғымында: Көк Аспан - бейне қазақтардың киіз үйі сияқты, барлық өмірге пана болған көк күмбез, Аспан әлеміндегі жұлдыздар - осы көк күмбезге жағылған шырақтар, олардың ойынша: аспандағы жұлдыздардың адам өмірімен тығыз байланысы бар. Әрбір адамның өмірін жаратып, тағдырын белгілейтін бір жұлдызы болады. Ол жұлдыз жоғарласа, бұл адамның бағы көтеріледі, егер сол жұлдыз төмендесе, бұл адамның бағы қайтады. Жұлдызы оңынан туса, барлық іс сәтті болады, жұлдызы солынан туса, қырсық шалады, ол жұлдыз жерге түссе, бұл адам өледі де, оның жаны көкке ұшады дейді. Қазақтар: ісі оңалған адамды «жұлдызы оңынан туды» дейді, аспандағы аққан жұлдызды көргенде: «менің жұлдызым жоғары», «сақтай гөр, жасаған» деп сыйынады. Олардың ұғымынша: адамдардың жұлдыздары әр түрлі, біреуі топырақ, біреуі су, біреуі от, кейбіреуі ауа сияқты болып келеді, бұл сол адамның мінездемесін, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейді. Мысалы, жұлдызы су сипатты адам жұлдызы от сияқты адаммен жараса алмайды. Қазақтар жараса алмаған ерлі-зайыптыларды көргенде «бұлардың жұлдыздары жараспады» дейді, өмірінде бір-біріне өш болып өткен адамдарды «бұлардың бір-біріне жұлдыздары қарсы» дейтін болған [2].

Ертедегі қазақи түркілер арасында әр түрлі діндер таралған, олардың ішінде ең әйгілілері - отқа табыну, жануарларға табыну, өсімдіктерге табыну. Егіншіліктің пірі - Диқан баба, желдің пірі - Жалаңаш-Ата, жылқыға - Қамбар-ата немесе жылқышы-ата, қойға - Шопан-ата, түйеге - Ойсылқара, сиырға - Зеңгі-баба, ешкіге Сексек-ата қамқоршы деп саналған. Қыдыр-ата алуан түркі игілік, молшылық, байлық, бақыт әкелуші. Жоғарғы құдай - Тәңірі-Көк идеясы көптеген түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың ата-бабаларының да дүниеге көзқарасында пайда болған. Бұл көзқарастың негізі Көкке (Тәңірі) және Жер-Суға сиыну болды. Құдырет деп есептелген бұл қос күштің негізгісі - Көк болды. Өзінің мәні жөнінен бұдан кейін тұрған әйел тәңірісі - Ұмай отбасы мен бала-шағаны қорғаушы болған. Тоныкөк ескерткішінде: «Көк, Ұмай, қасиетті Жер-Су, міне, бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек!» - деп жазылған. Тағы бір жерінде: «Жоғарыда зеңгір көк, төменде қара жер жаралғанда, олардың екеуінің арасында адам баласы пайда болған. Адам баласына менің ата-бабаларым үстемдік құрған!».

Қоғамның дамуына, экономиканың өркендеуіне, ой еңбегі мен дене еңбегінің бөлінуіне

байланысты, қазақтың арасынан өз философиялық ой-пікір қайраткерлері шықты. Бұлар негізінен қазақтың кемеңгер ойшыл, ақын-жыраулары еді. Қазақ философиясында, философиялық ой-пікір саласында жарыққа шыққан кемеңгер ойшыл қайраткерлері философия ғылымының маңызды деген мәселелері жөнінде өз көзқарастарын ортаға салды. Олар философияның өрістеуіне өздерінің елеулі үлестерін қосты. Жалпы, қазақ арасынан шыққан философиялық тұлғалар аз болмаған, олар әлі де зерттелу үстінде [3].

Қазақ философиясының ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ: 1) онтологиялық және гносеологиялық мәселелерден гөрі адам мәселесіне көбірек көңіл бөлінеді; 2)адам мәселесі, экзистенциалдық тұрғыдан қаралады; 3) практикалық мәселелерге көбірек көңіл бөлінеді; 4) адам болмысының этикалық жақтарына терең талдаулар жасалады; 5) әрқашанда әлеуметтік әділеттілікке көбірек назар аударылады; 6) аксиологиялық философия. Онда құндылық әлеміне зор көңіл бөлінеді.

Еліміз егемендік алған кезден бастап, біз, кейбір қазақ философтары, «қазақ философиясы» деген мәселемен тікелей айналыстық. «Қазақ философиясының ерекшеліктері», «Қазақ философиясына алып баратын сара жолдар» деген сұрақтар төңірегінде ойланып, толғандық. Классикалық батыс философиясымен шектеліп қалмай, «философия» деген ұғымның ғылымнан басқа қырларына назар аударды. Қазақ даналығынан, ойлауынан біз материализмді де, идеализмді де көре алмаймыз. Осыдан келіп, қазақтарда философия болмаған деген қорытынды жасау ағаттық болады. Дәстүрлі материалистік не идеалистік бағыттардан тыс тұрған философия да болады деп есептейміз. Абай, біздің ойымызша, бұлардың қай-қайсысынан да, стихиялы түрде болса да жоғары тұрды; олардың сыңаржақты шырмауына ілікпеді. Ол реалист болды.

Әлемге танымал болған Абай Құнанбаевтың (1845-1904 жж.) идеялары да философиялық мазмұнда құрылған. Әсіресе, оның «Қара сөздері» дүниенің болмысы, адам болмысының табиғаты, өмір сүру мен халқымыздың тұрмыс-тіршілігі хақында ой-толғамдар жүйесін түзеді. Оның идеяларын шартты түрде былайша топтауға болады: қазақ қоғамының әлеуметтік сыншысы ретіндегі ұлттың өзіндік санасын оятумен бірегейленуі туралы толғаныстар, құдайға махаббат пен сүйіспеншілік барысы, «адам-әлем» қатынасының түйткілді тұстарының бағамдалуы, табиғи жаратылыс пен адам болмысы хақындағы толғаулар, дүниенің әсемдігін пайымдай білу арқылы көркемдік таным ақиқатын сезініп өмір сүру белсенділігі т.б. Абайдың дүниетанымындағы теология бойынша - Алла жаратылыстың куәсі және ақиқат болып табылады; адам жан мен тәннен құралады және жан мәңгі өмір сүреді т.б. Адамзат өзінің ғұмыр кешу сәтінде шынайы ақиқатты іздейді, таным-түсінігін кеңейтеді, кейде адасады, табиғи қалпына бас ұрады, сондықтан ең бастысы ғылыми таным мен білімді негізге алу керек деген идеяны қуаттайды. Оның сыншылдығының мақсаты - халқының қайта түлеуін, заманға лайықталып тіршілік етуін, ішкі дүниесін жаңартуды және әрбір тұлғаның ішкі Менін ояту арқылы ұлттың өзіндік санасын жандандыру. «Қалың елім, қазағым қайран жұртым» деген өлеңінде өз халқына деген сүйіспеншілік сезім мен ұлтжандылық көңіл-күй анық байқалады, қоғамдағы кемшіліктерден арылу ұлттың өркендеуінің мазмұны екендігін байыптайды, тұлғаның бойындағы мінез дүниеге көзқарасқа ықпалды деп түсіндірген Абай осы дүниетанымды өзгертуді қалайды. Абайдың махаббат философиясы да өзіндік айрықша көз-қарастар түзілімін құрайды, сезімдік сананың ақиқаттылығы мен махаббаттың жалпы әмбебаптығын онтологиялық тұрғыдан дәйектейді. Сонымен қатар тарихи-әдіснамалық үлгілер дәстүр-шілдік дүниетанымды қамтиды. Рәміздік-архетиптік түсініктер, эпостық-архаикалық дәстүрлер «Жазғытұры» өлеңіндегі: «Күн – Күйеу, жер – қалыңдық сағынысты, Құмары екеуінің сондай күшті»,-деген жолдар байырғы «Көк Тәңрі мен Ұмай ана» жұбының канондық сабақтастығын әйгілейді [4].

Қазіргі кезде еліміздің рухани өміріндегі өзекті мәселелердің бірі отандастарымыздың философиялық мәдениетін өркендету болып табылады. XX ғасырдағы шығыс және батыс философиясы арқылы ұлттық философияның ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік туды. Философияның дамуы барлық әлеуметтік-мәдени себептіліктермен байланысты, ал мазмұндық жағынан ғылымның әлеуметтік-мәдени факторларымен жүйелік-танымдық байланысын есептен шығармай біртұтас құбылыс ретінде ашып көрсету маңызды [5].

Қазақ халқының философиялық және тарихи құндылықтарын терең зерттеу, олардың ішкі мәнін айқындау, жалпыадамзаттық өркениет аясындағы даму бағыттарын зерделеу қоғам және ел

тану ғылымдарының алдында тұрған басты мәселенің бірі.

Жаһандану - адамзат бұрын басынан кешпеген алып өркениеттік ығысу. Философия мұндай іргелі өзгерістерді қабылдай отырып, оларды философиялық тілмен жеткізуге ұмтылады. Ондай тіл жаһанданудың өзі сияқты өте күрделі. Бірақ философиялық дәуірдің мәселесін қабылдауы маңызды нәрсе. Бұл постмодернизм, халықаралық философиялық бағыт, оның ішінде басты рөлді философиялық тұлғалар иеленеді. Жаһандану заманындағы еліміздің күрделі ішкі және сыртқы мәселелерін ұлттық мүдде тұрғысынан дұрыс шешуге болатындар білікті де білімді еркін ой иелері - тұлғалар, соның ішінде философиялық тұлғалар кешенді проблемаларды шешуге қашанда қабілетті. Жалпы, қазаққа сырт көздің берген бағасы мынадай: «Қазақ – ойлана білетін, дарынды да ақылды». Ел арасында «Қазақ – болашағын алдын ала болжап қоятын, ал тасадағысын байқай бермейтін халық» деген де пікір бар. Бұл біздің философиядан алыс кетпегенімізді білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырзалы С.К. Философия.-Алматы:Бастау,2008.
2. Нұрышева Г.Ж. Философия.-Алматы:Інжу-маржан,2013.
3. Есім Ғ. Сана болмысы.-Алматы: Қазақ университеті, 2007.
4. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау.-Алматы, БҒМ ФСИ баспасы, 2000.
5. Э. Кенни 2-т.: Орта ғасыр философиясы Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018.

УДК:81(23)

КУЛЬТУРА ТЮРКОВ – КАК ОДИН ИЗ ЦЕНТРОВ МИРА

Таскинбаева А.
Научный руководитель: Абдешов Д.Д.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан

Аннотация. Общемировые мифологические сюжеты чаще всего фрагментарно сохранились в сказке, эпосе, преданиях и легендах. Обобщение такого обширного эмпирического материала позволило бы выявить общие тенденции и закономерности в функционировании мировоззрения, а также особенности сознания представителей тюркского кочевого мира.

Ключевые слова: тюрк, номад, духовенство, история, мировоззрение,мифы.

Человек, являясь, прежде всего духовным существом, всегда пытался осмыслить происходящие вокруг него природные и социальные процессы. Наблюдение за ними, непосредственное участие в этих процессах самого человека, оценка с точки зрения определенных моральных, эстетических и других социальных ценностей приводят к возникновению целостного образа мира. В мифологии, главным образом, отражались мировоззренческие основы бытия древнего человека, которое порождало основной вопрос мировоззрения, вопрос о взаимоотношении «Оно» и «Мы». Он может быть конкретизирован в осмыслении взаимоотношений человека и космоса, человека и природы, человека и общества. Конечно, речь не идет о теоретических изысканиях древних. Но уже в рамках мифологического сознания, на основе соответствующего ему способа мышления возникает представление о сверхъестественном бытии. Так возникают мировоззренческие мифы о происхождении мироздания и человека. Они рассказывают о творении космоса из хаоса, о конце света, о сотворении первочеловека и первопредков народа, о культурных героях, дарующих людям различные предметы культуры, о происхождении природных и космических циклов и т.д. Эти мотивы в той или иной степени присутствуют в мифологии каждого народа. Общемировые мифологические сюжеты чаще всего фрагментарно сохранились в сказке, эпосе, преданиях и легендах. Обобщение такого обширного

эмпирического материала позволило бы выявить общие тенденции и закономерности в функционировании мировоззрения, а также особенности сознания представителей тюркского кочевого мира.

Л.Н. Гумилев особо отмечал наличие у древних тюрок «четко отработанного мировоззрения», противопоставленного культуре Китая, Ирана, Византии и Индии. Как свидетельствуют орхонские тексты, причина была в стремлении соседей к активной культурной экспансии, к навязыванию тюркам своих духовных ценностей: «у народа табгач… была речь сладка, а драгоценности мягкие (т.е. роскошные, изнеживающие); прельщая сладкой речью и роскошными драгоценностями, они столь сильно привлекали себе далеко (жившие) народы. (Те же), поселяясь вплотную, затем устраивали себе там дурное мудрование» [1, с. 336-337]. Из этого небольшого фрагмента видно, что тюрки сознательно отрицали китайскую культуру, так как ясно понимали негативные последствия ее влияния.

Тюрки-номады в процессе духовного творчества создали своеобразную модель мироздания. Эта картина мира включает в себя образы Пространства и Времени, морально-нравственные ценности, экологические принципы взаимодействия, способы общения с другими народами и духовного освоения мира.

Л.Г. Сатаева отмечает, что «исследование духовной культуры в ее целостности и самоопределяемости сознанием есть, собственно, философия культуры, однако абстрактное постижение сути культуры неизбежно преломляется в конкретных философских концепциях, отмечающих на себе печать Востока и Запада. Дух Западной и Восточной культур с неизбежностью дополняется духом центральноазиатской культуры, поскольку все эти три первоосновы культурного осознания человеком своего бытия обладают целостностью, самодостаточностью в своем духовном самоопределении. Они не идентичны, однако в глубине постижения мира пересекаются их пути в заданности проблемы — личностное сознание в устремленности на собственное «я» преломляется в различных формах духовно-культурной интерпретации» [2, с. 372]. Так, главный принцип сознания номадов -динамичность идеи пути, генетическая восприимчивость к переменам.

Формирование мировоззрения идет под воздействием различных факторов — это и среда обитания, тип хозяйства, культурный диалог с другими народами. В надписи Тоньюкука на реке Селенга говорится: «.. .тюрки, следуя за травой и водою, не имеют постоянного местопребывания и упражняются только в военных делах». Кочевой образ жизни определял особенности древнетюркского мировоззрения. Если мир земледельца ограничивался территорией сельской общины, то перед кочевником лежала бескрайняя степь. Но это огромное пространство было хорошо освоено и не пугало его. На нем были обозначены места кочевок, пастбищ, проведения религиозных ритуалов, былых сражений, т.е. пространство разнородно, и каждая его часть имеет особую значимость, связана с эмоционально окрашенным восприятием. Как подчеркивают исследователи, «это пространство контакта, индивидуальных событий контакта, пространство скорее тактильное, чем визуальное, в противоположность расчерченному пространству Евклида…. Думается, что психологический тип тюрков сложился под влиянием присущего им образа жизни и пространственных ощущений». Один из идеологов евразийства Н.С. Трубецкой отмечал в свое время, что «…иипичный тюрк… предпочитает оперировать с основными, ясно воспринимаемыми образами и эти образы группировать в ясные и простые схемы» [3]. Картина духовного мира номада пишется в основных тонах, широкими мазками. Для нее чужды детализация и полутона, она развивается вширь и в длину.

Исследователи отмечают факты проникновения буддизма, митраизма, манихейства, несторианства. Однако в высшей степени знаменательным представляется то обстоятельство, что ни одна из этих религиозных идей не сыграла роли всеобъемлющей цивилизационной доминанты. Это обстоятельство свидетельствовало об устойчивом менталитете и не воздействии чужой сакральности на особый динамизм номадического сознания. Так, например, эпический враг царей и героев Иранского нагорья Афрасиаб, владетель Турана, был признан тюрком. Так был совершен первый шаг в создании «иранской» генеалогии тюрков и одновременно глубинного проникновения тюркского элемента в систему иранской культурной традиции.

Время воспринималось тюрками-номадами как последовательная смена поколений. Для каждого человека важно было знать свою генеалогию. Часто прародителем считали определенного культурного героя, историческую личность, животное (волк). Древность рода определяла социальную значимость его представителей. Например, Кюль-тегин начинает свою родословную со времен сотворения мира. Номад не чувствовал себя случайно заброшенным в этот мир, он был продолжением длинной череды предков его рода и имел собственное продолжение в потомстве.

Для более точной датировки того или иного события использовался звериный цикл, в котором каждый год соответствовал какому-нибудь животному. В жизни номадов жизненный цикл животных имел знаковое значение. Восприятие времени было тесно связано с преемственностью поколений и с хозяйственным объектом древних тюрков — животными, короткий жизненный цикл которых разворачивался на их глазах. Если Кок Тенгри олицетворял бесконечность, то Умай — конечное земное время, состоящее из актов рождения, вступления в брак и ухода из жизни. Каждая веха в жизни человека сопровождалась совершением особых обрядов. Но время для человека не заканчивалось с уходом из земной жизни, оно продолжалось уже в потусторонней жизни. У номадов для обозначения наступления смерти используют слово «откен», т.е. «прошел» — прошел через ту грань, что отделяет мир живых от мира мертвых. Для благополучной жизни в ином мире рядом с покойником размещали разные, необходимые для хозяйства полезные вещи. [4, с. 211].

Все это говорит о том, что тюркам-номадам было чуждо механистическое восприятие времени как простое чередование событий. Через память о предках, через предания о великих богатырях и военных сражениях история органично входила в жизнь человека. Время для него имело сакральный смысл, пространство было одухотворено осознанием включенности человека и общества в природу. Традиция предписывала номаду жить в гармонии с природой, чтить предков, соблюдать обычаи своего народа. Коллективная память в форме «традиции» хранила способы противостояния «хаосу» и спасения «космоса» как организованного начала.

Таким образом, мы видим, что культура тюрков — один из научных центров тогдашнего мира. Такие центры как Баласагун и Отрар в развитии научных знаний сыграли очень большую роль. К сожалению, немногое сохранилось.

В заключение отметим, что культура народов, населявших Казахстан в VI — XIII вв.. была естественным продолжением культуры сако-хуннского периода и, в свою очередь, послужила фундаментом для развития культуры казахского народа в контексте кочевой цивилизации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гумилёв Л. Н. Хазария и Каспий // Вестник Ленинградского ун-та. -- 1964. -- № 6. вып. I. -- С. 83-95.

2. Кёстлер А. Тринадцатое колено: Крушение империи хазар и её наследие. СПб., 2001. ISBN 5-8071-0076-X. Английский текст.

3. Хамидуллин Б.Л. Хазары и их вассалы глазами современников. Казань: Слово", 2014. 280 с. ISBN 978-5-98356-226-4

4. Golden P. B. Khazar Studies: A Historic-philological Inquiry into the Origins of the Khazares. Budapest, 1980. V. 1-2.

5. Golden P.B., Ben-Shammai H., Rona-Tas A. (ed.) The World of the Khazars. New Perspectives Selected Papers from the Jerusalem 1999 International Khazar Colloquium hosted by the Ben Zvi Institute. Leiden -- Boston: Brill, 2007. ISBN 978-90-04-16042-2

УДК:94(38)

ИССЛЕДОВАНИЕ ТЮРКСКИХ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Успанова А.А.
Научный руководитель: Абдешов Д.Д.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан

Аннотация. В данный статье анализируется письменное наследие, оставленное, средневековыми тюрками. Авторы работы попытались провести историографический анализ трудов, которые представляют ценные источники изучаемого периода. Наследие Баласагуни, Кашгари, Яссави имеют важное значение для всего хода развития тюркской духовной культуры и их изучение необходимо с новых методологических подходов, так как до сегодняшнего дня в отечественной науке еще имеют место стереотипы взглядов на духовно-культурную эволюцию в целом. Необходимо подчеркнуть особенности поэтического философствования, а также размышления средневековых тюрков о боге, вселенной, природе и назначении человека, целиком и полностью вписывающейся в контекст средневекового способа мышления со свойственными ему мировоззренческими принципами.

Ключевые слова: мировоззренческие принципы, поэтическое философствование, наследие, духовная-культурная эволюция, комплексное исследование.

Человек, являясь, прежде всего духовным существом, всегда пытался осмыслить происходящие вокруг него природные и социальные процессы. Наблюдение за ними, непосредственное участие в этих процессах самого человека, оценка с точки зрения определенных моральных, эстетических и других социальных ценностей приводят к возникновению целостного образа мира. В мифологии, главным образом, отражались мировоззренческие основы бытия древнего человека, которое порождало основной вопрос мировоззрения, вопрос о взаимоотношении «Оно» и «Мы». Он может быть конкретизирован в осмыслении взаимоотношений человека и космоса, человека и природы, человека и общества. Конечно, речь не идет о теоретических изысканиях древних. Но уже в рамках мифологического сознания, на основе соответствующего ему способа мышления возникает представление о сверхъестественном бытии. Так возникают мировоззренческие мифы о происхождении мироздания и человека. Они рассказывают о творении космоса из хаоса, о конце света, о сотворении первочеловека и первопредков народа, о культурных героях, дарующих людям различные предметы культуры, о происхождении природных и космических циклов и т.д. Эти мотивы в той или иной степени присутствуют в мифологии каждого народа. Общемировые мифологические сюжеты чаще всего фрагментарно сохранились в сказке, эпосе, преданиях и легендах. Обобщение такого обширного эмпирического материала позволило бы выявить общие тенденции и закономерности в функционировании мировоззрения, а также особенности сознания представителей тюркского кочевого мира.

Среди традиционных духовных ценностей, веками формировавших национальный менталитет казахского народа, есть культ вселенческого космическогог божества – Тенгри. Тенгри – как бог, писал Валиханов.

В просторечье Тенгри казахами используется как синоним мусульманского «аллаха» и персидского «кудая». Выражения типа: « Тэнір жарылкасын! – да благословит тебя Тенгри», «иттін иесі болса, тулкінін тэнірі бар» – «если у собаки есть хозяин, то у лисы есть Тенгри»; собственные имена(Тэнірберген, Хан-Тенгри) указывают на глубокое проникновение культа тенгри в различные сферы жизни народа. В прошлом веке, когда Ш.Уалиханов сетовал по поводу двоеверия казахов, то он имел в виду в качестве альтернативы исламу именно тенгри.

Основной религией древних тюрков было поклонение Тенгри(Небу). Именно по воле Неба правили каганы, которые именовались «Небоподобными и на Небе рожденными»: «Небо, которое, чтобы не пропало имя и слава тюркского народа, возвысило моего отца-кагана и мою мать-катун,

Небо, дарующее (каганам) государства, посадило меня самого, надо думать, каганом, чтобы не пропало имя и слава тюркского народа», - так пишет Бильге-каган о своем восшествии на престол. По воле Неба тюрки одерживали победы или терпели поражения. Небо и Земля-вода спасали тюркский народ в лихую годину. Тюркские ханы в своих подписях постоянно призывают Небо быть благосклонным к ним.

Следующее по значению было женское божество Умай – покровительница домашнего очага и детей. Культ Умай еще сохранялся у некоторых тюркоязычных народностей Алтая в конце 19в. Вместе с тем, Умай входила в триаду высших божеств тюрков и покровительствовала всем их делам; это видно, например, из памятника в честь Тоньюкука, где при описании одного из удачных походов говорится: «Небо, (богиня) Умай, священная Земля-Вода, вот они, надо думать, даровали нам победу!»

Л.Г. Сатаева отмечает, что «исследование духовной культуры в ее целостности и самоопределяемости сознанием есть, собственно, философия культуры, однако абстрактное постижение сути культуры неизбежно преломляется в конкретных философских концепциях, отмечающих на себе печать Востока и Запада. Дух Западной и Восточной культур с неизбежностью дополняется духом центральноазиатской культуры, поскольку все эти три первоосновы культурного осознания человеком своего бытия обладают целостностью, самодостаточностью в своем духовном самоопределении. Они не идентичны, однако в глубине постижения мира пересекаются их пути в заданности проблемы — личностное сознание в устремленности на собственное «я» преломляется в различных формах духовно-культурной интерпретации» [2, с. 372].

Для каждого человека важно было знать свою генеалогию. Часто прародителем считали определенного культурного героя, историческую личность, животное (волк). Древность рода определяла социальную значимость его представителей. Например, Кюль-тегин начинает свою родословную со времен сотворения мира. Номад не чувствовал себя случайно заброшенным в этот мир, он был продолжением длинной череды предков его рода и имел собственное продолжение в потомстве. Для более точной датировки того или иного события использовался звериный цикл, в котором каждый год соответствовал какому-нибудь животному. В жизни номадов жизненный цикл животных имел знаковое значение. Восприятие времени было тесно связано с преемственностью поколений и с хозяйственным объектом древних тюрков — животными, короткий жизненный цикл которых разворачивался на их глазах. Если Кок Тенгри олицетворял бесконечность, то Умай — конечное земное время, состоящее из актов рождения, вступления в брак и ухода из жизни. Каждая веха в жизни человека сопровождалась совершением особых обрядов. Но время для человека не заканчивалось с уходом из земной жизни, оно продолжалось уже в потусторонней жизни. У номадов для обозначения наступления смерти используют слово «откен», т.е. «прошел» — прошел через ту грань, что отделяет мир живых от мира мертвых. Для благополучной жизни в ином мире рядом с покойником размещали разные, необходимые для хозяйства полезные вещи. Древнетюркский обычай ставить на могиле каменное изваяние умершего и совершение перед ним жертвоприношений свидетельствует о том, что со смертью человек не вычеркивался из жизни живых, он незримо присутствовал среди них, был их заступником перед Тенгри [4, с. 211].

ЛИТЕРАТУРА

1. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. — М.: Молодая гвардия, 1993. — 496 с.

2. Сатаева Л.Г. Истоки культуры мышления и мировоззрения народов Центральной Азии и Казахстана // Науки о человеке в современном мире. -СПб., 2002. -1Ч.- 407 с.

3. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. — М., 2000. — 657 с.

4. Кодар А. Степное знание: Очерки по культурологии -Астана: Фолиант, 2002.-208 с.

ӘОЖ 82-1/29

АЙТУҒАН ЖЫРАУ

Қабылов Ә.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті,Қазақстан

Андатпа. Мақалада Маңғыстау өңірінен шыққан айтулы ақпа-төкпе ақын-жыраулардың бірі Айтуған Тайұлының шығармашылығы қарастырылған. Айтуған шығармаларының идеялық алтын өзегі – адамгершілік, имандылық мәселелері. Ол адамгершілік әрі әділеттілік қасиеттерді жырға қосумен қатар, әділетсіздік пен озбырлықты, жағымсыз қасиеттерді өткір сынап отырған. Сондай-ақ, “Қырымның қырық батыры”, “Отыз тарау Ноғайлық” атты көлемді жырларды айтып, халық арасында жырау атанған. Мақалада ақын жыр-толғауларының тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктері талданады.

Түйінді сөздер: ақын, жырау, жыршы, толғау, жыр, поэзия.

Маңғыстау өңірінен шыққан айтулы ақпа-төкпе ақын-жыраулардың бірі – Айтуған Тайұлы. Ол Жыңғылды-Ұланақ жерінде өмір сүрген, бейіті сол маңдағы Сарытөбе-Құнан-ата қауымдығында. Дүйім жұртқа ақын, жыршы, жырау, күйші әрі сыбызғышы ретінде белгілі болған Айтуған Тайұлы туралы деректер ел ауызында өте аз сақталған, туған-өлген жылдары туралы да нақты мәліметтер жоқ. Жырау ғасырға жуық өмір сүрген делінгенімен, өмір сүрген жылдары туралы зерттеушілер әр түрлі деректер келтіреді. Жыраудың өмірі мен шығармашылығы турасында құнды деректер тапқан І.Шыртанов: «Айтуған Тайұлының туған жылы белгісіз. XYII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп, XYIII ғасырдың екінші жартысына дейін жүз жылға жуық өмір сүрген адам» [1], – деп есептесе, әдебиетші-ғалым Қ.Сыдиықұлы белгілі шежіреші А.Меңдалыұлының: «Айтуған тоқсан сегіз жасында қайтыс болды» [2,41] – деген мәліметіне сүйене отырып: «Біздің жобалауымызша, Айтуған жырау көрсетілген кезеңнен бір ғасыр кейін өмір сүрген болуы керек» [3,22-24] – деген тұжырым жасайды. Дегенмен, А.Тайұлының тікелей ұрпақтарының бірі Өтежан Алшымбайұлының жырауды: «XYIII ғасырдың аяқ кезінде туып, 97 жасында дүние салған» [4,14] – деген болжамы шындыққа жақын келетін сияқты.

А.Тайұлы Адайдың Тобышының Шоңай тақтасынан тарайды. Әкесі Тай Даңұлы Маңғыстау түбегіне аты жайылған сыбызғышы болыпты. Тай Даңұлына қатысты кейбір мәліметтер І.Шыртанов, Б.Байекеев, И.Сейітжан, А.Жұмашұлы еңбектерінде ұшырасады.

Тай Даңұлы сыбызғышылық өнерімен қатар, басқыншылардан туған жұртын қорғаған халық батыры ретінде де танылған. Оның батырлығы туралы халық ауызындағы аңыздар мен деректі әңгімелерде жиі айтылады. Тай сыбызғышыдан тараған үш ұлдың (Қалдықылыш, Аңдақылыш, Айтуған) кенжесі Айтуған жасынан өлең-жырға құмар болып, домбыра мен сыбызғы тарту өнерін игереді. Ел аузындағы әңгімелердің бірінде Абыл Тілеуұлы (1777-1864) мен Айтуған Тайұлының замандастық, достық әрі шығармашылық қарым-қатынаста болғандығы сөз етіледі.

Айтуған жырау Тайұлы – Маңғыстау жыршылық мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол жиырма жасынан “Қырымның қырық батыры”, “Отыз тарау Ноғайлық” атты көлемді жырларды айтып, халық арасында жырау атанады. Бұл туралы ақын:

Жиырмаға жасым келгенде,
Айтуған жырау атандым,
Білгенімді жыр етіп.
Топқа салдым басымды,
Тыңдағанды еңментіп, –
деп толғаса, енді бірде:
Осынау бес күн тірлікте,
Сөз жаттауға қанбадым.
“Қырымның қырық батырын”,
“Отыз тарау Ноғайлық”,

Бәрін түгел жаттадым, –
деп нақтылай түседі.

Айтуған жыраудың артында қалған әдеби мұрасы көп емес, ұзын саны үш жүздің үстіндегі жыр жолдары ғана бізге жетіп отыр. Олардың дені – терме-толғаулар, өсиет-нақылдар мен арнаулар. Жыраудың шығармалары, негізінен, І.Шыртанов, Қ.Сыдиықов, Ж.Жылқышиевтердің жинастыруымен облыстық «Маңғыстау» газетінде, "Жыр Дария" (1995) жинағында жарық көрді. Ақын туралы деректер А.Жұмашұлы, М.Нығметуллаев т.б. еңбектерінде де кездеседі.

Ақынның өмірбаяны оның шығармаларының мазмұнымен сабақтасып, мағлұматтық сипатпен толығып отыратынын Айтуған жыр-толғауларынан да көреміз. Автор өз өнерінің бағасын жоғары қойып, халықтың рухани өміріндегі орнын жақсы сезінеді, сонымен қатар, шығармашылық ғұмырындағы өкініштерін де жасырмай, жайып салады:

Бойыма біткен өнермен,
Үзілгенді жалғадым.
Жаныма менің батады,
Алты алашты аралап,
Бағамды алмай қалғаным.
Қарттық шаққа арналған арнауларында:
Бір жас бар алдымызда сексен деген,
Мақсатым сол сексенге жетсем деген.
Бұрынғыдай атқа міне алмаймын,
Араз боп жүрмін қазір бөксемменен;
немесе:
Тоқсан бес жетейін деген жасым ба еді,
Быламық ішейін деген асым ба еді?! [5], –
деп толғанады.

Айтуған жырау "Шонекеге", "Ақжан байға" секілді арнау өлеңдерінде өз өмір жолын арқау етіп, жарлылық пен кедейліктің күрмеуінен құтыла алмаған тұрмыс тапшылығын суреттеумен қатар, сонда да адамшылдықтың туын құлатпаған әз болмысын танытады:

Жоқтық деген – бір пәле,
Соңымнан неге қалмадың?
Қозы сойып қонаққа,
Қонақасы шалмадым.
Сонда-дағы жаманға
Басымды иіп бармадым...

Бұл жолдардан кедейлік тұрмыс тақсыреті шымбайына қанша батқанмен, жаратқанның бойға дарытқан ұлы өнерін саудалап, тіленшілікке түспеген адал да парасатты ақын болғандығын аңғарамыз.

Ақын кейбір шағын терме-толғауларында өз кезеңінің әлеуметтік теңсіздіктері мен көкейтесті мәселелерін жырға арқау етеді. "Терме», "Өмірдің кейбір жайлары", "Өсиет өлең" атты терме-толғауларында адам баласының бойындағы адамгершілік пен пендешіліктің салдарынан туындайтын жағымды-жағымсыз қасиеттерге салыстыра қарап, ақындық көзбен бағамдаушылығын танимыз.

Бай атанған шіркіннің,
Барынан да жоғы артық.
Қонақ келсе жайраңдап,
Қондырмайтын байлардан,
Жолың түссе тоқтарлық,
Ел жайлайтын жер артық, –
деп байлығына мастанып, имандылық жолынан алшақтаған байларды жер қыла сөйлейді. Мұның бәрінің негізі кісілік қалып пен адамдық ар-ұят тұрғысынан бағаланып, ақын қайырымдылық пен адамшылықты, ынтымақ пен татулықты, бірлік пен бітімшілікті кеңінен насихаттап отырады.

Айтуған шығармаларының ерекшеліктерінің бірі жыраулық поэзия поэтикасындағы салыстырулар арқылы жақсылық пен жамандықты шендестіре отырып, көзге елестетерліктей бейнелілікпен тыңдарманға (оқырманға) нақты үлгі ұсынатын ширақ шумақтарынан да көрінеді. Мысалы:

Тағы бір мысал айтайын,
Қадірсіз өткен өмірден
Ұйқыда көрген түс артық.
Бұрынғылар айтыпты,
Орын таппаған қайраттан,
Ерден ердің ісі артық.
Бірге жүріп өспеген,
Кездессе бірін тістеген
Бір ауылға сыймаған
Сыйласпаған туғаннан
Сыйлы болған жат артық.
Сыйласпаған құрбыдан
Желеп-жебеп жүретін,
Жұма сайын басына
Бейіт оқып келетін,
Тірісінде сыйласқан,
Сыйласып өткен өлі артық [6,26].

Айтуған шығармаларының идеялық алтын өзегі – адамгершілік, имандылық мәселелері. Өз заманының өткір тілді ақыны, жалынды жырау ретінде ел өміріндегі тарихи оқиғаларға жіті назар аударып, замандастары мен үзеңгілестерінің, өнер жолындағы әріптестерінің адамгершілік әрі әділеттілік қасиеттерін жырға қосып, кейбір замандастарының әділетсіздігі мен озбырлығын, жағымсыз қасиеттері мен орынсыз қылықтарын бетіне басып айтып, орынды сынаған айтулы жырау, суырып-салма ақын. Ақын замана шындығын айқындайтын толғауларында өмірдің тұтқасы, адамгершілікке баулитын тәрбиенің бастауы ата-ананың, ағайынның орнын әрдайым салиқалы меңзеумен көрсетіп отырады.

Замандастар арасындағы сыйластықтың, бір-біріне көмектесіп, жанашырлық мейіріммен төрге сүйрейтін құрбы-құрдастың орнын ерекше бағалайды:

Балапанын баптаған
Қайырып салған бидайық
Қаз алмаса сормен тең
Жақсыдан алған ақылың
Миуа, шекер, балмен тең
Сыйламаса туғаның
Көрген күнің зармен тең.
Қонақ келсе үйіңе
Көрсеткен ниет баймен тең
Сыйласаң да суменен
Теңдесі жоқ бармен тең
Дос жараның көп болса
Қаптай қонған елмен тең [6,32].

Ақын «Еңбек қой өрге өрлеткен / Еңбекпен маңдай терлесе, / Тапқаның бақыт еңбектен» [6,28], – деп өмірде еңбектің маңызын жоғары қояды, жастарды маңдай термен табыс тауып, өмір сүруге үндейді, бақыттың бастауы сол екенін жырлайды.

Айтуған Тайұлының:

Бірлік сәні – ұғысқан,
Не шығады ұрыстан.
Абырой-атақ келмейді,
Жағалас пен жұлыстан.
Еңбексіз жан кер кеткен,

Еңбекпен маңдай терлесе,
Таптың бақыт еңбектен.
Өсек айтып көпірме,
Жазықсызға жекірме.
Даладан келе айқайлап,
Үй мазасын кетірме, –

деп келетін жыр жолдары – нағыз даналық пен ақылдың көрінісі мен жемісі болып табылатын ақыл-ғибраттық, дидактикалық поэзияның үлгілері.

«Терме» өлеңінде адам өмірінің шынайы көріністері мен түрлі кезеңдерін “Кім ашар?” деген риторикалық сұраққа сүйене отырып, анафоралық тәсілмен түйдектете шешендік сөзбен кестелейді:

Арудың көңілін кім ашар?
Хал сұраған тең ашар...
Ат қайғысын кім ашар?
Сұлы менен сүт беріп,
Күніне жеті қараған,
Жал-құйрығын тараған,
Тайбурылға балаған,
Қадірін білген ер ашар.
Ұл қайғысын кім ашар?
Жол жағында панасы,
Төбесінде саясы,
Підә болып бір жүрген,
Атасы менен ана ашар!..

Ақын толғауларында өмір-тәжірибелерінен туындаған парасатты толғамдармен өрнектелген өсиет-өнегелі жолдар мол. Дүние-жалғанның тауқыметін арқалап, жоқшылықпен көріп ғұмыр кешсе де, тағдырдың берген өнерінің арқасында абыройы асқан ақын өмірдің мәнін парықтап, жастарға қарата сөйлейді:

Келесің немене ойлап қарақтарым?
Айтар деп бір жақсы сөз алақтадым.
Дүниеде сұм жарлылықтың жаманын-ай,
Иттей боп жемтік іздеп жалақтадым.
Жасымнан бай болуды жаратпадым,
Сөз жаттап, жыр айтуға талаптандым.
Жас келіп жер ортадан ауғаннан соң,
Ақылмен алды-артымды сараптадым.

Айтуған – өнерді ерекше бағалап, оған жаратушының сыйы ретінде қараған, өнер сабақтастығын үйрету мен үйренуде, бойыңдағы өнерді жетілдіріп бағалай білуде деп білген ақын. Бойындағы өнердің сырын жастармен бөлісіп, ақындық-жыршылық жолға баулып отыруды да өзінің міндеті санаған. Жыраудың өнерлі жігіттерден үміт күтіп, ақындық дәстүр сабақтастығы туралы ойларын:

Келесің, ей, балалар, немене ойлап?
Дүниенің қызығына бар ма тоймақ?
Ішінде сөз үйренер қайсың барсың,
Айтыңдаршы, ниеттерің болса жайлап!..
Десеңдер жыр үйренем үйге кірің,
Болсам да өзім жарлы, көңілім кең! [1] –

деп келетін жыр жолдарын көруімізге болады.

Өзінің өнерпаздық болмысына сәйкес, өнерге деген сүйіспеншілігін паш етіп, жастарды рухани құндылықтарды меңгеруге шақырады. Шынайы адамгершіліктің, биік парасат пен салқын сабырлылықтың өнегесі бола білген жырау өнер жолын қуған жастарға өмірдің тағылымды сабақтарын ұсынады.

Айтуған сөз өнерін аса дәріптеп, сөз үйренемін жас жеткіншектерді бетінен қайтармаған. Оларға жырымен үлгі көрсетіп, сөз өнерін насихаттап, өлеңнің құдіретін танытып отырады. Тарихи әрі батырлық жырларды, өзінің әдеби туындыларын жаттауға құмар жастарға ұстаздық етіп, рухани жетілдіруді де ақындықтың бір қыры деп қарайды:

Өнер сүйген кісіге,
Сусын берген мен едім.
Бойымдағы барымды
Артымдағы ініге
Қалдырайын деп едім.
Отыз түрлі Ноғайлық,
Қырымның қырық батырын,
Қабылдайтын қайсың бар,
Үйретейін деп едім...
Артта қалар ініге,
Сөз асылын терейін...
Біреу – жарлы, біреу – бай,
Ақылға салып отырам,
Дүниенің біліп жалғанын, –

деген жыр жолдарынан ақынның өнер сабақтастығы, дәстүр жалғастығы секілді өнерпаздық қағидатты мықтап ұстанғандығын көреміз. «Айтуған жырау атанып, Өмірде көрген-білгенді, Айта алмасам мен мұндық», – деп ақындық, жыраулық болмыстың миссиясын кеңінен толғап, кейінгіге жалғастыруды өзіне парыз санайды.

Айтуған жырау Тайұлы тұрмыс күйі орташалау болып ғұмыр кешкенмен, өмірде көргендерін терең пайымдаған ойшыл ақын. Өзінің алдындағы ақындардан үйреніп, шығармашылығына рухани нәр алып, табиғи дарынын шыңдап өткен. Жырды ерте тастағанымен, артына тағылымы мол, көркемдік сапасы жоғары әдеби мұра қалдырды. Халық арасында сыйлы болып, жастарға қалдырған өнегелік, ұстаздық қадір-қасиеті мен абырой-беделі үшін сөздері халық жадынан ұмытылмай, жүрек түкпірінен орын алған өнерпаз. Жарлай арнау арқылы халқына ұсынатын жыр жолдарында өмірдің өткіншілігін айта отырып, кейінгілерге амандық тілейді:

Сәлем айт, барсаң бізден қырдағы елге,
Аға-іні, қарындас пен жеңгелерге.
Жас келіп, өлім деген жақын қалды,
Тілеймін тек жақсылық білгендерге.
Егер де көрмей кетсек, аман болың,
Туған жан кірмей қоймас қара жерге.
Сұм ажал ретімен келеді ғой,
Жақсыға, жаманға да, кемеңгерге! [2,30]

Айтуған жырау Абыл Тілеуұлынан «Қырымның қырық батыры», «Отыз тарау Ноғайлық» секілді жырларды үйреніп, өзіне ұстаз тұтқан. Абыл секілді халық ақын-жырауларының өлең-жырларын зерделей меңгеріп, өзінің ақындық, жыраулық, жыршылық келбетін қалыптастырған. Айтуған – түрлі әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер мен болып өткен тарихи оқиғаларды көз алдына елестетіп, ой елегінен өткізіп, жақсысы мен жаманын парықтап, түрлі пайымдаулар жасап, көрген-білгенін жырмен сыйға тартқан ойшыл ақын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шыртанов І. Айтуған жырау. // Маңғыстау. – 7 желтоқсан, 1990.
2. Меңдалыұлы А. Адай шежіресі. – Алматы. 2002.
3. Жыр Дария. Маңғыстаудың ақын-жыраулары. – Ақтау. 1995.
4. Сыдиықұлы Қ. Елеулі есімдер. Бағалы басылымдар. – Алматы. Информ-А, 2001.
5. Исаберген С.К. Айтулы ата Айтуған – Алматы: Информ-А. 2011.
6. Меңдалыұлы А. Адай шежіресі. – Алматы. 2002.

ӘОЖ 82-1/29(045)

ҰЗАҚБАЙ ҚАЗЖАНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Дальмуханова Ф.К.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Қазақстан

Аңдатпа. Ұзақбай Қазжанұлының әдеби мұрасы тақырыптық-жанрлық тұрғыдан аса ауқымды екендігі сараланып, ақын шығармашылығын зерделеген ғалымдар еңбегі, олардың нәтижелері, жалпы ақынның әдеби мұраларының қаншалықты көлемде қазіргі таңда оқырман қауымына жеткізілгендігі баяндалады.

Түйінді сөздер: жырау, жыршы, әдеби мұра, сөз шебері, зерттеу-ғалымдар.

«Ұзақбай жыраудың бізге жеткен шығармаларынан-ақ оның сөзге жүйрік, ойға бай, өмір тәжірибесі мен шежіре-тарихтың сабақтарынан жырымен үлгі-өнеге ұсынатын ойлы да ғибратшыл ақын екенін аңғаруға болады. Жыраудың ақындық шеберлігін, шығармаларының идеялық, тақырыптық мән-маңызын, көркемдік сипаттарын саралағанда, осыған көзіміз жеткендей болды» [1, 13]деп филология ғылымдарының кандидаты Ә.Қабылов атап көрсеткендей, Ұзақбай Қазжанұлы шындығында да өзі сол тұстағы танымал ақындардың бірі ғана емес, бірегейі болатын.

Ұзақбай Қазжанұлының әдеби мұрасы тақырыптық-жанрлық тұрғыдан аса ауқымды. Оның шағын жанрдан бастап, көлемді толғаулар мен дастандар жазуға дейінгі үлкен шығармашылық өсу жолынан өткендігі автордың толғаулары мен арнауларынан, көлемді жырларынан айқын да анық аңғарылады. Өлең-толғаулары, арнау, өлең-хаттарын, насихат сөздері, жоқтау-жұбату, көңіл айтулары, тарихи жыр-дастандары тек бір ғана Ұзақбай Қазжанұлының ақындық болмысын танытып қоймайды, сонымен бірге XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейінгі ұлттық дәстүрдегі әдеби ахуалымызды терең тани түсуге қызмет етеді.

Ақын шығармалары тек жанрлық жағынан ғана емес, сонымен қатар тақырып аясының кеңдігімен де ерекшеленеді. Бұл тұрғыда ол шығыстық қиссаларды жырлаушы ақындарға да, ілгері-кейінгі айтыскер сөз зергерлеріне, Ақтан, Нұрым, Қашаған, Өмір, Қисықбас, Сәттіғұл, Сүгір сынды көркемсөз шеберлеріне де тақырыпты меңгеруі жағынан ұқсай отырып, өз қолтаңбасымен айрықша өзгешеленеді.

Менің атым - Ұзақбай,
Атағым тегіс жайылды
Қараның ұлы қазаққа-ай.
Тыңдағанға насихат,
Сөзім бар шырын-шараптай..,
Атақ алдым ақындық,
Кіші жүзді аралап.
Тұяғым тайпақ жорғамын,
Жолға салған тағалап.
Алуан түрлі асыл сөз,
Аузымнан өнген балалап.

деп өнерімен еліне қадірі артқан жыр жүйрігі Ұзақбай Қазжанұлы шығармашылығы

қазақ әдебиеті тарихында ғылыми тұрғыда арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылған емес.

Дегенмен, ақын мұрасы хақында қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымында сандаған ақын-жыраулар мұрасын ғылыми айналымға түсіруге ықпал еткен белгілі ғалым Қ.Сыдиықовтың ғылыми еңбектерінде ақын шығармашылығына қатысты бірсыпыра елеулі пікірлер айтылған. Сондай-ақ, ақын мұрасына қатысты арнайы жазылмағанмен филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Нұрдәулетованың ақын-жыраулар мұраларын жинақтап, мәтіндік талдамасын жасаған, олардың шығармаларындағы түсінігі қиын сөздерге лингво-стилистикалық, этимологиялық сипаттама берген «Көне күннің жыр күмбезі» атты еңбегінде қазақ әдеби тілінің даму, қалыптасу тарихындағы тілдік ерекшеліктер, сөз қолданыстар, сөз қиюластырудағы әдіс-

тәсілдері генетикалық тұрғыдан зерделенген бірнеше ақын-жыраулар арасында Есмағанбет Мекеұлы өмірбаянында: «Маңғыстаудың көрнекті ақындары Қашаған, Сәттіғұлдың шығармаларын, сонымен бірге, өзінің жырларын жиын-тойларда, үлкен салтанатты астарда айтып, Сүгір, Ұзақбайлармен бірге айтыс, жыр сайыстарына қатысқан» [2,56] деп Ұзақбай Қазжанұлы шығармашылығына қатысты тұстарын да атап кетеді.

Сонымен қатар, ғалымның еңбегіндегі: «Дала жыраулары тудырған өлең, терме, жыр, толғауларды замана көшінен қалдырмай, келер күнге ұластыруда, алдымен, ел ішіндегі шебер орындаушылар мен айбынды жыршы-жыраулардың рөлі үлкен. Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашаған, Аралбай, Сәттіғұлдардың, сондай-ақ, Мұрын Сеңгірбекұлы, Қырықмылтық Қарасай тәрізді айдынды жыршылардың ізін басқан шәкірттері Сүгір, Ұзақбай... тәрізді жырау-жыршылармен жалғасады» деген жолдар арқылы Ұзақбай жыраудың сөз төркінін түсініп, киесін ұғынатын көркем сөз өнері иесі екендігі танылады.

Осы тұста ғалым Б.И.Нұрдәулетованың «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуальдық бейнесі» атты 2008 жылы «НҰРА-АСТАНА» баспасынан шыққан монографиялық еңбегінде тіл біліміндегі концепт теориясына қатысты Ұзақбай жырау шығармашылығынан біршама мысалдар алынып, дәйекті пікірлермен тұжырымдалып, жүйелі талданғандығын баса айтқан жөн.

Профессордың осы еңбегінде Ұзақбай Қазжанұлы жыры мәтіндерінен алынған үзінділерде дүниенің жаралу концептісі, «өлім», «мұң», «қайғы», «шынайы адам» концептілері дараланған. Ақынның поэтикалық танымының концептілік құрылымдарда берілуі лингвофилософиялық, лингвопоэтикалық тұрғыдан саралаған.

Сонымен, ақын мұрасының ғылыми айналымға түсуіне аталмыш еңбектің Ұзақбай Қазжанұлы мұрасының поэтикалық тілін танымдық тұрғысынан қарастырғандығын және шартты түрде батыстық жыраулық мектебінің дәстүрін ұстанған деп санауға болатын жиырмадан астам ақын-жыраулар қатарында атай отырып талдағандығын ескере отырып, құндылығы жоғары дүние екендігін айрықша атауға болады.

Ақындық дәстүр мәселесі әдебиеттану ғылымының қай кезеңінде болсын кеңінен зерттеліп жүрген өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, халқымыздың қастерлі сөз өнерінің бастау көздерінің негізі болып саналатын ақындық дәстүрдің қалыптасу даму жолдарына назар аудармайынша біздің ұлттық поэзиямыздың өсу, өркендеу жолын тану мүмкін емес-ті. Ал, сол ақындық поэзияның көсегесін көгерткен ақындарымыз туралы әдебиетіміздің алыбы, ұлы ғұлама М.Әуезов: «Халық поэзиясының таңдаулы үлгілерінің туып таралып және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштармыз» [3,69] деген болатын.

Ұзақбай туындыларының жыраулық поэзия мен жыраулық дәстүр секілді ұғымдарға қатысы барлығын жоққа шығара алмаймыз. Өйткені, ақын шығармаларының басым көпшілігі толғау жанрында. Ақынның өзінің алдындағы ұстаз тұтқан Абыл, Ақтан, Нұрым, Қашаған, Сәттіғұл жырларының үлгі-ұстанымы да осыны көрсетеді.

Жалпы, жырау тұлғасы қазақ әдебиеті тарихынан лайықты орын иеленіп, «жырау», «жыраулық дәстүр» мәселелері де ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеліп, зерделенгені мәлім. Атап айтқанда Е.Ысмайловтың, Ә.Дербісәлиннің, Р.Бердібаевтың, М.Мағауинның, С.Қасқабасовтың, Е.Тұрсыновтың, Қ.Сыдиықовтың, Б.Әбілқасымовтың т.б. әдебиетші ғалымдардың еңбектерінде жырауға қатысты тың тұжырымдар мен орынды ой-пікірлер жетерлік.

Ұзақбай ақындық атағына қоса, жыршылық, жыраулық үрдістерді де игерген.

Осындай өшпес дәстүрлі желістің мол бір саласы – саралы да сабақты ойлар желісін тізбектеген абыз жыраулар қалдырған терең ойлы толғаулар, арнаулар, ерлік эпикалық жырлар, жыраулық дәстүрді жаңарта, жаңғырта жалғастырған ақын-жыраулардың поэзиялық шығармалары еді.

Әдебиет тарихын зерттеуші белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиев қазақтың авторлы әдебиетінің жырау-шешендер мен төкпе ақындар шығармашылығының өркендеуіне байланысты екендігін айта келіп: «Жыраулар сөз өнерінің ілкі авторлары, ақындыққа жол ашқан асыл сөз шеберлері, халықтың шешендікпен ұштасқан ойлы-сырлы толғау, арнау, термелер мен эпостық жырлардың бастау бұлақтары.

Жыраулар поэзиясының нағыз мұрагерлері – төкпе ақындар. Олар жыраулардың көркем сөз үлгілерін, поэтикалық тіл түрлерін, образ, сурет құралдарын түгел дерлік меңгеріп, өз туындыларына негіз етті» [4,77] деп, жыраулар поэзиясы мен ақындық дәстүр арасындағы жалғастық шеруін ашып көрсетеді.

Ұзақбай шығармашылығындағы ақындық дәстүр мәселесін сөз еткенде, алдымен оның туындыларындағы көркемдік ерекшеліктер көрсетілуі тиіс.

Ұзақбай – ойы кестелі, сөзі өрнекті ақын. «Қайнаған тілмен қазаным, қайнарлы қара бұлақпын» деп ақын айналадағы құбылыстар мен жайттарды жырына қосарда психологиялық дайындықпен кіріспе сөз арқылы тыңдаушысын дайындап алуы да оның ақындық шеберлігінің даралығын айқындап тұрғандай.

Өлеңдеріндегі тіл шешендігі, теңеулер мен нақыл сөздерге байлығын мысалдарынан көптеп кездестіруге болады.

Мұндай өлеңдерінің кейбір жолдары мақал-мәтелге сұранып тұрған, бұл ерекшелік әсіресе, толғау түрінде келетін өлеңдерінде жиі ұшырасады.

Өлең құрылысы жағынан шығармаларының көбі 7-8, 10-11 буынды жыр өлең сарынымен жазылған. Ақын-жыраулардың көбіне ортақ шұбыртпалы немесе кезекті ұйқас түрі Ұзақбай шығармаларында кең орын алған.

Ақын шығармаларында эпитет, теңеу, әсірелеу, айқындау, қайталау, салыстыру, метафора секілді суреттеу құралдары мол кездеседі.

Ғалым С.Негимов ақын-жыраулар поэзиясындағы көркемдік дәстүр мен эстетикалық ойлау табиғатын саралаған еңбегінде: «Поэзияның өзі негізінен қайталаулардан тұрады десек те болады. Бұл амал-тәсіл өлең эвфониясы үшін қызмет етеді, интонациялық екпінін күшейтеді. Қайталаулардың барлық түрлерін, әсіресе, халық ақындары көркемдік мақсат үшін кеңінен пайдаланады» [5,103] деп бұл тәсілдің ақындар шығармаларындағы атқаратын рөлінің ерекшелігіне аса зер салған болатын.

Ел тарихындағы белгілі тұлғалар, би-шешендер, сыйлы ақсақалдар, олардың еліне сіңірген өлшеусіз еңбектері, өнегелі істері турасында ақын-жыраулар шығармаларында аз жырланбаған.

Осы дәстүр Ұ.Қазжанұлы туындыларында жалғастық таба білді.

Ақын өлеңдерінің негізгі идеясы – пайдалы іске ұмтылу, адалдықты ардақ тұту, адамгершілік мәселесі және оның осы елдік, имандылық тақырыпты шығармаларының қай-қайсысы да мұсылман діні шежіресі мысалдарымен тұтаса жырланған.

Ақынның шығармаларында тірі пендеде болатын сан қилы мінез-құлықтар, биік кісілік қасиеттер, мұсылман дінінің имандылық негіздерімен салыстырыла, дәлелдене асқан шеберлікпен жырланған.

Ақын өлеңдерінің негізгі идеясы – пайдалы іске ұмтылу, адалдықты ардақ тұту, адамгершілік мәселесі.

Оның насихат тақырыбындағы шығармалары бастан-аяқ діни мысалдар өте бай жинақталған, туынды мұсылман діні шежіресінің нақты деректеріне сүйене жазылған. Автор толғанысқа толы жырларында адамгершілік, имандылық, әдептілік мәселелерін қозғайды. Өсиет, үгіт-насихат түрінде берілген толғауда ата-анаға бала мейірімі, адамдар арасындағы шынайы сыйластық қарым-қатынас, жанұя жарастығы, татулық, туысқандық сезімдер, тәрбие маңызы сөз болады.

Ақынның насихат жырларында қазақтардың дүние, тіршілік туралы таным-түсінігі, жақсы-жаманның ара жігі жайында түсінік ұғымдар жеріне жеткізіле көрініс тапқан. Жақсы әйел, тәрбиелі ұл, көргенді қыз, келін, бай, батыр, кедей, т.б бойында қандай қасиеттер болуы керектігі осы насихат өлеңдерде көрінеді. Мұнда үлгілі қасиет-мінездер мырзалық, мейірімділік, ұқыптылық, т.б. мадақталып, ал жаман, зиянды, жиіркенішті құлық- әрекеттер ұрлық, өтірікшілік, кекшілдік, тасжүректік, сараңдық, қонақты күтпеушілік, т.б. сыналып, сақтандырылады. Насихат жырларында қазақтың имандылық пен ізгілік туралы барша таным-түсінігі алақанға салғандай анық көрініс тапқан.

Міне, осы аталған халықтық жанрдың дәстүрлі тақырыбын өз шығармасына арқау еткен ақындардың бірі Ұзақбай Қазжанұлы болса, ол өлке тарихын, ата-баба тарихын жақсы білетін шежірешілігімен қоса, ислам тарихының да білгірі болған. Ақынның Құран, «Қисса-сул-Әнбия»

ізімен жазылған инабаттылық, парасаттылық, имандылық жайындағы діни ұғым араласқан «Өткен пайғамбар, шайхылар туралы», «Әнестен бергі тарихтан» атты дін тарихынан, пайғамбарлар қауымынан, ата тегі шежіресінен мол білімін аңғартатын шығармалары 7-8 буынды жыр үлгісінде өрнектелген.

Ақынның насихат сөздеріне жататын «Тәубе», «Өмірдің баяны», «Жолдас болмас бұл пәни», «Бұ дүниенің мысалы» туындылары өсиет-нақылдық мазмұнмен жазылған өлеңдер. Аталған шығармаларында ақын бұл дүниедегі қозғалыстардың, қасиеттердің бәріне де мұсылмандық-ағартушылық танымымен баға береді.

Ақынның насихат өлеңдеріндегі дидактикалық-ғибраттық ақыл-кеңестердің арнасында көптеген гуманистік мұраттар жырланады. Ол пәни мен бақи аралығындағы тіршілік кезеңін мағыналы, адами қалыптан ауытқымай өткізуді уағыздайды.

Менің айтқан өсиетім:
Қарсы болмаң заманға,
Әуес болмаң арамға
Жолдас болмаң жаманға
деп, заман сырын пайымдаған ойлы жырлары өзіндік мақам құраған.

Халық ақындарының діни-ағартушылық бағыттағы шығармаларындағы имандылық, шариғат мәселелерінің жырлану бағыты турасында ғалым Т.Тебегенов: «Мұсылмандық парыздарды орындауға шақыратын үгіттік-насихат өлеңдерінде фәнилік және бақилық дүние жалғастығына қатысты адамгершілік-имандылық тәрбиесіне байланысты уағыздар жырланады» [6,87] деп ой түйіндеген болатын.

Ұзақбайдың бұл туындыларын – мұсылман діні туралы тарихи әдеби шығарма деуге болады.

Жалпы ақын шығармаларын шағын мақала көлемінде саралап шектеуге келмейтін, ауқымы мол әдеби мол мұра деуге болады.

Ұзақбай Қазжанұлының бүгінгі күнге жеткен осы әдеби мұралары оның өзіне дейінгі ақындық дәстүрлерден, атап айтқанда ауыз әдебиетінің үлгілерінен, ақын-жыраулар шығармашылығынан, кітаби ақындардың мұраларынан тәлім-тәрбие алып, шығармашылық шеберлігін шыңдаған, өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамда болған өзгерістерге, жаңа өмірдің жаңалықтарына дер кезінде үн қосып, шығармаларында шебер бейнелей білген, барлық туындыларында да көркемдік ізденістерге барып, қазақ әдебиеті тарихына өзіндік қолтаңбасын қалдырған өрелі ақын болғандығын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.ҚабыловӘ.Ұзақбай жырау мұрасы. //Ноғайлы жырлары және Мұрын жырау феномені// (халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы) Ақтау, 2014. -383 б.

2.НұрдәулетоваБ.Көне күннің жыр күмбезі. –Алматы: Жазушы. 2007. –496 б.

3. Әуезов М.Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т-17. – Алматы: Жазушы, 1985. –400 б.

4. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Мектеп, 1989. –290 б.

5.Негимов С.Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. –Алматы: Ғылым, 2013. –380 б.

6. ТебегеновТ.Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім. 2001. – 332 б.

ӘОЖ 94(574):821.512.122(045)

ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ

Дәуренова А.
Ғылыми жетекшісі: М. Бағдатұлы
Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Түркі халықтары арасында достық қарым-қатынасты қалыптастырып, баурластық байланыстарды нығайту, түркі халықтарына ортақ мәдениетті өскелең ұрпаққа жеткізіп оны насихаттау бағытында мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ, 1500 жылдан астам тарихы бар, Қазақ хандығының астанасы болған, шартарапқа кеткен керуен жолдарының тоғысқан жері, Ұлы Жібек жолының орталығына айналған Түркістан қаласының қазір уақыттағы тарихи маңызы туралы мәселелер қарастырылды.

Түйінді сөздер: Түркістан, тарих, Қожа Ахмет Иассауи, қазақ хандығы, рухани астана.

Түркістан (каз. أتۇركىسىتان) — Қазақстандағы қала, Түркістан облысының әкімшілік орталығы. Түркістан – V-VI ғасырларда іргетасы қаланған. Есім ханнан бастау алып, XIV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған. Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан.

XIV ғасырда Ақсақ Темір іргетасын қалаған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бар. Бұл қалада Қожа Ахмет Ясауи өзінің уағызшылық қызметін жүргізген. Кесене аумағында Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр тағы басқалар жерленген Қаланың іргетасы біздің заманымыздың 1-мыңжылдықтың бас кезінде каланған. Археологтар Түркістан қаласының тарихы тереңде жатқанын дәлелдеп отыр [1].

Түркістан қаласының айналасындағы аймақта тас дәуірі ескерткіштері — Шоқтас, Қошқорған бұл өңірде әуелгі адам кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді. Біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықтан Түркістан қаласы төңірегінде Қазақстанның басқа да өңіріндегідей Андронов мәдениетін жасаушылар тұрған. Түркістанның ежелгі аты — Ясы. Археологтар ертедегі Ясының орны қазіргі Күлтөбеге сәйкес келетінін дәлелдеп отыр. 7—12 ғасырлар- да Түркістан төңірегі Шауғар өңірі атанған.

Бұл өңір Түрік қағанатына қарады. 9 ғасырда қарлұқтар мен оғыздардың қол астында болды. Бұл өңірге 809-819 жылы аралығында Хорасан билеушісі әл-Манун, 10 ғасырдың соңында саманилік билеуші Наср жаулаушылық жорықтар жасаған. 12 ғасырдың 1-ширегінде кидандар шабуылынан Шауғар құлағаннан кейін, Ясы өлкенің орталығына айналды [2].

Қожа Ахмет Ясауи осында келіп қоныс тепкен кезде атақ-даңққа бөленді. Қожа Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін оның қабірі басы¬на мазар тұрғызылды. Ол касиетті орын деген атқа ие болды.

Қаланың Ұлы Жібек жолының бойында, Дешті Қыпшақ пен Орта Азияның аралығында болуы, географиялық жағдайдың қолайлылығы, сонымен бірге адамдардың мазарға төуөп етуі, сауданың қызу жүруі елді мекеннің өркендеуіне ықпал етті. Ясы қаласы туралы деректер 13 ғасырда жарық көрген Киракос Гандзакенцидің "Армения тарихы" атты еңбе¬гінде кездеседі. Бұл еңбекте Ясы қаласы Асон деген атаумен берілген. Ясы атауы 14 ғасырдан бастап тарихи шығармалардың беттерінде жиі көріне бастады. Шараф әд-Дин Әли Йездидің хабарларына қарағанда, 1388 жылы Ясыны Тоқтамыстың әскерлері талқандап, түрік тайпаларының қасиетті мекеніне айналған Қожа Ахмет Ясауи мазарын тонайды. Әмір Темір Тоқтамысты талқандағаннан кейін жаулап алған олжаның бір болігін Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салуға жұмсайды [1].

Ясы орта ғасырларда Орта Азия ғимараттары үрдісі бойынша дамыды: қамал, шахристан, рабад қалыптасты. 15 ғасырдың 1-жартысында Шараф әд-Дин Әли Иезди Ясыны шағын елді мекен болды деп атап көрсетсе, ал 16 ғасырда Рузбехан Исфахани "Михманнаме-и Бухари" атты шығармасында Ясыны былайша суреттейді: "Аса қасиетгі Қожаның сағанасы орналасқан Ясы қаласы өрісі кең әрі құнарлы жер, Түркістан аймағының орталығы. Ясы қаласына тауарлар мен қымбат бағалы заттар жеткізеді де, сол жерде оларды сату басталады. Сондықтан ол көпестердің тең-тең жүктерін шешіп, саяхатшылар тобын ор елге аттандыратын орын болды". 15—17

ғасырларда зираттың төңірегіне ақсүйектер күмбездері салынып, олардың ішінде Рабига Сұлтан Бегім (15 ғ), Есімхан (17 ғ.) күмбездері ерекше маңызды болды. 1579 жылы Ясы қаласы Ақназар ханның иелігіне айналды. Түркістан Есім ханнан бастап Қазақ хандығының орталығы болды. Сол кезден Ясы қаласы Түркістан деп атала бастады. 18 ғасырда жоңғар шапқыншылықтары каланы құлдыратып жіберді. 1819—64 жылы Түркістан Қокан хандығының қол астына қарады [2].

Сол кезеңде Түркістан қаласының аумағы 10 гектарға жуық болды. Оны балшықтан соғылған қамал қоршап тұрды. Қабырғада 12 мұнара мен 4 қақпа болған. 19 ғасырдың 60-жылдары Түркістанда 20-ға жуық мешіттер, 2 медресе, базар, 22 су диірмені, 5 мыңдай тұрғыны болды. 1864 жылы 11 маусымда Түркістанды Ресей әскер¬лері жаулап алды. 1872 жылдан уездік қала аталды [1].

20 ғасырдың басында Түркістан 1400 гектардай жерді алып жатты. 1903 жылы Түркістанда темір жолы вокзалы салынды. 1908 жылы 3616 үй, 41 мешіт, 2 класты қалалық училище, қыздар училищесі, 1 медресе, 23 мектеп, 2 шіркеу болған. Қала халқы 1910 жылы 15236 адам болды. Өнеркәсіп және сауда орындарынан 1912 жылы мақта тазалайтын, 10 май шайқайтын, 8 сабын қайнататын, кірпіш зауытттары, 15 су диірмені жұмыс істеді. 1918 жылы 6—9 қаңтар аралығында Түркістанда Сырдария облысы қазақтарының съезі етті. Съез¬де Сырдария облысының Алаш автономиясына қосылу моселесі каралды. Онда Сырдария қазақтары Алаш автономиясына қосылған жағдайда Түркістан қаласы Алаш астанасы болады деген шешім кабылданды. Түркістан қаласы 1928 жылдан Түркістан ауданының әкімшілік орталығы. Қалада жөндеу-механик, мақта тазалау, жем, кірпіш зауыттары, темір-бетон бұйымдарын шығаратын, тұр¬мыс қажетін өтейтін комбинаттар т.б. кәсіпорындар жұмыс істейді. Саттар Ерубаев мұражайы қызмет көрсетуде. 1991 жылы "Әзіреті Сұлтан қорық-мұражайы" ашылды. Түркістанда орта білім беретін мектептерден баска, арнаулы білім беретін оқу орындары бар.

1991 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің негізі қаланып, қазіргі кезде еліміздегі жетекші білім беру ордасына айналды.

ЮНЕСКО шешімімен Түркістан каласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді (2000).

Абай «Жиырма жеті жасында...» деген өлеңінде сүйікті ұлы Әбдірахманның ғылым іздеп, білімін жетілдіру барысында Түркістан өлкесімен таныс болғандығы жөнінде айтады [2].

Түркістан – Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Ол туралы алғашқы деректер араб жазбаларында IY-IX ғг. бастап Шавғар деген атпен кездесе бастайды. Араб тарихшы-географы Әл-Истахри ибн Кордаубех ат-Танрази өз жазбаларында: “Көне Шавғар XI ғасырға дейін өмір сүрген де, XIғ. бастап қала орталығы Ясыға көшті”, - дейді. Бұл деректерді қазіргі біздің археолог ғалымдар да растайды.

Ал қорық ғылыми қызметкерлердің зерттеуі бойынша, Қытай санекрит жазбаларындағы деректерге қарағанда, Түркістан қаласы біздің дәуірге дейінгі II-III ғг. өмір сүргендігі және сол кездің өзінде ірі мәдени және рухани орталық болғандығы туралы болжамдар айтылып жүр. Мысал келтіретін болсақ, сол кездегі Қарахандық билеушілердің осында әкелініп жерлене бастауы, атап айтқанда, Отырар билеушісі Ілияс ханның жерленуі, тіптен Сайрамда туып-өскен Ахмет Ясауидің де Түркістан жерінде тұрып, осында жерленуі жайдан-жай емес екендігі анық..

XIY ғасырда, яғни А.Ясауи кесенесі салынғаннан кейін, Түркістан бүкіл түрік тілдес халықтардың діни орталығына айналып, “Хазреті Түркістан” немесе “Кіші Мекке” атанды. Бұл болжамды шығыс зерттеушісі академик В.В.Бартольд да қолдайды.

XY ғасырда Түркістан Сырдария өңірінің саяси және экономикалық орталығына айналып, 1598 жылы ол біржолата қазақ хандығының орталығы болады. Бұған дәлел – А.Ясауи кесенесі төңірегіне қазақ хандарының жерленуі.

Түркістан қаласы сонымен қатар орта ғасырдың өзінде ірі білім орталығы болғандығы белгілі. Оның мәдени өмірінде дәруіш ақындардың, ислам дінін уағыздаушылардың да шығармалары үлкен орын алады.

Олардың қатарына Ахмет Ясауи бастап, оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Жүгнеки, Жүсіп Баласағұндар жатады.

Мың жарым жылдан аса өмірбаяны бар Түркістан – ер жүрек батыр қала. Моңғол-татар, жоңғар шапқыншылығын, қазіргі Орта Азия мен Қазақстанда сол кезде өмір сүрген мемлекеттер

мен хандықтардың жаугершілігін көрген қала. Орта ғасырдағы Сыр бойындағы Сығанақ, Сунақ, Сауран сияқты үлкен шаһарлардан біздің ғасырға жеткені де осы қала.

XYII ғасырдың басынан Түркістан қазақ хандығының, яғни қазақ мемлекетінің астанасы болды. Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасын реттеу үшін Түркістаннан Ресейге, Ресейден Түркістанға елшіліктер жүріп отырған.

Түркістанның бүкіл қазақ халқының байтақ астанасы болғандығын дәлелдеу үшін Шығай, Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай, Қазыбек, Әйтеке секілді қазақ халқының ұлдары мен Қанжығалы Бөгенбай, Тобықты, Мамай, Қоңырат Сырғақ, Нияз, Дулат сияқты батырларының құлыптастарының А.Ясауи сағанасында орналасқанын айтудың өзі жеткілікті емес пе?!

Өткен дәуірлерде құрылыс саласында қол жеткен табыстардың көпшілігін өз бойына жинақтаған ғимараттардың бірі, Түркістан қаласындағы күні бүгінге дейін жақсы сақталып келген кесене. Бізге жеткен жазба мәліметтерге қарағанда, көне Ясыда, қазіргі кесене тұрған орнында мұсылманның атақты әулиелерінің бірі, дәруіштер шайқасы – Ахмет қабіріне XII ғасырдың өзінде-ақ шағын кесене орнатылғаны белгілі. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына айналды. Ахмет Ясауи кесенесінің қасиетті орын ретінде атағының жайылуына XIY ғасырдың 30-шы жылдарында моңғол шапқыншылығынан қатты күйреген Түркістан қаласының қайта гүлдене бастауы ерекше ықпал етті.

Алтын Орданың өктемдігін жойып, астанасы Сарай Беркені өртеп жіберген Темір осы жеңістің құрметіне ескі мазар орнына жаңа, зор кешен орнатуды ұйғарды. Осы тұрғыда Темір тек діни мақсат-мүддені ғана көздеген еді деу қиын. Бұл оның жалпы жасампаздықты мұрат еткенін, беделін көтеруге, үстемдігінің мызғымас берік екендігін көрсетуге қажет еді. Құрылысты жүргізуді Темір Мәулен Садырға жүктеді. Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауға Темір тікелей қатысып, негізгі бөлмелерді өзі анықтаған көрінеді. 1991 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап Республикалық музей “Мемлекеттік тарихи-мәдени Әзірет Сұлтан қорық музейі” болып қайта құрылды. Қорықтың жалпы ауданы 88,7 гектар. Оған бірнеше ортағасырлық ескерткіштер кіреді:

Қазақ хандарының зираттары (Есім, Тәуке хандар);

Ұлы астроном, ғалым Ұлықбек қызы Рәбия Сұлтан Бегім мазары;

Ортағасырлық “Шығыс моншасы”;

Жер асты мешіті (Аңызға қарағанда, Ахмет 63 жасқа келген соң, Мұхаммедтен артық өмір сүру күнә деп, өмірінің қалған жылдарын осы жер астында өткізген көрінеді. Осында отырып бүкіл мұсылман әлеміне белгілі “Хикметтерін” жазады);

Шілдехана, белгісіз кесене, Гауһар ана, Әлқожа ата кесенелері, т.б. ескерткіштер. Сәулет-ғимарат – аса үлкен күмбезді құрылыс. Оның ені 46,5м, ұзындығы 65м. Орталық бөлмесінің төңірегіне түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған.Темірдің кезінде барлық құрылымы бітпеген, тек нұсқасы ғана барды. Оның құрылысын Бұқарды билеген Абдолла хан аяқтайды. (1583-1598). Қоқан билігі тұсында мұнаралар мен порталдар қам кесекпен қоршалып, кесене қамалға айналдырылған. Мұнан кейінгі ғасырларда Түркістан билеушілері өз кезеңіне сәйкес кесене құрылысын толық аяқтауға тырысқанмен, ешқайсысы да белгілі бір нәтижеге жете алмаған. Қазіргі кезде бұл алып құрылыс бізден 700-800 жыл бұрын өмір сүріп, кейіннен қазақ халқының негізін құраған көне түркі тайпаларының тілі, діні, мәдениеті мен тарихын зерттеуде өте құнды дерек болып табылады.

Қалада 1992 жылы құрылған Халықаралық Қазақ- Түрік университеті бар. Онда 22 мыңнан аса студенттер білім алады. Алматы, Тараз, Шымкент , Кентау және Анкара қалаларында филиалдары бар. Университетте 26 елден 500-ден астам студент білім алады. Оның ішінде: Түркия, Кипр, Қырғызстан, Түрікменстан, Башқұртстан, Дағыстан, Саха Республикасы, Моңғолия, Қытай және т.б. елдерден. Университетте 14 факультет, 63 кафедрада 74 мамандық бойынша білім беріледі. 92 ғылым докторы, 220 кандидат, 600-ден астам ұстаз білім береді. 1997 жылдан жылдан бастап Түркістан қаласы мен Анкара қаласын байланыстыратын спутниктік жүйе жұмыс істейді. [3].

Түркістан туралы қызықты деректер

Мұсылман діні орныққаннан бастап кала Иасы деп аталған. Ақын Қожа Ахметтің Иасауи болатыны осы тұс.

2000 жылы Түркістан қаласына 1500 жыл болды.

Түркістан – VII-XII ғасырларда саяси-экономикалық орталық болды.

Түркістан – XII ғасырда мұсылмандар үшін қасиетті мекенге айналды. XII ғасырда сопылық ілімді белсенді ұстанушысы Қожа Ахмет Ясауи осы қалада жерленді. Ясауи өмірден өткен соң қабірінің басына үлкен мазар тұрғызылды. Мазар мыңдаған мұсылмандардың зиярат ететін орнына айналды. Кесенені тұрғызуға ұйытқы болған Әмір Темір болатын.

XVI ғасырдың соңында Түркістан Ахмет Ясауидің әсем де зәулім кесенесінің арқасында Орта Азияның рухани орталығына айналды.

1598-1628 жылдары Есім хан Ясыны Түркістан деп атап, оны Қазақ хандығының орталығы етті. Қазақ хандары XVIII ғасырдың соңына дейін билік құрды.

Түркістан қаласында қазақ билеушілерінің хан көтеру салтанаттары өтті. Кейінгі ортағасырлық дәуірде Қожа Ахмет Йасауи кесенесі қазақ ханын ақ киізге көтеріп сайлайтын орын болды.

Түркістан қаласы қазақтың бетке ұстарлары мен ақсүйектерінің мәжіліс өткізетін орны болды.

Түркістан – қазақ халқының ең атақты тұлғалары жерленген пантеоны болды. XVIII ғасырда да Қожа Ахмет Йасауи кесенесі қазақ билеушілерін жерлейтін орын болып қала берді. Түркістанда Тәуке (1680-1715), Жолбарыс (1720-1740), Әбілмәмбет (1739-1771), басқа да хандар жерленді. Тарихи-мәдени «Әзірет султан» қорық-мұражайының территориясында 164 атақты тұлғалар жерленген. Олар әртүрлі заманда өмір сүрген күллі қазақ халқының игі жақсылары. Кесенеде қазақтың Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тауке хан, Шығай хан, Жәңгір хан, Қанжығалы Бөгенбай, тобықты Мамай, қоңырат Сырғақ жатыр.

Есім хан (1598-1614) үшін Қожа Ахмет Йасауи кесенесі қасынан жеке кесене салынды. Кесене ішінен тек атақты Абылай хан (1771-1781) қабірі ғана жан-жақты зерттелді.

Түркістан қаласы – діни білім мен ортағасырлық ғылым орталықтарының бірі болды. Қалада Абд әл-Ғафур Түркістани жазып кеткен бір топ мектеп пен медресе жұмыс жасады.

Түркістан қаласы орта ғасырдың өзінде ірі білім орталығы болды. Шаһардың мәдени өмірінде дәруіш ақындардың, ислам дінін уағыздаушылардың да шығармалары үлкен орын алады.

Түркістан – ер жүрек батыр қала. Монғол-татар, жоңғар шапқыншылығын, қазіргі Орта Азия мен Қазақстанда сол кезде өмір сүрген мемлекеттер мен хандықтардың жаугершілігін көрген қала. Орта ғасырдағы Сыр бойындағы Сығанақ, Сунақ, Сауран сияқты үлкен шаһарлардан біздің ғасырға жеткені де осы қала.

Түркістан қаласын Әзербайжанның Шеки қаласында өткен «ТҮРКСОЙ» тұрақты кеңесінің 34-отырысында Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы етіп бекітті.

Қазақстан Республикасы тарапынан әлемдік мұраның әуелгі тізіміне алғаш ұсынған ескерткіш – Қожа Ахмет Йасауи кесенесі болды. Әлемдік мұра комитеті өзінің Парижде 2003 жылдың 30 маусым – 5 шілде аралығында болған 27-сессиясында Қожа Ахмет Йасауи қатарына «әлемдік мұра тізіміне» қосты.

Тәуелсіздік жылдары Түркістанда жаңадан 38 мектеп ғимараты салынған.

Егемендіктің алғашқы жылдарында Түркістанда небары 3 балабақша болса, содан бері 50 балабақша (22-сі жекеменшік) ашылып, балаларды балбақшамен қамту көрсеткіші 82 пайыздан асқан.

Медицина саласында 23 денсаулық сақтау нысаны салынса, бұқаралық спортты дамыту, оған қолайлы жағдай жасау мақсатында 49 спорт нысаны пайдалануға берілген.

Қазір шаһар аумағында 3600 шаруа қожалығы тіркелген.

Малдың барлық түрін қоса есептегенде 635 мыңға жеткен.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласын жетілдіру барысында Түркістанда астықтан нан және тәтті тағамдар, еттен түрлі шұжықтар, ысталған ет, тауық еті, сүт, ірімшік, айран, қаймақ, балмұздақ, мақта майы, көкөніс тосаптары секілді 20-дан астам азықтық өнімдер шығарылады.

Түркістанда мақта өсіріледі. Қала халықаралық көлік магистральдің желісінде орналасқан. Түркістан-Сібір магистралі өтетін қалада 60 км шойын жол торабы, 1583,6км автокөлік жолы бар. Түркістан қаласын Шымкент-Самара автомагистралі кесіп өтеді.

Түркістан қаласында 34 өнеркәсіп мекемелері жұмыс істейді. Шағын кәсіпкерлік дамыған. Онда жұмысқа жарамды халықтың 49,1 пайызы жұмыс жасайды. Қаланың әлеуметтік-инфрақұрылымында Ардагерлер үйі, драм-театр, этно-клуб, спорттық сауықтыру комплексі, аквопарк, қонақ үйлер, мейрамханалар, салтанат үйлері т.б. жұмыс жасайды.

Қаржы инфрақұрылымында 8 банк бөлімшелері жұмыс атқаруда.

73 жалпы білім беру мектептерінде 49433 оқушы, 26 мектеп алды мекемелерде 5040 бала тәрбиеленуде.

Қалада 1992 жылы құрылған Халықаралық Қазақ-Түрік университеті бар. Онда 14,2 мыңнан аса студенттер білім алады. Университетте 26 елден 500-ден астам студент білім алады. Оның ішінде: Түркия, Кипр, Қырғызстан, Түркменістан, Башқортстан, Дағыстан, Саха Республикасы, Монғолия, Қытай және т.б. елдерден.

3 мемлекеттік, 7 мемлекеттік емес колледждерде 7,5 мыңнан аса студенттер білім алуда.

Қала халқына 12 аурухана, 6- емхана, 14- ФАП, 3 - ФП, 16 -дәрігерлік амбулатория, 45-дәріхана, 1- диагностикалық орталық, 1- жедел жәрдем бөлімі қызмет көрсетеді. 438 дәрігер, 1356 орта буынды медициналық дәрігерлер қызмет көрсетеді.

Түркістан қаласында 3 ұлттық мәдени орталық, «Тұран-Түркістан» телеарнасы және «Түркістан» газетінің редакциясы жұмыс жасайды.

Киелі Түркістанға жылына жарты миллион турист келеді. Шет жерден ағылатын саяхатшылардың қызыға тамашалайтын орындарының бірі - тарихи-мәдени этнографиялық орталығы. Алты мыңға жуық құнды жәдігер сақтаулы тұрған музей қызметі жыл сайын жаңарып, заманға сай жетілдіріліп келеді [4].

«Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған Түріктің Тәңірі берген несібі ғой!» – деп, Мағжан ақын осы бір ғана шумаққа бүкіл түркі халқының толғанысын сыйғыза алған. Түркістан – тарихтың талайын көрген көне шаһар.

Мұнда түркі тілдес халықтардың өткен ғасырлардағы салты мен санасын ұмыттырмайтын жәдігерлер сақталған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – түркі жұртының өткені мен бүгінін байланыстырып жатқан рухани үндестігінің орталығы іспетті.

Құрамына 14 ел мүше болған ТҮРКСОЙ ұйымы алғаш рет 2012 жылы Астана қаласын түркі әлемінің мәдени астанасы деп жариялады. Бұл дәстүр Түркияның Ескішахар, Татарстанның Қазан, Түркіменстанның Мары, Әзірбайжанның Шеки қаларында жалғасып, Қазақстанда екінші рет түркі халқының мәдени орталығына айналып отыр. Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасын таңдау Түркістан қаласына түсті. Осыған орай Түркістанда биыл ауқымы зор 42 мәдени іс-шара өтеді. Оның 14-ін ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы ұйымдастырса, 6-ын ҚР Мәдениет және спорт министрлігі өткізбек. Ал қалған 21 іс-шараны ұйымдастыруды Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев басшылыққа алатын болады. Игі істің бастауы ретінде 21 наурыз күні 15 елден 900-ге жуық қонақ Түркістанға табан тірейді.

Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасының ашылу салтанаты Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келуі де тегін емес. Наурыз – рухани мереке, салт-дәстүрдің жаңғыратын күні. Бұл күні күн мен түн теңеліп, табиғат оянады, жаңа тіршілік басталады. Жаңа күнді әдет-ғұрпы ұқсас, танымы бір бауырлас елдер бірге қарсы алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9

2. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2

3. Түркістан қаласы бойынша қысқаша негізгі мәлімет. Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімдігінің ресми сайты (19 қыркүйек 2013). Тексерілді, 22 тамыз 2014.

4. https://el.kz/kz/news/istoriya/turkistan_kalasi_turali_kizikti_derekter

ӘОЖ 821.512:809.27:809.2

ҚОРҚЫТ АТА ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ

Камишева Г.А., Баймаханова Ш.Ү.
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,Қазақстан

Аңдатпа. Қорқыт ата – тек түркі әдебиеті үшін ғана емес, жалпы түркі әлемі үшін де маңызды тұлға. Мақалада Қорқыт ата қандай дінді ұстанған, уағыздаған деген мәселе көтеріліп, М.Көпейұлы, Ә.Қоңыратбаев еңбектерін және «Қорқыт ата кітабыныдағы» ұлы бабамыздың мұсылмен екендігін дәлелдейтін мағлұматтарды негізге ала отырып авторлар Қорқыттың ислам дінін ұстанғанын дәлелдейді.

Түйінді сөздер: Қорқыт, ислам, абыз, аңыз, дін.

Қорқыт ата оғыз-қыпшақ дәуірінде өмір сүрген кемеңгер әрі асқан күйші, ел басқарған көсем және тарихи тұлға. Оның өмір сүрген уақыты мен ұстанған діні туралы ғылымда, қоғамда көптеген пікірлер, ойлар, тұжырымдар бар. Қазақстанда Қорқытқа көп жағдайда аңыз кейіпкері, мифологиялық персонаж ретінде қараса, кейбір деректер негізінде біз оны қобыз аспабын ойлап тапқан ұлы музыкант, ғұлама, философ ретінде қабылдаймыз. Оның тарихта болғандығын дәлелдейтін бірден бір құнды еңбек – «Қорқыт ата кітабы». Гректер үшін «Илиада» мен «Одиссея», үнділер үшін «Махабхарата», арабтарға «Мың бір түн» қандай құнды болса, түркі халықтары үшін «Қорқыт ата кітабының» маңызы өте зор. 1999 жылы Әзірбайжан Республикасы Қорқыт атаның 1300 жылдығын кең көлемде атап өтті. Бұл Қорқытқа, оның мұрасына мемлекеттік тұрғыда жоғары мән беретіндігінің көрінісі. Әзірбайжан жазушылар одағының хатшысы Анар Рзаев «Қорқыт ата кітабына» «Түркі халықтарында Шекспирге тең келетін драматург, Толстой мен Достаевскийге тең келетін романшы жоқ болса, ағылшындар мен орыстарда көлемі, көркемдік маңызы мен мәні жағынан «Қорқыт ата кітабына» сай келетін эпос жоқ»,- деп баға береді[1]. Ал, Түркияда Қорқыт ата туралы мәліметтер көптеген тарихи кітаптарға енген, «Қорқыт ата кітабы» мектеп бағдарламасында оқытылады. Түрік тілі мен өнерін зерттеуге көп уақытын бөлген түріктің жазушы-түркологы Фуад Капрюлу: «Егер бүкіл түрік әдебиетін таразының бір басына қойып, екіншісіне «Қорқыт ата кітабын» қойса, соңғысы басып кететіні сөзсіз»,- деді[1]. Бұл тек түрік әдебиеті үшін ғана емес, жалпы түркі әлемі үшін де Қорқыт ата мен оның мұрасының қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Қазіргі таңда Қорқыт ата қандай дінді ұстанған, уағыздаған деген мәселе өте өзекті болып отыр. Шоқан Уәлиханов: «Қорқыт – қазақтарды алғаш қобыз тартуға, сарын айтуға үйреткен ең бірінші шаман» [2,58] десе, академик Әлкей Марғұлан «Ислам діні Сыр бойына жаңадан кіре бастағанда оған Қорқыт ата қарсылық көрсетпекші болады, бірақ оны ауызбен айтып жеткізуге ылажы болмай, тек қана қобыздың үнімен, жан тербейтін күйлерімен, мұңды сарындарымен сездіреді» [3,241],- дейді. Осы пікірлердің негізінде қазіргі күнге дейін Қорқыт ата тәңірлік діннің өкілі ретінде танылып жүр.

Ислам дінін қабылдағанға дейін жалпы түркілерде түрлі діндер болғаны белгілі. Олар буддизм, зароастризм, шаманизм сияқты наным-сенімде болды. Абылғазы-Баһадүр өз шежіресінде: «Қорқыт – Аббас халифатының (УП-УШғ) кезінде болған адам. Қорқыттың туып өскен жері Сырдарияның жағасы»,- деп көрсетеді. Егер осы деректі басшылыққа алсақ, Қорқыттың өмір сүрген уақыты Ислам дінінің пайда болып, орныққан кезеңімен сәйкес келеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде түркілердің алғаш рет Исламды қалай қабылдағаны туралы тың деректер айтылады. Ол түркілер Исламды Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өмір сүрген дәуірінде қабылдай бастаған дейді [4]. Олай болса, Қорқыт атаны Ислам дінінің өкілі деп толық айта аламыз. Бұған қосымша оның бізге мұраға қалдырған «Қорқыт ата кітабында» ұлы бабамыздың мұсылмен екендігін дәлелдейтін мағлұматтар көптеп кезедеседі. Ә.Қоңыратбаев қазақ тіліне аударған «Қорқыт ата кітабында» [5] Қорқыттан қалған деген нақыл сөздер бар. Онда Қорқыт ата : «Аузымды ашсам, тіліме кәлима келеді. Аллаға-шексіз құрмет! Алланың досы, дініміздің егесі Мұхаммедке құрмет! Сол Мұхаммедтің оңында тұрып, дұға оқыған Әбубәкірдің аты өлмесін! Құранның соңғы сүресі «Амманы» оқығандарға құрмет! Құранның бетін ашып,

«Ясин» сүресін оқығандарға-құрмет! Қылышпен дінге жол ашқан Хазірет Ғалиге құрмет! Сол Ғалидың балалары, пайғамбардың жиендері Кербала шөлінде Язит қолынан шейіт болған, ағайынды екі мүсін Хасан мен Хұсайынға-құрмет! Сөзі көктен түскен, ретімен тізіліп, тілімізді кәлимаға келтірген Құранға құрмет! «Ғұламалардың көзін ашамын» деп Құран сөзін жанған от ішінде ретке келтіріп, кітап еткен Аффанұлы Оспанға құрмет. Аласа жерге салынған Алланың үйі Меккеге құрмет. Сауында сапар шегіп, аман-есен еліне жеткен, шындық іздеп, Меккеге тауап еткендерге құрмет. Күндердің жақсысы жұма өлмесін! Жұма күндері құтба оқығандарға-құрмет! Сол құтбаға мүлгіп, құлағын салған мешіт қауымдарына құрмет. Мұнараларға шығып, азан оқығандарға құрмет. Тізелерін бүгіп, намаз оқыған ерлі-зайыпты жұбайларға құрмет. Бүкіл ғаламды жаратқан, теңдесі жоқ Аллаға құрмет! Хан ием, көкте тұрған сол Алла бізге рақым етіп, жар болсын!»,- депті [5,8-9]. Бұл сөздерден артық Қорқыттың Ислам дінін ұстанғанына қандай дәлел керек?!

Ал, «Дирсеханұлы Бұқашжан туралы жырды» Қорқыт ата былай аяқтайды: «Алла сенің деніңді сау қылып, бақ-дәулетіңді арттыра берсін. Әруағын қозғап, жарға тиек еткен сол ерлерге көктегі Алланың өзі жар болсын. Ақ шашты анаңның барған жай жұмақ болсын. Сақалы құдай әкеңнің тұрағы самаладай тау болсын. О, хан ием, Алланың өзі жаққан шырағың өшпесін, Алла-тағала сізді қара ниет адамдарға душар ете көрмесін» [5,21]. «Қазан-Салордың ауылын жау шапқаны туралы жырда» мынадай жолдар бар: «Қазан өзенге қарап сөйлей бастады: «Биік таудан құлдырап аққан мөлдір су! Хасан мен Хұсайынды шөлдеткен су! Бау-бақша мен гүлдерге ажар берген мөлдір су! Айша мен Фатиманың мейірін қандырған мөлдір су!» [5,25], «Атың ағаш демес, шамданба, ағаш. О, Мекке мен Мәдинаның есігі болған-ағаш. Құдаймен тілдескенде, Мұсаның асасы болған ағаш. ... Ерлердің ері Әлидің дүлдүліне ер болған ағаш. Хасан мен Хұсайынға бесік болған ағаш» [5,29]. Мұндағы Хасан мен Хусейн - Расулуллаһтың қызы хазіреті Фатима мен хазіреті Әлидің ұлдары. Бұлар туралы Усама бин Зайд нақыл еткен хадис шарифте Расулуллаһ алейһиссалам «Бұл екеуі менің балаларым және қызымның балалары. Ей Раббым! Мен бұл екеуін жақсы көремін. Сен де жақсы көре гөр. Бұларды жақсы көргендерді де жақсы көре гөр!» деп айтты деген деректер бар. Ал, Айша-Расулуллаһтың әйелі, Әбу Бәкір Сыддықтың қызы. Фатима-Расулуллаһтың төртінші қызы. Хазреті Әлидің әйелі және Хазреті Омардың қайын енесі. Әли – расулуллаһтың немере ағасы Әбу Тәліптің ұлы. Ислам халифаларының және жаннатпен сүйіншіленген он адамның төртіншісі. Расулуллаһтың күйеу баласы [6]. Бұлардың бәрі де Ислам дінінің таралуына үлкен үлес қосқан тарихи тұлғалар. Бұлардың есімдерінің «Қорқыт ата кітабына» енуі тегіннен-тегін емес. Бұл да болса Қорқыт атаның күллі мұсылмандарға үлгі болатын тұлғаларды мойындағанының көрінісі. Сонымен қатар осы жырда «Бұлар мөлдір суға барып дәрет алып, ақ жүздерін жерге тигізіп, екі бас намаз оқыды, Мұхаммедке көп сиынды» [5,32] және «Қазан бектің баласы Ораз бектің жауға қалай тұтқын болғаны туралы жырда» «Қазан бек гәуірлердің жақын келіп қалғанын көрді де, атынан түсіп, таза сумен дәрет алды, басын сәждеге қойып, екі бас құтба оқыды. Тәңірдің атын айтып, тілін кәлимаға келтірді» [5,59] деп, Ислам дінінің бес парызының бірі – намаз оқудың аса маңыздылығын, соғыс кезінде де шынайы мұсылмандар бұл парызды адал орындағандығын сипаттайды.

Қорқыт атаны Ислам дінін ұстанбаған деген пікірлер негізінен оның өлімнен қашқандығына сүйенеді. Ш.Уәлиханов «Өлімнен қашу – исламға жат, халықтың шамандық аңыздарының желісін құрайды, мұнда шамандық дүниеге көзқарас ұшқындары бар» [7,64],- деп пайымдаса, В. Бартольд «Мұсылман әулиесі ретіндегі Қорқыт туралы аңызда, мұсылмандыққа дейінгі наным-сенім іздері сақталған» [8,45],-деген тұжырым айтады. Ал, «Қорқыт ата кітабында» өмірдің өткіншілігі туралы «Сол тойда Қорқыт атам да болып, жыр толғап, күй шерткен деседі. Ол: «О, жалған, мен жырлаған, бүкіл дүние біздікі деп күркіреген сол бектерім, ерлерім қайда кетті? Оларды ажал ұрлап, жер жұтты. Жалған дүние кімге опа қылған? Жер бетіндегі өмір мәңгі емес. Адам келеді, кетеді, оның түбі қайыр емес», «Өмір деген тұрақсыз. Адам бұл дүниеге келеді де, кетеді. Өмірдің ақыры-ажал. Өлер сағатың келгенше құдай сені, хан ием, дініңнен айырмасын» [5,84], «Өмірдің басы – қуаныш, аяғы – ажал. Ажал сағаты жеткенше, сені Алла ақ дініңнен айырмасын» [5,113],- деп ой түйіп, дүниенің жалғандығын, адам өмірінің уақытшалығын жар салып, көпшілікке баян еткен Қорқыт атаның өлімнен қашып жүруі мүмкін бе? Қорқыттың өлімнен қашқаны туралы аңыз жайында ұлы М.Әуезов: «Қорқыт осындай өнер туғызып, адам

нәсіліне соншалық асыл мұра тастап кеткендіктен өлмеді. Өлімге қарсы амал тапқан жан болды. Өйткені, бұл аңыздың өмірлік, философиялық шын мағынасы өзі өлсе де артында өлмейтін мұра қалдырған адам – өлмеген адам деп санауға тиіс» [9,129],-деп қорытады.

Қорқыт атаны біз ел бірлігін сақтауға үндеген абыз ретінде де білеміз. Оның осы мақсатта айтқан ойлары мен өсиеттері де баршылық. «Қорқыт ата кітабындағы» «Бекілұлы Әмран батыр туралы жырда» мынадай жолдар бар: «О, жігітім, о, бек жігіт! Патша тәңірінің көлеңкесі деп еді. Кімде-кім өз патшасына қол көтерсе, оның тілегі қабыл болмайды, ісі қырсығады» деген Қорқыт атаның осы өсиет сөзі пайғамбарымыздың хадистері мен Қасиетті Құранның сүрелерімен мазмұндас келіп, оның Ислам дінінің көрнекті өкілі болғандығын нықтай түседі. Хазірет Байхақи Әнәс ибн Мәликтен келтірген мына хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер бір сұлтаны жоқ мемлекеттің жанынан өтер болсаң, оған кірме! Өйткені, (ол жерде бейбастық, тәртіпсіздік, заңсыздық, зұлымдық өмір сүреді, себебі) сұлтан Алланың жердегі (тәртіп сақтайтын) көлеңкесі (сақшысы), әрі Оның (елге мейір-шапағат көрсететін) жердегі рахметі»- деген. Ал, патшаға бойұсыну туралы ең күшті дәлелдер Құранда айтылған. Яғни, «Ниса» сүресінің 59 аятында Тәңір Тағала: «Ей, иман келтіргендер (момындар), Аллаға бойұсыныңдар! Және Расулге бойұсыныңдар! Сондай-ақ, өз араларыңнан шыққан әмір иелеріне (басшыларға) бойұсыныңдар!» деп үкім берген. Мұның бәрі Қорқыт атаның Исламды мойындап, оған мойынсынғандығының белгісі емес пе? «Қорқыт ата кітабындағы» барлық жырлар дерлік Қорқыт атаның мынадай баталарымен аяқталады: «... Оларды Алла мақшардың күніне дейін таза діннен айырмасын. Ол дүниеде құдайдың дидарын көретін болсын. Соған аумин айтамын. Иманды, нұрлы жүзіңді көріп, бес түрлі сөбен дұға оқыдым. Дұғам қабыл болсын. Дін иесі Мұхаммед пайғамбардың құрметі үшін құдай күнәларыңды кешірсін, хан ием!», «Хан ием, құдайдың досы Мұхамедтің дидары үшін Алла-тағала о дүниеде күнәңді жеңілдетсін»,«Ержүрек Домрул: Жігіттеріңді кім өлтірді?-деп сұрайды. Олар: О, бек жігіт, Алла бұйрығы солай болды. Жігітіміздің жанын қызыл қанат Әзірейіл алды,- депті». «Ақымақ мені таныды. Құдай бір деп иман келтірді» [5,69],«О, құдай, сен биіктердің биігісің. Сені ешкім көріп білген емес. Көптеген ақымақ сені көктен іздейді. Енді біреулер жерден іздейді. Сен әрбір сенуші адамның жүрегіндесің. Сен мәңгі жасайтын билеушімсің. Сен үшін мен ұзын жолдардың бойынан құттыхана үйлер саламын. Сенің құрметің үшін ашқа тамақ, жалаңашқа киім боламын» [5,71], «Сенің Қаратауың құламасын. Ақсақалды әкеңнің барған жері жұмақ болсын, ақ шашты анаңның жүрген жері тау болсын. Өлгеніңше Алла сені діниінен айырмасын. Сенің иманды жүзіңді сағалап, бес ауыз сөзбен дұға айттым. Сол дұғам қабыл болсын. Мұхамедтің жарқын есімі үшін ол дүниеде құдай сенің күнәңді кешірсін!» [5,89] «Әумин, әумин,- деген адам Алланың дидарын көреді. Мұхаммед үшін ол дүниеде Алла сіздің күнәңізді жеңілдетсін» [5,121]. Бұның бәрі Қорқыт атаның өзі де Ислам дінін ұстанып, өзінің нақыл сөздері мен өсиеттері арқылы түркілерге ислам дінін насихаттаушы болғандығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сугирбаева М. Кто ты, Коркыт ата? // Страна и мир. 2013, №20(515).
2. Уәлиханов Ш. Алты шаһарға сапар.- Алматы: Атамұра, 2006.
3. Марғұлан Ә. Қорқыт ата-қазақ халқының аңызы.-Алматы:Қазақ энциклопедиясы,1999.
4. Исахан М. Қазақ Ислам дінін қашан қабылдаған. abai.kz.
5. Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. Қорқыт ата кітабы.- Алматы: Жазушы, 1986.

ӘОЖ 801.5:809.27:809.2

Т.ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІНТАНЫМДЫҚ ЛЕКСИКА

Баймаханова Ш.Ү.
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, Қазақстан

Аңдатпа. Тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі болып саналады. Бүгінгі күні адами факторға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтеріліп жүр. Мақалада Т.Ізтілеуұлы шығармаларындағы мәдени деректерге көңіл бөлініп, тіл тек тұлғалық жағынан ғана емес, мағыналық, ұғымдық тұрғыдан да қарастырылып, талданады.

Түйінді сөздер: адам, тіл, мәдениет, ойлау, дін.

Қазіргі уақытта “Тіл мен мәдениет” мәселесіне байланысты көптеген зерттеу жұмыстары тілдегі ұлттық сипатты, ұлттық танымды, ұлттық рухты танытуға негізделген. Адамның рухани болмысының қалыптасуында тіл мен діннің атқаратын қызметі зор.

Тіліміздегі діни наным-сенімге байланысты сөздер мен сөз тіркестері тіл байлығы ретінде тек сөз өнерінің өрісін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар бағзы замандардан бергі рухани өміріміздің байлығы, оның қыр-сырларын өз бойына жинап жан-жақты сипаттауда да ерекше рөлі бар.Осы орайда таза тілдік фактілердің өзін ғана зерттеумен шектелмей,сол фактілерді халықтың рухани мәдениеті мен тарихына, салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымына байланыстыра зерттеуді мақсат еттік. Қазақ тіліндегі діни наным сенімдерге байланысты сөздер мен сөз тіркестері Қ.Ғабитханұлының, С.Жанпейісованың т.б. зерттеулерінде әр түрлі дәрежеде қарастырылған.

Тұрмағамбет шығармаларында дінтанымдық лексиканың молынан ұшырасатынына 2007 жылы “Дешті Қыпшақ” баспа үйінен шыққан шығармаларын оқығанда куә болдық. Бұл ғылыми басылымда шайырдың кеңестік цензурадан баспа бетін көрмеген, бұрын-соңды жарияланбаған өлеңдері, терме-толғаулар, арнау, айтыс, хикая дастандары мен мақал-мәтелдері оқырман қауымға жол тартқан. Шайыр шығармаларында Алланың эпитеттері жиі қолданылады: Маннан, Хақ, Жаппар, Кәрім, Саттар, Мәулән. Зүлжәләл және т.б. Мысалы, Зүлжалал - ұлылық иесі, Алланың 99 есімінің бірі. Реті келгенде, айта кету керек: зүлжалал - қазақ тілінде сөз, ал араб тілінде – сөз тіркесі. Араб тілінің сөзжасамында зу – “ие, еге” мағынасын береді және есім сөздермен тіркесіп, жаңа сөз жасайды. Мысалы, қарнайн – екі мүйіз, Зү-л-қарнайн – екі мүйіздің иесі, хиджа – қажылыққа бару, зү-л-хиджа – қажылыққа баратын ай, ай күнтізбесінің он екінші айы.

Мұғжыза – құдайдың құдіреті. Бірақ ол пенделердің қалауы бойынша орындалады. Мұғжиза дегеніміз – оқымыстылардың да, қарапайым адамдардың да ақылына сыймайтын, сенімнің (иманның) нәтижесінде ғана байымдауға, сезінуге болатын ғажап іс. Мұндай істер Алла тағаланың ғылымымен бола тұрса да, пайғамбар жасаған сияқты әсер қалдырады. Нұх пайғамбардың кеме жасап, топан судан бүкіл жанды мақұлқаттың ұрығын аман қалдыруы, Салих пайғамбардың қара тастан ақ түйе шығаруы, Мұса пайғамбарға Ніл дариясының қақ айрылып жол беруі, Сүлеймен пайғамбардың құстың, хайуанаттың тілін білуі, Иса пайғамбардың өлген адамдарды оп – оңай тірілте алатын қабілеті болуы, тағы осы сияқты ірі істер – мұғжиза [1,15]. Ақын қолданысында араб тіліндегі мұғжиза сөзі мұғжыза нұсқасында қолданылған. Кереметтен мұғжиза қайталанбайтындығымен ерекшеленеді.

Тұрмағамбет әһлі “туысқан, тұрғын” мағынасын беретін сөзді иман және ислам сөздерімен тіркескен күйінде пайдаланады.

Ойымнан уайымды етіп қашық,
Ет, Алла, ажарымды Айдан да ашық.
Қатемді қылып ғапу, қылған нендей,
Атақтан аман сақта деген пасық.
Болып жүр достың діні аяқ асты,

Бәріне әһлі иманның болған нәсіп.

Әһлі иман – иманды жұрт, иманды адамдар, иманды жандар.

Көрсетіп қайткенмен де кеңдігінді,

Елатын әһлі исламның етпе жасық.

Әһлі исламның елаты – ислам халқы, ислам жұрты.

Нәпсі. Жолына жамандықтың жетектейтін, Біз алып нәпсі сұмның өкпесін ос – Күшейіп күшік нәпсің дардай болар, Жеті ықылым жетегінде жүргенменен – ізіне ит нәпсінің ере берген, Жаманның жұрт көрмесін жүзін жапшы – Батпаққа батып жатқанмен, Нәпсі деген найсапта, Оңалу барда, арымақ жоқ (Т.І.). Нәпсі арабтың нафс – «көңіл, ниет, адамның ішкі дүниесі, тілегі, арманы, құмарлығы» [2, 640] мағынасындағы сөзден шыққан. Адам баласының табиғаты негізінен екі әлемнен тұрады: бірі – материя әлемі (немесе тән), екіншісі – рухани әлемі десек, соның материя әлемі нәпсі арқылы, рухани әлемі жүрек арқылы көрініс беретін болса керек. Тұрмағамбет нәпсі-бәд деп те қолданады. Нәпсі-бәд. Қылымсып қолын бұлғап дүние тұр, Сұлудай сұңқар мойын өрген зұлпын. Нәпсі-бәд жүр деп оған жетектесе, Бар болса, баста миың, барма, жұлқын (Т.І.).

Ханнас. Ханнастың қармағына іліндірмей, Тауфиқ бер тура жолды нұсқайтұғын – Қосылып Ханнас пенен нәпсі найсап, Мені жүр осы уақытта ұтқалы, Алла – Кеуліңнен кетірем деп иман нұрын, Қылып жүр Ханнас малғұн қатаң қауға - Тәңірі өзі тауфиқ бермесе, Әурелейтін әркімнің , Ханнас атты қасы бар (Т.І.). Имандылық – рухани әлемнің үнемі өсіп, жаңарып, толығып отыруымен өлшенеді. Нәпсіні харам деп санап, оны тыю ұғымдары жүректің тазалығына баланады. (Пәк тұтып киіміңді тазадан ки). Нәпсіні қоздырып, өсіретін адам баласының қас жауы – шайтан, нәпсіге ерік беру арқылы адамның шайтаны семіреді. Шайтан Тұрмағамбет тілінде Ханнас, Ханнас малғұн деп беріледі. Малғұн – лағынет айтылған мағынасында қолданылатын, араб тіліндегі ырықсыз есімше.

Иәуми-л-жаза. Жәрдемі жар мен досқа және тиер, Күнінде көп жиылған иәуми-л-жаза (Т.І.). Иәуми-л-жаза – жаза күні, қиямет күні. Бұл – араб тіліндегі изафетті тіркес. Ислам дінінде ақырзаман болғанда қиямет күні туады. Бұл күні барлық өлген адамдар тіріледі және бұл дүниедегі бұрыс істері үшін жазаланады деген түсінік бар.“Исрафил періштенің сырнайды екінші рет үрлеуінен кейін барлық адамдар қайта тіріліп, Ұлы Алла тағала алдында есепке тартылады.Сосын дүниедегі иман және іс-әректтеріне қарай жұмаққа яки тозаққа барады. Ақырет күнінің Құранда маңызды орын алуын төмендегіше түсіндіруге болады: өлімнен кейін қайта тірілуге толық иланған кез келген адамның қоғамдағы сенімді тұлғаға айналары сөзсіз ”[3].

Діни сөздердің негізін араб, парсы тілдерінен енген сөздер құрайды. Ал кірме сөздердің семантикалық өзгерістерін қарастырғанда, әр уақытта олардың түпкі мағынасына көңіл бөлген жөн. Араб, парсы тілдерінде сөздер көп мағыналы болып келеді. Сөздер бір тілден екінші тілге ауысқанда негізгі мағыналарын сақтап қалады да, ауыспалы мағыналарын жоғалтады. Бұл жайлы Б.Сағындықұлы “көне жазба нұсқалардағы араб, парсы кірме сөздері, әдетте, өз тіліндегі көп мағыналық қасиетін жоғалтады”, - дейді [4.28].

Мысалы, араб тіліндегі хаким сөзінің көпше түрі хүкәма 1) правящий, правительственный; 2)правитель, губернатор, начальник; 3) судья, арбитр деген мағына береді. Ал Тұрмағамбет тілінде “басшы, кеңесші” мағынасында қолданылған.

Біле алмай бұл бәлеге не қыларын,

Сасқаннан үкәманың жиды бәрін.

Жалынды жан қорыққан соң жасын төгіп:

“Бар ма, - деп, етер шара, қонар дәрің?”

Талақ сөзі араб тілінде некені бұзу, ажырасу мағынасын береді. Шариғат бойынша ері үш рет “талақ” айтса, ерлі-зайыптылар ажырасқан болып есептеледі. Құран Кәрімнің Бақара сүресінің 229-аятында: “Талақ екі рет. Сонда не туралықпен ұстау немесе жақсылықпен ажырасу керек. Қайталай беру дұрыс емес”- делінген.

Құран аяттарында талақ некеге байланысты ғана қолданылса, Тұрмағамбет тілінде “тастау, шашу” мағынасында жұмсалады.

Ерімнен есебі жоқ қалған пұлдың,

Таусылмас жұмсауына мендей тұлдың.

Өзіме жетерлік қып алдым-дағы,
Өзгесін мал-мүлкімнің талақ қылдым.

“Ұрпақсыз өтем-ау” деп өмір соңда,
Лаһырасып талақ салды тақ пен мөрден.

Ал Тұрмағамбет шығармаларының тілін зерттеуші жас ғалым Л.Ш.Құндақбаева қазақ тіліндегі араб, парсы лексикасын 3 топқа бөлуге болатынын айтады: 1. Қазақ әдеби тіліне, ауызекі сөйлеу тіліне ертеден еніп қалыптасып кеткен сөздер; 2. Сирек қолданылатын болғанымен, әдеби тілден бұрыннан таныс діни сөздер; 3. Тұрмағамбет шығармалары тіліндегі ақынның өзіндік сөз қолданысындағы сөздер [5, 15].

Осындай ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, Т.Ізтілеуұлы шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің шебер қолданылуын оның аялық білімінің соншалықты кеңдігімен байланыстыра қарастырамыз. Аялық білім танымдық қызметпен, яғни адамның ойлау жүйесімен тікелей байланысты. Сондықтан адам ойында танымдық қызмет арқылы қоршаған орта туралы жаңа білім, жаңа таным жасалады.

Тұрмағамбет шығармаларында пәріңді ашу, инақ тұту, ирсал ету, мұстажап болу, мінажат ету, ғапылатта қалмау, рихләт болу, ағлам айлау, нәжад беру, ілтимасын қабыл қылу, тәбділ болмау, тәсілім қылу т.б. араб және парсы сөздерінен жасалған сөз тіркестері кездеседі.

Қорыта келгенде, Тұрмағамбет шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің бір тобы - діни сөздер (саум, сәләт, ғибадат, аршы аглә, иаумил-жаза т.б.), екінші тобы - қазақ, түрік көмекші етістіктерімен келген негізгі етістіктер (ирада ету, мәләл ету, тәсілім қылу, бәләнд тұту, жаһат айлау, инақ тұту, мұстажап болу т.б.). Бұлар араб тіліндегі масдар (есім сөз) тұлғасында беріледі.Үшінші тобы - өлең ұйқасы үшін буын санына лайықты қолданылған сөздер болса (жісім, ілтимас, мүшкилат, сәһил), ендігі бір тобы – қазақ тілінде баламасы болып, ол сөз ұйқасып тұрса да сөздің стильдік мәнін күшейту үшін қолданылған сөздер (науғы, мағшұқ, ирада, мұттақи, ниһаят, муафық, махбүб т.б.). Шайыр шығармаларында Алланың эпитеттері жиі пайдаланылады. Кейбір дінтанымдық сөздер тіркес түрінде қолданылған. Сонымен қатар бағзы бір сөздердің мағыналық жағынан түрленгенін байқадық.

Өз замандастары арасында «шығыс тілдерінің тірі сөздігі» атанған Т.Ізтілеуұлы араб, парсы тілдерін меңгерген, діни сауаты мол, заманына лайық орыс тілін де білген. Араб, парсы сөздері ақынның жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты, елдің ауызбірлігіне байланысты өлең-жырлары мен діни дастандарында молынан ұшырасады. Өкінішке орай шайырдың діни тақырыптағы шығармалары кеңестік цензурадан өтпей, бізге кештеу жетіп отыр. Дегенмен, Тұрмағамбеттану ісі қолға алынды. Оның шығармалары бала тәрбиесі дәстүр сабақтастығының үзілмеуіне байланысты екенін мегзейді. Елі азғанның ұрпағы азатынын, халық ауызбіршіліктен айырылса, жаман әдеттерге үйір болса, ұлы мен қызынан береке қашатынын айтады. Ертеден қалыптасқан, имандылықты мұрат тұтқан қазақы тәрбиенің жойылып кетпеуін ойлайды.

Алдағы уақытта Тұрмағамбет шығармаларының тілін, әсіресе діни дастандарын жан-жақты зерттеу лингвист ғалымдарға ғана емес, әдебиетшілерге де едәуір жүк артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары.Алматы: Ғылым, 1997.
2. Арабша-қазақша сөздік. I том.-Алматы, 1984.
3. Дербісәлі Ә.Б. Егемен Қазақстан. 26 қыркүйек, 2007 ж.
4. Сағындықұлы Б. Сравнительный анализ лексики тюркоязычных памятников XIV века: Автореф. Дисс. Кан. Филол. Наук. А.,1977.
5. Құндақбаева Л.Ш. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларының тілі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты - Алматы, 2007. - 24 б

УДК 82-1/29(045)

ТВОРЧЕСКИЙ ПУТЬ САТТЫГУЛА ЖАНГАБЫЛОВА

Жеткизгенова А.Т.
Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, Казахстан

Аннотация. Творческий путь Саттыгула Жангабылова всегда был в тесной поэтической связи с литературными процессами того времени, с общественно-социальным положением.

Если говорить о том, что поэтическое искусство – это особый дар, который не может принадлежать каждому второму, то совершенствование природного таланта связано со средой, в которой он вырос и воспитывался.

Ключевые слова: Саттыгула Жангабылова, литература, поэтическое искусство.

Начало творческого пути любого поэта следует искать в обществе, духовной среде, его детстве, в факторах, повлиявших на раскрытие его поэтического дара. Моменты, когда поэтический талант подавлялся муками, пылающая молодость – нищетой послужили поводом для написания стихов «Өмір өткелдерім» («Переправы моей жизни»), «Харазымға көшерде» («Во время переезда в Хорезм»), «Ыза» («Гнев»). После смерти отца и дяди все невзгоды двух семей легли на плечи поэта, эти муки жизни выливаются сердитыми, злыми сочетаниями со слов поэта.

В связи с этим Е.Ысмаилов пишет, что незабываемые жизненные ситуации могут послужить причиной пробуждения поэтического таланта, причиной появления его на свет: «Если обладатель таланта пережил смерть близких людей, стихию, гнев, гордость либо большую радость, радостные события, надежду на недосягаемую любовь, несомненно, постарается выразить свои разнообразные чувства через стихи

В молодости поэты Саттыгул Жангабылов, Сапаргали Алимбетов пережили и сиротство, и одиночество, и муки рабства, накопившаяся в душе боль стала причиной проявления их поэтического качества» [1, 97].

На самом деле, при жизни поэта не было издано ни одного сборника его сочинений, впервые стихи поэта были напечатаны через год после его смерти, в 1967 году вышла в свет книга «Тоқсан толғау» («Девяносто размышлений»), к 100-летию со дня рождения поэта издан сборник стихов «Ой толғау», а еще через 10 лет в 1996 году вышло в свет дополненное полное собрание сочинений поэта «Аманат» («Наказ»). Все эти сборники словно памятник, посвященный мечтам поэта.

С.Жангабылов – поэт, воспитанный на образцах устного народного творчества и восточной литературы, впитавший в себя поэзию жырау. Самое большое, особое влияние на формирование поэта оказала поэтическая школа Атырауского, Мангистауского края.

В поэтической среде, в среде жырау и жыршы западного региона Казахстана, с которой брал пример поэт, хорошо сохранились героические поэмы (жырлар) и наследие древних жырау.

Ученый Х.Суйншалиев в своем труде, где дает анализ поэзии жырау и поэтов, говорит следующее о школе, которую прошел Саттыгул: «Многие поэты последних лет знали Абыла, учились у него искусству слова. Особенно, большим уважением он пользовался среди поэтов-земляков, которые почитали его, как своего учителя. Перед талантом Абыла преклоняли свои головы такие поэты, как Мурат, Нурым, Ыгылман, Кашаган, Актан, Аралбай, Марабай, Саттыгул и др.» [2]. К.Сыдиыков тоже выразил следующее мнение: «Если печаль в груди Саттыгула пробудила нищета и бедность, то его талант поэта пробудила необъятная, как море, среда поэтического, певческого искусства и искусства кюйши Атырауских просторов. Он вырос, вбирая в себя, древнее и богатое наследие народной литературы, песни Асана и Сыпыра, поэмы Актана и Нурыма, Шернияза и Кашагана. Певцы-кюйши, названные «Адайдың жеті қайқысы», поэты Аралбай, Омир были средой, в которой он жил и творил» [3].

Мнение ученых подтверждается тем, что имена Абыл, Нурым, Актан часто используются в стихах самого поэта.

Называемые в стихах поэта имена, учителя, служившие образцом для него – это Сыпыра, Асан кайгы, Шалгез, Доспамбет, Казтуган, Жиембет жырау.

Известный ученый М.Атымов в своей статье «Түлеген түбек ақыны» о вопросах, касающихся среды, в которой воспитывался поэт Саттыгул и которая повлияла на его творчество говорит: «Когда читаешь поэмы Саттыгула, то замечаешь три вещи, повлиявшие на его творчество. Одна из них – народная традиция, восхваляющая храбрость и героизм, почитающая честность и человечность. Героическая традиция, начатая батырами Сырымом, Исатаем и Махамбетом, Исой и Досаном, которые провели жизнь в борьбе за свободу простых казахов.

Вторая – завораживающие слух мелодии Курмангазы и Абыла, Оскенбая и Есира, Дины и Шамыгула.

Третья – творчество таких поэтов и жырау, как Сыпыра, Махамбет, Абыл, Актан, Кашаган, а также современных поэтов, которые в своих произведениях воспевали миролюбие и героизм народа. Это основные источники, которые питали творчество Саттыгула до Октябрьской революции» [4].

Говоря словами К.Сыдиыкова, Саттыгул Жангабылов, видевший такой «мощный поток с сильным течением», слышавший их слова – видный казахский поэт с образной речью, воспевавший историю в традициях старых жырау. Советская эпоха, сделавшая поэта певцом советов, певцом партии, сделала его народным поэтом, пропустив через обсуждение эпохальных тем. Талантливый поэт умело изображал картины любого периода. Основные проблемы, поднимаемые автором – единство и благополучие народа, защита родины, родной земли, воспевание героев, служащих народу, критика недостатков времени и человека.

Вместе с тем, несомненным является тот факт, что интеллект поэта был направлен служению цели донесения до потомков литературного наследия нашего народа. Наряду с произведениями собственного сочинения, он донес до нас поэмы живших до него жырау Абыла, Актана, Нурыма и Кашагана. Есть сведения о том, что ученые, исследовавшие устное народное творчество, получили много сведений у Саттыгула.

В связи с этим хотим напомнить о вкладе поэта в сбор литературного наследия, подтверждая сказанное словами известного ученого Х.Суйншалиева, который в своем труде о периоде развития казахской литературы в VIII-XVIII вв. писал: «К.Сыдиыков в 1965 году написал жизненный путь поэта Абыла, а также 2-3 размышления, взяв их у Саттыгула» [2, 269].

Известно, что любой поэт, в первую очередь, воспевает свой родной аул, родной край. Значит, закономерным является тот факт, что в творчестве поэта Саттыгула присутствуют следующие темы: восстание 1870-1873 гг. в Мангистау против «Временных правил» царской России, которое возглавили Иса и Досан, национально-гражданское движение 1916 года, заслуги перед народом таких общественных деятелей, как Тобанияз Алниязулы, Жалау Мынбаев, Садык Жубаев.

В данное время в фонде редких рукописей Центральной Научной библиотеки, в фонде редких рукописей института литературы и культуры имени М.О.Ауэзова хранится ценное наследие поэта, состоящее из толгау (хвалебных песен, од), терме (речетативов), стихов, стихов-айтысов.

Известно, что написанные в свое время поэтом стихи-айтысы, посвящения, стишки, большинство толгау (хвалебных песен, од), принадлежащих короткому жанру, были написаны «на заказ». В период, когда политика проникла в литературу, поэт в качестве сына своего времени, принял участие в этой целине, он был обязан выразить свой долг поэта и гражданина. Нашли отражение в произведениях поэта советского периода и темы бескомпрмисности между богачами и бедняками.

Написанные в разное время крупными деятелями нашей литературы статьи, посвященные творчеству Саттыгула Жангабылова, такие как статья «Адайдың айтқышы Сәтекең» («Оратор адайцев Сатекен») М.Ауэзова, «Ғасырлар сырласы» («Собеседник веков») С.Муканова, хоть и небольшие по объему научно-теоретические анализы, воспоминания, посвящения таких известных мастеров пера, исследователей литературы, ученых, поэтов-писателей, журналистов, как А.Тажибаев, А.Сарсенбаев, Х.Ергалиев, К.Сыдиыков, А.Кекильбаев, М.Абдыхалыков, М.Атымов, Ж.Тлепов, Б.Есмаганбетов, О.Балдеков, М.Бимаганбетов, К,Атыраулы, Ж.Жылкышиев,

Б.Коркытов, О.Избасаров, У.Кайралапов, Ж.Оспанов, А.Байбосынов, А.Абдиров, А.Жаманбаев, А.Онгаров, Б.Арипов, Е.Омирбаев, С.Нуржанов, А.Нариков, А.Бектурганов, А.Спанов, знавших самого Сатекена аксакалов (старцев), стали большим вкладомдля получения оценки наследия поэта в наши дни.

На протяжении долгих 75 лет Саттыгул, не уставая, воспевал в своих произведениях мысли и чувства, печаль и мечты, труд и радость простого народа.

Саттыгул – свидетель двух эпох, собеседник веков, проживший 90 лет.

Итак, подводя итоги поэтическим традициям Западного Казахстана, поэтическим традициям творческих произведений народного поэта Саттыгула Жангабылова, выросшего в той среде, обратим внимание на следующие вопросы:

Во-первых, Саттыгул Жангабылов – это личность, сформировавшаяся в конце XIX и середине XX веков в общественно-социальной среде эпохи советского периода. Народный поэт, чье творчество занимает особое место в истории казахской литературы. Народный поэт, оставивший после себя литературное наследие с глубоким смыслом.

Во-вторых, среда, которая повлияла на формирование Саттыгула как поэта – это поэтическая школа Западно-Казахстанского края и его отдельных частей Атырау, Мангистау. Талант Саттыгула безусловно подточен размышлениями Сыпыра и Асана, поэмами Махамбета, Абыла, Нурыма, Актана, Кашагана, корни которых лежат глубоко в традициях жырау. Вместе с тем, поэт участвовал в айтысах (состязаниях поэтов по красноречию), которые проводились на различных праздниках и сборах, внес своеобразный вклад в искусство айтыса.

В-третьих, Саттыгул – крупный представитель поэтической школы западного региона Казахстана. В своем творчестве он затронул историческую тему, воспев героизм предвадителей крестьянского восстания 1869-1873 гг. под предвадительством Исы и Досана, также передал цельный образ мужчин в годы Великой Отечественной войны, развил в соответствии с требованиями современности искусство айтыса, воспел тему производства, создал образ рабочего в художественной литературе. Наряду с такими произведениями Саттыгул, основываясь на историю мусульманской религии, написал дастаны-размышления, которые составляют отдельный раздел творчества поэта.

Подвести итог статьи о поэтической личности в казахской литературе народного поэта Саттыгула Жангабылова можно словами искусного писателя Сабита Муканова, который уделил особое внимание творчеству поэта: «Саттыгул – самый талантливый народный поэт-импровизатор Мангистау, Жайыка, самый высокий пик, самая высокая вершина после Кашагана, один из последователей, наследников, учеников старца Жамбыла» [5, 3].

ЛИТЕРАТУРА

1. Ысмайлов Е. Ақындар. –Алматы: ҚМКӘБ, 1956. –340 б.
2. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Мектеп, 1989. –290б
3. Сыдиықов Қ. Ақын жыраулар.// – Алматы: Ғылым, 1974. – 240 б.
4. Атымов М. Түлеген түбек ақыны. // Коммунистік жол. 1976. – 19-маусым.
5. Мұқанов С. Ғасыр сырласы. // Социалистік Қазақстан. 1966. –№130. – 8-маусым.

ӘОЖ 82.091(045)

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭЛЕГИЯ САРЫНЫ

Жеткізгенова Ә.Т.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ әдебиетінде жоқтау жырларының жиналу, зерттелу жайы, ғалымдар еңбектері сараланып, олардың қазақ әдебиетіндегі тұрмыс-салт жанрының поэтикасын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеген еңбегінде қайталаулар, трафаретке ұқсаған клишелер қазақтың

тұрмыс-салт жырларында, соның ішінде жоқтау өлеңдерінде жиі кездесетіндігін, адам баласының азасын танытатын қалыптардың көрінісі көне замандардан сақталып келе жатқан поэтикалық өрнектер екендігін көрсеткіндігі баяндалады.

Түйінді сөздер:мұң-шер жырлары, элегия, жоқтау, поэтика, ақын-жыраулар.

М.Әуезов мұң-шер жырларының қазақтың халық поэзиясының ең үлкен бір саласын құрайтындығын айта келіп, «Қоштасу», «Естірту», «Жоқтау» деп үш топқа бөліп, «Көңіл айтуды» да «Естіртудің» жалғасына қосып: « «Мұң-шер өлеңдерінің» аса көп таралуының сыры ол арқылы жеке бастың, от басының, бүкіл халықтың қайғысы жырланады және сондықтан да оның тексті өзгеріп молыға түсіп отырады. Жалпы мағынасы, тұрақты образдар жүйесі ортақ қайғылы сарыны, ой-түйіні орайлас болғанымен «Мұң-шер жырларының» әр саласының, әр өлеңінің өзіндік ерекшелігі болады. Өйткені олар белгілі жағдайда, белгілі оқиғаға байланысты шығарылады. Халықтың сүйікті ұланына, батырына, солардың қазасына арналған, олардың өмірі мен іс-әрекетін, ерлігін баян ететін өте-мөте ежелгі кейбір «Жоқтау» шын мәнісіндегі тарихи дастанға айналған» [1, Б-46-48.] дейді.

Қазақ әдебиетінде жоқтау жырларының жиналу, зерттелу жайына келсек, бұл мәселе ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов еңбегінде таратылып айтылады.

Белгілі ғалым Е.Исмайлов: «Қазақтың жоқтау жырларының көбінде өлген адамның басынан кешкен оқиғалар жырланып кетеді» [2, 46-б.] десе, осы пікірді ғалым Ы.Дүйсенбаев мынандай тұжырымдармен тереңдете жеткізеді: «Ең алдымен жоқтаушы адамның өз бейнесі анық көрініп, оның ішкі сезімі, қайғы-қасіреті ашылса, сондай-ақ жоқталып отырған адамның кім екені, оның бойында қандай қасиеттер болғандығы, керек десеңіз, қаза тапқан сол жанның адамгершілігі, қоғамдағы орны, ағайын арасындағы қадіріне дейін саналып өтеді» [3, 112-б.].

Қазақ жазба әдебиетінде бауырынан өнген баласын жоқтаудың үлгісі Абайдың ұлдарын жоқтау жырларында көрініс тапқан. Ақынның жан қайғысын өрнектеген азалы жырларының көркемдік ерекшеліктері абайтанушы көрнекті ғалым Ж. Ысмағұловтың зерттеулерінде де таратыла талданады.

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихындағы аса көрнекті дарын иесі, әйгілі жырау – Бұқар Қалқаманұлы Абылай ханның өліміне аза тұтатын екі жоқтауында байлығын, сән-салтанатын, батырлығын сөз ете толғайды.

Міне, осы тектес қазақ әдебиетіндегі жоқтау түрлерін қарастырғанда қайғы-қасірет жырланатын жоқтау өлеңдердің түрі мен мазмұнында белгілі бір қалыптасқан дәстүрлілікті, тұрақты канонды көреміз.

Көрнекті ғалым Б.Уахатов «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты тұрмыс-салт жанрының поэтикасын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеген еңбегінде қайталаулар, трафаретке ұқсаған клишелер қазақтың тұрмыс-салт жырларында, соның ішінде жоқтау өлеңдерінде жиі кездесетіндігін, адам баласының азасын танытатын қалыптардың көрінісі көне замандардан сақталып келе жатқан поэтикалық өрнектер екендігін айтады.

Белгілі сөз шебері Аралбай Оңғарбекұлы (1854-1914) елу жасында жиырма бес жастағы жалғыз ұлы Берекет өліп, өзі жарымжан, аурулы ақынға бұл қаза ауыр соққы боп отырғанда, «жығылғанға жұдырықтай жұмсалып» келінін төркіндері еріксіз аулына алып кетеді. Сол тұстағы ақынның ауыр халін «Қашағанға мұңын шағуы», «Баласы Берекеттің қабірінің басында айтқаны», «Келіні Меңешке шығарып берген жоқтауы», «Келіні Меңешке айтқаны», «Еңсесі кеткен жүйрікпін», «Жатырмысың, перзентім» сияқты мұң, шер, зарлы жоқтаулары көрсетеді.

Аралбайды жұбату Қашаған Күржіманұлында да бар.

...Қатепті қара нар едім,
Артуын таппай мертігіп,
Мен базардан қалғанмын.
Тіккен туым жығылған,
Көкірегім қайғы арман-мұң…–

деп егіле шер төккен Аралбай замандасының ауыр қайғысы жүрегін сыздатқан Қашаған ақын «тұяғы бүтін тұлпардың, қанаты бүтін сұңқардың», жоқтығын айта отырып, өз көңілін қамалап, өзегін өртеген шерін де ағытып алады. Қайғыға шөккен шағында келген Қашаған

Аралбайдың шерлі жүрегінен төгілген мұңды сөзін тыңдап, күйзеле отырып, өзінің жұбату жырын толғайды. Одан әрі баласының өліміне қайғырған Аралбайды жұбатқанда адамзат тарихындағы, тіршілік дамуындағы дәстүрлі заңдылықты еске салып, Берекеттің о дүниеде жақсылыққа кездесуін тілеп, ұлағатты сөзімен қаралы әке көңіліне демеу жасайды. Жан толғанысын ақын діни ұғымға негіздеп айту арқылы күйікті Аралбайдың көңілін баласының ақыреттік қадамына жақсылық тілеуге аударады. Қайғының қапасына қамалып отырған замандасы Аралбайға басу айтады.

Жоқтаулардың тыңдарманының көз алдынан тарих сахнасын ашып өткізетін құндылығы жайында ғалым Т.Арыновтың: «Бұл шығармалардың қай-қайсысын оқысаңыз да көз алдыңыздан өткен ғасырлардағы қазақ қауымының тұрмыс-тіршілігі, елдік, ерлік ұлы істері, қат-қабат ғұмыр тарихының жарқын беттері жылжып өтеді. Оты өшкен отаулар мен шаңырағы ортасына түскен қаралы жұрттың өз орнына, ұландарының басына қойылған өрт шалмас, су шаймас ескерткіштеріндей болып, көзіңізді қуантып, кеудеңізге нұр құйғандай әсер аласыз бұл жыр-жоқтаулардан» деген пікірінің орындылығын көруге болады [4, 11-б].

Өлімге бір аймақтың, сондай-ақ, бір елдің беделді азаматтары бас қосып келіп жұбату дәстүрі әріден бар, ендеше Маңғыстау бойы ақындарының осы дәстүрді бұзбай Сәттіғұл ақынды жұбатулары ата дәстүрдің заңды жалғасы екені анық.

Сәттіғұл ақынның «Қыдырша Баспаққа жұбату сөзі», Саламатұлы Сарбасқа баласы Есенғұл қайтқанда шығарған «Көңіл айтуы» да осы реуіштес мұңды жырлар қатарына жатады.

Жұбату өлеңдері де 7-8 буынды толғау түрінде жырланады. Қыдырша Баспаққа айтқан жұбату сөзін мазмұн, құрылысына қарап үш бөлімге бөлдік. Бірінші бөлімде Сафи-Адамнан жаралғалы заманның не талайы кеткендігі, небір жақсылар мен жайсаңдар; тақ алған патшалар да, ту алған батырлар да, Мұхаммед пайғамбар да бұйрықты күні ақ жолға түскендігін айтып, жаугершілік заманда «азбыз» деп ықпаған Адай батырларын санамалай тізе отырып, талай жерде намысын қолдан бермей, елін, жерін жаудан қорғағандығына нақты тарихи дерек беріп шығады. Жауын қайырған аруақты ерлердің сол кездегі ерлігі білектің күші, найзаның ұшымен көрінсе, бұл күнде тасадан тығылып тұрып атар бесатар мылтықтың бел алғандығын айтып тоқтаған кезде, шығарманың келесі бөліміндегі оқиғаның бастауына жол ашылып, айтылмақ ой түсінікті бола бастайды.

Екінші бөлімде ата-ана жүрегіне қайғы байлаған оқиға себебі толық баяндалады. Қоңырат қаласынан базарлап, олжалы қайтқан керуен қайтар жолда жол тосқан қарақшылар қолына тап болып, азан-қазан, у-шумен, айла таппай сасқалақтап, алды-артына қарауға мұршалары келмей, тоз-тозы шығып, жанталас күйге түседі. Мал-мүлікті тонатып, азып-тозып біріндеп елге жеткендердің ішінде Баспақтың ұлы Шахат болмай шығады. Бұл жаманат хабарды естіген әкесі егіле еңіреп: «Балам арманда кетті, не де болса барам», - деп «барма» деген ағайын-туманың сөзіне құлақ аспай, жолға жиналады. Оған қосыла ел ішінен жүректі бес жігіт жиналып «Артықпыз ба Шахаттан? Аттанайық қалмай» деп қатерлі жолға жөнеледі. Бірақ, жау тиген жерге келгенмен не өлісін, не тірісін айғақтайтын Шахаттан бір белгі таба алмай сандалады. Перзент қайғысы жанын шыдатпай, шыбын жанын қоярға жер таба алмай шырылдаған әкенің «табылар» деген үмітпен Бесқала, Шағадам, Тәшкен, Шаржау қалаларынан алты жыл бойы аты мен нарын тартынып, тынымсыз іздеумен келе жатқандығы айтылады.

Үшінші бөлімде жырдың басты тақырыбы ашылады. Талай жақсыларды аяулы жалғыз-жалқысынан айырған өлімнің өкініші өзекті өртегенмен, «Қолынан ұшқан ақ сұңқардың қайта айналып тұғырға қонбайтындығын, жақсының орны толмайтындығын» қарапайым пенделер тұрғай, Хасан мен Құсайын да Кербаланың шөлінде қалып шаһит болғандығын, бұл арқылы қиындықтың игі жақсылар тегіне келуі алдағы жұмақ салтанатының есігіне жол екендігімен түсіндіреді.

Шығарма қайрат-жігер берген сөздермен:

Аға менен жеңгенің
Көтергелі көңілін
Азырақ желсөз құрадым
Орын едің ежелден

Тарқамаған құралың, – деп әрі қарай Баспақтың абырой, беделінің асқақтығын термелете келіп, аталы елдің ұрпағы баталы сөзге тоқтайтындығын туысқандық татауы жоқ көңілмен жеткізеді, сабырға шақырады.

Елеместі жоқтап айтқан өлеңінде ақын адам өмірінің өткелдеріне шолу жасап, өлімнің барлық тірі жанға қақ екенін айтып, дүниенің өзгермелі құбылыстарын термелейді. Дүние, дәулет құбылмалы, бірқалыпты нәрсе жоқ. Бүгін бар адам ертең жоқ болуы, жарлыға мал бітіп ел қатарына қосылуы ғажап емес деген ойды қапысыз жеткізеді.

Ақын өмірдің, дүниенің өткіншілігін, құбылмалылығын, өлімнің құтқармайтындығын айта отырса да, пессимистік сарынға бой бермейді.

Жалпы, ақын шығармаларын саралағанда, жоқтау, көңіл айту, жұбату өлеңдерінің композициялық құрылымындағы, мән-мазмұнындағы айырмашылықтар тек тақырыптық, бағыттық арнасын құрайтындығынан көрінді. Сондықтан, олардың ара-жігіндегі ұқсастықтардың біртұтас көрінуін негіз еткендіктен бір-бірінен бөле-жара қарастырмауды жөн көрдік.

М.Әуезов «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» аталған зерттеуінде «Жоқтау» жырындағы поэтикалық көркемдік турасында былай дейді: «Жоқтаудың образдық поэтикалық желісінде салыстырыла алынған бейнелер мен теңеулер көп ұшырасады, өлген адамды мадақтағанда бояуы қалың эпитеттер мен метафоралар қолданылуы шарт» [1, 47-б.].

Ғалым нұсқаған көркем бейнелі сөз кестелерін Сәттіғұл жырларынан көптеп кездестіреміз. Мысалы: 1927 қайтыс болған баласы Әмірханға шығарған жоқтауындағы: «мен көрдім көктеп гүлдеген, бәйтеректің қурап солғанын», «ақылым айран шашылған», «қайғының бұлты торлады», «оқ тиген құдай жүдедім», «мұқалды тауым шағылып», «құлады қоршау-қорғаным», «ботасы өлген түйедей, күндіз-түні зарландым», «құлады туым жығылып», «жібек баулы сұңқарым, қолымнан кетті шығынып», сондай-ақ, 1932 жылы өлген баласы Аштарханға жоқтауындағы «көкіректе қайғы шерленді», «ауыр жүк басты денемді», «қапаландым қайғырып, қайырлатып кememді», «базарым суып басылды», «бұл қара жер –аждаһа», «парлап жанған кімдердің, шамшырағы сөнбеді», «қайғының күшті зарпынан, ішімде жалын жанып жүр», «көңілім қара жер болды», «сары аурудай сарғайып», «ажалдың оғы атылып, сөндірді жаққан шамымды», «көзімнен аққан қанды жас, кем болған жоқ көлден де», «реушені көзімнің, парлаған сөнді, шырағым», «көңілдің зарын көшірдім», «парлаған жасым бұлақтай», «үстімді қайғы басқанда, көзімнің жасын көл қылды», «көңілдің кірін дос ашар» деп шебер қиюласқан ауыстырулар мен салыстырулар, айшықты теңеулер адамның қайғылы көңілін қапысыз танытатады.

Сәттіғұл «ботасы өлген түйедей, күндіз-түні зарланып», бауыр еті баласы өлген адам қайғысының сөзбен суреттеп болмас ауыр халін, жалпы перзент қайғысына қасірет шегу азабы төрт түлік ішінде түйе малында ауыр өтеді. Ақынның осындай хал-күйін қазақ халқы, соның ішінде Маңғыстау өлкесінің климаттық ерекшеліктері жағдайында тіршілікке қолай көріп ұсталатын ойсыл қара – түйемен салыстыруы заңды да. Себебі, ботасы өлген түйе зар илеп, бебеу қаға боздағанда естіген жанның төбе құйқасын шымырлатып, жанын қоярға жер тапқызбайды. Қазақ халқы түйе түлігінің психологиясын жақсы білетіндіктен күйігін сейілту үшін өлген ботаны терісінен сыпырып, ішіне шөп-шалам толтыра нығыздап, енесінің алдына тұлыбын қояды. Сол кезде ботасының тұлыбын иіскеген енесі көзінен парлаған жаспен қоса емшегінен иіп ағыл-тегіл сүт жосиды. Өрістен қайтқанда алдынан тайраңдап шығар ботасының серейген тас тұлыбын мекірене иіскей-иіскей ана-жүрек көңілі жұбанып, қайғысы сейілгендей болады. Перзент қайғысының күйігін баса алмай сенделген аруана-жүректің қайғылы халі Сәттіғұл жоқтауларымен үндестікте көрінеді.

«Түйе ұстаған қазақ елінің поэзиясында нар, атан, інген, бота бейнелерінің де алатын орны үлкен... . Ботасынан айрылған боз інгеннің күңіреніп боздауы – қазақ поэзиясында аналық мейірім, махаббаттың символы» [5, 34-б.].

Сәттіғұл жоқтауларындағы қаралы қамыққан хал-жайын философиялық түйіндеулермен өзінің әкелік жүректің қайғы қалпын «Зейіннен пікір қашып жүргенімен» береді. Ой мен тұжырымның, сөз бен ақылдың жымдасуы – көңілдің берекетті болуында дегенді айтқысы келеді. Демек, ақын өзінің қайғының зарпынан «ақылы айран шашылып», ойын жинақтай алмаған жағдайын беріп отыр. Бұл да перзенттерінен айырылып боздаған жаралы жүректің бір күйі –

жоқтаудың адам көңілінің түңілген тұсын көрсетудегі сәтті қиюластырылған сөздер тұтастығы, ақын шеберлігі.

Он екі перзент – сәбиім
Таң мақшары туғанда
Алдымнан шығып «аталап»
Шапағатшы болғай қамалап – деп, арманда кеткен аяулы перзенттерінің рухына бағыштап оқылатын құранын жанына жалау, көңіліне медеу, жүрегіне жұбаныш етеді. Жаралы көңілінің зарларын құрай отырып:

Тұрғанда баста дерегім,
Еңсемді басқан мұңшылық
Тұрса да торлап басымда
Ұл-қызым жоқ қасымда –
Халқыма болар керегім..., – деп келетін жоқтауының соңын:
Артыңда қалды-ау елдерің,
Ойнаған қатар теңдерің,
Көрген сайын жылаймын
Асық ойнап, алысып
Қадам басқан жерлерің, – деп перзентін аңсаған азаға күйген көңілі, өзегін өртеп отырған өкініші зарлы жоқтауға ұласады.

Ақынның перзент қазасына қайғыру, жан азабын тартқызған күйікке толы шерлі жоқтауы ерекше қиналыспен жырланатындығын ескере отырып, осы тақырыптағы шығармаларын жанрлық көркемдік тұрғысынан «элегиялық қайғы-мұң циклды жырлар» деп топтастыруымызға болады. Әлем әдебиетіндегі классикалық жанрлардың бірі ретінде элегия алғаш гректерде пайда болған болса, аса көрнекті ғалым З.Қабдолов элегияны «мұң, сыр аралас назды сарынға» жатқызады.

Ақын рухының биіктігі – оның шүкіршілік, қанағат етуінде. Бірінен соң бірі шетінеп кеткен он екі перзенттің артынан оқылатын құран сөздеріне тілінің жаңылмай келуін «Сәбиім, Алла аманат, етейін шүкір, қанағат» немесе «Жарылқағай бір Алла, қабыл болса, қол жайып, оқиды атаң дұғасын» деп тіл мен жақтан сүріндірмеуін тілеп:

Ризамын бір Құдай
Өзіңнің салған жүгіңе.
Ендігі мақсат тілегім:
Ақырғы демде жаңылтпай
«Алла» деген есімді
Келтіргейсің тіліме.
Қолдағы жалғыз бала жоқ,
Қорғалайтын пана жоқ –
Сенермін енді кіміме?... – деп, өзіне-өзі тоқтау айтып, сабырға шақырады. Ақын Жүсіптен тірі айырылып еңіреген Жақып пайғамбардың көз жасын көріп, тілегін берген, отыз ұлынан айырылған Дәуітке Сүлейменді берген құдіреті күшті Алла-Тағаланың рақымын күтіп, үмітін үзбейді. Өз басына түскен тауқыметті мұсылман діні шежіресінің мысалдарымен салыстыра отырып, қалай болған күнде де, Расулы Мұхамедті, Әзіреті Ғали шерді, небір пайғамбарлар мен шайхыларды, бір мың жыл өмір сүрген атамыз Сафи-Салолланы, расулы Нәбидің бауырынан өнген балаларын алған ажалдан айла таппай қашқан Қорқыт атаның да, Зұлқарнайын Ескендірдің де мәңгілік суын ізденіп, таба алмай сенделгендігін алға тартып, өң мен түстей жылдамдап өте шығар өмірдің алдамшы екендігін, ажалдың құрығынан құтылған пенде болмағандығын айтады.

Ғалым С.Қасқабасов Қорқытқа байланысты әпсаналардың сюжеттік құрамы шағын, қолда бар әпсананың бәрі бір ғана сюжетке құрылғандығын айтады. Ажалдан қашқан Қорқыттың дүниенің төрт бұрышын кезіп жүріп, Сыр өзенінің ортасында жайылған кілемде отырғанда жылан шағуынан қайтыс болатын нұсқасы Сәттіғұлда:

Қорқыт ата қашыпты
Ажалға таппай бір айла
Қалмаған екен қабатта

Қырық жыл қашып-қыдырып, –

деп жырланып, сергелдеңге түскен Қорқыт күйі тек бір өзінің ғана емес, бүкіл адамзат баласының табиғатына тән өмірге құштарлық екендігін көрсетеді.

Сәттіғұл мәңгі өлмес суды іздеген Ескендір Зұлқарнайын жайындағы әпсана-хикаяттарды негіз етіп:

Зұлқарнайын Ескендір
Мәңгі суын қаранып,

О да біраз сенделген, – деп, өлмес суды тапса да, бірде көз алдында ғайып болып кетіп, бірде қарғалар ішіп қойып, бірде ұстап тұрып аузына құйса да тамағынан өткізіп іше алмаған әлемге әмірі жүріп, атағы жер жарған патша Ескендірдің өлімге еш қайрат ете алмай, не нәрсенің де Алла тағаланың қолында екеніне мойынсұнған мысалын келтіреді.

Түменнің «Сәттіғұлды жұбатуында» «ауыр қайғы зарпынан, әлсіреп денесі егіліп, көзінің жасы төгіліп, күндіз-түні зарланып, бойын буған зіл-батпан, ауыр жүктің салмағынан» басын көтере алмай күйзелген тұсында замандас, сыйлас ақыны Түмен Балтабасұлы Сәттіғұлдың жүдеген көңілін көтеріп, жұбату сөздермен қайғысын жеңілтуге жанына Шамғұл, Дүйсенбай, Жанжігіт жыршыларды ертіп, ақынға арнайылап келіп:

Тарланы едің Адайдың
Жүдегендей ажарың,
Жатысың қалай қапалы?
Үмітсіз жату жабығып
Сіздей ерге жараспас
Халқыңа басың бағалы
Сөзіме менің құлақ сал...
Біз келдік сіздей саңлаққа

Жіберіп назар шаңыраққа, – деп Сәттіғұлдың ақындық арынын, адамгершілігі мол азаматтық тұлғасын «Сен теңіздегі жайынсың, ілінбес ғұмыр қармаққа. Сөйлеуге шебер дайынсың, сыйынған асыл аруаққа. Сен бір асқар Алатау, басыңды бұлт шалмаққа. Сен бір үлкен даңғыл жол, үстінен керуен салмаққа, Сен бір мұхит тереңсің, халқың саған қарайды. Сен халқыңның керуені, әр қимылың тергеулі» деген сөздермен, айшықты теңеулермен келістіре сипаттап, халқы аузына қараған айтулы ақынның қайғыға көңілін аулатпай, бойын тіктеп көтеріп, еліне тірек болуын сұрайды. Сол кезде басына шалынған қара бұлтты адал көңілмен, ақ ниетпен серпігелі, жығылып-сүрініп отырған жерінен қолтығынан демегелі келген Түмен мен оның жанындағы жыршы, ақындарға:

Өзіңді бүгін көргесін
Лашын құстай түледім
Алла разы болсын, Түменжан,
Жақсы екен асыл лебізің...
Сен келгесін, мінеки,
Болсам да ойпаң, тегіспін
Лебізіңнен айналдым-
Тартсам да қуаң, көгіспін
Әруағыңнан айналдым,
Арық та болса, семізбін
Сен келгесін, Түменжан,

Қараңғыдан жарық, кеңіспін – деп, риза пейілін танытқан ақын жақсылардан жанына жайлы жақсы сөз тыңдап, жұбанған екен. Елдің асыл азаматтары алдына келіп, қайратына күш қосып, жігерін жанитын аталы сөздермен ақыл беріп, «үмітсіз шайтан» тілегін айтып, мұсылман шежіресі мысалдарын – Ыбырайым пайғамбардың ұлын құрбандыққа шалуға Алладан келген әмірге жүрегінің жанды жеріне тиетін ауыр болса да, мойынсұнып, ниет етуін, бірақ Алланың пайғамбар пейіліне ризашылық етіп, құрбандыққа қошқар тастап, баласын босатқандығын – Сәттіғұл басына түскен ауыртпалықты Алла сынағымен байланыстыра, шыдамдылық танытуын сұраулары, сондай-ақ, Расулы Мұхаммедтің де бұл пәниден ұлсыз өтсе де, тілегі ел үстінде болғанын мысал ете отырып, өзінің бекем болуын жақтаған тілектеріне құлақ қояды. Ақын

тіліндегі «ойпаң – тегіс», «қуаң–көгіс», «арық–семіз», «жарық–қараңғы» антонимдік салыстырулар орынды орайластырылып, шығарма шырайын аша түскен. Бір жағынан, Түменнің көңіл айтуы өзінің сезіміне, ішкі жан-дүниесіне дөп баса әсер еткендігін айғақтаған қуатты, нәрлі, ойлы, эстетикасы жоғары мәнді сөздер екендігін айғақтап тұрғандай.

Көңіл айту, жұбату өлеңдерінің толғауға тән формасы, құрылысы жағынан ұқсастығын айтпағанда, бұл жырларда толғауға тән шешендікпен, тапқырлықпен қатар түйдек-түйдегімен төгіліп жатқан әр сөздің философиялық тұжырымы, түйіні бар. Осы ой-түйіндеулер шығарманың әр жолында тұжырымды дәлелдермен нақтыланып отырады:

а) астарлау;

ә) салыстырулар;

б) нақты мысалдар;

в) өмірден өтіп кеткен ата-бабасын не атақты адамдарды тізбелеп айту;

Сәттіғұл мұраларының ішіндегі жоқтау өлеңдердің де кеңестік цензураның сүзгісінен өтіп, қысқартуға ұшырап, дер кезінде баспа бетін көрмеуі, бағаланбауы себебіне: «Жоқтау өлеңдер де белгілі дәрежеде бұрынғы дәстүрлі қалыппен басталып, айтушысы дарынды болса,тұтас-тұтас тарихтар баяндалып, дербес көркем шығарма дәрежесіне көтерілгеніне де мысал көп. Жалпы, жоқтаулар сан түрлі оқиғалар мен тағдырларды мейлінше шыншыл сипаттайтын айрықша бағалы көркем сөз мүлкі деуге болады.

Асылы, біздің кейбір зерттеушілеріміз жоқтауларда кездесетін діни сөздерден немесе қайсібір тарихи адамдарға қарата айтылған марапат, мадақ, әсірелеулерден «сескеніп», бұл жанрдың қайталанбас ерекшелігін тереңдеп тексеруге бармай келген секілді» [6, 13-б.],- деген белгілі ғалым Р.Бердібаевтың пікірі жауап бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т-17. – Алматы: Жазушы, 1985. –400 б.

2. Ысмайлов Е. Ақындар. –Алматы: ҚМКӘБ, 1956. –340 б.

3. Дүйсенбаев Ы .Ғасырлар сыры – Алматы: Жазушы,1970, –192б.

4. Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. Құрастырған: Арынов Т. –Алматы: Жазушы, 1990. –304 б.

5.Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. –Алматы: 1973. –212 б.

6.Бердібаев.Р. Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер. –Алматы. Жазушы. 1989. –360б.

ӘОЖ 82-1/29(045)

ҚАЛНИЯЗ ШОПЫҚҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Жеткізгенова Ә.Т.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Қазақстан

Аңдатпа. Қалнияз Шопықұлының қазақ әдебиетінде қалдырған өзіндік қолтаңбасы, оның жорық жыршысы болғандығы, өзге ақын-жыраулардан ерекшелеп тұратын тұстары оның туған жерге сағыныш өлеңдерінің көп болғандығы, Қалнияз Шопықұлы шығармаларын тақырыптық, тілдік тұрғыдан саралағанда Маңғыстау ақын-жырауларынан ерекшелеп тұратын басты үш белгісі нақтыланған.

Түйінді сөздер: сағыныш жырлар, жорық жыршысы, күрескер ақын, көне сөздер мен кірме сөздер, пассив қолданыстағы сөздер мен диалектизмдер.

Қазақ сөз өнерінің тарихында өзіндік айрықша қолтаңбасымен ерекшеленетін Қалнияз Шопықұлы тастүйін ойларымен жорық ізі сайрап жатқан отты жырлар қалдырған дауылпаз ақын.

Ақынның жекелеген өлеңдері тұтасқа жуық теңеумен түйінделген. Мысалы «Биік қылып сөйлейін» термесі «Биік қылып сөйлейін, асқардың ала тауындай. Нөсерлетіп сөйлейін, селдетіп құйған жауындай. Тәтті қылып сөйлейін, жаңа піскен қауындай. Таза қылып сөйлейін, бұлақтың

мөлдір суындай. Шыны қылып сөйлейін, жіліктің аққан майындай. Қылтыңдатып сөйлейін, қысырдың емген тайындай. Жылтылдатып сөйлейін, сары алтынның буындай. Сыландатып сөйлейін, жалғызы үйдің қызындай. Байұлыға белгілі ұстазым Тіней Өгізбай, Неше буын жыр төккен, он екі баспа қобыздай, Тосылып сөзден көрмеген, Адайда айтқыш Абылдай, Шабатын жүйрік мен едім, сөзге қамшы салдырмай...» немесе «Ер Көнейде» «Сымбатыңа болайын, Мұнарлы қара төбедей! Қайратыңа болайын, Айдында жүзген кемедей! Айбатыңа болайын, Кірістен шыққан жебедей, Ұрандап жауға шапқанда, Атыңның басын тежемей, Хан әскері қаймығып, тығылмас па еді бұтаға, Қарақұс көрген шөжедей!» деген эмоциялық-экспрессивтік бояуы мол, эстетикалық мәні бөлекше бейнелі теңеулер суреттеулермен нөсердей төгіледі.

Осы орайда ғалым З.Ахметовтің Қалнияз шығармалары тілінің көркемдігін арттыратын теңеулерге қатысты пікіріне сүйенуге болады: «Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің сипат белгісін, түсін, дыбыс-үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрселермен салыстырып, бейнелеу негізінде туады» [1, 145]

Ақынның өзге ақын-жыраулардан ерекшелеп тұратын тұстары оның туған жерге сағыныш өлеңдерінің көптігі деуге болады. «Қоштасу», «Көктас, Күләб жерінде», «Ауған жерінде», «Маңғыстауды аңсап жүріп айтқаны», «Көрмесем қош болыңдар», «Жерінен Ауған, Күләб хат жолдадым!», «Аңсаймын аға-жеңге, ағайынды...», «Айтқаным аз да болса есте қалсын», «Қалнияз едім күнінде», «Қош, аман бол, қалған жер», «Қоштасу сөздері», «Елге сәлем», «Атасам ат ұстаған ерлерімді», т.б.

Қалнияз Шопықұлының туған елге, жерге деген жүрек тебірентерлік сағынышы туралы ғалым Т.Тебегенов «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» еңбегінде: «Халық ақындарының кейбір қоштасу жырлары туған жерімен, кіндік қаны тамған ата мекенінен еріксіз кетіп, қазіргі кезде алыста жүрген адамның мұңлы-шерлі, зарлы жүрек сыры болып жырланады. Бұндай өлеңдердің композициясының әуелгі бөлімінде ата қоныстың сұлу келбеті, оның мекендейтін халықтың берекесі-бірлігі, сол халқының ортасындағы асыл тұлғасы айқындалады. Мысалы: ақын Қалнияз Шопықұлының (1825-1910) «Қоштасу» жыры осындай мазмұнымен ерекшеленеді. Өлеңнің мазмұнында Байұлы, Алшын, Сегіз арыс Адай мекендейтін Нарын, Атырау, Орал атырабындағы кейіпкердің артта қалған күндері еске алынады. Алыста жат елде жүріп, туған елімен, жерімен қайта қауышудан күдерін үзе, торыға, зарыға жырлауының лирикалық бояуы қанық» [2,164]деп атап өтеді. Ғалым еңбегіндегі Қалнияз Шопықұлы шығармашылығына қатысты пікірлер ақынның қоштасу тақырыбындағы өлеңдерінің лирикалық сипатының тереңдігін танытады.

«Қоштасу өлеңдері – VIII-IX ғасырлардағы туысқан түркі тайпаларының ата қоныстарынан үдере көшкен, босқыншылыққа ұшырап, жат жерлерге ауған кездеріндегі оқиғаларға байланысты мейлінше көбейіп, қолданыс ауқымы кеңейе қалыптасқан. Қазақтың жыраулық, ақындық шығармашылық өкілдері фольклордағы қоштасу жырларының үлгілерін белсенді түрде қолданды. Қоштасу өлеңдерінің ежелден қалыптасқан тақырыптық сарынын, композициялық құрылымын сақтай отырып, авторлық өзіндік көркемдік стиль, тіл өрнектерімен жырлады. Жыраулық, ақындық поэзиядағы қоштасулар ұзатылып бара жатқан қызбен, ауруынан айықпағасын осынау фәни жалған тіршілікпен, туған-туыс, ағайынмен, ел-жұртпен, жолдас-жорамен, қимас-сырлас доспен, кір жуып, кіндік кескен туған жермен, атамекенмен, байтақ Отанмен қоштасу мазмұнында жырланады. Лирикалық кейіпкер ақын халықтың тарихындағы тұрмыстық-салттық өмір тынысындағы мәселелерге арналған сезімге толы көңіл толқыныстарын қоштасу өлеңінің арқауына айналдырады» [2, 155].

Қалнияздың туған жерден жырақ кеткен тұстағы жан күйзелісі көптеген шығармаларында көрініс беріп қалып отырады.

«Бісмілла деп сөйлесем» шығармасында:

Ақылсыз басым білмедік,
Өзімдікі жөн дедік,
Неміз бар еді орыста,
Басты бағып жүрмедік,
Көшкен жұрттың қадірін,
Білдік қой мұнда келгесін

Әркім жақын көреді,
Өзінің сүйек жынысын.
Ата қоныс – Маңғыстау,
Аңсаймыз кейде ел ішін,
Аңсаймыз аға-жеңгемді...

Ата қонысынан қашып ақылы ауғанда, мұңлы-шерлі қайғылы халінің қалпын беретін көңіл-күйінің сыршыл үнін ақын жырмен өрнектейді. Жырынан жұбаныш тапқан жорықшы жыраудың елден жырақта жазылған шығармаларының арқауы – қаумалаған ағайын, аға-жеңге, іні-келін, қарындас, сағымданған бел, қалың ел, шалқыған көл, туған өлкенің ауасына дейін сағынышы. Кіндік қаны тамған жерден маңдайына жазылған талайсыз тағдырдың тәлкегіне ұшырап қуғынға түскен, көңіліне жетімдік кіріп, басынан базары сейілген:

Басында «Жартышеке» әкем қалды,
Маңында «Мұнат суы» шешем қалды...
Маңғыстау – атақоныс мекен қалды...
Бесқала, Маңғыстауым, Жем мен Жайық,
Білемін – енді барып көрмес көзім.
Ел-жұртқа сәлем айтып қоныстағы,
Қамығып, қартайғанда айтқан сөзім,
Айтқаным аз да болса есте қалсын,
Осымен қош болыңдар, Кіші жүзім...

немесе «Жерінен Ауған, Күләб хат жолдадым!» өлеңінде:

Маңғыстау, қайта барып көре алмаспын,
Жатыр ғой, ажал, шіркін, алдымды орап,
Арманым болмас еді бір сөйлесем,
Алдында азаматтың басын құрап.
Жерінен Ауған, Күләб хат жолдадым,
Жетсін деп ағайынға сөзім тарап...

«Аңсаймын аға-жеңге, ағайынды...» шығармасында:

Аңсаймын аға-жеңге, ағайынды
Қаумалап құрма қылған маңайымды...
Үйірін адам түгіл мал да іздейді,
Көңілім қалай сізді сағынбасын?!
Көзіме қиял етсем елестейді,
Кешегі шеру тартқан көп жолдасым.
Не пайда, бар болғанмен, жерім шалғай,
Қалекең біліп жатыр көре алмасын...

«Атасам ат ұстаған ерлерімді»:

Маңғыстау – қалған Адай қоныстағы,
Қалнияз сәлем айтты алыстағы.
Сағыныш көңілімнен кетпей отыр –
Демеңіз «сөзін неге тауыспады?» –
Ойласам ой түседі өзегіме,
Өлімнің тұрғандаймын кезегінде...
Қарындас, апа-жезде, іні-келін,
Көрмесем – хош болыңдар, аға-жеңге.
Үлкендік, бір жағынан ауру жайлап,
Тұра алмай жатыр төсегінде.
Қатарға енді шалың жатыр төсегінде.
Әзірейіл бар шығармыз есебінде...

деп талай жиынды өткеріп, талай торқалы тойдың томағасын сыпырған, сыбағасын сөзбен шашу еткен, мерекеден аянбаған, халқына сөз қадірі ұнаған ардақты ақын өмірден өтер алдында туған жердің ауасын бір жұтуды арман қылып ah ұрады. Туған жерінен бір уыс топырақ

бұйырмай, сүйегінің жат жерде қаларын сезген ақын жүрегінен өмірге ғашық жырлары өткінші жалғанның тіршіліктен үзілер сәтінде езіле, егіле, мұңая төгіледі.

«Адамның туған жері мен кіндік қаны тамған қонысынан ажырауы – жан күйзелерлік ауыр оқиға. Сонымен қатар, ауруы меңдеп, көзіне ажал елестеп жатқан адамның да фәни жалған дүниемен қоштасуы, көрген түстей өте шыққан артта қалған жылдарын сағына, тебірене еске алуы – табиғи заңды құбылыс» [2, 155].

Қалнияз Шопықұлы өлеңдеріндегі тіл шешендігі, теңеулер мен нақыл сөздерге байлығын мысалдарынан көптеп кездестіруге болады.

Мұндай өлеңдерінің кейбір жолдары мақал-мәтелге айналып кеткен, бұл ерекшелік әсіресе, толғау түрінде келетін өлеңдерінде көп кездеседі.

Ер жігіт көрінеді жаулы жерде
Білінер шешен жігіт даулы жерде
Немесе:
Орамал тон болмай ма жолды жерде,
«Ұйқы ашарында»:
Ер жігіт елге қазына,
Жақсыға сөзі базына

Ақын шығармаларында эпитет, теңеу, әсірелеу, айқындау, қайталау, салыстыру, метафора секілді суреттеу құралдары мол кездеседі.

Ғалым С.Негимов ақын-жыраулар поэзиясындағы көркемдік дәстүр мен эстетикалық ойлау табиғатын саралаған еңбегінде: «Поэзияның өзі негізінен қайталаулардан тұрады десек те болады. Бұл амал-тәсіл өлең эвфониясы үшін қызмет етеді, интонациялық екпінін күшейтеді. Қайталаулардың барлық түрлерін, әсіресе, халық ақындары көркемдік мақсат үшін кеңінен пайдаланады»[3, 250] деп бұл тәсілдің ақындар шығармаларындағы атқаратын рөлінің ерекшелігіне аса зер салған болатын.

Бісміллә, сөздің басы ілім еді-ау,
Айырған ақ-қараны ілім еді-ау,
Әр сөздің түсінгенге пайымы бар,
Ақылды айтпасақ та біліп еді-ау,
Шырылдап құрсағынан жерге түсіп,
Дүниеге адам солай келіп еді-ау,
Қалайша жыламасын туған сәби
Ақыры бұл жалғанның өлім еді-ау
Кешегі аты шыққан ерлер қайда?
Олар да кезекті күн өліп еді-ау,
Байқасаң, бауыры бүтін пенде бар ма,
Шырағы талайлардың сөніп еді-ау.

Ғалым Б.Нұрдәулетова «XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілінің поэтикалық ерекшеліктері» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде Қалнияз шығармаларындағы араб-парсы сөзінің элементтері –1 , түркі-монғолдық сөз элементтері – 5, диалектизмдердің қолдану деңгейі – 5, көне сөздер – 5, поэтикалық қолданыс – 6 екендігін анықтау арқылы, ақынның ерекше сөз қолданысында 22 сөздің бар екендігін нақтылап береді [4, 148].

Қалнияз Шопықұлы шығармаларын тақырыптық, тілдік тұрғыдан саралағанда Маңғыстау ақын-жырауларынан ерекшелеп тұратын басты үш белгісін көрсетуге болады.

Бірінші – туындыларының басым бөлігі күрескер ақынның биік арман-мұратқа толы батырлықты, ерлікті ұлықтаған жорық жырлары;

Екінші – туған жерге деген перзенттік адал көңілі, ыстық махаббаты сөнбестен үздіксіз жырлап өтуі, өмірінің соңғы сәттеріне дейін атамекенді аңсаудан жүрегі сыздап, құса көңіліне жұбаныш таба алмаған ақынның қапастағыдай күй кешкен сәті шығармаларының көпшілігіне жуық орын алғандығы;

Үшінші – тілдік қолданыс жағынан айрықша байқалғаны ерекше сөздер қолданысының сирек кездесуі деуімізге негіз: Абыл, Нұрым, Ақтан, Өмір, Ұзақбай, Қашаған, Аралбай, Сәттіғұлдарда сандап кездесетін көне сөздер мен кірме сөздер, пассив қолданыстағы сөздер мен

диалектизмдердің қолдану деңгейі Қалнияз Шопықұлы туындыларында сирек кездесіп отырды. Сонымен айрықша мен мұндалап көзге түсерліктей ерекше сөздер тобының түйдек-түйдегімен тізбектеле көрінбеуінің бір себебі – өмірінің көп бөлігін туған жерде жырақта өткізіп, ата қонысын бір көруді армандап кеткен аяулы ақынның әдеби мұраларының толық жетпеуі болса керек. Әрине, бұл ерекшелікті көрсеткенде Қалнияздың жырлау шеберлігінің төмендігі дейтіндей ой айтылды деген пікір тумауы тиіс.

Ең бастысы, Қалнияз Шопықұлының артында қалған әдеби мұрасы – оның өзі өмір сүрген кезеңінің ең елеулі оқиғаларын толғап, үнін қосқан, ел басына күн туғанда намыс буып, ту ұстап, топ бастаған, жауға аттанған батырлардың рухын көтеретін баға жетпес, бейнелі сөздерге толы, ұйқасы мықты, ойы өткір, тегеуіні мықты, көркемдігі жоғары туындылар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 З.Ахметов. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1973

2.Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім. 2001. – 332 б.

3.Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. –Алматы: Ғылым, 2001. –280 б.

4.Нұрдәулетова Б. XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшеліктері. –Алматы: Үш қиян, 2003. –160 б.

ӘОЖ 82/821(100-87)

АЛҒАШҚЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ДАСТАН

Қобланов Ж.Т.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Антика мәдениеті мен әдебиеті әлемдік, жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуында маңызды орынды алады. Мақалада антикалық әдебиеттегі алғашқы дидактикалық эпостың авторы болған Гесиод шығармашылығы қарастырылады. Оның шығармашылығы жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыда баға беріледі.

Түйінді сөздер: Фольклор, мұра, миф, вариант, аңыз, бейне, сарын, эпос.

Гомер өз шығармаларында грек қоғамының қауымдық кезеңін және сонымен бірге осы қоғамның іштей күйрей бастаған уақытын суреттеген еді. «Илиада» заманында басталған экономикалық дағдарыс шамамен біздің заманымыздан бұрынғы VIII ғасырлардың соңы мен VII ғасырдың бастарына келіп, едәуір шиеленісе түседі. Соның нәтижесінде ежелгі грек қоғамында туған әлеуметтік топтануға байланысты материалдық байлықтар кейбір жеке адамдардың, яғни тайпа басшыларының қолдарына өтеді. Мемлекетте айқын, бір-біріне қарсы екі әлеуметтік топ, ақсүйектер мен оларға тәуелді төменгі топ - құлдар, жері жоқ шаруалар, майда және орта жер иелері мен кәсіпкерлер пайда болды. Ақсүйектер озбырлығының күшейіп баруы, салықтардың көбеюі, ақша қатынастарының түбегейлі үстемдік етуі салдарынан кедейленген еңбекші халықтың сол қоғамдық құрылысқа қарсы наразылығы күшейді. Өз заманынан түңілген шаруалар, әсіресе оның кедейленген топтары ұзақта қалған бейғам патриархалдық дәуірлерді аңсайды. Міне, осы жағдайлар жаңа әдеби жанр – дидактикалық эпосты туғызады.

Грек әдебиетіндегі дидактикалық эпостың ең алғашқы үлгісі – Гесиодтың «Жұмыстар мен күндер» поэмасы.

Гомер туралы нақты деректердің жоқтығы сияқты Гесиодтың да өмірі жайлы мәліметтер сақталмаған. Гректің ұлы тарихшысы Геродот және басқа да ғалымдар бұл екі ақынды бір дәуірде өмір сүрген дейді. Қазіргі ғылымның дәлелдеуінше «Жұмыстар мен күндер» шығармасының

авторы Гомерден көп кейін өмір сүргендігін айтады. Демек, осы пікірлерге сүйенсек, Гесиод біздің заманымыздан бұрынғы VIII ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың бастарында өмір сүрген. Гесиодтың өмірі жайлы мәліметтер аз болғанымен, тарих бетінде ол туралы кейбір деректер кездесіп қалады. Бұл деректер оншалықты терең болмағанымен, оны ғалымдар жоққа шығармайды. Өйткені, оларды Гесиодтың өзі қалдырған. Поэмада автордың айтуынша, әкесі Кіші Азияның Ким деген жерінде туған, бірнеше жылдар осы жерде жасап, соңынан тіршілік қамымен Грекияға келіп, Геликон тауының етегіндегі Беотия өлкесіне қарайтын Аскра деген жерге қоныстанған. Әкесі қайтыс болған соң, оның дүние-мүлкі екі ұлына, яғни Гесиод пен Перске мұраға қалған. Бірақ Перс түрлі айла-шарғы жолымен әкімдердің тілін тауып, Гесиодты әке мұрасынан айрылуға мәжбүр етеді. Оның үлесінің барлығын Перс иемденеді. Дүние-мүліктен айрылған Гесиод мансаптыларға, әділетсіздікке қарсы күресудің пайдасыз екенін түсініп, өз еңбегімен тіршілік етуге кіріседі. Көп қиыншылықпен өзінің дәулетін қайта түзеп алады. Әкесінен қалған мол мұраны аз-ақ күнде шашып, тауысып, кедейленген арсыз Перс Гесиодтан көмек сұрайды. Мұндай арсыздыққа қатты ызаланған, екінші жағынан туысқанының жағдайына ашынған Гесиод, қиянатшылдық жолмен өмір сүруге болмайтындығын, адал еңбекпен тіршілік етудің абзалдығын және осы мазмұндас бірнеше адамгершілік мәселелер тұрғысында інісіне ұлағатты сөздер айтады. Гесиодтың поэмасы - адам еңбегінің ұлылығы, әділеттіліктің жеңетіндігі және адамның өмір жолында кездесетін басқа да түрлі мәселелер туралы Перске арнайы айтылған насихаттар түрінде жазылған шығарма.

Осылайша, Гесиод - ежелгі грек әдебиеті ақындары арасында тұлғасы бізге едәуір дәрежеде мәлім болған алғашқы ақын.

Бұл адам бірнеше ғасыр бұрын болып өткен оқиғалар жайлы аңыздық шежірелер шығарып, шығармаларында бейнеленген оқиғаларға өзінің қандай көзқараста болғандығын жоғары қоятын ақын емес, керісінше ол дәуір жыршысы. Оның шығармасы күнделікті өмір көріністерін, халықтың ауыр жағдайын, «жемқор» әкімдердің әділетсіздіктерін, байлардың зұлымдығын, жалпы өмірдің қайғы-қасіретін хикаялайды. Бұл дастан жалғыз автордың басынан өткен қиыншылықтар хикаясы ғана емес, ол Гесиодқа ұқсаған мыңдаған майда шаруалардың өмірінен алынған көрініс. Гесиодтың Перске арнап айтқан насихаттары тек әдеби әдіс қана, шындығында ақын бұл сөздерді озбырлық көрген шаруаларға бағыттайды.

Олай болса, Гесиод - осы дәуірлерде шаруалардың мүддесін қорғаған ең тұңғыш қаламгер, оның дастаны - адамзат тарихында еңбекті дәріптеген алғашқы туынды.

Гомердің қаһармандары адамгершілік қасиеттерді шайқастардан, соғыстардан, қантөгістен іздеген, қала мен қыстақтарды өртеуді нағыз ерлік, батырлық деп түсінген, еңбекпен өмір сүретін адамдарға жиіркенішпен қараған болса, «Жұмыстар мен күндер» поэмасының авторы тіршіліктің бар байлығы еңбек арқылы жаратылғандығын шығарманың басынан аяғына дейін бірнеше рет қайталайды. Атақ-абыройды тек еңбекпен бағалайды, еңбекке терең мән береді. Шығарманың осы негізгі дидактикалық мазмұны да адам баласын жамандық жолдан қайтарып, еңбекке баулиды.

«Жұмыстар мен күндер» поэмасында баяндалған адамгершілік және тіршіліктің жаңа принциптері, әрине ақсүйектердің, бұл жайлы ескі түсініктеріне түбегейлі қарсы болады. Бірақ, осыған қарамай, Гесиод ежелгі тайпа ақсүйектерінің жыршысы Гомердің әдеби тәсілдерінен толық қол үзіп кетпейді. Шығармада «Илиада» мен «Одиссея» дастандарындағыдай мифологиялық аңыздар, эпитеттер, салыстырулар, тіпті гекзаметр өлшемі де толығымен қолданылған. Дегенмен, «Жұмыстар мен күндер» поэмасының авторы осы ескі форманың ішіне жаңа мазмұндағы өз дәуірінің талап-тілегін енгізген. Ақынның айтуынша, Зевстің қыздары, яғни Олимп музаларының өздері осы шындықты дастан етіп жырлауды рапсодқа жүктеген.

«Жұмыстар мен күндер» дастаны адамның ауыр тағдыры, қайғы-қасіретке толы өмірі туралы аңыздардан басталады. Жалпы алғанда, ақынның адам тағдыры туралы түсініктері өте күрделі. Оның пікірінше, «құдайлар адам баласына рақымдылық, шапағат жасамайды. Керісінше, адамзаттың басына ауыр азаптар салып келеді. Еңбектің өзі – Зевс тарапынан жіберілген зұлматтың бірі». Гесиод өзінің бұл сөздерін Пандора туралы аңызбен шегелейді.

Аңызда құдайлар әміршісі Зевс адамзатты жою мақсатында жер бетінен отты алып кетеді. Адамзаттың қамқоршысы Прометей Олимп әміршісінің бұйрықтарын бұзып, құдайлар мекенінен

отты адамдарға қайта алып береді. Прометейдің осы әрекетіне қаһарланған Зевс оны қатал жазалайды.

Онымен қанағаттанбай, адамзаттан кек қайтару үшін Гефестке бір сұлу қызды жасауды бұйырады. Темiршілер құдайы топырақ пен судан сұлулығы Олимп тауының құдайларынан кем түспейтін бір қызды жаратады. Сұлуға құдайлар жан береді және түрлі қасиеттерді сыйлайды. Афина қымбат бағалы киіммен киіндіреді. Афродита сұлулығына сұлулық қосады. Гермес айлакерлікті, қулықты үйретеді. Сосын, құдайлар бұл қызға Пандора деген ат беріп, Зевстің әмірімен Прометейдің ағасы Эпиметейдің алдына жібереді. «Зевстен ешқандай сыйлық алушы болма» дегеніне қарамай, Эпиметей Пандораға ғашық болып, оған үйленеді. Зевс үлкен бір ыдысқа дүниедегі түрлі апатшылықты жинап, салып берген еді. «Ыдыстың ішінде не бар екен» деген оймен, қызыққан Пандора, бір күні оның аузын ашқанында, барлық апатшылық жер бетіне таралып кетеді».

Гесиодтың адамзат тарихы туралы танымы да Пандора мен Прометей аңызы сияқты өте қайғылы. Ақын жер бетінде жасаған адамдарды бес әулетке бөледі. «Бұл әулеттің өмір сүру тарихы құлдырауға бағытталған. Ең алғашқы әулет жер тарихының алтын дәуірінде өмір сүреді. Олар еңбек пен азаптың не екендігін білмейді, күні-түні ойын-сауықта, шаттықта жасайды. Бұл бақытты адамдарға өмір сүруге қажет нәрселердің барлығын табиғат өзі жеткізіп береді. Олар бір-біріне жамандық қылмайды; татулық, бірлік бәріне де тән қасиет еді. Өлгендерінде де ешқандай қиындықсыз, ұйқыға кеткендей халде болатын.

Бірақ алтын дәуір мәңгілік болған жоқ. Оның орнына күміс дәуір келді. Бұл дәуірде жасаған әулеттер алдыңғылар сияқты бақытты емес еді. Олар бейбастақ болды, құдайларға ықылас қоймады. Сол себепті Олимп әміршісі қаһарланып, оларды жер астына кіргізіп жібереді. Күміс дәуірден кейін мыс дәуірі басталды. Бұл кезеңде өмір сүрген адамдар алдыңғы адамдарға мүлдем ұқсамады. Мейірім-шапағаттан мақұрым қалған олар шайқастан, қан төгуден басқа нәрсені білмеді. Бірақ қанша жауыз, зұлым болғанымен, олар да ажалдан қашып құтыла алмады. Төртінші дәуір - ұлы соғыстар, қаһармандар дәуірі. Олар өздерінен алдын өткен адамдарға қарағанда мейірімділеу еді. Бірақ бұл адамдардың көпшілігі Троя өлкесіндегі қанды шайқастарда, теңіз толқындарында қырылып кетті»[1,48]. Гесиод өз заманын алаяқтық, екі жүзділік, әділетсіздік, опасыздық өршіген бесінші дәуірге жатқызады және осы дәуірді темір дәуірі деп атайды.

Жалпы, Гесиодтың өз заманы және өткен дәуірлер туралы пікірлері міне осындай. Ақын қоғамдағы әділетсіздіктерге, зұлымдықтар мен қылмыстарға қарсы қатты наразылық білдіргенімен, ақсүйектер озбырлығынан құтылатынына көзі жетпейді. Өйткені, мансап пен атақ, мемлекет пен байлық, билік солардың қолында. Гесиод осы пікірді «Қыран мен Бұлбұл» атты мысалында дәлелдеуге ұмтылады.

Бір күні заңғар көкте самғайтын қыран әнші бұлбұлды өз торына түсіреді. Өткір тырнақтарын оның нәзік денесіне батырып, бұлттарға қарай көтеріп келеді. Сорлы бұлбұлдың ашу-ызадан булығып, дамылсыз шырылдаудан басқа амалы жоқ. Қыран оған былай дейді: «Ей, сорлы құс! Неге мұнша шырылдайсың? Саған қарағанда мен күштімін ғой. Қанша шырылдасаң да, мен сені қалаған жеріме алып барамын. Соңынан босатсам да - өз еркім. Тек ақымақтар ғана қасіретіне қасірет жамайды»[1,48].

Міне, осы мысалда ақын заманындағы әлеуметтік теңсіздік өте айқын бейнеленген. Бұлбұл образында Гесиод еңбекші халықтың озбырлар қолында қаншалықты азап шеккендігін, олардың бастарында теңдік болмағандығын ашық көрсетеді. «Қарапайым халық қанша адал, төзімді болғанымен, бәрі бір өз еркін қорғай алмайды, күштілер шеңгелінен құтылмайды. Өйткені, еңбекшілердің өздері де оларға тәуелді». Әрине, ақынның бұл пікірлерінен ақсүйектерге, сол кезеңдегі тәртіптерге, әділетсіздіктерге қарсылық сезіледі. Бірақ бұл наразылық нала мен қайғырудан арыға бармайды.

Гесиодтың мақсаты - сол қоғамдық құрылысты өзгерту емес, ал өмірдегі зұлымдық пен әділетсіздіктерді әділеттік идеяларға қарсы қойып, озбырларды құдайлар қаһарымен қорқыту, оларды ар-ұждан билігіне бағындыру, тәрбиелеу, сананы жетілдіру, қоғамды түзеу болып табылады. Әділеттіліктің жеңісіне, ар мен намыстың құдіретіне Гесиодтың сенімі мол. Ақын адам баласын жануардан жоғары қоятын жалғыз ғана ерекшелік - әділеттілік деп түсінген.

Гесиод шығармасының негізгі мақсаты - қазіргі өмірде әділетсіздік, озбырлық үстемдік етіп тұрғанда шаруалардың аштан өлмеуі үшін еңбек етуден, сол арқылы жағдайын түзеуден басқа лажы жоқ дегенді айту.

Байлық жинауда ең сенімді, әрі адал кәсіп деп Гесиод тек диқаншылықты ғана мойындайды. Өзінің өмірден алған тәжірибелерін еңбекшілермен бөліседі, диқаншылық сырларын үйретеді.

Ақын шаруадан ең алдымен құдайларға құлшылық етуді талап етеді. Құдайлардан медет сұрап, құрбандық сойып тұру қажеттілігін ұқтырады. Гесиодтың құдайларға ықыласты болудағы мақсаты - олардан денсаулық, қырманға береке, мемлекетке тыныштық тілеу.

Осыдан соң, шаруашылық жұмыстарды жыл бойы қалай жоспарлау, жерді қашан жырту, қай мезгілде егін салу, қай уақытта егінді жинау, қырман бастыру, т.б. туралы әңгімелейді. Дастанның қорытынды бөлімінде ежелгі дәстүрлерге сай әрбір ай «қасиетті» және «қауіпті» күндерге бөлініп, қайсы күні қандай әрекеттерді істеуден сақтану керектігі айтылады. Дастанға «Жұмыстар мен күндер» деген ат осы соңғы бөлімнің мазмұнына байланысты қойылған.

Шығарма барысында шаруаның істеріне қатысты кеңестер берумен бірге, күнделікті өмірде кездесетін басқа да мәселелер жайында хикметті өсиеттер баяндалады. Бұл өсиеттер ұлтарақтай жерде еңбек етіп жатқан сорлы шаруаның мүддесін ойлай айтылған насихат сөздер. Осы кеңестер кедейдің шаруашылығын нығайту, байлығын арттыруға қызмет қылады.

Сондықтан ақын шаруаны жоспарлы болуға, ысырапшылдықтан сақтануға, біреуге қарыз бермеуге, қарыз алмауға, әрбір істі ойланып істеуге, көршілермен тату болуға шақырады. Ақын ғашықтық-махаббат мәселелерінде де шаруаны сақ болуға шақырады: «Әйел заты адамның басын айналдырып, қамбасын тез құртады» дейді.

Оның үйлену және отбасы мәселесі туралы пікірлері де осыған ұқсас. Ақын ерлердің тек отыз жастарда үйленуін, онда да тек жас қызды алуын талап етеді. «Есік көрген әйелге қарағанда, бесік көрген қызды» тәрбиелеу, әдептілікке, шаруашылыққа үйрету жеңіл болады», деп түсіндіреді. «Ұл баланың санын біреуден асырмау керек. Олай болмаған күнде шаруаның мүлкі мұраға бөлініп, майдаланып кетеді»[1,49], дейді.

«Жұмыстар мен күндер» дастанынан өзге Гесиод есімімен байланысты тағы да екі поэма бар. Олар – «Теогония» («Құдайлардың пайда болуы») және «Әйелдер кестесі» поэмалары. Бірінші дастан – грек мифологиясын жүйелеу ниетінде жазылған шығарма. Гесиод өзінің поэмасында әлемнің жаратылуы және пайда болуы туралы кең түрде әңгімелейді. «Ол бастапқыда Хаос, Гея-Жер, Тартар және Эрос сияқты құдіретті күштер болды, әлемнің жаратылуында Гея-Жердің орны ерекше, ол Уран-Аспанды дүниеге келтірді, осыдан соң ол Уранмен және Тартармен қосылып түрлі құбыжықтарға өмір берді, деп жазады»[2, 30]. Ежелгі гректердің жаратылыс туралы түсініктері, құдайлардың пайда болуы туралы мифологиялық танымдарының біздің дәуірімізге дейін жетіп келуінде Гесиодтың бұл шығармасы маңызды орынға ие.

«Әйелдер кестесі» поэмасы да мазмұн жағынан «Теогония» дастанымен үндес. Бұл шығарма құдайлармен некелескен әйелдердің кейін атақты грек тайпаларының таралуына себепші болғандықтары туралы хикаялайды.

Гесиодты ежелгі гректер Гомермен қатар тұратын ұлы ақын деп таныған. Кейбір аңыздарда оны тіпті Гомерден де жоғары бағалайды. «Гесиод шындығында да халық ақыны, еңбекшілер қамқоршысы, данышпан тұлға»[3,78].

Оның поэзиясында халық ауыз әдебиетіне тән суреттеулер, мақал-мәтелдер мол кездеседі. Еңбекші халықтың аянышты өмірін бейнелейтін «Жұмыстар мен күндер» поэмасы өзінің заманагөй мазмұны, ғажайып реалистік эпизодтарымен грек әдебиеті тарихында ерекше маңызға ие. Бұл дастан ғасырлар бойына грек шаруасы үшін ауыр күндердің таптырмас кеңесшісі, данышпандық үлгісі болып қызмет еткен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиеті тарихы. А., «Қазақ университеті». 2004.

2.Белинский В.Г. Сочинение в одном томе. М., 1950.

3.Радциг С.И. История древнегреческой литературы. М., 1969.

УДК 82.09(574)

ПЕВИЦА КАЗАХСКОГО НАРОДА

Қыдырқожа Э.
Научный руководитель: Каримсакова Б.А.
КГУТИ им.Ш. Есенова, Казакстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются таланты дочери казахской певицы Майры Уалиевны в искусстве, отражающие возраст певицы казахского общества женского неравенства. Онгарсынова открывает стихотворение Майры «Магнит на магнитах Тортиен».

Ключевые слова: Песня, певица, майра, поэт, казахское искусств.

Песня – особый дар казахского народа. В песнях мы выражаем свою радость и счастье, горечь и печаль. В песнях поем о своей тоске и чувствах. В казахских песнях звучат отголоски прошлых, испокон веков продолжающихся лет. Казахские песни – неотъемлемая часть единого национального быта. Казахи посредством песен передавали исторические события, свои мечты и надежды на будущее. Поэтому, наверное, Ромен Роллан, французский писатель, ознакомившийся с казахскими песнями, собранными А. Затаевичем, писал: «Казахские песни, полные духа патриотизма, так завораживают, что как будто вся степь представляется перед глазами».

В изучении казахских песен не остались в стороне и поэты. Поэма Ф. Онгарсыновой «Тартады бозбаланы магнитім» - одна из тех, которая посвящена искусству. Эта поэма посвящена самой первой певице – Майре Уаликызы. Автор поэмы знакомит не только ее жизнью, но и искусством пения. Главную героиню поэмы – Майру Уаликызы, ученый-музыковед, исследователь казахского искусства А. Затаевич оценил словами «Лучшая певица казахского народа». Он же и стал первым исследователем прекрасного голоса Майры. В своем музыкально-этнографическом труде «Қазақтың 500 ән, күйі» (1931) наряду с певцами и композиторами казахского народа, описал и творческий портрет Майры. А также написал ноты для песен, исполняющих Майра. Приход Майры в казахское искусство стал феноменом того времени. З. Дукенбаева, изучавшая жизнь и творческий путь Майры Уаликызы, формулируя новизну в искусстве Майры, пишет: «Во-первых, Майра внесла новшество в содержание, вид казахской песни, во-вторых, использовала гармонь, удивительный музыкальный инструмент, ранее никем не использованный, в-третьих, внесла европейские изменения в искусство, в-четвертых, наряду с казахскими песнями, исполняла и татарские, русские песни» [1], и показывает ее отличительные особенности.

З. Коспаков о творческом наследии Майры предлагает нашему вниманию следующие сведения: «Майра, с детства полюбившая музыку, пела песни под гармонь на казахском, татарском и русском языках на крупных мероприятиях, и стала всеобщей любимицей. Постепенно и сама начала сочинять песни. Среди них известны такие, как “Майра”, “Ертіс”, “Қызыл гүл”, “Бақша”, “Даланың әні” и другие.

Эти песни хоть и маленькие объемом, но все равно являются уникальными. Песни Майры использовали композиторы Е.Г. Брусиловский в операх “Қыз Жібек” и “Жалбыр”, А. Зильбер в симфонии “Қайта туған Қазақстан”, А. Байқадамов в своем произведении “Майра”[3].

В поэме Ф. Онгарсыновой не описывается внешность Майры. Поэт больше описывает ее смелый, несгибаемый характер, нежели творческую грань певицы.

Тема певицы Майры стала не только основным лейтмотивом поэзии, но и прозы. Обратим внимание на мнение ученого А. Нарымбетова: «Обращение нескольких поэтов-прозаиков к одной теме – явление обычное для представителей литературы. Об известной Майре не раз писались произведения. В рассказе Г. Мусрепова, написанном в 1981 году, «Атақты әнші Майра» очень своеобразно описывается портрет, внутренний мир звезды искусства, чувства любви, симпатии, чувство ненависти, все тонкости характера, настроения, переданные через каждую деталь, каждый штрих, каждый эпизод из жизни украсили язык произведения своими переливами красок [5].

Так как в поэме Ф. Онгарсыновой “Тартады бозбаланы магнитім” говорится о судьбе человека искусства, основным лейтмотивом является события, связанные с певицей Майрой. Автор поэмы старается раскрыть всю правду того времени, когда жила Майра, поднимает тему неравенства женщин в казахском обществе.

Шырқайын – сазды сырнай досым қайда?!
Әндетсем, қыз-бозбала қосылмай ма?!
Думанның бозбаласыз қызығы жоқ
Өртейін, өртенейін осындайда!
Майраның сауық-сайран жүрген жері,
Шабытты әндерімен мұңды емдеді.
Сырнай мен домбыраның үні шықса,
Жүрегін бозбаланың жыр кернеді [6].

Майра – очень умная, способная девушка. Она – душа мероприятий, тоев. Но никчемные люди не понимают это качество ее характера. Также Майра, в первую очередь, девушка свободная, которая хочет верной любви, и преданная всей душой искусству. Главная героиня влюблена в искусство, и никто не помешает ей в этом нелегком пути. Она готова преодолеть все трудности, которые встретятся ей на пути» [3]. Говорят, Майра действительно была такой.

Ученый М. Числов, говоря о поэме, писал: «Это синтетический жанр посвященный важным задачам общественной духовной жизни и способный решать их универсально» [2]. Ф. Онгарсынова поставила цель всесторонне раскрыть образ певицы Майры. В поэме нет точных сведений о том, в какие годы она жила. Так как известно, что основная героиня поэмы Майра действительно существовала, автор постарался показать ее внутренний мир, через ее поступки показать отношение женщин к обществу того времени. Основа поэмы построена на тайнах, судьбах казахских девушек, любви и верности выбранному творческому пути.

По композиции поэма делится на несколько глав: «Песни Майры», «Слова Майры зятю волостному», «Слова Майры братьям», «После конкурса песен», «Слова Майры биям», «Знакомство любимого аульчанам», «Слова Майры младшему брату». В любой главе поэмы повествование ведется от имени лирической героини, то есть от первого лица. Однако, автор изображает героиню в разных жизненных ситуациях, тем самым показывает ее изменчивость. Так, постепенно развивается и сюжет поэмы.

Основной идеей первой главы поэмы «Песни Майры» является знакомство с творческими способностями Майры, а в последующих главах автор прекрасно переплетает казахский быт и обычай с социальным неравенством, «хомутом» калыма казахских девушек.

Во второй главе «Слова Майры зятю волостному» Майра говорит зятю:

Байлығың, шенің – жел, елес,
Мінгенмен таңдап жорғасын.
Малыңды сыйлар, сені емес
Қадірсіз болса өз басың.
Қабағың түйме неге деп,
Шындығын айтқан сөз – жебе.
Балдыз боп жүріп не керек,
Сын айта алмаса жездеге [6], –

и показывает себя настырной, смелой девушкой. «Если песне достаточно только одной эмоции, то ей обеспечен богатый жизненный опыт, челевеческий характер, процесс. Песня построена на настроении, поэме свойственен основной структурный элемент – типовой образ» [4]. Здесь становится ясным, что слова Майры адресованы не только ее зятю , но и всем другим. Это вызов, брошенный «волостным», которые подхалимничают перед чиновниками. Такие значимые вопросы не просто рассказываются, но и раскрываются их внутренние причины. Из слов Майры:

Ел сүйіп, ақ сезімін маған жайды,
Біреуге соның өзі салар қайғы.
Халықтың махаббатын, мойындауын
Құдай да пұлға сатып ала алмайды.
Ойламай өстім шекпен-тұлып қамын,

Жақпайды сендерге еркін қылықтарым.
Жұртқа арман қайран басым сендер үшін
Ұяда жарылған бір жұмыртқамын [6]
Выражающих обиду на братьев,
Шариғат деп, шындық деп сарнайсыңдар,
Шындықты айтса жарыла жаздайсыңдар.
Тас тыққандай тамаққа заңдарыңнан
Тек қана таңдай сыздар, –

обвиняющих биев, можно узнать о несправедливости того времени, консервативности представителей общества. Можно почувствовать сердечную боль непокорности девушки к «неписаным законам». И это судьба не только одной Майры, но этими словами автор выражает судьбу многих девушек, мечтавших о свободе. В поэме автор изображает героиню во взаимосвязи с исторической эпохой, общественной средой.

В главе «Знакомство любимого аульчанам» образ певицы Майры особенно ярко изображается. Майра приводит своего возлюбленного в аул и знакомит его. Действие Майры в то время считалось позорным. Но автор хотел показать характер девушки-певицы, то есть ее решительность, негодование неравенством женщин. Слова Майры:

Айыптама, ағайын, ессіз деме,
Жалын кештім, білмеймін, кештім неге...
Қажет емес қалың мал, қысырағы –
Сезімімді сатпаймын ешкімге де! [6], –

очень ясно выражают ее превосходство и целеустремленность, открытость и непринужденность, верность любви и дружбе. Создается целостная картина того времени. Фариза через психологический анализ изменчивости, переживаний своих героев смогла передать дух чуждости героя от общества. Особое место в поэме занимает диалектика чувств. Особенность поэмы Ф. Онгарсыновой «Тартады бозбаланы магнитім» заключается в сюжете, построении композиции, в мастерстве передачи монолога.

Шаттық қайда, ән қайда алас ұрған?
Түндер қайда, ұйқыны таң асырған.
Байланғандай тіл-аузым тұншығамын
Шалға тиген байғұстай шарасыздан.
Айдын көлден аққулар ұшқаны ма?
Қайнар қайда құятын күш жаныма?
Үнсіз өрлік шаттығын жерлесе де
Әлі бермей келеді дұшпаныма.

Обращая внимание на последние главы поэмы, можно узнать, что наблюдаются параллели авторского изложения и монолога. Кульминация поэмы передается через противоречивые чувства, психологические волнения, внутренний монолог, риторические вопросы, колебания. Если учесть слова К. Алпысбаева о том, что «Создать образ человека, раскрыт его внутренний мир, передать его чувство, настроение, душевное переживание - одно из задач художественной литературы. Такие категории, как тема, сюжет, композиция, и такие компоненты как портрет, пейзаж, диалог, монолог должны преследовать одну цель» [7], то поэма «Тартады бозбаланы магнитім» является особым произведением благодаря языку, форме, композиционной структуре. Поэтесса пыталась разукрасить художественно-эстетическое восприятие, употребив наиболее образные выражения: «Мұң жұтар жай жағада, Жалынсыз жасық адам». «От мінез. Жанар найза. Жалын ішім». «Селдей сезім болмаса шоқ денеде, Толқын құшып ұмтылма от кемеге». «Шулайды алты алашқа арғымақ деп, шаңыма шақ келмейтін жабыларын!».

Поэма Фаризы Онгарсыновой, посвященная теме искусства «Тартады бозбаланы магнитім» внесла большой вклад в развитие литературы данного жанра своим идейным, содержательным богатством, реалистичностью событий.

ЛИТЕРАТУРА

1. Дүкенбаева З. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941жж). – Алматы: Ғылым, 2003. С. 66.

2. Числов М. Время зрелости – пора поэмы.- М: Советский писатель, 1982 С. 12

3. Қоспақов З. Әнші Майра. В книге: Майра Уәлиқызы атындағы 1-халықаралық әдеби-көркем, ғылыми-әдістемелік жинақ Құраст: Исағұлова А, Қоңыратбай Т. 2001г, 7-9-ноября. С. 45-48.

4. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. – Алматы: Жазушы, 1989. С. 184.

5.Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар.– Алматы: Жазушы, 1987. 2-том. С. 13-25.

6. Алпысбаев Қ. Поэма және сюжет. – Алматы, Қазақ университеті. 1992. С. 124.

ӘОЖ 008(091)

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАУҺАРЫ – ҚАШАҒАН ЖЫРАУ МҰРАСЫ

Мұхаммет А.
Ғылыми жетекшісі: Тоқбаева Л.
Ш. Есенова атындағы КМТИУ, Қазақстан

Андатпа. Қазақ әдебиетінің біртуар тұлғасы – Қашаған Күржіманұлының жыраулық өнері баяндалып, оның жырларындағы халықтың мұң-мұқтажын жырлауы, сондай-ақ байлар мен сұм-сұрқия адамдардың жаман қасиеттерін сынауы қарастырылған. Қашағанның қазақ әдебиетіндегі алар орны, артына қалдырған мол мәдени мұрасы бейнеленген.

Түйінді сөздер: жырау, рухани мұра, Маңғыстау, ақын, туынды.

Жыр дегенде жаны бөлек қазақпыз ғой! Жырау- өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандармен тоғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар халықтың рухани көсемі,қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарады. Хандар мен ел билеуші тұлғалар, тіптен бай шонжарлар олардың пікірлерімен санасып дау-жанжалдарын төреліктеріне салатын болған. Жыраулар жаугершілік заманда жорықтарға қатысып,ел қорғау азаматтық тақырыптарға арналған өлең-жырларын жеткізіп отырған. Туындылары адам көңілін дөп басар әсерлілігімен, жаудың оғындай өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, қыйынан қыйыстырған көркемділігімен қуатты семсердей сөздерімен ерекшеленеді. Жыраулық қызмет көшпелілер арасында ежелгі сақ,ғұн дәуірлерінен бастап жоғары бағаланған. Қазақ әдебиетінде де алатын орны ерекше жыраулар кезеңі қазірде өте үлкен аумақты алып жатыр.

Жыраулардың бір-бірінен айырмашылығы киде олардың шығармашылғындағы көркемдік болса,кейде олардың туындыларындағы ой ұшқырлығы мен ой тереңдігінде жатады.Ал көркемдік пен ойды ұшытастыра білген адамға халқымыз жырау деген мәртебені берген. Халықтың жүрегімен санасында ұзағырақ өмір сүру діңгегі ақын мен жыраулардың ой-өрісінде жататыныда мәләм. Оған шеттен мысал іздемей ақ қазақ әдебиетінің бір туар тұлғасы Қашаған Күржіманұлын тілге тиек ете аламыз. Қашаған жырауда ойшыл қасиетімен халқынының санасында ұзақ өмір сүріп келе жатыр. Осылайша қазақтың рухани кеңістігін байытып келеді.

Қашаған Күржіманұлы (1841жылы Түрікменстан Республикасы Ташховуз облысы Мырзабасы ауылында қаңтардың 7-ші жұлдызында) дүнеге келеді.

Атам бір қайтты дүниеден, Бес жаста жетім қалдырды,Басыма қайғы салдырды. Анам көрді жесірлік, Өзім көрдім жетімдік. Сүйтіп басым қаңғырды- деп жырлаған ақынның жастайынан тағдырдың соқпақ жолы сергелдеңге салғандығын аңғартады.

Өмір өгейсіткенімен,өлеңі тыңдаған құлақтың құрышын қандырған ақынның әдемі жырлары жүре келе көпшілік жиналған жерде елдің қуанышына айналып, халықтың құрметіне бөленді.

Он төрт жасқа келгенде.Балалықты тастадым. Он бес жасқа келгенде , Таяқ алып қолыма, Қойымның түстім жолына, Табанға шырақ байладым,Жұмысқа басты сайладым. Орынбор деген қалаға, Сергей деген көпестің Серкелі қойын айдадым.

Қашаған ақын өз өмірінен жырлаған екен. 15-16 жасында ағасы Сәрсенбай үйімен Атырауға келеді. Бала қиялдың жастығына қарамастан 16-17 жасынан ақын атанады. Ол қазақтың ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы талатын кең байтақ жерлерлін аралап ақын-жаушылармен кездесудіде тым ерте бастап кеткен болатын. Абыл мен Махамбеттер қалыптастырған дәстүрлі нәрлі өнегесіне қаныға, оны іргелі дамытқан әйгілі ақын. Оның жырлары Қазақстанға ғана емес, Орта Азия республикаларына Иран, Ауғанстан, Түркиядағы қазақтар арасында кең тараған. Қазақ әдебиетінің трихында асқан талантымен аты қалған Қашаған Күржіманұлының өмір-мектебі тереңінен толғап, алыстан барлап,оқылып жазылатын тарих. Табиғат берген дарынның арқасында жыр дүлділі атанған дарабоз ақынның соңында қалған асыл дүниелері жақсылармен жайсаңдар, зерделілер мен зейінділілер, білгірлер мен білімділер бас қосқан жерлерде талдануға түсіп мақтауға тұратын салмақты, мұхит астындағы асыл тастар сынды өтте құнды шығармалар.

Айтулы жыраудың басына қонған бағы-өнерімен қалай серік болғандығы туралы жыршы, немере інісі Шәдімен Үсенбаев өз естелігінен былай деді: «Жаз. Шілде. Өкшесі ойылып, табаны сойылып, мал соңында азап шегіп, арып-ашқан Қашаған бала таяғын жерге шаншып, шапанын күрке етіп жата қалса, көзі ілініп кетеді. Түс көреді . Түсінде бір қара кісі келіп, баланың қолынан тартып тұрғызып: «Дорбалап аласың ба, қапшықтап аласың ба?» деп сұрайды. «Бергеніңді аламын» дейді. Қашағанға жырдың бағы осылай қонған екен. Осылайша атақты жырау өз жырларын кезегінше жалғасытырып, қазақ әдебиетінен ойып тұрып орын алды.

Менің атым Қашаған, Тәңірім артық жасаған. Адай түгіл Алшынның,Алшын түгіл Алаштың,Айтқышы едім қашанан.

Ақын-жырауларымыз халық қазынасы болғандықтан, оның ерекшелігі де сол, халықпен бірге қайнаған өмірдің ортасында жүреді, сол арқылы халықтың мұң-мұқтажын жырлайды. Қашаған ақынның сын семсеріне ілінгендер тек байлар ғана емес, қулықпен сұмдық ойлап тұратын дүмше молдалар мен даңғой атқамінерлер, саудагерлер, әділетсіз билер. Ақынның негізінен «Қуңданған қу бисен», « Мұстахқа», «Домбыраның қақпағы», «Сараң сұпыға» дейтін өлеңдері де сараңдықпен суайттық сияқты адам бойындағы сыйықсыз мінездерді сынауға арналған әзіл аралас, шындығы бар өлеңнің астарында өте үлкен мән бар.

Қашағанның Есқали сұпыға айтқаны: Қашаған ақынмен Құрманғазы күйші қыстың бір суық күнінде Каспий теңізінің терістік шығысындағы Елпілдекті деген аралда отырған ауылға келді. Күн кешкіріп қалған соң, осы ауылға қонбақ болды. Әуелі малшы жігіттерге кезікті. Олар: «Осы бір қонақжай үй»,- деп Есқали сұпынікін сілтейді. Сұпы үйінің шық берместігін білетін олар қонақтардың бірі Қашаған екендігін сезіп, Есқалиді бір жерлеттіруді ойласа керек. Атын байлап үйге беттеген Қашағандарды Есқалидің мал қоралап жүрген келіні мен баласы:

Қонаққа тіккен үйіміз жоқ, өзіміз малымызды күте алмай жатырмыз,- деп кез-кезтеп кіргізбейді. Қашаған сүрініп кетіп, қарға жығылып құлайды.

Сонда:

Жаз болса, мен осы үйге қонбас едім,
Өлеңім, он төрт жастан жолдас едің.
Бай, сұпы, хан – кәкімнен ығар болсаң,
Сен өлең мен Қашаған болмас едім.
Осы үйге қона алмасам маған сын,
Сұпыны күте алмасаң саған сын. - деп далада омбы қардың үстінде домбырасын алып, сұпы келіннің әлсіздігін жерлей жөнелді.

Бәйге алдым талай жерде шабыспенен,
Қашаннан күнім кешті жарыспенен.
Несібе осылайша жаралған соң,
Жақынды араладым алыспенен.
Құдайдан қорыққан пенде қондырар деп,
Мен келдім сұпы деген дыбыспенен.

Келіншегін бет каратпастай еткенінен сескенген Сұпының баласы артық тұрақ мал жемдейтін тұрақ үйге кіргізді. Олар оған отырмай Есқалидің өз үйіне кірді. Есқали қонаққа амандаспастан намазға кірісе береді. Осы кезде Сұпының кішкене немересі Қашағанның домбырасын даңғылдатып жібереді. Сол сәттте Есқали Қашағанға меңзеп:

Бейқасиет көргенсіз, бұл үй домбыра тартып,өлең айтуға тігілген жын шайтанның үйі ме еді. Құдайдың үйі еді ғой. «Ит еріткен қонақ жараспайды» дегендей шайтанның қу ағашы бұл үйге қайдан келді?-деп жекіреді . Осы кезде Есқалидікіне бағанағы малшы жігіттер мен олардан «Қашағандар келді» дегенді естіген ауыл адамдары жиналып қалады.

Надан , сараң сұпының қылығы кектендірген Қашаған домбыраны қолына алып бар жауһарын төге жөнеледі: Жақсылар келдің жиналып, Қашаған ақын келді деп,кеудесі мұң кеңді деп, Кеңес берер енді деп. Сендерге кеңес беруге, Отырған жоқпын сыйланып. Нәресте-сәби бала емен,Жасы жеткен шал емен, Шығып жүре беруге. Отырмын өзім иба ғып. Сұпыекең мені жек көрді, Сұпының сөзін тік көрдім.Ел аралап жүргенде.Сендей-сендей монтаны Сұпыларды көп көрдім.-деп жырлап өзнің сурып салма өлең жолдарымен халықтың алдында әділетсіз сұпыға өз жауабын берді.

Жаңаға жанашыр, жаңашырлықта жасмпаздық таныта алатын адам шеберлікке өнерге бейім болады. Жаңа көзқарасқа деген сезімталдық-ойдың өтімділігімен жауапкершіліктің, нәтижелі іс әрекеттің үйлесуі, ал оны үйлестіре білген ойларды ұштастырып адам жанын түсіне білген адам ғана ел үшін еңкие алады. Жалшы отбасынба дүниеге келген Қашаған заман сырын сезіне алды, халық келешегіне сенді, әйел ананың қоғамдағы рөлін түсінді, заманның мәңгі дамуда екенін, уақыттың өтпелілігін тісіне білді. Ол сонымен қоса шариғат ережелерін мол білді. Ақынның аты бүгінде бүкіл әлемде, себебі оның есімі мұнай мен газ алып кен орынына берілді. Қашаған мұнай газ кен орыны әлемде соңғы 40 жыл ішінде ашылған ең ірі кен орын болып табылады.

Ілияс ақын «Қашаған –жүйрік жырау елдің тілі» деп бекер айтпаған. Қашаған Күржіманұлы-өз кезіңінің белді, заманының әлеуметтік мәселелеріне үн қоса білген кең тынысты өткір сөзді ақын. Ол 1929 жылы Мңғыстау түбегіндегі Қырыққез деген жерде қаза тапты. 2011 жылы Қашаған Күржіманұлының туғанына 170 жыл толды. Осыған орай Маңғыстау облысында Қазақстан Респбликасын толықтай қамтитын іс-шара ұйымдастырды. 1991 жылы ақының туғанына 150 жыл толуына орай Маңғыстау халқы айқын бейнетіне сәулетті күмбез-кесене орнатылды. Өзі өмірден өткенімен есімі мен жырлары мәңгі тарихтын сахнасында өз құдыретін жоймақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы 1997 ж.
2. Қазақтың шешендік өнері, Жыраулар таририхы. 2018 жыл.

ӘОЖ 94(574)

ЖАУЫНГЕР ЖЫРАУ ҚАЛНИЯЗ

Қалапбаева Ж.
Ғылыми жетекшісі: Тоқбаева Л.
Ш. Есенова атындағы КМТИУ, Қазақстан

Андатпа. Қалнияз Шопықұлының өмір жолы, оның жыршылық, күйшілік, ақындық өнері бейнеленген. Оның шығармаларындағы ата-баба шежіресі мен тарихы, шежірешілігі, көне жыраулар сияқты өз дәуірінің ең елеулі оқиғаларын толғап, ел басына күн туған кезде, еліне ақылшы болып ел бастауы, елі мен жерін қорғар күн туғанда жорық жыршысы болып қол бастаған ақындығы көрсетілген.

Түйінді сөздер: жыршы, шежіре, жыр-дастан, батыр, күйші

Қазақтың тарихында жорық жыршыларының соңғы тұяғы, шоқтығы биік тұратын тұлға - Шопықұлы Қалнияз жырау болатын.

«Маңғыстау, Үстірт елінде сауыт киген батырдың соңы Досан болса, садақ тартқан жауынгер ақындардың соңы Қалнияз деседі. Ол қоржынының бір басына сұқпалы домбырасын, бір басына садақ жебесін толтырып алып жүреді екен» (Өмірзақ Қалбай, ақын, Қалнияз жырларын жинаушы).

Қалнияздың әкесі Шопық Доспамбетұлы жас кезінде Еділ, Жайық өзендері арасындағы Нарын құмын мекендеген. Кейін Маңғыстаудың Қаракұм, Үстірт жерлеріне қоныс аударып келгесін, 1816 жылы Сам құмы жерінде Қалнияз дүниеге келген. Өмір бойы шыр бітпей, жалшылықпен күн кешкен Шопықтың Қалнияз, Көлнияз, Ернияз, Қапа, Раха, Тілеубай атты алты ұлының үлкені. Ол қаршадайынан бай малын бағып, жасқау, жәбір көріп, өмір сырын ерте сезіп, ызы-кекке қайрала өседі. 1902 жылы 86 жасында Тәжікстанның Ғиссар алқабы жерінде жат жерде дүниеден озған [1].

Қалнияз жыраудың дәуірі Хиуа хандарының Маңғыстау, Үстірт қазақтарына жасаған басқыншылық шабуылдары мен патша үкіметінің отарлаушылық саясаты тұсына тап келді. Жауынгер ақын өз тұсындағы Балуанияз бен Қармыс, Төлеп пен Амантұрлы, Қожалақ пен Қарақұл, Сүгір мен Тұрманбет, Балта мен Дәуіт батырлар бастаған жорықтардың бәріне дерлік қатысқан. Қолына тек қана қару емес, домбырасын да ұстаған. Сарбаздарды жорық жырлары және жорық күйлерімен ерлікке үндеді.

1870-80 жылдары патша үкіметіне қарсы Иса, Досан батырлар бастаған көтеріліске қатысып, отарлаушы әскермен жан аямай соғыс жүргізе шегінген Маңғыстау халқымен бірге Ауғанстанның Гөрібағлан деген жеріне барған. Бірақ жергілікті ауған әкімдерінің қысымына көне алмай, ауылымен елге қарай – Душанбе, Гиссар бағытына көшті. Балалары қайтадан Теректі тауындағы елге қосылған.

Қалнияз – Ата-баба шежіресі мен тарихын өте жетік білген, арғыны бергіге жалғаған, өресі биік асқан шежіреші, көне жыраулар сияқты өз дәуірінің ең елеулі оқиғаларын толғап, ел басына күн туған кезде, еліне ақылшы болып ел бастаған, елі мен жерін қорғар күн туғанда жорық жыршысы болып қол бастаған ақын.

Қалнияз жырау жоғарыда көрсеткенімдей, арыны беріге жалғаған Атам Қазақтың айтулы шежірешісі, айтулы жырауы. Қалнияз атамыздың есімі «Қырымның қырық батыры» аталатын батырлық жырды айтушылардың бірі ретінде де ел арасында белгілі болған. Ақынның билермен кездескенде айтқан толғаулары оның ақпа-төкпе жыраулығын танытады.

Бұл жерде арнайы атап өтетін жағдай, «Қырымның қырық батыры» бізге заманымыздың әйгілі жырауы Маңғыстаулық Мұрын атамыз арқылы жеткені мәлім. Бұл жырлар Мұрынға Нұрым мен Қашағаннан, Қарасай мен Қалымнан, олар Абылдан үйренген. Сол сияқты Қашаған мен Ақтан репертуарындағы жырлар Қалнияз бен Нұрымнан тараған, оларға Абыл арқылы ұласқан. Ал Абылға жеткен жырлардың түп төркіні Сыпыра жыраудан шыққан. Қалнияздың:

Байұлыға белгілі
Ұстазым Тіней Өгізбай.
Неше буын жыр төккен
Он екі баспа қобыздай.-
Тосылып сөзден көрмеген
Адайда айтқыш Абылдай.
Шабатын жүйрік мен едім

Сөзге қамшы салдырмай, – деген жолдарынан Абыл мен Өгізбай жырауларды ұстаз тұтқанын көреміз. Абыл Маңғыстау мен Үстірт өңірінде болса, Өгізбай аты "Қырымның қырық батырын" жырлап ел арасына таратушы ретінде Хорезм, Тәжікстан жерлеріндегі қазақтар арасында көбірек мәлім.

Қалнияз еліміздің жауларына қолына қару ұстап соғысқан, қол бастаған батыр және арқалы ақын. Ол Хиуа жаулаушыларына қарсы жорықтарға және 1870-80 жылдарғы патшалық Ресейге қарсы көтеріліске қатысып, сарбаздарды өлең-толғауларымен ерлікке үндеді. Ақын шығармаларының дүниеге келу кезеңін екіге бөліп қарауға болады. Біріншісі, Атамекен туған жері Маңғыстау да, екіншісі жат жерде. Ақынның «Ер Қармыс, Ер Төлеп», «Батырда Балуанияз,

Қармысы бар», «Сүгір батырға айтқаны», «Қожалақ батырға айтқаны», «Дәуіт батырға айтқаны», «Көтібар бөтен кісім бе», «Жаскелеңмен айтысы» деген сияқты жыр-толғаулары Маңғыстау, Үстірт аймағында 1870 жылдарға дейін дүниеге келсе, Атамекен туған жерден жырақта жүріп шығарған «Амантұрлы батыр қазасын шешесіне естіртуі», «Ер Көней», «Билерге айтқаны», «Қара бір сөзге келгенде», «Аңсадым аға, жеңге, ағайынды», «Қалнияз едім күнінде», «Ата қоныс Нарында», «Көктас, Күлап жерінде», «Маңғыстауды аңсауы», «Көрмесем, қош болыңдар», «Елін сағынып айтқаны» сияқты жырлары бесқала (Хорезм) мен тәжік жерінде шығарылған. Бұлардың бәрі ел арасында кеңінен танымал. Қалнияз жырлары халық тағдыры, елді, жерді қорғап, сақтау сияқты өз дәуірінің көкейкесті мәселелеріне арналған. Біз бұл жырлардан батырдың еліне, атамекен туған жеріне деген махаббатын, ұлтжандылығын, құсалықпен өткен соңғы күндерінің бейнесін аңғарамыз.

1856 жылы түрікпеннің 300 аламаны Адай елін шапқанда, балықшы Балуанияз батыр бастаған 60 жасағы жаудың соңынан қуып жетеді. Жасақ өздерінен әлденеше есе көп жаудың жасағын көріп кідірістеп қалғанда Балуаняз батыр намыстанып: «Бармысың Қалнияз! Сөйле!» деп айғайға басады.

Сонда Қалнияз батыр саңқылдап:
Арғымақтан туған қазанат,
Ардагер өңшең аазмат
Асардай аға көтерген
Сарыала туың қолда тұр.
Ардақтап сүйген ұлдарың,
Арулап өскен қыздарың,
Айдауға түсіп торығып,
Алдында жаудың – жолда тұр.
Соларды жауға қалдырып,
Жан сауғалап қаңғырып,
Қайрылғаныңыз өлгенің! деп, қалың жауға қарсы ұмтылады.

Ар-намысты тереңнен қозғаған асқақ та, жалынды жырдың әуенімен қазақ қолы жауды қашырып, жеңіске жетіп, жесір айырады. Алай да сол сұрапыл соғыста Балуанияз батыр бауыры Қанабаймен бірге мерт болады.

Қалнияз атамызды Қазақ та және Орталық Азия елдерінде білмейтін жан жоқ деуге болады. Ақын шығармалары әсіресе, Қазақстанның батыс өңірі, Түрікменстан, Қарақалпақстан елдеріндегі қазақтар арасында кеңінен танымал. Ақынның ерлерді ел мен жерді қорғауда ерлікке шақырған жалынды жырлары ел арасында күні бүгінде де ауыздан түспей келеді.

Ақынның «Ер Қармыс», «Ер Төлеп», «Балуанияз батыр» дастандары Қазақтың өте ескіден келе жатқан «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», Ер Тарғын» т.б. эпостық батырлар жырының заңды жалғасы іспетті. Айырмасы, алғашқы «Батырлар жырының» авторы уақыт тезіне шыдамай ұмытылған.

Қазақтың осы қағидасы Қалнияз атамыздың жырларында да жалғасын тапқан.
Қызылойдың түбінен,
Жау қарасын көреді.
Он бес жасар ер Төлеп,
Жалғыз шауып келеді.
Сұр бұлттай тырысып,
Жөн арқасы құрысып,
Езуінде егіз оқ,
Садағында сегіз оқ,
Астындағы құла аттың,
Танаулары талыстай,
Құлақтары қамыстай.
Екі көздің арасы
Салып қалсаң қарыстай,
Оралып жатқан түбектей.

Ерініне қарасаң,
Қақтап шапқан күректей.
Азу тісі балғадай,
Бауырлары аралдай,
Қабырғасы шеңбердей,
Омыртқасы отаудай,
Шоқтықтары шоңқалдай,
Толарсағы тоқпақтай,
Жіліншігі жіптіктей,
Ту сыртынан қарасаң,
Суға жүзген сазандай.
Шекесінен карасаң,
Он алты тілік қазандай.
Басқан ізі аймақтай,
Құйқылжытып – келеді,
Жел аударған қаңбақтай…

Қалнияз атамыз өз елінің намысын арқалап, ыза-кек буып, қаһар-қайратқа мінген Төлеп батыр мен жер апшысын қуырып келе жатқан құла атты осылайша суреттейді. Тағы бір жерінде:

Биік қылып сөйлейін
Асқардың Алатауындай
Нөсерлетіп сөйлейін
Селдете құйған жауындай, - деп селдетеді.

Қ.Шопықұлының: «Қармыс батыр», «Балуанияз» жыр-дастандары, «Қожалақ батырға айтқаны», «Есен, Сүгірге айтқаны», «Дәуіт батырға айтқаны», «Асар сұпыға айтқаны», «Амантұрлының өлімін естіртуі» сияқты туындыларының бәрінде батырлардың ерлік істері дәріптеленетіні, өмір мен өлім айқасы толғанатыны жақсы таныс және түсінікті. Мәселен, Қожалаққа, Есен, Сүгірге, Дәуітке айтқаны делінген сөздерінің бәрінде де батырларға күш-қуат, жігер берерлік ұранды сөздер көрініс тапқан. Халықта: «Малшымен жолдас болсаң жайлауын айтады, ұстамен жолдас болсаң ұстара мен қайрағын айтады, батырмен жолдас болсаң жауға салған ойнағын айтады» делінген аталы сөз бар. Сол айтқан, Қалнияздың өзі де ер көңілді адам болғандықтан, көбінесе ерлік жолын мадақтаса керек [2].

Қалнияз суырып салма айтыскер ақын да болған. Ақынның ел арасында Кете Жаскілең, Тәжібай секілді әйгілі ақындарды айтысып жеңгені жайлы, айтыс жыры сақталған. Қалнияз бен Жаскілең ақынның әлім мен адайдың бай-мырзаларын, батыр, әулиелерін мақтап айтысатын әйгілі айтысы Қазақ өнерінің асыл қазыналарының бірі болып табылады.

Қалнияз күйші де болған. «Қалнияздың жорық күйін», «Қалнияздың жыр күйін» Орталық Азия жеріндегі қазақ өнерпаздары жиі орындайды.

Қалнияз Алшын еліндегі той бастаған өнерпаз. Атамыздың «Тойбастар» толғауы соның айғағы.

«Қалнияз жырау Шалбардың
Айтқан сөзі жылатқан,
Ерлігі де бар екен
Дұшпанына оқ атқан,
Палуандығы тағы бар

Алысқандарды құлатқан, - деп келетін өлеңі тарихтың тамырынан шертілген бір сыр сияқты. Кейінгі ұрпақтың құлағында жатталып қалатындай жазылған «Палуандығы тағы бар, Алысқандарды құлатқан» деген тіркестер жауынгер ақынның көпшілік біле бермейтін бір қыры» (Өмірзақ Озғакнбай, қоғам қайраткері).

Қалнияздың ең бірінші «Балуанияз» дастаны 1908 жылы Қазанда «Мұрат ақынның Ғұмар Қазыоғлына айтқаны» жинағында, «Жаскілеңмен айтысы», «Ер Қармыс» дастаны 1926 жылы Ташкентте «Аламан» жинағында жарық көрген. Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қолында Қалнияздың «Көтібар ауылында айтқаны» дейтін өлеңі сақталған. Қалнияздың

«Ақберен» (А., 1972), «19 ғасырдағы қазақ поэзиясы» (А., 1985), «Абыл, Нұрым, Ақтаным...» А., 1997) жинақтарында жарияланған.

Қалнияз жыраудың шығармаларын жинақтап біздерге жеткізуде інісі Қапанның Нұрмағанбетінен туған немересі шежіреші ақын Қалбайұлы Өмірзақ көп еңбек сіңірді. Өмірзақ Қалнияз ақынның мұрасын жинақтап филология ғылымының кандидаты, белгілі ғалым-зерттеуші Қабиболла Сыдиықовқа тапсырған. Ол Қалнияз шығармаларын «Ақберен» (1972), «XIX-ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985), жинақтарында, ақын өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеуін «XIX-ғасырдағы қазақ ақындары» (1988) деген кітапта жариялады. Жақында ақынның «Қалнияз едім күнін де...» атты жыр жинағы жарық көрді. Ақын шығармаларын зерттеп көлемді еңбектерін жариялағандар қатарында: қоғам қайраткері, жазушы Өмірзақ Озғанбаев, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, ақын Асқар Егеубай, филология ғылымдарының докторы Биғайша Нұрдаулетова, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі Бектұр Төлеуғалиев, шежіреші ақын Қаржаубай Рейімбайұлы, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Гүлайым Шынтемірқызы, Бейнеулік Нұржігіт Нұрболатұлы т.б. бар.

Қалнияз едім күнінде
Байұлы-Адай елінде
Араладым Алшынды
Алланың берген демінде...

Қилы-қилы заманның бұралаң жолдарынан сүрінбей өтіп, мүдірмей жеткен ең асыл қазынамыздың бірі - ол біздің жыраулық өнеріміз. Көшпенді елдің басына қиын күн туғанда, тарих сахнасына баһадүр-батырлар шықса, ал олардың ерлігі туралы таңды таңға асырып жырлайтын дастандар, эпостық жырлар, жорық жырлары дүниеге келді.

Сонау ықылым замандағы Баба Түріктің Иолығ Тегіні арқылы Күлтегін мен Тоныкөктің тарихын, Кетбұғадай Бабамнан Хан-Шыңғыстың тарихын, Сыпыра, Досманбет, Шалкиіз, Қазтуғандай жыраулардан Ноғайлы заманының дастаны мен Қырымның қырық батырын, Жиембеттей жыраудан Есім ханның тарихын, Ақтамбердіден Қарт Бөгенбайды, Бұхар жыраудан Хан-Абылайды, Үмбетейден Қабанбайды, Махамбеттен Исатайды таныдық. Бұлар Қазақ жыраулық мектебінің «жорық жыршылары» атанған аса көрнекті тұлғалары еді. Олардың көкірегінен құйылған жыр ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, жадында сақталып, бізге жетті.

Қалнияздың бір ерекшелігі, оның жырларынан кіші жүз Қазақтарының, әсіресе Адай руының батырларын есімдерімен таныс боламыз. Ол өзімен тұстас Амантұрлы, Қожалақ, Балуанияз, Тұрманбет, Балта мен Асар, Төлеп пен Шабай, Есен мен Сүгір, Бердібек, Рақ, Дәуімшар мен Құдабай, Адайбек пен Дәуітті, Құлыбек, Сары, Ер Төкеш сияқты тағыда басқа көптеген жолбарыс жүрек батырларды жырға қосып, ұрпаққа танытып кетті. Олар туралы:

Қайсыбірін айтайын,
Бірі – айыр, бірі – нар,
Бірі – мая, бірі –жал,
Бірі – шекер, бірі – бал,

Бірі – қайың, бірі – тал, - деген құбылысты теңеу тудырған Қалнияз тек қана Қосайдың немесе Адайдың жырауы емес, ол Алты Алаштың Ардақтысы, иісі Қазаққа ортақ тарихи Тұлғасы». («Асқар таудың биіктігі алыстан көрінеді» Нұржігіт Нұрболатұлы. Бейнеу ауылы 06.05.2015 жыл).

Иә, Асқар таудың биіктігі алыстан көрінеді. Арадан жылдар, ғасырлар өтіп, уақыт өлшемі алыстаған сайын, ерін еске алатын елі болса, Ата аруағы да ұрпақтарына жақындай түсері хақ.

Қалнияз атамыздың ата-тегі (руы): Қазақ – Кіші Жүз (Бегарыс) - Алшын – Он екі Ата Байұлы – Адай – Құдайке – Қосай – Байбол – Мәмбетқұл (Шалбар) болып таратылады.

Қалнияз жыраудың сүйегі арадан бір ғасыр өткенде қазақтың Ата салтына сай туған топырағына қайта оралды.

«Кезінде: «Асқар биік тауларым,
Кетемін деген ойда жоқ,
Кетірді дұшпан жауларым» деп күңірене жырлап, тәжік жерінде өмірмен қош айтысқан күрескер ақын, жорық жырауы Қалнияз Шопық ұлының (1816–1902) тілегі арадан бір ғасырдан аса уақыт өткенде қабыл болды, арманы орындалды. Оның сүйегі Маңғыстаудағы Қаратаудың ең

биік шыңында орналасқан «Адай Ата – Отпан тау» кешеніне қарасты қорымға алғаш болып жерленді.

Қазақтың сан мыңдаған жылдардан бері жалғасын тауып, үзілмей келе жатқан көкпар ойынының шығу тарихы осыған байланысты. Нағыз көкпаршылар салмағы 50 келіден асатын серкелерді қолданған. Мақсаты, ат үстінде соғыса жүріп жаралылар мен өліктерді жау қолында қалдырмай, жинап алуға машықтану.

360 әулиелі киелі Маңғыстаудың ұрпағы Қалнияз атамыз сопылық ілімнің тарихат жолын аса жоғары деңгейде меңгерген. Атамыздың аузынан Алласы түспеген. Атамыз,

Түркістанда түмен бап,
Сайрамдағы сансыз бап,
Отырарда отыз бап,
Баптардың бабын сұрасаң,

Ең үлкені Арыстан бап», Пірлердің Пірі Маңғыстаулық 360 әулие, Мединада Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет және Маңғыстаулық Әулие Бекет Пір Аталарды өзіне ұстаз тұтқан. Бірінші Алла деп, екінші Аталарымыздың аруағына сыйынған.

Ерлерге Алла жар болып
«Бекет» деп ұран шақырып.
Азар шықты Аллалап.
Ерлерге ажал келер Алласынан
Алладан асығыстау келген тағдыр –
Алланың ісі орынды,
Алланың берген демінде,
«Ашпады», – деп, – Алла сорыңды?
Алладан медет сұрады
Жазғанын көрдік Алланың,
Салғанын көрдік Алланың.
Жасаған Алла жар болып
Алланың салған ісінен
«Жорықта ал, – деп, –жанымды»
Алладан тілек қылғанмын–
Алла берсін тілекті.
Әуелі Алла, екінші
Дем беріп пірі – ер Бекет.

Жыр жолдары Алла мен Құдайды синоним ретінде қолданады.

Құдайым, сендей қылмағай
Бар мұсылман баласын.
Тізгінді оңда, бір Құдай.
Жар бола гөр, Құдайым,
«Тілекті құдай берер» – деп
Патша Құдай, кең Құдай,
Әркімде де Құдай бар.
Құдай сені қолдасын,

Бұл үзінділер шежіреші Жетібай Жылқышыұлының «Қалнияз жырау Шопықұлы» атты еңбегінен алынды.

Жоғарыда көрсетілген деректерден шығатын қорытынды:

Қалнияз қазақтың «сегіз қырлы, бір сырлы» арлы азамат деп, берілетін бағасына толықтай сай, домбырасы мен садағын қатар асынып жүретін, әрі батыр, әрі жыршы, жүрек жұтқан қол бастаған батыр, елді ерлікке үндеген жалынды жорық жыршысы атанған арқалы ақын, Ата-баба шежіресі мен тарихын жетік меңгерген ғұлама-ғалым, арыны бергіге жалғаған жырау, ел басына қиын-қыстау іс түскен сәтте елге ақылшы болған және ұстаздарын аузынан тастамай үлгі тұтып, ұлықтаған дана, мықтымын деп мақтанғанды алып та жығатын, күштімін деп көкірек кергенді шалып та жығатын, жауырыны жерге тимеген палуан, ғажап дауысты әнші, даулескер күйші және

сопылық ілімді аса жоғары деңгейде меңгеріп, Алласы аузынан түспеген діндар, мәрт адам болған адам. Қалнияз атамыздың барлық адами болмысын ұрпаққа үлгі қылсақ, дұрысы осы болар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. К. Сержанұлы. «Қалнияз едім күнінде...». «Сардар» баспа үйі, 2016ж. 19-бет .
2. «Маңғыстау ақын жазушыларының кітапханасы» сериясының 50 томдығы. Өмірзақ Озғанбайдың шығармалары. Ақтау, 2013ж. 132-138 бет.

ӘОЖ: 81’271; 82.085; 808.5

ШЕШЕНДІК ДӘСТҮР – ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ КӨЗІ

Қыдыршаев А.С[1]., Қыдыршаев О.А[2].
[1]М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан
[2]Орал қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының шешендік дәстүрі түркі мәдениетіне тән рухани құндылықтар көзі ретінде таратылады. Халықтық шешен сөздер қазақтың елдік, қоғамдық өмірінің күллі қырларын елестететін айнасы, халық ой-пікірінің, сана-сезімінің, жалпы дүниетанушылық көзқарасының арнасы, жеткен кемелі екені таразыланады. Қазақтың от ауызды орақ тілді шешен-билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа дәріптеу, тереңдігіне, тұңғиығына бойлау мәселесі нақтылы мысалдармен айқындалады.

Түйінді сөздер: шешендік, ұлттық шешендік өнер, шешен-би, импровизация, риторика, құндылықтар.

Бүгінде қазақ халқының ұлттық шешендік өнерінің тарихы Түркі қағанаты, қараханидтер, қыпшақтар мемлекеттері дәуірінен бастау алары, VI-IX ғ.ғ. түркі тілдес халықтарға ортақ саналатын Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк сияқты қашалып жазылған жазушылардан бері таратылары мәлім. Бұл орайда Ж.Баласағұнидің «Құтадғу білік», М.Қашқаридің «Диуани лұғат – ат түрік», Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикмет», А.Игүнекидің «Ғибатул Хама» сынды көптеген еңбектерінің өркениет әлеміндегі орны ерекше. Сондай-ақ, туындыгері беймәлім «Кодекс Куманикс» (XIII-XV ғ.ғ.), «Оғызнаме» жырлары, кейінгі кезеңде жазылған қазақтың тарихшылары Хайдар Дулати («Тарихи Рашиди»), Қадырғали Жалайри («Жамиғ-ат-Тауарих»), Захариден Бабырдың («Бабырнаме») еңбектері тарихи әдеби-көркем шежірелер ретінде жазылғаны ақиқат. Бұған жалғас бес ғасырға (XV-XIX ғ.ғ.) созылған қазақтың көркем әдебиетіндегі шешен-билерді (Майқы, Кетбұға, Асан қайғы, Жиренше, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым) түгел түптеп білу, мұраларына үңілу, керегінше пайдалану да жас шешенге қажетті қағида. Шешендік өнердің туып, қалыптасуы қоғамның пайда болуымен байланыстылығы туралы пікірді қазақ шешендік өнерінің даму тарихы да дәлелдейді [1, 60].

Тарихи аңыз-әңгімелерге, кейбір жазба деректерге қарағанда қазақтың шешендік өнері алғашқы хандықтарды құрысқан Майқы би, Аяз билермен (XII-XIII ғ.ғ.), Асан қайғы, Жиренше шешендермен (XIV-XVI ғ.ғ.) тығыз байланысты. Ал, хандықтың нығайған кезінде, яғни, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би, Сырым батыр өмір сүрген замандарда (XVII-XVIII ғ.ғ.) шешендік өнер өзінің даму дәуіріне жеткен. Демек, қазақ халқының зор мақтаныш боларлық мәдени бай мұраларының мол саласы – әдебиет мұрасы. Философиямен қабысқан терең ой-пікірлер арасынан асқан ақыл, сезімді сергітіп, жүрек тербеткендей қажырлы қайрат, екпін, ынта, аңсаған әділдік, бой шымырлатып, жүйе босатарлықтай сөз – осылардың бәрі қазақ халқының ауыз әдебиетінің асылдығын көрсететін қасиеттер. Сол себептен де «Өнер алды – қызыл тіл» дейді қазақ мақалы.

Қазақ халқы адам баласының қоғамдық қатынасының ең маңызды құралы сөзді өте жоғары бағалай білген. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, орынды айтылған жақсы сөздер отыз тістен шығып,

рулы елге жайылған, көпке өнеге болған. Мұндай жүйелі сөздер ауыздан-ауызға көшіп, атадан балаға ауып, біздің заманға да жеткенін көреміз.

Қазақ халқының ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ауыз әдебиеті – түпсіз бұлақ, бітпес мол қазына. Қазақ халқының мәдени мұрасының ішінде көпке дейін ойдағыдай еске алынбай, зерттеу жағынан кенже қалып келген өткендегі ұлы сөз аталарының, айыр көмей, темір жақ шешендерінің қамал бұзарлықтай қаһарлы, жүйе босатарлықтай жылы сөздері, өмірді кеңінен алып, заманында кемеліне келтіре сөйлеген би-шешендердің ескіден қалған нақыл сөздері қазақтың ауыз әдебиетінен көрнекті орын алады.

Шешендерден қалған мұндай шебер сөздер, бір жағынан, қазақтың елдік, қоғамдық өмірінің күллі жақтарын елестететін айнасы болса, екіншіден, халықтың ой-пікірінің, сана-сезімінің, жалпы дүниетанушылық көзқарасының арнасын, жеткен кемелін көрсетеді. Әділетті сағалаған шешен-билердің, ақыл айтқан қадірлі ақсақалдардың атақтарын іргелі қазақ еліне әйгілі еткен – олардың ұлт атынан, іргелі ел, аймақ атынан айтқан шешен сөздері, әділ биліктері, өмірдің өзгешеліктерін ақылға салып, өлшей айтқан болжал сөздері. Кенеттен тауып, кемеліне келтіре сөйлеген адамды қазақ «би», «шешен» дейтіні бүгінде мәлім. «Би» сөзінің арғы тегі түрік сөзі болса керек. Биік, жоғары, өте, бек, ұлы, қуатты, күшті мағынасында. Түрік тіліндегі «бек» сөзі бай, биік, бас, бастық, хакім, әмір мағыналарында. Хан төңірегіндегі орда-сарайлардағы биік мәртебелі абыройлы да құрметті адамдарға айтылады. Қазақта «бек» өте, аса, тіпті (жақсы, жаман, үлкен, кіші, т.б.) мағынасында. Сонымен қатар қазақта «биік» деген сөз бар. Ол «жоғары» мағынасында. Сол биіктің соңғы буынын алып тастап, «би» деген бірінші буынын қазақ түріктің «бек» сөзінің мағынасына жақындатады. Бірақ қазақ ханға жақын адамдардың бәрін «би» демеген. Әуелде ханға кеңес беретін, ақыл қосушыны ғана «би» десе керек. Түрік тіліндегі елдердің көбі ондайын «қази» дейді.

Қазақ ауыз әдебиетінде «би» деген сөз өте әріден кездеседі. Ертедегі Аяз би, Шыңғыс заманында жасаған Майқы би, Кетбұға (күймен сөйлейтін болған) билер – тек ханға, хан сарайына жақын ғана адамдар емес, оның үстіне ақыл иесі, сөз тапқыш айтқыштар. Халық ауызында аты қалған кеңесшілер – көпке ұнамды, ұмытылмастай ақыл сөз айтқандар. Бері келе мұндай сөз шеберлерін халық өзгелерден ерекшелеп, бөліп алып «шешен», «би» атаған. Жиренше шешен, Саққұлақ шешен, Төле би, Қазыбек би, Мөңке би, т.б. «Шешен» түрік тілдерінде сөзге шебер мағынасында. Қазақ «шешен» деп ойланбай, кенеттен орынды сөз тауып айтқан адамға айтады. Сұлу сөзді мағыналы етіп, ұтып сөйлейтін, жазатын адамды сөзге би, шешен адам екен дейді. «Би» атауы әуелде хан қасындағы кеңесшілерге айтыла тұрса да, кейін қалың көптің халықтың өз арасынан шыққан айтқыштар да «би» аталған. Сонымен, «шешен», «би» сөздерінің мағынасы кірігіп, көбіне айтқыш, сөйлегіш ұғымын береді.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі, фольклорындағы ауызша айтылған сөздердің иесі бары, айтушының аты белгілісі, тек осы шешен-билер сөздері ғана. Аталы сөздері іргелі елге жайылып, шешендік даңқтары талай заманды басып өтіп, өзгермей, өшпей, мұра болған ақылгөй адамдар қазақ халқында жүздеп саналады. Өз басы ғана сөзге жүйрік болған аталарын былай қойғанда, түу ата тегінен бері қарай, тұқым қуалап, төңірегінің көбі шешендікке ие болғандардың өзі сан алуан. Бізге сөздері жеткен шешендердің көпшілігі қазақ хандығы орнағаннан бастап көрінеді. Бірақ қазақ халқының ескі заманын суреттейтін батырлар жырындағы Сыпыра жыраудың өзі шығыстағы көп заманды ішіне түйген, ғасырлар бойғы ұлы оқиғаларды ойына жинаған, келешекті болжай сөйлейтін кәрі құлақ, өткір, ақылгөй шешен адам болғандығы анық. Өңшең жүйрік, дүлділ, толғау сөзге бұлбұлдай сайраған Тоқтамыстың тоғыз батыры Сыпыра жыраудың шалымына келмей қалғанына не айтарсың?! Демек, қазақтың үш жүзіне ортақ, сонау әріден келе жатқан Асан қайғы, Жиренше шешен, Сыпыра жыраулар – өткенді өрнектей ойына тізіп, кезеңін кеңінен қамтыған, келешекті болжағыш, нағыз самғаған саңлақтар.

Шешендіктері шешеннен асып, батпан бұлды сөздері еттен өтіп, сүйекке жетіп, жазықтыны жанынан түңілдірген сөз иелерінің атақтары Алтын орда хандығы ыдырап, қазақ хандығы ерекшеленген замандардан бері қарай анықтала бастайды. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» нақылы – аталы сөздердің арғы тегін іздеуден қалған қазақ мақалы. Бұл айтылып отырған Майқы би – Шыңғыс, Жошы заманында жасаған адам. Ұлы жүз Жаныс Төле би, Саржан билер, Орта жүз Тобықты Әнет баба, Арғын Қаз дауысты Қазыбек, Сүйіндік Айдабол би,

Ормамбет би, ер құнын екі ауыз сөзбен бітірген Едіге би, Керей Жәнібек би, Арғын Бекболат, Тіленші билер, Кіші жүз Алшын Әйтеке би, Қаражігіт би, Мәме би, Қара Тоқа Есет би, Мөңке билерден қалған нақыл сөздері қажыры қас батырларға берілместей қамалдарды бұзған болып келеді. Екі ауыз аталы сөздермен ердің құнын, рулы елдің ісін бітірген деседі. Ендеше, қазақ халқының ертедегі елдік мәні бар істерінің бәрі осындай аталы сөз айтқан көсемдерінің алдына келіп шешілетін болған, шешендердің айтқан құнарлы сөздеріне жұрт бағынатын болған. Бұл сөздерді мазмұн жағынан алып қарасақ, өмірді кеңінен шолып, тереңнен қамтығаны байқалады. Мұндай шешендер аз сөйлеп, көп айтқан. Естіген, білгендерін көңілге көп түйіп, сөздерін көпке бірдей әділдікке сүйей, тұжырымды етіп, тәлім-тәрбиелік мәнін өсіре, жауыздықтан аулақта, жақсылықты үлгі ете, сөз тыңдаушыларды жетелей сөйлеген. Көптің басына қауіп төніп, ел шетіне жау тақалған заманда, болмаса елмен ел егесіп, қару күшін сарқып, көп есеге салған күндерде, не болмаса хандардың қаталдығы, білегі жуан белділердің әділетсіздіктері шектен асып, қауымның қабырғасына батқандай кездерде, шешен билердің елдік мәні бар ем сөздері ондайларға тойтарыс беріп, енді қайтып беттетпейтін болған. Әз Жәнібек, Әз Тәуке замандарын былай қойғанда, қазақтың етек жеңі біркелкі жиналып, іргелі ел болған кезі Абылай хан заманы болса, ол кезең қазақ халқының тарихында өзгеше көрінеді. Ақылды Абылай елдің ақылгөйлерін төңірегіне жинап, елеулі іс істеуге ұмтылған. Ол кездерде қазақ халқының байтақ жер-суы мен байлығы сырт дұшпандардың тынышын ала берген. Қазақ елі талай жауларымен жағаласып, көп қиыншылыққа кездесіп отырды. Сол күндерде елге ақылшы болып, батырлармен бірге елдің елдігін, бүтіншілдігін, намысын қорғасқан да осы сөз иелері – шешен, билер.

Әз Жәнібек заманында қазақта екі-ақ түрлі кісі болыпты: бірі – батыр, бірі – би деу де осыны дәлелдейді. Халық тарихында шешендік сөздер ас-жиындарда, жәрмеңкеде айтылатын дау-тартыс, ақындық, шешендік айтыстармен ғана шектелмегені мәлім. Бұл орайда көпті көрген данагөй қариялардың үлгілі, өнегелі, ақыл-нақыл, үгіт-насихат, әзіл сөздері де мол. Дегенмен де шешендік сөздердің қайсысы қай уақытта шығып, қалай қалыптасқанын кесіп-пішіп айту да оңай емес. Мәселен, ежелгі грек тарихында шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне атақты Солон заңы бірден-бір себепкер болғаны мәлім. Ежелгі Афиннің мемлекеттік қайраткері әрі ақыны Солонның (б.ғ.д. 638-558 ж.ж.) құлдық пен сот істерін демократиялауға бағытталған әлеуметтік реформалары «Солон заңы» делінген. Солон заңы бойынша Афиннің әрбір азаматы өз мүддесін қорғауға тиісті болған. Ал бұлай істеу әркімнің қолынан келе бермейтіні де аян. Осыдан келіп сот алдында айтылатын сөзді алдын ала жұптайтын, даярлайтын логогрифтер – сөз жұптаушылар пайда болған. Ал дау-талап мәселесін қарайтын қазақ қауымдығы ежелгі әдет заңы («Жеті жарғы» іспетті) гректің Солон заңына ұқсастырылады. Демек, қазақ қауымында ертеден қалыптасқан ел ішіндегі дау-жанжалды мәмілемен шешіп реттеудің халықтық тәсілі дәстүрі шешендік өнердің дамуына әсер еткен. Афин азаматтарының шаршы топ алды өз көзқарастары мен саяси мақсаттарын баяндау қажеттігі шешендікпен арнайы шұғылдануды керек еткені сияқты халық алдында талқыланатын дау-жанжал, билік-бітім сөздерде жеңіске жету үшін қазақ билерінен халықтың салт-санасын, әдет-ғұрпын жетік білумен бірге ойға ұшқыр, тілге шешен болуды талап еткен. Сондай-ақ халықтың тапқыр шешен адамға көрсететін құрметі мен білігі үшін беретін сыйы («би ақысы») шешендік өнерді дамытуда ынталандырушылық, қызықтырушылық қызмет атқарған. Қысқасы, қазақ шешендік өнерінің тарихи тармақтары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу – бүгінде ұтқыр ойлы, шешен тілді ұрпақ тәрбиелеудің кепілі де.

Халқымыздың сөйлеу өнеріне қай кезеңде де ерекше мән бергені аян. Ал қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Қайта оралған «тиімді коммуникация жағдайы мен формасының құралы» шешендіктану ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мен мықты «шешен тұлғаларды» тәрбиелеу мәселесін шешу жолдарын ұсынуы тиіс [2, 13].

Ал әлемдік шешендіктану ілімінің бір тармағы қазақтың шешендік дәстүрі, әлеуметтік феномен тұрғысынан таразылағанда, белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалай да бір адами оқиғаға байланысты қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын озат ойлар мен тәлімді тұжырымдар үрдісі болмақ. Ал қазақтың от ауызды орақ тілді шешен-билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа қалай дәріптеп, оның тереңдігіне, тұңғиығына қалай бойлап жүрміз? Мәселен, қазақ халқы шешендік мұрасының

Қазақ халқының философиялық және әлеуметтік ойын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескеріп, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру формасы ретінде түсінгені, көркем әдебиет туындыларын салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып зерделегені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы философиялық мазмұнды ашып көрсету үшін оны философиялық ойлау құралдары көмегімен қайта саралағаны дұрыс болар еді.

Мағжан Жұмабаев жырларының қазақ халқы, тек қазақ халқы ғана емес-ау, бүкіл түркі әлемі зиялы қауымының санасы мен сезімін жаулап алып, аймақтық, тіпті, әлемдік мәдениеттегі ерекше құбылысқа айналғанын байқаймыз. Шынымен-ақ, Мағжан шығармаларында айтылатын қағидалар мен ойлар, ақын жүрегін мазалаған толғаныстар бүгінгі таңда, бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, уақыт озған сайын ұлттық ұлыстық, жалпы адамзаттық философиялық-әлеуметтік проблемалар қатарында алдымыздан қайта шығып отыр.

Ол қандай ойлар, қандай толғаныстар еді?! Жалпы, қазақтың киіз туырлықты үйінде дүниеге келіп, әлемдік мәдениетке ерекше құбылыс болып қосылған Мағжан Жұмабаев шығармашылығының қайнар бастаулары қайда жатыр?!

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ДӘУІР ТЫНЫСЫ Мағжан Жұмабаев, ең алдымен, ақын. Ақынды алғашқы өлеңдерінен бастап, соңғы демі үзілгенше туған халқының, бүкіл түркі жұртының, Шығыс мәдениетінің, жалпыадамзаттың тағдыры толғандырады. Ес білгеннен көкжиекке дейін керілген кең байтақ даланы тамашалап, еркін өскен, елінің өткен даңқты тарихы мен ертегі-аңыздарын құлағына құйып ер жеткен Мағжан бойында әуелгіде, өршіл ұлттық рух кемерінен асып төгіледі:

«Шынында менің өзім де - от,Қысылған кәрі көзім де - от.Мен оттанмын, от - менен, Жалынмын мен жанамын Оттан туған баламын.Талай зулап ұшқанмынАльпіге барғам АлтайданБалканға барғам Қытайдан...»

Ақынның «от» деп отырғаны - халықтың ұлы рухы. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге тіпті, әлем халқына өз өркениетіңді танытуға болады деп есептейді ол:

«Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,Мен - Күн ұлы, көзімде күн нұры бар,Мен келемін, мен келемін, мен келем, Күннен туған, ғұннан туған Пайғамбар»

Жоқ, жоқ, бұл - кезеңде Еуразия құрлығын ат тұяғымен дүбірлеткен, алыс-жақын ұлыстарға мәдениет пен шаруашылықтың жаңа тәсілдерін үйреткен, бірақ кейін тағдырдың жазуымен әлемдік өркениет көшінен кенжелеп қалған өлке перзентінің аспандағы айды алам деп секірген тарпаңдағы емес, бұл - өз халқының бойындағы биік рухқа сенген, сол рух қайта бір дүр сілкінсе, армандаған азаттыққа жеткізеді, әлемдік өркениет көшінің алдыңғы легіне қайта косылуға болады деп үміттенген азаматтың парасатты да мақсатты әрекеті [1].

Мағжан Жұмабаевтың "Алыстағы бауырыма" өлеңіне түрік ақынының жауабы: Мағжан Жұмабаев - түркі халықтарының тегі бір тұтастығы мен бірлігін жүрегінен өткізе жырлаған ақынның бірі hәм бірегейі.

1919-1920 жылдары Мағжанның Ататүрік бастаған ұлт-азаттық қозғалысы туралы «Алыстағы бауырыма» атты өлең жазғаны белгілі. Арада 83 жыл уақыт өткенде бұл өлеңге түрік ақыны Фейзуллах Будак өлеңмен жауап жазған.

Мағжан поэзиясы туралы Фейзуллах Будак: "Түркі әлемі мен түрік ұлтының тәуелсіздік күресінде көптеген ұлдарының қаны мен көптеген зиялылардың әрі сиясы, әрі қаны мен жаны бар. Осылардың ішінде Мағжанның орны бөлек. Өйткені Мағжан – өлеңіндегі күш-қуатты Түркістан аймағындағы түркілердің бөлек хандықтар мен елдерге бөлінбей тұрған мықты кезеңінен алады.

Мағжанның денесі бодан болған туған жерде көзін ашып, бүкіл өмірін бодан елде өткізсе де, оның рухы мен арманы еркін түрік қағанатының кең-байтақ даласында қанат қағады және өлеңдері де осындай қайнардан күш алады. Мағжан Жұмабай – көне түркі жерінде ғасырлар бойы жалғасқан ыдыраудан кейін, жылдар бойы жалғасқан құлдық дәуірде отарлаушылардың жүйелі түрде қазақ, қырғыз, өзбек сынды ұсақ атауларды бекіту талпынысына қарсы өлеңдерінде қайтпай ортақ түрік атын және түрік болмысын паш еткен саналы дауыс.

Оның өлеңдерінде ұлттың аты – Түрік, отанның аты – Түркістан. Мағжан Жұмабайдың Түрігі оның жүрегіндей кең алқапта өмір сүреді және оның жүрегі Ұлы Әлем Түркі аймағының әрбір бұрышында соғады. Мағжанның ұлт ұғымына құрылған өлеңдеріндегі жалынды сөз тек оның әдеби күшінен емес, сонымен қатар өзі мен ұлтына деген терең сүйіспеншіліктен, ұлтындағы ұлы күштен туады. Мағжанның өлеңдері – Түріктің Түркістан аймағында қырық руға бөлініп, қырық ұлтқа ыдырап, қырық атаумен аталуына себеп болған стратегияларға және сол стратегиялардың жүзеге асуына жағдай жасаған ішкі қателерге қарсы көтерілген саналы бас көтерудің жан айқайы.

Сондықтан Мағжан – өлеңіндегі осы биік санаға байланысты Түркі әлемі әдебиетінде және сонымен бірге Түрік ұлтының тіршілігіндегі ең биік құндылықтардың бірі", - дейді «Түркия үні» радиосына берген сұхбатында.

Назарларыңызға қос өлеңді қатар ұсынып отырмыз. Мағжан Жұмабаев. Алыстағы бауырыма

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым,Қамаған қалың жаудың ортасындаКөл қылып көздің жасын төккен бауырым.Алдыңда ауыр қайғы жатқан бауырым,Өмірі жапа шеккен жаттан бауырым.Түксиген жүрегі тас жауыз жандар,Тірідей терің тонап жатқан бауырым.Апырмай, емес пе еді алтын Алтай -Анамыз бізді тапқан асау тайдай!Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,Жүзіміз емес пе еді жарқын айдай!Алалы алтын сақа атыспап па ек,Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек.Алтайдай анамыздың ақ сүтіненБірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек.Тұрмап па еді, біз үшін мөлдір бұлақСылдырап, сылқ-сылқ күліп, таудан құлап.Даяр боп ұшқан құстай соққан құйын,Тілеген бір-бір тұлпар бейне пырақ!Алтайдың алтынКүні еркелетіп,Келгенде жолбарыс боп, жаңа ержетіп,Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,Бауырым, мені тастап қалдың кетіп.Мен қалдым - жас балапан қанат қақпай,Ұшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады,Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай.Қорғасын жас жүрекке оғы батты,Күнәсіз таза қаным судай ақты.Қансырап, әлім құрып естен тандым,Қараңғы абақтыға берік жапты.Көрмеймін кеше жүрген қыр-сайды да,Күндіз - Күн, түнде - күміс нұрлы Айды да.Ардақтап, шын жібектей арайға орапӨсірген алтын анам - Алтайды да.Апырм-ай, айрылдық па қалың топтан,Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан. Түріктің жолбарыстай жүрегіненШынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан.Шарқ ұрып, ерікке ұмтылған Түрік жаны,Шынымен ауырды ма бітіп халі?!От сөніп жүректегі, құрғады маҚайнаған тамырдағы ата қаны?!Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта,Қайғыдан қан жұтамыз.Біздің атқаЛайық па құл боп тұру?Кел, кетелікАлтайға, ата мирас, алтын таққа!Мағжанның бұл өлеңіне түрік ақыны Фейзуллах Будактың жазған жауабы:Алыстан азабымды білген бауырым,Жұбатып, көздің жасын сүрткен бауырым.Отырып өзі жаудың ортасында,Көңілді мұң - зарыма бөлген бауырым.Тұмшалып қайғы-мұңға қалдым, бауырым,Қуарып бәйшешектей солдым, бауырым.Сен дұшпанды бұрыннан білуші едің,Мен енді соған куә болдым, бауырым.Анамыз еді-ау ортақ алтын Алтай,Ол бір тұлпар болғанда, біз бір-бір тай.Бауырында ойнақ салып біз жүргенде,Тап біздей жайнамайтын Күн менен Ай.Алалы алтын сақа атқан едік,Тебісіп бір төсекте жатқан едік.Алтайдай анамыздың ақ сүтін де Бірге еміп, бірге дәмін татқан едік.Сылдырап біздер үшін бұлақ ақты,Шатырлап найзағайлар ойнап жатты.Даяр боп ұшқан құс пен соққан құйын,Біз мінген аттар - тұлпар, һәм пырақты.Бір күні бұл дәуреннің соңы жетіп,Тәңірдің жазуымен сапар шектік.Ақ теңіз, Қара теңіз ассақтағы,Жүректі сол Алтайға тастап кеттік.Білемін ұшам дедің, ұша алмадың,Дәрменсіз, көкке қанат қаға алмадың.Жөн сілтеп, жол көрсетер ешкімің жоқ,Дұшпанның тырнағынан қаша алмадың.Саған атқан оқ маған өтіп жатты,Күнәсіз қанымызды төгіп жатты.Егерде қан төгілсе мына біздің,Түбімізге бөліну жетіп жатты.Мен де аңсаймын кешегі қыр-сайды да,Күндіз - Күн, түнде - күміс нұрлы Айды да.Бізді жібек құндаққа орап алып,Бауырында әлпештеген ана - Алтайды да.Айырылып бір-біріміздан, отқа түстік,Тарихтың қазанында қайнап пістік.Тайсалып қайтпайтұғын жауған оқтанЖігіттік, батырлықтың антын іштік.Ұмтылған бостандыққа түрік жаны,Ауырып көрген емес, бітіп қаны.Жүректің жалын оты сөнген емес,Соғып тұр тамырында ата қаны.Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта,Не таптық шашырағанда шартарапқа?Барлығын күш-қайраттың жинау керек, Атадан мирас қалған ұлы Отанда.[2]

2018 жыл наурыз айының екінші жұлдызы қазақ ақыны, публист, педагог Мағжан Жұмабаевтың өмірге келгеніне 125 жыл болды. Осы мерекеге орай түркі әлемінде “ Мағжан Жұмабаев жылы” болып жарияланды.

Аталмыш шараның беташары ТҮРІКСОЙЛ халықаралық ұйымының ұйымдастыруымен Түркияның Кастамону және Анкара қалаларында өтті. Шараға ақынның туған жері - Солтүстік Қазақстан облысынан делегациялар да қатысты. Мерекелік шара түркі әлемінің мәдени астанасы – Кастамону қаласынан бастау алды. Түрік ағайындар қазақ халқының асыл перзенті Мағжан Жұмабаевты ерекше құрметтейді.

Мағжанның мерейтойы аясында өткен кездесулер мен шаралар ақынның тағдыры қиын өмірбаяны мен шығармашылығын танытуға арналды. Оған зерттеуші ғалымдар, саясаттанушылар мен жазушылар қатысты.

Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» жыры 1915 жылғы Чанаккаледегі шайқасқа арналған. Ақын жыр арнап қана қойған жоқ, қазақтың байларынан қаражат жинап, туысқан халыққа ақшалай көмек көрсетті. Түріктердің Мағжан ақынды ерекше құрмет тұтатындығы да сондықтан»,- дейді ТҮРІКСОЙЛ халықаралық ұйымы Бас хатшысының кеңесшісі Асқар Құрманбаев.

Мағжан Жұмабаевтың шығармалары ондаған тілге тәржімаланған, олардың ішінде түрік, орыс, татар тілдері де бар. Ақынның 125 жылдық мерейтойына орай Мағжанның 26 шығармасы түрік тіліне аударылып, жеке жинақ болып жарық көрді.

Түрік ақыны және жыр жинағының аудармашысы Али Акбаштың сөзіне қарағанда, барынша дәлме-дәл тәржіме жасау үшін ақынның жан дүниесіне тереңірек үңілуге тура келген. Аудармашы Мағжанның әлі толық зерттеліп болмаған.

Мағжан – бостандық пен еркіндіктің адамы. Мағжан – түркі халықтарының бірлігі үшін жанын пида еткен тұлға» екендігін айтады.

Түркияның астанасы – Анкара қаласында ақынның мерейтойына орай халықаралық симпозиум өтті. Онда ақын туралы бұрын белгісіз болып келген көптеген фактілер жұрт назарына ұсынылды.

«Біз 1927 жылы деп көрсетілген Мағжан Жұмабаевтың қолжазбасын таптық. Онда ақын туған жылын – 1893 жылғы 7 қараша деп көрсетіпті. Бұл бағалы жәдігерді танысу үшін, Анкараға әдейі ала келдік», - дейді Солтүстік Қазақстан мұрағатының директоры Сәуле Мәлікова.

Түркітілді ағайындар Қызылжар өңірінің өнерпаздары – Біржан Есжанов, Қайырлы Ғафуров, Дәмеш Құрманкина орындаған ақиық ақынның сөздеріне жазылған әндерді бар ынталарымен тыңдап, олардың асқан шеберліктеріне шын жүректерімен риза болды.

«Жерлес ақынымыздың 1923 жылы Ташкент қаласында жарық көрген жыр жинағын өзіммен бірге ала келген едім. Біз ұйымдастырған көрмеге ақынның жеке мүліктері – Құран мен қолдан тоқылған кілемше қойылды. Олардың ішінде Жұмабаевтар отбасына тиесілі ыдыс-аяқтар да бар», – дейді ақынның туған ауылындағы мұражайдың директоры Айгүл Жүнісбаева.

Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен қаза болуында келер ұрпақтың шешу үшін еншісіне қалып отырған құпия мол. Түркияда ақын атында көше, мектеп және саябақ бар.adepiportal.kz[1]

Мағжан Жұмабаевтың шығармалары македон тіліне аударылады, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы Македонияның Скопье және Гостивар қалаларында «Түркі әлемінің ұлы перзенттері» атты халықаралық ғылыми конференциялар өткізді, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Екі конференция да биыл ТҮРКСОЙ ұйымы тарапынан атаулы жыл болып жарияланған қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың 90 жылдығына және қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына арналды. ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысының орынбасары Фырат Пурташ бастаған ресми делегация мен жиынға қатысушы ғалымдарды Македония Сыртқы инвестициялар министрі Аднан Кахил және Мәдениет министрі Асаф Адеми арнайы қабылдап, ұйымның мәдени интеграция саласындағы жаңашыл жобаларына табыс тіледі.

Конференцияда сөз алған ғалымдар қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев пен қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов мұраларының түркі халықтарының мәдени өміріндегі орны мен маңызына тоқталып, олардың әлем әдебиетіне әкелген жаңалықтарын сөз етті. Жиын кезінде «Мағжан Жұмабаев жылы» аясында басылып шыққан ақынның үш жинағы таныстырылды. Олардың біріншісі – түрік тіліне жаңадан аударылған (аудармашы – Әли Акбаш) «Алыстағы бауырыма»

жинағы, екіншісі – ақынның он екі тілдегі аудармаларының топтама жинағы (құрастырған – Асқар Тұрғанбаев), үшіншісі – әзербайжан тіліндегі (аудармашы – Рамиз Әскер) Мағжанның «Түркістан» топтамасы.

Скопье қаласындағы Македония мемлекеттік университетінің Түркология бөлімінде және Гостивар қаласындағы Визион университеттерінде өткізілгенконференциялардың нәтижесінде Мағжан Жұмабаевтың мұраларын македон тіліне аудару келісілді [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нысанбаев. Мағжан жырымен жұртын оятқан ақын.
2. Шерхан Талап. Мағжан Жұмабаевтың “Алыстағы бауырыма” өлеңіне түрік ақынының жауабы
3. “Түркі әлемінде Мағжан Жұмабаев жыры” жарияланды.

ӘОЖ 82-131

АҚТАН ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Андатпа. Ақын – жыраулардың дүниетанымы, философиялық ойлары төл философиямыздың қалыптасуына бірден бір рухани негіз бола алады. Олардың айтқан жыр-толғауларында тарих шындығы, адам, қоғам, табиғат мәлелері негізгі өзекті орын алады. Олай болса, жыраулар поэзияларының негізгі тақырыбы мен идеясы – отанды сүю, адал қызмет ету, татулық пен бірлікті сақтау, жақсылық пен жамандықты ажырата білу, елдік пен ерлікті насихаттау, достық пен данышпандықты үлгі тұту, әділдік пен әдептілікті ұғына білу.

Мақалада Маңғыстау өлкесінің көрнекті ақпа ақыны Ақтан Керейұлы толғау жанрларының ерекшеліктеріне тоқталып, дидактикалық сипатын айқындап, аз сөзбен көп мағына беретін толғауларының жас ұрпаққа тәлімдік-тәрбиелік мәні, ерекшелігін танытатын көркемдік амал-тәсілдер сараланып көрсетіледі

Түйінді сөздер: толғау, дидактика, жанр, жыраулық поэзия, поэтика, теңеу, ауыстыру, шешендік сөз.

Қазақ ақын –жырауларының шығармалары халық ауыз әдебиетімен, көшпелілердің әдет-ғұрып, салт санасымен тығыз байланысты болып, бар болмысында ойлы философиялық, тарихи сабақтастық принциптері қатар жүріп отырады.

Өлке әдебиетінде Ақтан Керейұлы шығармашылығы, философиялық, ой кешу, жыр толғау әдістері ерекше. "Бізге там-тұмдап жеткен шумақтарына қарағанда, оның өмір ағысын терең бойлап, ойлы өсиет пен тағлымды толғау айтуға шебер екені сезіледі", - дейді Р.Бердібай [1,316].

Ақтан поэзиясы –шалқыған кең тынысты дала поэзиясы. Олай дейтініміз, төкпе дәстүр кең тараған Батыс өңірдің төл перзентіне төпелете төгілткен төкпелік тән. Ақтан өз заманында тыңдаушы сүйсінген ағыл-тегіл ақпа ақын. Ол өлеңді қасиетті өнер деп таныған, артықша бағалаған. Халық алдында алқалы жұрт жиналған жиында сөйлеуге өте жауапкершілікпен қарап, өзін қаумалаған жұртты әділқазыдай көріп, оларға сөз асылын екшеп, өлең құйылтқан. Ақтан ақын өмірден оқыған ақын. Бірақ мейлінше өткір, батыл ақын болғанына ақынның өлеңдері дәлел. Ақтан өлеңдерінің көп бөлігінің бізге жетпеуінің негізгі себебі ауызша таралған. Ол ескідегі ақын-жыраулар дәстүрімен өлеңді табан астында шығарған суырыпсалма ақын. Кезі келген жерде төгіп-төгіп айтып тастап жүре берген. Сондықтан шығармаларының біразы ұмытылған. Қалай болғанда да, Ақтан поэзиясы терең философияға толы.

Ол өмірдің мәні, адам бойындағы жақсы, жаман мінездер турасында, сұлулық, әдемілік хақында көп толғаған. Ақтан поззиясы жайлы С.Қазыбайұлы былай дейді: «Ол жырлаған

термелердің тақырыбы мен ақын ой-пікірі кең. Оларда көбінесе жақсылық пен жамандық, ерлік пен ездік, батырлық пен қорқақтық, ақылдылық пен ақымақтық салғастырыла, бір-біріне қарсы мәнде, сипатта суреттеледі. Сол адам қасиеттерінің артықша түрлерін ардақтап, жетімсіз мінез-құлықтан жирендіре сөйлейді. Ақын термелерінде адам бойындағы сұлулық, шешендік, жүйріктік, балуандық сияқты сирек кездесетін құбылыстарды мадақтайды. Ондай сипат-сын дарыған жандарды қастерлеп, ардақ тұтады». [3,45б].

Ақын өз заманының көрінісін жырлаған. Тек өзге жыраулардан ерекше бір тұсы, адам жан дүниесі мен табиғат бейнесін ұштастыра білген. «Аққулар көркем көрінер» өлеңінде көлдің ерке құсы аққудың көркемдігінің, қыз баланың көркемдігінің қалай ерекшеленетінін ыңғайластыра көркем суреттеген.

«Қалағандарың сөз болса» атты толғауының;

Қалағандарың сөз болса,
Мен жырлауға құмармын,
Шұбалаң құйрық шұбармын.
Шапшаң аттай саулаймын,
Жанған аттай қаулаймын.
Не қылғанмен дер күнім,
Бұлдыраған таудаймын, [2,86б].

деген жолдарынан ақынның өзін таныстырып қана қоймай, өз дарынына, қабілетіне сүйсіне, жұмсақ мақтану байқалады. Ақтан жырларының кейбір тұстары Бұқар жыраумен сарындас болып келеді. Атап айтар болсақ, Бұқардың «Бірінші тілек тілеңіз» толғауы мен Ақтанның «Біріншіден не жаман» толғауының ұйқасы, мағына-мазмұны ұқсас келеді.

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Ер шұғыл пасық залымның,
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкіл көйлек кимеске.

Бұхар осылай Алладан он бір тілек тілесе, Ақтан риторикалық сұрақ-жауап айшығымен толғап, өмірде кездесетін жамандық атаулыны тізе келе:

Біріншіден не жаман,
Білімсіз туған ұл жаман.
Екіншіден не жаман,
Ананың тілін алмаған,
Қасарысқан қыз жаман.
Үшіншіден не жаман,
Үш жеріннен буғызып,
Көрге салған сол жаман, – деп онға дейін кете береді.

Кей жерлерде стилі Әбубәкір Кердерімен ұштасса, көзқарасы Балқы Базармен тоқайласып жатады. Бұл жөнінде Қ.Сыдиықов былай ой түйіндейді: «Әбубәкірдің бірер өлеңі Бұхар, Шал, Ақтан т.б. ақындар сияқты саты-саты адам өмірін суреттеу дәстүрінде» [4,13б.].

Мысалы Базар жырау:

Атасы арзан жел сөзден
Бас-басыңа жетерлік
Еншіңді неге бермейін,– десе,

Ақтан:

Тәңірім жел сөз берген соң,
Атасы арзан жел сөзді,
Сіздерге бұлдап сатпайын – дейді.

Жалпы өмірінің біраз бөлігін өнер қуумен өткізген дүлдүл бұл жалғанның бес күндік екенін пайымдап, тірлігінде мал-мүлікке қызықпағанға ұқсайды.

Арзан сөзден ала бер,

Дүния шіркін, жолдас па?!

Түйсігі бар тірі пендеге дүнияның жолдас болмайтынын айта келіп,

Адал жүріп шын сөйле,

Асығың түсер алшыдан, – осылайша адалдыққа, адамдыққа шақырады. Тіршілікте адал жүрсең абыройың артып, шындықтан танбасаң беделің биік, басың төрде екенін ескертеді. Бір-ақ рет берілер өмірде адамның кісіліктен аттап пендешілікке салынбауын қалайды. Таңқаларлық жағдай – Ақтан осы ой тұжырымының дұрыстығын өз болмысымен дәлелдеп отыр, өлгеніне ғасыр өтсе де басы төрде, ел-жұрты ішіндегі даңқы қазір де аспандап тұр.

Бірақ терең үңілсек екеуінің де айтар ой ортақ болғанмен, әрқайсысы өз ерекшеліктерімен толғаған. Ол өзінің атақты «Біріншіден не жаман?» атты толғауында кең парасаттылықпен мынау жалғанның «жамандарын» тізіп береді. Адамның, соның ішінде ер азаматтың жанына жақын жандары, атап айтар болсақ, алған жары, ұл мен қыздың жағымсыздығы абырой әкелмейтінін айтса, төртінші, сегізіншіден әділетсіз би мен жеткіншек кезінде, ештене көрмей ерте, қыршын кетудің өкінішін жырлайды. Дүниенің ең жаманы бір перзентке зар болып, сәби сүймеудің азабын баса айтады.

Терең философияға тұнған осы толғауын бастан-аяқ оқып көрейік: Біріншіден не жаман? – Білімсіз болған ұл жаман. Екіншіден не жаман? – Ананың тілін алмаған, Қасарысқан қыз жаман. Үшіншіден не жаман? – Үш жерінен буғызып, Көрге салған сол жаман. Төртіншіден не жаман? – Төресін ғаділ бермеген, Парақор болған би жаман. Бесіншіден не жаман? – Бес уақыт намазың Қаза болған сол жаман. Алтыншыдан не жаман? – Алғашқы алған әйелің, Көп ішінде кеңкілдеп, Тіл алмаған сол жаман. Жетіншіден не жаман? – Жеткіншектеп оқ тиіп, Жетпей қалсаң, сол жаман. Сегізіншіден не жаман? – Серке санды ат мініп, Сергелдең болған жол жаман. Тоғызыншыдан не жаман? – Торғайдай болған бір басың, Топқа түскен сол жаман. Оныншыдан не жаман? – Оймақ ауыз, қиғаш қас, Бір перзенттің жоғынан, Мұңлық болған сол жаман. [5, 250б.]. Байқағанымыздай, «Бесінші жаман» «түсіп» қалған. Яғни, Ақтан өлеңдері ауызша тарағаны себепті, толғау тармақтары өз орындаушыларына сәйкес өзгеріп отырғанына да дау жоқ. Толғаудың соңғы шумағында ақынның сөз саптауындағы өзіндік ерекшелікті байқаймыз. «Оймақ ауыз, қиғаш қас» деп қазақ әдетте ару қыздарға айтады. Ал Ақтан толғауында бұл тіркес перзентке қатысты айтылып, өзіндік мағынаға ие болады.

Адал жүріп, шын сөйле, Асығың түсер алшыдан. Мақтанғанмен аса алмас, Кем болса қатар, шарқынан, Сұрағанмен алмассың, Көп қазғанмен қанбассың, Қайырсыз сараң таңқыдан.[5, 245б.] Бұл толғауында да ақын тек адалдық қана қадамына сәттілік әкелетінін, бос мақтанға салыну жақсылыққа апармайтынын, сараңдықтың жаман қасиет екенін өлең өрнектерімен кестелеп берген. Ақтан толғаулары адамгершілік, адамдық жайлы көп толғайды. Сондай-ақ, жыраулар поэзиясындағы кәрілік, жарлылық т.б. мәселелер Ақтан поэзиясынан алшақ емес.

Кәріліктің белгісі,
Көңілдің хошы келмеген.
Жарлылықтың белгісі,
Жанын қинап өлмеген
Жалғыздықтың белгісі,
Өзіне – өзі сенбеген.
Палуандықтың белгісі
Өнермен өрге өрлеген.
Сақилықтың белгісі
Халықтың қамын көздеген...– [5, 247б.] – дейді .

Сонау заманғы асыл текті аталарымыздың салт-дәстүрі, жойқын жыраулардың мінезі, тілі-қанына сіңген, шешендік бойына ана сүтімен дарыған, далиған даладай дархан жырлы ақын мұраларында мұндай астарлы сөздер мол. Ақтан бірқатар толғауларында тыңдаушы халық алдында үнемі есеп беріп, өмірдің сан қилы мәселелері жайынан ойлы пікірлер шертеді. Ол әрдайым тыңдаушы жұртшылықпен сырласып, пікірлесіп отырады. "Қалағандарың сөз болса, Мен жырлауға құмармын", "Айт десеңіз, жарандар, Азырақ жауап бастайын", "Тұсыңа келдім, жарандар, Тұрмайын кейін бойбалап" немесе "Дидар болып сөзіме, Әлеумет, тұрсың омбалап", "Мерекеңе кез келдік, Мен – байрақты жүйрік саңлағың", "Мен – Адайдың Ақтаны, Сөйлесем,

сөзім тақталы, Бөгесе, бөгет бермейтін Қаратаудың ақпары" сияқты жолдарында әлеуметтің көңіл күйін барлап, өзінің арқалы жыршы, айтулы жүйрік екенін әсерлі суреттеп, жұртшылық делебесін қоздыра түседі. Әрине, бұл ақынның халыққа деген инабат-ілтипаты және тыңдаушы ықыласын өнерге аударып, құштарлығын арттырудағы ерекше қажетті көркемдік әдіс болып табылады.

Ақынның шынайы сезімді жырлаған шығармаларының тандаулысы – Қаражан қызға арнаған өлеңі.

«Қаражан қызға» атты өлеңінде қыз тағдырын байқау қиындық туғызбайды. Бұл толғауы өзі ынтық болған Қаражан сұлу басқа ошақтың түтінін түтеткенінен туған уытты зар, ащы өкініш жыры десек болады. Сондай-ақ, ақын Қаражан сұлудың мұңы арқылы сол замандардағы өз сүйгеніне қосыла алмай бейтаныс біреудің шылбырында кетіп зар жылаған күллі қазақ қыздарының көкейлеріне шермен боп қатқан зар-запыранын астарлағанға ұқсайды. Жамандыққа қанша көнгенмен жақсы болмайтынын ашына жырлап Қаражанның өз теңіне бұйырмай, жатқа адам қолымен жасалған тағдырына еріксіз мойынсұнғанын өкінішпен толғап, жатқа адам қолымен жасалған тағдырына еріксіз мойынұсынғанын өкінішпен толғап, соңында «Барасың қолдан кетіп,құрметтесім, Қош, аман, енді сау тұр, боз қаңбағым»,–деп мұңмен әдемі аяқтады. Осылайша, Қаражан қызды «ұшарын жел, қонарын сай білген» «боз қаңбаққа» теңеу арқылы әділетсіздіктің құрбаны боп кете барған ару тағдырын бір-ақ ауыз сөзбен шебер бейнелеп береді. Ақын үшін бастысы өз басының бақыты емес, елінің тыныштығы, көлінің тұнықтығы. Халық лирикасы үлгісіндегі бұл өлеңнен ғашық болып қосыла алмай өткен Ақтан көңілінің аяулы мұңын, әлеуметтік теңсіздік торындағы арманды жастардың лажсыз халін көреміз. Бұл Ақтан дәуірінің ең көкейкесті мәселелерінің бірі еді. Мұнда жан сезімі шебер бейнеленген. Біздіңше, бұл – XIX ғасырдың II жартысындағы ақпа ақын-жыраулар творчествосындағы лириканың озық үлгілерінің бірі. Бұл – кезінде өксікті шерге айналған махаббат мұңы, тыңдаушы көзін жасқа бұлап, елден елге, жылдан жылға көшіп, ұмытылмай біздің дәуірімізге жеткен өміршең дүние. Ол қазір де жүрек тебірентерлік қуатын жоймаған. Адай саңлағының өлеңдерінде сұлулық, әдемілік, көркемік мәселелері көп сөз болған.

Отырған қарсы алдымда әдемі қыз,
Мөрлеген ақ қағаздай мәнеріңіз.
Қиғаш қас, оймақ ауыз, нәркес көзді –
Жалғанда жайнап тұрған әдемі жүз,[5, 257б.] - деп Қаражанның сұлулығын сипаттаса, «Той бастау» өлеңінде ару көркін көркем тілмен одан әрі асқақтата түседі:

Айырған алтын реңді,
Күміске меңзер өңдерің.
Әдемі, артық баласың,
Майда бір нәзік сөздерің.
Жүз тоқтатып қарасам,
Лағыл, жауһар көздерің.
Текеліктің атындай,
Көрінеді сұлу белдерің…

Қыз сұлулығын шығыс шайырларындай асыл, ақыққа теңеп жырлауға тек Ақтан сынды өрен жүйріктің өресі жетсе керек. Әрине, осындай шумақтарынан шығыс ақындарының дәстүрін, тіпті Абай ықпалын да сезуге болатындай.

Алла тіл бергенде тартынбай сөйлеген батыс дүлділі көп толғауларында таяқтың бір ұшын шынжыр балақ, шұбар төс шонжарларға тигізе отырып сөйлейді.

Парақор болып құнықса,
Әділдік қалар ханыңнан... Немесе,
Төресін ғаділ бермеген,
Парақор болған би жаман.
«Той бастау» өлеңінде ұзатылатын қызды тамылжыта мақтай келіп,
Кетемін деп жарқыным,
Уәйім етіп өкінбе.
Ажалдан бұйрық болған соң,

Әркімдер сендей аттанды-ай, - деп өмір жолы осындай дегендей түсінік беріп, басу айтады. [3,31б.].

Ақтан Керейұлының шығармалары өскелең ұрпақты шыншылдыққа, мақтансүйгіштіктен аулақ болуға, әділдік пен адамгершілікті ту етуге тәрбиелейді. Патриоттық жағы бөлек бір дүние.

«Біразырақ сөйлейін», «Заман жайында», «Тыңдасаңыз сөзімді», «Қайыспас бұлан нар едім» атты шығармаларында ақын адамшылық қасиет, адалдықты өз шығармаларында арқау етіп, бұқара мүддесі үшін күрескен батырларды жыр еткен.

Екі атысқан жау болса,
Арасында панамын.
Мен – ақбауыр кер жорға,
Әдемі басқан аяғын.
Қарасаң көзі жеткісіз
Жылмиып жатқан даламын. ..[5, 243б.].

деген жолдардан Ақтанның жауласқан адамдарды бітістіретін, әлсізге пана бола алатынын, шаршы топта өз сөзін өткізе алатынына куә болсақ, кейінгі үш тармақтан пейілінің даладай кең, қажет болса, сыр жасыра алатын сырбаз жан екенін байқаймыз. Осы «қалағандарың сөз болса» атты шығармасынан автор тыңдаймын деген адамға сөздің мәйегін, нәрін төгетін дара тұлға ретінде өзін таныстырады. Өмірдің мәні – адалдық шындық екенін баса айтады. Бос мақтанға ұрынбасаң, қатарыңнан кем болмайсың дейді. Бұл өлең жолдарынан бос сөздің түбін қазсаң, соңынан қусаң жеткізбейтінін, ақыр соңында өзің ақымақ күйде қалып қоятыныңды айтады.

Жалпы Ақтанның жыр жолдарынан алар тәлім-тәрбие, өнеге мол. «Той бастау»толғауында Кіші жүздің Әлімұлы, Байұлы,Тама, Табын, Жеті руының барлығын аралағанын, шаршы топ қаумалап, сөз берген соң барқадар қалінше сөйлейтінін толғайды. Толғаудағы тұнған теңеу мен эпитет, әсерлі жолдар, сырлы сөздер оқырманын өзіне тез баурап алады.

"Қалағандарың сөз болса", "Айт десеңдер, жарандар", "Жайық деген жанды су" сияқты біраз толғаулары ақынның ұзақ, желілі дастандарды жырлар алдындағы кіріспе толғауы не жырлап болғаннан кейінгі топ тарқатар жыры іспетті. Әдетте, кең сілтеп, ұзак жырлайтын айдынды, арынды ақындар ұзақ жырлар алдында әуелі терме, толғаулар толғап өзін бабына келтіріп, шабытын тұтатып, тыңдаушысын баурап алатын болған. Содан кейін қырандай қанаттанып, селдете құяды екен. Ал топ тарқатар тұста тағы да терме, толғауларға көшкен.

Қорытындылай келгенде, ерлікке, адамгершілікке, ізгілікке бастайтын философиялық өлеңдерін артына өшпестей мұра етіп қалдырып кеткен Ақтан ақын нағыз тарихи тұлға. Оның толғаулары осы күнге дейін өміршеңдігін жоймай келеді. Қазақ ақын-жырауларының шығармалары шындығында да терең мағыналы философиялық ойларға толы. Олардың шығармалары төл рухани мұраларымыздың бай қазынасы болып табылары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Р.Бердібай. Жұлдыздар жарығы. Алматы: «Білім», 2000ж

2. Қ.Сыдиықов. Ақын-жыраулар -Алматы. Ғылым, 1974 ж

3. С. Қазыбайұлы .XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті: Жыраулар поэзиясы. Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004ж

4. Қ. Сыдиықов Алғысөз // Қазағым – Алматы: Жазушы.1993ж.

5. Бес ғасыр жырлайды. -Алматы: Жазушы,1989ж

ӘОЖ: 378:37.01(045)

МҰХТАР ШАХАНОВ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІ

Оразымбетова С.И., Оскинбаева А.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл баяндамада М.Шахановтың қазақ елі үшін,қоғам үшін жасаған еңбектері айтылады. Жалпы түркі халықтары үшін ортақ мұраларын талқылаймыз және М.Шаханов атамыздың өмірінен сыр шертіп, шығармашылығына шолу жасап, еңбектеріне талдау жасаймыз.

Түйінді сөздер: Көрнекті қайраткер, отаншыл, ұлтшыл тұлға, Түркі әлемі, Мұхтар Шаханов.

Қазақ ақыны драматург Мұхтар Шаханов 1942 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті бітірген соң, трактордың тіркеушісі, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер, «Лениншіл жас» газетінде оңтүстік облыстар бойынша меншікті тілші, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, республикалық «Жалын» журналының бас редакторы, т.б. қызметтер атқарды. Аса көрнекті қазақ ақыны, мемлекет, қоғам қайраткері. Шығармалары дүние жүзінің 40-тан астам тілдеріне аударылған. Әкеден 9 жасында жетім қалған ол 7 сыныпты бітіре салысымен колхозда тракторшы, Шымкент цемент зауытында бетоншы, "Оңтүстік Қазақстан" газетінде корректор, әдеби қызметкер, "Лениншіл жас" газетінің Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстары бойынша меншікті тілшісі және т.б. қызметтер атқарды. 1993-2003 жылдар аралығында он жыл қатарынан Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болды. 2003-2004 жылдарда республикалық "Жалын" журналының Бас редакторы, "XXI ғасыр және Руханият" атты халықаралық элита клубының президенті, қазір ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты [1].

М.Шаханов 1986 жылы Кеңес Одағындағы тоталитарлық жүйеге ашық қарсы шыққаны үшін түрмеге қамалған, қуғын-сүргін көрген қазақ жастарын ақтап алуда өз басына төнген қауіпке қарамай, ерлікке барабар іс етті. Апат аймағы - Арал теңізі маңындағы адамдарды қорғау туралы әлемдік деңгейде дабыл қақты.

Тіліміз бен тарихымыздың және сан салалы мәдениетіміздің көкейтесті мәселелеріне белсене ат салысты. 1988 жылы 62 жылғы үзілістен соң Қазақстанда, күллі Орта Азияда "Наурыз" мерекесінің қайта тойлануына мұрындық болды.

1989 жылы КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, 1990 жылы Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш, Тереңөзек аудандары бойынша Қазақ КСР халық депутаты болып сайланды [2].

Ф.Хитцер "Еуропа үстіндегі найзағай" деп атаған М.Шахановтың "Өркениеттің адасуы" атты романы әлемдік поэзиядағы жаңа құбылыс ретінде бағаланды. 1999 жылы ЮНЕСКО өзінің арнайы шешімімен Париждегі өз штаб-үйінде шығарманың тұсаукесерін өткізіп, оны әлемнің барлық басты тілдеріне аударуға ұсыныс жасады. Ал 2002 жылы ақынның "Жазагер жады космоформуласы" (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты екінші романы бойынша да ЮНЕСКО "Жібек жолындағы ғылым мен руханият" халықаралық конференциясы шеңберінде "Тарихи-адамгершілік жадыны жоғалту қаупі және рухани тазару проблемасы" деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізді. М.Шахановтың Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған "Құз басындағы аңшының зары" атты эссе кітабы мен "Сократты ескеру түні" атты драмасы да көп тілдерге аударылды.. М.Шаханов - "Қырғыз Республикасының халық ақыны" (1994), "Қазақстан Республикасының халық жазушысы" (1996), ондаған шет елдік академиялардың, университеттердің құрметті докторы, профессоры. ", Шығармалары: Бақыт. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1968; Ай туып келеді. Балладалар мен өлеңдер. А., «Жазушы», 1970; Қырандар төбеге қонбайды. Балладалар, өлеңдер, поэмалар. А., «Жазушы», 1974; Сенім патшалығы. Балладалар, өлеңдер, поэмалар. А., «Жалын», 1979; Махаббатты қорғау. Балладалар, өлеңдер, поэмалар. А., «Жалын», 1982; Уақыт бедерлері.

Балладалар, өлеңдер, поэмалар (орыс тілінде). А., «Жазушы», 1982; Зерде кітабы. Өлеңдер, балладалар, поэмалар (орыс тілінде). А., «Жалын», 1983; Өркениеттің адасуы. А., Жаңа қазақтар. Өлеңдер. А., «Білім», 2001.Шымкент педагогикалық институтын бітірген (1969) [3].

Оңтүстік Қазақстан (1960-65), Лениншіл жас (1965-70) газеттерінде, республикалық телевизия, радио редакцияларында (1971-75) істеді. Алғашқы өлеңі (Сырдария) 1959 жылы жарияланды. Тұңғыш өлеңдер жинағы (Бақыт) 1966 жылы жарық көрді. М.Шахановтың Балладалар (1968), Ай туып келеді (1970), Қырандар төбеге қонбайды (1974), Сенім патшалығы (1976) атты кітаптары шықты [3].

Өлеңдерінде философиялық ой басым. Махаббат заңы атты поэзиялық спектаклі республикалық театр сахнасына қойылды (1974). Мұхтар Шаханов көптеген әндер мәтінін жазды. Мәтінін де, музыкасын да өзі жазған Жұбайлар жыры, Туған күн кешінде, Гүл дәурен, Мен саған ғашық едім атты әндері жұртшылыққа кеңінен таныс. М.Шаханов — Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты.М.Шахановқа «Жазагер жады космоформуласы» атты шығармасы үшін Калифорния Ғылым, Индустрия, Білім және Өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы Алтын медалі мен Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағы берілді.

«Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Тамбов қаласында өткен «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен нобелшілердің халықаралық конгресінде «Нобель» ақпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды. Сахарада сайран салып, ұшқан құстай еркіндікте бұла өскен, ерлікті тірлігіне ту еткен намысқой жырауларға ел үшін өлу бір тамаша бақыт, мұрат секілді. Елдің бірлігін ойлап күңіренген де, азаттықты аңсап айқасқа шақырған да ақындар, хандарға ақыл берген де ақындар. Уақыт, заман өзгерді. Абайдан бастау алып, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев секілді жанкешті ұлтжанды ақындар тұтас бір дәуірдің қоғамдық ой-санасын қалыптастырды. Мең-зең ұйқыда жатқан халықты оятып, азаттыққа шақырды. Рас, бұл өте қатерлі жол еді. Гомердің «Иллиадасындағы» біркелкі ұзақ ғұмырдан бас тартып, қатерлі де даңқты қысқа ғұмырды таңдап алған Ахилес секілді, олар да осы бір тар жол тайғақ кешуді өз еріктерімен таңдап алды. Алайда, 1937 жылғы қанды репрессия өзінің қаскүнем рақымсыздығымен ет пен сүйектен жаралған өзекті жанның иманына қысым қылған, тарихта теңдесі жоқ нәубет еді. Осы кезден бастап бір халықтың жүрегін ұшырған ұлттық үрей басталды. Ол санаға, қанға сіңіп, өзіңді ешқашан тастамайтын ғашық жарыңдай күндіз қасыңда, түнде құшағында болды. «Ұлтшыл» деген ат жер бетіндегі ең үлкен қарғыс болып қалыптасты [3].

Содан кейінгі жағдай баршамызға белгілі. Жалаң қылыш идеалогиясының тұсында поэзия өзінің ұлттық нәрінен айырылып, жағымпаз жарапазаншы кейпіне түсті.

Бірақ осы тұста поэзия мүлде болмады десек, тарихқа қиянат болар. Соқыр шырақтай жалп-жалп еткен киелі өлең әлі біржола сөнген жоқ еді. Әр тұстан, әркімнен, әр жылдары әрқалай қылаң беріп қалып жүрді. Шындықты айту оңайға түскен жоқ. Қадыр ақынның «Өткізу үшін шындықты, өтірік қостым ішіне», - деуі осындай қиындықты бастан кешіргендіктен болар.

Үш жүз жыл отарлау саясатының қанды шеңгелінде күн кешкен, «жан менікі дей алмай, мал менікі дей алмай» тілін, дінін, ділін ұмыта бастаған халқымыздың зарын айту – басты бәйгеге тігумен бірдей еді.

Бұл күнге азаматтығын, поэзиясын күллі әлем мойындаған Мұхтар Шаханов – осындай басын бәйгеге тіккен ақындардың бірі.

Қоғам тіршілігін майданға теңесек, Мұхтар ең алдыңғы шепте, оқтың өтінде, өлімге бас тіккен жанкешті жауынгер секілді.

Ұлтының өр рухты ұлдарының бірі М.Шаханов жайлы сыр шертпеген, ой толғамаған қаламгерлер кемде-кем шығар. Шабыты дария, шығармалары сан-саланы қамтыған Мұхтар аға жайлы қанша мадақ сөздер айтсаң да, жыр шумақтарын арнасаң да аздық етері сөзсіз.

М.Шаханов халқы үшін түймедағы өсімдігі секілді. Өткені түймедағы өте шипалы, емдік қасиеті көп өсімдік. Ол бір жылдық, көп жылдық болып өседі. Түсі ақ, сары, қызғылт. Гүл шоғырын жасап сыйлауға да болады. Дәрілік қасиеті де өте жоғары: тер шығарады, сіреспе, асқазан, бас ауруларына мың да бір ем. Бұл гүлді тектен-тек Мұхтар ағаға теңеп отырған жоқпын.

Мұхтар да елдің қай жері ауырады, қай жағы ақсап жатыр, сол жерден табылады. Емші ауруды емдесе, Мұхтар аға – халық толғандырған мәселені дөп басып, елдің мұңын емдейді [2]

М.Шаханов орта ғасырда өмір сүрген Әмір-Темірдің пендешілік істерін, алты ай бойы Отырарды ала алмай қаһарына мінген Шыңғысханның зорлық-зомбылығын, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының халқымызға тигізген орасан зор зардабын, кешегі 1986 жылғы қазақ жастары бас көтерген Желтоқсан көтерілісінің тарихи мән-мазмұнын көптеген шығармаларына арқау етті. Оқырман қауымға тарих беттерін парақтай отырып, дұрыс жолды көрсетіп тарихи тұлғалардың шынайы бет-пердесін отты жырларымен суреттеп берді.

Дарын танылды. Адал күш танылды. Ар-намыс танылды. Бұл ақынымыздың әрбір шығармасын оқығаннан кейін, азды-көпті ойланбай қала алмайсың... Ой мен сезімге недәуір жүк түседі... Тек автобуста келе жатып оқыма, шай ішіп отырып оқыма, басыңды жастыққа сала беріп оқыма, өйткені оның әрбір жолы қадағалап оқуды керек етеді» - деп өз кезінде айтып өткен Ғабит Мүсіреповтың даналық сөзі бүгінгі күнмен де үндесіп жатқандай.

Мұхтар Шаханов поэзиясының арқауы - ана тілінің тағдыры, ұлтының, халқының тағдыры. Ақынның:

«Тарихың тұр санаңа өткел тастап,
Өз тілінде ойлау, сөйлеу тоқталған сәттен бастап.
Бүкіл баба рухымен байланысың кесілер,
Тағдырыңнан ата ғасыр шамын солай өшірер.
Қатеңді әбжіл түзетпесең, толыққанды жоқ тірлік.
Біз бабалар сүйегіне, сеніміне бас құрдық.
Бас құрдық та ұлтсыздық кеңістікке ат бұрдық.
Өз тіліңді жерсінбеудің, өз анаңды менсінбеудің,
Арсыздығы қай дәуірде болып еді тапқырлық?

Ол – рухани мүгедектік әрі ұлттық сатқындық» -деген жолдарын әлемнің жиырмаға тарта елдердің алдыңғы қатарлы гуманистері қолдап, қуаттаған [3].

Шындығында да, «Сейхундария», «Күретамырды іздеу», «Нарынқұм трагедиясы», «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі» поэмаларының қай-қайсының да негізгі идеясы, өзегі – халқының тарихын қорғау, ұлыларын ұлықтау, адамшылық қасиеттерден арылмау. Мұхтар Шахановтың сөзімен айтсақ: «Өйткені қай елде болса да, ана тілін, туған тарихын сыйлау – туған анасының жүрегіне жол табумен бірдей». М.Шахановтың заманымыздың өр рухты, қайсар да батыл ұлы ақын екендігіне көз жеткізе отырып, оның шығармаларымен үнемі сырлас болуға деген құштарлық сезімін дарыту арқылы ғылыми тұрғыда жүргізген ізденісіме алып келуге болады.

М.Шаханов – сан қырлы талант, елінің ардақтысы, тарихының жанашыры, нағыз «сегіз қырлы, бір сырлының» өзі. Демек, жылылықты сезінген жер ана, тылсым дүние, тіршілік иелері дарынды мойындап, поэзия тілінің тәлімін еңкейген қария мен еңбектеген балаға дейін сезінгені шындық.

Еңбекпен келген даңқ – ақын үшін үлкен бақ. Бірақ нағыз ақын қашанда халқы бақытты болғанда ғана өзін бақыттымын деп ойлайды.

Ақын болу оңай деймісің қарағым,
Аузында жүру бұл өзі сыздаған барлық жараның – деп оның үзеңгілес ағасы Төлеген Айбергенов айтқандай Мұтар Шаханов өз халқының барлық сыздаған жарасының аузында жүрген ақын. Қалың қауымның ол дегенде ішкен асын жерге қоятыны да сондықтан. Қаламгер үшін де бұдан үлкен бақыт болуы мүмкін емес.

Сонымен қатар Ақиық ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Мұхтар Шахановқа «Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін» сыйлығы берілді. Өткен аптада АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында «Түркі күні» атты халықаралық ғылыми-мәдени іс-шара өткен болатын. Осы жиында аталған сыйлық қазақ ақынына салтанатты түрде табыс етілді.

«Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін» сыйлығы, аты айтып тұрғандай, түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениетіне, өнері мен ғылымына сіңірілген еңбек үшін беріледі.

Оның әлемдік деңгейде үлкен мәні бар. Ал бұл сыйлықты тағайындаушы – Түркі әлемі жазушылары мен өнер қайраткерлерінің қоры [1].

Мұхтар Шаханов кезінде «Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін» алтын медалімен марапатталған болатын.Медаль ақынға Әзірбайжан республикасындағы «Вектор» халықаралық академиясында өткен жиын кезінде тапсырылған. Сонда Мұхаң аталған академияның құрметті докторы атағын да иеленген еді. Енді, міне, ол кісіге Түркі әлеміндегі мәдениет пен ғылымға қызмет көрсететін ең беделді ұйым «Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін» сыйлығын беріп отыр.

Қорыта келе,ұлтқа қымбат қоғам қайраткері, Түркі әлемінің дара тұлғасы Мұхтар Шаханов атамызды Қазақ жұртының баға жетпес байлығы десек артық болмас. Мұхтар Шахановты Қазақ елінде білмейтін, танымайтын жан жоқ. Оның туындыларының қазақ әдебиетінің баға жетпес жаһарына айналғанына көзіміз анық жетеді. Ақындығын мойындадық, ал азаматтығын тани алдық па? Шығармашылығы өз алдына, қайраткерлігі мен қайсарлығы туралы айтар әңгіме бір, жоқ, бірнеше ғылыми еңбектің өзегі болар еді. Мінберлерде ойын тайсалмай жеткізіп, дәлелдеп жүретін азаматтың сыртынан қарап, оның көңілінің баладай аңғал, жүрегінің кең, жанының терең екенін бірден ұғыну мүмкін емес. Бірақ шындығы солай.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Ағыбаев, Отырар тарихын бұрмалау кімге тиімді//
2. Қ.Біләл, Шыншыл шығармаға әдісетсіз, рухсыз шабуыл//
3. М. Шаханов, Төрт ана. 2014 жыл

2-СЕКЦИЯ
«ТҮРКІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТАНЫМ»

ӘОЖ 101

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ТҮРКІЛІК НЕГІЗДЕРІ

Каттыгарин Ж.Н.
Рудный Индустриалық Институты, Қазақстан

Андатпа. Бұл ғылыми жұмыста Шығыс халқының рухани игілігіне айналған кемеңгер тұлғалар дүниетанымындағы түркілік негіздеріне жан-жақты талдау жасалынады. Қос ойшыл мұрасындағы гуманитарлық ұғымдар өзінің қайталанбас болмысымен маңызды зерделеуден өтті. Ғылыми еңбекте ойшылдар мұрасының қоғамдық ойды жетілдірудегі үлесін пайымдай білуге, яғни солар арқылы қазіргі мәдениет пен өркениет деңгейі туралы баға беруге болады.

Түйінді сөздер: дүниетаным, өркениет, көшпенділер, жер-ана, тәңіршілдік

Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн өмір сүрген дәуірді қарастырғанда, біз қазақ халқының арғы ата-бабалары, түркі тайпаларына қатысты мәліметтерге тоқталамыз, бізді ойшылдардың Отырар мен Баласағұнда дүниеге келуінің дерегі ғана емес, бұл тайпалар тарихында болған шынайы байланыс және Орта Азия, Таяу Шығыс халықтары мен басқа этникалық топтардың өзара қатынасы қызықтырады. Ғаламдық діндердің көшпенді далаға келіп орнығуы, монотеистік сипаттағы тәңіршілікпен сұхбатынан туындаған дүниетаным философиясы Әбу Наср әл-Фараби мен Жүсіп Хас Қажыб Баласағұнның шығармашылығының қалыптасуындағы ең алғашқы іргелі бастама. Діни көзқарастар мен мәдениеттер синтезінің нәтижелері мен енгізген толықтырулары қос ғұлама дүниетанымының негізін құрайды. Дала өркениеті,– дейді А.Қасымжанов,– әлемдік өркениеттің негізгі тармағы, құрамдас бөлімі. Оның түп тамырлары өте тереңде, б.э.д. екінші мыңжылдықты қамтиды. Б.э.д. II ғасыр мен б.э. XIY ғасыр аралығында жазық далада «көшпенді өркениет қарқынды дамыды». Олардың ішіндегі ең мәшhүрлері: ғұндар өркениеті (б.э.д. II ғ. – б.э. II ғ), түрктік өркениет (YI-YIIғғ),шыңғысхандық өркениет (XIIIXIY ғғ) [1,6]. Жалпы ғылыми жұмысымыздың бастамасы ре-тінде өткенге шегініп, тарихи тетіктерімізді түгендеп алуға ниет етіп отырмыз. Тарихқа үңілетін болсақ Азия мен Еуропа халықтары, әсіресе Орталық Азия халықтары бір аймақта өмір сүріп, бір тілде сөйлеген. Бірнеше мыңжылдықтан кейін ғана тілдер өзгеріске ұшырап, Шумер мен Вавилон мемлекеттері кезінде парсылар, арабтар, еврейлер, ассириялықтар және басқа да халықтар сақтардың арғы аталарымен іштесіп, араласып өмір сүріп, кешірек бұл халықтардың ұлы қоныс аударуы басталды. Ежелгі парсылар мен арабтар өз орнында қалады. Ал Израиль ғалымы В.Шнейдердің айтуынша еврейлер біздің даламызға скифтермен, яғни ашкеназдармен (сақтар) б.э.д. 612 жылы бірге көшкен. Ал бұрын арийлер деп аталып келген сақтар Ұлы дала мен Алтайға қайта оралады. Ал арийліктер туралы «Авеста» дерегіне жүгінсек, Орталық Азия көптеген ұлттар мен ұлыстардың біріккен жері болатын. Оларды жалпы арийлер деп атаған. Парсылар мен сақтар мекендеген Орталық Азияда Бактрия, Кушан, Хорезм, Қанглы патшалықтары болды. Бұл мемлекеттердің құрылуында массагеттер, кассактар, арсактардың рөлі зор. Мысалы Трансоксанияның аз бөлігі Ұлы Ескендірдің қолында болғанымен, ондағы негізгі саяси билік сақтар мен массагеттердің түрлі тайпаларына қараған. Л.Н.Гумилев былай деп жазады: «Көшпенділер өркениеті Жерорта теңізі халықтарымен салыстырғанда шығармашылық эволюцияны бастан кешірді. Еуразия сахарасының көшпенділері өз өркениеттерін б.э.д. YI ғасырдан XYIII ғасырға дейін алып келе алды». Оның ойынша көшпенділер өркениеті әлемдік өркениеттің құрамдас бөлімі. Қазақ өркениетінің түп тамырлар Ұлы дала мен Қос өзен арасында көшіп-қонып жүрген арийлерден бастау алады. Олар күнге табынған. Бүгінгі Қазақстан Республикасының жалауында да күннің суреті бар. Арийлердің жаңа жылы – наурыз, ар, ару, аруақ сөздері де арий ұғымымен төркіндес. Жалпы адамзаттық құндылықтар мен этика арийліктерден басталады. Ғарыштың моральды-этикалық заңдылықтары түріндегі сезімтал ең

ежелгі монотеистік дін зороастризмнің бастамасы да осы кезеңге борыштар. Қазақша пайғамбар Заратуштра «Жаратушы» деп естіледі. Арийліктер доғаны 360 градусқа, күнді сағаттарға, жылды 12 айға, аптаны 7 күнге бөлді, картаны, шахматты, доминоны ойлап тапты, 108 қоспадан тұратын дәрі жасаған. Мұны айтып отырғанымыз арийліктердің ілімі өздерінен кейінгі иуддаизм, буддизм, даосизм, христиндық, ислам және де басқа діндердің бастау көзі болған. Грек өркениеті мен полистік демократияның өзі арийліктерден шыңдалды. Орталық Азияны Ескендір Зұлқарнайын басып алған соң бұл жерлердің рухани элитасы (мысалы әл- Фараби) грек өркениетін құшақ жайып қарсы алып, философия мен ғылымды одан әрі іліп әкетті. Келтіре берсек мысалдар өте көп. Соңында айтарымыз арийліктер қасиетті «Авеста» кітабында өздерінің тарихи отаны деп Қазақстан мен оңтүстік Сібірді көрсеткен [2, 520].

«Көшпелінің қозғалысы уақытпен үндес. Ал философияда уақыт дегеніміз – қозғалыс. Бұл қозғалыс – кеңістік ішінде ритммен жүйелі қайталанып отыратын қозғалыс. Кеңістіктегі қозғалыс – уақытты мәдени- тарихи мазмұнмен толықтыратын, дала өркениетінің бастауы. Дала өркениетінде төзімділік пен рух, мал мен егін шаруашылығы бірін-бірі толықтырды, өздерінің тиімді деңгейін қалыптастырды. Топтаса бірлесіп өмір сүрудің тәсілдері мен жолдары жетілдірілді. Дүниеге, адамға деген осындай кең көзқарас, тартымды түсінік, төзімді мінез-құлық – халықтық туыстық сезімталдығын ұштады, оның дәстүрлі мәдениетінің түп-тамырын құрастырды» [3-45]. Ұрпақтан ұрпақ жалғасып келеді. «Ұрпақты табиғатпен тілдесе, үндесе білуге тәрбиеледі. Тәрбие адамның атамекеніндегі адамгершілгін арттыратын мәртебе тұрғысынан жүргізілді. Туған жерін жүрегімен қабылдаған жан, оның қайталанбас жақтарын дәріптесе, туған жердің парқын парасатқа салған ойшылдар табиғи кереметтің түп негізін қазбалады, өз ортасының ортақ ережелерін саралады» [3-45]. Ұлы дала небір кемеңгерлерді өмірге әкелді, оларды жіктеп айтар болсақ әлеуметтік ұйымдастырушы реформаторлар Атилла, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Индияда билік құрған Бабур мен Акбар, Қытайда – Құбылай (Юань династиясының негізін салған), беріш Бейбарыс (мамлюк деңгейінен Египеттің билеушісі дәрежесіне көтерілген, Шыңғыс хан әскерлерін тоқтатып, кресшілер мен ассасиндерді күйреткен), қазақтың Солоны атанған Тәуке және Абылай хан. Бүгінгі өз уақытымызға келсек бұлардың жалғасы Қонаев, Назарбаев, Аман Төлеев (Ресейде президенттік сайлауда үшінші орында болған). Дарынды философтар, ғалымдар, діни көшбасшылар мен ақындарға келсек, олар Орталық Азияда өмір сүрген Заратуштра, элиндік әлемнің философы скиф Анарыс (Платон оны таңдаулы тоғыз ғалымның қатарына жатқызған. Аты аңызға айналған скиф, Грекияға саяхат жасағанда Солонмен кездесіп соның ықпалында болып данышпандығымен аты шыққан), «ортағасырлық Аристотель және кемеңгер ұстаз» әл-Фараби, дала түрктері үшін ислам тұжырымдамасын енгізген Қожа Ахмет Яссауи, Қорқыт Ата (мәңгілік өмірді аңсаған, әдемілік шығармашылығындағы «Нирвананы» көксеген), біліктің құттылығына сапар шеккен Жүсіп Баласағұн, Асан қайғы – жер жаннаты Жер Ұйықты іздеген алғашқы ізденімпаз, ұлт жол басшылары Бұқар Жырау, Махамбет, Шыңғыс Айтматов, Олжас Сүлейменов және т.б. Бұған қоса дала өркениеті әлемге рухани кең пейілділікті, мырзалықты, әлемді ұғынудағы биіктік пен тұтастықты сыйға тартты. Көшпенділер жоғарғы мәдениетті халық болған, әйелдер мен ерлердің қоғамдағы рөлі мен орнын анықтай алған. Жер-Ана, Жер-Ұмай Аспан Тәңірісінің екінші жартысы саналған. Ол отбасының, бала-шағаның, өнердің ұйтқысы деп танылған. Ұмай анамызды монғолдардың Этугенімен, ежелгі үнділердің Умасымен салыстыруға болады. «Ұмай» сөзі «жатыр», яғни баланың ана құрсағындағы мекені дегенді білдіреді. «Кім Ұмайға қызмет етсе, сол ұлды болады» деген нақыл сөз содан қалған. Көшпенділер Ұмайды қатты дәріптеген. Бүгінгі Жамбыл облысының Билийкөл өзенінен түрк әскерлерінің Тәңірі мен Ұмайға табынып тұрған бейнесі бар тас плиталар табылған. Керек кезінде әйелдер ерлермен бірге жауға қарсы соғысқа аттанған. Жауынгер амазонкалар, мысалы аты аңызға айналған патшайым Тұмар (оның бір беткейлігі сонша, садақ атуға қолайлы болсын деп, оң жақ көкірегін кесіп тастаған, бір омырауы жоқ әйелдерден өзінің гвардия құрған екен) және қазақтың соңғы ханы Кенесарының қарындасы Бопай сияқтылар көшпенді халықтың туындысы. Көшпенділердің діни ұғымы да барынша дамыды, құдай деп Аспанды таныды, өздерін Көк түркілеріміз деп атаған. Мысалы, Шыңғыс хан өзін сәуле мен нұрдан жаралған Аспанның ұлымын деп есептеген. Күлтегін – оттан жаралған, Атилла – күн тәріздес немесе күн халқы деген ұғымды білдіреді. Көшпенділік өркениет небір осындай философияны өздерімен алып жүрді. Әсіресе олар қоғамның табиғи

ұйымдастырылуын, монғолдар мен бертін келе дала қазақтары қандық- туысқандық құндылықтарды, әсіресе «Жеті ата» принципін керемет сақтады. Этика мен саясат бірлігі, Ар мен қанағат көшпенділіктің негізгі нысаны мен мұраты болатын. Олардың өмір сүру ерекшелігін Д.Кішібеков былай суреттейді: «Көшпелілер ұзақ уақыт бір орнында тұра алмайды, олар отырықшы, немесе жартылай отырықшы өмір салтын ұстанбайды, егіншілікпен айналыспайды, сондықтан көшпелі аталады. Бірақ олар егіншілік және қала қол өнерлерінің өнімдерін айналып өте алмайды. Мұның бәрі сауда арқылы табылды» [4-32]. Көшпенді өркениет белгілі бір шектеулер мен заңдылықтарға бағынбайтын өзіне ғана тән философиямен өмір сүрді. Олар нағыз ғаламдық демократтар, соны тудырушылар, тереңдей айтсақ еркіндік пен егемендік рыцарлары еді. Содан да болар Кир да, Зұлқарнайын да, жоңғарлар да тістерін батыра алмады. Олардың сенімдері соншалықты мықты болған, оған дәлел Аспан Тәңіріне деген сенім. Көшпенділер өлімнен қорықпайтын, өйткені өлім туралы ойланбайтын да. Әлем олар үшін мәңгі айналма мен ұласу сияқты көрінетін: Құдай Тәңірі – Күн – Жер – өсімдік әлемі – жануарлар әлемі – адам және отбасылық-туыстық социум – ата-баба рухы – Құдай Тәңірі. Осы диалектика, ғарыштық күштердің баспалдағы түрктердің рухында «малым Жан үшін, Жаным Ар үшін» деумен сипатталды. Түрк адамының ұғымында ол Аспан Тәңірісі мен Жер Ұмайдың арасында дүниеге келген Жердің қонағы. Ол құл емес, Қайырымдылық үшін жұмыс істейтін құдайдың көмекшісі, серіктесі, әскері. Бұл жерде түрктер пайымы жағынан қатігездік құдайы Ариманға қарсы күресетін қайырымдылық құдайы Ормуздың серіктесі адам дейтін қағиданы ұстанатын сопылар мен жауынгер-парсыларға жақын. Көшпенді философтар сопылар мен буддистер секілді өмір сүрген. Ахмет Яссауи, Жиренше Шешен, Алдар Көсе, Насреддин молда, Абай – барлығы дана тұлғалар, қауымдық қарбаласқа сырттай кекесінмен қарағандар. Ежелгі қазақтар үнемі аспанға қарап отыратын болған. Малшылар азанғы Шолпан жұлдызына, Темір Қазыққа, Жеті Қарақшыға үлкен таңданыспен қарайтын. Олар Шолпан жұлдызында әлі туылмаған жандардың жаны бар деп есептеген. Ай ғарыштың қожайыны болып танылған. Мұндай халық қиялы жазба ескеркіштерде жақсы көрінеді. «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғызнамада» Дерсе хан баласын тәңіріден тілеп алса, Оғыз қағанның балалары аспаннан түскен нұрдан жаратылған әйелден туады. Сондықтан да олардың атын Ай, Күн, Жұлдыз қояды. Көктің құдіретімен түркілер біресе жеңістерге жетті, біресе жеңілістерге ұшырады. Басқа қиыншылық түскен сәттерде қоршаған табиғатты көмекке шақырып отырған. Түркі билеушілері туралы жазба деректерге сүйенсек үнемі Аспаннан соларға қайырымды болуды өтінеді. Кімнің болса да тағдыры тәңірдің қолында. Ол үкім шығарады. Бұдан шығаратын түйін дәл осы жерде біртәңіршілік айқын сезілгендей, әйтсе де тәңірлік туралы ой қорытатын ғалым Н.Ғ.Аюповтың өте әділдікпен көрсеткеніндей, «діни түсініктер пайда болған екен, енді ол адамдар санасынан ұзақ уақыт шыға қоймайды, сол себепті бұл жүйеде одан ары қарай дамыған табиғат діні түсінігі сақталған. Себебі, жазба деректерде жоғарғы биік құдай Тәңірге сиыну өз алдына, ертедегі түркілердің табынған басқа да тәірлері болғаны туралы мәліметтер келтіріледі. Жақсылық тәңіріне Йер-Су (Жер Су) – жауын-шашын жіберетін, өсімдіктер мен жан- жануарларға өмір беретін молшылық тәңірі жатады...».[5-331].

Біздің даналарымздың аспанға қарап ғарышты көксегендері сонша, ол бүгінге дейін ұласып, дәлірек айтсақ Байқоңырдан басталған ғарыш жолы адамзатты аспанмен түйістірді, бүгінгі дала ғарышкерлері галлактиканы игеруде.

Монотеистік сипаттағы діни жүйе саналатын Тәңіршілік (Тенгрианство) өз бойына ертедегі түркілердің діни-мифологиялық байлықтарының барлығын сіңірген. Тәңіршілік – ол бүткіл ғаламды жаратқан Тәңірге илану, яғни Құдайға бас ию, алайда ғаламнан аулақ тысқары, оның төбесінде орын теппеген Құдайға емес, болуға тиісті нәрселердің барылығына, солардың арасында адамның ішкі рухына, оның жаны бар тәніндегі барлық қатысты әрекеттерге ұйтқы болатын Құдайға сену; ал бұл дегеніңіз – қоршаған табиғат ғажайыптарына өмір сүрудің тұтастай тіршілік көзі деп сыйыну; бұл ең аяғында, өмірлік талпынысқа, сергектікке илану; бұл – барлығымызға бірдей, алдыға ынталандыратын белсенді алғашқы бастама, яки кез-келген тұлғаға барынша ілтипатты тән бастама, бұдан о дүниелік өмірге, ажалсыздыққа сену келіп шығады. «Түрктердің дүниеге көзқарасының ерекшелігі Аспанға табынуында, түрктер аспанға жоғары Құдай ретінде қарады, одан Жоғары ешкім болмайды деп есептеді. Сондықтан да олар таудың шыңын Хан-Тәңірі деп атады. Біз бұл жерде шынайылықтан Аспанға бас июге өтуді және оны

рухани рәмізге айналдыруды көрудеміз. Көшпелі түрктер мен малшылар өмірінің ерекшелігі олардың әр кезде өзінің құдайы аспанды бақылауының арқасында, дала тұрғындары өздеріне ыңғайлы көшу бағытын біле алатын болды. Аспан денелерінің орналасуын білуі, оларға болмыс тұрғысынан қарауға мүмкіндік берді. Тәңір-Аспан – әрі құдай, әрі шындық және бірліктегі рәміз» деген пікір айтады М.Орынбеков [6-372].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Касымжанов А.Х. Стелы Кошо Цайдама. – Алматы, 1998. – 112 б.

2. Амрекулов Н. Арманжер – мечта человечества. – Алматы. Издательство «Галым», 2004. – 732 б.

3. Қазақ феномені және қазақтық болмыс // Қазақтың халық философиясы. – 7-т. Астана, 2006. –544 б.

4. Кішібеков Д. Көшпелі қоғам // Әлеуметтік философия. – Т.17. – Астана, 2006. – 480 б.

5. Аюпов Н.Г., Нысанбаев Ә.Н. Түркі фәлсафасы және мәдениеттер мен өркениеттердің қазіргі заманғы сұхбаты // Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. Астана, 2006.– 19 т. – 536 б.

6. Орынбеков М.С. Қазақ дүниетанымындағы тәңіршілдік // Философия тарихы. – Астана, 2006. – 14 т. – 488 б.

УДК 101

КУЛЬТУРЫ ФЕНОМЕН ТЕНГРИ И ТЕНГРИАНСТВО В МИРОВОЗЗРЕНИИ КАЗАХОВ

Каттыгарин Ж.Н.
Рудненский Индустриальный Институт, Казахстан

Аннотация.Тенгрианская основа бытия - это не молчание о нем, а попытка высказать невыразимое, отсюда - космические чувства гармонии сущности и существования. Мы можем быть открыты бытию, но оно не ищет, и не ожидает открытия.

Ключевые слова: Тенгри, миропонимание, тюркский мир.

Феномен тенгри - это то, что вечно отсутствует, то, чего в мире всегда недостает, а тенгрианство - это охота за бытием как единым. Мыслить и осмысливать, отражать объективность - значит искать целостность мира, искать нечто, не являющееся миром, не являющееся тем, что нам дано. Истинное знание невыразимо, бессловесно и потому мистично.

Идея тенгри в казахском миропонимании — это произнесенная тайна бытия, раскрывающаяся как категория небытия. Она ностальгия, т.е. желание повсюду быть дома, иметь отношение к миру в целом, к бытию как проявлению небытия, к другой стороне мудрости.

Сам тенгри и мысль о нем — одно и то же. Мышление — извлечение себя из себя. Люди всегда продолжают существовать, но не быть. В бытие может “встать” только самому и обогащаться небытием как пониманием. Находиться в бытии тенгри - значит понимать. Тенгри - это бытие существующего, понимающего небытие и предполагающего его атрибутивно.

Тенгрианская основа бытия - это не молчание о нем, а попытка высказать невыразимое, отсюда - космические чувства гармонии сущности и существования. Мы можем быть открыты бытию, но оно не ищет, и не ожидает открытия.

И через сознание и интуицию, глубокую мысль и ранимую чувствительность следует прорываться к небытию, к осененности им как другим измерением нашего опыта.

Знание о незнании - самое глубокое знание, его нельзя передать другому, оно может вырасти из внутреннего осмысления. Нарастающая опасность утраты памяти, потеря основ нравственности губит человека и народ, способствует атрофированию мировоззрения.

История тенгрианского познания - это история сложных, противоречивых, мучительных

исканий, чреватых ошибками, отклонениями и заблуждениями, во многом, основанных на мифологии. Миф есть “повествование, которое, там, где оно возникло и бытовало, принималось за правду, как бы оно ни было неправдоподобно”. [1, 4]

Мир тенгри, сугубо реальный для традиционного субъекта, выступает и как мир отчужденный, отрешенный от обыденного мира. Он одновременно наглядно, чувственно данный и волшебный, чудесный; индивидуально - чувственный и обобщенный, очевидно достоверный и сверхъестественный. Одной из особенностей номадного образа жизни являлось то, что поэзия превращала исходящую мифологическую “реальность”, мифологические образы, образы “странные” своей похожестью на человеческую повседневную реальность.

Такой пример имеется и в европейском воззрении, когда в теогониях мифологические образы превращаются во все более абстрактные сущности, теряют свою наглядность и реальность, преобразуясь в “реальность” сознания, в религиозно-сверхъестественные существа и сущности.

Как известно из истории, “Щит Ахилла” изображает всю мировую человеческую жизнь, как ее понимал Гомер. “На этом щите изображается то, что подробно отражено в самом эпосе. Изготовленный для смертельного боя, щит, однако, является символом жизни. Так же как и сам эпос, рассказывающий о войне и смерти, есть апофеоз общемировой и общечеловеческой жизни” [2, 194-195].

Персонификация и антропоморфизация делают отношения между природными и социальными силами, символизируемыми образами богов, более укороченными, даже “формализованными”.

Эта модель обуславливает неотразимый характер теории космогенеза, т.е. невозможность обратного возвращения возникшего в исходное состояние. Общий каркас данного перевоплощения предполагает переход от мифологического отождествления воображаемого с реальным к эпическому сравнению и теогонической абстракции через олицетворение общих понятий или представлений и наделение их собственными именами. Далее, к новому, более абстрактному типу мышления, связанному с общим представлением, оформленным словесно. Такая постановка проблемы является общей для нефилософского понимания, к чему и относится тенгри, который представляется “прежде всего, формой жизни, т.е. особой формой мироощущения и жизнедеятельности людей на определенной ступени общественного развития, и лишь производной формой объяснения” [3, 33].

Сложные природные и социальные явления становились “понятными” при сопоставлении их с соответствующими богами, напоминавшим самих людей. Относительная упорядоченность божественных генеалогий фиксировала сравнительно устойчивые комплексы верований, до какого-то времени достаточные для “рациональной” легитимации культа.

Слово “Тенгри” и его разновидность “тенгрия”, “танара” бытует среди алтайцев, хакасов, шориев, кыргызов, узбеков, уйгуров, татаров, монголов, казахов и обобщает верховное божество.

Это понятие состоит из двух корней: тан +ерь Вероятно, оно в значении “тан” имеет связь с восходящим солнцем, так как во всех тюркских языках тац - восход, время восхода солнца, утро.

Другой корень — ер во всех тюркских языках означает муж, мужчина, человек, герой. В данном случае тенгри означало бы “солнце-человек”, “небо- юз человек”, т.е. то же, что бог. Чокан Валиханов специально обозначил этот термин словами: “Кок-Тенгри” - “Синее небо”... “Кок” означает видимое, предметное, ...а “тенгри” обращено в синоним “аллаха” [4, 47].

По Р.Безертинову, Кок-Тенгри (Голубое небо) - это небо не материальное, противопоставленное обычному, видимому небу.Облик Тенгриникому неизвестен. Поняие о нем было отвлеченным. Тенгри- дух. Его не представляли в виде человека или животного. Слова «Тенгри» и «Небо» для тюрков были синонимами. Иер (Земля) и Тенгри (Дух Неба) у тюрков воспринимались как две стороны одного начала, не борющиеся друг с другом, а взаимопомогающие. Человек рождается и живет на Земле. Земля - его среда обитания. После смерти Земля его поглощает. Но Земля дарует человеку только его материальную оболочку, чтобы он созидал и этим отличался от других живущих на Земле. Тенгри при рождении человека дарует ему кут, а после смерти забирает ее. Тут есть элемент дуализма, но Тенгри остается главным. Из китайских источников известно, что древние тюрки продолжительность жизни человека ставили в зависимость от воли Тенгри. И потому за помощью тюрки обращались к нему, а если обращение

было к Земле, то обязательно упоминался и Тенгри. Если Тенгри мог упоминаться без Земли, то Земля без Тенгри -никогда. Тенгри считался отцом, Земля - матерью. [5, 4]

Если рассматривать это понятие в более широком контексте, то выясняется, что у кочевников Центрально-азиатского плоскогорья ХП-Х1У вв. господствующей системой мировоззрения является тенгризм. Он выражался в различных вариациях, в частности, особенностью культа тенгри-космос выступает то, что верующие не только умоляли, но когда надо и требовали от природы быть отзывчивым к просьбам.

Всевышнему Тенгри поклонялись, поднимая руки вверх, и клали земные поклоны, чтобы Тенгри дал хороший ум, разум, здоровье, помогал в справедливом деле в борьбепротив врагов; другого не просили. И Тенгри оказывал помощь тем, кто его почитал и сам был активным. Тенгри являлся Богом Неба и был главным в мире.

Специфической особенностью Тенгри является его связь с тотемом. Реликты тотемизма воздействовали на сознание людей через мифы о происхождении родов и племен, их названии. Буд-Тенгри - центр тюркского мира, по представлению тюрков идентифицировался со священной пещерой предков - Отюкен, лона матери Жер-Су, откуда по легенде вышли наши первые предки, вскормленные волчицей. Это произошло в «Золотой горе»- Кут таг («гора счастья»), то есть там, где рождается первопредок-солнце и начинает свой небесный путь.

Тенгри представляет собой и олицетворение сил природы, и почитание духов умерших предков. Бог в представлении казахов не был персонифицирован, также как они не знали и антропоморфного бога. Вера казахов носила политеистический характер. Культ неба (тенгри) был настолько сильным, что побуждал древних скотоводов сверять с ним каждый шаг своей жизни.

Мировоззренческой основой тенгри является общеутверлившееся понятие гилозоизма, рассматривающий чувственные предметы и явления мира одушевленные, что и составило, в конечном счете фундамент пантеизма о боге - природе.

Тенгри у казахов - трансцендентный мир бытия, оно и дух, и тело, скорее их единство. Тенгри - это инобытное бытие, “святость вещи”, “замкнутое” бытие и форма вещи. Оно послужило идейной основой “вечной философии” казахских мыслителей, как проявление вечной жизни” (Коркыт).

Основа тенгрианства - учение о реинкарнации. Смерть на родной земле считалась священной - ибо это позволяло реинкарнироваться (родиться) в казахском народе и даже в собственном роду. Отсюда - безусловное почитание семи предков и целиком система родоисчислений. Образец тенгрианской молитвы: “Славный, если родишь снова - родись на нашей земле!” (“Сокро- венные сказания” поэма-хроника ХШ века).

Основной отличительной чертой тенгризма является то, что в нем нет пророков, святых, “священных книг”, культовых сооружений. В сущности, в этом миропонимании пророком может стать живое лицо, а после смерти - его дух, а объектом культа - различные предметы самой природы. Тенгри вообще есть не что иное, как обожествленное, олицетворенное небо. Оно могуче, потому что бесконечно, велико, непостижимо, неодолимо.

В мышлении казахов Тенгри лишен антропоморфных черт, Понимание тенгри близко к пониманию, которое присутствует в учении Плотина. Это - Единое - Благое, Верховный Разум и Мировая Душа одновременно. Тенгри бесконечен в своем бытии и недосягаем для любых представлений, описаний, характеристик.

Утилитарный дух, гений проповедников Тенгри обуславливал их пренебрежительное отношение к метафизическим спекуляциям на том основании, что они напрасны, поскольку неосуществимы.

Гносеологическую основу Тенгри составляют признание закона в природе и конфликта в природе. Здесь стояла сложная проблема согласования зла и вечной доброты Бога путем унификации двух начал. Это ведет к пониманию принципа зла, как составной части самой сущности Бога. Конфликт между добром и злом есть по сути дела нечто иное, как борьба Бога против самого себя.

Реальность - это сумма всех добрых творений, проистекающих из творческой активности благотворного духа, а нереальность - это сумма всех злых творений, поступаемых от враждебного духа.

Душа начинается во времени, но сможет достигнуть вечности лишь в борьбе против зла в земной период своей активности. Душа обладает свободой выбора между двумя образцами действий: добрым и злым. Дух света дает душе не только возможность этого выбора, но и обеспечивая сс реализацию через способности.

Тенгрианское знание имеет три основные формы: во-первых, актуальную форму, когда актуализируется интеллектуальное обладание предметом и познанный предмет во всей полноте присутствует в сознании; во-вторых, когда незаметно присуще сознание определенных фактов и объектов представляет собой постоянный фон для других переживаний; в-третьих, форму воспоминания, когда знание существует лишь потенциально.

В этих формах тенгрианское познание имеет два основных типа: первый представляет собой наивный контакт с бытием, когда человеческому разуму в его повседневном существовании мир раскрывается в своем многообразии. Второй тип в той или иной степени определяет познание сущего, при котором человек стремится проникнуть в некоторые сферы бытия, еще некритически и не систематически, но уже рефлектируя и основываясь на определенных принципах.

Тенгрианское ознакомление с предметом исключительно тематично, то есть познающем соприкосновении с ним доминирует одна тема: приобретение знания о нем. Ум полностью поглощен предметом, который должен быть познан. Эта форма ознакомления внутренне драматична, она заряжена страстью к прикосновению знаний о предмете. Это роднит его с наивным познанием, которое выступает как совершенно случайное и нетематичное ознакомление, как обычное знакомство с чем-либо. Оно направлено на достижение какой-либо практической цели, в результате чего полученное знание носит выборочный и односторонний характер.

Наивное познание имеет место в ситуации самодовлеющей значимости, которое обладает необыкновенной ценностью либо сам по себе, либо для субъекта. Здесь наличествует тематичность объекта.

Тенгрианское познание носит порой афористический характер, несмотря на свою направленность на общее и типичное. Ибо общие положения здесь не связаны в систематическое целое, состоящее из последовательности утверждений и обоснований. Оно также некритично, поскольку не опирается ни на очевидное, ни на кропотливо и критически собранные факты и поскольку умозаключения не носят строгого характера. Отсутствие у него критичности является гораздо большим недостатком, нежели в случае наивного ознакомления, так как полученное с его помощью знание претендует на всеобщность и типичность. Без критической установки результаты познания могут быть сомнительными и дальше отстоят от отправной точки процесса познания.

Познание бытийных явлений не ограничивается воздержанием от суждений о реальности, а осуществляется как освобождение от витальных страстей, жизненного порыва, биологических, социологических и других обусловленностей. Способность отличать сущность от существования и исполнять ее в акте идеации - фундаментальное качество человека.

Тенгрианское познание идет не от эмпирии, а от непосредственного постижения сущности. Сходство тенгри с богопознанием состоит в том, что сверхчувственная интуиция отделяет случайное от необходимости, позволяет усматривать в являющемся существенное. Это напоминает апотафизическую теологию; она показывает и снимает то, чем сущность не является, а также асхетику: отказ от себя во имя бога, постижение сущности есть путь к обожествлению человека.

Благодаря любви личность становится соучастницей бытия и его центра -Тенгри. Благодаря порядку любви, человек приобщается к богу, к другим людям, ценностям, вещам. Динамический аспект любви характеризуется не влечением и эффектам, а стремлением к сущности и ценности. Тенгри не есть только какая-то далекая цель и идеал, напротив, это исходный пункт и масштаб оценки собственных качеств личностного познания.

Таким образом, тюркский бог Тэшр! - это трансцендентный церебральноречевой аппарат, прилетающий-угнездяющийся в ознании тюрка, когда это необходимо.

Тэшр в отличие от семитского Яхве,- бог без Писания, и в отличие от Аллаха, не имеет посланника. Это объясняется тем, что он растворен в тюрках как богоизбранном народе, и народ в свою очередь - в нем. Каждый тюрк - живая книга Бога. И, видимо, неслучайно, книга, по-тюркски, - бшг [6, 123]. т.е., то, что зачато, наделено бытием, имеет конкретную форму.

В отличие от монотеизма мировых религий, таких как христианство и ислам, тюркский монотеизм отличается тем, что единый бог в нем - как обозначение этносимволического Универсума. За именем Яхве стоит иудейский универсум, за Митрой- иранский. Точно также за понятием Тенгри стоит тюркский мир. В подобном монотеизме определенное этническое сообщество напряжением всех сил рождает некое понятие, которое в свою очередь вытаскивает из тьмы небытия миросознание данного народа.

ЛИТЕРАТУРА

1. Стеблин-Каминский М.И. Миф. - Л., 1976г. С.4
2. Лосев А.Ф. История античной эстетики (ранняя классика). - М., 1963г. С. 194-195.
3. Богомолов А.С. Диалектический Логос. Становление античной диалектики. - М., Мысль, 1982 г. С.33.
4. Валиханов Ч. Полное собрание сочинений. Т.1.,-Алматы, 1995г. С.47.
5. Татарская электронная библиотека Н Безертинов Р.Т. Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство».
6. Древнетюркский словарь. - Л.: Наука, 1969г.

ӘОЖ: 323(574)

Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Танзенов Д.Ж.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері қазақ халқының тарихы мен этнографиясын, мәдени әдеби тұстарын ұлттық тұрғыда қайта жаңғырту бағытында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың атқарған қызметтері мен қабылдаған мемлекеттік бағдарламалары, елдіктің дамуына қосқан елеулі үлесі жайлы айтылады.

Түйінді сөздер: Н.Ә.Назарбаеав, Қазақстан, ұлт, рухани жаңғыру, тарих.

Халқымыздың 1991 жылы тәуелсіз Қазақстан атты мемлекет құрып, ұлттың азаттығын сақтай білуі бүгінде қаншалықты маңызды болса, сол мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, рухани құндылығын сақтап, келер ұрпаққа жеткізе білу де соншалықты маңызды. Өйткені, руханият - ұлттың жады. Танымды тарихы мен рухани құндылығы жадында жатталған ұлт қана ұлт ретінде сақталып, басқалармен қатар терезесі тең өмір сүре алады. Өткенін қастерлеген ұлт қана өткенінен тағылым алып, келешегіне зор сеніммен қарайды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміз үшін оңай болмағаны сөзсіз, алайда еліміз өзінің ұлттық тәуелсіздігіне қол жеткізе алды. Осынау қиын кезеңде Қазақстан енді өз аяғына жас мемлекет ретінде тұрғандағы – тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тұлғасы маңызды рөл атқарды. Қазіргі таңда тұлғатану ғылыми бағыты кең өріс алды, оның ең басты міндеті - тұлғаның өмірі мен қызметін жан-жақты бағалау. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың рухани, мәдени құндылықтарын сақтауына ерекше назар аударылды. Әр ұлт - әлемдік өркениеттің қазынасына өз үлесіне қосады.

Бүгінде тәуелсіз қазақ елінің тарихы жасалды десек те болады. Бірақ оны қазақ елінің басшысы, тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел басқарған қызметінсіз, тәуелсіз ел тарихының парақтарын жазып шығу мүмкін де емес. Себебі, тарихтану процесінде ғылыми ұстанымдар мен көзқарастарды қайта қарау мен өркениеттілік пен жүйелілік тұрғысынан зерттеу мәселесі кәсіби тарихшылар арасында кеңінен талқылануда. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халқымыздың рухани мұрасының жинақталуына деген қамқорлығы, ұлттық егемендігіміздің алғашқы жылдарынан-ақ сезініп келеміз. Төмендегі қолға алынған шаралар соның айқын дәлелі бола алады [1].

1) 1997 жылы «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы»;

2) 1998 жылы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы»;

3) 1999 жылы «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп аталынды. Бұл жылдар аралығында ұлттық тарихымыз бен рухани мұрамызды түгендеуге зор мән берілді және ол әр жылдарда жалғасын тапты.

2003 жылы Қазақстан халқына кезекті Жолдауында Елбасымыз бұрын-соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдау керектігін жариялады. Бағдарлама жүзеге асырылған 2004-2011 жылдар аралығында жақын және алыс шетелдерге ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, ғылыми ортаға бұрын белгісіз болып келген Қазақстанның төл тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген мұралар табылды.

Тәуелсіздік арқасында ұлттық сананың оянып, ұлттың өз тілін, өз тарихын іздей бастағандығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Ұлттың өзін-өзі тануға ұмтылысы, яғни шынайы рухани мұрасына деген ұлттық сұраныстың пайда болуы тарихи деректерді іздестіру, табу, жинау, жүйелеу және жариялау қажеттілігін тудырды.

Елбасы мақаласы аясында шетел мұрағат қорлары мен ғылыми кітапханаларынан ел тарихына қатысты құжаттарды елге алып келудің мол мүмкіндік туды. Атап айтсақ, Европаның Ватиканның құпия мұрағаты қорларынан қазақ даласындғы көшпелілер тарихына, ғұндар тарихына «Атилла» патша жайлы деректер т.б.

XVIII-XIX ғасырларға қатысты орыс, қытай деректері көршілес Ресей, Қытай мемлекеттердің мұрағат қорларынан алынды.

Тарихи тұлғалар қоғамдық-саяси қызметіне қатысты деректер:

Мысалы, М.Шоқайдың бай мұрасы туралы көптеген құжаттар Францияның Француз ұлттық кітапханасы, Шетел тілдері және шет ел өркениеті институты кітапханасы қорынан (INALCO BULAK) табуға болады. Сонымен қатар, өткен ғасырларда біздің даламызғаарнайы тапсырма бойынша саяхаттап келген европалық саяхатшылардың жеке қорларын зерттеу барысында біздің өлкемізге қатысты көптеген мұраларды кездестіруге болады. Мысалы, Генри Мозер, Армений Вамбери, Джон Кэстл т.б. жеке қорларын әлі де болса қарап, зерттеу жұмыстарын жүргізу талап етіледі.

Елбасымыздың «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» - деген тұжырым жасады. Міне, осыған орай, Президенттің тапсырмасы мен ұлттық болмысымызға қамқорлығы арқасында айтарлықтай мемлекет тарапынан бағдарламалар қабылданып іске асырылды.

Әрбір мемлекет алдымен өзінің ұлттық мүддесін қорғайды десек, демек рухани құндылықтарымызды қайта жаңғыртуға, түлетуге кез жетті. Осылар арқылы ғана жаһандану кезеңінде тәуелсіздікті баянды ете аламыз.

Осы орайда Елбасының көрегенділігі арқасында рухани мәдениетімізді, ұлттық тарихымызды жаңғыртуға көптеген бағдарламалар қабылданды [2].

2017 жылдың 12 сәуірінде Қазақстан халқына «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Бағдарламалық мақаласында айтылған ойлар мен іске асыруы керек жобалардың өздерінен халқымыздың қайта жаңғыруына қосқан үлесі екенін айтуымыз қажет.

Бұл бағдарламаның да негізі - Қазақстанның рухани саласын қайта сапалы жаңаруды жүзеге асыруға жағдай жасауды, ұлттық тарихымыздың көкжиегін нығайту, ұлттық жаңа дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Бұл бағдарлама Қазақстанның тарих ғылымына сапалық жаңару әкелетіні сөзсіз.

Қай заманды алсаңыз да, тарих - халықтың ұлттық санасын қалыптастыру, мемлекеттік идеологияны насихаттау, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу қызметін атқарған [3].

Бәріңізге мәлім кешегі 2018 жылдың 21 қараша күні Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы ретінде «Ұлы даланың жеті қыры» атты Бағдарламалық мақаласыда келтірілген ойлар мен жобаларды жүзеге асыру арқылы халқымыздың рухани мұрасы толығады деп есептейміз.

Қазақстанды қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, өркендеу жолындағы, жыл сайынғы өрлеу бағытындағы мемлекетке айналдыруда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тек тарихи танымды көтеруі ғана емес, әлемдегі татулық пен келісімді сақтау, жаһандану кезіндегі эконмика саласында да

атқарған істері жетерлік. Бұның өзі де еліміздегі мемлекет тізгінінің сенімді қолда екендігін еліміз ғана емес басқа елдерге де мойындатуды білдірді. Осылайша, Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет болып құрылды, оның халықаралық аренада, әлемдік саясаттың ықпалды және беделді қатысушысы ретінде, жаһандық әлемдік шаруашылық байланыстарда маңызды рөл атқаратын ел ретінде өз келбеті мен тәртіп стилі бар.

Елбасының «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық» деуінде үлкен мән жатыр. Өйткені, татулық пен бірлікті насихаттап қана қоймай, соның үлгісі болып келе жатқан Қазақстан – әлем тыныштығының тілекшісі. Тәуелсіз еліміздің өркениетті даму жолындағы ұлан-ғайыр ізденістері мен ұлы істері іргемізді бекітіп, керегемізді кеңейте түсуде. Табалдырығымыз тастай берік, маңдайшамыз көтеріңкі. Осының арқасында әр күнімізді бағалайтын салауатты өмірге жеттік. Қалың елі барын базарлап, бағы мен бақытын бөлісіп жататын Қазақстанның тіккен байрағы мен көтерген шаңырағы әлем елдері арасында жамандықтан аман-есен келе жатыр. Неге десеңіз, қазақтың бағына туған Елбасымыздай нар тұлға өмірдің небір жауапты кезеңдерінен елімізді биік дәрежеде алып өтіп келеді [4].

XX ғасыр басындағы саяси элитаның арманына айналған тәуелсіз Қазақстанның көпжақты саясатын Елбасымыз 28 жылдан астам шебер атқарып келеді. Тәуелсіз Қазақстанның саяси және экономикалық, мәдени даму үрдістерінің қарыштап қадам басуының қарқындылығын әлем мойындап отырғаны белгілі, Елбасының қазіргі таңдағы басты міндеттердің бірі ретінде рухани жаңғырудың бағдарламасын ұсынуы уақыт талабы болып отыр. Ендігі міндет – Ел болып, Ұлт болып Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында белгіленген бағдарламалық ұстанымдарды жүзеге асыруда ірілік танытқанымыз дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев.Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана, 2007. 375 б.

2. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан газеті 2012 жыл 10 шілде.

3. Н. Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, Егемен Қазақстан №70(29051) 12 сәуір, 2017 жыл.

4. Н. Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы, Егемен Қазақстан 21 қараша, 2018 жыл.

ӘОЖ 908(045)

ЕСБОЛ ӨМІРБАЕВ-ӨЛКЕТАНУШЫ

Өтесова Г.Е.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Маңғыстау өлкесінің тарихында ерекше орын алатын тұлға ұстаз, өлкетанушы Есбол Өмірбаевтің өмірі,туған өлкесі Маңғыстау үшін еткен өлкетанушылық ерен еңбегі қызметі туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: Маңғыстау, өлкетанушы, ұстаз,мұражай,Форт- Шевченко.

Форт-Шевченко қаласының тарихында қала берді Маңғыстау тарихында есімдері алтын әріппен жазылған жандар баршылық. Солардың бірі өлкеміздің мақтанышы өлкетанушы Есбол Өмірбаев. Есбол Өмірбаев кешегі дүрбелеңге толы 1916 жылы киелі Маңғыстау топырағында дүниеге келді. 16 жасында шаруалар мектебіне оқуға қабылданып,онда 1932 жылға дейін 5 сынипты бітіреді. III Интернационал атындағы ұжымшарда еңбек жолын балықшылықтан бастаған ол кейін заман талабына сай өлкедегі халықты сауаттандыру ісіне араласып бар өмірін

ұстаздыққа арнау мақсатында Оралдағы, Атыраудағы мұғалімдік институттарын бітіріп өмірінің ұзақ жылдарын педагогикалық қызметке арнап 1952-1956 жылдары С.М.Киров атындағы мектепте оқу ісінің меңгерушісі ,Т.Г.Шевченко атындағы жеті жылдық мектепте 1958 жылға дейін директор болып қызмет атқарады.[1,1] Ұстаздық еткен тұста өлкеден шыққан жас талантты жастарды Оралдағы Шайқы Еркеғұловқа ертіп апарып білім алуына жағдай жасап көңіл бөліп отырған. Бұл өлкеміздегі педагог мамандардың қатарының көбеюіне жасаған жақсы істерінің басы болатын. Есбол Өмірбаев тек ұстаздық етіп қана қоймай өзі туып өскен киелі өлке Маңғыстауды оның тарихы туралы жазуды, зерттеуді, насихаттауды әсте есінен шығарған емес. Есбол Өмірбаев өмірінің көп бөлігін тағдырдың жазуымен біздің жерімізде он жылын өткізген украин халқының ақыны Т.Г.Шевченконың өмірі мен шығармашылығына қатысты материалдарды жинақтауға арнады.Ол өлкетанушы ретінде 1966жылы Т.Г.Шевченко жүріп өткен маршрутты көрсетсе А.Костенкомен бірге жазған «Гүлденді дала» еңбегі Т.Г.Шевченконың шығармашылығына арналып жазылған болатын. Есбол Өмірбаев 1962 – 82 жылдары Т.Г. Шевченко мұражайының директоры болып қызмет еткен тұста жәдігерлердің толығып, мазмұнды, бай болуына еңбек сіңірген. Осы тұста түбегімізге келген Д.А. Қонаев бастаған топ қонақтарына Есбол Өмірбаевтың өзі мұражайды аралатып жүріп әрбір экспонатты үлкен қызығушылықпен түсіндіріп өткенін айта кеткім келеді.

1982 – 88 жылдары Форт-Шевченкода Маңғыстау этнографиялық музейінің директоры болды.Осы жылдар аралығы Есбол Өмірбаев өмірінің ең бір жемісті тұсы болды.Осы жылдар аралығында Есбол Өмірбаевтың газет-журналдарда өлкеміздің жер-су атауларының тарихы, тарихи мәдени ескерткіштері, Маңғыстаудағы жартас суреттері, ондағы таңбалар жөнінде, өлкемізде болып өткен “Иса-Досан” көтерілісі турлы құнды мәліметтер келтірілген көптеген», мақала, зерттеу еңбектері жарияланды. Есбол Өмірбаев өмірінің үлкен бір бөлігін Маңғыстау азаматтарының көптеген легі тәрбие алған, қоғамдық –әлеуметтік жұмыстарда шыңдалып, түлеп ұшқан өлкемізге танымал адамдар мен жанұялардың тарихи тағдырлары жайындағы өмірбаяндарды шығарумен айналысуы оның туған өлкесіне деген шексіз махаббатының белгісі еді. Ол өлкемізге танымал тұлғалар З.Баймырзаев, Қ.Сыздықов және тағы басқа есімдері ұмтылып бара жатқан адамдардың тарихымыздың төрінен орын алуына үлес қосқанын үлкен құрметпен айтқым келеді.

Мен өз мақаламды әкем Екпін Қарабалаевтың мұрағаттарын ақтарып отырып тауып алған кезінде шаңырағымызда болып әкемнің ағасы туралы газетте мақаласын жариялағанда әкемнің қуанып жүрекжарды өлеңін осы Есбол Өмірбаев атамызға арнап жазған өлеңімен аяқтағым келеді.

Есболға
Есеке сізге рахмет!
Есіңе алып ініңді
Танытыпсың халыққа.
Ерінбей іздеп еңбекпен
Көмулі жатқан көмбені
Шығарыпсың жарыққа.
Еленбей қалған ерлер көп
Көне көз мына тарихта
Жасаңдау болып кезінде
Ілінбей қалдық парыққа
Тағы да айтам рахмет
Ұзақ өмір көп жасап
Қыран құстай қалықта.
Замандас інің Бекқали
Менімен бірге туғанмен
Сізбен қатар құрбы еді
Өзіне біткен дарынмен
Өзгелерден нұрлы еді.

Жігітте болсын дейтұғын
Сегіз сырлы қырлы еді
Артында мұра қалды деп
Сезетін еді жүрегім
Талаптанып іздеуге
Тәуекел етпей жүр едім
Тауыпсың аға рахмет
Орындалды тілегім
Азаматтықтықтың белгісі
Іздесе жоқты табатын
Ақылдының белгісі
Сөйлессе мейір қанатын
Білгірліктің белгісі
Шамшырақтай алдыңды
Жол көрсетіп жанатын
Қыран құстың белгісі
Қанатын көкке қағатын
Арғымақтың белгісі
Айшылық алыс жерлерді

Ауырсынбай шабатын
Білімдінің белгісі
Елі менен ерінің
Өткенін еске алатын
Шын жақсының белгісі
Естігенін жасырмай
Көпшілікке салатын
Көреалмайтын көп жаман

Күңкілдеп сырттан айтқанмен
Қайдан білсін ісіңнің
Мән-мағына санатын
Рахмет тағы да
Өткенін айтып келесін
Өзіңнің өскен өлкенің
Болашақпен,бүгіннен
Орның бар үлкен алатын!

Шынында да Маңғыстаудың кәрі шаңырағы Форт-Шевченкода туған жерін зор махаббатпен сүйе білген халқының қадірлі ұлы болып өткен ,жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлағатты ұстаз бола білген өлкетанушы,тарихшы,артына өшпейтін із қалдырған ұстазымыз Есбол Өмірбаев ағамыз бүгінде де ,болашақта да тарихымыздың төрінен орын алар тұлға екенін баршамыз мойындаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау энциклопедиясы Алматы, 1997

ӘОЖ 32.019.51(045)

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА

Жеткизгенова Ә.Т[1]., Досжанов Б.А[2].
[1]Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан
[2]«М.Тынышпаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі», Қазақстан

Аңдатпа. Алаш арыстарының мұраты мен бағыт-бағдарлары бір арнада тоғысып, армантілегін жұптаған ұлттық идея ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде ұлт болашағының көлеңкелі тұстарын көріп саяси тұрғыдан ширыға, шыңдала түсіп, жарыққа шыққандығы. Осы идеяның жетіліп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу үшін аса қажеттілігін бүкіл жан-дүниесімен, санасезімімен сауатты ұғына алған Алаш қайраткерлері бар мүмкіндігін жұмсап, айрықша еңбек еткендігі

Түйінді сөздер: алаш қайраткерлері, саси-тарихи еңбектер, елбасы, рухани жаңғыру, ел мүддесі

Еліміздің қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі екендігін, өз кезеңінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отырғандықтан, күн тәртібінен түспейтін ең өзекті мәселе ретінде басты орында болатындығын елбасымыз өзінің саяси-тарихи еңбектерінде үнемі ескертіп келеді.

Алаш қайраткер-қаламгерлерінің мұраты мен бағыт-бағдарлары бір арнада тоғысып, армантілегін жұптаған ұлттық идея ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде ұлт болашағының көлеңкелі тұстарын көріп саяси тұрғыдан ширыға, шыңдала түсіп, жарыққа шыққан болатын. Осы идеяның жетіліп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу үшін аса қажеттілігін бүкіл жан-дүниесімен, санасезімімен сауатты ұғына алған Алаш қайраткерлері бар мүмкіндігін жұмсап, айрықша еңбек етті.

Алаш азаматтарының жан аямай тер төккен осы бір елеулі еңбектеріне елбасымыз Н.Назарбаев: «Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалылығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау деп санаған» [1, 157], – деп аяулы арыстардың алмағайып тұстың айтулы кезеңіндегі азаматтық әрекеттеріне шынайы баға берген болатын.

Н.Ә.Назарбаев өзінің: «Еуразияның кіндігіндегі ең соңғы көшпелілер құрлығының тағдыры, ұлттық сана мен байырғы қорғандар құпиясы, тоталитаризм мен ұлы әмірші Бейбарыс, қазіргі Қазақстанның диаспоралары мен орта ғасырдағы Үндістан, ұлттық тұтастану мен «Алаш» – міне, осылардың бәрі де басымыздан өтіп жатқан бүгінгі күрделі өмірімізге күш дарытумен бірге ұлы халқымыздың тарихымен де тамырласып кеткен» [1, 6], – деген пікірі арқылы еліміз тарихының тұтас бір сатысын қалап, кезеңін құрайтын мазмұны бар Алаш қайраткерлерінің жанкешті еңбегінің келер ұрпағымызға жалғасар асыл тінін ардақтау, аялау міндетін қойып отыр. Тұтас сөйлем ішінде «Алаш» сөзін ерекшелеп алуының өзі оның ұлт тарихындағы айрықша маңызын айқындайды.

Ел мүддесін көздеп, рухани жүдеуліктің етігімен су кешкен күйін көріп назырқаған Алаш зиялылары азаттық идеяларымен толыққанды дәрежеде ұлт мүддесіне қызмет ету мақсатында алмағайып уақытқа қарамастан, сол кезеңдік руханият мәселелерін күн тәртібінен түсірмей, көпшілікті ақпараттандыру мәселесін мерзімдік баспасөздер арқылы жүзеге асырып, рухани құндылықтарын сақтап қалуға, дәстүрлі желі сабақтастығын үзбеуге үздіксіз қызмет еткені белгілі.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [2], – деп рухани жаңғыру қағидаттарын генетикалық негізімізді сақтай отырып, ұлттық санамыздың аясында саралау арқылы мемлекетіміздің іргесін бекітіп, рухын асқақтатындығын атап көрсеткен болатын.

Мақаланың «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты үшінші бөлімінде «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. ....ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» [2], – деген тұжырымы Алаш арыстары арман еткен ұлт тәуелсіздігін сақтау мен алдыңғы қатарлы ел сапына қосылу үлгілеріне қосқан мәдени, рухани құндылықтар туралы ойлы пікірлерімен астасып жатыр.

Келесі «Прагматизм» бөлімінде «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді» [2], – деген ойлардың мемлекет қайраткерлері арасындағы айрықша тұлға, Алаш зиялысы Әлихан Бөкейхановтың «Әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» деген барлық игілік халыққа қызмет ету керектігін меңзейтін ұстанымымен рухани үндесе, жымдаса өріле үйлесім тапқан. Аталмыш жолдарда мүдделі мақсаты толықтай экономикалық тәуелсіздікке ұмтылысымен орайласатын тұшымды пікірлер мен тұжырымды ойлар көрінісі бар.

Еліміздің мемлекет мәртебесін алып, тәуелсіз түрде салтанатты көш түзеу бақытына ие болғандығы арқасында, халқымыздың ұлттық құндылықтарын шынайы тарихи танымда танып білу мүмкіндігі айқындалып, көптеген мәселелер шешімін тауып, ақтаңдар жолы аршылғаны белгілі. Алаштануға қатысты келелі ой түзіп, салиқалы пікір айтқызып, түйінді тұжырымдар жасататын мәселелер қозғалып, талқыға түсіп, өзектілігі айқындалып, ғылыми айналымға

енгізілді. Алаштық идея, алаштық таным деген тіркестер ұлтын сүйген жанның көкейіне мықтап түйіліп, жүрек төріне тұрақты орнықты. «Алты алаштың баласымыз...» делінетін жолдар тек жаттанды, ұйқастық мағынамен емес, әрбір қазақтың санасында сайрап тұрған ұлттық ұғым болып қалыптасты.

Халқым, отаным, жерім, ұрпағым деп ұлт болашағын байыпты бағамдап, ел келешегін бүтіндікпен, бейбітшілікпен ойлаған әрбір қазақ азаматының жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен ойдың Алаш идеясы екендігіне толық мойын бұрдық.

Қазақ идеологиясы үшін темірқазық болып келетін «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деген ұранға лайық қасиет, киесі жоғары қастерлі сөздің бағасы артты, айрықша құрметпен аталды. Сондықтан ұлтымыздың тұтастығын сақтауға ұлттық сананың негізі болып тұрған Алаштық идея қазіргі таңда ел тарихына, ел ертеңіне, қазақ халқының рухани байлығының өшпей, өркендей түсуіне қызмет етуін тоқтатқан емес. Алаштанушы ғалым Д.Қамзабекұлы үлкен пафоспен «Алаш – өркениет бағытындағы Қазақ елінің, зиялыларының айнымас темірқазығы» [4, 41], – деп Алаш жолының адастырмас арнасына түсе білуді нұсқайды. Ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өміршеңдігін жоғалтпай, соқпақ жолдан сарабдал ойларға негіз бола сара жолға түскен Алаш идеясының жарқын бір көрінісі елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында сабақтастық жалғай, тін таратқанын айтуға болады.

Алмағайып заманның аласапыран сәтінде ел бағына туған Алаш қайраткерлері туған халқының отаршылық езгіге қарсы тұра алатын қабілет-қарымын ашуда олардың саяси санасын, құқықтық сауатын ашпаса, өзге ел қатарынан қалып қоятындықтарын саналы түрде ұғына отырып, қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіріп, мәдениеті мен руханиятын дамыту қажеттігін өздері тамаша түсіне алған және айналасындағыларға осы мәселені өзекті етіп түсіндіре алған зиялы қауым еді. Олардың қай-қайсысы да ел руханиятының назардан тыс қалмауы жолында қазақ халқының мәдени, әдеби бай мұраларын жете зерделей отырып, насихаттау, таныстыру жұмыстарын жандандыра жүргізген еді. Туған елінің, сол елді атамекен еткен қазақ халқының рухани кеңістігінің тар шеңберде қалып қоймай, дамып, жетіліп, өзге жұрттың да жетістігі бар жетелі дүниелерінен таныстығы болғанын қалап, озық еңбектерін қазақ тіліне тіліне аударып, халқына пайдасы тиер тұстарын қармап, шығармашылық табысы мол жұмыстар атқарды.

Алаш руханияты көсемдерінің қазақ жерінде ұлттық идеяны ұстану жолынан айнымай, ақ жол, адал қадаммен алда жүруі жөнінде Н.Ә. Назарбаев: «ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққан, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», - деп атап көрсеткен болатын [1, 156].

Ел тарихының білгірі, көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев Алаш идеясының маңызын оның халықтығында, бай руханиятында екенін: «Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды. Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [4, 87], – деп сарабдал ой мен салмақты пікір түйеді.

Парламент мәжілісінің депутаты А.Әбілдаев та Алаш идеясының ХХ ғасырдағы қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея болғандығын, еліміздің тарихында Алаш арыстарының орны ерекше екендігін «Алаш идеясының өзектілігі және ХХI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы» атты мақаласында: «Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш

қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты. ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Олардың еліміздің тәуелсіздігін ту етіп, ХХ ғасырда Қазақ елін өз алдына дербес те егемен мемлекет ретінде көргісі келген ізгі де жасампаз ниеттері тек ХХ ғасырдың соңында ғана жүзеге асты. Заманында бар қазақтың қамқорына, сүйенішіне айналған «Алаш» партиясының саяси тұжырымдамасына, алашордашылардың саяси өмір жолы мен қызметіне қарап отырып, сол дәуірдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелердің бүгінгі таңда да өзектілігін жоймағанын байқайсыз.Қазақ халқының азат ел ретіндегі тағдыры, тарихы, мемлекеттік дербестігі, жері мен шекарасы, тілі мен діні туралы мәселелер арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, күн тәртібінен түскен жоқ» [5, 126], – деп ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүрген асыл идеалдың өміршеңдігін атап көрсетті.

Қазіргі таңда қазақ зиялыларының ұстамдылығы мен парасаттылығы, ізденгіштігі мен зерттеу еңбектері нәтижесінде ұлттық бірлік нығая түсіп, рухани-зерделі ұрпақ жады эстафеталық жалғастық жолына түскендігін Д.Қамзабекұлы «Қазір Алаш тарихы кеудесінде – жаны, бойында қаны бар кез-келген отандасымызды ойландырады, толғандырады. Неге? Біріншіден, олар бүгінгі болмысымызды, қасиет-қадірімізді сол кезбен салыстырады. Екіншіден, сапалы жаңаруда ұлттың «алпыс екі тамырына» әсер беретін Алаш жолын қалайды. Біз әлеуметтанушы емеспіз, бірақ қарапайым байыпқа салсақ, байқайтынымыз: ұлт тарихын жақсы білетін 10 адамның 9-ы Алаш десе «ішкен асын жерге қояды». Бұған, әрине, қуанамыз. Үзілмеген үміт үшін, жалғасқан рухани-тағылымдық сабақтастық үшін» [3, 35], – деген пікірлерімен бекітеді.

Ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығын саралаған, ұлттың өмір сүру концепциясын айқындаған Алаш арыстарының армандарын асқақтата жалғап, қазіргі таңдағы осы өзектілікті нақтырақ айқындауға жол ашып, бағыт-бағдар беріп отырған елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ой өрімдерімен тығыз байланыса сабақтасатындығына қапысыз көз жеткізеді.

Өз кезеңінде халқына қамқорлық қамдап, қалың қазақтың сүйенішіне айналған Алаш арыстары еңбектеріндегі өзекті мәселенің бүгінгі күн тәртібінен бір мысқал да түспегеніне дәлел болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев. Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы, 1999.

2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.

3. Қамзабекұлы Д. «Алаш – Темірқазық», «ХХI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы: Экономика, 2013. - 248 б.

4. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде», «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Семей, 2008.

5. Әбілдаев А. «Алаш идеясының өзектілігі және ХХI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы», «ХХI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы: Экономика, 2013. - 248 б.

ӘОЖ 82 –3′894. 342

ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ

Әбішева Ш.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада сөз зергері Бейімбет Майлин туындыларының көркемдік әлемі, «Шұғаның белгісі» повесі мен «Айранбай», «Қадір түнгі керемет», «Күлпаш», «Сексен сом» әңгімелеріндегі қазақ даласындағы тарихи жағдайды бейнелеуде, кейіпкерлер бітім-болмысын, кезең көрінісін, заман талабын шынайы суреттеуде диалогтің шебер қолданғандығы айтылады.

Түйінді сөздер: повесть, әңгіме, бейнелеу тәсілдері, психологиялық тартыс, кейіпкер, характер, образ, идея, диалог, пейзаж, оқиға, авторлық ремарка, реплика.

Б. Майлиннің шығармалары белгілі бір кезең суреттерін, заман шындығын өзінің құнарлы тіл өрнегімен халықтың биік идеясын ту етіп көтеруімен ерекшеленеді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасын әлемдік деңгейдегі классикалық шығармалар қатарына жеткізген суреткер өз туындыларында көркемдік амалдарды шебер қолдана білген. Мәселен, күні бүгінге дейін қазақ хикаятының шебер үлгісі саналған «Шұғаның белгісі» әсем пейзаждан басталса, қаламгердің өзге туындырында монолог, ішкі монолог, диалог, ішкі диалог, полилог т.б. көркемдік амалдар шебер қоюласып, шығарманың бояуын қанықтыра түседі.

Автор қаһармандарды таныстырмас бұрын мезгіл-мекенді, оқиға орнын суреттей келе, тартысты тұсқа келу үшін диалогке кезек береді.

«– Мынау аттан түсіп жатқан кім? – деді Шұға.

Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп, аттарын байлап жатыр екен.

Біреуі орысшалау киінген. Тани кеттім.

– Әбдірахман ғой, - дедім.

– Әбдрахманың кім?

– Қазақбайдың баласы.

– Иә, әлгі учитель баласы ма?

– Иә.

– Жап-жас жігіт екен ғой – деп бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті.

Мен Әбдірахманға амандасып, үйге ертіп жүрдім. Отаудың сықырлауығынан Шұғаның сығалап, бізге қарап тұрғаны білінді...». Автор Шұғаның аузына «жап-жас жігіт екен ғой» деген сөзді салып, оны киіз үйдің сықырлауығынан сығалатып қояды. Бұл сығалау, бұл таңырқау оқиғаның шиеленісуіне апарар жол іспеттес.

Шығарманың шарықтау шегі Шұғаның қатты құса боп, ауруға шалдығуы, қызының оңалмас түрін көрген Есімбектің Әбдірахманды амалсыз тұтқыннан босатуы.

«Біз ауылға жеткенде Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап, Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп, аяңдап кісілерге қарай жүрдім. Жақындай бергенімде бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып, кейін жүріп кетті. Не айтқанын есіте алмадым. Бірақ әлденеге жүрегім тітіркенді. Бойым мұздады. Жүгіре басып жандарына келгенімде «Құдай рахмет етсін!..» деп беттерін сипап, бата қылысты. Мен аң-таң болдым. Айтбай маған қарап:

– Есіттің бе, Шұға қайтыпты-ау, – деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым... Жиналған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты:

– Өй, Шұға десе – Шұға еді-ау!... – десті».

Авторлық ремаркадағы «суық суды төбемнен құйып жібергендей болды», «Тұрған орнымда қаттым да қалдым», «Жиналған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты» секілді бейнелі сөздер кейіпкерлер әрекетін дараландырып, шығарманың әсерлілік сипатын күшейтіп тұр. Олардың түр-тұлғасын бейне бір көз алдыңа алып келгендей. Санадағы күресті, адамның рухани әлеміндегі өзгерістерді ретіне орай, кейіпкерлердің өз сөздері, диалогтері арқылы жеткізуді мақсат еткендігі көрінеді. Осы тұста «шағын репликамен, тапқыр диалогпен, авторлық ремаркамен характерді танытып тастайтын Бейімбет өнерінің күші» көрінеді [1, 212 б.].

Кейіпкер мінезін оқиға-сюжет серпінімен емес, психологиялық тебіреністер арқылы сипаттау мақсатындағы диалогтерді шебер қолдану – Бейімбет Майлин қолтаңбасын да айқындайтын көркемдік тәсіл. Себебі «геройлардың ішкі әлемі бір қырынан емес, қыруар қырынан көрініс беріп, характері қарекет, қақтығыс, толғаныс үстінде ашылмақ” [2,133 б.].

Мәселен, Б. Майлиннің «Айранбайы» (1924) – еңбегі қаналған, байға жем болған момын шаруаның ашынып, бұрынғыдан түңілу арқылы санасының ояну туралы әңгіме. Кейіпкердің жылдар бойына жан түкпірінде шемен боп қатқан байға деген өкпе-наласы бір-ақ күнде бұрқ етіп сыртқа шығады. Оны жазушы болмашы ғана детальдар арқылы жеткізеді: «көйлексіз, жеңсіз күртеше тонды жалаңаш етіне киіп алып, қабағы бір түрлі тұнжыраңқы, әлденеге кейігендей, әлдекімді түтіп жеп қоятындай болып отыратын» Айранбай бір сәттегі кейпі арқылы шығарманың

түп-төркінінен хабардар етеді. Осы орайда Т.Сыдықовтың: “Шығарманың идеялық мазмұнын ұсақ детальдар арқылы түйіндеу кейіпкер психологиясын білгірлікпен тәптіштей отырып, образдың жан сырын ашу жазушының айнымас «тәсілі» болып қалыптасқандығымен ерекшеленеді», – деген пайымдауы осының дәлелі [3,78 б.].

«Айранбай» әңгімесінде жазушы диалогтерді ұтымды пайдаланған. Тірлік істеп отырғанда тізесіне жабыса берген қызымен диалогі, қайыс бермеген Кемелбайдан көргісі келмей, оның бар-жоқтығын сұраған әйелімен екеуінің арасындағы диалог үлкен мән атқарып тұр:

« – Еріндегі насыбайын қолымен секіртіп жіберіп:

– Кемелбай үйінде жоқ па екен? – деді.

– Үйінде.

– Бер демеді ме?

– Иә, «бер деді!…» дымымызды қоймайтын шығар, деп сары уайымды салушы сол туғаның… Өзің ешнәрсені де сезбейсің. Нәлөкті салып отырған осы ініңнің өзі көрінеді ғой. Кеше Маржан келін барып қымыз ішкен екен, сонда інің айтып отыр дейді: «Он пұт астық көп болушы ма еді, тізімнен бар астығымызды жиып алды… деп. Несін алдық екен, өткен өмірінде тігінен тіктіріп сабақты ине-жіп беріп көрген жоқ.

Айранбай күрсінді:

– Қазақ ит қадір білер ме, – деді» [4,38 б.].

Мұндағы әйелдің сөзінде бұрыннан жасырынып, бүркемеленіп келген сыр диалогте жария болып, Кемелбайдың ішкі ызасын өршітіп жібереді.

Әр жазушының өз кейіпкерлерінің ішкі дүниесін зерттеуі өзінше бір әлем екендігін Б. Майлиннің діни тақырыпқа жазылған әңгімелері дәлелдей түседі.

Б. Майлиннің әңгімелерінде дін өкілдерінің істері аяусыз әшкереленіп, күлкі, әжуаға айналады. Мәселен, «Қадір түнгі керемет» (1925) әңгімесінде жазушы тақырыпты ашуда тың тәсілдерге барған. Жазушы осыған байланысты оқиға өрілімін де өзгеше өрбітеді. Бүкіл құдіреттің иесі болып, өзіне қарсы шыққандарды «ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстағысы келген» молданы өң мен түстің ортасында қалдырып, «киелі күштермен тілдестіреді». Бұл – көне фольклорлық тәсіл. Оны жазушы көркемдік мақсатта жұмсайды. Мұндағы «диалог» – молданың жасырын сырын ашудың кілті. Себебі, сырттай қарағанда моп-момақан діншіл адамның іші алай-дүлей арамдыққа толы. Оны сыр беріп, білдірмейді. Тек өзіне ғана мағлұм жан сырын жазушы осы сырға толы диалог арқылы береді:

«Байқан молда: «өңім бе, түсім бе», – деп басын көтерді. Әлдеқайдан майда, жұмсақ дауыс естілді. «Азған дүниеде азапты көп тартқан құлым едің. Сен болмасаң, дүниені әлем-тапырақ қылып жіберетін, бір сенің құрметің үшін қалдырдым. Енді мына азғындарды тура жолға салу үшін сені бас қылдым: еліңді үгітте, мұсылмандыққа шақыр! – деді».

Бұдан әрі Байқан молданың диалогі беріледі.

«– Құдіреті күшті құдай. Тапсырған жұмысыңды толық орнына келтірер едім, бірақ қамсамол дегендері іске керте болады, дінді мазақтап, ойына келгенін істейді, мені мазақтап тақпақ айтады, – деді.

– Оларды көндіріп берейін, – деген дауыс естілді.

– Кәрімімді ше?

– Кәрімімді қолыңа берейін.

– Мұғалімді ше?

Дауыс біразға шейін семіп барып:

– Мұғалімге құдіретім жетпейді. Менің қол астымда емес, оның құдайы басқа..., – деді» [4,12б.].

Осы жерде молданың жан қалтарысына үңілу арқылы жазушы Байқан сезімінің түбі шикі екендігін тереңдете түседі. «Алланың қолынан бәрі келеді деп жүрсем...» күмәндана бастаған ол қалайда мына кездесуден өзіне пайдалы істі бітіріп қалғысы кеп, бірді ойлап, бірге кетеді. Кейіпкердің періштелерімен кездесуі де жеңіл юормен өрнектеледі. Авторлық ремарка арқылы ес-түсінен айырылған молданың ішкі әлемі түгел ашылады.

Әңгімеде дінді мазақ еткен тоғышар жандардың бейнесімен қатар Кәрім секілді өз ойындағысын атқара алмай, заман қысымына көніп жүрген адамдардың мінез қырлары да жұртқа

жария болады. Бұл – адамның жандүниесіндегі сыртқа көріне бермейтін қалтарыстарын диалог арқылы ашудың әдемі үлгілері.

Бұған әдебиетші-ғалым Ш. Елеукеновтің: «Адамның қасиетін ашуға талпынған жазушы қашанда өз геройының мінез бейнесіне кіріп алып, оның жан түкпіріндегі ең аяулы дірілін басып, қуанышы мен мұңын, күдігі мен қайшылығын, ойы мен арманын, өз-өзімен не жан-жақынымен сырласушы бәрі-бәрісін суреттеуге тырысады», – деген пікірі дәлел [5,188 б.].

Қазақ халқының басынан кешірген зұлматты шақ – ашаршылық кесірінің ауыр суреттері Б. Майлин шығармаларында кеңінен суреттеледі. Жазушы бір отбасындағы ерлі-зайыптының хал-күйін, сол кездің ауыр жағдайын «Күлпаш» әңгімесі негізінде көрсетеді.

Мысалы:

«Күлпаштың қажығанын, бұрынғыдай қарысып кетпейтіндігін сезіп, Раушан сөзді кесіп айта бастады:

– Мына күйеумен ұзаққа бармай өлесің. Сені өлімнен құтқаратын бізде де әл жоқ. Өзіміз де сол Жұмағазыдан күн көріп отырмыз... Енді сөзді қойып, соған ти! – деді.

Күлпаш күрсінді.

– Қалижанды қайтем?

– Ойбай, апа, баланың басы құрысын, әуелі өз қамыңды же, артынан алдыра жатарсың, – деді» [4,25 б.].

Адамды ежелден келе жатқан ұрпақ қамы, ел қамы дейтін киелі ұғымдардан ажыратып, қарақан басының қамын күйттеген заманның суық лебі бойыңды қарып өтеді. Ішерге ас таба алмай, күндер бойы өзегі талған әйел басына небір ойлар келіп-кетеді:

«Жамаулы көрпеге оралып бүрісіп жатқан Қали жыбырлап:

– Әже! – деді.

– Ау, қарағым! – деді Күлпаш.

– Әкем келді ме?

– Қарағым-ау, әкеңнің қарасы батсын» [4,29 б.].

Осы ана мен баланың шағын ғана диалогінде үлкен бір шешімнің, психологиялық түйіннің сыры аңғарылады. Қилы заманның ащы шындығы көрінеді. Тумысынан ұрпағы үшін жанын құрбан етуге даяр қазақ әйелінің табиғаты енді арын да сатуға мәжбүр. Бірақ – ол азапты да ауыр жол. Жазушы әйелдің осы жолды аттар алдындағы бүкіл жан тебіренісін шебер суреттеген. Екі жақты қыспақта қалған адамның халін оқырман жүрегіне жеткізерде диалогтің түрлерін ұтымды пайдаланған.

Б. Майлиннің шағын жанрдағы шеберлігі жайында ғалым Қ. Ергөбек: «Биағаң қаламы тиіп кеткен жері өмірдің өзіне айналып жүре береді. Кейіпкерлері өмірден қалыпқа қалай көшсе, кітаптан өмірге дәл солай қоныс аударып, тірі адамға айналып өзара айтысып-тартысып, болыстыққа таласып, ерлі-байлы екеуі ренжісіп қалып, байқаусызда ерінен «талақ» деген епетейсіз сөз шығып кетіп, екеуінің де зәре-құты қашып жүріп жатады», – деп қаламгердің шебер суреткерлігіне жоғары бағасын береді. [6,9 б.].

«Бейімбет қазақ прозасына хан-қазына боп қосылған ең таңдаулы әңгіме хикаяттарының қай-қайсысында болсын, шындықты оқырманға құр түсіндірмеген, түйсіндірген, өмір туралы жай сөйлемеген, сөзбен сурет салып бейнелеген». [7,9 б.]. Кейіпкерлерін сөйлету арқылы сол тұста болып жатқан өзгерістерді оқырман алдына жайып салады.

Мәселен, «Өзі шомына айналып тастаған көңнің үстіне шығып жайлап салып жатқанда, біреу келіп:

– Ассалаумағалейкум! – дейді.

Егеубай кенет шыққан дауыстан шошып кеткендей, басын көтеріп алды:

– Әликсалам... Е, Тынышбаймысың, үйде ме едің?

– Бір-екі күннен бері неғып көрінбей жүрсің?

– Кеше жиналыстан келдім ғой – деді Тынышбай.

Егеубай шомның басынан түсіп, күрегін таяна тұрып сұрай бастады:

– Е, жиылыстан келдім дейсің ба, Не жаңалық бар?

Бөтен хабар жоқ. «Алашорда ашылды» дейді. Бес-алты делегат келген екен, ішінен бір сұсты жігіт бар, сірә, бастығы болса керек. Олар Найзалыға жүріп кетті. Болысқа «тез ақша жиып

қой» деген екен, сол ақшаны ауылнайларға бөліп... Біздің ел кедей деп ақшаны басқа ауылға ауыстырады. Сонымен, қалған ақшаны үй басына бөлгенде сексен сомнан келді.

– «Сексен сом» дегенде Егеубайдың таянып тұрған күрегі жерге түсіп кетті. Өзі безгек болған кісідей қалтыранып, аузы жыбырлап қайта-қайта «сексен сом» деп айта берді...» [4,42 б.].

«Сексен сом» әңгімесінде бас кейіпкердің кедей екендігі айтылмайды, көрсетіледі. «Егеубай ертеңгі шайын ішіп тысқа шықты. Жапырайған қорасының құлап жатқан бұрышы көзіне шалынды. Темір күрегін алып, құлаған шомды үйе бастады. Албарда көк шолақ ат, күректің тықырымен Егеубайды танып, жем іздеп оқыранып қояды». Бұлай баяндауды автор жайдан-жай беріп отырған жоқ. «Осы үйде бүгін бір түйір шай жоқ» деген бір ауыз сөздің өзінен-ақ Егеубайдың хал-жағдайын анық түсінуге әбден болады.

Үй басына сексен сомнан салық жинауға келгендердің ел ішіндегі әрекеттері Егеубаймен екі арада болған мына диалогтен анық көрінеді.

«– Қане, отағасы, ақша шығарыңыз, – деді қара бұжыр.

– Ойбай, шырағым, ақша жоқ!

– Ақша жоқ деген не сұмдық! Біз ондайды есітпейміз!

– Не көрмеген көктұқыл дейсің, жалтаруын қарашы, – деп, жолдасы күңкілдеді.

– Отағасы, ақша тап!

– Қарағым-ау, соқыр тиыным жоқ, жерден қазайын ба?!»

Ақыры бұлар қоймайды, ақша орнына Егеубайдың көк шолағын тартып әкетеді. Осы арадан әңгіме дереу аяқталады да, автор айтар идея тағы да «саусақпен нұсқалмайды» өзінен-өзі көркемдік амалдар – диалог, монолог арқылы өріле береді.

Қорыта айтқанда, сөз зергері шағын әңгімелері арқылы шын мәніндегі әдеби шеберліктің мектебін қалыптастырып, осы жанрдағы шынайы реализмнің үлгісін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұртазин Т. Бейімбет Майлин творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1966. - 340 б.
2. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жазушы, 1997 – 231 б.
3. Сыдықов Т. Мұрат пен міндет. – Алматы: Жазушы, 1987. - 316 б.
4. Майлин Б. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1987. - 303 б.
5. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. - 300 б.
6. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: Қазақ қара сөзі жайында. – Астана: Таным, 2003. - 360 б.
7. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1983. – Т. 2. - 456 б.

ӘОЖ 82.09(574)

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ ТАРИХИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДЕРЕКТІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Медетбаева Н.М.
Ғылыми жетекші: Қобланов Ж.Т.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Өткен дәуірді қамту керегіне орай жазушы түрлі тәсілдерге барады. Бұл орайда жазушының кейінгі кезеңді суреттей отырып, өткенге оралып отыруы соның бір дәлелі деуге болады. Ең бастысы жазушы өзі білген, жинаған тарихи материалдарды өзінің көркем ой елегінен өткізеді де, өзінің қалауынша пайдаланады. Мақалада қаламгер Ілияс Есенберлин шығармаларының тарихилығы мен деректілігі мәселесі қарастырылып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: Тарихи роман, жанр, нұсқа, аңыз, бейне, сарын, хронология.

Тарихи романдардың жанрлық ерекшеліктерінің ең басты көрсеткіші дәуір шындығын тарихи деректерге, фактілерге, құжаттарға сүйене отырып ашуында жатқан болса, онда роман табиғатындағы сол тарихи деректерге негізделген көркемдік болжалдың табиғатын ашудың мәні зор. Бұл орайда, ең алдымен, сол кезеңдер жайлы дер кезінде жазылып, сақталып қалған деректерді роман табиғатымен салыстыру кажеттілігі туады. «Тарихи факт – өзіне ғана тән белгілі мазмұны бар объективті шындық»[1,207].

Тарихи роман жазатын қаламгер белгілі бір кезеңге назар аудара отырып, оның бүкіл болмысын хатқа түскен шындық, құжаттар мен фактілер арқылы ашады. Сондықтан тарихи шығармада тарихи факт көркем бейнелеудің негізгі өзегі болып табылады. Рас, ең алдымен құжаттың фактімен қаншалықты сай келетініне назар салу ләзім. Қолға түскен, мұрағаттан табылған мемлекеттік іс-қағаздар, жарлықтар, келісім-шарттар т.т. болса, олар, әрине, өмірлік фактілермен сәйкес келеді. Әдебиет дамуының қиян-соқпақ ұзақ жолына көз салған жайда, тарихи шығармаларда құжаттарды пайдаланудың түрлі тәсілдерін байқауға болады. Оның даму эволюциясында фактографиялық материалды шығармаларға көшіре жалаң баяндаудан тарихи фактіні көркем типтендірудің негізіне айналдыруға дейінгі ұзақ процесс жатыр. Тарихи романдар тәжірибесінде құжаттарды пайдаланудың екі тәсілін айрықша айтуға болады. Бірінші тәсілде құжаттық факт композиция элементіне айналып, суреттеліп отырған дәуірдің кең картинасын бедерлеуге қызмет етеді. Тарихи романды басқа құжатқа негізделген басқа өнер шығармаларынан, сондай-ақ ғылыми еңбектерден ерекшелейтін тәсіл де осы болып табылады.

Екінші тәсілде де құжат таза күйінде немесе сәл көркем қорытылып шығармаға енгізіледі де, композиция элементі ретінде қызмет атқарады. Тарихи құжат қаламгер үшін сол кезеңнің кейбір белгілерін танытуға ғана керек болғандықтан, бұл тұста құжат фактілері суреткер қиялында қорытылып, шығарманың идеялық мұратына бағындырылады. Бұл тәсіл аса сақтықты, шеберлікті керек етеді. Өйткені құжаттан өзгертілмей алынған жалаң үзінділер, құрғақ фактілер шығарманың көркем табиғатына нұқсан келтірмеуі ләзім. Алайда бұл екі тәсіл әр шығармада өзінше сипатқа ие болып, іштей түрленеді, өзіндік бір көркем күйге енеді. Осы тұрғыдан келгенде көркем шығармаларға пайдаланған тарихи деректер мен қаламгердің қиял арқылы өзгеріске түсіріп немесе жетілдірген көркемдік шеберліктің жігін ажырату әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Бұл мәселе ежелден келе жатқан, болашақта да жалғаса беретін шексіз, қызық та күрделі, мәңгілік проблема.

Көркем шығарма – тарихтың көшірмесі немесе баяндау емес, ол жазушы санасында қорытылып, екшеліп, өзінше басқа түрге енген шығармашылық жемісі. Яғни ол кейде тарихпен сәйкес келе бермейтін, тарихты сол қалпында қайталамайтын, алайда сол өткен тарихты оқушы көз алдына елестетіп, қайта тірілтетін, өзінше сөйлететін өзгеше жеке бір құдіретті әлем. Бұл орайда Алексей Толстой айтқан жолдарда үлкен мән жатыр. «Әрбір жазушы уақыттың конденсаторы» [2,109], – дейді ол. Алексей Толстойдың бұл ойы тарихи романдарға тікелей қатысты айтылған. Өйткені тарихи романдарда фактілер қорытылып қана қоймайды, өткен кезең оқиғалары мен құбылыстар бір шығарма кезеңіне тоғыстырылып, тарих шындығымен сәйкестендіріледі. Сондай-ақ ол бүгінгі кезең талғамынан шығып, болашаққа қызмет етуге бағытталады. Тарихи романдарда уақыт белгілі эстетикалық мәнге ие болады. Ал уақыт – тарихи романдар композициясының адам мен уақыт қарым-қатынасының өмірлік оқиғалар түріндегі маңызды элементі.

Бұл орайда әңгіме тарихи шындықтың көркемдік шындыққа айналудың авторға тән ерекшелігін саралауда болып отыр. Ал субъективті негіз көзге ұрып байқалып тұрмайды, ол шығарманың бүкіл құрылымын анықтайтын мазмұнға кірігіп кетеді. Шығарманың субъективтік негізін түсінбей тұрып, әр кезең өкілдерінің өзінің шығармашылық әдіс-тәсілдеріне лайық тарихи қаhармандар мен оқиғаларды түсіндіру сипатын ашу оңай шаруа емес. Нақты бір оқиғаға, яки тарихи тұлға жөнінде жазылған шығармаларға әркелкі бағалардың да негізі осында жатыр.

«Көшпенділер» трилогиясы – хронологиялық жүйеге құрылған, қазақы шежірелік сипатты бойына жинақтаған тарихи шығарма. Трилогияның жанры жөнінде кезінде қазақ ғалымдары, роман жанры бойынша терең зерттеулер жүргізген Р. Бердібаев [3,142] пен Ш. Елеукенов [1,108] еңбектерінде «роман хроника» деп анықтама берілген. Ондағы баяндалатын оқиғалар негізінен тарихи жүйемен дамып, өрбіп отырады. Рас, трилогияда жазушының лирикалық шегіністерге,

арғы-бергі дәуірлерге ауысып отыратын тұстар да жеткілікті. Ондағы суреттелетін негізгі оқиғалар, басты қаһармандар тарихта болған, белгілі деректерде сақталған. Шығарма табиғатынан бір айқын аңғарылатын нәрсе – жазушы әр кезеңдегі тарихи деректер мен мағлұматтарды мол жинаған, ғалымдар еңбектерін барынша оқып танысқан, тереңдей зерттеген. Рас, кезінде шығармадағы тарихи деректердің молдығы, автордың сол тарихи мағлұматтарды кейде сол қалпы өзгертпей қолдануы, дерек жетегінен ұзап шыға алмай қалатындығы трилогия табиғатындағы басты кемшілік ретінде танылып, сын айтылған. Шығармада Батудың Венгер короліне жазған хаты, Лаврентьев шежіресіндегі деректер жөнінде, араб жазушысы Абу-әл Фи жөнінде айтылып, мағлұмат беріледі, ал кейде Рашид-ад-Дин сияқты тарихшылар еңбектерінен үзінділер келтіріледі.

Яғни автор өзі дерек алған шығармалар жөнінде мағлұмат беріп, керегінше роман сюжетіне пайдаланған материалдардың негізіне бағыт сілтеп отырады. І. Есенберлин ақтарған тарихи деректердің оқырманға бірден белгілі болып айқындалып тұрған бөлігі осы болса, ал оның көркем шығарма өзегіне сіңіп кеткен мол бөлігінің дерегін табу қиынның қиыны. Бұл тұста жазушының тарихқа ұстанатын субъективтік санасының бір саласы – білім негізі тұрғысынан келсек, тарихи тақырыпқа барушы І. Есенберлиннің іздену, зерттеу барысында жинақтаған білім деңгейін пайымдауға болады.

Сондықтан жоғарыда сөз болған философиялық көзқарас пен саяси тұрғы субъектінің танымдық қимылына бағыт-бағдар беріп отыратын болса, білім негізі субъектінің танымдық табысының ғылымилығына негіз қалап береді. Ілияс Есенберлиннің тарихи шығармаларын талдау барысында бұған айқын көз жеткізуге болады. Қайсар мінез, қажырлы еңбек, тұңғиық білім негізімен ұштасқан жазушы болмысын танимыз. Жазушының баяндау тәсілі, кейіпкер толғанысы, психологиясы арқылы берілетін ой қорытулар, философиялық түйіндер осыны көрсетеді. «Ажал – үстемдігінді жүргізудің ең берік құралы емес пе? Бабасы Шыңғысхан бүкіл әлемді осы ажал арқылы бағындырмақ болған жоқ па еді? Қалың бұқараны өліммен әлдилеуден Шыңғыс ұрпағынан шыққан кай хан тартынған?»[4,6]. Бұл сол әлемді тітіркенткен, қара жерді қайысқан қолмен солқылдатып, қанмен суарған Шыңғысханның ұрпағы Әбілқайырдың монологы. «Әбілқайыр ірбіз терісінің үстінде аунап түсіп» [4, 6], толғанып жатыр. «Көшпенділер» трилогиясының бірінші кітабы «Алмас қылыш» Дешті-Қыпшақтың бағы тая бастаған жеке билеушінің осы ішкі толғанысымен басталады. Ел басқарудың тауқыметі жанын жегідей жеп, ауыр ойға батып отырған Әбілқайырды көреміз.

Романның сюжеттік желісіндегі өне бойы тамыр тартып таралып кететін болашақ ұлы оқиғалардың негізгі көзі – осы Әбілқайырды ішқұстаға салған толғаныс, шиеленіскен түйіннің шешімін таба алмай, шерменде болған Әбілқайырдың арғы-бергі ата-баба дәстүрін ойға түсіріп, толғанысқа берілу сыры романда былайша суреттеледі: «Көк Орда ел-жұртын жеке билеп келген Әбілқайыр мен қазақ ордасын бөліп алам деген Жәнібек сұлтанның таласы әлдеқашан-ақ басталған. Бұлар бір-бірінің жан алқымынан ала түсер көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес. Араларында бітім болуға тиіс емес. Бірақ әлі қарсы шабар күн туған жоқ, тек қазір сол күнді күтіп жүрген жағдайлары бар» [4,15], – деп сыр сабақтайды автор Әбілқайыр хан мен Жәнібек сұлтан арасындағы тартыс жайында.

Жазушының жоғарыдағы мағлұматтарды пайдаланғанына шүбә келтіруге болмайды, өйткені тарихи дерек, жазба құжаттар өзегіне көп бұрмаланбай, нақты көшкен. Қаламгер сол дерек, мағлұматтарды көркем шығарманың құрылымына ендіре, қиялда қорыта отырып өзінше дамыта пайдаланған. Қобыландының Дайырқожаны абайсызда өлтіруіне негізгі себеп ретінде жазушы Қобыландының Әбілқайырдың қызы Гүлбаһрам-Патшайым сұлуға дәмеленуін келтіреді. Ал Ақжол би сұлудың сүйгені Саян батырды қашырып, көмек көрсетеді. Әрине, бұл әрлендіру мақсатындағы жазушы қиялының тарихи деректі дамытуынан туған қисын. Алайда осы бағыттағы жазушы ойына еріп, екі алыптың соқтығысының басты себебіне тереңдей үңіліп зерделесек, оның тізгіні хандар қолында жатыр екен. «Әбілқайыр Ақжол мен Қобыландының арасына астыртын шаң тастап шиеленістіре түскен»[5,95]. Жәнібек, Керей сұлтандар бас болып Көк Ордадан бөлініп шығуының өзінде жеке сұлтандардың мүддесінен гөрі, халық мақсаты, халықтың мүддесі басым. Сондықтан да олардың соңынан қалың жұрт ілеседі. «Қазақтың көшпелі рулары алмас қылыш, – деп ойлаған сұлтан Жәнібек, – егер жұмсай білсең – ол жауыңа айбар, жер-суыңа корған. Қара халық өз бетімен бірімен-бірі соғыспайды, тыныштықты, достықты тілейді. Бар пәле бізде – хан,

сұлтандарда. Қолыңдағы осындай күшті пайдалана білсең, ойыңдағыдай ұлы хандықты құруға болады. Ноғай, Қазан, Қырым, Астрахан хандары мен сұлтандары таламасын десең, арғы жағындағы ұлы жұрт – орыс елімен тіл тауып, одақтасқан жөн. Бірақ осындай күнге жету үшін ең алдымен Әбілқайыр ордасынан бөліну керек». Міне, бұл халықтың көкейіндегі мақсат – қазақтың елдігін, жер-суын сақтап қалудың жолы. Халықтың күшіне, оның халықтығына Әбілқайыр ханның көзі жетпеді. Шындығына келгенде, ел тағдырын хан мен сұлтандар емес, халықтың өзі шешетінін ұқпады. Халық-Батыр өз дегенін істеді, бой көрсетті, күш көрсетті, елдік-ерлігін білдірді. Ал хан болса, жаралы арыстандай айбаттанғанымен, өзінің дәрменсіздігін көрді, қайратының жоктығын аңғарды.

Халықтың келбетін, күшін көрсету, қимылын, іс-әрекетін паш ету сипаты «Алмас қылыш» романында Бұрындық ханның әрекеттерін суреттейтін тұстарында айқын көрінеді. Бұл жайды жазушы оған деген халықтың қарым-қатынасын суреттеу арқылы айғақтай түседі. Мұхаммед Шайбани мен Бұрындықтың құда болуына халық сырт айнала қарайды. «Ел, жұртымызды шауып, мал-мүлкімізді талап, бүкіл Дешті Қыпшақ елін қорлаған Мұхаммед Шайбанимен Бұрындық неге құда болады?! Бұл бізді қорлағаны…» – деді, халықтың сөзін сөйлеп қарт Қаптағай батыр». Ақыры Бұрындық хан халық қаһарына шыдай алмай, өз тағынан өзі безіп, хандығынан тайып кетеді. Айтқанын орындай алмайды. Жеке оқиғалардың желісі, түп қазығы халықпен, қазақ халкының тағдырымен байланысып жатады. Мұның барлығы тарихи оқиғалардың, болған шындықтың, болмыстың негізінде айтылады.

«Алмас қылыш» романында жеке адамдардың, кейіпкерлердің өміріндегі тартысы, өсіп жетілуі, оның халықпен сан-салалы байланысында көрсетіліп, эпикалық сипатта баяндалады. Мұндағы оқиғалардың өріс алуы, дамуы тек халық атынан, ел тұрғысынан алып козғалады. Керек жерінде халық өзінің күшін, қаһарын, қимылын көрсетеді. Керек болса үкімін де шығарады.

Тарихи деректерде кейде мақталып, кейде датталып айтылатын Әбілкайыр ханның іс-әрекеттерінің психологиялық жайларын логикалық тұрғыдан сыйымды етіп беруінде шығарма дүниеге келген дәуірдің сабақтастығы жатыр.

«Көшпенділердегі» суреттелетін оқиғалардың басым көпшілігі тарихи деректерге құрылғандығына мысалды кез келген тұстан алып келтіруге болатынын жоғарыдағы талдаулар сипаты дәйектейді.

Жазушының тарихи деректерге негізделген көркемдік болжамдары жөнінде сөз қозғағанда осы жайларды байқауға болар еді. Ал шығармада көркемдік қиялға да бой ұру – І. Есенберлинге тән құбылыстың бірі. Көркемдік болжалдың көп жағдайда көркемдік қиялға ауысып отыратындығы да байқалады. Жоғарыда айтылған Қотан мен Қазтуған айтысы осыған дәлел. Алайда көркем шығарма тек тарихи фактілер мен көркемдік болжалдан тұрмайды. Көркем шығармалардағы ең басты ерекшеліктің бірі – жазушының субъективті дүниетанымына негізделген көркем қиялдың басым болып келетіндігі. «Алмас қылышта» да мұндай шығармашылық қиялдың үлесі мол. Романды оған негіз болатын тарихи еңбектерден ерекшелейтін де осы сипат. «Жазушы тарихи деректерді терең меңгере, қорыта, сұрыптай отырып, сол кезеңнің жанды суретін жасайды. Қандай да бір нақты деген тарихи деректің, тарихи тұлғаның романдағы көрінісінен көркемдік қиялдың жемісі көрініп тұрады»[6,26]. Жазушы өзі жасаған өнер әлемін көріктендіру мақсатында ойынан қосалқы кейіпкерлер, тың эпизодтар, жаңа оқиғалар косады. І. Есенберлиннің қос трилогиясындағы Алау батырдан бастап, Саян, Орақ, Қияқ, Тұяқ, Құндыз т.б. толып жатқан кейіпкерлер – осындай жазушы қиялы арқылы қосылған тұлғалар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елеукенов Ш. Тарих және көркем шындық. //Жұлдыз. – Алматы, 1973.№11. 44-49 б.
2. Серікқалиев З. Ақ жол. – Алматы: Жазушы, 1990. – 464 б.
3. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. - Алматы: Ғылым,1979.-362 б.
4. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тілі. – Алматы: Ер-Дәулет, 1988.
5. Ергөбек Қ. Сәбит Мұқанов. – Алматы: Мектеп, 1989. – 144б.
6. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: Таным және көркемдік. – Алматы: Ғылым, 1999. – 281 б.

ӘОЖ 811.512

1980-1990 ЖЫЛДАРЫ ПРОЗА ТІЛДЕРІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Күмісбай Г.
Ғылыми жетекші: Капанова А.
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

Андатпа. Қай халықтың болмасын сөздік қоры мен құрамының толығуына кірме сөздердің айтарлықтай рөлі бар екенін білеміз. Біздің тілімізбен араб-парсы, моңғол, орыс тілдері айтарлықтай жақсы қарым-қатынаста болған. Себебі, осы тілдерден енген сөздер тілімізге әбден сіңісіп, өзіміздің сөз іспеттес болып кеткен. Біз бұны осы мақаламызда ХХ ғасырдың екінші жартысында жазылған М.Мағауин, Д.Исабеков, Қ.Жұмаділов, Т.Әбдіков сынды жазушылардың прозаларынан мысалдар келтіру арқылы көрсетеміз.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, кірме сөздер, араб-парсы тілі, монғол тілі.

Қазіргі таңда тіл біліміндегі өзекті мәселелерді айтар болсақ – тілдік байланыстардың өзара қатынасы мен оған берер әсері. Міне, осындай қатынастардың жақсы мысалы ретінде кірме сөздерді айтуға болады. Осы кірме сөздердің зерттелуін көптеген ғалымдар өздерінің еңбектеріне қосқан болатын. Мысалы, белгілі зерттеуші К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» деген еңбегінде кірме сөздерге түсініктеме беріп, талдау жасалса, Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясында» нақты анықтама беріліп, қазақ тіліне енген сөздерге мысалдар келтірілген. Сондай-ақ Л.З.Рүстемовтың «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» еңбегі де ауқымды мәлімет береді. Кірме сөздер дегеніміз тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Яғни сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер делінеді [1, 133]. Біздің тілімізбен араб-парсы, моңғол, орыс тілдері айтарлықтай жақсы қарым-қатынаста болған. Себебі, осы тілдерден енген сөздер тілімізге әбден сіңісіп, өзіміздің сөз іспеттес болып кеткен. Мұны біз жазушылардың еңбектерінен де көре аламыз. ХХ ғасырдың екінші жартысында жазылған М.Мағауин, Д.Исабеков, Қ.Жұмаділов, Т.Әбдіков сынды жазушылардың прозаларынан кездестіруге болады.

Араб-парсы элементтері қазақ тілінің сөздік қорынан белгілі бір орын алатынын жоғарыда әңгіме еттік. Мұндай сөздер қазақ тілінде қолдану өрісі мейлінше кең, әрі алуан түрлі болып келеді [2, 30]. Осындай сөздерді Т.Әбдіковтың «Өліара» еңбегінен кездестіреміз. «Бәрекелді, дұрыс болған екен, - деп босағаға кебісін шеше бастады.» [3, 8]. Бұл сөйлемдегі кебіс сөзі парсы тілінен енген кірме сөз. Бұл сөз аяқ киім мағынасында иран тілінде де бар. Бірақ тұлғасы «кәфш» қалпында көрінеді. Әрине, бұл сөз түбірінің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын да иран тілінен іздеп табамыз. Онда «кәф» немесе «кәфф» - аяқтың табаны деген мағынада қолданылады. Дүние жүзіндегі бірқатар тілдерде (үнді, араб, ескі ағылшын, фин, эстон сияқты тілдерде) «hоф», «кәпп», «кәппә» тұлғалы сөздер «табан» мағынасында ұғынатындығын да ескерте кетеміз. «Табан» мағынасын беретін басқа тілдердегі «кәф», одан туындаған «кәфш» сөздері қазақ тіліне ауысқаннан кейін «кебіс» іспеттес дыбыстық өзгеріске ұшырап, мағынасын дәлірек қазақшаласақ - «табандық киім» болмақ [4, 131]. Бұл сөз бізге парсы тілінен енгенімен түп-төркіні иран тілінен шығып тұр, осылайша иран сөзінің қазақ тіліне парсы тілі арқылы кіргенін аңғарамыз. Сондай-ақ, «Қайда екенін өзі де білмейді; жүк тиелген арбаның алдында жұпыны киініп, көшірге ұсап, бүрісіп отыр, артында – бет аузы жылаудан ісіп кеткен Бикен, арба шоқалақтаған кезде өз денесіне өзі ие бола алмай, байлаусыз мүліктей қисаң-қисаң етеді.» [3, 351] деген сөйлемнен мүлік сөзін алуға болады. Бұл сөз араб, парсы тілдерінен ауысып, мағынасы бізде – мал, дүние қалпына айналған. Ал аталған тілдердегі мағынасы өзгеше, Арабтарда мүлэк – меншік, иелік, парсы тілінде мэлки – жеке меншік. Осы сөзден, әсіресе, араб тілінде «иеленуші, билеуші, жекеменшік иесі» деген мағыналарды беретін «мәлік» сөзі пайда болған. Бұл сөз қазақ тілінде адамға есім болып қойылады [4, 211-212]. Тағы да бір мысал, «Арғы беттен келген қалмақтар намаз оқып отырған Сейіт батырды өлтіріп кетіп, содан зиратқа айналған екен» [3, 345].

Бұл сөйлемде намаз сөзінің басқа сөзден кіргені анық байқалады. Сөздің алғашқы шыққан төркіні парсы тілі деп танылып жүр. Оның «намаз» тұлғасы мен беретін мағынасы парсы тілінде де кездесетіні рас. Кейбір түркі тілдеріне парсылардан ауысуын да теріс деуге болмайды.

Түптен келгенде, ертедегі түркі жазба сөздің алғашқы тегі санскриттен екендігі анықталады. Санскритте намо – тізе бүгу, еңкею, иілу. «Намо» түбіріне парсы тілінде «з» дыбысы қосылып, бас ию, құлшылық, құрмет ету мағынасына дейін өзгерген [4, 217]. Бұл сөздер араб, парсы тілдерінен қосылса да, олардың негізгі шығу төркіні басқа екенін аңғардық.

Қазақ тілінің моңғол тілдерімен қарым-қатынасы екі түрлі жағдайда қарастырылады. Біріншісі, моңғол тілдерінен кірген сөздер әкімшілік, ел билеуге байланысты болса, екіншісі, қазақ тіліне моңғол тілдерінен ауысқан сөздерден басқа олардың бірінен біріне ауысты деуге келмейтін, екеуіне де ортақ сөздер жайында [1,140]. Оған бір дәлел М. Мағауиннің «Аласапыран» еңбегі. Мысал келтірер болсақ: «Қала ішінде ханға сенімді, қиындық күндері қасында болған, бұқаралық Баба-Сұлтанның басын кескен басқа талай сұлтанды тітіреткен, ақыры Тәуекелді осы дәрежеге жеткізген атақты әскердің мың қаралы ғана аламан бар» [5, 9]. Аламан сөзі моңғол тілінде «алам» біздегі «ін» мағынасында қолданылады. Осыны тілге тиек етіп, «алам» тұлғасына –ан жұрнағы қосылып, «аламан» атауы пайда болған [4,13]. Моңғол, қалмақ тілдеріндегі өлтіру, жанын алу, малды сою, өлім әкелетін, өлтіретін деген мағыналардағы ала /х/ сөзі. Ал, түркі тілдерінде аламан сөзінің мағынасы – талдау, тонау, шабу мақсатында жиналған топ, отряд дегенді білдіреді [6, 30-31]. «Бірақ ол елшіні, қасындағы барлық нөкерімен бірге жолда Көшім ханның ант атқан інісі Махметқұл ұстап алып, азаптап өлтірген көрінеді» [5, 19]. Нөкер сөзі негізінен моңғолдың әскери жағдайында көп қолданылған сөз. Кейіннен моңғол шапқыншылығы кезінде тілімізде тұрақтап қалған. Бұл сөз хандық дәуірде көп қолданылып, бертін келе қолданыс аясы тарылған. Нөкер хан мен бек, сұлтандардың қасында жүретін қызметшісі, серігі болған [7, 619].

Араб, парсы, моңғол тілдерінен басқа қазақ тілі орыс тілімен етене жақын десек қателеспенедігіміз. Орыс тілінен түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне, ертеректе еніп қалыптасқан сөздердің сіңісіп кеткені соншалық, олардың басқа тілдік сөздер екені бірден аңғарылмайды. Түркі тілдері мен орыс тілінің бір-бірімен сөз алысуы бұл тілдерде сөйлейтін халықтардың жүздеген жылдар бойына қарым-қатынас жасап келуінің нәтижесінде болды [8, 152]. Осындай сөздерді өз прозасында қолданған жазушылардың бірі Қ.Жұмаділовтың «Көкейкесті» романынан мысал келтірсек. «Ол өзінің поезд үстінде, купелі вагонның жоғарғы сөресінде жатқанын аңғарды» [9, 4]. Бұл сөйлемдегі поезд сөзі қазақ тіліне енгеннен кейін пойыз болып қолданылып жүр. Қазақ тілінде жүрнақ, жалғаулардың ереже бойынша жалғануына байланысты, халықтың айтуына да ыңғайландырылған. Негізінен пойыз дегеніміз – бір не бірнеше локомотивке тіркелген вагондар тізбегінен тұратын теміржол құрамы [7, 677]. «Құсайын жігіттерге ым қағып, қолдарына су құйған боп, бір-бірлеп далан үйге шақырып алды да, қырлы стақанмен сол арада тартқызып жіберді» [9, 203]. Бұл жердегі мысалға алып отырған сөз – стақан сөзі. Орыс тіліндегі стакан сөзінің этимологиясы түркі тілдерінің достақан, тостақан сөзімен байланыстырылады. Стакан сөзі «шыныдан жасалған ыдыс» мағынасында орыс тілінен түркі тілдеріне қайта келіп енді. Қазірде қазақ тіліндегі тостақан мен стақан екі басқа сөз ретінде ұғынылады [8, 154]. Сонымен, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы проза жазушыларының еңбектерінде кірме сөздер айтарлықтай деңгейде қолданылған.

Қорыта келе, қазақ тіліміздің қаншалықты нақышты, ыңғайлы екенін айта кетсек. Себебі, мейлі ол орыс, мейлі ол парсы, тіпті араб тілінен болсын енген сөздерді өз тілімізге қарай ыңғайлап, кірме сөзді төл сөзіміздей етіп қолданамыз. Қай халықтың болмасын сөздік қоры мен құрамының толығуына кірме сөздердің де айтарлықтай рөлі бар және де кірме сөздерсіз тек қана өзінің төл сөздерін қолданатын халық жоқ екен. Жоғарыда келтірілген мысалдарды тікелей мына тілден енген деп айтқанымызбен, негізгі сөздің шығу төркіні, мағынасы басқа тілдің аудармасы бола алған. Яғни, мұнда айтпағымыз бір тіл арқылы екінші бір тілдегі сөздердің ауысуын, сөздердің қолданылу аясының кеңейуі десек те болады. Осы арқылы тілімізге жаңа сөздер еніп, тілдегі лексиканың да толығуына септігін тигізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы «Дәуір», 2003. – 264 б.
2. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы «Ғылым», 1982. – 160 б.
3. Әбдіков Т. Өліара. – Алматы «Жалын», 1985. – 352 б.
4. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы «Рауан», 1994. – 304 б.
5. Мағауин М. Аласапыран. – Алматы «Жалын», 1981. – 384 б.
6. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы «Санат», 1994. – 272 б.
7. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
8. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы «Өлке», 2010. – 560 б.
9. Жұмаділов Қ. Шарайна. – Алматы «Жалын», 1982. – 466 б.

ӘОЖ 82.09(574)

АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫ – АДАМГЕРШІЛІКТІҢ, ИМАНДЫЛЫҚТЫҢ БИІК БЕЛЕСІ

Каримсакова Б.А
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада адамгершілік, имандылық мәселесі ақындарымыздың шығармашылығында кеңінен көрініс тапқан.

Түйінді сөздер: дін, иман, адамгершілік.

Қаншама ғасырлық адамзаттың жаратылысында дін мен әдебиет үнемі тығыз бірлікте болып, халық поэзиясының көне жанрлық болсын, мейлі жаңа замандық болсын, қай түрінде де жырланып келгені мәлім. Қай халықтың болмасын өзіндік даму тарихында діни мәселелер сөз етілген.

Жаратылысты бар деп саналатын тылсым күш − Алланың құдіретін кез келген пенденің мойындайтыны хақ. Осы ұлы күшті тану, ол арқылы өмір сүрудің тепе-тендігін сақтау, рухани жігерлеу сияқты құбылыстар қазақ елінде де қоғамдық жағдайлармен қатар жырланып отырған. Адам баласы қаншама уақыт бойы тіршілік етіп енсе, соншама уақыт дін де өмір сүріп келеді. Адамзат дінсіз болған деген дәуір болмаған. Көне фольклорлық туындылардың қай жанрын алсақ та діни танымның бір сызаты аңғарылады. Оның ар жағында жатқан мифологиялық түсініктердің барлығы да қасиетті саналып, халықтың нанымында шынайы орын алған. Ендеше жыр етіп дүниеге келген әрбір баланың санасы діни танымен сусындайды. Бұған әрине әдебиеттің тікелей әсері бар. Әдебиеттің белгілі бір жанрында жазылған шығармалар арқылы халық өз бойына, өз санасына діни танымды кіргізеді. Халық әдебиетінің қай дәуірінде болмасын діни сюжеттер мен діни түсініктер міндетті түрде болатыны белгілі десек, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы халық ағартушылық діни бағытты ұстанған ақындар поэзиясы − діни әдебиеттің биік белесі болып саналады.

Тақырыбымызға арқау болып отырған имандылық мәселесі ақындарымыздың шығармашылығында кеңінен көрініс тапқан. Имандылыққа шақырған жаратушы − Аллаға сену арқылы өз мүмкіндіктерін шындауға уағыздаған ақындар, замандастарын биіктеуге, рухани адамгершілік жақтан өсу арқылы өз өмірін өзгерте аларлық мүмкіндіктерге ие болуға, рухани қоғамдық құлдықтан босануға шақырады. Қарастыра келсек, XIX ғасырдағы ақындардың діни сарынды идеясы − діни фанатизмге итермелеу емес. Олардың діншілдігі − адамшылығыңды, кісілік қасиетіңді сақта, тәңірі − жаратушының оң көрген ісін сақта, өз күшіне сен деген ойларды уағыздаушылық, имандылыққа шақырушылық, яғни бұл тұстағы поэзия өкілдері ұстанған

адалдық концепциясы имандылықты сақтау, көкірекке арамдық ұялатпау, ар-ұятты бәрінен де жоғары қою талаптарымен үндеседі. Ақындарды өмір сүруге тіршіліктің тереңіне үңілуге, адами қатынастарға деген реалистік тұжырымдардан арашалап алатын ой-пікірлер нақ осы дін-иман туралы көзқарастарын танытқан өлеңдерден табылады.

Бұл тұста зерттеуші Б. Омарұлының мына пікірін айта кетсе болады: «Заман жыршылары қоғамның сипатына сай өзгерген нәрселерге, тосын жаңалықтарға өзіндік ой биіктігінен қарап, баға береді» [1, 258 б.]. Ақындар қарсы болған (үрке қараған, шошына қараған, көңілі толмаған т.б.) нысандар баршылық. Мұның бәрі жаңалықты жатсыну ретінде қабылдағандығы белгілі. Әйтсе де бұл топтағы ақындардың қоғамдық қатынастардың ауысуы арқылы келген әр түрлі құбылыстар мен жаңалық, өзгерістерге мәселен, ақшаға көз қарастары халықтық таным, адами болмыс тұрғысынан зерттеп-зерделеуге лайық.

Не ғажайып кейбір дәулет насқа бітер,
Рақымсыз, жібімейтін тасқа бітер,
Ішіп, киіп, не беріп қызық көрмей,
Дүниеден тарлықпен босқа кетер.
Бір тиынды иманнан жақын көріп,
Тұтамдап құйрығынан ұстап өтер [2, 41 б.].

деп жырлаған Нұржан ақынның айтпақ ойы ақша үшін, бар қадір-қасиетін, иманын аяқ астына таптаған наданның күйкі тірлігін сынға алады. Нұржан Наушабайұлының бұл өлең жолдарындағы идеясын Әбубәкір Кердері әрі қарай тереңдете түседі:

Ғаділдік сипаты еді бір Алланың,
Билерім ғаділ болып тұра алмадың.
Он тиын жан қалтаңа пара кірсе,
Фақырға hеш шафағат қыла алмадың.
Нашарда ақ та болса дұшпан тұтып,
Шырайын фақилардың шығармадың, − [3, 268 б.]

деп Әбубәкір ақшаға құнығып, елден алым алып пара пәлені көбейтіп елге жексұрын атанып жүргендерді айтады. Олардың жұмысқа екі жүзділіктері, халыққа қиянат жасап, қайғысын зорайтып жатқанын шебер бейнелейді. Оларды пара үшін туған-туыстарын сатуға да даяр, нағыз залымдар деп Шортанбай да дұрыс сынайды.

Қаныққан соң жалаға.
Көшеде жүрген көп тілмаш
Міниіп шабар шанаға...
Өңкей арам залымдар
Зәремізді алады.
Арам берсең жымиып,
Қалтасына салады [3, 118 б.].

Елді қанаушылардың жаңа тобының ақшалы байлар, алыпсатар саудагерлер екенін айқын суреттейді, оларды нағыз ел ырысын еміп, сездірмей сорып жатқан араны толмас алпауыттар деп бейнелейді. Ақшаға байланысты елдегі қайғы-қасіреттің де шынайы суреті жасалады.

Арам арсыз жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ
Міниіп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты [3, 95 б.].

Бұрынғы айырбас саудасына үйренген көк тиыны жоқ ел ақшалы саудаға бірден үйреніп кете алмайды. Ақшаның құнын, есебін біліп болмаған елді алдау-арбау — оңай іс.

Биге пара байларға өсім болды,
Бой тартқан, арамдықтан барма қашқан?
«Сен кімсің қорқасың?» − деп жел береді
Кісі жоқ «қой» дейтұғын, жұртты басқан [3, 35 б.].

Бұл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осы турасында айтқан бір өлеңінен үзінді. Бұл сияқты зұлым қылықтар алаяқ іскер сымақтарға көп пайданы түсірді. Сондықтан қарапайым халық ілкіде ақшаны бірден қабылдай алмады. Сататын мал-мүлкі тегін сатылып, алары қымбатқа түсті.

Қайыр кетіп байлардан,
Бұзауға ақша беріп тұр.
Пәлен теңге торпақ боп,
Тиынға тиын өніп тұр [3, 98 б.].

Бұл мазмұндағы өлеңдер аталған ақындарымыз өмір сүрген дәуірдегі қоғамдық құбылыстардың көрінісі. Өз қоғамында болып жатқан келеңсіз құбылыстардың бәрін өлеңге қосып жырлаған поэзия өкілдері өз жырларымен ниеті бұзылуға айналған халықтың ой-санасына кішкене де болса, өз ықпалдарын тигізуді мұрат тұтты.

Сонымен қатар ақындарымыз өздері өмір сүрген қоғамдағы әділетсіздік пен зұлымдық, жауыздық атаулыға адамгершілік пен ізгілік, адалдықты қарама қарсы қою арқылы адам санасын тәрбиелеуді алдына басты міндет етіп қойды. Бұл үшін алдымен өз басының сол талапқа сай болуын ойластырып, бойындағы өзгеге өнеге боларлық қасиеттерді айқындап алуды жөн көрді.

Ешнәрсе таба алмассың қармағанмен,
Көңілді кіршік басып шаң болған соң.
Талабым халыққа ғибрат таратпаққа
Ойда фаһім, тілде сөз бар болған соң [3, 112 б.].

Жамандық пен жақсылық, арамдық мен адалдық арасын ажырата білуге, достық пен қастық, шындық пен жалғанды айырып, бірін жақтап, екіншісіне қарсы тұру, міне, осы тақырыптар ақындарымыздың толғанғанын көреміз. Мысалы Шортанбай:

Жаулық пенен жалғыздық
Жалғанның иман тарлығы.
Ісің түссе жаманға,
Жағадан алар сорыңа.
Көп ішінде аз болсаң,
Әр неме түсер ойыңа.
Ел ішінде жоқ болсаң,
Мін тағылар бойыңа.
Жолдас болсаң жақсымен
Қолың жетер Қырымға...

Осы тұрғысында қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші ғалым Ханғали Сүйіншәлиевтің Шортанбай творчествосы хақында айтқан мына пікіріне көңіл бөле кетсек, «Ар-намыстан ада, нағыз имансыздар елді аздырып, ақырзаман тудырып жатқан сол сымпыстар деп қазақтың өз арасынан шыққан азулылардың жаңа тобын әшкерелейді. Қазіргі адамдар жақсылық, әділет дегеннен жұрдай деген ойлар Шортанбай шығармаларында жиі-жиі қайталанып тұрады» [4, 117 б.].

Шортанбай шығармаларының негізгі арқауы деп, оның жырларының ақылгөй өсиетшіл, иманшыл келетінін айтқан жөн. Адамгершілік жайында ақыл айтып, халықты түзу жолға салуды өзінің зор мақсаты саналғандықтан болса керек. Ол өсиеттерін қалың қазаққа, оның басшы адамдарына, ұл-қызына, кәрі-жасына арнайды. Оларды өз өнері арқылы имандылыққа үндейді. Ақынның мына өлеңінде осы турасында былай делінеді:

Иманнан басқа нәрсені
Құдайдан көп сұрама!
Жерден қайыр күтпесе,
Өлтірмейді ешкімді
Өлшеп берген нәсіпке,
Халықпенен қас болып,

Өнбес іске өшікпе, − деп әр адамның өлшеулі несібесі болады, сондықтан сұғанақтанбай бұйырғанға қанағат еткенің жөн дейді. Ал қанағатшылдық Алланың бергеніне тәубе келтірушілік − имандылықтың бір көрінісі.

Алланың елшісі Мұхаммед (ғ.с) пайғамбардың хадистерінде былай делінеді: «Алла тағаланың бергеніне қанағат етіп, Аллаға иман айту зауалдан сақтайды. Адам баласы өзіндегі бар жақсылыққа қанағат келтіруі керек» [5, 21 б.]. Ақмолла ақынның да шығармашылығында осы сынды өлеңдерді кездестіреміз:

Төртінші қымбат нәрсе − шүкір деген,
Нығматқа шүкіршілік күпір деген.
Жатқан жерден «құдай кешір» деген қорлық,
Себеп іздеп түзу жолмен жүгір деген [3, 339 б.].

Бұл ақынның да айтпақ ойы Шортанбайдың осы тұрғыда айтқан жоғарыдағы өлең жолдарымен үндеседі. Ақмолланың өлеңдерінде имандылық мәселесі кеңінен көрініс табады. Адам бойындағы асыл қасиеттердің жетістігін жаман қасиеттердің жиіркеніштігін талдап өтеді. Мысалы:

Ең әуелі аршу керек іштің кірін,
Іште толып жатпасын сасық-ірің,
Ah, дариға, іш тазарсын, іш тазарсын,

Болмаса пайда бермес құры білім − деген өлең жолдарындағы жеткізбек ойы, көңілің, жан-дүниең, жүрегің таза болмаса ондай адамда иман болмайды.

Сонымен қатар ақындарымыздың өз шығармашылықтарында көп толғанған нәрсе − адам бойындағы жағымсыз қылықтар. Осы жайында Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың хадистерінде де айтылады. «Ақыры жамандықтан ұрындыратын нәрселерден бойыңды тартып ұста. Яғни, жұмысты бұл өмірде ойланып істеген жөн. Сонда ақырында өкінбейсің» [5, 41 б.]. Ақындарымыз осы хадисте айтылған өсиетті одан әрі өрбіте түседі.

«Сабыр − ақылдың серігі» демекші, имандылықтың бір баспалдағы − сабыр. Сабырға тең келетін күш жоқ, жамандықты жақсылыққа жеңіп беретін сол. Мұны жырлауда да ақындарымыз қалыс қалған емес. Мәселен Әбубәкірдің мына өлеңі осыған дәлел:

Беймағал жеңіл көңілден
Сабыр еткен ой артық.
Кішілік жоқ ақылға,
Керек емес бой артық, −

дей келе,

Кір жұқтырмай бойыңа
Сақтап жүрер басын артық, −

деп бойыңды жаман қылықтардан, жағымсыз әдеттерден аулақ ұста деген өсиет айтады. Әр адам өз өмірінің қожайыны, өз бойындағы жамандық-жақсылық қасиеттерді адам өз қалауымен игереді. Демек адамның жақсы қасиеттерді өз бойында көрсете алуы өз қолында:

Әдеп, ақыл, білімді,
Үйрене ешкім тумайды.
Көруменен ысылар,
Ілгері тәңрі бастырса,
Өнерін күн-түн асырар [3, 65 б.].

Бұл жерде ақын көксеген ой − Алланың ақ жолын тандасаң бойыңнан жаман әдеттер аулақ болады. Иманыңның алдында арың таза болса, Алла тағала сені желеп-жебеп жүреді деген идея.

Біздіңше, халқының тағдырын ойлаған ақындарымыздың жарғақ құлағы жастыққа тиген жоқ. Ел-жұртының қасіретін арқалап бойындағы бар күштерін сол үшін сарп етті. Сол тұстағы қоғамның жай-жапсарына қарай әрекет жасап, жатпай-тұрмай халқын үгіттеп ілгері жетеледі. Ел ішіндегі әртүрлі жетесіздіктерге, талан-таражға, алауыздыққа, берекесіздікке, ойсыз-опасыздыққа қарсы шықты. Жігерін оятып, Алла жолында адал болуына шақырады. Отаршылар мен оның қазақ жеріндегі сыбайластары билеген заманды олар халық басына түскен ақыр заман, елдің берекебірлігін кетірген тар заман, жұрт болашағын тұйыққа тіреген заман деп есептеді. Бұл заманның енді бір кесапаты ол халықты өзінің ғасырлар бойы қалыптастырған кәсібінен, тіршілік қамынан, үйреншікті, сүйегіне сіңген әдет-ғұрпынан, наным-сенімінен, иманынан айырды. Осылайша халықтың ұлттық тұрпаты, елдік сипаты бұзылды. Мұсылман халқына тән имандылық,

адамгершілік қасиеттерге нұқсан келтірген бұндай заманды ақындарымыздың зарлана жырлауы заңды нәрсе деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омарұлы Б. Заман біреу, зар – ортақ // Зерде. -1998. – № 5-6. 33-39 бб.
2. Наушабайұлы Н. Алаш. // Баспа үйі. - 1997. – 123-127 бб.
3. Ай, заман-ай, заман-ай. Алматы, 1991. – 235-245 бб.
4. Уәлиханұлы Қ. Діни ағартушылық ағым. Алматы, Білім. -1999. –23 б.
5. Әділбеков Р. Иман нұрландырар // Нұр. 1998. – № 9. 45 б.

ӘОЖ 82.091(045)

Б.НҰРЖЕКЕЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Тасболатова Ф.
Ғылыми жетекші: Жеткізгенова Ә.Т.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Жазушы Б.Нұржекеевтің кейіпкер бейнесін жасауда қолданған вейербалды амал-тәсілдері, суреткерлік шеберлігі айтылады. Кейіпкердің мінез-құлқын, көзқарасын, психологиясын ашатын бірден-бір көркемдік тәсілдің түрі – бейвербалды амалдарды қолдану шығарма шырайын аша түсетіндігіне бірнеше тиянақты мысалдар алынған.

Түйінді сөздер: Бейвербалды ишараттар, ым, шеберлік, жазушы, жанрлық, көркемдік стильдік ерекшеліктер

Шығарма кейіпкерлерінің жүзінде ғана емес, денесіндегі әрбір қимыл-қозғалыс, әрекеттерінде де олардың сипаттамасы жатыр. Яғни, әрбір кейіпкердің мінездемесін әйгілеп беретін элементтерді табу, таңу процесі үлкен қаламгерлік қажыр-қайрат пен қырағылықты қажет етеді.

Кейіпкердің мінез-құлқын, көзқарасын, психологиясын ашатын бірден-бір көркемдік тәсілдің түрі – бейвербалды амалдарды қолдану шығарма шырайын аша түседі. Шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк үстейді.

Көркем прозадағы әдеби психологизм мәселелерін зерттеуші Г.Пірәлиева туындылардағы өзіне ғана тән жанрлық, көркемдік стильдік ерекшеліктерін жіктеумен қатар, рухани әлемді бейнелеудің жанама тәсілдері бейбервалды ишараттардың рөлін ерекше көрсетеді.

«Психологизм әдебиеттегі адамды аналитикалық және динамикалық принцип тұрғысынан зерттеу болып табылады.

Аналитикалық принципке ішкі монолог, ішкі диалог, сана тасқыны, ой мен сезім, іс пен әрекет қақтығысы, түс көру, сандырақтау, ессіздік т.б. секілді ішкі рухани әлемді тереңдеп талдайтын көркемдік тәсілдер жатса, динамикалық принципке көбіне сыртқы психологиялық құбылыстар – ым, ымдау, емеурін, бейвербалды ишараттар, дене қалпы /поза/, т.б. секілді қимыл-қозғалыс көріністері жатады» [1,177], – деп адам баласының күнделікті тіршілігінде кездесіп жататын іс-әрекет арқылы сезімін жеткізу үдерісінің ерекшелігін атап көрсетеді.

Ғалым осы пікірі арқылы адам баласының сыртқы ортаға, әсерге өз сезімін көрсететін физиологиялық болмысындағы үздіксіз жүріп жататын құбылыстардың жазушы қиялымен портрет жасауға, характерін ашуға бірден-бір мықты көркемдік құрал екендігін баса айтады.

«Бейвербалды ишараттың екі үлкен көркемдік элементі бар. Оның бірі – мимика (ым, беттің ымы, ымдау), ол тек кескін-келбеттегі қимыл-қозғалысты, сезімдік құбылыстарды қамтиды. Екіншісі – жест (ишара, емеурін) болса, ол бүкіл денедегі қимыл-қозғалысты, ол бүкіл денедегі қозғалысты, іс-әрекеттерді зерттейді.

Бейвербалды ишараттар сондайлық ұсақ-түйек секілді көрінгенмен де адам психологиясын ашуда, кейіпкердің жан дүниесіне «қол сұғуда» сұмдық көп көркемдік, психологиялық қызмет атқаратынын мойындамасқа лаж жоқ» [1, 177], - деп Г.Пірәлиева нұсқаған бейвербалды ишараттардың шығармадағы көркемдік рөлінің айрықша қызметі Б.Нұржекеев туындыларындағы әйел-аналар бейнесін сомдаудағы шеберлігіне тиянақты талдау жүргізіп, тұжырым жасауға бағыт береді.

Б.Нұржекеевтің кейіпкерінің характерлік ерекшелігін ашуға қызмет ететін психологиялық портреттің басты нысандарының бірі – көз жанары. Адам жан-дүниесіндегі психологиялық ахуалды сыртқа жария етуде көздің орны ерекше. «Бір өкініш, бір үміт» романындағы Бүбіштің әке-шеше айтқанынан шыға алмай, құда түсіп қойған адамына кетуге бел буған шарасыз сәтін автор: «Осы жолғы сөзім ойлаған жерден шықты, қыздың жүзі қолма-қол қуарып кетті. Бетіме қарағысы келіп көзін көтере бере, батылы жетпей қайта түсірді. Қолын созып, бұтаның бір шыбығын ұстамақ болып еді, қолына ештеме ілінбеді. Сонан соң қолына қолын сүйкеп. Кенет әлденеге бекінгендей басын көтеріп, бетіме тіке қарады. Жанары мөлтілдеп жасқа толып тұр екен. Ет жүрегім елжіреп қоя берсе де, сазарып сыр бермедім. Көзін төңкеріп төмен қарағанда, көз жасы мөлт-мөлт үзіліп кетті. Кірпігі шыланып шыға келді». Үзіндіде көзбен қоса саусақ та Бүбіштің жан дүниесінде болып жатқан аласапыранды көрсетуге мол мүмкіндік беріп тұрғаны қапысыз танылады.

«Көзі жыпылықтап, ата-енесіне жалынышпен жалтақтап, «көшпейміз деңдерші!» деген тілегін бүкіл түр-тұрпатымен танытып, Жәмихан да үнсіз жанталасты: сырын сонымен бүркемелеуге тырысып, біресе, шай ішіп отырған кесесін қозғалақтатты, біресе, шай құйып отырған ақшәйнекті дәп бір құлап бара жатқанында ұстап қалғандай-ақ қозға түбін нығарлап-нығарлап қойды. Менде емес, билік мынада дегені ме, Бәтжан Мәметке қиықтап қайта-қайта қарады» [2, 285] Жәмиханның ішкі ойынан сыр ашып тұрған оның қозғалысы. Автор бұл жерде бір ғана көздің көмегіне сүйенуді жеткіліксіз санап, шай құю үстінде қимыл-қозғалыста болып жатқан әрбір детальді көмекке алып, жүзеге асырған. Осы орайда «Әдетте, әдебиеттегі бейвербалды ишараттар – адамның психикасына, оның ой-санасына әлдебір оқиға, сөз, сезім, көрініс т.б. әсер еткенде еріксіз /безсознательность/ түрде жүзеге асырылатын денедегі қимыл-қозғалыс» [1,177] деген пікірдің Жәмихан үнсіз жанталас үстінде қарманған халін беруге сай келіп тұрғанын айтуға болады.

Кейіпкерлерінің құпия ойын жариялап алмауға тырысып, бірін-бірі аңдысқан сәттерін, бетперде ұстанып, ойын бүркемелей алысқан Қайнекеш пен Жамалханның өңіндегі өзгерістер арқылы: «Жамалханның жанарынан кенет бір ойнақы сәулені шалып қалып, Қайнекеш содан қалт күдік алды. Қызды енді сақтық биледі. Жоқ, бұл жалпақтауы тегін емес деп түйді. Қарсы әрекетке іштей бекіп, қулығын асырып кетуді көкседі. Аяқ асты қанын ішіне тарта қойғанын байқап, Қайнекештен Жамалхан да сақтанды. Бірақ іштей арбасып отырғандықтарын екеуі де бір-біріне байқатпауға тырысты» [2, 144] деп күрделі психологиялық күрмеуге, арбасуға түскендігін шеберлікпен суреттеген. Бір ғана жанар емес, жүздің де құбылып, суық тартуы алдағы болар үлкен жамандықтың хабарын меңзегендей. Қайнекеш қанша сақтанса да, аңдыған жаудың алдырмай қоймас жемтігіне айналарын сездіреді.

«Психолог ақын-жазушылар үшін кейіпкерінің әрбір әжім-сызығынан сыздықтатып сыр ашу, әрбір қимыл-қозғалысынан астары қалың қатпар-қатпар ой тарқату, әрбір ым-мимика-жест, ишарадан ой оқу – шын шеберліктің шыңы» [1, 206], - деп ғалым Г.Пірәлиева атап көрсеткен пікірдің Б.Нұржекеев шығармашылығына қатыстылығын да аңғарамыз. Қаламгер қаламынан туындаған дүниелердің қай-қайсысы да жалпы адам баласын біліп, тану үшін, мінездеме беріп, жақсы-жаман қасиеттерін айыру үшін әрбір қимыл көрінісі, емеурін-ишараты зол рөл атқарады деуге болады.

«...біз мимиканы ым, беттің ымы, ымдау деп әдеби тілде, өмірде қалыптасқан қалпында қолдануға тиіспіз. Өйткені ғылым нақтылықты, дәлдікті қалайды. Ал, мимикаға мынадай кескін-келбеттегі қимыл козғалыстар жатады:көздің қозғалысы (көзін алақтату, көзін қысу т.б) еріннің қозғалысына (ернін сылп еткізу, ернін шүйіру» секілді мәнді қимылдар жатады. Қас-қабақтың қимылында да мән бар (қабағын шыту, қас-қабағын нұсқау, қабағының қар жауып т.б), тілге

қатысты «тілін шығару т.б» өзіндік мағынаға ие қимыл-қозғалыстар бар. Бұлардың бәрі де тек мимика маңындағы мәнді (выразительные) бейвербалды ишараттар» [1, 180]

Б.Нұржекеев шығармаларында кездесетін мимика түрлері бірнеше топқа бөлінеді:

1. Қабақ соматизміне байланысты кинемалар:

Жазушы шығармаларында қабақ соматизміне байланысты мынандай кинемаларды кездестіруге болады: қабақ шыту, қабағымен аңғарту, қабағын қағу, қоңыр қабақпен қарсы алу, қабақтың астымен қарасу, қасын керу, қасын серпу.

«”Мақұл” дегенді ернімен де, көзімен де, қабағымен де аңғартып, қолын алақанымның астынан ақырын шығарып алды да, бокалын ұстап жоғары көтерді» [2, 427].

«- Қалай-қалай? – Қабағын шыта жымиып, ұқпай қалғанына ұялғандай, Нэлли қызарып кетті. Қайталап айтқанымда, таңдана басын шайқады» [2, 417].

«Қабағын қағып жіберіп, Нэлли сәл езу тарта ойланып қалды. Оған оқыс бір ой келгенін күлім ете қалған көзінен байқап үлгердім» [2, 418].

«Араз боларын да, болмасын да, араз болса, не үшін араз боларын, кіммен араз боларын да білмей, Қайнекештің әке-шешесі қыздарын үнсіз, қоңыр қабақпен қарсы алды» [2, 139]. Қызғаныш пен күндестіктің жемтігіне айналып, жазықсыз жапа шегіп, ары тапталып, соры қайнап қалған Қайнікештің алдынан жарқыраған қабақтың қарсы алмасы анық. Ата-ананың сүйегіне таңба түсіп, ойсыраған жаралы жүрегінің күйін жеткізу үшін автор ешқандай диалог та қолданбайды. Тек қана «үнсіз, қоңыр қабақ» Қайнекешке ата-анасының ғана емес бүкіл қазақ қоғамының, қазақи менталитеттің көзқарасы екенін оқырманына шебер жеткізген.

«Қызы қайтып келгелі оның бетіне бір сәт шырай кірген емес, қабағы құрыстанып: «мына атаққа қалғанша, құрысаң етті бір жаққа! – дегендей қиналыс байқатады. Түзде ел көзінен қашып, үйде өз қызынан қашып, басына түскен бұл жағдайдан безіп кететін жер таппай жүрген адамдай. Әке мен қыз қабақтарының астымен ғана қарасып, көбінесе бірін-бірі көрмеуге, біріне бірі қарамауға тырысады» [2, 140]. «Қабақты құрыстырып», «қабақ астымен қарап» күн өткізіп жатқан әкенің перзентіне деген жеккөріниш сезімімен қоса аяныш сезімі бой көрсеткен. Желкелеп үйден қуып шығуға әкелік жүрегі шыдамай, бауырына тартуға ар-ұяты тапталып, беті күйген қызының ел алдына шыға алмастай намысын байлағандығы, әрі-сәрі күй кешкен дәрменсіз әкенің жай-күйін қабақ арқылы көрсеткен.

«Сол мұңды кейіппен қабағын шыта Сырға бір сәт телміріп тұрды да, жағаға қарай үнсіз бұрылып, жүре берді» [2, 418]

«Қыз басын шайқады. Сөйлетпесеңші дегенді аңғартып, Қаншайым маған қабағын шытты» [2, 201].

«- Өй, бұлар біздің айтқанымызды тыңдай ма, оған күйініп қайтесің, өздері білсін, - деп, Жәмихан мәймөңкелей бастады. Есік жақты нұсқап маған қабағын қақты. ... Есіктен шығып кеткенімше, Сәлима сыздаған қалпы көзімен үнсіз ұзатып салды» [2, 282].

«Қасын күлімдей керіп, баланың жүзіне жылы мейірмен еркелеп қарады» [2, 135].

«- Қайным, - деп, қасын кербез серпіп тастап, күлкілі бірдеме айтқалы отырған адамша қулана жымиды» [2, 149].

Бұл мысалдардың қай-қайсысы да кейіпкерлердің ішкі әлемінде болып жатқан жай-күйді сыртқы кескін-келбет өзгерісі, соның ішінде қабақ соматизмі арқылы айқындауға мол мүмкіндік береді.

2. Көз соматизміне байланысты кинемалар:

Адамдар, әсіресе, бетпе-бет сөйлескенде, бір-бірінің көзіне қарайды. Өйткені, «Көз – ішкі сезімнің айнасы» дегендей, бейвербалды амалдың ең жиі қолданылуы көзбен байланысты. Сондықтан, жазушы шығармаларынан бейвербалды амалдарды саралағанда көз соматизміне қатысты кинемаларды көптеп кездестірдік: көзбен аймалау, көз жанары суу, жанары сырғу, көзімен жек көру, көз қырын салу, көзін жұму, көз түйістіру, көз тастау, суық қарау, көзін тайдыру, ашыныспен қарау, жәутеңдеп қарау, оқты көзбен жек көре қарау,аларып қарау, ұрлана қарау, жылы көзқарас, көзін аудару, көзі жыпылықтау, жерден көзін алмау, көзі шарасынан шығу, көзбен аймалау; «Көзіммен аймалап отырып, ол жайлы осындай ойларға баттым. Оның бірдеме айтқысы келгенін бетіме жәутең еткенінен байқадым.» [2, 427]:

жанары сырғу; «Нэлли аяқ асты мұңданып, жанары Сырдың бетімен сүлесоқ сырғиды » [2, 425].

жанары суу ;«Көз жанары суып, бетіме Нэлли безеріп қарады [2, 425].

көзімен жек көру; «Жанарындағы жек көрінішті осы жолы еш жасыра алмады» [2, 152].

көз қырын салу, көзін жұму; «Бүбіжан кірген бойда көз қырын жігіт жаққа салды. Көзін құшырлана жұмып, Сейітбаттал сағындым дегенді аңғартты. Бүбіжан аузын бұртитты. Онысы «өтірік айтасың, көп күттім» өкпе білдіргені, сірә» [2, 101].

көз түйістіру, «Әлденені сезді ме, Шәзиә бетіме жәутең ете қалып еді, бір сәт көз түйістіріп қалдық, қыздың беті жұқа күреңітті» [2, 312].

көз тастау, «Ақыры бекінді білем, жаутаң етіп маған да бір асығыс көз тастады. Маған ыңғайсыз бір нәрсе айтатындай көріп тіксініп қалдым». [2, 236].

суық қарау, оқты көзбен жек көре қарау; «Атылып ұмтылардай, оқты көзін өңменіме қадап, маған жек көрінішпен қарады. Ашу ғана емес, керемет өшпенділік. Түбінде мені тәтем өлтіретін сияқты, қанталаған көзінен сұмдық қорықтым» [2, 201]. «Ішіме мұз түсіп кеткендей тыжырынып, Мағираға суық қарадым» [2, 214]. «Тағы керек пе, онда тағы айтам дегендей сұс танытып, қызы мен күйеуіне оқты көзбен қарады» [2, 67].

көзін тайдыру, «Қыз көзін тайдырып жерге қарады, үндемеді» [2, 234] деген жолдар арқылы береді.

ашыныспен қарау, «Көзінің жасы жанарында мөлт-мөлт шайқалып, Бүбіш маған ерекше ашыныспен қарады» [2, 234].

аларып қарау; «Сен отырсың сыңар езулеп, қайным отыр аяғының басын қарап, қыздарың да аларып қарайды, тап сүзетін бұқаша» [2, 151].

ұрлана қарау; «...әдемі бір ұрлана қарап жымиғаны, жылы көз қарасын Жағдадан да жасырып ұялғаны – бәрі, барлығы да мен үшін. Бүбіш мен үшін болса, бұл тіршілік мен үшін. Қуанышыма мақтаныш қосылып, төбем көкке жеткендей» [2, 185].

жылы көзқарас; «Жымиып жақсы қарағанын түсініп, тұла бойыма тараған жылулықтан көзім жасаурап қоя берді»[2, 162б.].

көзі жыпылықтау; «Состиып тұрып қалған балаға қыз жыпылықтай қарады» [2, 101].

көзін аудару; «Ол да маған көзін аударған екен, ұялып, екі беті қып-қызыл болып кетті. «Құдай-ау, мынау кім? Көзі таныс қой!» Дереу миымның архивін ақтара жөнелдім. Таптым, таныдым: сол – Бүбіш!» [2, 151].

көзі шарасынан шығу; «Қайнекештің көзі шарасынан шығып кетті» [2, 147].

«...көзінің қиығымен ғана Қайнекешті асығыс шолып өтті. Оның жанарына әлдеқандай жымысқы қылауды байқап, Қайнекеш те жиырыла қалды» [2, 149].

«Апырмау, сөзінен бұрын көзі сыр айтатын кім еді бұл?» «Шеген оны көзімен ұзатып көп тұрды» [2, 14].

«Бірақ, қатты ұқсайды екен. Әсіресе, көзі. Жаңағыдай жалт етіп қарағанда, ойпырмай өртеп жібере жаздайтын» [2, 14б.].

«Қоштасар сәт Шеген мен Марат асығыс қана көз түйістірді. Жанарларында: «Әлі жолығармыз, жолығамыз ғой» - деген бір-бірін де, өзді-өзін де жұбату бар» [2, 51б.].

«Оның да көзі кісіге күліп, жақсы көріп қарайды» [2, 52].

«Жымиып жылы жүзбен қарады. Әзілқой жанары күлім етіп, қайта бұғына қойды. Өкпелеген ыңғай танытып қыз бұртия қалды. Бірақ көзінде әзіл әлі бар» [2, 57].

«...мейірлі кішкене көздерінде мен бұрын байқамаған өзгеше жалтыл пайда болды» [2,61]

«Сұрарын сұрап алып, өзі Жәмихан мен маған алма-кезек көз жазбай қарады. Ол қараста бір жұмбақ сыр жатқанын ішім сезіп, әншейінде таңдайым тақ ете қалатын жауабымды айтуға да жүрексініп тосылып қалдым» [2, 63].

«Бірдеме десем, бар сөзді өз басыма бағыттап алармын деп, Жәмихан жұмған аузын ашпаған күйі жерден көзін алмады» [2, 67].

«-Бүбіш, көрпе төсесеңші апаңның астына! – Салима жүк жақты қабығымен нұсқап еді, қызы түсіне қойды. Жіңішке қызыл ала құрақ көрпені теп-тез жайып үлгерді. Еңкейгенде мойнынан сырғып түскен қос өрім шашын сілки беріп Бүбіш Шегенге ұрлана жымиды, «кел, сен

де көрпеге отыр, сен үшін де төседім» дегені тәрізді. Сөйткені ме, жоқ па, әйтсе де соның өзі, бір түрлі, баланың ішін жылытты. Неге өйткенін өзі де ұқпай, қызға Шеген жымың етті» [2, 68].

« «Ал, мен де амалсыз апаммен бірге кетіп барам» дегенді аңғартып, Бүбішке көзін асығыс бір тастап, Шеген де орнынан тұрды» [2, 70].

«Өңі бұзылып, Бәтжан реніштен жылап жіберуге шақ қалды. Өксікті үнінде «бәрі бүлінді ғой онда» деген шарасыздық пен өкініш шүпілдеп-ақ тұр. Көзінде: «Әлденелерді айтып сен бүлдіріп қоймадың ба?» - деген күдік те бар-ды» [2, 71].

«Сол екен бетінен сүйген: көзімен аймалап күлім-күлім етеді» [2, 50].

Сонымен қатар, Б.Нұржекеев шығармаларында әйел адам қарым-қатынасында кездесетін бет шымшу, ернін сылп еткізу, бет сызу, ернін шығару кинемалары да көптеп кездеседі.

Қ.Жұбанов күншығыс пен Кавказ халықтарының әдет-ғұрпындағы өзгешеліктер қатарында әйелдердің «ым тілін» атай отырып, аталмыш үлгілердің қазақ ұлтында да кездесетіндігін айтады: «Күншығыстағы әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге қатысты арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы жүйе болмаса, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Бұлар әйелдердің специфик тілі болып табылады» [3, 41].

Бұл орайда, Б.Нұржекеевтің «Бір өкініш, бір үмітіндегі» Жамиханның, «Күнәлі махаббаттағы» Зереннің, «Ерлі-зайыптылардағы» Ілескүлдің атасы, қайынағаларымен тіке бетпе-бет сөйлеспей енесі арқылы ұғысуы мысалдарын көптеп ұшыратуға болады.

Сонымен қатар, жазушы қыз бен жігіттің бір-біріне деген іңкәрлігін, сезім бұлқыныстарын, ішкі дүниесінінің кілтін мимикалық қозғалыс арқылы тамаша ашады.

Жазушы Б.Нұржекеев көркем шығармада әйел портретін өзіне тән кинемалар арқылы үйлесімді, шебер қолдана отырып жасай білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Г.Пірәлиева «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвервалды ишараттар, заттық әлем)» Алматы: Алаш, 2003. -328 б.

2. Б.Нұржекеұлы. Шығармалар жинағы.І-том.- Алматы: Жалын, 2006. -320 б.

3.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.

ӘОЖ 821.512/22:908(405)

МҰРАТ ӨСКЕНБАЙҰЛЫ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Джетибаева А., Иманғалиева Ғ.
Ғылыми жетекші: Тоқбаева Л.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Андатпа. Мұрат Өскенбайұлының шығу тегі, өмір жолы, күйшілік өнерінің бастау алған жылдары қарастырылған. Домбыра тартудың өзгеше дәстүрін енгізген күйші. Күйшілікпен қатар жыршылық қабілеті де болғандығы, Маңғыстау мәдениетінде ерекше орын алатындығы айтылған.

Түйінді сөздер: күй, домбыра, жырау, дәстүр, тарих.

«Қазақстанның батыс аймақтарындағы Маңғыстау
күйшілерінің өзіндік бір мектеп дәстүрін осы дәуірге
ұластырған Мұрат Өскенбайұлы өнеріне де назар аударар

уақыт жетті. Соңғы жылдары Алматыға бүкіл Маңғыстау,
Үстіртке тараған домбыра тартудың тағы бір ерекше
дәстүрін бізге күйші Мұрат Өскенбайұлы алып келді.
Мұраттың тартысы біз әңгіме еткен дәстүрлердің өкілдеріне
ұқсамайды. Оның репертуарында үш жүзге жуық ірілі –
ұсақты күйі бар. Мұрат тек шебер күйші ғана емес,
сонымен қатар ән де айтып,жыр да жырлай алады.
Оның кішкене музыкалық тенорлық даусы бар.
Әннің нақысын да, ырғағын да жақсы келтіреді.»
Ахмет Жұбанов

Мұрат Өскенбайұлы Адайдың Жаңай руынан, Жаңайдың Әлісі Әлменбеттен Қалманбет туған, Қалманбеттен Өскенбай, Үлкенбай атты екі ұл, Көркей, Шырай, Ақыжан атты үш қыз өрбіген. Қалманбеттің осы бес перзенті бірін - бірі жібермейтін, бірімен - бірі тайталасқан атты шулы домбырашылар болған. Осы бес өнерпаздың өнер тарихында белгілісі Мұрат Өскенбайұлының әкесі Өскенбай Қалманбетұлы (1860- 1925). Қазақ халық композиторларының төл туындыларын салыстырмалы зерттеуден өткізіп, өзіндік бағасын берген өнертану ғылымының докторы, академик, композитор Ахмет Қуанұлы Жұбанов Өскінбайдың табиғи таланттылығы, шынайы күйшілігі туралы өз еңбектерінде: «Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Абыл дәстүрлерінің ешқайсысына тікелей соқпайтын творчестволық бағытында да, орындаушылық дәстүрінде де, өз алдына бір төбе болып тұрған адайлық күйлердің негізін бір басына жинақтаған Өскенбайдың халықтық аспап музыкасында алатын орны ерекше”,-деп жазады. Академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов айтқандайын, қазақ халық композиторларының ортасында өз алдына бір төбе болып тұрған Өскенбайдың күйлерінен біздің дәуірімізге жеткені жиырма шақтысы ғана. Олар: “Шалыс өре”, “Жаңылтпаш”, “Ыңғай төкпе”, “Соқыр қыз”, “Жеті бұлбұл” немесе “Бұлбұл ақ желең”, “Жирен жорға”, “Кербез Айша”, “Түрікпен”, “Құлбай бақшымен тартыс”, “Баланазойы”, “Қынжал”, “Өмір өтті”, т.т.

Осы бір аты аңызға айналған дүлдүл күйші Өскенбайдан Жұмағұл, Хамит, Мұрат, Ишан атты төрт ұл, екі-үш қыз дүниеге келген.

Өскенбайдың жеті перзентінің ішінде Хамит өз заманында Маңғыстау өңіріндегі атақты әншілердің бірі болған. Ұлы Отан соғысына аттанған сапарынан хабарсыз кеткен азаматтардың бірі. Ал Өскенбайдың Мұраты өнер тарихы төрінен орын алған атақты да талантты күйші, қазақ композиторларының бірі. Өскінбайдан өрбіген Мұраттың күйшілік өнерінің бастау қадамы өскен ұясындағы әдемі дәстүрде жатыр десек, ақиқат шындық көрінісі. Мұрат Өскенбайұлы 1904 жылы қаңтар айының бірінші жұлдызы күні дүниеге келген. Кіндік кесіп, туып-өскен жері Маңғыстаудың Қарақия ауданына қарасты Жетібай елді мекенінің “Жетібай құдығы” аталынған жер. Алты-жеті жасында анасы қайтыс болған бала Мұрат аға, інісі, апаларымен бірге әкесі Өскенбайдың қолында тәрбиеленеді.

Алты жасынан әкесі Өскенбай күйшінің қасына еріп, әкесі мен Есбайдың , Абыл мен Сәулебайдың күйлерін үйренеді. Көпеш мен Арал күйшілерден өнеге алады. Шамғұл мен Қартбай, Әмірхан мен Сарығұл күйшілермен бірге өнер қуады . Мұрат Өскінбайұлы бірқатар жылдар Түрікменсттаның Қарабұғаз ауданы халық театрында артист болып , домбыра үйірмесін басқарады , Красноводск облысында қазақ ансамблінде домбырашы (1944) болып істеді. Екінші дүниежүзілік соғысқа (1944- 1945) қатысқан . Түрікменстанда болған кезінде (1931-1954) түрікмен күйлерін де шебер орындауға жетіледі. Сол елдің белгілі дутаршылары Пүрлі , Мылла, Ташмамбет , Қарлы, Алты ,Қылышжан, Солтанаха және Мәмбетпен бір жүріп, «қазақ өрені - ұлы бахшы (үздік күйші)» атанады. Кеін Қазақ мемлекеттік филармониясында (1954-1960), Қазақконцертте (1960-1965) домбырашы болды. 1958 жылы қазақ өнерінің Мәскеу қаласындағы онкүндігіне қатысты.

Мұрат Өскенбайұлы - қазақ , түрікмен күйлерін шебер орындаушы. 300-ге жуық күйлері болған. Қазақ музыка өнеріне Мұрат Өскенбайұлының әкелген күйлер ішінде Абыл мен Есірдің, Есбай мен Өскенбайдың , Құлшар мен Құрманғазының бұрын белгісіз күйлері, сондай ақ көршілес түрікмен, қарақалпақ, әзірбайжан, ноғай елдерінің күй саздары, көне түркі тайпаларының «Алпыс тарау тайы» дейтін күйлер циклінің «Қарт Науаи», «Бала Науаи» « Шәhр Науаи», «Тамшы Науаи»,

«Қақпалы Науаи», «Тел Науаи» аталатын үлгілері, ежелгі халық мұрасынан «Ел айырылған» дейтін күйлер бар. Мұрат Өскенбайұлы түрікмен күйлерін де («Сахып Жамал» , «Есерлі» , «Кептер» , «Торғай құшлар», «Пияла», «Көріғұлы», «Әуезім күйі», « Сенсен», «Ашыл баш», «Азатлық», « Көршмез», «Душмуш», «Нәзіл байрам», «Гелдіңме») шебер орындаған. Өзі де ондаған күй шығарған. Оның күйлерінің көпшілігі осы заман тақырыбына («Қоштасу», «Халық сәлемі», «Жеңіс», «Кең жайлау», «Қазақстан», «Көктем», «Ана даңқы», «Оркестр», «Халықтар достығы», «Бейбіт өмір», «Өрлеу», «Маңғыстау», «Жетібай», т.б.) арналған. Мұрат Өскенбайұлы күйлері абзал арман мен туған елге деген азаматтық асыл сезімдерді бейнелейтін мазмұнды да ақжарқын оптимистік туындылар . Халық арасында Қашаған, Өскенбай, Аралбай, Елбай сияқты ақындар толғауларын айтып, таратқан; Мұрат Өскенбайұлының өзі шығарған толғаулары да («Оркестр», «Күй», «Домбыры» , «Еңбек өрендеріне , «Республика тойларына», «Қара алтынды Маңғыстау» т.б.) бар. Мұрат Өскенбайұлының жырлары 1977 жылы «Шұғыла» атты жырлар жинағына енді.

Мұрат мұрасының жаршысы атанған, Жаңаөзен қаласындағы 7 орта мектеп ән пәнінің мұғалімі, халық ағарту ісінің үздігі Серік Харесовтен Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Темір Мыңжастың алған сұхбатынан:

- Сәке, сіздің Мұрекеңмен алғашқы таныстығыңыз қалай басталды?

- Мен Атырау (бұрынғы Гурьев) пединституты музыка факультетінің іргетасын қаласқанмын, сол оқу орнында сабақ бердім. Тағдыр айдап, дәм тартып 1980 жылы Жаңаөзенге келіп, Төлесін Әлиев атындағы мектепке қызметке тұрдым, өзім жатақханада жататынмын. Бір күні үзілістемектептің сол кездегі мұғалімдері Саналбай Тасболатов, Шәріп Төлендиев үшеуміз әңгімелесіп тұрғанбыз. Әңгіме күйге, күйшілікке ойысқан кезде олар Мұрат Өскінбайұлының осы Жаңаөзенде тұратынын айтты. Бұған мен елең еттім. Өйткені бұрын Форт-Шевченкода қызмет істеп Атырауға оралған математик ағамыз Закария Қабдолұлы Жұмағазиевтен Мұрекең, оның күйшілігі жайында естіген болатынмын. Сондықтан әңгімені төтесінен тарттым:

- Ол кісіні қайдан табуға болады, мекен-жайын білетіндер бар ма? Осы мектепте, бесінші сыныпта оның немересі оқиды ғой, содан білуге болады, -деді Саналбай.

- Жақсы ендеше, сол сыныпта бүгін менің сабағым бар еді, -дедім мен. Сонымен 5-сыныпқа бардым. «Сыныпта Әзірбай Өскінбаев деген бала бар ма?» - деймін. “Менмін”,-деп кішкентай, арық қара бала орнынан көтерілді. Мұрекең жайлы сұрастырып, мекен-жайын жазып алдым. Ол кезде олар ұмытпасам, қаланың екінші шағын ауданында, екі бөлмелі пәтерде тұрады екен. Бір күні іздеп бардым. Есік алдында Мұрекеңнің зайыбы Нұрбалқан шешеміз самауыр қойып жатыр да, үйде бірі –ірі толық та, екіншісі –арықша, қағілез келген екі кісі отыр екен. Арықшасы бұл үйдің қонағы болып шықты. Аты Сейілхан, руы –жаппас, көп жыл газет редакторы болған өнерлі жан болып шықты. Бірер күй тартты. Кезек келген соң мен «Жалдықараны» тарттым. «Мынау Қалидың тартысы ғой»,-деді Мұрекең. Бұл -Қали Жантілеуовты айтқаны. Әңгіме шешіліп сала берді. Сол танысуымыз жолдастыққа, жолдастығымыз сыйластыққа ұласты.

- Сізді жұртшылық Мұрат Өскінбайұлының өнерін, оның күйлерін насихаттаушы, зерттеуші ретінде біледі. Мұны Мұрекеңнің өзі құп көріп, риза болды ма?

- Бір рет үйіне барып отырғанымда, ағамызға күйлерін жазып алып, нотаға түсірсем деген ойымды айттым. «Талай адам келді, шығарамыз деп, жазып алады да, «шу қарақұйрық» дегендей хабарсыз кетеді»,-деп жатыр Нұрбалқан шешей. Содан оның үш-төрт күйін жаздым. Олар «Өрлеу», «Отаным мәңгі жүректе», Мұраттың орындауындағы Өскінбайдың «Бұлбұл ақжелеңі» бар. Екіншіден, бұл істі қолға алуыма сол кезде мәдениет саласының басшылығында жүрген Т.П.Догадованың күйші-композитор күйлерін нотаға түсіру жөніндегі ұсынысы қамшы болды. Әрине, менен басқа да кейбір домбырашылар оның шығармаларын түсірмек болған, бірақ бұл оңай шаруа емес және олардың түсірген кейбір ноталарын тыңдап көрген Мұрекең жарыққа шығаруларына қарсы болған. Менің жазғандарымды тыңдағаннан кейін өзі «Серік, сенікі дұрыс, жалғастыра беруіңе болады»,-деп, ыңғай танытты. Мұраттың «Отаным мәңгі жүректе», «Олимпида-80» атты күйлерін тұңғыш рет оркестрге шығарып өзіне тыңдаттым.

Өмірінің соңғы жылдары Жаңаөзен қаласын мекен еткен Мұрат Өскенбайұлы жылы ұзаққа созылған науқастан өмірден өтті. Дүние салып , топырағы бұйырған жері әкесі Өскенбай жерленген «Қырғын қауымы» Қарақия жотасының «Доңаза» деп аталынатын жері Мұрат

Өскенбайұлы күйші , композитор ғана емес , жыршы , термеші, ақын ретінде де көпке танылған. Мұрат Өскенбайұлы өзі шығарған жыр, терме өлеңдері 1986 жылы “Аманат” деген атпенен кітапша ретінде баспа бетінен жарық көрді. Жиырмадан астам күйлері күйтабақшаларға жазылып, халық арасына кеңінен таралды.

Орындаушылық шығармашылығындағы отызға жуық күйлері республика радио-теледидар алтын қорында, жиырмадан астам күйлері Құрманғазы атындағы өнер институтының фольклорлық бөлімінде, жүзден астам күйлері республикағылым академиясының музыка секторы бөлімінде сақтаулы. Құрманғазы атындағы өнер институтының Буданов, Жаңбыршиев секілді түлектері мезгілінде Мұрат шығармашылығынан дипломдық жұмыс қорғаса, академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтан бастап, музыка өнері қайраткерлері мен зерттеушілері Қ.Тастанов, Б.Ғизатов, У.Бекенов, Т.Мерғалиев, жазушылар Ә.Кекілбаев, Қ.Сыдиықов, тағы басқа бірнеше журналист қаламгерлер өз еңбектері мен мақалаларында талантты күйші, композитор Мұрат Өскінбайұлының шығармашылығы мен орындаушылығы төңірегінде жылы лебізді ой, пікірлерін жазды. Мұраттан маңғыстаулық терме, толғау өлеңдері мен күйлерін үйренбеген жас өнерпаздар кемде-кем. Олардың қатарында марқұм Әлқуат Қожабергеновтен бастап, М.Панаев, С.Шәкратов секілді республикамызға танымал домбырашылар бар. Халық өзі таңдаған, өз талғамынан шыққан өнерпаздарды кейінгі ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізіп отырады, дәріптейді. Мәселен, Мұрат Өскінбайұлы өмірден өткеннен кейін 1984 жылы Жаңаөзен қаласының халқы оның 80 жасқа , 1989 жылы 85 жасқа толу құрметіне арналған өнер мерекелерін ұйымдастырды. Соған орай, Жаңаөзен қаласына тақау Теңге елді мекенінде М.Өскенбаев атындағы көше дүниеге келді. Қаладағы балалар музыка мектебіне М. Өскенбаев есімі берілді. Қаланың екінші шағын ауданындағы ол тұрған мекен-жайға ескерткіш тақта орнатылды. Бұның барлығы өнер адамына деген халықтық сый, құрметтің шын көрінісі деп түсінген жөн.Бұл өмір бойы бұзылмаған және бұзылмайтын дәстүр болса керек. 2004 жылы Ақтау қаласында Мұрат Өскенбайұлының 100 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып өтіп, ғылыми конференция мен республикалық күйшілер сайысы ұйымдастырылды. 2005 жылы Мұрат Өскенбайұлының есімі Маңғыстау облыстық филармониясына берілді.

Өзі өлсе де, артына өлмес өнер мұрасын қалдырған жерлесіміз Өскенбайұлы Мұратты «сегіз қырлы бір сырлы» деп аталатын өнерпаздар қатарынан тану лайықты. Оны Қазақстан музыка мәдениетінің дамуына атсалысып, үн қосқан талант иелерінің бірі деп білуімізге болады.

Бес-алты жасынан бастап қолына домбыра алып, әртүрлі әуендерді әнге қосқан, халықпен біте қайнасып бірге өскен, оған қалтқысыз қызмет еткен Мұрат Өскенбайұлы, өмірінің соңғы кезеңдеріне дейін елі үшін тынбай ән-күйімен жырлап өткен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғалым Әріп.Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы 4 том. 205, 206 бет
2. Маңғыстау энциклопедиясы, 2012 жыл
3. Ұлттық энциклопедия Қазақстан 2007 жыл, 263 бет

ӘОЖ 808.1(045)

ЖАНАҚ САҒЫНДЫҚҰЛЫ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көбегенова Л.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Жанақ Сағындықұлы арнау өлеңдерінің тақырыптық , жанрлық бөлінісі, өлең құрылысы сараланады. Жанақ – әдебиет тарихында аты қалған, қазақ сөз өнерінің өрісінде ауқымды орны бар әйгілі ақындығы дәлелденген. Ақынның «Рүстем төреге айтқаны» арнау өлеңі

– қазақ әдебиетінің тарихындағы арнау жанрының айрықша үлгісі. Әлеуметтік астары қалың бұл арнау өлең – Жанақ поэзиясының өзінше бір бөлек асқары.

Түйінді сөздер: әдебиет тарихы, өлең құрылысы, ақын, арнау өлең, тақырыптық ерекшелік.

Жанақ Сағындықұлының сөз мұрасы кейінге соншалықты мол көлемде жеткенімен, оның шығармашылығының көркемдік мәні ұрпақтан ұрпаққа солғындамай ауысып келе жатыр.

Академик Серік Қирабаев өзінің «Жанақ ақын» атты зерттеуінде Жанақтың шығармалары әлі де толық жиналып баспа бетін көрмегенін айтып отырып, мынадай дерек ұшын алған тастайды.

«Оның Орынбаймен, Сарыбаймен айтыстары белгілі. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Жанақтың Сабырбаймен, Байбаламен, Ысмаилмен қақтығыстары, Орманшы, Байқадам, Боқай ақындармен шағын айтастар сақталған. Бұл шығармаларды тапсырушылар ақынның өмірі жайлы деректер де келтіреді. Тіпті Айнатасов Тәужи «Жанақ ақын хикаясы» атты дастан да жазған. Бұларды әлі де екшеп жариялау, зерттеу – алдағы күннің міндеті» [1, 72 б.].

Абайдың ақынның өрісінде өзінен ілгеріде өмір сүрген Жанақ ақынның ықпал-өнегесі болғандығы туралы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында баяндайтыны белгілі.

Зерттеуші Бауыржан Ердембеков Жанақ ақынның өмірдерегін негіз етіп жазылған «Құланбай, Абай және Жанақ ақын» атты зерттеуінде осы мәнде өзіндік байламдар жасайды.

«Құнанбаймен аралас-құралас болып Абайға әсер еткен бір топ өнер адамдары, оның ішінде, әрине, шоқтықты топ ол – ақындар болса, соның ең арқалылары «Абай жолына» енген. Өкініштісі, заманның қыспағына қарай көбінің аты өзгертіліп, өңі айналдырылып берілді. Ол ежіктеп түсіндірмесе де белгілі жайт. Дулат – Барлас, Сарыбай – Қадырбай, Жанақ – Садақ, Түбек, Шүмек болып өзгергеннен-ақ Абайға әсер еткен ортаның кеңестік заманда қаншалықты қыспаққа алынғанын бажайлай беріңіз» [2, 77 б.].

Ердембеков Байырдан осы зерттеуінде Құнанбай Өскенбай биге ас бергенде Жанақ қобызға қосып айтыпты деген сөздің мәтінін келтіріпті.

Ей, Құнанбай, Құнанбай,
Қазақта сенен артық
Ұл туар ма мынандай?
Ас бердің әкеңес
Үш жүздің қосып баласын.
Әкесіне ас берген,
Қамбар жері – Ошанда.
Алшынбай болып тірегі,
Қалың Арғын – Бошанға
Басын қосқан үш жүздің
Құнанбай, сірә, осал ма?!
Бақ қонар таудай басыңа,
Әмірші болып қашанда.
Құнанбайдай ұл туып,
Өз әкеме ас берсем
Тобықтының баласы-ау,
Жылай беріп қайтесің
Топырағы торқа болсын да...

Б.Ердембеков 1942 жылғы «Ақын аға» болып шыққан «Абай» романындағы Жанаққа қатысты қайсыбір баяндаудың кейінгі басылымда алынып қалуы туралы назар аударарлық жайды қозғайды.

«Әкесі Құнанбай аса бағалаған Жанақ жырларына Абайдың қанып өскені кәміл. Романдағы: «Қарт ақын «Сабырбайды айтып отыр – Б.Е.) әр сөзінің тұсында әлдебір ертегідей алыс ақын Садаққа соға береді. Бала кезінде өзіне өзге ақындардан өзгеше көрінген сол Садекең

екен. «Көргені мен білгені ұшан-теңіз. Ол кісінің айтқаны мен жеткізгенінің мың да бірін білмейміз. Тегін емес, кеудесінен нұр саулаған ақын сол еді, жарықтық!» – деп сөйлейді.

Садақ Қыдырбайдың айтуында жай ақын емес. Өзінше бір көреген жан сияқты», – деген жерден Әуезовтің Жанақ туралы айтпақ бір әңгімесі үзілген. Кейінгі басылымдарда жоқ Жанақ туралы әңгіменің төркіні төмендегідей: «найман ішіне бір тойға келген Жанақтың атына бір даукес жабысып, алдын ала есінеген аттың таңдайындағы меңді көріп алған ол куәлікке сол белгіні айтып атын иемденіп кетеді. Жанақ атының ерін алып жатып:

Жанын берген Жанақтың шұбарын жер,
Мына адам бұл шұбарды менікі дер.
Жақсы атыңды жалғанға сатқан жанның
Бар құдай, өзің біліп жазасын бер, –

дегені айнымай келіп, дауқұмар бұлақтан қарғып өткен кезде жетектегі ат тартынып қалып аттың мойнына байлаған белбеуіне сүйретіліп өледі».

Абай, сөз жоқ, Жанақ жырларын ерекше бағалады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ең көркем нұсқасы Жанақтікі деген, сол нұсқаны негіз етіп Абай «Қозы Көрпештің» бір нұсқасын жазғызып, 1884 жылы атақты ғалым Г.Н. Потанинге сыйға тартқан. Жырдың бір данасы Н.Я. Коншиннің орыс географиялық қоғамына тапсырған Абай өлеңдерінің жинағымен бірге сақтаулы» [3, 78-79 бб.].

Б. Ердембеков «Қозы Көрпештің» Абай, Абайдың ақын шәкірттеріне қатысы туралы біршама өзіндік байламдар жасаған. Академик Әлкей Мағұланның тоқтамдарына қатысты саралауы ойға тартатын негізі бар қисындар сияқты.

«Жанақ нұсқасы, бірде – Бейсенбай, немесе Абай немесе Потанин нұсқаларының өз ішінде үлкенді-кішілі өзгерістер болғанымен бір түбірден – Жанақтың айтуынан тарағаны анық. Ал, жыр нұсқаларындағы өзгерістерге келсек, Жанақ күшті ақын. Ол дәл осы жырды қалың жұрттың алдында бірнеше рет жырлағаны тағы бар. Әр жырлағанда ақынның көңіл күйі, шабыты, көрерменнің ықыласы дегендей бір Жанақтың жырлауының өзі азды-көпті өзгеріске түсуі әбден ықтимал. Ал оны қайта жырлаған Бейсенбайдың жыр аяғын өзінше тұйықтауын алсаңыз, немесе кейінгі Шәкірдің Қозы Көрпеші жыр нұсқасынан гөрі назиралық туындысына көбірек келеді.

Сондықтан да, бұл арада айтарымыз Жанақ нұсқасының өңделіп, халыққа таралуына Абайдың және оның маңындағы ақын шәкірттердің үлес салмағы мол. Ал жырдың қай тұсына қай ақынның қаламы тиді деген мәселеге нақты жауап беру қиын. Шәкірттерінің жырлауынан шыққан дүниені үстінен бір қарап, жөндемеуі мүмкін емес Абайдың. Өзі жазбаса да, жазғандарға көңілі толып, бір нұсқасын орыс зерттеушісіне жіберген. Ал, қолдазбаның Абайдікі болмауы да заңды. Жырға қатысы бар кез келген шәкірттері – Ақылбай, Мағауия, Бейсенбай, Уәйістерге, немесе жазуы әдемі басқасына жырды көшіртіп, «Семипалатинского уезда, Чингизской волости А.К.» деп жіберуіне ұстаз Абайдың хақысы бар.

Демек, бүкіл түркі халқына ортақ әйгілі жырдың бір тармағы – Жанақ, Байкөкше, Шөже сынды Абайдың өзі нәр алған ақындар мен Бейсенбай, Уәйіс сынды шәкірттерінің, содан кейінгі Абай дәстүрін жалғастырушы Шәкір сынды халық ақындарының арасын жалғап, абайдың ақындық ортасы сынды үлкен тақырыптың өзегін сабақтастырып жатқан рухани желі» [4, 82 б.].

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ондаған нұсқасының арасында Жанақ ақын жырлаған нұсқаға ғылымда әріде Шоқан Уәлихановтан бастап көңіл бөліп келе жатқанымен, жырдың осы нұсқасына қатысты, оның Жанақ ақындығының жаңа бағытына қатысты айтылып, ашылуын күтіп жатқан мәселенің бірі – біздіңше, шоқан Уәлиханов айтатын қазақ халық поэзиясы үлгілерінің бесінші – өлең түріне қатысты деуге болады.

«5 Өлең...

Бұл өлеңнің қалпын өздері үйреніп қалған суырып салма өлеңге де сәйкестеп, қолайы келгенде айта береді. Әйгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасын, өлең формасында, маған Жанақ ақын айтып беріп еді.

Татар поэзиясының формалары қазақтардың гармониялық дыбыс пен ойға тұнып тұрған дәстүрлі батырлық жыр поэзиясының формаларын ығыстыра бастады.

Мысал үшін, біздің ориенталистерге бүкіл шығыс поэзиясындағы көлем мен өлшем тұрғысынан тек араб өлшемі ғана ыңғайлы деген пікірге дәлел ретінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының төрт шумақты жырының біріншісін ұсынамын. (Араб граматикасымен беріледі – Л.К.).

Менен іздеп жігіттер кел кетелі
Арасында Көктөбе белгі етелі.
Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,
Қозы Көрпеш-Баянды тербетелі...» [2, 166 б.].

Шоқан Уәлиханов «Қозы Көрпештің» Жанақ нұсқасының өлеңдік ерекшелігін қазақ поэзиясындағы жаңа өлең түрімен астастырып қарауында үлкен әдеби, ғылыми мән жатыр. Қазақ поэзиясына кейін қосылған бесінші түр жөнінде Шоқан Уәлиханов біршама сипаттама жасап келіп, мынадай нақтылы мәселеге назар аударған.

«Бұл өлеңнің қалпын өздері үйреніп қалған суырып салма өлеңге де сәйкестеп, қолайы келгенде айта береді. Әйгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасын, өлең формасында, маған Жанақ ақын айтып беріп еді [3, 165 б.].

Жанақ Сағындықұлының белгілі, беймәлім болып келіп, енді айналымға қосыла бастаған туындыларын өлең түрлері, поэзиялық өлшем, құрылым жөнінен арнайы зерттеу – қазақ поэзиясының даму, жанрлық баю, түрге бөліну мәнін аша түсер нақтылы мәтіндік нұсқалардың көркемдігін айқындайды.

Қазіргі кезеңде, өткеннің бай сөз мұрасы және бір мәрте көркемдік таным талқысынан өтіп жатқан уақытта қазақ әдебиетінің тарихындағы айтулы тұлғаның бірі Жанақ Сағындықұлының шығармашылығы жайлы да айтар мәселелер аз емес.

Жанақ ақын XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрді. Қазірде ақын поэзиясының әлеуметтік мәні туралы да, Жанақтың өлеңдегі жаңа бағыттардың туып, дамуындағы өзіндік орны жайлы да, ақынның қазақ көркем сөзін құбылтып, түрлендіру, түлетудегі өзіндік тәсілдері жайлы да кеңінен, келелі әңгіме қозғауға қолайлы ғылыми бағыттар айқындалып отыр.

Бұл мәнде Жанақ ақыннан сақталып жеткен шығарма көлемді болмағанымен, аса ауқымды, әрі құнарлы материал. Себебі Жанақ – әдебиет тарихында, қазақ көркем сөз өнерінің даму өрісінде елеулі орын алып отырған, жанрлық, түрлік, өлшемдік-көркемдік мәндегі алуан түрлі өлең жасалған
XIX ғасыр әдебиетінің орталық тұлғасының бірі. Оның шығармашылығында қазақтың эпикалық жыр дәстүрі де, арнау-толғау өлең де, лирикалық көңіл күйлі поэзия да, әлеуметтік, азаматтық, азаматшылдық үнді өлең де бар.

Жанақ ақындығының жасаған уақыты – қазақ өлеңінде жаңа түр, жаңа жанр, жаңа бағыттар өрістеген дәуір.

Өзінің кейінге аяқталмай қалған деген мәнде жеткен, расында да соңы сақталмаған «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» деген зерттеуінде қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов XIX ғасырға жеткен, сол дәуірдегі қазақ өлеңінің классификациясын жасады. Осындағы аталып жүйеленген әдебиет үлгілерінің барлығына дерлік Жанақ ақынның қатысы бар. Жанақ мұрасын дәл осы мәнде де таратып зерттеу – ақынның әдебиет тарихындағы айтулы орнын ғылыми негіздеуді толықтыра, айқындап аша түсуге қолайлы дерек, дәйек болар еді.

Біздіңше, Жанақ ақын шығармашылығында Шоқан Уәлиханов атап көрсететін жыр өлең де, қайым өлең де, қара өлең мен өлең түрі де бар (Шоқан Уәлихановтың атап көрсететін жылау-жоқтау өлеңі, негізінен, біз бөліп алып отырған өлең түрлерінің барлығымен де айтылуы мүмкін. Бұл өз алдына бір зерттеуді күтетін мәселе – Л.К.).

Әуелі, Шоқан бөліп атаған «Жыр» жайына назар аударалық. Шоқан Уәлиханов жырға анықтама беріп отырып, барлық далалық жырлардың қобыздың сүйемелдеуімен тақпақтап айтылатынына көңіл бөледі.

«Соңғы кезде, менің дала кезген кезімде жыр поэзиясының қалыс қалып бара жатқанын байқауға болады. Жырдың бар болмысы, қобыздың өзі сияқты, тек бақсылар иелігіне айналды.

Солар ғана жыр болмысының өлеңдік сипатын, сақтап, жындарын шақырғанда айтады. Жыр болмысының негізімен қобыз тарту, өнердегі сәндік үлгіден атақты Жанақ жырау өлгелі шеттей бастағанын ашып айту қажет. Жанақ қаракесек ішіндегі Қамбардан, олар қазір Қарқаралы округіне қарайды.

Қазіргі кезде бар, суырып салма ақындар ескі жыраулардың әуенін де, сөзін де айтқанымен, екі шекті домбырамен сүйемелдейді [1, 164 б.].

Шоқан Уәлиханов атап, өлең жүйесінде түр есебінде танытқан қайым өлең бұл айтыс өлең екені даусыз. Айтыста Жанақ ақын – асқан суырып салма ақындығымен өз орнын алған тұлға. Оның айтыс өлең түрлері Шоқан атаған жыр, қара өлең, өлең түрінде келген деп санауға да негіз бар. Бұл мәселе – XIX ғасырдағы қазақ өлеңіне келген жаңа түрмен сабақтас мәселе. Ол жаңа түр жайлы қазақ әдебиеттану ғылымында, қазақ өлең теориясында арнайы сөздің ұзақ уақыттар бойы қозғалмай келуінің түрлі себептері болуы мүмкін. Бүгінде ол себептерді бүге-шігесіне дейін айқындау мүмкін де емес. Қисынға келетін бір себебі – жаңа түр Шоқан Уәлиханов атаған «өлеңнің» 11 буынды өлшемі оны қара өлеңнің түріне қоса салуға орай туындаған құбылыс.

Қараңыз, Шоқан Уәлиханов бұл екі түрді буын өлшемі бірдейлігіне қарамастан, екі бөліп қарастырады. Әрі ол жүйе ғылыми негізді.

«4. Қара өлең – әдеттегі, үйреншікті өлең, бұл өлең төрт шумақты, әр шумақта жеке-жеке ой жатады. Сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді. Көбінесе, төрт шумақты өлеңдер мағынасыз болып келеді.

5. Өлең. Бұл форма қазіргі кезде барлық жаңашыл ақындар тарапынан суырып салма өлеңдерге де, поэмаларға да, әсіресе Орынбай өлеңдеріне қатысты көбірек айтылады. Өлеңнің жаңа түрін: Орынбай қарауыл ішіндегі атеке – ... тармағынан, атығайдың жаңа қырғыз тармағынан шыққан Шөже ақындар насихаттап, салт-санаға дарытушылар болды. Шөже ақын үнемі Әбілхайыр Ғаббасов сұлтанның жанында болатын-ды. Осы өлеңдердің тақырыптарының көбісі діни сарында айтылады.

Бұл өлеңнің кәлпін өздері үйреніп қалған суырып салма өлеңге де сәйкестеп, қолайы келгенде айта береді. Әйгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасын өлең формасында маған Жанақ ақын айтып берген еді. Өлең деген бұған дейін жоқ поэзияның ерекше формасының және атаудың қазақ даласына тарай бастағанына 50 жылдан асқан жоқ, бұл Қазан мен Тобыл татарларына қырға жол ашылғаннан кейінгі келген жаңалық.

Татар поэзиясының формалары қазақтардың гармониялық дыбыспен ойға тұнып тұрған дәстүрлі батырлық жыр поэзиясының формаларын ығыстыра бастады.

Қазақ поэзиясындағы жаңа қондырғы-форманың мәні мынада: өлең-ән, жаңадан жаннан шығарылған немесе атақты бір әнші-ақынның бұрында шығарған өлеңдері домбыраның, қобыздың, ым мен дене қимылдарының сүйемелдеуімен айтылып, ел арасына тарайды, кейбір өлеңші-ақын өз тарапынан сол өлеңге кіріспе және қорытынды сөз қосып отырады. Жоғарыда біз мысалға келтірген аудармадағы алғашқы төрт шумақ Жанақ өлеңдеріне жатады. Ол жыр-өлеңдегі Жанақтың шыққан тегі қаракесек ішіндегі Қамбар екендігі нақтылы болып келеді де, жыр-өлеңнің әрі қарай таза аңыз күйінде, ескі замандарда айтып кеткен белгілі жыраулардың жырына ұласады [3, 167 б.].

Шоқан Уәлиханов өз дәуіріндегі қазақ өлең түрлеріне тоқталуда Жанақтың есімін бірнеше қайтара атап отыруында тарихи негіз бар, Жанақ ақындығы қазақ поэзиясы жаңа бір тынысын ашып, түрлене түскен, әлеумет үні, азатшылдық рухы мәнінде күшейіп, күрделене түскен дәуірде қалыптасты. Жаратылыстан дарыған ақпа-төкпе ақындық, ағыл-тегіл шешен сөз иесі Жанақ өз дәуіріндегі өлеңнің бар түрінде сөйлеген саңлақ еді.

Шоқан Уәлиханов атап көрсеткен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Жанақ жырлаған нұсқасы кейінгіге тұтас сақталып жетпеді деген мәселе бар. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының XIX ғасырдағы хатқа түсіп, басылым көруі, түрлі нұсқалары жайлы негізді, деректі, дәйекті сөз қозғай отырып, белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаев Жанақ нұсқасына байланысты біраз жайды айтады.

«Бұдан соң бұл жырдың бір нұсқасын Жанақ ақын аузынан қазақтың тұңғыш ағартушысы, демократы Ш. Уәлиханов жазып алған. Бұл өзіне мектеп жасаған дарынды айтушы, қобызшы Жанақтың өз аузынан шыққандықтан және Шоқанның, Г.Н. Потаниннің жақсы бағалаған жыры

болғандықтан, «Қозы Көрпеш» дастанының бір құнды варианты делінеді. Жалғыз-ақ Жанақ нұсқасы Шоқанның қолжазбаларымен бірге Тезек төренің ауылында жойылған, бізге келіп жеткен жоқ. Осы кезге дейін біз 1939 жылғы «Батырлар жыры» жинағына енген (435-508 бб.), одан бұрынырақ 1936 жылы М. Әуезовтің редакциясымен жеке жинақ болып басылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Бейсенбай жыраудан жазылып алынған нұсқасын, сол ақынның: «Мұны Жанақтан естіп едім» деген сөзіне сүйеніп, Жанақ-Бейсенбай варианты деп жүрдік. Бірақ Бейсенбай жырының аяғы трагедиямен бітпейді, онда Қозы мен Баян қосылады. Г.Н. Потаниннің 1903 жылғы Шоқан варианттарына берген бағасына қарағанда бұл жырдың Жанақ нұсқасы да басында трагедиямен аяқталғаны байқалады. Потанин өзінің «Киргизиа в народной поэзии» деген еңбегінде қазақ арасында махаббат тақырыбына құрылған жырлардың көптігін айта келіп: «Бұл сияқты романдар «Баян сұлу» жырындағыдай аяғы қайғылы, трагедиялы болып бітпесе де, қазақ арасында осы кезге дейін көп айтылады» [3, 167 б.], – деп жазады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1Тәбәрікұлы С. Жанақ ақын. – Алматы: Арда, 2006. – 203 б.
2 Сүйіншәлиев Х. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 293 б.
3 Жармұхамедұлы М. Айтыс. – Алматы: Білім, 1990. – 52 б.
4 Сүлейменов Т. Сегіз сері. – Алматы: Өнер, 1991. – 341 б.

ӘОЖ 808.1(045)

ЖАНАҚ САҒЫНДЫҚҰЛЫ АЙТЫСТАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Көбегенова Л.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Жанақ сөздерінен арғы-бергіні көп көрген, еркіндікке мүмкіндік мол айтыс өлеңнің өзінде кісілікті ұстанып отырған, әдептен аса озбаған ой мәдениеті, сөз мәдениеті көрінетіндігі айқындалған. Жанақ – өз дәуірінің ғана емес, жалпы қазақ сөз өнерінің тарихындағы елеулі тұлға екендігі айтыс саласында ерекше орын алғандығымен де көрінген.

Жанақ Сағындықұлының белгілі, беймәлім болып келіп, енді айналымға қосыла бастаған туындыларын өлең түрлері, поэзиялық өлшем, құрылым жөнінен арнайы зерттеу – қазақ поэзиясының даму, жанрлық баю, түрге бөліну мәнін аша түсер нақтылы мәтіндік нұсқалардың көркемдігін айқындайды.

Түйінді сөздер: елеулі тұлға, қазақ сөз өнері, айтыс, көркемдік, ой мәдениеті, сөз мәдениеті.

Айтыстардағы көркемдік уақыт және кеңістік – қазақтың ұлттық әдеби қозғалысын бағалаудағы маңызды мәселелердің бірі. Халық ақындары шығармаларындағы әдеби дәстүр мен өнерпаздық психологиясын айтыс жанры бойынша да қарастырамыз.

Әдебиет тарихы – авторлық анық, көркемдік – стильдік машықтары қалыптасқан сөз өнері дамуының шығармашылық мазмұны. Мұхтар Әуезов айтыс өлеңдерінің ауызша және жазба әдебиетке де кіретін жанр екенін айта келіп, қазақтың ұлттық сөз өнерінің дара құбылысы ретінде баға берген еді: «Тегінде, қазақтағы айтыс өлеңдері өзге жұрттың әдебиетінде кез келмейтін, біздің әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түр» Демек, қазақ сөз өнері тарихындағы авторлары белгілі айтыс өлеңдерін әдебиетке тән щығармашылық құбылыс ретінде бағалаймыз, яғни, айтыстардың авторлық нұсқаларының айқындалып , саралануы - әдебиетке тән ерекшелік. Айтыстарға қатынасушы ақындардың әрқайсысының әлеуметтік- қоғамдық, эстетикалық- гуманистік танысдық көзқарастары шығармаларының халықтық мазмұнын, маңызын айқындайды. Бұл- авторлық идея мен көркемдік шешімнің жемісі. Айтыстардың ақындық авторлық нұсқалары – әдебиет атты ұғымның аясында қароастырылатын мәселе. Әрбір

ақынның сөз арқауында м алынатын мәселелерді авторлық идеяның мақсатты бағдарында жырлауға ұмтылатыны – табиғи жағдай. Авторлық идеясы ақынның өмір шындығына қатысты деректерді іріктеп қолдануына, ойларының нанымдылығына, деректілігіне негізделеді. Ақын-автор өзінің идеялық- тақырыптық желісін бағдар ете отырып, айтыстың басынан аяғына дейін біртұтас композициялық тұтастықты сақтай жырлайды. Өзі жоспарлаған тақырыптық желіні толық сақтаған жағдайда авторлық идеясы толық орындалады. Академик З.Ахметовтің пікірінің осы мәселеге толық қатысы бар: «Автордың идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғым- түсініктері суреткерлік шеберлігі – бәрі-бәрі кең, толық мағынасында, әрине, шығарманың өн-бойынан бүкіл құрылыс-бітімінен, идеялық- көркемдік сипатынан танылады» Демек, авторлығы анық ақындар айтыстарынан осы аталған әдеби талаптар көрінеді.

Қазақ сөз өнеріндегі айтыс- біраз зерттелген жанр. А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Р. Бердібаев М. Дүйсенов, Ә. Қоңыратбаев, С. Садырбаев, М. Жармұхамедо, С. Негимов, Б. Абылқасымов және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде дәстүрлі ерекшеліктер ғылыми тұрғыда сараланған болатын.

Ақындар айтысы – әдеби процесті құрайтын шығармашылық қнердің негізгі түрлерінің бірі. Ақындардың айтыс өлеңдерінен әдеби дәстүрдің қалыптасуы, авторлық поэзияға тән психологиялық ерекшеліктер айқындалады.

Ақындардың айтыс өлеңдері – лиро-эпикалық жанрлық сипаттарымен ерекшеленетін туындылар. Айтыс өлеңдері - екі ақынның психологиялық сезімдік құбылыстарының бетпе-бет шарпысуы, тоғысуы жағдайында танылатын көркемдік және әлеуметтік көзқарастар сайысы.Айтыс өлеңдері – қазақ және басқа да түркі халықтарының ұлттық рухани мәдениет қазыналарының ішіндегі аса белсенді қоғамдық- әлеуметтік қызметімен танылатын шығармалар. Айтыс өлеңдері арқылы ақындар өздері өмір сүріп отырған тарихи кезеңнің әлеуметтік шындығын, көркемдік ойлау кеңістігін, жеке адам мен қоғамдық ортаның байланыстыратын айқындайды.

Айтыс – қазақтың халық ауыз әдебиетіндегі ерекше жанрлардың бірі. Айтыстың қай түрі де суырыпсалмалықпен бірге тапқырлықты, ұтқырлықты, алғырлықты талап етеді. Соның ішінде жұмбақ айтыс қиын да қызықты, ерекшелігі мол сала. Қазақ халқының өмірімен біте қайнасқан айтыс жанрының бұл түрі ғасырлар бойы қалыптасқан елдік салт-дәстүр, әдет-ғұрып, кәсіп-тіршілігі арқылы өмірге келген. Мұнда жаратылыс, адам өмірінің түрлі көріністері астарланып, басқа бір зат немесе құбылыспен салыстырыла жұмбақталып, түрлі бейнелермен бедерлене беріліп отырған. Ол кейде ұзын сонар күйінде келсе, кейде қысқа қайырылады. Ал, қазақтан басқа халықтар әдебиетінде жұмбақ айтыс түгелімен қысқа түрде қайырылып, тұжырымдалып отырады.

Дәлдікті талап ететін бұл сала қолма-қол суырып салып айтқыштықтың жемісі болып табылады.

Айтыстың басқа жанрлардан өзгешеленетін жері – ақындардың бір-біріне сын айтуы, бірінен-бірі кемшілік іздеп табуы, мақсаты – сүріндіру.

1927 жылғы «Әдебиет тарихының» VI бөлімі – «Айтыс өлеңдерде» Мұхтар Әуезов Жанақтың атын атап өткен. Қазақ айтысының кенже тарап, әдебиет тарихының бөлімі болып, кәрі-жас қызық көріп, қызуланған, тегіс өнер қлып, жалпақ ел өнер қылғаны туралы айта келіп былай дейді:

«Қазақтағы айтыс әдебиет бөлімі болудан басқа ел тартысының бұрынғыдан келе жатқан театры сияқты көпке бірдей қызық беретін жиын сауығы болған.

Сондықтан, айтысқан ақындар жүрген жер ел ортасында көшпелі сауықшылар жүргендей қалың думан, жиын болатын. Елдің айтыс өлеңді қатты қадірлегендігінен айтыс ақындары: Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Сарыбай, Мұрат, Тоғжан, Біржан, Сара сияқтылардың атағы қазақ ішіне тегіс жайылған. Барған елінің барлығында бағалы, қадірлі болып, қайда барса да сый, құрмет, қызық, сауық болғандықтан, айтыс ақындары сол жүрісін біржолата салт қылып әкеткен» [1, 174 б.].

Осында Мұхтар Әуезов айтатын айтыс ақындарының өмір салты – Жанақ Сағындықұлының да өнерінің бір қыры, өмірбаянының бір желісі.

Айтыс ақындарының көпшілігіне тән кәсіп: сәнімен, салтанатымен, қобыз, домбырасын алып, нөкерін ертіп, ел қыдырыстап жүріп айтысқа түсу. Қарсыласын іздеп барып, тауып айтысу. Қандай да бір жиын-той, ас рәсімі айтыссыз өтпесе, Жанақ та соның қалың ортасында жүрген,

болған өнер иесі. Жанақ та жұрттың көпшілігіндей бірде жол алып, бірде жол беріп, бірде жеңіліп, бірде жеңіп жүрді. Жеке-жекте сан жығылып, сан мәрте қарсыласып сөзбен құлатты. Қалың ел тілінен жыр төгілген ақындықты ел қорғаған батырлықтан кем көрмеген, кемітіп кесірлік танытпаған. Асқақтатып, айбынын асырып, айдарынан жел естіртіп үкілеп, қадірлеген, қошамет, құрмет жасаған. Сол қалың топ, ақындық шоғырдың шоқ жұлдызының да бірі Жанақ болатын.

«Ел тіршілігінің жайынгерлік дәуірінен шығып, тыныштыққа бет алған кезінде, Сарыарқаны сайқалдап – ойды-солды шарлап жүрген бір алуан адамдары, осындай сөз батырлары кешегі Жанақ, Кемпірбай, Шөже, сол ақындардың үлгісі ел ортасында соларға ұқсамақ болған жігіттер көбейген.

Ақындық, әншілік өнері жақсы жігіттің белгісі сияқты саналған. Сондықтан ел ішінің қызық-сауығы үшін сән түзеп, қыдырумен жүретін салдар шыққан. Атақты ақындарға еліктеуден серілік молайып, бері келген заманда Біржандай сал, Ақандай ақын серіні шығарған. Бұлардың жайы қай елдің ортасында болса да, кейінгіге үлкен әңгіме болып қалған.

Соның барлығы айтыс ақындарының сарқыты» [2, 174 б.].

Мұхтар Әуезов әдебиет тарихында айтыс дәстүрі ықпалымен өрістеген өнер салалары туралы осылай ой түзеді. Осындағы ойдың көпшілігі Жанақ Сағындықұлының шығармашылығына да сыйымды екендігі даусыз. Жанақтың ірі орындаушылық шеберлігі, эпикалық жанрларды сақтап, жеткізу, таратудағы мәні, асқан айтыскер ақындық алымы арнау өлең, көңіл күй сазын ашқан лирика, заманына күйін толғаған әлеуметтік мәні айқын толғаулары бұл өнерпаздың көп қырлы дарын, қазақ даласында XIX ғасырда кең жайылған өнертұтастығы айқын сал-серілік, әншілік, жыршылық, айтыскерлік өнердің даму бастауында болған тарихи тұлға екендігін айғақтай түссе керек.

Жанақ ақынның әдеби мұрасы тіл айшығы, тіл тазалығы, сөз өткірлігі, сөз нақтылығы, сөздік қой байдығы, ой-әлем кеңістігі, таным тереңдігі, зерде сергектігі сипатты шығармашылық дара қолтаңбасымен айрықша құнды, ерекше көркемдік әлем.

Сол ойымызды Сәбит Мұқанов айтқан мынадай бір пайымдаумен негіздей түскен жөн көрінді:

«Айтысқа араласқан Шортанбай, Жанақ, Мұрат, Марабай, Сүйінбай сияқты ақындардың айтытан басқа өлеңдеріне қарағанда, олар жалғыз айтыста ғана емес, сонымен қатар өз заманының барлық күнделікті тіршілігіне араласып, халықтың жақсылығын дәріптеуші, кемшілігін сынаушы, тарыққанда ақылшы, қуанғанда сайраушы болғанын байқаймыз. Әр ақында айтыстан басқа талай өлең-жырлар бар, оларды жинау, сыншылық ой елегінен өткізіп, көркемдік-идеялық дәрежесі биік деңгейден табылатын шығармаларды жариялау, бастырып шығару – әдебиеттану ғылымының алдағы кезекті міндеті.

Ақындардың және бір өзгешелігі, олар – ақындықтың үстіне әншілер, Александр Затаевич жинаған қазақ халқының екі мыңға тарта әнінің, кейін Брусиловский, Ерзакович, Ахмет Жұбанов тағы басқа композиторлар жинап жүрген қазақ әндерінің көпшілігінің авторлары ақындар. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Ыбырай, Ғазиз, Жарылғапберді, т.б. ақындардың әрқайсысына тиісті жиырма-отыздаған әндер бар. Қазақ халқы ақындардың жалын атқан өткір сөздеріне ғана емес, оның ән әуеніне де ерекше мән беріп, сөзі мен әні «қиыннан қиысқандарын» айрықша қадір тұтқан» [3, 10 б.].

«Жанақ пен Түбек» айтысы әріден халық арасына белгілі, кең тараған айтыстың бірі. Бұл айтыс алғаш рет Радловтың «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» жинағына енді. Сонымен бірге бұл айтыстың 1879 жылғы Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енгенін білеміз. Сәкен Сейфуллиннің 1931 жылы шығарған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында да айтыс мәтіні бар. ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталған үлгілері 1965 жылғы «Айтыс» кітабының 1-томында басылды (1 с. №1396, папка №256) (Біз осы мәтін бойынша біршама салыстыру жүргіздік – Л.К.).

«Айтыс» жинағында Жанақтың өмір сүрген кезеңі туралы берілген мынадай мәлімет, кезінде Мұхтар Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» монографиясында Жанақты XVIII ғасырдың айтулы ақыны деп айтқан ойындағы уақыт дерегінен алшақ. Әдебиет тарихында екі Жанақ болғаны туралы да пікірлер болды. «Айтыс» (1965) жинағындағы түсінікте былай делінген: «Жанақ XIX ғасырдың екінші жартысында қазіргі Алматы Облысы, Талдықорған жерінде өмір

сүрген. Жанақ Түбекпен, Бақтыбаймен, Сарыбаймен тағы басқа көп ақындармен айтысқан. Жанақ Түбекті балам деп сөйлеуіне қарағанда одан көп үлкен болса керек» [3, 536 б.].

Осы қысқа мәліметтегі Жанақтың өмір сүрген кезеңі жайлы деректің қайшылығы бар сияқты. Түбекті балам деген дейді.

«Айтыс» жинағында Жанақтың бір айтысы ғана берілген. 1927 жылғы «Әдебиет тарихында» Мұхтар Әуезов Жанақтың аса ірі айтыс ақындарының бірі болғаны туралы айтты. Негізінде Жанақтың айтыс өлеңдері мол болғаны даусыз.

«Елдің айтыс өлеңді қатты қадірлегендіктен айтыс ақындары: Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Сарыбай, Мұрат, Тоғжан, Біржан, Сара сияқтылардың атағы қазақ ішіне тегіс жайылған» [4, 174 б.].

Жанақ ақын туралы зерттеу еңбектерде ақынның XIX ғасырдағы айтыс өнерін дамытып, байыту еңбегі айтылып келеді. Соның ішінде ақын айтыстарының бір ерекшелігі – тұстас айтыс ақындарының көпшілігінде бар қыз бен жігіт айтысы Жанақта кездеспейтіндігі ескерілмеген екен. Ақында дін жұмбағы айтысы да жоқ.

Ақын айтыстарының әлеуметтік арқауы басым. Азаматтық, адамгершілік жайын алға тастап сөйлейтін тұстары көп. «Жанақ пен Садыр» айтысында ешкі сойды деп, дәмге астамшылық жасаған Садырға айтқанында Жанақ әйгілі «Тоқты менен ешкінің қаны бірдей, Жақсы менен жаманның жаны бірдей» деген тоқетер сөзін айтады. «Төренің буы соққан аңғал ақын» деп, күрделі, тосын эпитетпен қарсы жақ ақынның характерін ашып, ауызша портретін жасайды, кейпін жеткізеді.

Жанақ ақын айтыстарында дәстүрлі ру таласы мазмұны да аса көзге ұрып тұрмауы – бір ерекшелік.

Жанақ айтысында заман күйі, әлеуметтік теңсіздік жайы басым айтылып отырған. Ру бәсекесі бар деген айтыстарының әлеуметтік желісі негізгі арқау екендігі көрініп жатады.

«Жанақ пен Түбек айтысы» – Жанақ ақын айтыстарының ішіндегі көрнекті айтыстың бірі. Мұнда ру таласы басым. Тиісіп сөйлеген Түбекке Жанақ мұнда жүргені атасының көзі отырған соң екендігін айтып, өзінің кедейшілік жайда, күнкөріс қамындағы халінен хабар берген.

Осы айтыста Жанақ әйгілі «Арғынның айналасы алты айлық жер» деген сөзін айтқан. Бір тұста арғын, найманның біріне бірі бөтен еместігін де еске салып қояды. Арғынның найманмен жарысына Жанақ өнерім артық деген уәж айтады.

Біздерді шу дегенде өлең басты,
Өлең айтсаң аруақ сенен қашты...

Бұл айтыста ру жарысы тек тілге тиек қана негізінде елдің тұрмыс-ахуалы орыс отаршылдыының саясаты ауыр-ауыр әлеуметтік ақиқаттар айтылан.

Одан Жанақ та, Түбек те тартынбағаны көрінеді. Орыс бекет салған жерінде кедейшілік тұрмыста қалған Жанақ ақынның күйі де, төрелік пен бегінің ісінен береке қашқан, елінің мінезі тіршілік ағымында құбылып, қитұрқы күймен шапқылаған ауыр тағдыры, ащы шынлығы тұсау салған Түбек ақынның күйі де бұл айтыстың ру айтысы мағынасындаңы мазмұнынан әлдеқайда мол ұғымдарды қамтып жатқанына дәлел.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Тәбәрікұлы С. Жанақ ақын. – Алматы: Арда, 2006. – 203 б.

2 Сүйіншәлиев Х. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 293 б.

3 Жармұхамедұлы М. Айтыс. – Алматы: Білім, 1990. – 52 б.

4 XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Хрестоматия / Құраст. Х. Сүйіншәлиев. – Алматы, 1991. – 258 б.

ӘОЖ 82.091(045)

«ҚҰТТЫ БІЛІК » ШЫҒАРМАСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Толепбергенова А.Б.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Жүсіп Баласағұнның еңбектерін негізге ала отырып сол шығармадағы өзекті мәселерге шолу жасалған. Қысқаша мазмұндық сюжеті баяндалып, сол тұстағы саяси-әлеуметтік шындыққа көз жүгіртілген. Ислам мәдениетінің түркілер санасына орнығуы, оның саяси-қоғамдық өмірді өзгертудегі реформасы турасында сөз қозғалады. «Құтты білік» шығармасындағы мемлекет басқару ісіндегі шығарма кейіпкерлерінің образы мен іс-әрекеттері арқылы бірнеше заманның әлі де болса шешуді қажет ететін өзекті мәселе тұғырынан түсе қоймаған тұстарын ашып қарастырылған. «Құтты білік» дастаны негізінен төрт принципке негізделген. Сол төрт принциптің негізінде төрт кейіпкерлердің өзара сұхбатынан тұратындығы жан-жақты ашып көрсетілген. Ел басқарудағы әкімдерге қойылатын талаптарды саралай отырып, қазіргі заманмен сабақтастығын айқындаған. Жүсіп Баласағұн дастанда хан сарайының қызметкерлері мен елшілерінің және қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін ерекше баяндап шығады. Адамзатты биіктерге көтеретін тұлғаның қалыптасқан мінезі екендігіне де ереше мән берген. Қазіргі кездегі шығарманың алатын орнын ғылыми тұжырымдар негізінде саралай білген.

Түйінді сөздер: әңгіме-аңыз, ақыл-парасаты, дастан, хас хажиб, әділдік, бақ-дәулет, ақыл-парасат, қанағат-ынсап, идея, қоғам, мемлекет, тәуелсіздік, кемелдену, құтты білік, үйлесімділік.

Құтты білік шығармасының мәніне үңілетін болсақ, ежелгі түрік қоғамындағы ақыл-ой, мораль, құқық және мемлекетті басқару туралы тұжырымдаманы зерделейтін терең де өте бай деректермен таныс бола аласыз. Құтты білік ежелгі түрік тілінен аударғанда «адамды бақытқа жетелейтін ілім және мемлекетті басқару үлгісі» деген мағынада аударылады. Жүсіптің өзі осы шығарманы ханның өтінішімен жазғанын , яғни бір негізгі мәселеге тоқталатын болсақ ел басқару деңгейінде туындының маңызы өте зор болғандығына ереше мән берген. «Құтты білік» - әңгіме-аңыз ретінде баяндалатын даналық сөз, өсиет, ғибрат.

Түркі әдебиеті тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі –Қарахандар әулеті билік құрған X-XII ғасырлар. Бұл кезеңдегі әдеби шығармаларда ислами құндылықтар кешенді түрде көрініс тауып, халықтың таным дүниесіндегі елеулі өзгерістерді байқатып жатты. Қарахан дәуірінен бізге жеткен ең алғашқы әрі бас-аяғы толық туынды –Жүсіп Хасхажып Баласағұнның «Құтты білік» дастаны. Шығармада жалпы түркіге ортақ елдік мұраттар кешенді түрде қамтылған [1.148]. «Құтты білік» дастанындағы елшілдік сарындарды талдай отырып, ел тарихындағы тарихи мәні мен маңызын ғылыми негізде саралап көрсеткен. Өз зерттеуімде шығарманың тарих сахнасындағы өзіндік ерекшелігін ғылыми дәйектемелер негізінде талдаулар жасалынды. Дастан елдегі Ата заң қызметін атқарған. Жүсіп Баласағұн өз туындысында патшалар мен уәзірлердің, хан сарайының қызметкерлері мен елшілерінің, әскербасылар мен нөкерлердің, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын ең негізгі мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Халықты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерді жетік меңгерген , қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт екенін басып айтады. Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға құштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқты жаман қылықтардан бойларын аулақ ұстауға ерекше мән береді.Бұдан кейін ақын ел басқарған патшаның көрер көзі, естір құлағы “хас хажиб”, яғни бас уәзір міндеттерін тізбектеп, саралап айтып шығады. Бас уәзір халықтың талап-тілектерін патшаға, ал патшаның айтар ой-пікірін, жарлықтарын халыққа жеткізіп отыруы қажет. “Құтты білікте” елшіге қойылатын талаптар ереше мән бере отырып, сипатталып жазылған. Елші ерекше зерек, өзі көрікті, көп тіл білетін, шешен сияқты көптеген қасиеттерге ие жан болуы қажет.

Дастанда осылайша елдегі барлық лауазым, кәсіп иелеріне қойылатын талаптар сипатталып көрсетілген. Шығарманың негізгі идеясы саяси-қоғамдық өмірді өзгертудегі реформасы турасында маңызды мәнге ие.

"Құтты білік" дастаны, негізінен, мемлекетті басқару мәселесіне арналған шығарма. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт-береке қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеуметтік рөлі уәзірдің баласы Өгдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одгүрміш бейнесі арқылы әңгімеге қосылған. Жүсіп Баласағұн ғибратында суреткерлік, ойшылдық, ғұламалық қасиеттердің үйлесім табуы ғалым ойларының даналығымен біртұтастығынан көрінеді. Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық ой мұраттарын баяндайды. Жүсіп Баласағұнның "Құтты білігінде" өмір мәні пайымдалып, жалпыадамзатқа тән рухани байлықтардың мәні жан-жақты сараланған. Жүсіп Баласағұн ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің сол ғұмырлы өмірдің әрбір ұсақ дүниелер арасындағы үйлесімділіктің болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт құдірет – от, су, ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлемді осы төрттағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Жүсіп Баласағұнның қоғам және өмір туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеуметтік философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, "Құтты біліктің" төрт кейіпкерінің бойына осы ерекше ұғымдарды жинақтаған.Мына жалған дүниені ақыл таразысына салып жүйеге түсіруге болатынына да сенген. Ғұлама тұлға әлемдік үйлесімділік негізі- әділетті адамзат қоғам құруды армандады және өз алдына соны негігі мақсат етіп қоя білді. Сондықтан ол өз шығармасында ғылым мен білімге ереше мән берген. Жүсіп Баласағұн адамзатқа ортақ парасаттың, танымның нәтижесі ретіндегі білімге көшудің өзі адам мүмкіндігінің жүзеге асуы деп біледі. Ғылымен білімге жан-жақты сусындаған адам ғана көздеген мақсат міндеттеріне өзгелерде ерте қол жеткізе алады. Автор пікірінше білім – даналық, денсаулық – жан мен тәннің толысуы. Жүсіп Баласағұнның ойынша, қоғам құрылымындағы кемелдікті жеке адамның бостандығы, тәуелсіздігі анықтайды деп санады. Жүсіп Баласағұн өзінің әлеуметтік философиясында қоғамдағы кемелдіктің негіздері мен іс жүзіндегі көріністерін өзара тығыз байланыста қарастырады. "Құтты білікте" ол, ең алдымен, даналық яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен қабілеттер мен қасиеттер кейінгі алған білімін жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу, т.б. мәселелерді қарастырады. "Құтты біліктің" оқырманға негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік қасиеттерінің кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты тұғыры биік құтты ел мәртебесіне көтеру. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, жалпы болмысына үнемі сыни көзқараста жүретін асыл жан. Дастан оқырманына құт-берекемен,ақыл–парасатпен,ізгі тілектер және бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы "өзіңді сақтау", "өзіңді ұмытпау", "өзіңді-өзің құрметтеу", қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең философиялық оймен толғанады.

Шығарма да біз білетін төрт кейіпкер - Күнтолды, Айтолды, Өгдүлмүш, Өгдүрміш бейнелері арқылы сұхбаттасу ізімен жазылған. Осы төртеуінің өзара бірлесуі нәтижесінде бірнеше мінез құлықтық қасиеттер мен құқықтық принціптерді жан-жақты түсінуге мүмкіндік мол. Төрт кейіпкерлерге сипаттама жасап кетсек артық болмайды: Күнтуды – хан, ол заң мен әділдіктің жаршысы, Айтолды- уәзір, ол мемлекеттік билік пен сәттілікті бейнелейді, Өгдүлміш-Айтолдының ұлы, ол кейін әкесінің орнын басып уәзір болады, ақыл,білім, өмірсүйгіштік кейіпкері, Өгдүрміш – ақиқат өмірден безініп, адамдардан алыс, тауда өмір сүреді, күй талғамайтын, кезбе, алладан басқаны ойламайтын кейіпкер. Шығарманың баяндалуы жағынан ұғыну күрделі емес. Айтолды – рухтанған, жігерленген, ақылды, идеялары көп қаланың орталығымен хан сарайынан алыс емес елді мекенде дүниеге келген жас жігіт. Құтты біліктің

авторы Айтолдының адамгершілігі мен абыройын ерекше ынта жігермен суреттеген. Автордың ойынша Айтолды пайымдағыш, белсенді, адал, әділетті, жайдары, адамгершілігі мол, тілмәр, барлық мәліметтен хабардар кемел тұлға. Талас пен сұхбат түрінде жазған шығармасында Жүсіп Баласағұн шамасы түріктердын ұлтык, мінез-күлыкты және саяси дәстүрлерін сақтай отырып, түріктердің рухын көтеруге сол арқылы олардың ғаламдық энергиясын аспандатуға тырысқан. Діннің жетегіне кете беретін қоғамның кейбір қабатына соны түсіндіре отырып, даралыққа кезбешілікте емес, қоғамда белсенді адамгершілігі жоғары деңгейде өмір сүруді насихаттайды.

Имандылық, сабырлылық, рақымшылдық, ақыл-парасаттылық, әділеттілік, бостандық, ғылым-білім, достық, бауырмалдық, адалдық, аманат, ар-ұят, қарапайымдылық, тазалық, өзара құрмет, іс-қимыл т.с.с. құндылықтарын түркі ойшылдары өз еңбектерінде қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізе білді.

Алла атымен бастадым сөз әлібін.
Жарылқаған,жаратқан бір тәңірім!
Жаратты ол:жасыл көк, ай,күн,түнді,
Қара жер,ел,заман,уақыт,бұл күнді [2.77].

Бұл – Құдайға құлшылық етудің шынайы жүректен шығып, кіршіксіз амалмен іске асатындығы туралы ойшылдың шынайы сенімінен туындаған ойы. Жаратушыға деген сүйіспеншілік пен денің ниеті мен амал-әрекетінен туатындығы айдан анық. Ниет тазалығы және амалдың айқындылығы құлшылықтың мәні мен мағынасын байытып, мұсылманның иманын күшейтеді. Ниет – адам пейіліндегі мақсат. Құлшылық атаулының қабыл етілуі ниетке байланысты. Дін құлшылық пен ғибадатты қажет етеді.

Мейірбанға айтар кісі жан сырын,
Бауырмал жан жанын берер, бар шыным.
Мейіріңе кәміл сеніп, сырластым,
Мейіріммен сөйле, үнсіз тұрмассың![2.244]

Баласағұн шығармашылығына тән ерекшелік адам болмысының мәні және адамның әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін – ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалылығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын қанағатшыл құлқын асқақтатады.

Баласағұн шығармасында білім мен ғылымның мәніне де зор көңіл аударылады.

Тілегім сөз еді білгір, ей,бегім,
Ақыл бегім жайлы келді сөйлегім.
Ақыл –шырақ, қара түнді ашатын,
Білім-жарық, нұрын саған шашатын [2.102].

«Құтты білікте» білім өмір мәні және қоғамың мәдени, рухани деңгейінің өлшемі ретінде көрсетіледі. Ойшылдың пікірінше, білім мен парасат адам мен қоғам өмірінде кездесетін зұлымдықтардың алын алу үшін қажет. Білім адамның өз болмысын танып білуге, иманын жетілдіруге, өмірдегі өз орнын табуға және қайырымды болуға жол ашатын жарқын жол. «Құтты білік»- адамзаттың бойына адамгершілік ,имандылық , қанағаттық қасиеттерді сіңіруге ерекше ықпал ететін туынды. Тәуелсіздігімізді мәңгілікке сақтап тұруда шығармадағы негізгі приниптерді басшылыққа алып ұстанудың маңызы зор .

«Құтты біліктің» мазмұны ақылға парасатқа толы.Жүсіп Баласағұнның негізгі пікірі-әділеттік пен ақыл,ақылды қарапайым адам басқарғаны жайлы ,берекелі молшылыққа кенелген елді аңсауы.Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Сүйіншәлиев ежелгі дәуір әдебиетінің ең үздік туындысы «Құтты білік»- Орта ғасыр түркілерінің таңдаулы мұрасы.Оны кезінде «киелі» кітап тұтып , үстем тап өз мүлкі , жекеменшік мұрасы тұтқан. Әлемдік мәні әйгілі, түгел түркі хлықтарының мақтанышы дерлік мұра,жазба әдебиетінің ең ірі шығармасы» деген жоғары деңгейдегі бағасын берген [3.117].

«Құтты білік» күні бүгінге дейін өзінің құндылығы, мәні мен маңызын жоймаған және жалпыадамзаттық идеялар мен ойлар айқын көрініс тапқан туынды. Қазақтың классикалық поэзиясы өзінің шығармашылық бастауын «Құтты біліктен» алған.Тәуелсіз еліміздің «Рухани жаңғыруында» осындай озық үлгілерді жан- жақты танысып білу біздің азаматтық борышымыз.

Тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық рухты жас ұрпақ бойына сіңіру арқылы мейірімділікке, имандылыққа, ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу. Туған жерін, елін сүюге, адамгершілікке, ізгілікке баулу. « Құтты білік» дастаны түркі тілді туысқан халықтардың бізге келіп жеткен дүниежүзілік мәнге ие бірден-бір жазба әдеби ескерткіші. әдеби тілдің даму жолдарын білдіре алатын асыл мұраларының бірі.

Өз заманынын да ғылым саласымен толық танысып кемелденген шағында «Құтты білік» тәрізді классикалық шығарма тарих сахнасына келді. Ана тілінің көркемдік қуатын әлемге таныту бағытын ұстанған көркем тілді шығарма. «Құтты білік» — түркі тілді халықтардың қоғамдық ой санасында орын алған рухани құбылыстарды тұтас қамтыған энциклопедиялық қуатқа ие көркем туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жорабай. Т.С. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан «Құтты білік» дастанындағы елдік идеялар: жалпы сипаты, сюжет пен композициялық астар. // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Филология ғылымдары» сериясы. –2017. – No3(61) 2017 г –Б.148-153

2 .Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн. Құтты білік / Аударған А. Егеубай. – Алматы, 2011. - 431б.

3. Х.Сүйіншәлиев.Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы : Санат,2006.-904б

УДК 82/821(045)

ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТЬ КАРАКАЛПАКСКИХ ДАСТАНОВ

Машарипова Т.Ж

Каракалпакский государственный университет им. Бердаха, Республика Каракалпакстан

Аннотация. В настоящей статье доказано два тезиса: 1) текст, отделенный от автора, является интертекстом; 2) все народные дастаны каракалпаков обладают качеством интертекстуальности. Первый тезис, в свою очередь, делится на две части: а) что такое интертекст (авторская гипотеза); б) как понимают интертекст постмодернисты. Текст становится полноценным понятием тогда, когда он воспринимается, понимается и осмысляется именно как интертекст.

Ключевые слова: автор, текст, интертекст, интертекстуальность, каракалпакские дастаны.

Понятие интертекста. Интертекст и интерчеловек. Мы полагаем, что составление публицистом текста своего произведения по сути равно процессу нейролингвистического программирования. Потому что публицист, когда он пишет текст, вместе с тем одновременно формирует программу понимания его сочинения аудиторией, т.е. он пишет текст как программу воздействия. Поэтому можно считать, что подготовка произведения вместе с тем есть составление программы языкового влияния, потому что это процесс одновременного формирования будущего воздействия данной работы на других. Здесь текст равен программе, т.е., он есть не только текст, но и, одновременно с этим, программа влияния. Нет текста вне программы и, наоборот, нет программирующего воздействия на аудиторию вне текста. Данное воздействие известно в науке как нейролингвистическое программирование (НЛП), когда влияние оказывается на уровне психолингвистического действия. Говоря иначе, публицист, когда он пишет материал, сначала апробирует текст на себе, т.е. уточняет, ложатся ли слова, прежде всего, на его восприятие и сознание, как он того хотел бы, и только потом примеряет этот текст на аудиторию, на ее сознание.

Почему текст публициста воспринимают другие? Потому что человек общественное существо, и свое знание и слова он выработал в сообществе с другими. Сознание, знание, слова, понятия и т.д. есть единое для всех людей умственное, интеллектуальное пространство. И сознание, и любое слово – это плод совместного создания их множеством людей, всякое слово

всегда имеет общественный характер. Поэтому слова и понятия, которыми говорит публицист, известны другим. Отсюда можно сделать важный вывод о том, что произнесенные человеком слова являются общими для всех интерсловами, а отделенный от человека текст (например, написанное им на бумаге произведение) есть интертекст, потому что его понимают другие. Раз текст доступен многим людям одновременно, значит он есть интертекст, т.е. общепонятный межчеловеческий текст.

Не зря существует понятие черновика. Черновик публициста – прекрасная возможность проследить, как внутренний текст автора становится внешним интертекстом. Изучая черновик, исследователь пытается проникнуть в лабораторию мышления писателя через данную рукопись. Ведь черновик есть самая точная, прекрасная, удивительная лаборатория перехода текста в интертекст. Именно поэтому слова русского писателя Михаила Булгакова «рукописи не горят» стали такими популярными. Данное изречение означает, что выдающиеся произведения бессмертны, а творческая лаборатория писателя неисчерпаема. Таким образом, текст всегда интертекст, а идея, излагаемая с его помощью, всегда интеридея. Для того, чтобы идея была понята, она неизбежно должна быть доступной множеству людей, т.е. интеридеей. В то же время ясно, что без новой идеи не может быть нового произведения. Поэтому, касательно публицистического творчества, любое новое произведение должно содержать новую идею, тот или иной элемент новизны. Без новизны не может быть произведения, излагаемого впервые. Конечно, это будут известные идеи, но с элементами новизны, или, другими словами, сплетенные в новый публицистический текст.

Механизм появления интертекста. Индитекст и интертекст. Возникает вопрос – когда текст становится интертекстом, где начальный момент этого? Мы полагаем, что текст, который отошел от своего владельца, хозяина, родителя – в виде рукописи, устной речи и т.д. – и перешел к другому человеку, уже самим этим фактом перехода становится интертекстом. Это принципиально важный момент.

Поясним, как это происходит. То, что человек есть одновременно и физическое, и социальное существо – никем не оспаривается. Физическая сущность человека – это его физический, животный мир. Социальная сущность человека – это его духовный мир. И, будучи физически индивидом, т.е. человеком с личными телесными качествами, духовно он является интерчеловеком, диачеловеком, так как вне этой межчеловеческой сущности у него нет социальности, т.е. ни сознания, ни разума. Словом, человек физически индивидуален, а социально общественен. В результате этого человек есть одновременно с этим интерчеловек. Поэтому будет правильно, если мы скажем, что моментом порождения текста является отделения текста от автора, например, в виде его изложения на бумаге. Данный процесс и есть непосредственный момент появления интертекста. Публицист пишет так, чтобы его поняли другие. Для этого он отделяет текст от себя. Пока текст внутри него, он его, индивидуальный текст. Когда текст отходит от него, например, пишется на бумаге, первоначально он пребывает еще в родовых муках, т.к. исправляется, уточняется и т.д. Т.е., здесь он находится в процессе перехода от индивидуального текста к интертексту, это время его становления как интертекста. Поэтому порождение текста есть время перехода от индитекста к интертексту.

Таким образом, мы можем сказать, что публицистический текст всегда появляется перед читателем только как интертекст, потому что человек общественное существо. Текст есть интертекст по своей генетике, по своему происхождению, порождению. Человек не есть человек только как он сам, одновременно с этим он умственно и психологически отражает в своем сознании сознание другого человека. Другими словами, его сознание является общим, единым с сознанием остальных людей, потому что сознание имеет социальное происхождение. Поэтому, если физически он индивидуальный человек (индичеловек), то социально он есть общественное существо (интерчеловек).

Следующий этап нашего доказательства состоит в том, что вне интерчеловека не может быть интертекста, интертекст – это всегда продукт интерчеловека. Интертекст есть результат людских взаимосвязей между собой. Если текст есть порождение межчеловеческих отношений, то это означает, что он одновременно с этим есть интертекст. Интертекст – это текстовые отношения людей между собой. Таким образом, мы приводим еще одну новую классификацию текста. Есть

личный индивидуальный текст и есть интертекст, потому что нет текста вообще (текста как материала вне личности публициста и вне людей, знакомящихся с этим текстом). Текст может существовать только в виде индитекста, а, отчужденный от автора, только как интертекст. Других видов текста не существует. Любой внутренний текст есть индитекст, а любая рукописная или опубликованная вещь есть исключительно интертекст.

Постмодернисты об интертексте. Похоже, что все началось с русского ученого М.М.Бахтина (1895-1975). Он глубоко раскрыл природу диалога, т.е. явления, когда текст одного произведения диалогизирует с другими текстами, которые предшествуют ему во времени или существуют параллельно с ним. Мы можем добавить, что текст способствует также созданию текстов и после него, например, при интерпретации и разъяснении государственного гимна.

Одним из основных источников интертекстуальности как художественно-эстетического и познавательного понятия является теория полифоничности М.М.Бахтина, который выбрал для изложения своей оригинальной идеи весьма удачный объект – творчество Ф.М.Достоевского. Известно, что Ф.М.Достоевский является одним из наиболее ярких авторов с точки зрения диалектического изображения личностей своих героев. Все они находятся в постоянном смятении и поиске: студент Р.Раскольников, князь Л.Мышкин, братья Карамазовы. Они находятся, так сказать, в свободном, нелинейном жизненном тексте. Как известно, впервые Ю. Кристева употребила понятие интертекстуальности в 1967 г., что вызвало неоднозначную реакцию ученых и потребовалось личное вмешательство такого авторитетного ученого как Р. Барт, вставшего на защиту исследовательницы из Болгарии. Ю.Кристева писала: «…В данном случае недостаток строгости следует скорее рассматривать как открытие, впервые сделанное Бахтиным в области теории литературы: любой текст строится как мозаика цитаций, любой текст – это впитывание и трансформация какого-нибудь другого текста. Тем самым на место понятия интерсубъективности встает понятие интертекстуальности». [1, 427–457].

При постмодернизме текст как единственность и даже целостность, исчезает, растворяется в повседневном бытии. Все устойчивые элементы текста и модели пропадают. Текст как принцип исчезает, остаются фрагменты, совокупности цитат, кочующие образы. Текст, по мнению постмодернистов, не может быть общим понятием, потому что таких понятий вообще не существует в природе, это искусственно придумано философами. Текст может отражать только нечто единичное, конкретное. Вот что пишет один из основоположников постмодернизма Ролан Барт об общетекстовом характере любых сообщений: ««Все официальные языковые институты — это машины, постоянно пережевывающие одну и ту же жвачку; школа, спорт, реклама, массовая культура, песенная продукция, средства информации безостановочно воспроизводят одну и ту же структуру, один и тот же смысл, а бывает, что одни и те же слова: стереотип — это политический феномен, это само олицетворение идеологии» [2]. Одни и те же элементы – структура, смысл и слова – представляют собой элементы интертекста, повторяющиеся в новых сочетаниях и новых произведениях. Очень важно то, что постмодернизм появился в рамках литературоведения и только потом приобрел общефилософское и общеметодологическое направление.

Программная публицистичность интертекста. Постмодернисты повернули научно-художественные поиски в области гуманитарных наук от логической абстракции, в которую все впали после Канта и Гегеля, к действительности. В творчестве постмодернистов литературоведческое разъяснение реальной жизни стало преобладать над философским и политическим. По нашему мнению, в центре публицистического толкования жизни находится человек и окружающая его действительность, а говоря точнее – природа и общество. Действительность с природой и обществом в центре – вечный, универсальный общецивилизационный критерий любого искусства, любой формы деятельности. Пока существует человек, так оно и будет.

Говоря далее, можно отметить, что публичный характер любого текста носит всеобъемлющий характер и неизбежно является главенствующим и определяющим в нем. Публицистический текст, хотя он «территориально» находится, упрощенно говоря, между художественным и научным сочинением, насыщен чувствами не менее сильно, чем художественное произведение. Разница в том, что художественные чувства более эстетичны, тогда как публицистические более политичны. Поэтому мы считаем, что публицистика – это

эмоциональное отражение события, или, условно говоря, его эмоциональное зеркало. А эмоции у всех разные, поэтому произведения даже на одну и ту же тему получаются различными. Доказать это просто. Две статьи двух публицистов об одном и том же событии, например, об Арале, будет различным и это естественно для публицистики.

Интертекстуальность каракалпакских дастанов. Перейдем ко второму тезису. Мы считаем, что содержание всех без исключения каракалпакских народных дастанов является интертекстуальным. Перейдем к доказательству.

Несмотря на то, что об интертекстуальности первыми начали говорить постмодернисты (Ю. Кристева, 1967 г.), тем не менее, ее элементы (например, бродячие сюжеты или образы) рассматривались в теории литературы и публицистики уже давно. Так, авторы «Литературного энциклопедического словаря» пишут: «…Образ-архетип заключает в себе наиболее устойчивые и вездесущие «схемы» или «формулы» человеческого воображения, проявляющиеся как в мифологии, так и в искусстве на всех стадиях его исторического развития (в архаике, классике, искусстве современности). Пронизывая всю художественную литературу от ее мифологических истоков до современности, архетипы образуют постоянный фонд сюжетов и ситуаций, передающийся от писателя к писателю» [3]. Это подтверждает множество работ по литературоведению и публицистиковедению, написанных в разные периоды и годы.

Наглядным примером подобной интертекстуальности является содержание каракалпакских дастанов. Причем подобная интертекстуальность проявляется не только в пространстве, но и во времени. Относительно пространства можно заметить, что образы Алпомыша и Барчиной, Ашик Гариба и Шахсенем являются характерными не только для каракалпаков, но и для тюркских народов, живущих в другой местности. Относительно времени можно сказать, то эти образы уже несколько веков переходят от поколениям к поколению. Это наиболее очевидные, но не единственые элементы их интертекстуальности. Более глубокими и не менее сильными интертекстуальными архетипами дастанов служат степь и река, животные и птицы, деревья и трава, а также любовь к родной земле, ее защита от недругов, забота о родителях, преданность в дружбе, верность любимому, проявление уважения к гостю, бережное отношение к природе и т.д. Еще одним фактором их интертекстуальности является характерная для них многоавторность, т.к. это прямой шаг к обезличенности, общенародности текста.

Литературное содержание дастанов имеет как современное восприятие, так и исторически конкретные контексты – психологический, научный, бытовой, обрядовый и т.д. Несомненно, что литературный текст многих дастанов включает в себя элементы других текстов, что также усиливает их интертекстуальность. Поэтому устное словесное творчество – это тот эстетический магнит, который всегда притягивает к себе аудиторию. В конечном счете получается, что не событие организует текст, а текст организует событие. Дастан отражает событие, создавая тем самым ту реальность, которую видит сказитель. В результате в памяти аудитории остается тот текст, который создал исполнитель. Это особенно хорошо видно на расстоянии в несколько веков, когда первичный контекст появления каракалпакских дастанов давно забыт, а остались только классические тексты, по которым мы узнаем о событиях того времени.

Таким образом, для нас не представляет сомнения очевидная интертекстуальность каракалпакских дастанов. Все народные поэмы каракалпаков есть не что иное как интертексты. Другое дело, что специалистам в области исторической текстологии следует выяснить, когда и в каком виде они впервые были сложены, как постепенно менялось их содержание, кто в какое время и как их исполнял (исполнение сильнейшим образом влияло на их восприятие), кто были те жирау и бахши, которые их исполняли, как очередные поколения сказителей дополняли эти поэмы, как доводили их до массовой аудитории. В ответах на эти вопросы и кроются конкретные элементы интертекстуальности каракалпакских дастанов.

Заключение. Восприятие текста только как текста является узким и недостаточным для его должного осмысления. Текст становится полноценным понятием тогда, когда он воспринимается, понимается и осмысляется именно как интертекст. Текст наиболее соответствует психологическим особенностям человека, т.к. в нем органично сочетаются оба метода познания, две ипостаси, в которых непрерывно пребывает личность – чувственное и рациональное, логика и эмоции. Феномен текста связан с двумя взаимосвязанными процессами – изложением и

восприятием. И первое, и второе – сложнейшие процессы умственной работы: восприятия, понимания, памяти и т.д. Текст есть вместе с тем программа его воздействия на потребителей. Сам публицист есть первая и наиболее требовательная часть аудитории. В целом составление текста равно процессу нейролингвистического программирования. Поэтому необходимо глубже познавать взаимодействие текста и автора с одной стороны, с массовой аудиторией с другой, т.е. текстуально-творческий процесс воздействия на аудиторию. «В постмодернизме прослеживается идея конца времени, смерти бога, философа, субъекта, автора, текста, композитора. Ярчайшими представителями такого современного образа философского мышления являются Жак Деррида, Жиль Делёз, Мишель Фуко, Ролан Барт, Жан Бодрийяр, Жан-Франсуа Лиотар, Жак Лакан и другие» [4]. В отличие от них, наш общий вывод таков – текст не умирает, он переходит в интертекст, обладающий способностью бессмертия.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кристева, Ю. Бахтин, слово, диалог и роман / В книге: // Французская семиотика. От структурализма к постструктурализму. – М.: Прогресс, 2000. – С. 427–457. //

2. Барт Р. Удовольствие от текста. // Избранные работы: Семиотика: Поэтика: Пер. с фр. / Сост., общ. ред. и вступ. ст. Г. К. Косикова. — М.: Прогресс, 1989. – С. 495. // Взято: 20.03.18, 9:02).

3. Литературный энциклопедический словарь. Под общ. ред. В.М.Кожевникова, П.А.Николаева. Редкол.: Л.Г.Андреев, Н.И.Балашов, А.Г.Бочаров и др. – М.: Сов. энциклопедия, 1987. – 752 с.

4. http://www.bolshoyvopros.ru/questions/2383584-kakie-est-filosofy-postmodernisty.html, 22 мая 2018 г.

ӘОЖ 894.342:(-055.2)

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Махашова А.Б.
Ғылыми жетекші: Оралова Г.С.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлттық әдебиетімізде әйелдер бейнесінің жырлануы ауыз әдебиеті, көне түркі ескерткіштері мұраларынан бастау алып бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатырғандығы Абай шығармалары арқылы талданып көрсетілген. Ана тақырыбының әдебиетімізде орын алуы-уақыт талабынан туған қажеттілік. Сонымен қатар, әйел-аналарымыздың осы кезеңге дейін жүріп өткен жолы, ұлттық тәрбиенің берілуі, сол дәуірдің ұрпақ тәрбиелеудегі ұстанымдары, ұлттық идеяны суреттеудегі ақынның қаламгерлік шеберлігі талданған. Әйел-Ана тақырыбының кеше де бүгінде өзекті мәселе болып қалатындығы баяндалған.

Түйінді сөздер: философиялық иірім, отбасы этикасы, қоғамдық сана, мәдениет тарихы, ұлттық идея

Қай халықтың болмасын әдебиетінде өз заманының шындығын, келелі мәселелерін көтеретін өзекті тақырыптар болады. Әлемдік әдебиетте де біздің ұлттық әдебиетіміз де де әйел бейнесін сомдау, оны зерттеу мәселелері ешқашан назардан тыс қалған емес. Ұлттық әдебиеттану ғылымында да әйел табиғатының жан-дүниесі, ішкі иірімдері, сұлулығы, даналығы, әдеп пен адамгершілік қасиеттері, олардың нәзік те қайсар тұлғалары ерекше тақырып ретінде қалыптасты. Қазақ қыздарының бойына қазақ әйелінің ұлттық бейнесін,, аналар дәстүрінен келе жатырған әдептілікті бойларына дарытуды қаламгерлер шығармалары арқылы насихаттау қажетті деп білеміз.

Абайды ауызға алғанда, Абай шығармаларының философиялық иірімдеріне үңілгенде қазақ халқының өткен тарихы мен бүгінгі кезеңі жарқ етіп көз алдымызға келеді. Абай мұралары –

адамгершіліктің, имандылықтың, биік парасаттың асыл қазынасы. Ол өз халқының ғана емес, барша адамзатқа ортақ тұлға. Абай әлемінде халқының болмысы, жан азабы мен ой тереңдігі жатыр. Абай соқпаған, Абай жазбаған тақырып кемшін. Соның бірі - әйел бейнесі, жаратылысы, болмысы. Қоғамдағы беті ашық мәселелердің бірі - әйел мәселесі. Әйелді қоғамның тең мүшесі, әйелді адам ретінде бағалау Абай болмысының биік белесі. Оның шығармаларында әйел бейнесі біреуге ана, біреуге қарындас, біреуге сүйген жар ретінде түсіндіріледі.

Ұлттық әдебиетімізде әйелдер бейнесінің жырлануын көне жыр «Орхон», «Күлтегін» ескерткіштерінегі «Ұмай ана», «Оғыз қаған» дастанындағы «Айқаған» ана бейнелерінің сомдалуы түркі халықтары әдебиеттерінде бастама болып одан әрі исдам мәдениеті қанат жайған кезеңдерден бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатырғандығын байқаймыз.

Әйелге деген махаббат ақын өлеңдерінде адамгершілік тұғырдағы биіктікпен, терең әрі мәнді ойлармен қабысып жатады. Абай осы мәселені көтеруде де өзінің бұқарашыл, жаңашыл ақын екендігін танытты. Оның бұл мәселедегі шығармалары өз заманы үшін жаңалық болып саналады. Қазақ әйелінің басындағы ахуалды дәл Абай үлгісіндей (өлеңдеріндегі) идея, көркемдік шешіммен ешкім жазған емес. Әлем әдебиетіне ұлттық әдебиетіміздің қосылуына айырықша қызмет еткен ойшыл дана Абай өлеңдерінде де әйел болмысы, оның сұлулығымен қатар, адамгершілік, адамдық қасиеттері қоғамдық, әлеуметтік мәселелермен үндесіп сипатталады.

Ақынның 1896 жылы жазылған өлеңі «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында». Әрқайсысы 4 тармақ болатын 10 шумақтан тұрады. Өлең балладалық үлгімен басталады да әрі қарай бір оқиғаның төңірегінде ақын өз ойын өрбітеді. Өлеңде ақын феодалдық қоғам қазақ қыздарын қорлықта ұстап, сүймегенге зорлап қосқанын айта келе, бас бостандығын, махаббат жөніндегі өзінің көзқарасын танытады. Алтын сарай байлық пен дәулеттің бәрінен де бас бостандығын артық санаған ар тазалығы үшін күрескен қорлық өлімнен ерлік өлімді артық көрген қыз шешімін жақтайды.

«Етімді шал сипаған құрт жесін деп
Жартастан қыз құлапты терең суға»

Өлең тақырыбы: қазақ өмірінің шындығынан алынса да оған сол кезде Абай ден қойған орыстың демократтық реалистік әдебиетінің әсері байқалады. Өлеңнің идеясы мен шешімі А.Н.Островскийдің «Найзағай» мен оны талдаған Н.А.Добролюбовтың «Қараңғылық патшалығындағы жарық сәуле» атты сын мақаласындағы ойлармен үндеседі. Абай махаббатсыз жапа шеккен талай мұңлықтың көз жасын, зарын, екі ауыз өлеңге сыйдыруға тырысады. Жалған сезім, бейопа өмірді өлеңмен өрген ақын:

Ортасында бұлардың махаббат жоқ,
Тұсап қойып қашырар бұқа ма екен? – деген дөрекі сөздерге де барады. Алайда бұл көрініс сол қоғамның бұлтартпас шындығы болатын.

1899 жылы алғаш рет Санкт Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинаққа енген:

«Баяғыны іздеген қандай құрғыр», «Қатыным қалай демес ақсақал бай», «Дастархан мен қатынды мақтан көрсең» т.б. шығармалары әйел-ана тағдырына үлкен мән берген ақынның өзекжарды дүниелері. Қазақтың 11 буынды өлең үлгісімен жазылған осы өлеңдерде ақын қызды малға сатып, жасы үлкенге беруді тозған, күні өткен ғұрыптың кеселі деп ұғындырады.

Ақынның осы тақырыптағы тағы бір құнды дүниесі - «Әйелің – Медетқызы, аты - Өрім» шығармасы. Кейін табылған бұл өлең 1940 жылы ел аузынан жазылып алынған. Өлең 4 тармақтан тұрады. Замандасы Қайрақбай деген кісі әйел үстіне тағы да әйел алмақ ниетін айтқанда Қайрақбайдың ісі олақ, бойы салақ әйелін сынап қана қоймай құрдасына: «Бір боқты тағы бас та және сүрін» деп әжуалайды. Өлең астарында уытты зіл ғана емес, отбасының үлкен мәселесі бар. Бала-шағаңды шұбыртпа, жайыңа жүр деген ой жатады.

Абай қазақтың ескі салт-дәстүріндегі таңдамай, талғамай мал беріп алғанның бәрі «адал жар» болады деген пікірге қарсы ой айтады.

Кәрі, жас дәурені өткен тату емес,
Епке көнер, ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел

Мал беріп алғанымен қатын емес,- деп әйелдің басын еріксіз саудаға салу үлкен өкінішке ұрындыратынын, жүрек малға да күшке де көнбейтінін дәлелдейді. Жастар арасындағы пәк сезім, адал махаббат жөнінде де, «Сүйдім, күйдім» деп жалған сөзбен арудың ақ, пәк жүрегін алдаусырататын екіжүзді жігіттерден бойжеткен қыздың өз арын таза сақтауын қалаған Абай:

Құйрығы шаян, беті адам,
Байқамай сенбе құрбыға.
Жылмаңы сырты, іші арам,
Кез болар қайда сорлығы, - дейді.

Арды белге түйіп алып, алды-артына қарамайтын желікпе жастардың қылығына ызаланған ұлы ақын:

Ары кеткен алдағыш,
Мені-ақ алда, сөкпейін.
Балы тамған жас қамыс,
Ормасаңшы көктейін! – деп арамза, ойсыз жандарға лағнет айтады. Абай өз өлеңдерінде де, поэмасында да, қара сөздерінде де адалдыққа, талғампаздыққа, әйел абыройына үнемі тоқталып отырады. Ақын «Масғұт» поэмасында кейіпкерін мол дүниеге алаңдатпай, әйел қауымымен дос болуды меңзейді.

Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын шеше, қызы жоқ кімнің басы.
Хан Қаhар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы.
Тегінде адам басы сау бола ма?
Үйіңде тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?- дейді. Бұл Абай шығармаларындағы отбасы этикасы. Ер азаматтың орнын бағалай, қадірлей білетін әйел бейнесін сомдап қана қоймай, оның қаншалықты дәрежеде ер-азаматты қадірлеуі, қастерлеуі қажеттігін ұғындырады.

Абай – ару қыздар бейнесін де сүйсіне сипаттайды. Абай суреттеуіндегі қазақ қызы:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз, қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Сыртқы көркіне ішкі ой-сезімі, мінезі сай қор қызы іспеттес аруды ақын осылайша жырға қосып, оқырман жүрегіне жол табады.

Қазақ қыздарының теңсіздікте езіліп, сүйгеніне қосыла алмаған ауыр халін көре, сезіне білген ақын өз заманының ағымына наразылық білдіріп, бас бостандығы, еркіндігі үшін күрескен жастарды қолдады.

Ақын әйелді кемсітуге қарсы. Абай батыс пен шығыстың ұлы ақындарынан үлгі алып, өзі түйіндеген іргелі ойды қазақы қалыппен құбылтып, өз оқушысына ұғымды, қонымды етіп бере білді. Соның бір мысалы: Пушкиннің Татьянасын қазақ қыздарына үлгі етіп ұсынады. Ақын өз заманының өмір шындығын кейіпкерлер мен олардың мінездері, іс-әрекеті арқылы бейнелейді. Өмірде адам мінезінің қанша бір-біріне ұқсамайтын қырлары бар болса сол адамның рухани күйін жырлаушы ақын өлеңдері де бір-біріне ұқсамайтын көркемдігімен ерекшеленеді. Ақының қаламгерлік шеберлігі кейіпкер характерлерін шебер жасауынан, тартымды, нанымды суреттеуінен байқалады. Абайдан қалған сөз жоқ. Абай шығармаларында болмыс, тіршілік барлығы жан-жақты қамтылған. Абайдың еңбектерін оқыған сайын жаңа ой, жаңа толғаныс пайда болады. Абай қазақ әдебиетінде ғана емес әлемдік әдебиет пен қоғамдық сана, мәдениет тарихында ұлы тұлға болғандығының. бір айғағы ақынның өз шығармаларында сомдаған әйел бейнесі. Әйел – анаға деген құрметі, сезімі, махаббаты. Абай өлеңдерінің болмысынан қоғам дамуының, жаңа адам тәрбиелеудің үлгілерін, сезім шыншылдығын, ойлылықты іздеп таба аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы «Жазушы» 1986 ж.
2.Абай. Энциклопедия (Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев).– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995ж.

ӘОЖ 894.342:160.1

З.ҚАБДОЛОВ «АХАҢНЫҢ ӘДЕБИ ҚИСЫНДАРЫ»

Оразбек А.
Ғылыми жетекші: Оралова Г.С.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Әдебиеттен берілетін білімнің ең бастысы-әдебиет теориясы. Әдебиет теориясынан берілетін білімнің екі түрде бірі-әдебиет теориясының ұғымдары мен терминдері, екінші автордың стильдік ерекшелігі тұрғысынан талданатындығы баяндалып, әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы А.Байтұрсынов еңбектерінің маңыздылығы мен құндылығына баға берген сөз зергері З.Қабдоловтың «Ахаңның әдеби қисындары» мақаласына талдаулар жасалынған.

Түйінді сөздер: әдеби жанр, өлең ырғағы, поэтика, көсем сөз, шешен сөз, аңдату, рухани мәдениет

Қазақ әдебиетінің теориясын алғаш жазған ғалым А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» көп жылдар бойы қолданысқа енбеу себебінен қазақ халқының ұлттық әдебиеті туралы теориялық еңбек болмады делініп келді. Әдебиеттану ғылымы негізгі үш саладан: әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сынынан тұратынды десек, әдебиеттану ғылымының аталған салалары ішінде әдебиет теориясының орны ерекше. Әдебиет теориясы туралы ой-пікір, көзқарастар ерте заманнан қалыптасып, айтылады. Әдебиет теориясы туралы ең алғашқы үздік еңбек грек елінің философы Аристотельдің «Поэтика» атты еңбегі. Бұл еңбек әдеби-теориялық ой-пікірдің ең биігі саналды.

Ұлттық негіздегі әдебиет теориясының алғашқы толғамдары. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы», Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» еңбектерінде бастау алды. Осы аталған еңбектерден соң әдебиет мәселелерінде айрықша орны бар еңбек З.Қабдоловтың «Сөз өнері» еңбегі. Жоғары оқу орындарында әдебиет теориясын, әдебиеттану ғылымының негіздерін оқытудың басты әдіснамалық бағыттары ретінде З.Қабдоловтың зерттеу еңбектерінің маңызы ерекше. Оның әдебиеттану ғылымына қалдырған еңбектерінің айрықша құндылығы көркем әдебиеттің табиғатын, оның өмірмен жалғастығын, қазақ сөз өнерінің ұлттық сипат-ерекшелігін ғылыми тұрғыдан терең ашып берген теориялық қағидаларымен құнды. З.Қабдолов талантының бір қыры-оның зерттеушілігі екендігі анық танылады.

А.Байтұрсынұлының қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасаған ұлы өзгерістердің ұйытқысы болғаны баршаға мәлім. 1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану ғылымында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек саналады. А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына тікелей атсалысқан ғалым. 1990 жылы шілдеде Қазақстан Жазушылар одағы Ахмет Байтұрсынов шығармашылығына арнап ғылыми конференция өткізеді. Сонда М.Әуезов «қазақ халқының рухани көсемі» атаған Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» туралы ғалым З.Қабдолов баяндама жасаған. Сол еңбегіне ғалым 1995 жылы қайта қарап, 1996 жылғы «Көзқарас» атты жинағына енгізген (З.Қабдолов. Көзқарас. Алматы: Рауан, 1996, 67-88 беттер). Мұнда ғалым Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқышын» біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын өмірге келген Элладалық Аристотельдің «Поэтикасымен» салыстыра қарастырады. Бірін грек әдебиеттануының, екіншісін қазақ әдебиеттануының өз тұсындағы мінсіз «әліп-билері» ретінде жоғары бағалайды. Қазақ топырағына Ахмет әкелген әдебиеттің тегі мен түрі туралы терминдерді талдап қарап, «Әдебиет

танытқыштың» ең басты бағалы болатыны – әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығында» деген тұжырым жасайды.

Ғалым «Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қараған жөн» деп Ахмет ұсынған терминдерді жапатармағай жіпке тізе бермей таңдап, талғап, сосын талдау керек сонда ғана Ахметтен қалған термин атаулары іріктеліп, сұрыпталатынын ескертеді.

Мәселен «Шешен сөз» бен «Көсем сөз» терминдерін салыстыра қарап, түсінік береді. Ахмет «Бұлардың айырмасы–шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазбаша айтылады» деп «Шешен сөзді» бес мүшеген бөліп,:1) бастамасы, 2) ұсынбасы, 3) мазмұндамасы,4) қыздырмасы, 5) қорытпасы деген. Мұны З.Қабдолов «Мұның бәрі, стандарт-қолдан қалып қиып канон жасау. Қолдан «қалып» ұсынылған жердегі қисын қисық, қағида қасаң болады деп түсіндіреді. Ал «Көсем сөз» деп отырғаны –публицистикаға балама мұны қабылдауға болады деп дәлелдемелермен ойын негіздейді. ғалым бұл зерттеуінде А. Байтұрсынов сынды ұлттың рухани ұстазының әдебиеттану ғылымы саласындағы ұлы еңбегін жан-жақты талдау барысында ол ашқан жаңалық атаулының бәріне сүйсіне отырып, кей тұстарда таңданып, тамсанудан кілт кідіріп, басқаша толғанады. «Аристотель мен Ахаңның өз мезгілі мен мекенінде «мінсіз» көрінген осы қисындары мен қағидалары әдебиет туралы ғылымның бүгінгі деңгейінен қарағанда, шынын айтсақ сын көтермейді, - деп алады да ғалым, - онда қалайша мінсіз?»- деп өз сөзіне, өз пікіріне қарсы сұрақ қояды. Және «Гәп осы арада» дей келіп, соны қазақ әдебиеттануының үш саласында жасалған еңбектерді алға тарта отырып, өз пікірін дәлелдейді. «Біздің бұл пікіріміз, - дейді ол, - Ахаңды сынау үшін айтылып отырған жоқ. Ахаң өзінің әдеби қисындарын туғызып, тыңға түрен салған тұста қазақ қоғамындағы әдебиет туралы ұғым-түсініктің, жалпы эстетикалық ой-сананың дәрежесі қандай екенін аңғарту үшін айтылып отыр. Демек, Аристотельдің «Поэтикасын» қаншама әлемдік әдебиет теориясының басы дей тұрсақ та, біздің дәуіріміздегі әдеби қисындар Аристотель тұсындағы дәрежеден әлдеқайда ілгері кеткені секілді, Ахаңның әдеби қисындарын қаншама қазақ топырағындағы әдебиет теориясының басы дей тұрсақ та, біздің бүгінгі әдеби-теориялық таным-толғамдарымыз Ахаң тұсындағы деңгейден әлдеқайда биіктеп кеткенін мойындамасқа болмайды. Әйтпесе, біз қазіргі қазақ қоғамындағы көркемдік дамудың байыбына бара алмас едік». тұжырмын жасайды. Әдебиет танытқышта кіріспе орнына берілген «Аңдату» екі абзацпен берілген беташарда Ахмет ә дегеннен 4 түрлі термин 4 түрлі ұғым қалыптастырмақ болады деген. 1 (жаратынды нәрсе, 2 (жасалынды нәрсе, 3) тірнек өнері, 4) көрнек өнері

Адамзат тарихындағы материалдық (заттық) және рухани мәдениеттер салалары бойынша игерілген құндылықтарды ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов: «...тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, ...көркемшілік үшін көрнек өнері болады» [4, 340-341] – деп, көрнек өнерінің бес тарауын (сәулет, сымбат, кескін, әуез, сөз) атап көрсетеді. Ал, оның ақындық өнер хақында айтылған пікірі қазақ әдебиеті тарихының негізгі өзегі болып келе жатқан поэзияның ықпалды орнын айқын танытады: «Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) ақын тілі, 2) әншейін тіл. Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде сөзге айрықша өң берілгендіктен, лебіз өрнегі болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде, сөзге өзгеше өң берілмегендігінен, лебізсіз де жалаңаш болып шығады. Сондықтан алдыңғысы көрнекі лебіз деліп, соңғысы жалаң иә көсе лебіз болып айтылады» деген пікірлерін З.Қабдолов «Ахаң әр нәрсені өзгеден үлгі іздемей, немесе өзгені қайталамай, тек өзгеше ат қойып, айдар тағу әрекетінің өзі бұл ұғымдарға ғылыми сипат дарытатындығы» деп баға берген.

Қазіргі әдеби жанр мәселесінде қалыптасқан, әбден орныққан ғылыми тұжырымдардың табиғатына бойлай отырып ғалым «Қазіргі қазақ өлеңінің теориясы Ахаңсыз аттап баса алмайды» «Мәселен, осы зерттеуінде Айшықтаудың (фигураның) Арнау деген бір түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал, қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді». Міне, осы үш түрлі болып жіктелетін арнауларға З.Қабдоловтың «Сөз өнері» оқулығында анықтама беріледі. Осы ретте З.Қабдолов: «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де

(Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ешкім айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық» деген түсінік-пікірін қосады. Әдебиет сөзін А.Байтұрсынов «асыл сөз» деп атаса, З.Қабдолов «сөз өнері» дейді. Ахмет Байтұрсынов сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі, олар: 1. Ақылға. 2. Қиялға, 3. Көңілге. З.Қабдолов біріншіден, сезімге; екіншіден, бақылауға; үшіншіден,қиялға; төртіншіден, интуицияға; бесіншіден, өмірбаянға; алтыншыдан, парасатқа; жетіншіден, шеберлікке; сегізіншіден, шабытқа негізделеді деп қарастырған.

Сондай-ақ, Ахмет сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Ал көрнекілік дегенді Ахмет Байтұрсынов «өң берілген сөздер» деп түсіндіріп, тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жетуі үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш топқа бөлінеді: Көріктеу, Меңзеу, Әсерлеу. Бұл турасында З.Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде «Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де орасан қажет тәсіл – құбылту, яки троп – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп кейде тіпті перделеп таныту» дей келіп оның түрлерін атап көрсетеді. Аталған мақалада З.Қабдолов Ахмет ұсынған көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестір,дамыту, түйдектеу-осы терминдердің кейінгі әдебиет қисындарына негіз болғандығына тоқталған.

З.Қабдолов Қазақ өлеңінің құрылысын талдап жүйелегенде де өлеңнің ырғағын, ұйқасын, шумағы бейнелілігін әрлегенде Ахмет Байтұрсынов негіздеген атауларды пайдаланбайтын бірде бір зерттеуші жоқ екеніне көңіл аудартады. Ахмет Байтұрсыновтың қисындары әлемдік сөз өнерінің адамзатқа ортақ үлгісі мен үрдісінде жасалған дүниелер деген тұжырымға тоқталады. «Ахаң жоқтан бар жасап жатқан жоқ барды байытып, жалпы ұғымды нақты ұғымға көшіріп, оған ұлттық түр, халықтық сыр дарытқан» деп Ахмет Байтұрсынов қалыптастырған қисындарды дұрыс талдап қарау талабын байқатып, Ахмет еңбегінің болашақ әдебиеттану ғылымының биіктеріне баспалдақ бола беретіндігіне ғылыми бағамдар жасайды. Қорыта айтсақ, З.Қабдоловтың Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегіне жасаған талдаулары зерттеу мәдениетін сақтауымен, жүйелілігімен, тереңдігімен, салмақтылығымен даралана түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы: Санат, 2007.- 360 б.

2.Қабдолов З. Әуезов.- А.: Санат, 1997.- 352 б.

3.Қабдолов Зейнолла тағылымы. Өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар мен сұхбаттар, өлең жырлар. -А.: Қазақ университеті, 2007.-416 б.

ӘОЖ 159.947 (35)

ОТБАСЫНАН ТЫС ТӘРБИЕЛНГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛЬДЫ-ЕРІКТІК СФЕРАСЫН ДАМЫТУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Егенисова А.Қ[1]., Досжанов Б.А[2].

[1]Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

[2]«М.Тынышпаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі», Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада балалар үйіндегі тәрбиеленуші балалардың эмоциональды-еріктік сферасын дамыту проблемасы, балалардағы эмоциональды депривация, олармен жүргізілетін арнайы мамандардың жұмысы туралы баяндалады. Сонымен қатар, бұл проблеманы зерттеген ғалымдардың пікірлері, балалар үйінде тәрбиеленушілердің эмоциональды-ерікті сферасындағы ауытқушылықтар, оларды түзетіп, дамытатын әдістемелер, жаттығулар туралы сөз болады.

Түйінді сөздер: бала, эмоционалды-еріктік сфера, депривация, әдістеме, ауытқушылық, логопед, психолог, психика, интеллект, ақыл-ой.

Баланың тұлға ретінде қалыптасуына өмірінде «Ата-ана-бала» қарым-қатынас жүйесіне түспеуі қатты әсер етеді. Мінездерінде қырсықтық, бірбеткейлік сияқты жағымсыз қасиеттер ерте көріне бастайды. Бала толыққанды даму үшін ең алдымен оның махабатқа деген қажеттілігі қанағаттандырылуы қажет. Кейбіреулер оны туылғаннан пайда болатын қажеттілік десе, енді біреулер өмір сүру барысында қалыптасатын қажеттілік деп есептейді.

Осы қажеттіліктің қанағаттандырылмауы бала дамуының бұзылысына және эмоциялық депривацияның пайда болуына әкеліп соғады. Депривация – психология мен медицинада кең қолданылатын термин. Бұл термин ағылшынның «deprivation» сөзінен шыққан, қазақша мағынасы: өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігінің шектелуі немесе жойылуы. Эмоциялық депривация көбіне балалар үйінде тәрбиеленетіндер де ерекше байқалады. Депривацияның келесі түрі – сенсорлық депривация – яғни заттық ортаның болмауы және сезім мүшелері қоздырғыштараның жетіспеуі. Депривацияның бұл түрін де балалар үйінде тәрбиеленетіндерден кездестіреміз [1].

Депривация сонымен қатар тек балалар үйінде емес, отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларда да байқалады. Отбасында анасы болмаған жағдайда немесе баласына эмоциялық көңіл бөлмеген жағдайда аналық депривация туындайды. Психикалық күймен сипатталады. Аталған психикалық жағдай мінез-құлықтың өзгеруінен байқалады. Депривация механизмі баланың сыртқы орта адамдарымен қарым-қатынасының шектелуімен, баланың негізгі психикалық қажеттіліктерінің жеткіліксіз қанағаттандырылуымен байланысты. Сонда, психикалық депривация деген өмірлік жағдайлар нәтижесінде туындайтын нақты психикалық күй. Мұндай жағдай баланың негізгі қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға қолайлы мүмкіндіктері болмаған кезде туындайды.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиеленетін мекемелерде олармен жүргізілетін жеке-дара жұмыстарға, қарым-қатынасқа үлкен мән берілуде. Негізгі ауыртпашылық логопед, психолог, тәрбиешілерге жүктелуде. Дамуында терең артта қалушылығы бар балалар үшін жан-жақты сенсорлық әсер алатындай «сенсорлық бөлмелер» деген қолданылады. Педагогтар ересек балалардың табиғат, саябақ, музей тағы басқа демалыс орындарына барып дамуына жағдайларды барынша жасайды.

Соңғы уақытта балалар үйінде тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балаларда депривацияның түрліше формаларын байқауға болады. Бір жас пен 4 жасқа дейінге 462 баланың дамуына бақылау жүргізілген, нәтижесі төмендегідей. Олардың жүйке-психикалық дамулары төменгі деңгейде. Әсіресе екі жастағы балалар аналық депривация жағдайында екендігі анықталған. Үш жаста ғана сюжетті және рөлдік ойын белгілері қалыптасатындығы байқалады. Ал тіл дамуына келсек, тек сөзді айтуда емес, сөздік реакциялар яғни ойлаумен байланыста бола отырып кешеуілдеп дамыған.

Л.С. Выготский атап кеткен «сензитивті» кезең, яғни екінші жаста бұл балалар сенсорлы және тілдік дамуда өте артта қалушылық көрсетеді [2]. Балалар үйіндегі балалардың даму динамикасын бақылай отырып мынандай қорытынды жасауға болады: 4-5 айлық кезеңнің өзінде эмоция, көру, есту анализаторларының дамуында алғашқы ауытқуларды көруге болады. Ал 7-12 айлық кезеңінде тілдің дамуындағы дайындық кезеңдерінің терең артта қалушылығы көрінеді.

Алғаш туылғаннан анадан айрылу баланың қарым-қатынасқа тапшы, жұтаң болуына жеткізеді. Алғашқы бірінші жылы қалыптаспаған эмоционалды-іскерлік қарым-қатынас баланың тілінің дамуына кедергі болады, ал әрі қарай оның жеке басының қалыптасуына да өз зиянын тигізеді. Екі жастағы балаларда қозғалыс белсенділігі төмен болады, бұл бір жағы олардың сергектік күйлерін көп жағдайда «кедергі, барьер артында» өткізуімен де байланысты түсіндіріледі. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің мінез-құлқының қалыптасуы да түрлі ауытқулармен көрінеді. Олардың көпшілігіне қатты қозғыштық тән: олар ұзақ уақытқа дейін ұйықтай алмайды, мазасыз ұйықтайды. Оларға ұйықтарда аналық жылылық, жылу сөздері, бесік жыры, ертегі айту жетіспейді. Ұйықтар алдында жалғыздан-жалғыз қалғандықтан, олардың көбісі саусақтарын сорады, тербеледі де ұйықтайды.

Балалар үйіндегі басты мән берілу керек нәрсе олардың әлеуметтендірілу мәселесі. Күнделікті қалыптасып кеткен стереотиптілік қатты әсер етеді. Мысалы, 1 жас 6 ай мен 3 жасқа дейінгі балалар тобында тәрбиеші серуеннен қайтарда бір күні күнделікті тәсілмен емес, ерекше

түрде басқаша тәсілді ұсынғанда, олар қатты қарсылық көрсеткен мінез-құлықтың стереотиптілігі тілдің дамуына теріс әсер етеді.

Мысалы, тіпті ересек топтың өзінде баланы киіндіруге көмектескенде «рахмет» деуді бала «қайдағы рахмет? Оны анау кезде айту керек!», - деп тамақ столын көрсетеді. Жеке адамның дамып-қалыптасуы, өзін ұжымда ұстауы, өзіндің «мен» сезімінің байқалуы – балалар үйінде жүргізілетін басты жұмыстардың бірі.

Сүйікті болу, көзге түсу – осы балалардың басты құндылығы. Өзін-өзі бағалау мен өзгелердің бағасы тестісінің нәтижелері («Саты») балаларға ең алдымен ойыншық немесе тамақпен бөліскен бала ұнайтындығын көрсетеді. Ал, бірақ өз «сатыларын» балалар жиі жағдайда таба алмайды, себебі олар өздерін көптің ішінен ерекшелеп бөле алмайды және өздерін бағалай алмайды. Балалар үйіндегі балалардың көңіл-күйлері жиі ауыспалы, сезімдері тұрақсыз, бастан кешулер ауқымы шектеулі, ересектермен қарым-қатынаста қиындықтар, эмоционалды күйзелістерге толы болады.Балалар үйлерінің берген мәліметтеріне орай 90%-ға жуық балалар психофизикалық дамуда артта қалады. Барлық тәрбиеленушілердің барлығы дерлік психомоторлы және тілдік дамуда артта қалады. Себебі, олардың көбісі емханадан келіп балалар үйлеріне қабылданады. Емханада олар психологиялық энцефалопатия, ми қан айналымының бұзылуы, туа берілген аурулармен емделеді. Әрі қарай оларға ақыл-ой дамуы артта қалған немесе психикалық дамуы кеш дамыған деп диагноз қойылады.

Осылайша, балалар үйіне қарағанда, қандай да болса, яғни қолайсыз отбасының өзі жас нәресте, бала үшін жақсы орта болады.Дене және ақыл-ойы дамуының артта қалуы ол балалардың эмоционалды-еріктік және мінез-құлық кемістіктерімен толықтырылып, дамуын тағы да кешеуілдетеді. Бұған осы балалардың мемлекеттік мекемелерде тәрбиелену жүйесінің барлығы, яғни бір балалар мекемесінен екіншісіне жиі ауысу көп әсер етеді. Бұл олар 3-4 жасқа келгенде орын алады, яғни сәбилер үйінен балалар үйлеріне және 7 жастарында мектеп-интернатқа ауысқанда болатын жағдай. Эмоциялық және сенсорлы депривация жағдайындағы балалардың психомоторлы дамуында да ауытқулар, артта қалушылықтар болады. Жалпы танымдық белсенділігінде баяулық байқалады. Бұл балалар материалды қиын меңгерді, олар әрдайым үлкендердің бағалауын күтіп жүреді. Ойлау процестерінің дамуында бірталай өзгерістер байқалады: олардың жалпылау және классификациялау қабілеттері синкретті сипатта болады.

Шет елдік әдебиеттерде баланың жеке басының қасиеттерін гипоталамус, ретикулярлық формация тағы басқаларының іс-әрекеттерімен байланыста қарайды. Ұлы Отандық генетик, әрі биологтар А.Н. Северцов пен Н.П. Дубининдер адам психикасының қасиеттерін ерекше «әлеуметтік тұқым қуалау» яғни онтогенезде тәрбиелеу арқылы қалыптастыруға болады дейді. Олар бұны генетикалық мәліметтерге қарап, соның негізінде қорытындылайды. Сонда, бала адамзат тәжірибесін заттық іс-әрекеттерді, сөйлеу, рөлдік ойындар арқылы және оқыту процесінде игереді дейді.

Сабақ үстінде бұл балалардың жұмысқа қабілеттіліктері ереже бойынша, төмен, және интеллектігі көбірек ауырлық түссе, соғұрлым жұмысқа қабілеттілік төмендейді. Ал, механикалық, бірсыдырғы жұмыс оларды аз шаршатады. Психикасы бұзылған балалардың ойлауын жетілдіру мақсатында мына, яғни Л.С. Выготский ұсынған мақалдардың ауыспалы мағынасы мен метафараларды түсіну әдісін қолдануға болады [2].

Ал, В.М. Бехтерев, В.М. Осиповтар ассоциативті эксперименттi ұсынған. Балалар сөздерді мысалға келтіре отырып, сол арқылы сөздік қорлары туралы, аурулары жөнінде мәліметтер алуға болады [3]. Классик ғалым ғалым Л.С. Выготский баланың ақыл-ойы дамуының екі деңгейі жайлы былай дейді: «Психолог – даму қалпын бағалауда пісіп-жетілген ғана емес, пісіп жетіліп келе жатқан функцияларды да ескеруі тиіс. Тек қана өзекті деңгейді емес, әрі жақын даму аумағын да ескергені абзал. Яғни, тек қана өзекті деңгейді оқып қоймай, бала дамуының мүмкіндіктерін зерттеу өте маңызды [2].

Жанұядан тыс тәрбиеленген балалардың (балалар үйінде және интернатта тәрбиеленушілер) дамуы жайында көптеген манандар кейбір мүгедектің түрінің сапасы ретінде байланыстырып қарастырады. Баланың жанұялық ортасының атмосферасы жеке адамның өсіп-дамуы сапасын анықтайды. Ғалымдардың зерттеуінің қорытындысы бойынша жетімдердің

психологиялық ерекшелігі жай ғана жағдай емес. Психикалық дамудың тежелуін ғана авторлар талдап қана қоймай, сонымен бірге баланың мінез-құлық дамуының сапасын қарастырған. Баланың психикасының дамуына, жеке адам болып қалыптасуына оның біріккен ортасы үлкен ықпал етеді. Сол сияқты балалар үйінде тәрбиеленушілер де ортақ бір өмір сүру ортасын құрайды. Демек, жанұяда тәрбиеленген балалар өз қоршаған ортасында туыстық бауырмашылық сезімін туындатып үлкендермен және кішілермен қарым-қатынасын орынды жұмсап отырады. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің үлкендермен қарым-қатынасы, өмірлік қабылдауы және мінез-құлқының қалыптасуы институционалды болып келеді, яғни сертті дәрежесінде түсіндірілген.

Яғни, балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық сипатының жалпы беталысы мынадай: олардың эмоцианалдық фоны тіпті кедей. Бұл мекемеде тәрбиеленушілер қоршаған орта талаптарына бейімделуі тиіс. Бұндай жетімхана секілді мекемелерінде балаларды тәрбиелеу және басқа да өмірлік тәжірибелерді баланың ерікті-эмоционалды дамымауына әкеп соқтырады. Осы тұрғыда И.А.Залысина, балалар үйінде тәрбиеленушілер мен жанұяда тәрбиеленуші балалардың уайымдау қажеттілігін салыстырмалы түрде зерттеген. Соның нәтижесінде мектепке дейінгі балалардың қоршаған ортадағы адамдарға уайым сезімін тудыруға қабілетті емес екенін дәлелдеген. Көбінесе олар басқа адамның сезіміне жауап беруде туындайтын реактивті уайымдау олар үшін бөтенсу сезімін тудырады. Ал И.А. Залысиның эксперименталды зерттеуінде жанұядағы балалардың тек ересектердің сезімін іздеп қана емес, сонымен қатар олармен серіктес ретінде өз сезімдерін белсенді бөлісіп отырады. Уайымдау мен сезімді білдіруді дамытудың қажеттілігі балалық шақтан-ақ қалыптасып ересек кезеңде дамыған қалыпта болады. Осындай бала мен ересектердің өзара қарым-қатынасын қажеттендіру үшін баланы ересек адамның алдында еркін ұстай алатындай, ойын ашып айта алатындай, сезімін толық жеткізе алатындай жағдай туғызу қажет. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілер өздерінің бағасын жеткізе алмайды, олардың өз пікірі болғанымен де ересектердің пікіріне сүйенеді. Сондықтан да бұндай балалардың сезімін ашу үшін оларға жылы мереймен қарау қажет.

Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің дамуы жайындағы алғашқы психологиялық зерттеулер ХХ ғасырдың 20-жылдарында қарастырылған. Бұл жылдары психоаналитикалық теориялардың ықпалымен психология ғылымында көптеген сенімдер талқыланды. Яғни, бұл бала өміріндегі кездесетін жеке адам болып қалыптасу мәселелері болып табылады. Бәрінене де бұл балалар үйінде тәрбиеленушілердің эмоциясының (негативті) кері дамуы ана мен байланысының аздығынан туындайды[4]. Демек, баланың жағымды эмоциясының дамуына ананың балаға деген қатынасы үлкен ықпал етеді. Сондықтан, ана мен бала арасында қатынастың аздығынан немесе жоқтығынан эмоционалды психологиялық мәселелердің туындауы ғажап емес.

Жетімханадағы балаларды эмоционалды өмірінің толықсыздығы олардың әртүрлі психикалық тежелулер мен әлеуметтік бейімделудің бұзылуына әкеп соқтырады. Мұндай жағдайда жатақханадағы балалардың эмоционалдық жағдайының тым жоғары немесе тым төмен болуы мен қатар, қоғамдық ортада өзін тым жоғары немесе тым төмен түсіріп жіберуін көрсетеді. Өзін-өзі қатты сүю жеке адамның психикалық дамымауының белгісі болып табылады.Сондықтан да бұл жағдайда да эмоционалды, ерікті, тілдік қимыл-қозғалыстың сонымен қатар әлеуметтік жетіспеушілік мәселелері туындайды. Содан ақыл-ойының кемістігі көрініп, танымдық процестерінің дамымағандығы анық байқалады. Сондықтан да олар өз ой пікірінен айырылып басқаның пікірімен жүреді. Сондай жағдайларға байланысты балалардың мінез-құлқы мен эмоциналды дамуының ерекшеліктерін атап көрсетпес бұрын, олардың эмоционалды дамуын мына әдістемелер арқылы анықтап алуға болады. Мысалы, Люшер тестісі, «Үй, ағаш, адам» т.б бұл әдістемелердің көмегімен эмоционалдық депривацияның, дисстрестің, түзету нұсқасын табуымызға болады. Сонымен қатар эмоция және сана деңгейіндегі жалпы адамдық құндылықтарды анықтауға мүмкіндік туады.

Балалар үйіндегі психолог жұмысының формасы (диагностика, коррекция, профилактика) – қарапайым жалпы білім беретін мектептерде қолданылатын стандартты терім болып табылады. Алайда әдістемелерді таңдауда балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық ерекшеліктеріне байқап әсер етуге тура келеді. Әсіресе ол (коррекциялық) түзету-дамыту жұмыстарына байланысты болып келеді. Жетім балалармен жұмыс жасауда оларға сәйкес әдістемелерді табу қиынға соғады. Отбасында тәрбиеленген балаларға қатысты іс-тәжірибелік

зерттеулер педагогикалық жіберіліп қойған балаларға көбінесе сәйкес келе бермейді. Өйткені олар кейбір ойын, жаттығудың мағынасын түсіне бермей, олардың шешу жолдары қиынға соғады. Бірақ та интеллектке қатысты тапсырмалар көбінесе баланың ойлау, ес, сөйлеу, зейінінің дамытуға мүмкіндік беоеді. Кей жағдайларда мұндай тапсырмаларды шешу барысындағы баланың көңіл-күйінің өзгеруі, тежелуі, қорқыныш, үрей, уайымдаудың туындау бала психикасының дамуын тежеп отырады [5].

Сондықтан да әдістемелерді қолданудың ең тиімді жолы ол арт-терапия (ертегі терапия) ертек терапиялық, құм терапиысы әдістемелерді қолдану болып табылады. Сонымен бірге балаларға сурет, коллаж, пластинкамен бейне құрау, сөйлем құрау жаттығулары балалардың вербальді және вербальды емес интеллектісін дамытады. Яғни бұл әдістемелер арқылы баланың жеке ерекшелігі мен «мен» қасиетін анықтауымызға болады.

Өзіне-өзі дұрыс баға беруді үйрену үшін бала алдымен өзге адамдарды, сырттай қарап тұрып, бақылай білуі керек. Ал мұның бірден бола қоймайтынын біз білеміз. Бұл кезеңде бала өзінің құрдастарына баға бергенде, олар жөнінде үлкендер айтқан пікірді жай ғана қайталайды. Өзін-өзі бағалауда да осылай болады («Мен жақсымын, өйткені апам солай дейді»).

Баланың өзге адамдарды, олардың қылықтары мен қасиеттерін өздерінше бағалау бастапқыда оның осы адамдарға деген қарым–қатынасына байланысты. Бұл әсіресе, әңгімелер мен ертегілердің кейіпкерлерін бағалаудан көрінеді. «Жақсы», ұнамды кейіпкердің кез келген қылығы жақсы, ал «жаман» кейіперлер қылығы жаман бағаланады. Бірақ біртіндеп кейіпкерлердің қылықтары мен қасиеттерін бағалау оларға деген жалпы көзқарастан бөлектенеді, осы қылықтар мен қасиеттер жағдайды және оның мәнін түсінудің негізінде құрыла бастайды. «Үйшік» деген ертегіні тыңдағаннан кейін сұрақтарға жауап береді: «Аюдың қылығы жақсы ма, жаман ба?» - «Жаман». - «Ол неге жаман?» - «Өйткені ол үйшікті қиратып тастады». - «Аю саған ұнай ма, жоқ па?» - «Ұнайды. Мен аюларда ұнатамын» [6].

Қорыта айтқанда, балалар үйінде тәрбиеленушілердің эмоциональды-еріктік сфрасын және қарым – қатынас дағдыларын дамыту ойындары және жаттығуларын жүргізуге болады. Атап айтсақ:

1. «Өзіңді ата».

Мақсаты: Өзін құрбы – құрдастар ұжымына таныстыру.

Барысы: Балаға өзін таныстыру ұсынылады, өзінің атын айту, оны оған қалай атаған ұнайды, үйде қалай атайды немесе топта қалай атағанын қалайтынын айту керек.

2. «Еркелетіп шақыр».

Мақсаты: Балалардың бір – біріне тілектестік қарым – қатынасын тәрбиелеу.

Барысы: Баланың жақсы көретін құрбысына (тілегі бойынша), оны еркелетіп атап, допты лақтыру немесе ойыншықты беруі қажет.

3. «Сиқырлы орындық».

Мақсаты: Мейірімді болуға тәрбиелеу, балалар тілінде жылы мейірімді сөздерді көбірек қолдануға үйрету.

Барысы: Бір бала ортадағы «сиқырлы» орындыққа отырады, қалғандары ол туралы мейірімді, жылы сөздер, комплименттер айтады. Отырған баланы сипауға, құшақтауға, сүюге болады.

4. «Сезімдердің берілуі».

Мақсаты: Вербальды емес тәсілмен (сөйлемей) әртүрлі эмоциональды жағдайларды беруді үйрету.

Барысы: Балаға «тізбек бойынша» белгілі бір сезімді мимика, жест қимылдары т.б. арқылы көрсетуге тапсырма беріледі. Одан соң балалар не сезінгенін ортаға салады.

Сонымен, балалар үйінде тәрбиеленушілердің еріктік-эмоциялық сферасын дамытуда жоғарыда берілген әдістемелерді, жаттығуларды және тапсырмаларды дұрыс, жүйелі жүргізсек жақсы нәтижелерге жетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ауренова М.Д. Жеткіншектер қарым-қатынасы: балалар үйі жағдайында. Монография. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012.-130б.
2. Выготский Л. С. Мышление и речь. 2014г. 570с.
3. Бехтерев В. М. Вопросы воспитания в возрасте первого детства. 2017г. 61с.
4. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 2013 – 464 с.
5. Дүйсенова Ж.Қ., Нығметова Қ.Н. Балалар психологиясы. Оқулық. Алматы:ТОО «Полиграфкомбинат», 2013.-300б.
6. Умнякова Н.П. Как сделать дом теплым. - М.: Стройиздат, 1996. - 183с.

ӘОЖ 82-131

ТАРИХИ РОМАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН СУРЕТКЕРЛІК ОЙ

Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Андатпа. Әдебиет – халық өмірінің идеялық-эстетикалық айнасы десек, оның ілгерілеуі, өсуі халықтың өткеніне көркемдік байыптау, қорытындылар жасау арқылы болады. Қазіргі заман мен өткен уақыттың байланысы, сабақтастығы тарихи тақырыпты игеру нәтижесінде ғана мүмкін болады.

Мақалада өлкемізден шыққан көрнекті жазушы М.Әбдіхалықовтың тұтас бір дәуірдегі халық тағдырын суреттеген, көркемдік пен тарихи шындықты шебер үйлестірген, көркем әдебиет талаптарына толық жауап бере алатын кесек туындысы «Сүйінғара» романындағы өлкедегі XYIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басындағы тарихи жағдайлар, сол кезең адамдарының, тарихи тұлғалардың сезімдері мен толғаныстарын беру тәсілдері, сюжет құру, баяндау үлгілерін табудағы даралығы, ұлттық рух, суреткерлік пайымы жан- жақты көрсетіледі

Түйінді сөздер: роман, азаттық, жанр, суреткерлік шеберлік, поэтика, теңеу, ауыстыру, ұлттық рух, таным

Тарихи шығармаларда бүгінгі рухани тіршілігімізге қатысты көп мәселелердің қамтылуы оның танымдық рөлінің өте зор екендігін айқындайды. Бұл орайда тарихи тақырыптың қазақ әдебиетіндегі туып, қалыптасу, орнығу үлгісін танытатын алғашқы туындыларды, яғни Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқановтардың тарихи шығармаларын айтпағанның өзінде І.Есенберлиннің “Көшпенділер”, “Алтын Орда”, Ә. Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі”, “Жаушы”, Ә.Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры”, “Елең-алаң”, М.Мағауиннің “Аласапыран”, С. Сматаевтың “Елім-ай”, Қ.Жұмаділовтің “Дарабоз” т.б. романдарын өткенді айта отырып оны бүгінгі өмірмен байланыстыра көрсеткен, уақыт рухы көрінетін шығармалар ретінде танимыз, бағалаймыз.

Қазақ халқының XV ғасырдан бергі тарихы жайлы жаңа романдар (“Алмас қылыш”, “Жанталас”) жазған Ілияс Есенберлин кейін “Қаһарды” осы серияның үшінші кітабы етіп қосты. Бәрі бірігіп “Көшпенділер” трилогиясын құрады.

Мұхтар Мағауиннің “Аласапыран” (1981-1983) атты екі томдық романы Қазақ-Ресей қарым-қатынастарының басталуы мен күрделі жағдайда өрістеуін суреттейтін үлкен бір көлемді шығарма болды. Роман XVI ғасырдың аяғы, XVII ғасырдың бас кезіндегі қазақ ордасы мен Ресей мемлекеті арасындағы қарым-қатынас тарихын қозғайды. Көрші елдердің құрметті адамдарын қолға ұстап, сол арқылы қарым-қатынасты жөндеу, біртіндеп бағындыру сол тұстағы Ресей саясаты болғаны да анық көрінеді. Қазақ-орыс қарым-қатынасының кейінгі тарихын (XVIII-XIX ғасырлар) Ә.Кекілбаев жазды. Оның “Үркер” (1981), “Елең-алаң” (1984) романдары Қазақстанның Ресей құрамына кіруі мен содан кейінгі алғашқы дәуірдің күрделі қарым-қатынасын суреттейді.

Роман оқиғасында қазақ делегациясының Петербургке баруы, Орынбор экспедициясының құрылуы мен қазақ даласына сапары, Ор өзені бойында бекініс салу, Татищев пен Әбілқайырдың кездесуі, Әбілқайырдың бодандыққа беріктігіне қайтадан ант беруі сияқты жайлар қамтылған.

Қазақ тарихының кейбір мәселелері Ә.Әлімжановтың "Махамбеттің жебесі" (1969ж), "Ұстаздың қайтып оралуы" (1978ж) романдарында да көрініс тапқан. Жазушы "Махамбеттің жебесі" романында қазақтың ғасырлар бойғы арыла алмай келе жатқан рушылдық дертін, алауыздығын талдайды. Махамбеттей ұлы ақынның да қаза болуына себепші болған осы мінез екеніне назар аударады.

Қазақ халқының ұлттық ой-санасының жүдеп бара жатқанын көрген зиялы азаматтар алпысыншы-жетпісінші жылдардан бастап ұлттық сананы оятып, тәрбиелеуге көркем әдебиетті пайдалану мақсатын қойған еді. Ол үшін М.Әуезов негізін салған тарихи роман дәстүрін жалғастыру керек болды. Бұл алғаш "жылымық" жылдарынан жайлап басталып, одан әрі аса сақтықпен дамыды. Қазақ тарихының әрқилы беттері жаңаша бедерленіп, көркем бейнелеуге ие бола бастады. Халықтың өткен тарих пен оның негізгі оқиғалары, ел болу дәстүрі, бостандық, азаттық идеяларының таралуы, сол бір кездерде ел басқарған, ел намысын қорғаған батырлар, азамат ерлер жайында білуге құмарлығы арта түсті.

"Жетпісінші жылдардың бер жағында қазақ тарихына арналған романдар легі туды... Ел бастаған, оның мүддесін жоғары қойып, жорықтарға өздері бастап шыққан батыр ел билеушілерді, халықтың даналығын бойына жиған шешендер мен көсемдердің неше алуан бейнесін тарих шындығына сүйеніп ашты. Қазақтың тарихи әдебиеті халықтың өзін тануына, оның тарихтағы орнын түсінуіне үлкен көмек жасады" [1, 25 б.], – дейді зерттеуші- ғалым С. Қирабаев.

Ұлттық идеяның ең басты тірегі – тәуелсіздік, еркіндік. Ол тәуелсіздік идеясы қазақ халқының өткен ғасырлардағы азаттық жолындағы күресі – жетпісінші-сексенінші жылдар прозасында қаламгерлеріміздің кең арналы ойларын айтып көркемдік шешімдерге келуіне тың серпін жасады.

Жазушы Маршал Әбдіхалықовтың сексенінші жылдары жазылған "Сүйінғара" [1981ж] романы да өткен ғасырлар тарихи шындығын суреттеп, халқымыздың азаттық жолындағы сан тарапты күрес-тартысының қырларын ашады "Сүйінғара" романы – XYIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы еліміздің батыс өңірі Маңғыстаудағы қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдайды сипаттайтын сюжеттік-композициялық өрнегі жымдаса құрылған идеялық мазмұны жоғары, көтерген тақырыбы терең шығарма.

Романның тақырыбы – осы кезеңдегі қазақ батырларының бірінен саналатын тарихи тұлға Сүйінғара Үргенішбайұлының жер мен елін қорғаудағы ерлік істері, Маңғыстау үшін Ресей мен Хиуа хандығы арасындағы күрес мәселелері. Қиянат пен зорлықтардың шектен асуы, салық түрлерінің көбеюі, елдің сол кездегі көсемі, сол тұстағы халықты біріктіре алатын аса абыройлы тұлға Сүйінқара батырдың елі мен жерінің тәуелсіздігі үшін намысын жанып, ызасын туғызады. Сүйінғара Үргенішбайұлы жалпы қазақ даласындағы ұлт азаттығы үшін болып жатқан оқиғаларға ат салысты. Исатай-Махамбет қозғалысын ақырына дейін қолдап, ағалық ақыл-кеңесін беріп отырған тарихи тұлға.

"Адамды заман билейді.

Бұл туралы кім болса да ойланатын шығар. Тіпті ойланбағандар болса да, осы сөзді ара-тұра естігенде ақиқат сипаты мол ұғымды іштей мақұлдайды.

М. Әбдіхалықовтың "Сүйінғара" романын жазу барысында осы ойлардың қамауында болғаны көрініп тұр. Роман тақырыбы өте күрделі. Жері кең болғанмен, адамы сиректеу, аңқаулау көрінетін Маңғыстау түбегіне көз тіккен Ресей, Англия, Хиуа мемлекеттері саясатының шиеленісе бастаған уақыты. Ағылшындар Хиуа ханы арқылы қазақ жеріне, сол арқылы Кавказ елдеріне көз тігіп отырса, орыстар Маңғыстау арқылы Орта Азияға, одан Индия, Қытай байлықтарынан дәмелі. Осы алпауыттар арбасуының аясына айналған қазақ елінің жай-күйі, бостандық, азаттық туралы арман, әрекеттері суреттеледі. Роман жарық көрген жылдар Кеңес үкіметінің ұлт-азаттық идеялардан қатты үрейленетін кезі. Мұның барлығын М. Әбдіхалықов өте жақсы білді. Қаламгер шығармашылығының үлкен бір белесі "Сүйінғара" романы – осындай ахуалды уақыттағы ойларды жазған үкілі еңбегі. [2, 5б.], – дейді роман жөнінде ой толғаған әдебиет зерттеушісі З.Бисенғали.

XYIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Маңғыстауда өте күрделі қоғамдық-саяси жағдай қалыптасты. Бұл кезде Ресей империясының Орта Азияға біртіндеп еніп жатқан, бірақ толық билік орната қоймаған уақыты еді. Қазақ руларының басым бөлігі Ресей империясының бодандығын мойындап қалса да, Сүйінғара батырдың қол астындағы Маңғыстауды мекендеген рулардың әлі де басыбайлы бодандыққа өте қоймаған кезі. Сүйінғара Үргенішбайұлының сол кездегі іс-әрекетін тарихи жағынан пайымдасақ, ол уақыттың талабына, қоғамдық-саяси жағдайға орай әрекет еткендігіне көзіміз жетеді. Бұл жерді мекендеген елді жау шапқынынан қорғау ғана емес, күнделікті тұрмыс, қоныс, азық-түлік, жер-су жағдайлары сол кездегі өте күрделі мәселелер болатын.

Сүйінғара батыр екі жақтан қыспаққа қалады. Солтүстіктен алып Ресей империясы бүйірлей енуге әрекет етсе, оңтүстігінде көршілес мекендеген Хиуа хандығы қысымшылығынан жергілікті адай рулары қатты зардап шекті. Хиуа хандығы Сыр бойына бекіністерін салуын салғанымен, Маңғыстауға өз билігін жүргізе алмады. Тек көктем, күз айларында Хиуаға мал айдап, өнімдерін саудаға шығарған кезде ғана Хиуа ханы белгілеген алым-салықтарды төлеуге мәжбүр болып отырды.

“Маңғыстауды орыстар иелене бастаған кезде, Адайлар ханға зекет төлеуден бас тартты. Ашуланған Хиуа хандығы Адайлар сатқан малдарға салықты бұрынғыдан да ұлғайтып жіберді. Тіпті адайлардың керуендерін тоқтатып, сауда-саттықты доғарып тастады” [3, 19б.], – дейді тарихшы ғалым М.Тұрсынова. Бұл кезде, яғни XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Ресей империясының қазақ руларына толық билігі орнағанымен, Маңғыстауды мекендеген Адай рулары өз дербестігін сақтауға тырысты. Сондықтан патшалық Ресейдің жазалаушы отрядтарының шапқыншылығына жиі ұшырап отырды. Әсіресе, маңғыстаулықтарға патша үкіметінің Орынбордағы үкімдерінің тізесі қатты батты. Басқыншыларға қарсы көтеріліп, қарсы жасақ құрып күреске шыққан елдің сол кездегі көсемдерінің бірі Сүйінғара батыр болатын, сол тұста халықты біріктіре алған аса абыройлы тұлға еді.

“Әр әріптің бетіне үрке қарап, дүрбісін оңды-солды салып отырған цензуралы заманда Сүйінғара сынды өмірі өте күрделі болған ердің, жұртының тағдыры талқыға түскенде шауып жүріп жорға салатындай би-шешеннің, бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы Хорезм жұртының, Мерв, Балқан бойындағы іргелі елдің құқайына, ағайын қадамын аштыртпаған қол бастаған батырлар ордасының санаулы сырттаны, азуы қатты арыстанының атын атап, атқарған тарихи миссиясын бүркеп, бүркемей роман жазу оңай емес-ті. Бірақ, Мәкең аталған романын жазды. Бұл Маңғыстау елінің берісі алпыс жылдық өміріндегі аламанды тірлігіне, оның Сүйінғара батырына қойған қаламгер ұрпағының ескерткіші болатын [4], – деген Ж.Тілепов тұжырымына сүйенсек, біз сөз етіп отырған туындыда жазушының ұлт-азаттығы тақырыбын көтеру үшін Сүйінғара тұлғасына арнайы тоқталуы кездейсоқтық емес.

Қаламгер тарихи болмысқа, ақиқат құбылыстарға жауапкершілік тұрғысында қарап, типтік сипаттағы деректерді саралауға жете мән береді. Сүйінғара бастаған елдің Аллақұл ханға қарсы азаттық күресіне байланысты белгілі тұлғалардың іс-әрекетін тарихқа, мінезге сәйкесті аша білуін романның жетістігіне жатқызамыз. Романда сол дәуірге тән негізгі қоғамдық тенденциялар толғанып алынған.

Романның бас кейіпкері Сүйінғара Үргенішбайұлы (1756-1841ж) – Кіші жүздегі түрлі отарлау, басқыншылық саясаттарға қарсы күрескен халық батыры. Қазақтың шекарасын мөлшерсіз кеңейтіп, ырысын өлшеусіз молайтқан жауынгер тайпа – Адай ұлысының ұлттық тарихымыздың парақтарынан ойып орнын ала алмай жүрген өксікті ерлерінің ішінде, шетелдіктердің де, орыс өкіметінің де, Хиуа, одан арғы парсы жұртының да назары ерекше аударған ерен тұлға.

Сүйінғараның қимыл-әрекеттері әкесі Үргенішбай батырдан дарыған. Нақты жазба деректер бойынша Сүйінғара Адайдың ұраны – Пірдің соңы Бекет атадан аттай алты жас кіші болған, яғни замандасы.

Романда Сүйінғара өмірінің соңғы кезеңдері, жасы ұлғайған кезі сөз болады. М.Әуезовтен кейін тарихи тақырыпқа жазып жүрген авторлардың қай-қайсысы да бас кейіпкерлерінің өмірін немесе суреттеліп отырған өмір құбылыстарының тобын түгел қамтуды мақсат етпейді. “Сүйінғара” романында да осы дәстүр негізге алынып бас кейіпкердің жасының жетпіске келіп,

ұлғайған шағы болса да ең бір маңызды кезеңі таңдалған. Ең бастысы – батырдың ешкімге бас имейтін асқақ рухы көрінеді. Хан, сұлтан алдарында да еш уақытта өз басын төмендетпеген, аласармас өрлік, биік намысы оны көре алмаған, қызғаншақ көптің көз алдында шыққан биігінде қалады. Сүйінғараның жасы ұлғайған шағында да халқымен бірге болып, ел басына түскен қиыншылықты қайыспай көтерерлік, әлі де қолбасшылық, баһадүрлік іс-әрекеттерге баруы жеке бас қасиеттерімен ұштастырыла өріледі. Қаламгер тарихи фактілер, мұрағат деректеріне сүйене отырып, өз шығармасында ел аузынан естіген естелік әңгімелерімен толықтыра отырып, көркем туындыны жарыққа шығарды.

Шығарманың оқиғасы қою, айтпағы шымыр да шынайы. Роман үш бөлімнен тұрады, жазушы оқиғаны баяндау түрінде береді. Адам портреті, оны мінездеу, ішкі психологиялық иірімдерін беру, табиғат көрінісі шынайы тұрғыда көркемдікпен суреттеледі. Романға ел тарихындағы елеулі оқиғалар негіз болып, оның бір қаһарман тағдырына байланысты (Сүйінғара) қамтылып, оншақты жыл ішіне жинақтала суреттелуі – шығарма композициясын ширата түседі. Автордың идеялық нысанасы – сол кезеңдегі халық басынан өткен тарихи оқиғалардың шындығын таныту.

Шығарманың алғашқы тарауларында батырлығымен аты шығып, даңққа бөленген, болмыс-тірлігі бірте-бірте уақыт желісінде ел арасында аңызға айнала бастаған Сүйінғара ел ішінде айтылатын адуын ер, батыр деңгейінде ғана алынбай, кемеңгерлікке толы парасат иесі, ірі саясаткер ретінде суреттеледі. Бұл сипаттары романда жәй баяндау емес, оқиға жүйесінде, детальді көрініс те, қисынды фактілермен өрілген сюжеттік желілер арқылы беріліп отырады.

Сүйінғара Карелин мен Тұрпаевтың өзімен өткізген әңгімелерінен Ресейдің Маңғыстауға байланысты ой-мақсатын түсінеді. Түпкі ойларын ашып айтпай, жер, су жайын сұраған болып сыр тартуынан Карелин мен Турпаевтың көмейіндегі сөздерді Сүйінғара сезеді. Романда жазушы басты кейіпкерінің бірі – Карелиннің ой толғаныстары, көрген түстері арқылы Ресей империясының Хиуа хандығымен арадағы дау-жанжалдар, Петр патша тұсындағы А. Черкасский отрядының Маңғыстауға сапары, оны Хиуа ханының алдап соғып қатыгездікпен өлтіруі, Хиуа – ағылшын қатынастары арқылы Маңғыстауда қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайларды хабардар етеді.

Алпауыт мемлекеттер өзінің мүддесі үшін кімді де болсын аямайтыны ақиқат. Олар өздерінің ішкі пасық ойларын жасырып әрекет жасайды. Сондай жымысқы қулықты түсіну үшін де ақылгөйлік, кемел біліктілік, елдің намысы үшін күресе білер қайрат пен жігер керек. Сондықтан ол әр кезде өзін сақ ұстайтын, сергек те сезімтал, көрінгенге ішін бере бермейтін салқынқанды ақыл иесі ретінде көрінеді. Сүйінғараның өте сақ екендігі іргесінен үңгіп келіп, қамалын салмақ болып, теңіз айдынында кемелерімен ұйлығып жүрген орыстарды көрсе де, біразға дейін хабарласпайды. “Еліміздің жаңа тұрпатта тізіліп жатқан жаңа тарихы қазақтың Россияға өз еркімен қосылды деген қисынның атымен жалған екендігін дәлелдеп отыр. Әбілхайыр хан, оның жанындағы батырлар, билер кейіннен солардың жолын ұстаған Сүйінғара, Арыстан, Көтібар, Есет, Жоламан тағы басқа батырлар қазақтың жалпақ тілімен айтқанда орыспен алыстан сыйласу салтын ұстаныңқырады. Одан сақтанды. Орыс патшасының боданы емес одағы, одақтасы болуды қалады” [5].

Сайын даланы отаршылдықтан тек білектің күшімен емес, мәмілегерлік жолдармен де шешуге ұмтылғандығын, тынымсыз ой кешкенін тарихи зерттеулердегі Сүйінғараның хаттарынан, ол туралы жазбалардан байқауға болады. Сүйінғараның ел тағдырына қабырғасы қайысып, тереңнен ойланып-толғанып жүрген ер екені Қоңырмолда, Тұрыш қажымен арадағы әңгімелерінде, Жәңгір ханның таққа отырған соң, бар шұрайлы жерлерін сары ала шекпенділерге бөліп жібергеніне торығатынынан, елдің малын пітір, зекет деп талап жеген Хиуа хандығына деген ызасы, малға жайлы шұрайлы жерлерді алып жатқан патша өкіметі іс-әрекеттерінен шошынатынынан байқаймыз.

Сүйінғараның ерлігімен қоса, рухани бітімі кесек, ақыл-парасаты жоғары. Елге деген шексіз махаббаты мен сенімінің зор болуына оның ел тізгінін ұстауы, Тұрыш, Кежі, Мая билермен достық сезім, қимас көңілмен жиі кездесіп дүниетанымын байытып отыруы, Махамбет, Исатайларды ой көсемі, сөз пірі деп тануы, ел жақсыларымен қысталаң шақтарда үзеңгілес жүріп,

бірге күйзелген, бірге тебіренген сәттері Сүйінғараға әрине, игі әсерін берген дейміз. Халық қамын тереңнен ойлап, адамгершілік, адалдық жолымен түсінетін адам.

Академик З. Қабдолов: "Қандай бір көркем шығарма болсын, ол оқырманға бұрын беймәлім өмірді, шындықты, бейтаныс заманды, адамды танытады. Әр кітап оқырман үшін бұрын-соңды беймәлім дүниенің есігі секілді. Сол есікті ашып кіргенде ғана адам өзіне белгісіз құпиялар сырына тереңдеп, танымын байытпақ" [7, 357 б.], – деп пайымдағанындай, романның танымдық нәрінің нәтижесінде оқырман халқымыздың бір бөлігінен саналатын Батыс аймағындағы XYIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басындағы тарихи жағдайлар, сол кезең адамдарының, тарихи тұлғалардың сезімдері мен толғаныстарын, мінез-құлықтарын, үміттері мен армандарын, тыныс-тіршіліктерін сезініп, түйсінеді. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында: «Тарих арқылы түп-тамырымызды біліп, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті. Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» - деген болатын.

Осы орайда өскелең ұрпақты отаншылдық сезімге, патриоттық рухта тәрбиелеу, рухани, ұлттық құндылықтарды сақтауда бүгінгінің тамыры өткен тарихта екендігін қаламгерлеріміздің тарихи көркем туындылары дәлелдей алатындығын көретеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.

2.Бисенғали З.Ғ. // М.Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы және рухани-тәрбие мәселелері. М. Әбдіхалықовтың 70 жыл толуына арналған республикалық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Ақтау, 2007. – 25 маусым. -4-8 бб.

3.Турсунова М. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. – Алма-Ата: Наука, 1977. – с 181.

4. Тілепов Ж. Алашқа айбын бола білген азамат // Маңғыстау 2006. – 2 қараша

5. Спан Ә. Кезеңі туғызған кемел тұлға // Маңғыстау. – 2006. – 2 қараша.

6. Әбдіхалықов М. Сүйінғара. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 275б.

7. Қабдолов З. Сөз өнері. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 2 т. – 456 б.

ӘОЖ 314.7

МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНДЕГІ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСТЕРІ (XIX-XX ҒҒ.)

Табылдиева О.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада санақ материалдары бойынша XIX-XX ғасырдағы Маңғыстау өңіріндегі көші-қон үрдісі қаралып, аймақтың демографиялық мәселелеріне талдау жасалынған. Маңғыстау жеріне көшіп келгендер саны, ұлттық құрамы, орналасуы, «артық жерлерді» қазақтардан тартып алу, көші-қон үрдісінің тарихи маңызы, қазақ емес ұлттардың көші-қоны арқасында Маңғыстауда қалыптасқан өзгеше этнодемографиялық жағдай қарастырылған.

Түйінді сөздер: көші-қон, механикалық өсім, уезд, санақ, демография.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде елдегі қалыптасқан демографиялық ахуалға орай тарихи-демографиялық мазмұндағы зерттеу жұмыстарының маңызы арта түсті. Ел президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» атты халыққа жолдауында еліміздің демографиялық даму мәселелеріне баса назар аудара отырып «ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне мықты

демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуы тиіс»,-деп еліміздің демографиялық және көші-қон саясатын жетекші басымдықтар қатарына жатқызады [1]. Қазіргі кезеңдегі еліміздің демографиялық даму жағдайы өткен тарихымызбен тығыз байланысты. Себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуымыз секілді этнодемографиялық даму тарихымызда бір-бірімен сабақтас. Халықтың сандық өсімі, табиғи және механикалық өсімі, ұлттық, әлеуметтік құрамы мен жыныстық-жастық құрылымындағы өзгерістер тарихы бір-бірімен сабақтас. Сондықтан да қазіргі таңдағы демографиялық ахуалды талдау, осыған орай демографиялық дамуды бағдарлау міндетті түрде өткен тарихты білуді, терең де жан-жақты саралап, зерттеуді қажет етеді.

Көші-қон процестері XX ғасырдағы Қазақстанның этно-демографиялық дамуында, халықтың көп ұлттануында ерекше, басты рөл атқарды. Халықтың жалпы санының өсуі табиғи қозғалыспен қатар көші-қон процестеріне тікелей байланысты. Қазақстан жеріне көші-қоншылар XVI ғасырдан бастап-ақ аяқ басқан 1861-1919 жылдары 1544049 адам көшіп келген екен. І-Петрдің Шығысқа байланысты жоспарларының тұсауын кескен жері де – Маңғыстау. Орыс әскерлері І Петрдің бұйрығымен түбекте Қарағантүп, Кендірлі қамалдарын да сала бастаған. Алайда, құрылыс аяқсыз қалған. Каспий теңізіндегі алғашқы орыс параходтары 1846 жылы пайда болды. 1846-1858 жылдары аралығында Маңғыстауға барлығы 49 отбасы көшіп келді. 1852 жылы 15 отбасы балық аулауды кәсіп етсе, 1868 жылы 25 отбасы балық аулаумен айналысты.

XIX ғасырдың 2-жартысынан бастап орыс, украин, поляк және т.б. шаруалары да көшіп келе бастады. Мұны 1870 жылғы және 1897 жылғы санақтары аралығындағы Маңғыстауды мекен еткен шаруалар санының өскендігінен байқаймыз. Олардың бірқатары еркіндік алғанымен жері болмағандықтан амалсыздан қалаға келіп, болашақ жұмысшы табының негізін құрады. 1897 жылы санақта көші-қоншылар туылған жеріне байланысты жіктелінеді. Мысалы, Маңғышлақ уезіне 20 адам Каспий сырты облысының басқа аймақтарынан, 1443 адам басқа губерниялардан, ал 655 адам шетелдерден келіп қоныстанған. Көші-қоншылар көбінесе Форт-Александровскіні мекендеді. Көші-қоншыларды сословиелік ерекшелігі мен туылған жерлеріне байланысты нақтыласақ, шаруа, казак және шетелдік қоныстанушылары бар ауылда есептелінген 18 адам губернияның басқа уездерінен келген, 1191 адам басқа губерниялардан келген [2].

1897 жылғы санақ бойынша, Маңғышлақ уезінде барлығы 1669 адам (1007 ер, 662 әйел) жергілікті тұрғын емес, сырттан көшіп келгендер тіркелді: Хиуа хандығынан – 650 адам (түрікмендер), Европалық Ресейден 1301 адам (864 ер, 437 әйел) және т.б. Тамбов (277), Нижегородск (2005 адам) және Астрахань (328 адам) облыстарынан Маңғыстау жеріне көшіп келгендер, саны Ресейдің басқа облыстарынан келгендерге қарағанда салыстырмалы түрде көп болды. Сонымен, XIX ғасырдың соңына қарай Маңғыстауда полиэтникалық халық құрамының негізі қаланып, көші-қон процестері белсендіріле бастады. Көші-қон халықтың демографиялық құрылымына ғана өзгеріс әкелген жоқ, ең бастысы, жергілікті халықтың шұрайлы жерлері мен балық кәсіпшілігіне ыңғайлы суларын алып қоюмен қатар жерді. Алайда, көші-қондық ағымдар белең ала бастағанымен бұл санақта қазақтар негізгі көпшілік қалпында қалды.

1900 жылғы Маңғышлақ уезіне көшіп келген ұлттар туралы мәліметке сүйенсек, сырттан келгендердің жалпы саны 1462 адам болды. Олар Маңғышлақ уезінің Форт Александровск маңындағы слободада (297 адам), Николаевск поселкесінде (893 адам), Долгий селениесінде (247 адам), Заворот селениесінде (23 адам) тұрақтаған. Негізгі көпшілігі орыстар 1199 адам. Сондай-ақ, 85 түрікмен, 76 қырғыз, 54 армян, 24 текиндік, 14 татар, 8 парсы, 2 поляк тіркеліпті. Орыс ұлтынан өзгелері Форт-Александровскі жанындағы слободада ғана кездеседі. Діни сеніміне сәйкес сұрыптасақ, олардың 1199-православ, 207-мұсылман, 54-армян-григорян, 1-протестант және 1 католик екен. Сословиелік ерекшелігіне сәйкес бөлгенде көпшілігі ауыл тұрғындары – 1248 адам, 153-мещан, 27-діни атақтағылар, 9-дворян, шенеуніктер және 41-төменгі шендегілер мен казактар [3].

XIX ғасыр соңында қазақ жерінде қоныстандыру саясатын мемлекеттік тұрғыдан жүйелі түрде жүргізу ниетімен ішкі істер министрлігі жанынан қоныс аудару басқармасын ашты. Қоныс аударушылардың құқықтары кеңейтілді, жеңілдіктер мен көмек ақылар, несие беру, дәрігерлік, азық-түлік көмектерін беру т.б. шаралары заңдандырылды. Бұл заңдар қазақтарды өздерінің жерлеріне деген құқықтарын қорғаудан айырды. Осы қоныс аудару басқармасының басшылығымен 1896-1905 жылдар аралығында Қазақстанның 4 облысына қоныс аударылғандар

мен мемлекеттің жәрдемінсіз өз беттерімен келушілер саны: қоныс аударушылар – 234134 адам, өз беттерімен келгендер 96980 адам, барлығы 291114 адам.1904-1905 жылдары үкімет орындары Қазақстанды қоныс аударатын бес ауданға бөлді. Олар Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандары еді, Көріп отырғанымыздай, Маңғыстау жері бұл тізімге ілікпеген. 1904-1906 жылдары бұл аталған облыстардың бәрінде аудандық қоныстандыру мекемелері ашылды [4].

Столыпиннің аграрлық саясатының құрамдас бөлігі 1907-1917 жылдар аралығында Орталық Ресей аудандарынан шет аймақтарға шаруаларды қоныстандырып, отарлау саясатын тереңдету болды. Осы саясаттың барысында Қазақстанға 1907-1914 жылдар аралығында 714395 адам қоныстандырылған болатын [5].

Маңғыстау жері табиғи-географиялық ерекшелігіне байланысты шаруаларды қоныстандыруға лайықты аудан есебінде қарастырылмады. Тіпті, мұнда 1910 жылға дейін қоныстандырушыларға арналған қор ұйымдастырылған жоқ. 1910 жылдан бастап сенатор К.К.Полен бұл өңірге шаруа-мұжықтарды қоныстандыру мүмкіндігін анықтау мақсатында алдын-ала тексеру жүргізді. Маңғыстау өлкесіндегі түтін басылық есептің болмағандығына қарамастан, көшпелі мал шаруашылығымен айналысушы жергілікті халықтың мал басының санын, күн көріс мөлшерін анықтау кезінде адамдар санын да қарастырып кетті. Қоныс аударушы шаруалар, казактар Маңғыстау жеріне арнайы бөлінбегенімен біртіндеп көшіп келіп, тұрақтана бастады. 1897 жылғы санақта да, одан кейінгі жүргізілген санақтарданда Маңғыстау жерінде орыс, украин, белорус т.б. ұлттың енгендігін, саны мен үлесінің өсе бастағандығын, әлеуметтік топтар ретінде шаруалар, сондай-ақ казактар, мещандар т.б. сословиелік топтардың саны өсе бастағанын көреміз.

Қоныстандыру әлсіз жүрген аймақтарға басқа облыстардан жерінен қуылған қазақтардың келуі Гурьев (177%), Маңғышлақ (113%), Темір (155%) уездеріндегі қазақтардың саны да үлесі де өскен. Қоныстандыру басқармасы қазақтардың «артық» жерлерін тартып алып, өздерін қуып жіберу арқылы қазақтарды мәжбүрлі түрде орын ауыстыруға әкелді. Бұл кезеңдерде ішкі-сыртқы көші-қон ерекше белсенді түрде жүрді. Көші-қон айырымы оң сипатта болды. Республикадан тыс жерлерге кетушілерден, республикаға сырттан келушілер саны 63898 мың адамға артық еді. Республикаға келуші көші-қоншылар Украина, Волга бойынан, РКФСР-дың орталық аудандарынан, Сібірден, Қиыр Шығыстан, Белоруссия мен Орта Азиядан келген [6].

XX ғасыр басындағы саяси оқиғалар Қазан төңкерісінің жеңісі, оның алғашқы декреттері мен социалистік қайта құрулар халықтың орналасу географиясындағы өзгерістерге әкеп соқтырды. Патша үкіметі кезіндегі отарлық саясат тұрғылықты халықты мекендеген жерлеріндегі құнарлы бөліктерінен айырып, тықсырғаны белгілі. Төңкерістен кейін жергілікті халықты қоныс аударушылармен бірдей құқықтарын теңестіру шаралары жүргізілді. 1920 жылдары қазақтардың суармалы және жауынды жер шаруашылығымен айналысатын аудандарға экстенсивті мал шаруашылығымен айналысатын аудандардан көшіп, орын ауыстырғандығы туралы мәліметтер бар. Әсіресе, олардың Орал, Сібір, Жетісу және Орынбор казак әскерлері мен отаршыл-кулактардың жерлеріне қоныс аударғаны байқалды.

Көші-қон халықтың кеңістіктегі қозғалыстарға икемділігін көрсетеді. Көші-қонға саяси, табиғи-климаттық, экологиялық, этнографиялық, тарихи және т.б. факторлар жиынтықта және әртүрлі қосынды құбылыста әсер етеді. Көші-қон өткен мен қазіргі кезеңдегі және болашақтағы тарихта маңызды рөл атқарады.

1914-1917 жылдар аралығында Маңғышлақ уезінің халқы 72,4 мыңнан 73,1 мыңға (0,7 мың адамға) өскен. Қазақстан бойынша осы жылдары қазақтар саны 349 мың адамға, Батыс Қазақстан аймағы бойынша халық саны 144,6 мыңға кеміген. Бұдан көретініміз, Қазақстан бойынша да, Батыс Қазақстан аймағы бойынша да алғанда халқы өскен Маңғышлақ уезі екен.

Халықтың, соның ішінде қазақтар санының күрт кемуіне 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезіндегі өлім-жітіммен бірге жазалаудан қашқандардың көші-қоны, соғысқа мобилизация-ланғандар мен олардың кері қайту-қайтпауы да әсер етті. Маңғыстауда 1916 жылы көтеріліс толқыны болды, алайда, ерекше тегеурінді жүрмеді. Жаппай қырғынға ұласқан жоқ. Сол себепті, керісінше, осы жылдары Маңғыстауға жазалаудан қашып келгендер де болды деуге болады. Мұны 1914-1917 жылдар аралығындағы өңір халқының 0,7 мыңға өскенінен байқаймыз. Маңғышлақ уезінен 1916 жылы күзі мен қысында 3 мың адам реквизицияланғанын есепке алсақ, 1917 жылы

өңір халқының өсімі тек табиғи өсім арқылы емес, басқа өңірлерден келушілердің механикалық қозғалысы арқасында деген ұғым шындыққа сәйкес келеді.

Қазақ АКСР-іне 1920 жылы енгеннен кейін Маңғыстау халқының экстенсивті көшпелі мал шаруашылығымен айналысу ерекшелігі бір орыннан екінші орынға, үш республиканың – Қазақ АКСР-і, Хорезм республикасы және Түркістан республикасы жерлерінде малға жайылымдық жер іздеп көшіп-қонып жүруіне әкелді. 1916 жылғы қозғалыс, азамат соғысы, 1921-22 жылдардағы ашаршылық кезіндегі өздерінің тарихи отанына кері қайтуы негізінде Маңғыстау өңіріндегі түрікмендер саны 178 адамға (0,1%-ға) кеміді. Сондай-ақ, 1920-1923 жылдар аралығында уездегі қазақтар саны 220 адамға төмендеді.

1926 жылы республикада да, Маңғыстауда да қазақ емес ұлттардың көші-қоны арқасында өзгеше этнодемографиялық жағдай қалыптасты. Орыс, украин ұлты өкілдерінің саны мен үлесі өсті. Маңғыстаудағы ерекшелік – қазақтар абсолюттік көпшілік статусын сақтап қалды. 1926-1939 жылдар аралығында Маңғыстау өңіріндегі халықтардың саны ғана өзгеріске ұшырап қойған жоқ оның әлеуметтік, ұлттық құрамында да ірі өзгерістер болды. Ол өзгерістердің негізгі себебі – көші-қон процестеріне тікелей қатысты. 1928 жылы басталған байларды тәркілеу де жер аударулармен байланысты көші-қонды туғызды.

1927-28 жылдардағы Маңғыстаудағы жұт зардабын апат деп атаймыз. Ашаршылыққа ұшырап күйзелген Маңғыстау халқы Түрікменстан жеріне дендеп кіріп, одан ары Иранға жұмыс іздеп, тамақ табудың амалын қарастыруға кірісті. 1928 жылы жұтта біршама отбасылардың Түрікменстан мен Тәжікстанға барып паналағаны жөнінде мәліметтер бар. Қазақтардың шет жерлерге ауа көшуі 1927 жылдан кейін көпшілік сипат алды. Біраз қазақтар Красноводск, Жебелі, Байрамәлі, Теджeнде, Чарджоу округы мен Өзбекстанға барып орнықты. Мұрағат құжаттарында Красноводскіге – 1000, Байрамәліге – 500, Теджeнге – 100 шаруашылық кеткендігі айтылды [7].

Форт-Александровск қаласы тұрғындарының саны 1927-1931 жылдары аралығында 2,1 мың адам деп есептелінсе, 1932 жылы 3,1 мың, 1933 жылы – 5,7 мың 1934 жылы – 4,9 мың, 1935 жылы – 4,9 мың, 1936 жылы – 4,9 мың, ал 1937 жылы – 3,0 мың болып өзгергенін, кемігенін көреміз. Сандық динамикасына келсек, 1927-1933 жылдар аралығындағы күрт өсуін табиғи өсіммен бірге механикалық өсімнің жоғары болғандығынан деп түсіну керек. Осы облысқа көшіп келушілердің негізгі бөлігі Қазақстан халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың алғашқы жылдарында «интернационалдық» көмек көрсетуге келгендер еді. Көмектерін бағалай отырып, олардың барлығын өз істерінің мамандары деп айту қиын. Мысалы, Қазақ АКСР-інің Бүкілодақтық Атқару Комитетіндегі өкілі 1927 жылы 11 мамырында Ресей Федерациясы халық комиссарлар Кеңесіне Қазақстанға мамандарды жібергенде берілетін жеңілдіктерді өзгерту туралы жіберілген ұсынысында былай деп мәлімдеген: «...Қазақстанға қызметке келетін мамандардың көпшілігінің не біліктілігі нашар, не олар Қазақстанға өз еріктерімен келмейді немесе жалған мамандар болып табылады» [8].

Халық санының бірде кеміп, бірде өсуі көшпелі халықтың нақты тұрақтауы мен адамдарды шаруашылық белгісіне байланысты орналасуы мен территориялық өзгерістерге, сондай-ақ, 1937 жылғы санақты өткізу кезіндегі адам санын тіркеу кезіндегі тиянақтылыққа байланысты деп ойлаймын. Сонымен, 1926-1939 жылдар санақтары арасындағы кезең халық қозғалысының белсенділігімен ерекшеленеді. Бұл кезеңде Қазақстанға өзге республикалардан келгендер туралы ғана мағлұматтарды көруге болады (кулактық жер аудару, ұйымдастырылған және стихиялы түрде жүргізілген аграрлық қоныс аудару, депортацияның алғашқы кезеңі). Жаңашаландыру (модернизация) дәуіріндегі шаруаларды күштеп ұжымдастыру науқаны, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы шаруаларды отырықшылыққа мәжбүрлі көшіру шаралары дәстүрлі шаруашылық түрін өзгертумен байланысты болғаны белгілі. Демографиялық апатқа ұшыратқан ашаршылық Маңғыстау жерінде Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда ерте басталды. 1927-1928 жылдардағы «Аққоян» жұты Маңғыстау халқын жан-жаққа босытты, мал қырылып, адамдардың жаппай өлуі белең алды. Қай санақ материалдарын қарамасақ та, Қазақстан бойынша халық санының төменгі өсімін Маңғыстау өңірі бергенін байқаймыз. 1897 ж., 1920 ж., 1926 ж., 1939 ж. және 1959 ж. санақтар бойынша Маңғыстау өлкесінің халық өсімінің Қазақстанның өзге аймақтарына қарағанда төмен болуының себептерінің бірі-сыртқы көші-қон процестерінің бұл

аймақты терең қамтымағандығы мен табиғи өсім есебінен халық өсімінің баяу қарқында дамуы болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы: Білім, 1998. - 96 б.

2. Первая Всеобщая перепись населения Российской империи. 1897 г. т.LXXXII. Закаспийская область. -С.2-3.

3. ҚРОМА. 40-қ., 14-тізбе, 824-іс,4-п.

4. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. 35-б.

5. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана; (Численность, размещение, состав 1870-1914 гг.) Алма-Ата: 1981. -С.69.

6. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). Алма-Ата: Ғылым, 1991. -С.50.

7. К.Жаулин. «Аққоян жұты» // Отан тарихы. 1999, №2. 43 б.

8. ҚРОМА., 196-қор, 1-тізбе, 663-іс, 52-п.

ӘОЖ 908 (045)

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАЛАРДЫҢ МАҢҒЫСТАУҒА ӘСЕРІ

Табылдиева О.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Маңғыстау өңірінің XIX ғасырдағы патшалық отаршылдық реформалары нәтижесіндегі әкімшілік басқарылуы, аумақтық құрылымы, халқының саны мен шаруашылығы қарастырылған. Маңғыстау қазақтарының ресейлік басқарылуға түгелдей қамтылмауы, приставтықтың құрылуы, Маңғыстау Адайларының төменгі және жоғарғы дистанцияға бағындырылуы, болыстар құрамы мен орналасуы, Маңғыстау уезіндегі қазақтардың негізгі шаруашылығы мәселесі де қамтылған.

Түйінді сөздер: реформа, дистанция, приставтық, әскери-полициялық бақылау, уезд.

Маңғыстау қазақтары XIX ғасырдың орта шеніне дейін өздерінің дәстүрі, әкімшілік-территориялық бірлігі бойынша Кіші жүздің билеуші-сұлтаны басқаруындағы батыс бөлікке қарады. XIX ғасырдың ортасынан бастап Маңғыстау халқы патша өкіметінің отарлық басқару жүйесіне тартыла бастады. Алғашқыда Маңғыстау қазақтары ресейлік басқарылуға түгелдей қамтылмады, батыс бөлігіндегі 52-дистанцияға адай руының төрт аталығы (қырық мылтық, түркпен-адай, құнан-орыс, балықшы) және Үстірттің оңтүстігін мекендеген Кіші жүздің басқа да бөліктері енгізілген болатын. Кіші жүз территориясына орыс бекіністері салынған сайын, Маңғыстаудағы адайлардың патша өкіметіне бағындырылуы күшейе түсті. 1867 жылы Адай қазақтары Жоғарғы дистанция деп аталынған әкімшілік жүйелік бірлікке біріктірілді. Бірақ, көп ұзамай бұлайша басқарудың қиындығына байланысты екі дистанцияға бөлініп басқарылды. Маңғыстау Адайларының бес аталығы Төменгі дистанцияға, ал Үстіртті мекендеген Адайлар-Жоғарғы дистанцияға бағындырылды.

Маңғыстаудағы патшалық әкімшілік биліктің өзіндік ерекшелігі болды. Маңғыстауды отарлау мен Ресейлік әкімшіліктің басқа аймақтардағы өзгешелігі - приставтықтың құрылуы болып табылады. Приставтық – Россия империясында қабылданған әкімшілік бөліктерге бөлу жүйесіндегі біртұтас қабылданған бірлік емес еді. Сол себепті де оны енгізу патша үкіметінің өзіне бағынышты әрі шекаралық стратегиялық аймақ болып табылатын территориясындағы әскери-полициялық биліктің айқын белгісі болды. Әкімшілік реформалар Маңғыстаудың әкімшілік-

территориялық бағыныш-тылығын бірнеше рет өзгертті. Әрбір өзгеріс әскери-полициялық бақылауды күшейту және түбек халқын қазақ халқының негізгі бөлігінен айыру бағытында жүргізілді. Уездегі көшпелі халық болыстарға бөлінді, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Болыстар мен ауылдарға кіретін үй басы санын облыстық басқарма бекітті. Болыстарды болыс басшылары, ал, ауылдарды – ауыл ақсақалдары биледі. Сондай-ақ, Маңғыстау халқындағы әкімшілік билік жүргізудің Қазақстанның басқа өңіріне қарағандағы тағы бір өзгешелігі болыстарды құруда болыс басшыларын, ауыл старшындарын, тіпті билердің өзін отаршыл әкімшіліктің тағайындауынан көрінді. Қазақстанның өзге аймақтарында жергілікті билеушілерді формальды түрде болса да, сайлап қоюшы еді. Олар 3 жыл мерзімге халықтық сайлау арқылы сайланатын. Ал, Маңғыстауда оларды патшалық әкімшілік тағайындады.

Маңғыстау халқының Ресейге заңды түрде бағындырылуы XIX ғасырдың 40-жылдары Кіші жүз халқын дистанцияларға бөлу принципімен басқару жүйесін енгізуге байланысты жүзеге асырылды. Бұл жүйе бойынша, қазақтардың жайылымдары казак станицаларының санына сәйкестендіріліп бөлініп, басқарыла бастады (алғаш 32 дистанция болса, кейінірек олардың саны өсе берді) [1]. Патшалы Ресейдің отары болған Қазақстан XIX ғасырдың соңында үш генерал-губернаторлыққа Түркістан, Орынбор, Батыс Сібір генерал-губерна-торлықтарына бағынған 6 облысқа бөлінді. Маңғыстау ол кезде Маңғышлақ приставтығы деген атпен белгіленіп, негізгі қазақ жерлеріндегі әкімшілік-басқару жүйесінен бөлініп, алғашқыда Кавказ әскери округына енгізілді.

Маңғышлақ приставтығы 1861-1881 жылдар аралығында (кейіннен болыс, уезд, облыс, губерния ретінде) өмір сүрді. Маңғыстау түбегіндегі әкімшілік-территориялық бөлік 1868 жылы Маңғышлақ приставтығына Бозашы түбегі, үстірт жоны, Каспий теңізінің Шығыс жағалауындағы Морской, Святой, Подгорный, Долгий, Орлов, Керел (Жандауыр) аралдары кірді.

1869 жылы орыс әскерлерінің Красноводск, Тасарбатқала бұғаздарында жүргізген әскери барлау жұмыстарының нәтижесінде Каспий жағалауында Красноводск приставы құрылып, Кавказ наместнигіне берілді. Красноводск приставымен қатар 1870 жылы 2 ақпанда Маңғыстау да Кавказдағы Дағыстан облысына қаратылып, аймақтағы адайлар мен түрікмендер Ресейдің әкімшілік жүйеде жүргізілген реформаларына байланысты еріксіз түрде өз руластарынан, ұлтынан бөлініп қалды. Территориялық принцип негізінде басқаруға бейімделген бұл жүйе – қазақтардың ғасырлар бойы дамыған дәстүрлі шаруашылығын дамыту, әрі жүргізу мүмкіндігін жойғандықтан, Кіші жүз қазақтары 1868 жылы көтеріліске шықты.

Нәтижесінде Маңғыстау территориясында Уақытша ережеге сай патшалық басқару жүйесі іс жүзінде 1870 жылы күшпен енгізілді. 1870 жылы 2 ақпанда Маңғышлақ приставтығы Александровск фортымен бірге Орынбор генерал-губернаторлығындағы Орал облысынан бөліп алынды, Дағыстан генерал-губернаторлығындағы Кавказдық мирасқор әкімшіліктің басқарылуына берілді [2]. Енгізілген басқаруға негізделіп Маңғыстау приставтығы 2 қазақ, 1 түрікмен болысынан құрылды. Олар: Бозащы, Маңғыстау, Түрікмен. Қазақстанның басқа аймақтарында болыстар қысқы қоныстарына байланысты құрылса, Маңғыстауда көшу ретіне қарай, екіншіден, жерді пайдалану құқына, рулық бөлінуіне байланысты құрылған. Болыстардың санын және шекараларын анықтау Кавказ армиясының бас қолбасшысына жүктелді.

1874 жылы патша үкіметінің Каспий сыртқы аймағын басқару туралы Уақытша ережесіне сәйкес, Маңғыстау мен Шағадам (Красноводскінің) әкімшілік жүйеде біріктіріліп, 1881 жылы Каспий сыртқы аймағы облысына кірді, ал 1884 ж. Шағадам (Красноводск) маңындағы 2894 түтін біріктіріліп, Адай болысы құрылды.

Алғашында, Маңғыстау территориясында Кавказдық әкімшілік әскери басқаруды енгізуді жоспарлады. 1874 жылы 9 наурыздағы Каспий сырты аймағын басқару туралы Уақытша ережесі бойынша Маңғышлақ пен Шағадан (Красноводск) приставтықтары Каспий сырты әскери бөліміне біріктірілді. Бұл бөлім әскери және әкімшілік жағынан да Кавказ әскери округінің Бас командашысына тікелей бағынатын. Маңғыстауды Кавказ арқылы басқарудың бұл әдісі қолайсыз көрінгендіктен Каспий сырты әскери бөлімі 1881 жылы 10 маусымда орталығы Ашхабад болған Каспий сырты облысына айналдырылды. Облыс Кавказ әскери округына бағындырылып, үш уезден: Маңғышлақ, Красноводск жєне Ахалтеке уездерінен тұрды.

1890 жылы Каспий сырты облысы Кавказ әскери округынан бөлініп, бөлек әкімшілік және әскери, құрамында 5 уезі бар аймаққа айналдырылды. Маңғышлақ уезінде негізінен қазақтар – адайлар мен түрікмендер тұрды. Адайлар үш болысқа: Маңғышлақ, Бұзашы және Үстірт болыстарына бөлініп басқарылды. 1877 жылы Маңғышлақ болысы екіге – Маңғышлақ пен Түпқараған және Бірінші мен Екінші-Бозащы болыстықтары болып бөлінді [3]. Маңғыстауда 1888 жылы жаңадан үш болыстық: Түрікпен-адай, Жеменей және Райымберді болыстықтары құрылды. Кейінірек Үшінші-Бозащы болыстығы құрылады. Сондай-ақ, 1908 жылы Каспий теңізінің шығысындағы қазақ және түрікмен балықшылары Рыболовная деп аталатын болыстыққа біріктірілді. 1881 жылы Маңғышлақ приставтығы 10 қазақ және 1 түрікпен болыстарынан құрылған уезге айналдырылады. Айта кету керек, 1880 жылдары Маңғыстауда жүргізілген әкімшілік басқарудағы өзгерістер кезінде 6 мың түтін адайлар (1,2,3 – Адай болыстары) еріксіз Орал облысына қалдырылып, Маңғышлақ уезіне енгізілмеді [4]. Адайлардың болыстардағы орналасуы әркелкі болды. Әр болыста 1100-1600 түтін аралығында адамдар болды. Болыстар әкімшілік бірліктер – ауылдарға бөлінді. 1908 жылы болыстарда 74 ауыл болды. Маңғыстаудағы әрбір болыстың территориясы табиғи шекаралармен анықталып отырды.

1890 жылы Каспий сырты облысы Кавказ әскери округынан бөлініп, жеке әкімшілік және әскери басқарудағы облысқа айналды. Маңғышлақ уезі Каспий сырты облысы құрамындағы 5 уездің бірі болды. 1897 жылғы санақ бойынша, Маңғышлақ уезінде 68.555 адам тұрды, 1 м^2 жерге 0,36 адамнан келді.

Маңғыстау, Красноводкі уездіндегі қазақтардың негізгі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығы. Маңғыстау уездіндегі адайлардың 93,4% мал шаруашылығмен, 0,02% егіншілікпен, 6,4 % басқа да кәсіппен айналысқан. Олар: балық аулау, кірешілік, сауда және қолөнері. Маңғыстау уездінде егіншілікпен Қаратау, Ақтау және Александровскі форты маңында тұратын адайлар айналысты. Олар бидай, арпа, тары егіп және Александровскі форты маңында жүгері, жоңышқа, бақша дақылдарын өсіретін. Өлке Ресейге қосылғаннан кейін Маңғыстау уезіндегі қазақ ауылының экономикасында болған елеулі өзгерістерге қарамастан, мұнда шаруашылықтың негізгі саласы бұрыңғысынша мейлінше экстенсивті көшпелі шаруашылық болып қала берді. Мәселен, уезд бастығының 1916 жылғы есебінде былай делінген: «Маңғыстау-дың бүкіл өндіргіш күштері тек қана мал шаруашылығына шоғырландырылып отыр, жалшылықта жүрген кедейлерді қоспағанда, барлық қырғыздар (қазақтар) түнелдей сонымен айналысады. Табиғи жайылымның жеткіліксіздігі адайларды мал табындарымен қоса үнемі (жыл бойы) құдықтан құдыққа көшіп жүруге мәжбүр етті. Сондықтан олардың табындарында ұзаққа созылатын жүріске өте шыдамды, сонымен бірге көшпелі жүртты қажетті нәрсенің бәрімен қамтамасыз ететін мал (қой, түйе, жылқы) түрлері басым болды» [5].

Маңғыстаудағы мал шаруашылығына тән ерекшелік қысқа арнап жем-шөп дайындаудың мүлде болмауы еді. Р.Карутц «малға жем-шөп қоры жасалмайды, мұның өзі едәуір зиян шегуге, ал кейде малдан мүлдем айырылуға әкеп соғады» деп жазады [5, 457 б]. Адай ауылдары көшпелі болып қалып, оқшау және бытыраңқы (құдықтар маңында), рыноктардан алыста өмір сүріп, заттай сипатын едәуір дәрежеде сақтап қалғандықтан, онда рулық құрылыстың қалдықтары Қазақстанның басқа көптеген бөліктеріне қарағанда күштірек сақталды. Мұнда негізінен бұрыңғы рулық жер қауымдары сақталып, көшіп-қону жолдары, суаттарды (құдықтарды) және жайылымдарды пайдалану өзгермеді. ХХ ғасырдың басына дейін Маңғыстау уезінің шегінде мекендеген Адай және Табын руларының солтүстіктегі жайлау алқаптарына (Орал уезінің Қарағаш және Шілік болыстарына, Елек пен Жайықтың су айырығына) орыс қоныстанушыларының көшіп келуі, шөп шабудың, егіншіліктің дамуы осы екі ру жайлауының оңтүстікке қарай ығысуына ықпал етті.

Сонымен, Маңғышлақ уезі - бұрынғы Маңғышлақ приставтығы. Ол алғашқы кезде Кавказ әскери округына, ал 1899 жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Каспий сырты облысына бағынды. Маңғышлақ уезінің оңтүстік шекарасы Қарабұғазды қақ жарып, Арал теңізіне дейін, солтүстік шекарасы қазіргі Комсомол шығанағынан Үстірт жонының солтүстігі мен Арал теңізінің батысына дейінгі жерді алып жатты. Уезд 10 болыстықтан, 74 әкімшілік ауылдан тұрды. Маңғышлақ уезі деген атау 1920 жылға дейін сақталып, сол жылдан бастап Адай уезі атанды. Адай уезі (кейінгі округ) Маңғыстаудағы негізгі шаруашылық – мал шаруашылығының

өсуі мен орналасуының мекені ретінде қалпын көп өзгертпестен 1920-1927 жылдарға дейін оңтүстіктегі Шағадам (Красноводск) қаласынан бастап Солтүстік, Солтүстік-шығыстағы Мақат пен Шалқарға дейінгі территорияны немесе қазіргі төрт облыстың (Шағадам, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе) жерін қамти орналасып жатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚРОМА 5 - қор, 1 - тізбе, 2171 - іс, 124 – парақ.
2. ҚРОМА 715-қор, 1-тізбе, 41-іс, 180-183 парақтар.
3. Турсынова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. - Алма-Ата: Наука КазССР, 1977. –184 с. (с. 119 - 120).
4. ҚРОМА 40-қор, 1-тізбе, 712-іс, 1-2 парақтар.
5. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында.Алматы.,2002.457 б.

ӘОЖ 94(574)

ИСА - ДОСАН КӨТЕРІЛІСІ ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС

Өтесова Г.Е.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Маңғыстау тарихында ерекше орын алатын 1870жылы Маңғыстауда болған Иса Тіленбаев пен Досан Тәжіұлы бастаған патшалы Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт- азаттық көтерілістің себептері, жүру барысы және нәтижесі мен тарихи маңызы туралы баяндалады.

Түйінді сөздер:тәуелсіздік, көтеріліс, реформа,салық,Форт- Александровск.

Тарихи деректерге көз салсақ еліміз тәуелсіздік алғанға дейін туған жер,ел үшін,үш жүзден астам көтеріліс болғанын көреміз.Солардың қатарында 1870 жылы Маңғыстау өңірінде болған көтерілістің орны ерекше. Күні бүгінге дейін бұл көтеріліс өз зерттеушісін күтіп ашылмай жатқан ақтаңдақ тұстарының жетерлік екені баршамызға мәлім. 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісінің өріс алуына ықпал еткен және халықтың бұрыннан буырқанып әбден ширатылып,шегіне жетіп тұрған ашу-ызасын өртке айналдырған оқиға-Маңғышлақ приставында Адай руын басқарудың жаңа ережесін енгізудегі пристив бастығы подполковник Рукиннің бас көзге қарамай еріксіз күштеу әрекеті болды.Ал Рукинге жел берген сол кездегі жоғарғы және төменгі деңгейдегі басшылар-Баймамбет Маяев пен Ғапур Калбин еді. Аталмыш көтерілістің тұтануына осы екі билеушінің Орал обылысының басқармасына шақырылуы түрткі болды. Орыс шекара үкіметі оларды 1868 жылғы қазақ өлкесін билеу туралы алынған жаңа ережелермен таныстырды. Бұл жаңа реформа түтін басына 3сом 50 тиыннан салық жинауды,үй санын дәл есепке алуды,ел билеушілерді сайлап қоюды ,уездік соттарды тағайындауды,ру-рудың орнына болыстар мен ауылдарға бөлінуді,паспорт жүйесін енгізуді талап етті. Баймамбет Маяев пен Ғафур Қалбин генерал-губернатор алдында берген уәделерін орындау әрі патша ағзамның сенімді генералының қолынан алған лайықты шен-шекпен мен сыйлықтарына іспен жауап беру үшін жаңа ережені қабылдауға елдің қарсылығы болмайды деп жоғары жағыларды сендірді.[1,2]

Мұндай хабар ел арасында толқу туғызып Маңғыстау қазақтары түгел дерлік атқа қонды. Маңғыстау приставы подполковник Рукин Маяев пен Калбин сияқты ел басқарушылардың ,билердің көмегімен салықты 1869-1870 жылдарға бір-ақ жинамақ болады. Рукин 1870 жылы 15 наурызда көмекші есаул Логинов,Хорунжий Ливкин,дистанция бастығы зауряд хорунжий Маяев,урядниктер Багайдинов пен Макаров, тілмаш зауряд хорунжий Бекшеров,бөлімше меңгерушілері Аманжол Сатыбалдиев,Құлат Ораков,Қосым Мырзабев ,Қосшы Ембердиев,Көпей Жүзбатыров, Орақ Жаулинов, Атандық Жұмаболов ,молда Бура Есенаманов және 5 қызметші қазақ, 38 казактан тұратын конвой командирі хорунжий Ливкин,қарулары әрқайсысының 40

патроны бар винтовка,көліктері 36 түйе,45 күндік жол азықтарын алып салық жинауға шықты. 1870 жылы 24 наурызда сағат 5-те көтерілісшілер Үшауызда Рукин тобын қоршады.Рукин алға урядник Багайдиновты бас етіп 5-6 казакты жібереді. Қазақтар Багайдиновты қылышпен шауып өлтіреді. Жан-жақтан қаруланған Рукин отрядына бірінші Досан бастаған топ,содан кейін Алғи,Иса,Орақ,Дихан бастаған 4 топ төрт жақтан бір мезгілде шауып көзсіз ерлік көрсетті.Тұтқиылдан жасалған бұл шабуылға патша солдаттары мылтықты болуларына қарамастан ешбір қайрат жасай алмады. Рукин қолға түсу қаупі туған кезде өзін-өзі атты. Ереуілдің нәтижесі подполковник Рукиннің,оның жәрдемшісі Баймамбет Маяевтың және 17 казак ,1урядниктің өлімімен аяқталды. [2,2]

Үшауыздағы жеңіс көтерілісшілер үшін үлкен жеңіс болып көрінді. Үшауыздағы жеңіс қанаттандырған көтерілісшілер жаңа шешуші шайқасқа даярланды. Бұрын жеңілместей көрінетін орыс әскерінің де сүйек,еттен жаратылған,оған да қылыш,найза өтетінін көріп, қаһарға мінді Рукинге көмеккке келе жатқан есаул Колесников қолының Сарытастан қорқып кері қайтуы да жігерлендірді. Бүкіл елге көтерілісшілердің атақ-даңқы жайылып,ереуілшілер тобының көбеюіне едәуір ықпал жасады. Ауылдан ауылға көтерілісшіер тобын көбейтуге беделді адамдардан ұйымдастырушылар жіберілді. Сәуір айының басында көтерілісшілердің жалпы саны 10.000 ға жетіп жығылды. Бұл күш ереуілшілерге үлкен шабытберіп,қанаттандырып оларды рухтандырды. Көтерілісшілер Таушық,Ұланақ,Сарытас,Ақшұқыр,Тортының ойларына топтастырылды. [3,3].Әр қолдың басында өз батырлары, билері тұрды. Сарбаздардың азық-түлігін,көлігін керек жарағын өз рулары көтереді. Хабар жеткен ауылдардың қару ұстауға жарайтын ер азамматары бар қаруын алып,жоғы сойыл,қырағашын тақымына басып, дойыр қамшыларын білеп,топ-тобымен келіп қолға қосылып жатса, ел арасындағы ұсталар тез қылыш, найза соғып көтерілісшілерге көмектеседі. Алғашқы жеңіс нәтижесінен қуат алған көтерілісшілер енді Сарытастағы балықшылар қонысын қиратып оны өртеп жібереді. Бейбіт 21 орыс балықшылары қарсыласамыз деп босқа опат болды. Сарытаста қолға түскен балықшы қайықтары да әжетке жарап,қайықтардан кіші флотилия құрып теңіз бетті торуға кіріседі. Көтерілісшілер 1 сәуір күні Форт-Александровскіге аттанды. 2 сәуірде олар Николаевскі поселкасын талқандап,87 үйді өртеп,8 штаб-офицерді,4 обер- офицерді,2 урядникті 38 казакты тұтқындайды. Бұлардың ішінен кейін 2 обер-офицер,2 урядник,17 казак өлтірілді. 1870 жылы 5 сәуірден-9 сәуірге дейін көтерілісшілер Форт-Александровскіні қоршайды. Қазақтар маяк пен 40 үйлі селоға,жағада жүк тиеулі кемелерге шабуыл жасап өртеп жібереді. 5 сәуірде көтерілісшілеро жеті матросымен қараушысы бар жоғарыдағы маякқа шабуыл жасады. [4,3] 5сәуірден 9-сәуірге дейін көтерілісшілер Форт-Александровскіні қоршауға алса да,қарапайым құс мылтықты,найза,қылышпен жарақтанғандықтан соғыс техникасымен қаруланған аздаған орыс әскерінің күшін жоя алмады. Адам санының басымдығына соғыс техникасының басымдығы төтеп берді. Оның үстіне орыстардан қырғыздар не ілгері ,не кейін жүруге мүмкіндік бермейді, шұғыл түрде 20 казакпен бір зеңбірек комплект патронымен жібер деген хабар алған бекініс капитаны Зелиннінің Астраханға жіберген жедел хабарының нәтижесінде 9 сәуірде фортқа 2 зеңбірекпен жарақтанған 2 рота жаяу әскер пароходпен келіп,бекіністің қорғаныс күшін нығайтады. Осыған қарамастан көтерілісшілер жеңістен күдер үзбей 20 сәуірде Форт-Александровскі бекінісіне қайтадан шабуыл жасайды. Бірақ өкінішке орай бұл кезде бекіністі қорғауға жан-жақтан келген қарулы әскер мен зеңбірек оқтарына көтерілісшілер шыдап тұра алмады.Оның үстіне майор Зелениннің алғашқы мәлімдемесі теңіздің арғы бетіне барып жетісімен телеграф арқылы форт хабары әрі асты. Қалыптасқан дәстүр бойынша бұл хабар әуелі Кавказ әскери округінің қолбасшысына,патшаның Кавказдағы наместнигі ұлы князь Михаилге,одан соғыс министріне генерал адьютант Милютин 12 сәуір күні Кавказ армиясының қолбасшысына төмендегідей жеделхат жолдады. «Маңғыстаудан келген соңғы хабарға қарағанда ондағы жағдай тым шұғыл шешімді шаралар алуды қажет етіп тұр. Патша ағзам онда жіберілген отрядты әсіресе атты әскермен күшейту қажет деп есептейді.Олай қарай тайланған пішен жіберудің мүмкіндігі барма. Маңғыстауға қатысты барлық істі тек,ұлы мәртебелім,өзіңізге жүктеледі.Өзіңіз мақұл деп тағайындаған адамға Маңғыстау уезін түпкілікті тапсыру жөнінде генерал Крыжановскиймен телеграф арқылы сөйлесуге мархабат етіңіз».

[5,3]Ген адьютант Милютин Кавказдағы патша өкілі Михаил тез арада Терек казактарының жүздігін атқа қондырып Петровск портына жөнелтті. 8 сәуір күні осы форттан линиялық

батольонның екі ротасы 2 зеңбірегімен « Түрікмен» пароходына отырды. Соның артынша Астрахань губернаторы мен Орынбор губернаторы Крыжановскийден Маңғыстау бүлігінің жалпылық сипат алып кетпеуі үшін тез әскер жібергелі жатқандары туралы хабар түсті. 10 сәуір күні Шах пароходымен атқыштар батольонының роталары аттанды. Жаңа жасақталған отряд бастығы етіп Михаил бас штабтың полковнигі граф Кутайсовты тағайындады. Оған және Маңғыстау приставтығының міндеті,барлық әскерге қолбасшылық, «Түрікмен»,« Шах» басшылық сияқты төтенше өкілдік берілді.9 сәуірде Маңғыстауда көрінген жазалаушы отрядттың бұл басы еді. [6,3] Михаил бұл әскердің артынан тағы Дағыстан атты әскерінің бір жүздігін,атқыштардың екі ротасын,жоғарыдағы Терек казактарының жүздігін де Маңғыстауға жіберуге дайын қылды. 15 сәуір күні олар аталған кемелерімен жолға шықты. Сәуірдің аяғында Дағыстаннан тағы бір жүздік,терек казактарынан бір жүздік жасақталып алдыңғысы Маңғыстауға,соңғысы Красноводскіге жіберілді. Михаил бұларға қосымша өзінің адьютанты полковник барон Мейендорфты да Маңғыстауға іс сапармен жіберді.Сөйтіп Кавказдан Маңғыстауға әскер жеткізу шығыны қазынаға 400 мың сомға түсті. Маңғыстаудағы көтерілісті басуға Орынборда өз үлесін қосты. Орынбор Жем бойындағы бекіністі күшейту үшін қосымша әскер күшін шығарды. Осылайша Маңғыстау әскер қоршауында қалды. 1870 жыл мамыр айы көтерілісшілер үшін қаралы да қайғылы ай болды.Көтерілісшілер жазалаушы отрядының қуғындауына ұшырады. Оңтүстігінде Красноводскінің,солтүстігінде Орынбор округінің батысында граф Кутайсовтың отрядтары ауылдарды шауып,малдарды топ-тобымен айдап алды. Көтеріліс жанышталды. Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін елдің басып көшуі кең етек алды. Досан бастаған 3000 үй адай 1870 жылдың желтоқсан айында Хиуа жеріне өтіп кетеді. Ауа көшіп барған қазақтарды Хиуа ханы қоныстандырады. Досанға ерген үш мың үйді Көнеүргеніш пен Хиуаның арасына орналастырды. Досан Хиуа жеріне өтіп кеткенмен ,қолға түскен 1874 жылға дейін отаршылдарға қарсы күресін бір сәт тоқтатпаған. Хиуа мен Аралдың,Үстірт пен Сам құмының, Ақтөбе мен Доңызтау, Аяққум, Шалқар,Ойыл мен Жем бойында патша отрядымен әлденеше рет қақтығысқа түскен. 1873 жылы тамыздың басында Александровскі Фортының пристав бастығы генерал Н.П. Ломакин бастаған патшалық Ресейдің басқыншы әскері Хиуа хандығын да бағындырады. Хиуаны бағындырғаннан кейін патша әкімшілігі баяғы әдісіне салып бір халықты екіншісіне қарсы қоя бастады. Хиуалықтардың орыс отаршылдарына бас көтерерлік қауқары жоқтығын түсінген Досан Тәжиев Маңғыстауға қайта оралып өзінің бұрынғы серіктерімен байланыс орнатып,оларды қолға қару алуға шақырды. Бірақ Маңғыстау қоршауда қалған болатын.Үш айы бойы патша әскерлері Маңғыстаудан кетпеді. Орынбор генерал губернаторы Н.А.Крыжановский әскери министр Милютиннің бұларды келістіріп жазалау керек деген нұсқауына сай көтерілісшілерді қудалаудан аянған жоқ. 1870 жылғы көтеріліс жеңіліске ұшырады. Көтеріліс қатысушыларды жазалау басталды. Дағыстан облысы әскери штабының обер-аудитор прокуроры, кеңесші Карачевтің, Темірхан-Шора әскер басшының аудитор іс жүргізушісі, лауазымды кеңесші Прилисийдің қатысуымен Форт-Александровскі әскер басшысы, подполковник Архангельскийдің басқаруымен сот ісі 1876 жылы 8 наурызда басталып, 12 наурызда аяқталады. Тексеру барысында жинақталған 5 томдық 110 парақ құжат бойынша Досан бастаған көтерілісшілердің тағдыры бас-аяғы 4 күнде шешіледі. Далалық әскери-сот Алғи (Алдоңғар) Жәлімбетовты 10 жылға каторгіге жер аударуға, Тілеуберген Орақовты дарға асуға, Дихан Өтеповты, Шурен Имановты әскери сотқа тартуға, Демесін Жиенбаевты, Әлібай Сүтімбаевты, Өтеген Итемгеновті Сібірге әкімгершілік жолымен жер аударуға үкім шығарды. Қарасай Мыңбаевтың ісін ол Досан туралы дереу беруден бас тартқандықтан және Горячинскідегі қанды оқиғаны тексеру ісі әлі аяқталмағандықтан Орал облыстық бастығының шешіміне қалдырады. Кінәлері жеткілікті дәлелденбегендіктен Табан Досанов, Жарас және Жаманбала Тәжиевтер қоғамдық бақылауға берілсін делініп, ал Табынай Бегешев пен Шолтан Досанов қылмысты істен ақталды, Табынай Бегешевті тұтқыннан, ал Шолтанды кепілдіктен босату туралы үкім шықты. [7,1]

Алғи (Алдоңғар) Жәлімбетов 1870 жылғы көтерілісшілердің басшысы болмағандығы және оның 1873 жылғы Хиуа экспедициясына өз еркімен келіп қатысқандығы ескеріліп, империя губерниясының алыс түкпірінің біріне 7 жылға жер аударуға, Дихан Өтепов, Шурен Иманов көп уақыт тұтқында отырғандықтан олардың ісін әскери сотқа бермеу, олардың өздерін империяның алыс түкпіріне 5 жылға әкімгершілік шарамен жер аудару туралы, Демесін Жиенбаев, Әлібай

Сүтімбаев, Табан Досанов, Жарас Тәжиев, Табынай Бегешев және Шолтан Досановтар жөніндегі Далалық әскери соттың үкімімен келісу жайында бұйрық шықты. [8,1]

Көтеріліс кезіндегі және онан кейінгі көтеріліске қатысқандардың келтірген зияндары мен шығындары айыпкерлердің дүние-мүлкі есебінен төленсін, егер олардың мал-мүлкі ол шығындарды өтеуге жетпесе, онда олардың ауылы, не руы есебінен өндірілсін деген шешім қабылданды. Осылайша Маңғыстау көтерілісі жеңіліспен аяқталды.

Маңғыстаудағы көтерілісте антифеодалдық сипат әлсіз болды. Оның бір себебі адайлықтардың өзге аймақтардан алшақ орналасуына орай олардың арасында рулық-патриархалдық құбылыстар әлі де болса күшін сақтап қалған еді. Сонымен ,көтерілісшілер жеңіліс тауып, аяусыз басып жаншылды Көтерілістің жеңіске ұшырауының да заңды себептері бар. Көтерілісшілердің сенімді тылы болмады, экономикалық базасы да жоқ еді. Көтерілісшілер ауылдарынан қол үзіп кете алмайтын. Олардың шегінетін жалғыз жолы-патша әскерлері тұрақты басып ала қоймаған жартылай шөл аймақ Үстірт болатын. Көтерілісшілерде алдын ала ойластырылған саяси бағдарламада болған жоқ. Тарихта болған 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісі шын мәнісінде тек Маңғыстау өлкесін мекендегендердің ғана патшалық режимге қарсы бас көтеруі емес, бұл сонымен қатар,бүкіл қазақ қауымының Ресей империясының отарлаушылық тойымсыздығына қарсы тойтарыс беруді мақсат еткен ең ірі де, ең ақырғы да айқас болатын. Өйткені мұнан кейін Ресей патшалығының отарлық құрығына амалсыздан мойынсұнған бүкіл қазақ ұлысында бұдан әрмен қарай ел болып көтеріліп,зеңбіректі әскермен айқасардай қайрат қалмаған еді. Олай болса бір жарым ғасыр бойы жартылай тәуелсіз бодан болып өмір кешіп келген елдің сол күйінен айырылып қалмауды мұрас біліп, тұяқ серпер ақырғы айқасының бүкіл ұлт тарихында ерекше орны болуы заңды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Ақиқат. 1996, №3.

2.Маңғыстау энциклопедиясы 1997.

3.Спан Ә. Иса Тіленбайұлы : Тарихи танымдық баян – Алматы: « Нұрлы әлем » баспасы.

ӘОЖ: 378:37.01(045)

ЖАҺАНДАНУ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ: ҚАТЕРЛЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Кульбаева А.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Андатпа. «Ғалымдар 2050 жылы адамдардың барлық зияткерлік әлеуетін басып озатын жасанды интеллект қалыптасатынын болжауда. Адамзат өзінен мықты құбылыспен бетпе-бет келеді. Сонда не істейміз? Оны қалай жеңу керек? Бұған дайын болу үшін әлемдегі үздік оқу орындары өздерінің зерттеу орталықтарын құрып жатыр, мақалада осындай күрделі мәселелер қарастырылып және тақырып жан-жақты талқыланды.

Түйінді сөздер: жаһандану, зиялы ұлт, әлем, тіл, қазақтану.

Қазіргі әлемнің табиғаты мен әлем дамуының болашақ бағдарлары туралы мәселе көтерілгенде көптеген белгілі де беделді саясаттанушылар ең алдымен жаһандануды ауызға алады, соны талдайды. Бұл ғасырлар тоғысындағы ең бір көп талқыланған, сонымен бірге әліде болса ең жеткіліксіз, зерттелген, барлық құпия қырлары ашылмаған беймәлімдеу, күрделі құбылыс.

Әзірге ең бір басты қорытынды – түптеп келгенде, қазіргі әлемдегі оқиғалар үрдісі мен дамуы бүкіл Жер шарын қамтитын жаһандану процесімен сипатталады. Жаһандану процесін, табиғаты мен барысын түсіну әлем елдеріне оның табиғаты мен объективті даму үрдістеріне

сәйкес даму стратегияларын белгілеуге мүмкіндік береді. Ал бұны анықтау оңай іс емес. Бұл жердегі ең басты және күрделі мәселе – жаһанданудан туатын байланыстар мен басымдықтармен қатар олардың қызметі нәтижесінде түзілетін барлық салдар мен себептерді көру, анықтау және тану жөнінен қиында күрделі санаткерлік істерді жүзеге асыру жауапкершілігі [1].

Жаһандану деп аталатын әлемдік саяси-әлеуметтік, экономикалық-қаржылық, экологиялық, миграциялық-демографиялық сан-салалы құбылыс бүкіл адамзат үшін үлкен сын. Оның біліктілігі мен біліміне, қоғам дамуының табиғатын, заңдылықтарын білуіне, талап-таңдауына төтенше жауапкершілік қойып тұр. Жаһандану үдерісінің әлемдік алпауыт – «үлкен сегіздік», «ірі 20» деп сұрыпталған, әлемдік саясат пен экономиканың ерекше әлуетті елдерінен гөрі Қазақстан тұрпаттас жас мемлекеттер үшін экономикалық-саяси қатері бар екенін бір сәт естен шығаруға болмайды. Ол, ең алдымен жаһандану, экономикалық интернационализация процестерінің ұлттық мемлекеттердің бүкіл болмыс-тіршілігіне түсірер салмағының күрделеніп, ұлттық терең мүдделер, ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан бұрын соңды болмаған жаңа міндеттерді қоюына байланысты.

Руханият саласындағы проблемалар туралы айтқанда ең алдымен ел азаматтарының, әсіресе, жастардың бүкіл рухани дамуымыздың экономикалық-қаржылық, ұйымдық-құқықтық тұрғыдан басты тірегі һәм кепілі ұлттық мемлекетті нығайту, оның тәуелсіздігін бекемдеу екенін түсінуі [2].

Бұл реттегі мәселенің күрделілігі мен маңыздылығы халықаралық аренадағы мына бір жағдайғалардан туатындығына назар аударуды қажет деп есептейміз. Қазіргі жаһандану, жаңару және мүдделер тайталасы мен қайшылығы жағдайындағы әр ұлттық мемлекеттің алдында тұрған күрделі міндет – өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін, тұтастығын, экономикалық дербестігін, ұлттық өзіне-өзі сәйкестігін сақтап қалу. Әлемдік алпауыт, дүние елдерінің экономикалық қуатын, адамдық, интеллектуалдық ресурстарын өз мүдде-мақсатына еркін билеп-төстеген транснационалдық компаниялардың, көптеген әлеуетті халықаралық ұйымдардың саясаты мен нақты іс-әрекеттері көп ретте жеке мемлекеттердің ұлттық мүделеріне қайшы келетіні – әлмасақтан белгілі саясат. Бұл құбылыс кейінгі кезеңде тіпті ерекше бой көрсете бастады. Жаһандану тереңдеген, әлемдік саяси кеңістікті жайлаған сайын осы уақытқа дейін халықаралық мемлекетаралық қатынастарда сонау 17 ғасырда Вестфаль шартынан кейін мойындалған, танылған құндылықтар тарих сахнасына енді ғана шыққан көптеген жас мемлекеттер табиғаты мен ауқымын енді танып-түсініп, өздеріне мұрат етіп ұмтылып оырған мемлекеттік-ұлттық егемендік мәселесінің өзі терең дағдарысқа түсіп, оған үлкен қатер төніп отырғандығына әлем ғалымдары, ұлттық интеллигенция, саясаткерлер, дипломаттар алаңдаушылық білдіруде. Олар жаһандану процесін әлемдік игілік, жатымды құндылық деп бір жақты бағалаудан бас тарта бастады. Өйткені, жаһандану мен халықаралық байланыстардың дамуы әлеуметтік және билік институттарын уақыттық-кеңістік тұрғыдан трансформациялануына түбегейлі әсер етіп, биліктің құрлықаралық және аймақаралық жаңа нысандарын қалыптастыруда. Дәл осы үрдіс ұлттық мемлекеттер болашағына қауіп төндіруде. Осылайша, формальді түрде халықаралық қатынастардың базалық бірлігі болып табылатын ұлт-мемлекет институты жаһандану қысымынан трансформацияға түсіп, мемлекеттердің ішкі істеріне араласпауға болмайтындығы, оның ұлттық егемендік деп аталатын мойындалған, танылған қағидатты бұзатындығы туралы дәстүрлі көзқарас уақыт өткен сайын көмескеленіп, ал іс жүзінде едәуір ыдырауға түсуде. Және мұндай құбылыстар мен көзқарастардың институционалдық факторы, дем берушісі болып әмбебап халықаралық ұйымдар, мемлекеттен үстем юрисдикциялар, әртүрлі халықаралық режимдер, болып табылады [1].

Жаһандану үдерісінің басты теоретиктерінің әрі дем берушілерінің бірі – АҚШ-ның Гарвард университетінің профессоры К.Омае бастаған бір топ ғалымдар ұлттық мемлекеттің адамзат қауымдастығының бастауыш экономикалық және саяси бірлігі, негізі ретіндегі ұстанымдардың күні өткендігі, тіпті олардың саяси тарихының ақыры таянғандығы туралы пікірді ашық айта бастады. Олар өз ұстанымдарын дәлелдеу үшін ұлттық мемлекеттердің қазіргі заманның сындарына жауап беруде бой көрсетіп отырған әлсіздігін баса көрсетіп, ұлттық мемлекеттер келешекте өзінің мәртебелік құқықтарынан кейбір әлеуетті халықаралық ұйымдардың пайдасына бас тартады дегенді айтады. Қысқасы бұның барлығы, түптеп келгенде

ұлттық мемлкеттер эволюцияға түсіп, жаһандану жағдайындағы саяси тәртіпке сай келетін, егемендік құқықтары тежелген, сыртқы күштер бүкіл тіршілігін бағыттайтын ұйым болады, олардың «мемлекет-ұлт» деген табиғаты, сапалық белгісі көмескіленіп, жойыла бастайды деген болжамды негіздеуге ұмтылған.

Мұның бәрі, Қазақстан мемлекетінің, қазақ халқының ұлттық мүдделеріне де қайшы келетін ұғымдар.

Осындай халықаралық идеологиялық, танымдық ахуалда не істемек керек? Қандай әрекет қажет? Халықаралық деңгейдегі позицияны нығайтудың негізі – елдің ішкі саясатында, оның бірлігі мен тұтастығында, елдің экономикалық-әлеуметтік, рухани-мәдени салаларындағы кадрлардың сапасында. Жаһандану кезеңдегі бәсеке, жаңа технологиялар мен өнім өткізу үшін күрес – кадрлардың мүлде жаңа тұрпатты ұрпағын қажет ететінін түсіну керек. Президент Н.Назарбаев жастармен кездесуінде интеллектуалды ұлтты қалыптастыру міндетін қойды [1].

Қазақстанның қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілетті елдер қатарында сап түзеуінің, жаңару үдерісіндегі ең бір күрделі міндеттерді шешудің сапасы мен қарқыны еліміздің рухани саласындағы ахуалға, оның жалпы қоғам дамуындағы күрделі проблемаларды шешуімен бір арнада, бір мақсатта дамуына байланысты. Рухани саланың нығайтудың, оның сапасы мен беріктігінің іргетасы – адам, адамның әлеуеті. Өйткені адам, оның білімі, мәдениеті, көзқарасы мен дүниетанымының өзі өмір сүрген қоғаммен етене бітісіп, соған сәйкес, барабар, тахылеттес болуы, сол қоғамның мазмұн-мәнін құраушы, жасампаз күшке айналуы – әр қоғамның биік мұраты, ал қолы жетсе басты игілігі.

Жаһандану заманындағы қоғамдық қатынастардың күрделеніп, ақпараттық тасқындардың алапат сипат алып, адамның осынау күрделі уақыттың қатері мен сынында сол дүниенің бір кішкентай тетік-қиыршығына айналып кетпей, өз орнын табуы – күрделі мәселе. Және дәл осы мәселе қашаннан да ойшылдарды ғасырлар бойы толғантқан, жанын күйзелткен.

Басқаларды - әлемдік ойшылдырды былай қойғанда, ұлттық қасиеттіміз, болашақ заманның күрделілігін, қайшылықтылығын, ауыртпалығын әлемдік деңгейдегі бір ақыл иесіндей сезіп, қабырғасы қайысқан Абай данышпан: «Заман қалыбында тұрмайды, Біреу малды ұрлайды, Біреу басты қорлайды,… Болмаған зоң Жылауына зорлайды» дей келе, ойшылдың XX ғасырдың басында-ақ (1902 ж.) «Заман, шаруа, мінез күнде өзгереді» деген болжам-тұжырымы бүгінде жаңа дәуірдің басты шындығына айналып отыр [3].

Адам қай қоғамда да негізгі жасампаздық күш. Ал Қазақстан тұрпаттас жас мемлекеттер үшін бұл төтенше маңызды категория. Қазақстан өзін-өзі тәуелсіз мемлекет деп жариялаған соң біз қоғам мен адам дамуын өзі дербес анықтайтын – яғни өз тағдырын өз шекарасы шеңберінде өзі шешетін іргелі ел дәрежесіне жеттік. Бұның барлығы тәуелсіз Қазақстандағы адам факторына, адамның ел дамуындағы орны мен рөліне, олардың мазмұны мен даму үрдістерін анықтайтын құндылықтарды мүлдем жаңаша бағалап, пайымдауды қажет етеді. Бұл жердегі ең бір назарда болатын мәселе – адам факторы, адам капиталы деген сөздердің тағыда насихаттық қызыл сөзге айналмай, қоғам дамуының терең қажеттері және ел, ұлт мүддесі тұрғысынан пайымдалып, танылуында жатыр. Адам – тәуелсіз Қазақстан дамуының, толысуының сенімді факторына айналуы үшін алдымен оның төл проблемаларын шешуді пайымдап, саралап, түсініп, содан кейін мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қуатының бүкіл әлеует- мүмкіндігімен шешу керек. Адам факторының мазмұнын құрап, оның қоғам игілігіне қажетті әлеуетін ашар құндылықтар, біздің пайымдауымызша, оның білімі, дүниетанымы, өмірлік ұстанымдары, ең алдымен өзін сол қоғамның иесі, жасампаз күші ретінде сезініп, алдыңғы ұрпақтан мұра болып жеткен дәстүрлерді, тәрбиелік, рухани құндылықтарды бойына сіңіре отырып, өз бойындағы жасампаздық қуатты ұлт, ел игілігіне жұмсауының сапасы деп түсінген жөн.

Еліміздегі қазіргі кезеңдегі адам, оның білімі мен мәдениеті проблемалары төңірегіндеі ойланған кезде кезде біз ең алдымен адамның қазіргі бүкіл болмыс-табиғатын, сипатын ашатын, оған әсер ететін өзекті құбылыстарды, тенденцияларды, жинақтаушы, басым бағыттарды ғана емес, сонымен бірге басты қатерлерді ашуға ұмтылуға тиіспіз. Өйткені, қазіргі жаңарған әлем тек ғылым мен техниканың жетістіктері әкелген игілікті, гуманистік қазына-құндылықтардан ғана тұрмайды. Ол, сонымен бірге, әлемге сол ғылым мен техниканың табысы әкелген және жеке

пенде мен саясаткерлердің, тіпті қайсібір мәселелерде бүкіл мемлекеттің эгоистік пиғылы мен мүддесінен туған ондаған қатерлер мен қауіптердің де нақтылы бой көрсетуімен сипатталады [4].

Біз бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарында сап түзегіміз келеді. Ол мәртебелі мақсат. Мақтануға, бағалауға тұрарлық ұмтылыс. Бірақ оның үлкен еңбекпен, әсіресе, білім саласындағы үлкен серпін, сапалық түлеумен келетінін пайымдай бермейміз. Белгілі саясаткердің сөзін өзгертіп айтқанда, қазіргі заманғы индустриалды-технологиялық және ақпараттық капитализмнің ішіп-жемге толы нарық дастарханындағы табысты, жайлы де мәртебелі орынан бізге ешкімде мүсіркеп, ығысып төр бермесі анық. Оны тек бәсекемен, интелектуалдық жанталаспен, кемел біліммен, технологиялық шеберлікпен, дәл экономикалық есеппен ғана алуға болады. Және бәрінің кілті – білі мен ғылымда жатыр. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан дамуындағы білім саласының рөлі елдің алдындағы күрделі міндеттерден туындайды. Бүгінгі әлемдегі білімнің экономика мен қоғамның жаңа сапасын қалыптасырудың маңызды факторы ретіндегі маңызының артуы адам капиталының артуына байланысты екендігі белгілі.

Ал адам капиталын нығайтудың басты тетігі білім парадигмасын өзгертудің негізінде жатыр. Жаңа парадигмаларды қалыптастырудан туатын проблемалар жеткілікті.

Еліміздегі білім сапасының нашарлығынан жастар шет елдерде оқуға ұмтылуда. Бүгінде еліміз бойынша көптеген жастарымыз шетелдерде оқуда.

Бұл айтылған мәселер келешекте еліміздегі білім беру жүйесіндегі қазіргі ахуалды, ондағы педагогикалық кадрлардың сапасы мәселесін еліміздегі инновациялық-индустриялдық дамудың стратегиясына сәйкес қайта сын көзімен қарап, оның даму бағыттарын нақтылауды қажет етеді.

Еліміздің рухани саласын нығайтудағы мемлекетттік тілдің мол мүмкіндгі туралы айту қажет. Бұл күндері елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі нысанасы елімізде этносаралық, жалпы қоғамдық татулық пен келісімді нығайтудың институттарын нығайту. Сол институттардың ішіндегі ең бір әлеуеті мен мүмкіндігі молы әрі рухани-мәдени, әлеуметтік-саяси кеңістіктегі ауқым –мазмұндылығы жағынан ең бір әлеуеттісі мемлекеттік тіл. Мемлекетттік тіл – Қазақстандағы барлық этностарды топтастырудың факторы, ұлтаралық қатынастың аса маңызды құралы.

Мемлекеттік тілдің Қазақстандағы біріктірушілік, топтастырушылық, ықпалдылық, жасампаздық, ұлтаралық қатынастың құралы рөлін нығайту - өміршең, маңызды, әрі көпсалалы, көпқырлы проблема. Ол Қазақстан мемлекеттігін нығайтудың, оның бәсекеге қабілеттілігінің, қала берді ұлттық қауіпсіздігінің де аса маңызды құрамдас бөлімі. Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестігінің (идентичность) де аса маңызды талабы екендігіне біз кейде тиісті мән бермейміз. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 1996 жылғы 23 мамырдағы өкімімен бекіген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестігін қалыптастыру тұжырымдамасында» - «мемлекеттік сәйкестіктің аса маңызды белгісі -– мемлекеттің тілдің болуы және тіл саясатында белгілі бір басымдықтарға еру» деп атап көрсетілген болатын [3].

Егер «Тіл туралы» Заңда және басқа да заңнамалық актілерде жинақталған принциптер мен нормаларды, бүгінгі қоғамдық қатынастардағы үдерістерді, білім мен мәдениет саласындағы ахуалды саралай келе мынадай нақты қорытынды жасауға болады – қазіргі кезеңде мемлекеттік тіл этносаралық (ұлтаралық) қатынастың аса маңызды құралы. Бұл қорытындыны былайша дәлелдейміз.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында нақты көрсетілгендей – Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Ол Қазақстан мемлекеті мен қоғамының, этностардың тіршілігін анықтап, елдің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында: экономикада, әлеуметтік-рухани салада, қорғаныс ісінде, мемлекеттік басқаруда, бұқаралық басқару құралдарында қызмет істейді.

Екіншіден, мемлекеттік тіл Қазақстан халқының басым көпшілігі болып табылатын мемлекет құраушы ұлттың тілі. 2009 жылғы Жалпы ұлттық халық санағының аладын ала белгілі болған, толық емес деректері бойынша қазақтар қазірдің өзінде еліміз халқының 67 пайыздан астамын құрайды.

Үшіншіден, мемлекеттік тіл бүгінде Қазақстан халқы санында едәуір үлесі бар, яғни бір жарым миллионнан астам ел азаматтарын құрайтын, түркі-қыпшақ тілдері тобына жататын өзбек, татар, ұйғыр, әзірбайжан, түрік, қарашай, башқұрт этностарының тілімен туыстас, етене

жақын, ортақ заңдылықтары мен ережелері бар, олардың толық игеріп, меңгеріп, білуіне ыңғайлы, олардың көбі қазірдің өзінде жақсы білетін, тіл. Елімізде 360 мыңдай өзбек, 270 мыңдай татар мен ұйғыр, 80 мыңға жуық әзірбайжан, ондаған мың башқұрт, түрік, қырғыз, қарашай, ноғай этностарының өкілдері тұрады. Олар үшін қазақ тілі баяғыдан-ақ мемлекетқұраушы, байырғы қазақ жерінің иесі қазақтармен де, сондай-ақ өздері де бір-бірімен, күнделікті тіршілік пен адами өзара сөйлесу-араласудың, ондаған жылдар бойы сыннан өткен шынайы туысқандықтың, тамырластықтың, достықтың тілі болғандығы - өмір шындығы, олардың ортақ игілігі.

Төртіншіден, қазақ тілінде сөздердің айтылуы мен жазылуының арасында айырмашылық жоқтың қасы. Біз қалай сөйлесек солай жасамыз. Бұл мемлекеттік тілді өзге этностар өкілдерінің үшін игеруіне қолайлы болып табылады. Қазақ тілінде диалектінің болымсыздығы, ұлан байтақ еліміздегі - батыс пен шығыстың, оңтүстік пен солтүстіктегі, тіпті әлем қазақтарының ортақ бір әдеби тілде сөйлеуі – мемлекетің тілді игеруді жеңілдететін тағы бір фактор. Қазақ әліпбиінде басқа халықтарға ортақ киррилицаның пайдаланылуыда оны оқып-үйренуге қолайлы жағдай жасаайды

Бесіншіден, этносаралық қатынастаң аса маңызды құралы тіл ретінде мемлекеттік игеруге мол мүмкіндіктер бар, оны барлық жірде бірдей және жан-жақты қолдануға нақты жағдайлар жасалынған. Мемлекеттік тілдің қоғамдық функциясы әбден нығайып, ол қоғамдық өмірдің барлық саласында өзінің лайықты орнын үнемі бекіту үстінде. Кезінде тілші–теоретиктер негіздеген тілдің негізгі алты–жеті функциясының барлығы да мемлекеттік тілдің қызметінде еркін көрініп, барған сайын бекуде. Соның нақты дәлелі - елімізде мемлкеттік тілде сан-салалы, не бір күрделі қоғамдық қатынасатарды реттейтін мыңнан астам заң қызмет істеп тұр [4].

Мемлекеттік тілдің жоғарыда көрсетілген аса маңызды мемлекеттік- қоғамдық, рухани-әлеуеметтік әлеуетінің негізі мен мәртебесінің терең конституциялық-заңнамалық, ұйымдық-құқықтық, басқарушылық берік негізі бар.

Дәл осындай ұйымдық-құқықтық алғышарттар, бүкіл мемлекеттік басқарудың барлық тетіктерінің мемлекеттік тілде қызмет жасауы оның бойындағы мол әлеует пен мүмкіндікті жүзеге асырудың негізі болады.

Қазақ тілінің білім, мәдениет, халықаралық қатынастар, мемлекеттік істерді басқарудың барлық деңгейлеріне етене, молынан енуі оның елімздегі жүйеқұраушы, жүйежасаушы, біріктіуші фактор екендігіде көрсетеді .

Мемлекеттік тілдің топтастырушылық рөлінің рухани-мәдени әлеуетінің қайнар көзі, сарқылмас мол қуаты сол тілдің негізгі иесі, сол тілді түзуші де қолданушысы да , ғасырлар бойы сақтап, әуездеп, әспеттеп, дамытып келе жатқан қазақ ұлтының бойындағы біртума ұлттық мінез-қасиеттер мен үздік адамдық, азаматтық қасиеттерден туады.

Қоғамтанушы ғалымдарда, өзге елдер мемелекет қайраткерлері де, байырғы қазақ жерін мекендеген бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда тұратын этнос өкілдері қазақ ұлтының бойындағы гуманизм, толеранттылық, қонақжайлылық, кеңпейілділік, кешірімпаздық тәрізді қасиеттерін жоғары бағалайды. Танып, мойындайды, осы қасиеттерін көбіне баса айтады. Онда, біздің пайымдуаымызша белгілі бір саяси астарда жоқ емес. Тіпті кейде арқадан қағып алдаусырату, көпе-көрінеу мақтауда айқын көрініп тұрады..

Біздің осы жерде назар аударайық деп тұрғанымыз осы құбылыстағы біржақтылық немес ұлтымыздың түпкі мүддесі, болашақ тәрбиесі үшін зияны тиюі мүмкін кейбір реңктері, астары туралы мәселе.

Ұлтымызды шыдамды, төзімді, толерантты деп, бір жақты ғана айта айта беру қаншалықты объективті? Қаншалықты оның басқа да адамдық, азаматтық, төлтума ұлттық ерекше қадір қасиетін толық береді?

Бүгінгі кезеңде ұлтымыздың бойындағы, туа біткен, ғасырлар бой қалыптасып, сақталып келген өр, намысшыл, батырлық қасиеттерін, отан сүйгіштігі мен Қазақ жерінің біртұтастығы жолындағы ғасырлар бойғы күрескерлік, жанкештілік қасиетін де баса айтуымыз керек.

Осы қасиеттердің барлығы оның тілінде, фольклоры мен жазба әдебиеттінде тұнып тұрғанын айту керек. Соларды пайдалану керек. Мемлекеттік тілдің мол мүмкіндіктері арқылы халқымыздың жоғарыдағы үздік қасиеттерінде насихаттап, еліміздің барлық этностарының да

ұрпағына жеткізу барлық деңгейдегі оқу орындары мен біздің, аға ұрпақтың парызы деп есептеуіміз керек.

Қазақты тек көмпіс, шыдамды, төзгіш, кеңқолтық, момын, деп «жалпақшешейлік» тұрпатында наихаттай беру - біржақты, абырой әпермес әрекет. Әсіресе, бүгінгі жаһандану, ұлттық межелер мен тұрпаттардың жаппай көмескеленуі жағдайында ұлттық менталитетке зияны тиер әрекет.

Ұлтымыздың бойындағы жоғарыда аталған намысқойлық, өршілдік, өзінің ұлтының қасиеттеріне адалдық, отаншылдық қсиеттерін наихаттау ел ішіндегі қоғамдық татулық пен келісімге сызат түсірмесі хақ. Қайта мемлекет құраушы ұлтқа, оның тіліне құрметтеуге бастар үрдіс.

Болмаса, кейде біздің тіліміздің өршіл, намысшыл, дауылпаз рухы басылып қалғандай.

Жылауық, нәрсіз, ұлттық намысы мен өршілдігінен айрылған, бюрократияның қасаң тілінің аясында ғана насихатталатын тілді басқаларда силамайтындығы түсінікті.

Ендеше мемлекеттік тіл оның рөлі насихаттағанда оның бойындағы оны жасаушы ұлттың үздік қасиеттері мен дүние танымын толық, тіл құралы арқылы жан –жақты жеткізген абзал [3].

Тілді Бұхар жыраудың, Қаз дауысты Қазбектің шешендік сөздері, Махамбеттің, одан беріде Жұбан мен Олжастың, Темірбек пен Тыныштықбектердің, бүгінгі жас буын ақындардың өршіл поэзиясы, олардың орыс тіліне және дұрыс, мәнді аударылған үлгілері арқылы ұлт қадірі мен қасиетін насихаттау тек қазақ ұлты мен оның тілі төңірегінде топтасуға қызмет етеді. Мемлекет құраушы ұлт пен оның тілін құрметтеуге бастайды.

Мемлекеттік тіл - әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстармен тең құқықты қазақ ұлтының тіл, қазақ ұлттық мәдениетінің формасы.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қазақ тілі халықаралық аренаға еркін шығып, мәртебесі артып, халықаралық қатынастардың субъектісіне айналды [1]

Мемлекеттік тіл – мемлекеттік тәуелсіздігіміздің, дербестізіміздің теориясы мен нақты практикасының тіліне, алдыңғы қатарлы стратегия мен идеялардың тіліне, ғылым мен техниканың тіліне айналды. Тәуелсіздігіміздің рухани шайқалмас тірегі. Оның осы тамаша мүмкіндіктерін жарқырата ашып, Қазақстан халқын топтастырудың пәрменді тетігіне айналдыру жоғарғы мектеп өкілдерінің, бүкіл ұлттық интеллигенцияның абыройлы міндетідеп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан жолы: тұрақтылық, жаңару және өркенду. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жолдауы http://www.akorda.kz/kz
2. Мырзахметұлы М. Тарих тереңінен – болашақ биігіне// Әдебиет айдыны. 01.03.2017 №08 (105).
3. Смайыл А. Жаһандану: теория мен әрекет// Егемен Қазақстан, 2015 жыл, 28 қазан.
4. Садыков Т.С. Проблемы устойчивого развития высшей школы в условиях глобализации. – Алматы:Ғылым, 2015-208с.

УДК 81.(17)

ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОЧНИКОВ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Таңатар М.
Научный руководитель: Абдешов Д.Д.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан

Аннотация. В статье анализируется письменное наследие, оставленное, средневековыми тюрками. Авторы работы попытались провести историографический анализ трудов, которые представляют ценные источники изучаемого периода, названный швейцарским востоковедом

Адамом Мецем «Мусульманским Ренессансом». Наследие Баласагуни, Кашгари, Яссави имеют важное значение для всего хода развития тюркской духовной культуры и их изучение необходимо с новых методологических подходов, так как до сегодняшнего дня в отечественной науке еще имеют место стереотипы взглядов на духовно-культурную эволюцию в целом. Необходимо подчеркнуть особенности поэтического философствования, а также размышления средневековых тюрков о боге, вселенной, природе и назначении человека, целиком и полностью вписывающейся в контексте средневекового способа мышления со свойственными ему мировоззренческими принципами.

Ключевые слова: мировоззренческие принципы, поэтическое философствование, наследие, духовная-культурная эволюция, комплексное исследование.

Период IX-XII вв. применительно к мусульманскому Востоку швейцарский востоковед Адам Мец назвал «Мусульманским Ренессансом». Это полностью относится и к духовной культуре Казахстана [1, С.280]. По мнению академика Н.И. Конрада, «Возрождение есть процесс характерный не только для Европы, но представляющий собой «проявление общей закономерности исторического процесса», обязательно наступающего в определенный момент исторического развития народов. Как показывает всемирная история эпохи Ренессанса, возникали у народов «с длительной непрерывно развивающейся и продолжающейся и в наше время исторической жизнью и культурой» каковым являются и тюркские народы [2, С.161].

Слово «тюрк» впервые упоминается в китайских письменных источниках в 542 г. Во второй половине YI в. этот термин получает широкое распространение среди византийцев, арабов, сирийцев, попадает в санскрит, различные иранские языки, в тибетский.

У арабских историков и географов в IX-XI вв. слово «тюрк» появляется как название группы народов и языков, а не как название какого-либо одного народа и государства. В русских летописях 985 г. упоминается племя тюрков, т.е. тюрков как одного из многочисленных кочевых объединений Великой степи. Термин «тюрк» в словаре М. Кашгарского употребляется как по отношению племен вообще, так и для обозначения какого-то династийного племени или этнополитической группировки собственно «тюрков» в отличие от других [3, С.43-44].

А.Н. Бернштам связывал термин «тюрк» с названием определенной общественно-экономической стадии «раннего этапа становления классового общества феодального порядка» [4]. А.Н. Кононов сначала попытался дополнить построение А.Н. Бернштама с филологической стороны: түрк<төркүн<төр, а после подошел к решению вопроса с социально-исторических позиций, разъясняющее термин «тюрк» как собирательное имя, значение которого было понятно на большой территории и которое объединяло многие племена различного расового и этнического происхождения. В таком случае надо воспринимать тюрков как конгломерат [5].

Академик В.В. Бартольд отнес «тюрк» к разряду политических терминов. Это мнение оказалось определяющим. Вслед за В.В. Бартольдом, С.Г. Кляшторный и С.П. Толстов заключают, что это собирательное имя военного союза племен, в котором нет этнического содержания [6]. Такой же точки зрения придерживался С.М. Ахинжанов.

М. Артомонов в отличие от других исследователей считает, что «тюрк» этнический, а не политический термин [7, с.103-104]. Олжас Сулейменов, исходя из своей теории происхождения слова, по которой слово «рассматривается в генетической связи с географическим знакомпервоиероглифом», определяет слово «тюрк» как этноним [8, С.320]. Л.Н. Гумилев близок к пониманию сути этнического имени тюрков [9, С.77].

В X-XII вв. возникли благоприятные условия для развития тюркского литературного языка. Самые известные литературные произведения средних веков «Благодатное знание», «Подарок истины», «Словарь тюркских наречий» написаны на тюркском языке.

Махмуд Кашгари, живший в XI в. является автором «Словаря тюркских наречий» («Диван лугат ат-турк») первого толкового словаря на тюркском языке [11]. В течение длительного периода М. Кашгари изучал язык, фольклор, этнографию тюркских племен, их историю и обычаи. Поэтому М. Кашгари можно назвать первым тюркологом средневековья. По мнению А. Бомбачи, стихи близки к огуз-туркменскому языку, получившей совершенство в XIII в. [12, С.203-205].

Юсуф Баласагуни выдающийся поэт XI века, философ-мыслитель, известный всему Востоку ученый-энциклопедист, крупный государственный деятель. Он написал множество трудов по самым различным отраслям знаний, но до нас дошло принесшее ему всемирную известность только одно произведение – «Благодатное знание» («Кутадгу билиг»), написанное им в 1070 году [13].

В дальнейшем продолжая исследование поэмы А.Н. Кононов и С.Н. Иванов считают «мусульманский элемент» доминирующим в философских основах поэмы, определяя ее первым, старейшим и пока единственным сочинением на одном их тюркских языков, основанным на мусульманской идеологии и пропагандирующим эту идеологию. А.Х. Касымжанов считает, что «Юсуф не просто идеолог, политик, он художник слова. Поэтому философия, язычество, ислам не могли сказаться в контексте «Кутадгу билиг», помимо поэтических традиций, в числе которых главным образом были собственно тюркская поэтическая традиция [14, С.29-32].

Авторы данной работы полагает, что для анализа всего хода развития тюркской духовной культуры важное значение имеют разработки новых методологических подходов, так как до сегодняшнего дня в отечественной науке еще имеют место стереотипы взглядов на духовно-культурную эволюцию в целом. Необходимо подчеркнуть особенности поэтического философствования, а также размышления Ю. Баласагуни о боге, вселенной, природе и назначении человека, целиком и полностью вписывающейся в контекст средневекового способа мышления со свойственными ему мировоззренческими принципами.

Именно с этих позиций, возможно, выявить мировоззренческое содержание текста Ю. Баласагуни. Но целостное и в том числе философское исследование поэмы поможет понять внутренний мир средневекового поэта-мыслителя и его мировоззрение. Изучение творчества Ю. Баласагуни с историко-философских позиций необходимо продолжить. «Книга изречений» как литературный памятник была впервые всесторонне изучена турецким ученым М.Ф. Кепрюлю-заде в книге «Первые суфии в тюркской литературе», выпущенной в 1918 году в Турции, где дан анализ жизни и творчеству Х.А. Яссави [15]. Эта работа до сих пор остается одним из основных источников по ясавиеведению. В 1928 году в Стамбуле он издал рукопись отдельной книгой.

Учение Х.А. Яссави более всего исследовано в Турции, где на протяжении нескольких столетий изучается тюркский суфизм, в котором просматриваются исторические корни турецкой мысли и ее связь с учением Х.А. Яссави. Он неизменно ставится в первый ряд представителей турецкой культуры и, более того, ее национальных мыслителей. Только за 1992-1993 гг. в Турции было опубликовано более двухсот научных статей, книг и газетных публикаций, посвященных Х.А.Яссави. Мировоззрению Х.А. Яссави были посвящены два международных симпозиума в Турции в 1992-1993 гг., по материалам которых изданы два сборника статей.

По мнению Н.Сауранбаева (Қазақ әдебиеті, 1970, 5 маусым), Н. Келимбетова [16, С.166], А.Конратбаева [17, С.92-93], «Диуани Хикмет» написан на тюркском языке по своему духу близкий к древнетюркской поэзии, имеющий историко-культурное и литературное значение. Для нас важно, что данный памятник является духовным наследием тюркских народов.

На наш взгляд, данные проблемы только начинают разрабатываться и поэтому обращение к ней претендует на специальное исследование духовно-нравственных вопросов. Также необходимо комплексное исследование, где приняли бы участие историки, философы, филологи, определяя вклад Х.А. Яссави в общечеловеческую цивилизацию. Тем самым тюркские авторы дают более точное представление об этнических, социальных и культурных процессах в тюркском обществе, чем сведения, оставленные иноземными наблюдателями.

В настоящее время в Республике Казахстан созданы все условия для более глубокого и всестороннего изучения источников, написанных представителями тюркского народа. Государственная программа «Мәдени мұра» дала возможность историкам, филологам, философам и археологам по-новому, с национальных позиции исследовать наследие, требующее трепетно изучить и сохранить для будущих поколений, т.е. духовное богатство, которое в настоящее время находится в соседних государствах. Этому подтверждение научные командировки и стажировки ученых Казахстана в Китае, Иран, Турцию, Россию. Думаем, результаты научных поисков не заставят долго ждать.

ЛИТЕРАТУРА

1.Период IX-XII вв. применительно к мусульманскому Востоку швейцарский востоковед Адам Мец назвал «Мусульманским Ренессансом» [1, С.280]

2.Н.И. Конрада, «Возрождение есть процесс характерный не только для Европы, но представляющий собой «проявление общей закономерности исторического процесса» [2, С.161]

3.Словаре М. Кашгари [3, С.43-44]

4.А.Н. Бернштам «раннего этапа становления классового общества феодального порядка»

5. А.Н. Кононов

6. В.В. Бартольдом, С.Г. Кляшторный и С.П. Толстов

7. М. Артомонов [7, с.103-104]

8. Олжас Сулейменов [8, С.320]

9. Л.Н. Гумилев [9, С.77]

10. «Словаря тюркских наречий» («Диван лугат ат-турк») первого толкового словаря на тюркском языке [10]

ӘОЖ 82-1/9(045)

«ӘР ІСТІҢ БАР КЕЗЕГІ, ТҮБІНДЕ ЖЫРЫМ ТЫҢДАЛАР»

Тәжікен А.Б.
С.Байішев атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада патшалық Ресейдің қазақ өлкесін күшпен отарлау саясатына барынша наразылық білдіріп, өткен ғасырдың еншісіне енген, елінің тарихи бір кезеңін жырына қосып, өзінің талғампаз талантымен дүрілдеп өткен өткен қазақтың аты шулы ақындарының бірі Сарышолақ Боранбайұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы сөз қозғалып, XIX ғасыр әдебиеті көтерген әлеуметтік мәселелерге ақынның қаншалықты үн қосқаны, оның өзінен бұрынғы ағартушылық-демократтық идеяға жақын келетін қандай реалистік мазмұндағы шығармалары бары анықталып, олардың қоғамдық-әлеуметтік, адамгершілік, тұрмыстық мәні бар шығармалары, көтерген тақырыбы, эстетикалық идеалы, әсемдік әлемі, тілі, стилі, өлең өрімі, халықтық сипаты жан-жақты талданады.

Түйінді сөздер: ақын- жазушылар шығармашылығы, «Рухани жаңғыру», дәріптелуі аз ақын-жазушыларымызды жас ұрпақтың санасына сіңіру.

Осы мақаламды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өтіп жатқан «ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРІ» атты ғылыми – практикалық конференцияға жариялауды жөн көрдім. Өйткені, сөздері ел жадында жүргенмен, жыр-толғаулары XXI ғасырдың басына дейін хатқа түсіп, кітап болып шыққан жоқ. Бір кезде «зар заман ақындары» атанған Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері секілді азат ойлы ақындардың шығармалары Қазан төңкерісіне дейін кітап болып шығып, елге тарап, соңынан зымиян қызыл саясаттың кесірінен оқуға тыйым салынса, патша өкіметінің қырына іліккен Сарышолақтың жырларына о бастан тұсау салынған-ды. Сөйтіп, батыс өңірінен шыққан Сарышолақ ақынымыздың есімі, оның адуынды шығармалары дәріптелусіз жатыр. Сондықтан, мемлекет басшысы бекіткен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында неге жаңғыртпасқа? …

Өткен ғасырдың еншісіне еніп, өзінің талғампаз талантымен дүрілдеп өткен Сарышолақ Боранбайұлы туған елінің тарихи бір кезеңін жырына қосып, патшалық Ресейдің қазақ өлкесін күшпен отарлау саясатына барынша наразылық білдірген, қазақтың аты шулы ақындарының бірі. Халық ақындарының қатарында тәрбиеленген Сарышолақ Боранбайұлы 1858 жылы Ақтөбе облысы Шалқар а уданының Қопасор елді мекеніне қарасты «Көпжасар жұрты» деген жерде дүниеге келген. Әкесі Боранбай шағын ғана дәулеті бар шаруа болғанымен, ескіше сауатты, көзі ашық, домбыра тартып, ән салған. Ал оның ағасы Көпжасар халқы үшін мешіт салдырып, өз

аулының тұтқасын ұстаған дәулетті, жұртқа сыйлы, білімді адам болған. Соларды көріп өскен, тәрбиесін алған Сарышолақ рухани жағынан жұтаңдыққа ұшырамайды, әртүрлі аспаптарда ойнауды үйреніп, өткір әрі өнерлі боп өседі. Арабша хат таниды. Ақындық өнерге ерте араласқан ол, ержете келе төселген ақын дәрежесінен жетіп, өз кезінің ірі ақындарымен айтысып, ел жақсыларының көзіне түседі. Бірақ асқар тауы әкеден, арқа тұтар ағадан ерте айрылып, кедейліктің жолын жүре отырып, жоқшылықтың тауқыметін көп тартады.

Шайыр Алты Әлімнен бастау алатын Шекті, оның ішінде Тілеу тайпасынан. Қазақтың біртуар әншілері Ғарифолла Құрманғалиев, Әлібек Дінішевтің орындауларында айтып жүрген «Тілеу-Қабақ» әніндегі Тілеу – осы кісі. Тілеу мен Қабақ – бірге туған екі адам. Тілеу 1630-1684 жылдары өмір сүрген. Кіші жүз биі. Сайрам соғысының қаhарманы. Әз Тәуке таққа отырғанда хан сайлауына қатысқан.

Сарышолақтың:

Атамыз Қара Тілеу – бидің соңы,
Софы әзі Қосым Қожа пірдің соңы…
Сөзімнің жоқ қатасы,
Қабыл болған батасы.
Күлтөбеде сөз салған,

Тілеу – елдің атасы,деген жыр жолдары – соның айғағы. Тарататын болсам, Тілеу ішінде Жалтума аталығы, оның Торша бөлімі. Шайырдың шәкірті ақын Бейіс Жантекенің айтуынша, ол дөңгелек жүзді, түсі сары, көкшіл көзді, үлкен құлақты, қимылы шапшаң, орта бойлы, жауырынды, мығым денелі, қайратты кісі. [1,7]

Табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін жырға қосуда ақынның туған жерін суреттеуі ерекше ырғаққа ие. Әрине, бұл бір жағынан, табиғатқа деген іңкәрлік, екіншіден, өсіп-өнеген дархан далаға, туған жерге, атамекенге деген махаббат. Ақын сезіміне ие болған ұзындығы үш жүз шақырымға созылған Ұлы Борсық құмы жиегіндегі Қопасор, Жомарт көлдерін, Тебен өзенін

Борсықтан көшкен қалың ел,
Қонады өрлеп Тебенге.
Су шалықтап, сең жүрсе,
Толқыны соғар кемереге [1,7]

немесе

Әнекей, Жомарт пенен Қопасорым,
Ну қамыс, иісің ерен қалың қорым.
Қыс бойы мал кетпейді маңайыңнан,
Қоңынан айрылмаған тоқты торым [1,7] - деп асқақтатады.

Иә, сыңғырлаған тіл өзгеше өре тауып, бедерлі сурет салып, терең ой мен биік таным айшығын аңдатады.

Сарышолақ – қайраты мен шешендігі тоғысқан тұлға. Қоғамның қилы саясатына араласып, заманды түзетпек істерді қолға алған қайраткер. Аты шулы би Мырзағұл Шыманұлының серігі, үзеңгілес досы болған.

Мырзағұлды дәріптеуде ақын шабыты тамаша жыр жолдарын туғызған:

Мен бидің жайын айтайын,
Бұл кісі ақылын алмайды.
Өз ақылын дардай-ды,
Тау өртеніп, тас жанса да,
Шабысынан танбайды.
Сөз шығарып сөйлесе,
Құбыладан тұрған дауылдай [2.144].

Мырзағұл Орынбор генерал-губернаторлығына қарасты Торғай облысының қоғамдық-саяси өміріне кеңінен араласып тұрған шағында бірге жүріп, Ақтөбе, Орынбор, Орск қалаларын аралаған, Көкжар, Қарақамыс жәрмеңкелерін көрген өнер адамдарымен, ел билігін ұстаған талай қасқа – жайсаңдармен дидарласқан, яғни «аты барда жер танып, есі барда ел таныған» адам. Бірде Мырзағұл Сарышолақты ертіп алып, Сыр өңіріне нағашылап қыдырып барыпты. Қайтатын күні ел жақсылары жиналып, Мырзағұл мен Сарышолақтан: «Елімізде не нәрсе ұнады, не нәрсе

ұнамады?» - деп сұрапты. Сонда: «Ұнамағанын мен айтайын, сөзімді көтерерсіңдер, ұнатқанын ақыным айтсын, кейінгіге жетер» деген Мырзағұл:

Елің елуге келген адамды, онға толған атты қартайтады екен.
Еркек елуінде толығады.
Алпысында ақылға алдырмайды
Топтан торай шалдырмайды,
Ат он жасында күшіне толығады,
Шабысқа шабыс қосып масығады.
Сіңірі жуантып жұқармайды,
Тұяғы қаңылтып мұқалмайды.
Сауырға қамшы салдырмайды,
Көңілді сөйтіп қалдырмайды.
Ұнамағаны осы болды – десе, оның сөзін іле
Жалғастырған Сарышолақ :
Халқың түгел ер екен,
Жігіттерің нар екен.
Хан тұрса да жасқанбас,
Сөздері де ірі екен.
Туысқанға бауырмал,
Береке ұйып тұр екен.
Ғайбат өсек бойда жоқ,
Ауыздарың бір екен [2.144-145]- деп аяқтайды.

Сарышолақ өз заманында сөзден тосылмаған айтыс ақыны ретінде де ерекше танылған. Шайырдың «бар шығар әр жерде нелер шешен, кеткен жоқ ешкімге де сөзден есем» деуі соның айғағы болса керек. Ақындығының үстіне шешендік, домбырашылық, әншілік – сазгерлік өнер дарыған «Әридаш-ай», «Қарағым-ай», «Тама қыз», «Ұлықұм» атты әндер шығарған.

Дауылпаз ақын рухани дүниеге, тілге бай болғанымен, тіршілік күйінің кедейлігі көп қыспаққа алды. Талай жыр сайыстарда осы кемдігі мойнына артылатын мін болды.

Бірде Құли ақын:
Дәулеті асып-тастап жатпағанмен,
Дүниеден өткен әкең сол Боранбай [1.7]-
деп барып, атасы Әйтпенбетке тиісіп:
Әкеңнің атын сұрасаң,
Құрай сатқан Әйтпенбет.
Шалап ішкен көнектен,
Асын жеген шелектен,
Ақыретке кетіпті,
Жарымаған қорекпен-десе [1.8]
бірде:
Бұл құлдың тілі ащы, бит буғандай,
Қатын жоқ, үйің қайда, о қумаңдай.
Қалыңға беретұғын лағың жоқ,
Әр жерде бір түнейсің ит қуғандай – деп
Сарышолақтың өзін кемітеді.[1.8].

Жоқшылық зарын әбден тартқан Сарышолақ кешегі жарлы – жақыбайды «жарылқаған» Кеңес үкіметіне ұнаса керек еді. Ұнамады. Тіпті, атын атауға тыйым салыпты. Себебі не?

Өйткені ол 1867-1868 жылдардағы реформалардың іс жүзінде асуына, жылғы «Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ережелерге қарсы күресіп, елінің дәстүрін қорғады. Орыстың қолшоқпары болуға, бағынуға төтеп берді. Бұл күресте басты құралы жалынды жырлары болды.

Жауынгер ақын:
Бөріге түсті боқ шұқыған күшіген, Жалпы остар шапты залымдықтың ісімен.
Шындық іздеп шарқ ұрған

Тоқтап жатты мылтықтының күшімен [1.10]- деп
толғанса, ел билеген естілердің биліктен тайдырылғаны хақында :
Белгілі бектің баласы,
Шыға алмады атауға.
Үйірдегі наз бедеу,
Шешілмей қалды матауда.
Келедегі құба үлек,
Пұл болмай тұр сатуға.
Манаураған мырзаның,
Жамбасына тас батты,
Төсекте ұйықтап жатуға- [1.10] деп,

қазақ елінің тарихындағы сол бір сұрапыл кезеңді өткір сөздермен алдымызға жайып салды. Соның салдарынан ақын Ресей отаршылдарынан зәбірді көп көрген, қуғын-сүргінге түскен.

Оның заманы орыс отаршылдарының әбден күшке еніп қазақ өлкесін емін-еркін билей бастаған кез еді. Ресей 1822 жылғы Уставымен хандық өкіметті жойса, 1868 жылғы «Уақытша ережесімен» сұлтандарға тағы да үлкен соққы беріп, енді оңалмастай етіп тұралатты. Неше ғасыр бойы қазақ халқының абыройын қорғаған, іргелі ел болуын қамтамасыз еткен сұлтандар «Ережемен» «село тұрғындары» қатарына қосылды. Ресей хандық өкімет жойылғаннан кейін сұлтандардың отарлау саясатына бұрынғыдан да өшпенді болғанын, хандық өкіметті қалпына келтіруге, Қазақстанды Ресейден бөліп алуға ұмтылғандарын ескерген еді. Аға сұлтандық жойылды, би, батырлар біртіндеп өкімет билігінен ығыстырылды. Әрбір облысты әсери адам-генерал басқарды, облыстар уездерге бөлініп, оларды орыс офицерінен қойылған уездің бастықтары басқарды. Жер мемлекет меншігі деп жарияланды. Салық көбейтілді. Елдің берекесі қашты. Осы жағдаяттың бәрі жасөспірім Сарышолақтың қоғамға деген көзқарасын қалыптастырды. Ақын 14-15-ке келіп, ат жалын тартып, азамат қатарына кірген тұста Ереженің 119-тармағына сай қазақтардың ата қоныстары тартып алына бастаған-ды. Казак-орыс әскерлеріне ең шұрайлы жерлер бекітіліп берілді, көшіп келген орыс мұжықтарына қалаған жерінен үй салуға, саудамен және қолөнермен шұғылдануға құқық берілді. Орыстар дінге де ауыз салды, олардың «Уақытша ережесі» мұсылман дін қызметкерлерінің құқықтарын шектеді, бір болысқа молладан артық сайланбайтын кепке түсті, молдалық атақты бекітетін және оны молдалық атақтан шығаратын облыстық басқарма болды. Тіпті, сұраусыз мешіт салуға, жаңа мұсылман медреселерін ашуға тыйым салынады. Керісінше, 1868 жылдың «Ережесінде» Қазақстанда христиан дінін таратуға бағытталған бірсыпыра параграфтар бар-ды. Мысалы, христиан дініне кіріп, қандай да болса бір селолық қоғамға жазылған қазақтарға жеңілдіктер берілді. Христиан дініне кіргендігі үшін қазақ өлтірілген болса, оның ісі әскери сотта қаралатын еді.

Міне, Сарышолақ осы «зар заманды» басынан өткерді. Сондықтан сөз саптауы мен айту шеберлігі, табан астында суырып салып қарсыласын тізе бүктіруі сол кездегі небір атышулы ақындардан кем болмаса да, біраз уақыт тарихтың ақтарылмаған парақтарының арасында қалып қоюы оны жалпақ қазақ даласына танытуға кедергі жасады. «Ұлтшыл ақын» деген айып тағылып, өлеңдерін жарыққа шығаруға тыйым салынды. Шайыр 1929 жылы көз жұмды. Ал, зерделеп, байыптап, шығармаларын терең үңіле оқығанда ақынға сондай кінә тағуға болар ма еді? Жоғарыдағыдай сыңаржақ пікірдің әсерінен Сарышолақ шайырдың шығармалары жетпіс жылға жуық уақыт бойы қалтарыста қалып қойды.

Алайда Сарышолақ есімі атаусыз қалмапты, жыр жүйрігі Нұрпейіс Байғанин оған арнап деректі «Ақын» дастанын шығарыпты. Шайырды осы дастанның бас кейіпкері етіп алыпты. Қазақтың «Қалауын тапсаң, қар жанар» деген мақалы осындайда айтылса керек. Сарышолақ Нұрпейістің ұстаздарының бірі болған. Бұл дастанды 1939 жылы бүкілодақтық лениншіл жастар Одағының 20 жылдық мерекесіне арнап шығарған. Оны Нұрпейістің айтуынан Мәселе Жаңабаев жазып алған. Нұрпейістің осы дастаны көркем шығармалар конкурсында үшінші дәрежелі бәйге алған. Поэманың толық мәтіні алғаш рет 1940 жылы «Поэмалар жинағы» атты кітапта жарияланған. Үзіндісі сол жылы «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген, кейін ақынның 1950 жылғы жинағына кірді [6.2.].

Қай дәуірде болса да,
Халықта болған батырлар.
Жүректе халық сақтаған,
Талай өжет батыр бар [4.31]

– деп басталатын «Ақын» дастаны негізінен көпті көрген көнекөз ақсақалдың баласына айтқан әңгімесі түрінде құрылған. Шығарманың бас кейіпкері – Сарышолақ ақын. Мұнда Сарышолақ ақынның 1916 жылғы патшаға қарсы күресте қол бастаған батырлығы суреттеледі. Нұрпейіс осы поэмасында:

Ер етекке сүріліп,
Басқа зауал төнген күн.
Жау табылды жақыннан.
Бұлбұлға түсті бұғалық.
Әлімге даңқы шашылған- [4.32] деп,

Сарышолақты алты аталы Әлімге даңқы шашылған бұлбұлға теңейді. Нұрпейістің бұл жолдарының ақиқаттығын бекіте түсетін Сарышолақ ақынның өз сөздері де бар:

Нәсілім Жалтуманың Бестоқалы,
Еліміз мекен еткен Сарықопаны.
Жел сөздің өзім білген арқасында
Әлімге атым шықты алты аталы- [5.8]
депті даңқы ақын.

Ел арасында Нұрпейіс Сарышолақтан бата алыпты деген аңыз бар. Бұлай болуы әбден мүмкін. Себебі:

Егізімнің сыңары,
Тілеу-Қабақ ауылым.
Бірге туған бауырым,
Айт пен Бұжыр дейді жұрт.
Кіші жүздің сауырын- [4.52] деп ақынның өзі

айтқандай, Тілеу мен Қабақ – Нұрпейістің бірге туған бауырлары. Мөңке Тілеудің бел баласы да, Сарышолақтың Тілеудің Жалтума деген немерісінен тарайды. Эпик, ақын Нұрпейістің жас кезіндегі үлгі алған ұстаздары ең алдымен өз бауырлары Мөңке мен Сарышолақ екендігі күмән туғызбаса керек. Біреуін әулие тұтып, екіншісіне арнап «Ақын» атты поэма шығаруы-осының айғағы. Сарышолақтың аса ірі ақын екендігін:

Қарсақ аяқ, мысық бас,
Басқан ізін білдірмес.
Сынаптай сырғып су жұқпас,
Өлең сөзге ілдірмес [5.8]- деп Әбубәкір Кердері де атап көрсеткен.

Жалпы, Нұрпейіс Байғаниннің қаһарманы- Сарышолақ, біз сөз қозғап отырған Сарышолақ екендігіне:

«Жаужүрек ақын Сарышолақ
Кейін қалды соңында» [4.32] – деген дәлел келтіруге болады.
Демек, Сарышолақ – ақын.
«Сәлем айт жалшы кедейге
Сарышолақ шайыр ақыннан» [4.32]
Ол көп ақынның бірі емес, бірегейі, шайыр.
«Шежіре шешен Сарышолақ
Шеменді болды жүрегім» [4.32]
Ол шешен һәм шежіре.

Тағы бір дәлел әрі бұлтартпас айғақ – оқиғаның өткен жері.

«Қопасор, Жомарт, Тебен су –
Көшпелі елдің жайлауы,
Көк майсалы құмайты,
Шұлғытып бие байлаулы,

Ағынды өлке, тасқын су
Тасбұлақтың қойнауы» [4.32]

Иә, «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, кейінгі ұрпақтарының тірнектеп жинастыруы арқасында шайырдың бірқатар шығармалары мәлім болды. Бір қуантарлық жайт, шайыр шығармаларымен қатар, оның хат түріндегі жазбалары бүгінгі күнге дейін сақталған. Соның бірі – Сарышолақтың өз қолымен Көпжасарға жазған хаты. Хатты арабшадан (төте жазудан) аударуға көмектескен Шалқар ауданының зейнеткерлері Тағыберген Меркебай, Қуандық Досмырза және Бөлтірік Сапаров.

Кей тарихи деректерде зерттеушілер шайырдың баласы екеу, олар: Бахрадин, Жамаладин дейді. Ал, шындығында, әйелі Тоқсұлудан төрт бала болған. Олар: Жамаладин, Бахрадин, Амаладин, Тоты (Тоты атты қызы ертеде қайтыс болған). [3.80] Оған мына хат дәлел:

«Құрметті Көпжасар. 1909 жылда» Жысеркен үшбу хатыңды алып қайран болдым. Қисса, толғау және өлең (ғалихатыңды терең ұғып, қайран болдым), жырларды жаттағаныңа Алла Тағала өзіңе қуат беріп, Жалтума аруағы қолдағай. Уфа, Орынбор назаршылары хабар ұйықты силибр бар. Жібек ишан Тәжиұлы жазған өлеңдер толық көшірген Алла қолдағай. Амаладиинге құран бағыштаған. Тоқсұлу науқас. Мен сөз басылғанша Назар елінде боламын. Кітап берерге керек. Алла көрерге жазғай. Дұғай үшбу сәлеммен Шайыр Саршолақ.

Қарақамыс шағырай
Сағынам қиын тұрақты
Жүрген жерлер жырақты
Хабар естіп өзіңнен
Көзде де ұштым бұлақты
Алла хабар келгенде
Ерттерміз әлі құр атты
Елге сәлем де!
Сарышолақ Шайыр» [3.81]

Төте жазудан аударған – Сапаров Бөлтірік. Сонымен қатар, Сарышолақ шайырдың құлпытасындағы жазбалар 1999 жфлф 12 қарашада аударылып, ұрпақ зердесіне ұсынылды. Авторы – Нұрғали Тасмағамбетұлы. Онда:

«… Құлпытас белгісінің ұзындығы – 64 см, ені-15 см, қалыңдығы – 10 см. Бұл жазуы бар бөлігі сәукеле бейнесінде жасалған. Екі қапталы және басқы бөлігі қазақы қошқар мүйіз өрнегімен өрнектеліп қашалған. Құлпытас жасаушысы белгісіз шебер. Біршоғыр тауының ақ тасын төрт қырлы етіп шебер пайдаланған. Құлпытасқа қашап жазуда ескі хиуа және төте араб әріптері қолданған. Үнемі ашық жерде тұрғандықтан құлпытастағы жазулар өз бейнелерін жоя бастаған. Кей жері мүжіліп сынған және қына басқан. Құлпытас жоғарыдан төмен қарай, жалпы араб әрпінің оқылу заңдылығына сәйкес оңнан солға қарай, ал сандар солдан оңға қарай оқылады. Сандар араб таңбасымен қашалған. Қашалған жазу 13 жол. (Руы Бестоқал Шайыр (Сайыр)Сарышолақ (Сарсолақ)Баласы Боранбайұлы (Боранбайоғлы)Офат (Шоқан) 71 жасында (10 йанда) апат болды 1929 Жылда қойылған (қойған)).

Қалған жазуларды оқу мүмкіндігі жоқ. Араб әрпінің асты-үстіне қойылатын белгілері өшкен, жалпы оқу үшін үлкейткіш әйнек пайдаланылды. Зер салып, анықтап қараса, оқып шығуға болады. Бұдан 23 жыл бұрын арабша сауатты Жанғойсыұлы Тасмағамбет Жаныкұлұлы Ораздар ата оқыған. Кейін 11 жыл өткен соң, арнайы іздеумен барғанда, құлпытас төртке бөлінген. Бұл бөліктер тек жоғарғы басы, одан кейінгі бөлігінде құранның фатиха сүресі толық, содан соң Әлім, Тілеу, Жалтума Қараша немесе Торша деген жазу бар бөлігінен кейінгі бөлігі болып есептеледі. Жерде қалған бөлігінде шек таңбасы бар болатын. Жалпы ол жердегі бейіт тастары алынған. Тағы ескертетін жай: Бейіс атамыз, Торша ата немесе әжеміздің бейіттері сол жерде. Сарышолақ Боранбайұлы Бейіс атамыздан кейін алтыншы болып, оң жағына жерленген. Жалпы, қорым Нияз несесе Құдайқұл деп аталады» [3.82-83] делінген.

Мұндай шайырдың мол дүниелерінің сан қырлы зерттелуі баба аруағының алдындағы ғанибет іс болмақ.

Ұл туар неше жігерлі,
Талқандар тұсау шідерді.

Іздер сонда қайдалап,
Бақытым қайта айналад. [3.151]
Елім байрақ ту алып,
Сөзімді іздер қуалап - [3.72]-

деген Сарышолақ туған халқының жылдардың жылында тәуелсіздік аларын, өзінің де қапасты жарып шығарын пайымдаған-ды. Пайымдамаған, анық білген. Өйткені шайырдың көрегендікпен айтқан арманы орындалды. Ұрпағы оны іздеді. 1999 жылы шайырдың туған жері – Қопасор – Жомартта үлкен кесене тұрғызылып, Ақтөбе өңірінің ел азаматтары, халқы жиналып баба аруағына бағыштап ат жүгіртіп, үлкен ас берді. Шайырдың ұрпақтары оның кең тынысты атақты әні «Тілеуқабақ» әнін асқақтата шырқады. Бабасына ұқсап бағып, жыр сайысына шықты. Баба есімі осылайша ұлықталды.

Мінекей, есімі қайта жаңғырған Сарышолақ Боранбайұлы тарих аспанында, әдебиет көгінде жарық жұлдыз болып мәңгілік жарқырай бермек. Осыны ұрпақ жадына сақтауы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Ақтөбе» энциклопедиясы. – Ақтөбе, 2001. – 748 б.
2. Ақтөбе облыстық тарихи-мәдени мұраларды қорғау комитеті. Қолжазба №712- 47.
3. Келімбетов Н.Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі,1998. – 256 б.
4. Абай. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976. -– 140 б.
5 Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы «Жәдігер», «Шамшырақ -Ақтөбе»ЖШС, 48-53б.
6. «Адырна» Ежелгі жыраулар, «Шамшырақ -Ақтөбе» ЖШС, 129-153 бб.

3-СЕКЦИЯ
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ӘОЖ 37.013.28

БІЛІМ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЖИНАҚТАУ МЕН ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Мустояпова А.С., Туребаева Б.З.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі кезде басты тақырыпқа айналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру барысында тұлға тәрбиелеуде бірқатар шаралар атқарылып келеді. Рухани байлық тұлғаның болмысын жан дүниесін тазартып, ішкі қажеттіліктерін, қанағаттандыратындықтан ол үнемі игілікке бағытталады. Білім беру кеңістігінде енуде руханилығымызды сақтап қалу үшін ұлттық, рухани тәрбие жүйесін құру керек. Рухани байлықтың бірінші қайнар көзі ұлттық тағылымдар мен өнегелі істер.

Түйінді сөздер: рухани байлық, руханилық, жеке тұлға, ұлттық тәрбие

Болашақта ұлан байтақ жері мен тілін, ұлттық болмыстын сақтап қалу үшін ұрпақты рухани байлық көздерін іздеуге бағыт бағдар беру маңызды.

Келесі белестен өтуде тарихтың көші алға қарай жылжыған сайын әлем өзгеріп, жаңа ұрпақ келіп, қоғамның жаңаша сұранысы туындайды. Осыдан ширек ғасыр бұрынғы жастар мен қазіргі заман жастарының сұранысы мен талабы арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Өйткені айнала қоршаған ортаның, болашақты тәрбиелейтін қоғам мен заманның күнбе-күнгі өзгерісінде соншалықты шапшаңдық бар. Заман мен қоғам тудырып жатқан өзгерістер құбылмалы да қарқынды болғандықтан ұрпақ тәрбиелеу ісі туралы ел Президентінің сөйлеген сөзінде: «Ұрпағымыз - жауапты да жігерлі, білім деңгейі жоғары денсаулығы мықты болашақ өкілдері. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады...», баяндалған аманатында ұлт болашағы мен ұрпақ тағдырына деген зор жауапкершіліктің биігін көреміз.

Сол өмір ағымы мен ақпараттар тасқынында еркін жүзе алатын жан-жақты қабілетті ұрпақ дайындауда руханилықты басты шамшырақ қылып ұстау маңызды. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі қазақ халық педагогикасы мен дәстүрлеріне қайта оралу ғана емес, ол – қоғамдық өмір талабынан туындаған қажеттілік, мәдениеттің әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрлі түрлерін танып-білу, оның рухани бастауына терең бойлау, туған елінің, ұлтының өзіндік ерекшелігін аялап, сақтауға үйрету.

Рухани байлықтың көзі ол - ұлттық құндылықтар мен даналыққа негізделген, халқымыздың ғасырдан ғасырға екшеп жеткізген асыл мұрасы арқылы ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған тағылымды өнегесі. Рухани байлық тұлғаның болмысын ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыратындықтан ол үнемі игілікке бағытталады. Рухани байлықтың бірінші қайнар көзі – оқулықтар мен әдебиеттер. Сол кітаптар мен әдебиеттерді талдау барысында рухани байлықтың мәнін түсіндірген, бақытқа жету жолдары мен ұлттық тәлім-тәрбиенің маңызына тоқталған ғаламдар мен ойшылардың еңбектерін жастарға бағыт бағдар ретінде ұсынуымыздың қажеттілігі айқындалды.

Рухани байлықты асыл арна деп қарастыру оның адам өміріндегі маңызына ежелгі грек философарының еңбектерінен көреміз. «Дүниенің көзі, тұтқасы, түп негізі - заттық нәрсе емес, рухани дүние»-деп, философ Платон атап көрсеткендей, руханилыққа ұмтылу түпкі талап екендігін, Абай еңбектері жалғастырады. Оның қара сөздері мен шығармалары, өлең жолдары соның дәлелі. «Жүрекке қайрат болмаса» (1998ж.) өлеңінде: Мал да бар жан мен тән, Ақыл, сезім болмаса. Тіршіліктің несі сән, Тереңге бет қоймаса? – деп, жан мен тән құмарлығы рухани байлық көздеріне ұмтылу екендігін меңзейді. Тән мен жан құмарлығының ара жігін ажыратуда хакім Абай жетінші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады; біреуі, ішсем, жесем, ұйықтасам деп, бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Ал біреуі; білсем, көрсем, танысам екен деп, ... көзі көрген, құлағы

естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұны бәрі жанның құмары дейді. Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол не?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ, есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, кісісін тауып, ғалым тапқандардың жолына неге салмайды екенбіз? Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді.» [1] деп білімге, ғылымға, ізгілікке ұмтылып, тән құмарын жан құмары басқарғанда адамның көкірек көзі ашылып, руханилықтың жолына түсетінін баяндаған.

Жан – ләззатқа толы. Сондықтан барлық жан иелері бұл дуниеде ләззат іздейді. Олар барлық өмірін рахатқа, ләззатқа, бақытқа ұмтылумен өткізеді. Бұл әлемде көпшілік адамдар өздерінің тән құмары арқылы ләззат алғылары келеді. Бұл барлық жан иелеріне ортақ болып табылатын өмірдің төрт құбылысы. Олар: тамақ ішу, ұйқы, ұрпақ қалдыру жане қорғаныс. Өмірдің осы төрт көрінісінен ләззат алу үшін жан иелері оларды жетілдіріп, өздеріне түрлі материалдық жағдайлар жасайды. Мұны материалдық өркениет дейміз. Бірақ жоғары жетілген адамдар бұлармен ғана шектелмей, одан да жоғары мақсат қояды. Әр кім бақытты өмір сүргісі келеді. Абай ілімінен шыгатын бақытты өмір кепілі – дененің, жанның және жүректегі жанның құмарын сәйкестікте ұстау. Бұл сәйкестік адамның санасына байланысты құбылып, өзгеріп отырады [2].

Дәстүрлі қазақ қоғамында материалдық байлықтан рухани игілікті жоғары қоятын “Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы” деген моральдық ұстаным қалыптасқан. Осы рухани принцип қазақ қоғамындағы әлеуметтік құндылықтар мен құқықтық нормалардың имандылыққа, әділеттілікке негізделуіне себепші болды. Соған қарамастан қазақ халқы байлықты адам мұратының, әлеуметтік құндылықтардың бірі ретінде бағалаған. “Түстік өмірің болса, күндік мал жи” деген нақыл соның айғағы. Мал-дала өркениетіндегі байлықтың басты өлшемі болды. Мыңғырған мал өсірген байлар дәстүрлі қазақ қоғамындағы экономика және әлеуметтік жүйенің негізін құрады. Олар ауылдастарына, руластарына көмектесіп, мешіт-медреселер ұстап, алғашқы газет-журналдарға демеушілік жасап, талантты жастарды шет елдерде оқытып, қоғамдағы рухани байлықтың сарқылмауына, өсіп-өркендеуіне ықпал етті [3]. Еңбек етсең ғана мұратыңа жетерсің деп, ары мен намысын жерге тастамаған.

Материалдық дүние өткінші, ал руханилық – мәңгі. Руханилық адам бойындағы адамилыққа байланысты болса, материалдық дүние пендешілікке тән. Сондықтан Абай: «менікі» өлсе өлсін, оған қайғырма, өзіннің өзіннен кейінгі ұрпаққа қандай рухани мұра қалдыра алатындығыңды ойлан, бір сөзбен айтқанда пенде емес, азамат, адам бол деп үйретеді [1].

Келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі қашанда ұстаздар мен ғалым-ағартушыларды толғандырған. Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», «Психология» т.б. еңбектері маңызды болып табылады. Ол жас ұрпаққа жан дүниесін байытатын эстетикалық тәрбие бере отырып, дүниетанымын, мәдениетін қалыптастыруды негізгі мақсат етіп қояды. Адам жанының нәзіктігін айта отырып, оның дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуында үлкендердің психологиялық, рухани тірек болуын көздейді. «Тәрбие» атты мақаласында: «Адам табиғаттың емес, тәрбиенің құлы болуы керек. Қиянат, зорлық, бірін-бірі өлтіру тәрбие болмағандықтан, адамның тек табиғаттың құлы болып өмір сүргендігінен», - дей отырып, ол тәрбие мәселесіндегі адамгершілік қасиет пен ізгілікті әрекет етуге даярлық пен мінез-құлық мәдениетіне тоқталып өтеді [4].

Осындай ұлттық тәрбие құралының маңыздылығы жөнінде ғұлама ойшылдарының, ағартушылардың құнды пікірлері, осы мәселе төңірегінде ой түйіндеуге негіз болды.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде ұлттық тәрбиенің түп-тамырын сақтау арқылы ұрпақтың жан-жақты тәрбиелі, дүниетанымы мен мәдениетінің жетік болуын, терең білімді, қабілеттерінің шыңдалуына, психологиялық жай-күйінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік туғызады деген пікірін маңыздылығы жоғары. Баланың ішкі жан дүниесіндегі құндылықтарды, ақыл-ойын, сезімін, еркін жетілдіру барысы ұстаздың жүргізетін тәрбиесінің тұлғаға бағытталуын ұсынады.

Осы деген еңбектегі бөлімдердегі мынадай тақырыптарда: «Ішкі сезімдер», «Сұлулық эстетика сезімдері», «Құлық сезімдер, оларды өркендету жолдары», «Мінез», «Баланың жалпы жаратылысы» дүниетамынын кеңейту, сапалық қасиеттерін қалыптастыруда жағымды мінез-

құлық маңызына ерекше тоқталып өтеді: «Бала шақта алынған әсер ержеткенде адамның ақылының, ой-пікірінің һәм мінезінің қандай дәрежеде һәм түрде болуына негіз салады. Балалықта ылғи жағымды әсер алынса, адам өмір бойы шат көңілді болмақ. Балалықта жағымсыз әсер алынса, адам өмір бойы қасіретке бейім болмақ», - дейді.

М.Жұмабаев: «Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса, өзін аса барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғиық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолда құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі болып шығару. Баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек» - деп айтылған ойды тарқата түседі [5].

Рухани байлықтың негізгі іргетасы – жақсы ойлар. Ойының дұрыс бағытта екендігі адамның сөзінен және ісінен, ниетінен көрініп тұрады. Мұндай адамдар жағымды сөздер айтуға, ықылас білдіруге, сөз көмегін немесе іс көмегін беруге дайын тұрады, басқа адамға ізетті, қате жіберсе кешірім жасауға және кешірім сұрауға да қиналмайды [6]. Ал жаман ойды қалыптастырған адам үнемі адам үнемі басқаның мінін іздейді. Әл-Фараби «сезімдік қабілеті бұзылған адам» деп атаған.

Мағжан Жұмабаев «Адамға қалай да болса, қашан да болса пайда келтіретіндей ой, ләм іс ізгілік» - деп жақсы ой мен игі іспен айналысудың адам тұлғасының дамуына әсерін баяндаған. «Жақсылық та, жамандық та біртіндеп, мысқалдап сіңеді бойға. Сөйте-сөйте бүкіл ойыңды, бойыңды билейді» деген Ғ.Мұстафин жамандықтан қашық болу үшін жаман ойдан, теріс пейілден арылып, ниетін түзуге бағыттаған. Ниеттің тазалығын ізгіліктің бастауы ретінде қарастырған. Адамның таза кіршіксіз ойлары жоғары адамгершілігі, мәдениеті, игі істері мен жақсылықтары оның рухын көтеруге игі әсерін тигізеді.

Рухани құндылықтар көрінісі адамның ішкі жан-дүниесінің жайдарлығын мен іс-әрекетіндегі игі бастамалары, жақсылықтары, адамның сапалық қасиеттерінің сипаттамасы мен көңіл-күйі, сезімінің көтеріңкі болуы, оның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, әлеуметтену дәржесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ішкі ең мәнді құрылымдық элемент. Өйткені, рухани құндылықтар адам санасында орын алып, сана арқылы игеріліп, зерделену нәтижесінде ой қорытындысы жасалынады.

Ұлттық саналы жеке тұлға тәрбиелеуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бағалайтын, оларды терең танып, құрметтеу мақсатын ұстанады. Қазіргі жағдайда, бір жағынан, қазақ қоғамын демократияландыру процесі, жас ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық негіздерін қайта жаңғырту бағыттарын қарастырылса, бірақ екінші жағынан өскелең ұрпаққа сырттан жат бұқаралық мәдениеттің белсенді әсері күшею себебінен тәрбиенің халықтық идеясын қайта жаңғырту, өзектендіру маңызды болып табылады. Сол тағылымнан нәр алған, халқының дәстүріндегі және діліндегі ерекшеліктерді ұғынған тұлға өзіндік көзқарасы арқылы түрлі ағымдардың жетегінде кетпейді.

Әр халықтың өзіндік ерекше тәрбие жүйесі бар, сондықтан бір халықтың тәрбие жүйесін басқа бір ұлтқа енгізу мүмкін емес. Тәрбие ісінде басқа халықтардың тәжірибесі барлығы үшін құнды мұра болып табылады, бірақ дүниежүзілік тарихтан белгілі озық тәжірибелер барлық халықтарға ортақ болғандықтан негізгісін бөліп қарастыру керек. Әрбір халықтың адамгершілік-рухани құндылықтарының берік іргетасы бар, оның өзегі халық педагогикасының өзіндік генетикалық жады болуы тиіс.

Болашақ ұрпақты адамгершілік, салауаттылық, имандық қасиеттер арқылы ғасырлар бойын жетіліп, қалыптасып отырған өзіндік тарихы бар құндылық негізде тәрбиелеу ісін мазмұны бай, тағлымы терең атадан балаға ұласып келе жатқан халық педагогикасы тәжірибесін пайдалану көзделінуде. Ұлттық және жалпы ұндылықтар арқылы тәрбие ісін жалғастыру – рухани дағдарыстан шығудың ең басты жолы.

Білім беру мекемелерінде қолданылатын ұлттық тәрбиенің алғашында қоршаған ортадағы құбылыстарды тану мен бейімделу және өмір сүру заңдылығына назар аудару ғылымда негізделсе, уақыт өте келе ол дүниені қоршаған ортаны тану үшін жай бақылау мен ұғыну ғана емес, сонымен бірге ол күрделі құбылыстардың себеп-салдарын анықтау үшін, ең қажетті – рухани байлық

көздерін іздестіруде білім тәжірибелерін жинақтауға деген қажеттілік арта түсті. Заманның өзгеруі – соңғы ірі бетбұрыстар нәтижесінде қоғамға тиімді тәжірибелердің негіздерін қалыптастыру керектігі саналы түрде қабылданып отыр.

Халық даналығын адамзаттың рухани байлығы ретінде қарастыру үрдіске айналған. Білім беру мекемелерінде осы тақырыпта біраз іс-шаралар атқарылып жатыр. Сабақ барысында рухани байлық көздерін ұғындыру; рухани байлықты бағалай білуге үйрету; рухани байлыққа тәрбиелеу; жақсы ой, ізгі ниеттің адамға тигізетін әсерін ұғындыру; жақсы ойлауға, ізгі ниетті болуға үйрету; айнала қоршаған ортаға ізгі ниет тілей білу - рухани байлық екенін үйрету міндеттерін қойып осы тұрғыда әр түрлі тақырыптар талданады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002.

2. Абайдың рухани мұрасы https://www.proza.ru/

3.https://kk.wikipedia.org/wiki/

4. Аймауытов Ж. Шығармалары. 6 т. шығармалар жинағы. Т.4. Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау / Жүсіпбек Аймауытов; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 382

5.Жұмабаев М. Педагогика (баланы тәрбие қылу жолдары). -Алматы: Рауан, 1992.- 112б.

6. Омарова Р.С. Адамның психикалық энергиясының құпия мүмкіндіктері. – Астана, «Prosper Print» ЖШС, 2016.-104б.

УДК. 101.1:37

ДЕМИУРГ И ДЕРИВАТЫ ОБРАЗОВАНИЯ ЧЕЛОВЕКА

Терегулов Ф.Ш.
Актюбинский университет имени С.Баишева, Казахстан

Аннотация. В работе представлена идея прижизненного формирования интегративного органа сознания персонально у каждого представителя рода человеческого. На основе обобщения биосоциального развития человеческой популяции автор раскрывает последовательную картину усложнения внешне-внутреннего наследования, в которой изначальная сенсомоторика людей наращивается индивидомоторикой, далее корпоративной и завершается «телодвижением» всего человечества. Основанные на моториках социальные каналы циркуляции информации, разномодальное кодирование, конструирование и инструментальное употребление внешних по преимуществу средств составляют суть содержания и технологизации образования. Данные моторики предстают структурно-функциональными частями становящейся человеческой деятельности, и позволяют раскрыть значимость категории деятельности применительно к новым реалиям педагогической науки и практики.

Ключевые слова: мозг и сознание; инстинкт и интеллект; сенсорика, активность и деятельность; внешний и внутренний планы; биологический индивид, субъект деятельности и социальная личность.

Методология современной теории образования

Предлагаемая методология (если угодно, философия) образования указывает выход из создавшегося кризиса, компенсирует исчерпанность основной педагогической парадигмы. В нашей конструкции рассматриваются предельные основания (основного предмета, процессов, механизмов), место и смысл отдельных видов образования в культурном универсуме жизни, понимание человека и идеала образованности, смысл и особенность педагогической деятельности и др.

Человек – многоуровневая, иерархически организованная, встроенно-надстроенная структура, представляющая собой одновременно и индивида, и субъекта, и личность.

Совокупность данных уровней превращает человека в некую всеобъемлющую целостность. В качестве отправной точки для выявления истинного содержания и предназначения образования в судьбе человека мы выбрали проблему биологического и социального.

Дело в том, что миллионы лет биологическое и десятки тысяч лет общественное развитие вида Homo sapiens было направлено, с одной стороны, на развитие органов чувств и адаптационных механизмов, а с другой – на ослабление инстинктов, устранение наследственного закрепления и передачи опыта, способностей. Иными словами, в общественно-историческом развитии рода человеческого биологическая наследственность перестала распространять своё прямое действие на достижения в сфере психического, социального и общественного развития. Общественно-исторический опыт человечества стал накапливаться и закрепляться во внешней, социальной, экзотерической форме. В итоге отмечаем двойственную природу человека и как биологического, и как социального существа. Эта фундаментальная двойственность сопровождает человека на протяжении всей его жизни.

Верно, что многие способности и функции (видеть, слышать, осязать и др.) связываются с существованием соответствующих специализированных, биологически наследуемых морфологических органов и систем. Верно также и то, что многие способности и функции, отвечающие специфически человеческим приобретениям, не могут закрепиться морфологически и биологически наследоваться. Однако эволюция именно этой рассматриваемой ветви жизни в порядке компенсации преобразовала мозг человека в весьма пластичный субстрат, способный выработать соответствующие органы и системы, аналогичные морфологическим. Разница между ними лишь в том, что первые могли появляться только прижизненно, пройдя социальный этап накопления, обработки и фиксации. В общем-то, биология не отменяется, а появление и дозревание высших человеческих приобретений (способностей) и соответствующих органов отсрочиваются и укладываются в некоторые временные отрезки.

Идея модернизации общественного сознания, выдвинутая Главой государства, является абсолютно закономерной и объективно необходимой. Мы находимся на пути становления политической нации. Чтобы занять передовые позиции в мире, каждый из нас и все мы вместе должны изменить своё сознание, мышление, избавиться от устаревших стереотипов.

То, что было инновацией в прошлом, стало традицией, сегодняшние инновации в будущем станут традицией. Такой подход позволит соединить горизонты прошлого, настоящего и будущего

нашего народа, примирить различные полюса национального сознания. Елбасы выделяет ряд основных направлений модернизации как общества, так и каждого гражданина

Модернизация сознания определяет единство наших целей, общность ценностей и силу общественного согласия. Новая идеологическая платформа органически дополняет конституционную реформу, экономические преобразования Третьей модернизации и является ментальным драйвером успешного развития Казахстана в XXI веке. Изменение общественного сознания позволят в меняющемся мире, в условиях новых угроз и вызовов укрепить стабильность, единство, согласие, которые все.[3]

ЛИТЕРАТУРА

1. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. — М.: Молодая гвардия, 1993. — 496 с.

2. Сатаева Л.Г. Истоки культуры мышления и мировоззрения народов Центральной Азии и Казахстана // Науки о человеке в современном мире. -СПб., 2002. -1Ч.- 407 с.

3. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. — М., 2000. — 657 с.

ӘОЖ 811.512.122

«100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» - ҚОҒАМДЫҚ САНА ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Сұлтангалиева М.Д., Мукаева Н.К.
Рудный индустриялық институты, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы қоғамдық сананың жаңғыруы процесінің маңызын ашады. Мақаладағы негізгі мақсаттарың бірі - қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасының жас ұрпаққа білім беру ісіндегі рөлі зор екені, қоғамдық сананың жаңаша қалыптасуының студент жастар тәрбиесіндегі рөлі және жастарды уақыт талабына сай тәрбиелеу туралы айтылады.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, қоғамдық сана, 100 жаңа оқулық, мәдениетаралық коммуникация, тіл білімі.

Жаңғырудың түпкі мақсаты - мемлекетті өзін-өзі дамытуға және өз механизмдерін тұрақты жаңалап отыруға қабілетті жүйеге айналдыру, уақыт талабына сәйкес келтіру. Бұл тұрғыда Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардағы барлық ауқымды жұмыстардың атқарылуы жаңғырту процесінің біртіндеп жүзеге асырылуы деуге болады. Олар еліміздің өз дамуында «Қазақстан 2030 - Стратегиясын» қабылдауы, арайлы Астананы салуы, 50 дамыған елдің қатарына енуі, ЭКСПО-2017 өткізіп әлем жұртшылығына танылуы. Ендігі бағыт белгілі, мақсат айқын, ол - Қазақстанның жаһандық бәсекелік қабілетке қол жеткізуге бағытталған елдің Үшінші жаңғыруын іске асыруы, әлемнің 30 озық елінің қатарына енуі. Дегенмен, ендігі жерде бұл мақсатқа жетуде саяси жаңғырудың да, экономикалық жаңғырудың да табысты болуы бірінші кезекте қоғамдық сананың жаңғыруына тәуелді екендігін түсінуіміз керек

«Халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан, жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуін бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» - дейді А.Байтұрсынов. Ал, осы рухани жаңғыру мен жаңаруда жастарға тәрбие мен білім берудің рөлі зор екені сөзсіз. Әр ел, әрбір мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып, яғни заман талабына сай өзгеріп отыратыны белгілі. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, онда сол қызметке сай бүгінгі жастарды сапалы білім мен саналы тәрбиеге тәрбиелей білуіміз керек. Осы жолда ұстаздар қауымы қосатын үлес – басым болып келеді. Бүгінгі жаңашыл жастарды тәрбиелеуде, ең бірінші міндет, ол – біздің білім беру ұйымдарында. Білім беру ұйымдарының мамандары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты, сегіз қырлы, бір сырлы мамандар болуы керек. Жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруде жаңашалыққа тәрбиелеу, оны осы Елбасымыз көздеген бағыттарға лайықты мамандар жеткілікті болғанда ғана ұлт жоспары толығымен орнydалары анық.

Елбасымыз: «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде» - дейді. Сол бірліктің арқасында бүгін еліміз қарыштап даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түскен мемлекеттердің бірі болып отыр. Ендеше осы Елбасымыз көрсеткен дара жолдан адаспай, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - деп дана халқымыз айтқандай, еліміз алға қойған мақсаттарды шешуде ел болып бірігіп, нақты қадаммен алға басқанымыз жөн!

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс» - деген болатын [2, 6]. Осы мақсатқа қол жеткізуде Президентіміз бірнеше бағыттарды белгіледі. Солардың бірі де бірегейі - «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы еді. Бұл жобаның міндеті – қазақстандық жастарға жаңа гуманитарлық білім беруге негізделген қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық шығару. 100 жаңа оқулық – бұл әлемнің ең үздік оқу орындарында пайдаланылып жүрген оқулықтар, сондықтан да олар бүгінгі буын қазақ жастарының білімін көтеруге, жаһандық өзгерістерді, әлемдік экономика мен әлеуметтік саланың дамуын терең ұғынуға, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге жол ашады.

Жобаны жүзеге асыру үшін 2017 жылы коммерциялық емес “Ұлттық аударма бюросы” құрылған болатын. Жоба аясында тарих, философия, социология, психология, антропология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, инновация, медиа, экономика, менеджмент және кәсіпкерлік салалары бойынша әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарында оқытылатын танымал оқулықтар қазақ тіліне аударыла бастаған еді. Аударма жұмыстарына 90-нан аса отандық белгілі ұстаздар, ғалымдар және аудармашылар қатысып аударма жұмыстарының жоғары деңгейде жасалуына өз үлестерін қосқан болатын. Отандық аудармашылардың арқасында бүгінгі күнде 18 кітап қазақ тіліне аударылды.

Аударылған кітаптардың бірі - «Тіл біліміне кіріспе» кітабы. Бұл оқулық – ағылшын тілінен аударылған, 2014 жылғы оныншы басылым. Оқулық авторлары – Виктория Фромкин, Роберт Родман және Нина Хайамс.

Авторлары жайында мәліметті толықтырсақ, бірінші автор, Виктория Фромкин – профессор, Калифорния университетінде бітірушілер бағдарламасының деканы және проректоры, Америка лингвистика қоғамының президенті болған, Нью-Йорк ғылым академиясына таңдаулы мүшесі, екінші автор, Роберт Родман – Лос-Анжелестегі Калифорния университетінде математика саласының магистрі, лингвистика саласының магистрі және докторы, үшінші автор Нина Хайамс – Бостон университетінде журналистика саласы бойынша бакалавр дәрежесін алған, ғылыми бағыты – балалар тілінің дамуы мен синтаксис, Нью-Йорк штатының Орталық университетінен лингвистика саласы бойынша PhD докторы атанған атақты адамдар[3, 5].

Бұл кітап – кіріспеден, 12 тараудан және арнайы глоссарийден тұрады. Әрбір тарау соңында қорытынды, қосымша оқуға арналған әдебиеттер тізімі, теориялық материалды өз бетінше меңгеруге арналған жаттығулар берілген. Кітап келешек филолог мамандарға, тілші ғалымдарға, тіл үйренушілерге, әсіресе филология факультетінің студенттері мен оқытушыларына және тілге, біл біліміне қызығатын жалпы көпшілікке қарапайым түрде жазылған оқулық болып табылады. Ұсынылып отырған басылым кең ауқымды аудиторияға арналған. Бұл оқулықтағы ақпараттардың басым көпшілігі студенттерге лингвистика мәселелері жөнінде білім алуға, бұқаралық ақпарат құралдарындағы талқылауларға қатысуға және оқытушылар мен студенттерге маңызды лингвистикалық зерттеулерден хабардар болып отыруға көмектеседі. Егер студент тіл үйренуге ниеті болса, немесе әртүрлі дебаттар мен конференцияларға қатысарда осы кітаптан көптеген мәлімет алуға болады.

Ендігі сөз болар кітап, лингвистика саласы бойынша біздің кітапхана қорын толықтырып тұрған 18 оқулықтың бірі - «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» туралы болмақ, бұл кітап орыс тілінен аударылған. Авторы Светлана Тер-Минасова – М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, өзінің ғылыми еңбектері арқылы шет елдерге танымал болған, ол көптеген жылдарын сөйлеудің табиғатын зерттеуге арнаған, мәдениетпен байланысты тіл заңдылықтарын қалыптастыру, шет тілдерін

оқыту әдістемесі бойынша жұмыстары жазған. Кітаптың авторы туралы шағын мәлімет алсақ, оқулықтың өзіне оралайық!

Бұл - «тілді түсіністік құралына, мәдениетті үндестік ұйтқысына» айналдыратын оқулық. Кітап эпиграфы белгілі тіл мамандары Е.М. Верещагин мен В.Г.Костомаровтың «Тіл және мәдениет» атты кітабынан алынған «Адамдар бір тілде сөйлесе де, әрқашан бір-бірін түсіне бермейді. Оның себебі – мәдениеттер ерекшелігінде» деген сөздерімен басталады. Бұдан біздер тіл мен мәдениеттің бір-бірімен тығыз байланыстылығын көреміз. Тілдің негізгі қызметі – коммуникация болса, ендігі жерде ол мәдениетаралық болуы тиіс. Бұл - XXI ғасырдың кереметі. Қазір әлем халықтары тығыз араласып, «шекарасыз әлем» жағдайында өмір сүруге ұмтылыс жасауда. Ендеше, мәдениетаралық коммуникация – әр түрлі ұлт өкілдерінің әрқайсысының жеке тұлға ретіндегі тілдік және мәдени айырмашылықтарының толық және жан-жақты көрінетін тұсы. Мұндай әр түрлі ұлт өкілдері қатысқан мәдениеттер тоғысында әр адам жеке тұлға, сол қоғамның белді мүшесі немесе белгілі бір ұлттық мәдениет өкілі, әрі осы әрекеттің бір субъектісі ретінде көрінеді. Қазіргі кезде әр жеке тұлғаның бойында осы аталған аспектілердің барлығының жинақталатынына қарамастан мәдениетаралық коммуникация деңгейіндегі әрекеттің де өз ерекшеліктері бар. Олай дейтініміз, ол мәдениетаралық деңгейдегі сұхбаттасушыдан тек қана сол сәттегі қатынас құралына айналып отырған тілді білуді ғана емес, сонымен бірге сол елдің мәдени деректерінен де хабардар болуды талап етеді. Ондай деректер сол халықтың тарихынан, мәдениетінен, діні мен ділінен және т.б. құндылықтарынан мәлімет береді. Екі жақты немесе көп жақты мәдениеттер қатынасын дамыту – тек қана бір-бірінің мәдениетіне түсіністікпен және құрметпен қарағанда ғана мүмкін болады. Біздің қолымыздағы бұл оқулық осындай мәселелерді, атап айтқанда, әр түрлі ұлт пен мәдениет өкілдерінің өзара ымыраластық пен ынтымақтастық жағдайындағы түсінісуіне не керек, осы орайда не маңызды деген мәселелерді терең талдап көрсетеді [4, 6].

Оқулықтың студенттер үшін, шетел, орыс және қазақ тілдерін оқытатын оқытушылар, тілші-мамандар үшін, басқа да сала мамандары үшін де көмегі ерекше. Себебі, оқулық кез-келген оқырманды да, мәдениеттер тұрғысында сөйлеушіні де тіл, мәдениет, мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне қатысты көптеген беймәлім мәселелерден хабардар етіп, олардың ерекшеліктері мен маңызын түсіндіреді.

Енді мемлекетіміздің үштұғырлы тіл саясаты тұрғысынан қарайтын болсақ, бұл оқулықта көптеген тілге, мәдениетке қатысты анықтамалар, түрлі жағдаяттар – қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде беріледі. Оқулықта көтерілетін мәселелердің барлығы ағылшын тілін оқытумен байланысты беріледі. Мысалдар ағылшын тілінен алынып, орыс тілімен салыстырылып отырады. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту үстінде де мұны тиімді пайдалануға болады. Мысалы, ағылшын, орыс тілдеріндегі мысалдардың қазақ тіліндегі баламасын беру арқылы немесе берілген материалды келтірілген мысалдарға ұқсас, қазақ тіліндегі мағынасы жақын мысалдармен толықтыру арқылы ұсынуға болады. Қазір «жеті елдің тілін біліп, жеті түрлі ілім үйренудің» заманы, сондықтан да бүгінде «мәдениетаралық коммуникация» термині зор маңызға ие болып, өзекті терминге айналып отыр. Адамдар арасындағы қатынас негізінен сөйлесу, тілдесу арқылы жүретін болғандықтан мәдениетаралық коммуникация жеке адам үшін де, сала мамандары үшін де өте қажет. Осы тұрғыда қазақтың ұлы классигі М. Әуезовтың мына сөздері есіме оралады: «Көп ұлттылық, көп тілде сөйлеу тарихи факт болып отырған біздің елімізде басқа ұлт өкілдері өздері қатынас жасайтын ұлттың тілін, тарихын, мәдениетін білулері керек.” Тілдерді өзге тіл ретінде меңгертетін студенттер өзге елдің мәдени құндылықтарына түсіністікпен, құрметпен қарай білуі, мәдениетаралық коммуникацияда сол білімдерін орынды пайдалана білулері тиіс. Сол себепті С.Г.Тер-Минасованың «Тіл және мәденитаралық коммуникация» атты оқулығы жоғары оқу орындарының студенттері мен аспиранттарына арналған таптырмас оқу құралы, әрі бұл оқулықтың алғашқылардың бірі болып қазақ тіліне аударылуы қуанарлық жағдай.

Сөз соңында біздің институтта оқытылатын пәндерге келетін болсақ (техникалық ЖОО болғандықтан бізде тіл мен әдебиет терең оқытылмайды), кейбір мамандықтардың типтік оқу бағдарламасы бойынша тіл, мәдениетаралық қатынас, халықаралық байланыс, іскерлік қатынас деген ұғымдар туралы осы кітаптан мәлімет алуға болады. Сол сияқты патриотизм мәселелеріне қатысты мәліметтердің, ертегілердің қазіргі заманға сай өңдеп құрастырылған түрлері, мақал-

мәтелдердің, фразеологизмдердің үш тілде аудармалары жақсы, жоғары деңгейде жасалған. Оқулықты кәсіби қазақ тілі, орыс және қазақ тілдері пәндерінің тілге, мәдениетке, тарихқа қатысты кейбір тақырыптарына сәйкес мәліметтер іздеуде пайдалануға болады.

«Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, барлық мемлекеттің алдында заманға сәйкес жаңғыру міндеті тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жал-ғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді», − деп Н.Ә.Назарбаев «Рухани жаңғыру» атты мақаласын қорытындылаған болатын[1, 105]. Елбасымыз бұл мақаласында - сананы жаңғырту туралы айта отырып, әрбір қазақстандықты қазіргі жылдам өзгеріске ұшырап жатқан заманда өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге, өзін заманауи бәсекеге қабілетті адам ретінде қалыптастыруға шақырады.

Біздің жас буын – неткен бақытты десейші...! Себебі әлемдегі ең таңдаулы жоғары оқу орнында оқытылатын кітаптармен өз ана тілінде таныспақ. Бүгінгі күні әлемдік экономикалық үндестікке білім арқылы ғана қол жеткізе алмақпыз. Сол үшін де білім мен ғылым оқулық арқылы келетінін жете түсініп, аударылған жаңа оқулықтармен таныса жүруіміз керек, осы оқулықтардан келешегімізге керегін санамызға тоқи білуіміз керек. Сонда ғана біз өркениетті елдер көшінен қалмаймыз деп сенемін.

Сөзімді қортындылай келе айтпағым, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы – біз үшін үлкен мақсатқа жол салатын, қоғамдық сананы жаңғыртудағы жаңа бастама болып отыр. Дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы оқу орындарында қолданылатын әлемдегі ең таңдаулы оқулықтардың, бүгінгі күнде қазақ тіліне аударылуы біз үшін үлкен мәртебе емес пе?! Бұл оқулықтарды - жас өскелең ұрпақ, яғни жастар өз ана тілінде еркін меңгермек. Осы оқулықтар – жастардың сауатты, ойы ашық, пайымы терең, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына көмегі тиері сөзсіз. Дамыған елдермен тереземіз тең болу үшін жас ұрпақтың рухани сауатты, білімді болғаны маңызды. Бұл оқулықтар – біз үшін, әлемдік өркениет көшінен қалмаудың бір жолы, қоғамдық сананы жаңғыртудағы жаңа бір белес болмақ. Ендеше, іске сәт қазақ тілді оқырман!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласын ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал, Астана, 2017 жыл, 105б.

2. Назарбаев Н.А., «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы Н.Ә.Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2017, 12 сәуір.

3. Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе, 10-басылым, Халықаралық басылым. Алматы:Ұлттық аударма бюросы 2018 жыл,-608 б.

4. С.Г.Тер-Минасова ., Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл, - 320 бет.

ӘОЖ 008:323 (045)

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ САҚТАУ ЖАҢАРУДЫҢ КІЛТІ

Жұматова Ж.С.
Ғылыми жетекші: Урынбасарова Ж.
Ш.Есенев атындағы Каспий Мемлекеттік технология және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Мақаланың мазмұны ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді,жаңаша сезіндіріп, заман талабына сай ұғындыру. Қоам дамуымен қатар ұлттық мәдениетті де дамытуды насихаттау. Көнеден келе жатқан дәстүрлерді жаңғырту. Ұлттық мәдениетті жаңғырту қоғам дамуындағы басты үдеріс.Осы мақсатты көздей отырып, халқымыздың бай мәдени мұрасын игеру, адамгершілікке баулу.Келер ұрпаққа салт- дәстүрімізді саналы түрде жеткізу.

Түйінді сөздер: ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, киіз үй,рухани жаңғыру,жастар, көшпелілер.

Елбасы Н.Назарбаев еліміздің ұлттық құндылықтарын жаңғыртуда ұлттық мәдениетті сақтап қалу маңызды деген байлам жасап отыр.Тарих онсыз да мұны бізге дәлелдеп берді. Ұлттық мәдениетті сақтап қалу қоғамдық жаңарудың бірден бір кілті.Басқаның мәдениетін сол қалпымен көшіру, қолдану бір жағынан машақатты,екінші жағынан біз ойлағаннан да зиянды болу мүмкін.Жаңару деген желеумен құрып кеткен мемлекеттер мен ұлттар аз емес.Жаһандану жүріп жатқан әлемде оқшауланып, яғни ,өзінің ерекшелігін сақтап қалу-жаңғыру мен дамудың бірден-бір жолы.

Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады. Сондықтан осы ұлттық мәдениетті талдауды көшпелілік өркениет ерекшеліктерінен бастайық. Әрбір ұлттық мәдениет қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті- оның тылсымдық сипаты. Мәселен, « ата қоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге қол сұғуға болмайтындығын мойындайды. Ата қоныстың әрбір географиялық белгілері халық санасында киелі жерлер деп есептелінеді, яғни қоршаған орта киелі таулардан, өзендерден, көлдерден, аңғарлар мен төбелерден және т.б тұрады. Олардың қасиеттілігі аңыздарда, жырлар мен көсемсөздерде болашақ ұрпақтарға мұра ретінде қалдырылған. Көшпелілердің мұрасын сақтаған қазақ халқының да салт-дәстүрі, жора-жоралғылары өте көп. Қазақтың ұлттық мәдениетінің осы күнге дейін жеткенінің бір көрінісі- киіз үй.

Халқымыз баспана ретінде пайдаланған киіз үй ағаштан жасалынды, көшіп- қонуға ыңғайлы, жеңіл құрастырылатын. Ағаштан жасалынатын. Киіз үйдің сықырлауығынан бастап, шаңырағына дейін әрбір бөлшегі өз алдына көшпелілердің күнкөріс мұқтажына бастап, рухани талғам-талабына дейін қызмет еткен. Киіз үй көшпелілер үшін кеңістіктей үйлесімді шағын әлем еді. Бұл ретте, киіз үйді адамзат баласының тарихында жасалған материалдық мұралардың ішіндегі бірегей айғақтардың бірі деп қарауға негіз мол. Ал енді, салт-дәстүрлерге тоқталайық. Қайсыбір ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады.Белгілі философ Иоганн Гердер: «Салт-дәстүр, тіл мен мәдениет бастауларының анасы» деген [1]. Халқымыз салт-дәстүрлерге өте бай. Соның ішінде қазіргі жастар көп біле бермейтін дәстүрлерге қысқаша тоқсалсақ. Ат тергеу- адамды сыйлауға арналған ізеттілік әдет-ғұрып. Ұлттық болмыс бойынша әйелдер атасына, қайын ағасына, қайнысына, қайын- сіңлісіне атын атамау үшін қосымша ат қояды. Мұны ат тергеу деп атайды. Мұның өзі халқымыздың қандай текті екендігінің бір көрінісі емеспе пе? Әрі қарай тағы да бір салт- дәстүсімізбен таныссақ. Бәсіре атау- ежелгі әдет- ғұрыптың бірі. Ата- анасы баласына арнап жас төлге ен салады да оны «бәсіре» деп атайды. Бәсіре аталған төл өскен соң сол баланың қажетіне, тойына жаратылады. Оны ен салып, малды таңбалаумен шатастырмау қажет. Ерулік беру- ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, бауырларының бірі туған- туыстарына жапсарлас келіп қонса, көрші- көлемі немесе жақындары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіреді, табақ тартып, қонақасы береді. Мұны ерулік деп

атайды.[2] Өзіміз куә болғандай салт-дәстүрлерімізді осы заманға лайықтап орнымен қолдана білсек, бір- бірімізге жан шуағымызды төгіп, бауырмал боларымыз сөзсіз. Бұл дәстүрлердің кез-келгенін алып қарасақ өзіндік берері мол.

Осы ұлттық мәдениетімізді жаңғырту мақсатында Елбасының: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын да тілге тиек етейік. Бұл мақаланың мақсаты: жас буын өкілдерінің халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсуі үшін осындай бағдардың маңызы зор.

Мақаламызды қорытындылайтын болсам, ұлттық мәдениетін ұмытпаған халықтың болашағы жарқын болары сөзсіз. «Ата салтым-асыл қазынам» демекші,дінін, тілін, салт-дәстүрін берік ұстанған халық әлем кеңістігінен ойып тұрып орын алары хақ!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. И.Г.Гердер Идеи к философии человечества. Москва, 1977. Стр 252;
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік;
3. Қазақ энцклопедиясы, 7- том;
4. http:kk.m.wikpedia.org;
5. aikyn.kz;
6. e-islam.tarmpu.kz; сайыттары

ӘОЖ 378:37.01(045)

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Жайлыбаева А.
Ғылыми жетекші: оқытушы Бағдатұлы М.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Мақалада Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім»-демекші заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтардың білім, біліктілігімен өлшенетіндігі туралы айтылған.

Түйінді сөздер: білім, заманауи білім, бағыт, рухани жаңғыру, жолдау, медиа білім.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны [1].

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады [1].

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [2].

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің

қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде [3].

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының, білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаудың басты мақсаты мамандықтарды игерту ғана емес, әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін кәсіби құзыреттілік мүмкіншіліктері арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін жүзеге асыру — қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі [2].

Қазіргі заманғы ашық, интеграциялы және даралап оқытуға бағытталған білім беру жүйесінде жан-жақты ақпараттандыру шаралары жүзеге асырылуы тиіс. Басқаша айтқанда, ақпараттандыру – білім беру жүйесін модернизациялаудың маңызды бағыты. Оқытуды ақпараттандыру- сан салалы, кешенді, ауқымды үрдіс, оған оқушылар, мұғалімдер және мектеп әкімшілігі қатысады [3].

Бұл үрдіс білім беру басқармасының мектептерге кешенді бағдарлама енгізуі, мектепте, қалада, ауданда, елде бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігін құру, оқу пәндерінде ақпараттық технологияларды пайдалану, біріктірілген сабақтарды жоспарлау, жобалық қызмет, білім беру саласында интернетті пайдалану сияқты шаралардың жиынтығынан тұрады.

XXI ғасыр – ақпараттық қоғам ғасыры, бұл өркениеттің жаңа түрі десе де болады, сондықтан жаңа әлемге үлкен дайындықпен, біліммен және компьютерлендірілген өмір шындығын дұрыс бағалап, түсіне отырып аяқ басу керек. Ақпараттың дұрыстығы мен сапасына деген сенімді қалыптастыру кітапханашының жауапкершілігінде болмақ. Ал, бұл, ең әуелі, медиабілім берумен, сондай-ақ мектепте медиатека құрумен байланысты.

Ресей педагогикалық энциклопедиясында оқушылар мен студенттердің «бұқаралық коммуникацияның заңдылықтарын» (баспасөз, телевидение, радио, кино, видео және т.б.) үйренуге бағытталған медиабілімді педагогиканың бір бағыты ретінде көрсетеді.

Медиабілімнің негізгі бағыттарына:

а) қазіргі ақпараттық жағдайда жаңа ұрпақты өмірге дайындау;

ә) әр түрлі ақпаратты қабылдауға, оны адамның түсіне білуіне;

б) зардабының жүйкеге әсерін түсіне білуіне;

в) техника құралдарының көмегімен қарым-қатынас жасау қабілетін игеруге үйрету сияқты мәселелер жатады.

Еуропа Одағының құжаттарында «медиабілім» (media education) алынған ақпарат негізінде өздерінің ой-пікірлерін айтуға қабілетті, ақпарат құралдарына сыни және өзіндік көзқарасы бар отандық азаматтарды тәрбиелеу мақсатында медиақұзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу ретінде айқындалады. Бұл оларға қажетті ақпаратты пайдалануға, оны талдауға, сондай-ақ ақпаратқа қатысты экономикалық, саяси, әлеуметтік немесе мәдени мүдделерді үйлестіруге мүмкіндік береді.

Медиабілім адамдарды хабарламаларды жасауға, коммуникацияға мейлінше тиімді ақпарат құралын таңдауға оқытады. Медиабілім адамдарға өздерінің ойларын және ақпаратты еркін білдіру құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл олардың жеке дамуына ғана әсер етіп қоймай, сондай-ақ, олардың әлеуметтік тұрғыда белсенді атсалысуын және интербелсенділігін күшейтеді. Бұл тұрғыдан алғанда медиабілім демократиялық азаматтыққа және саяси түсіністікке дайындайды. Демек, адам өмірінің барлық ағымында оқыту тұжырымдамасының бір бөлігі ретінде медибілімді дамытқан тиімді болып табылады.

Ақпараттық технологияны оқыту технологияларының бір түрлі ретінде оқу үрдісінде оңтайлы пайдалану тиімді және ол бүгінгі күннің қажеттілігі. Дегенмен, ақпараттық технологияны басқа технологиялармен бірге кешенді түрде пайдаланғанда ғана қоғам талабына сай жеке тұлға қалыптастыруға болатындығын естен шығармау қажет.

Қазіргі оқытудың негізгі бағыттары:

1.Оқытушы мен оқушының біріккен іс-әрекеті бірізділікпен қаланбай қарым-қатынастың және оқытудың дистанциондық формаларын белгілеу мүмкін. I- түрге барлық дәстүрлі оқытудың бағыттары жатады, ал II- түрге қазіргі замандағы аралық оқытудың арнайы техникалық құралдарымен бірлесіп әрекет жасайды.

2.Сана принцип негізінен оқыту пайда болуда тәжірибе игеріп, Л.С.Виготскийдің «астыдан-үстіге» жолы сияқты және сана принципінде қалыптасқан оқыту. Обьектісіне не жатады деген сұраққа өте маңызды жауап керек Н.Ф.Талызинаның оқытуы бойынша. Егер оқушымен тек қана ереже, құрал ұғынылса, онда бұл форма дәстүрлі, «хабарлы», «догтатикалық» аталып, егер өз іс-әрекеттеріне саналылықпен қарау, анықталған ережелерге бағыныңқы болуы, бұл яғни ойдың іс-әрекеттерін құрылған теориясы (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина). Егер программаны алгоритмдық іс-әрекетті саналықпен қарауды оқытуды жоспарлау немесе алгоритмизациялық теория деп аталады.

Жаңа педагогикалық технологиялар Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

Атап айтқанда: білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде; ақпараттық дәстүрлі әдістері- ауызша және жазбаша , телефон немесе радиобайланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып, орын беруде; баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде; мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі рөліне мән берілуде.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдін болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің

маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді [4]. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі [5].

Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды. ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді.Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады [6]. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір – бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі өзімізден бастауымыз қажет. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.С. Макаренко. Педагогические сочинение. М., «Педагогика», 1988
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.б-б
3. «Қазақстан - 2050»: Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
5. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж
6. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж
7. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012 ж.

ӘОЖ 371(072)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Акжигитова Н.М.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Ұлтқа тән құндылықтар: ұлттың атын жоймай келе жатқан – ұлт өкілдері мен ұлт ұрпағы, бабалардан мирас болған, қазақ жері, ана тілі, тарихы, діні, салт – санасы, әдет – ғұрпы, ділі, дара тұлғалары, сонымен қатар ұлттық мәдени құндылықтар – ұлттық өнер: сөз өнері, саз өнері, сәулет, мүсін, кескін өнерлері.

Түйінді сөздер: Ұлт, тәрбие, ұлттық мәдениет, рухани құндылық, өнер, жеке адам, әлеумет, оқыту, ғылым.

Бүгінгі таңда педагогикалық ойлауға орай оқыту мен тәрбие үрдісіне де елеулі өзгерістер орнығуда. Мұндай өзгерістер бастауыш мектеп оқушыларын оқыту және тәрбиелеуге жаңа талаптар қоюда. Әсіресе әсемдікті түсінетін, мәдениетті, үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуде көркемдік талғамды қалыптастыру ерекше рөл атқарады. Болашақ ұрпақтың көркемдік талғамын дер кезінде қалыптастыру жауапкершілікпен қарауды қажет етеді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында маңызды міндеттер ретінде рухани және мәдени мұраны соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, дәстүрлер мен әдет – ғұрыптарды зерделеудің, әлемдік ғылыми ой – сананың, мәдениеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің толыққанды жүйесін құру мәселелері ретінде: «Білім беруді жаңарту үрдісі деп – ұлтымыздың салт-дәстүрін, мәдени мұрасын, рухани құндылықтарын, яғни оқу-тәрбие үрдісін біртұтас алып жүретін халықтық педагогика негіздерінен құралатын ұлттық идеологиялық бағыттың тұрақты бір жүйесін түсінеміз» - деп айқын көрсетілген.

Шетелдік философия және әлеуметтану ғылымдары құндылық мәселелерін әр жақты қарастырып келеді. Ғалымдар құндылықты тұлға қызығушылығының ұмтылысы мен бағытталуының объектісі ретінде қарастырады және ол ұсынылып отырған бірнеше объектіден біреуіне таңдау жасауға негіз болады деп атап көрсетеді. Р.Б.Перри XX ғасырда өзінің «Құндылықтардың жалпы теориясы» атты еңбегінде «құндылық» ұғымына жан-жақты түсініктеме бере келе рухани құндылықтарға мейілінше мән береді және материалдық құндылықтар емес, неғұрлым әлеуметтенген және эмоциялық тұрақтылығымен ерекшеленетін идеялар ғана мәдениет пен өркениеттің негізін құрайды деген тұжырым жасайды. Перри өз еңбектерінде құндылықтарды қарапайым, күрделі, жағымды, жағымсыз деп топтастырады. Кейбір философтар, Мәселен, В.П.Тугаринов құндылық ұғымына мынадай анықтама береді: «Құндылық-адамдардың қажеттіліктері мен мақсаты, қызығушылығы жағынан алып қарағандағы пайдалы, қажетті және жағымды деп есептелінетін құбылыстар немесе құбылыстардың қасиеті» деп анықтама бере отырып, құндылықтардың төмендегідей топтарын бөліп көрсетеді: 1) өмірдің құндылықтары; 2) материалдық құндылықтар; 3) әлеуметтік-саяси құндылықтар; 4) рухани құндылықтар деп жіктеп көрсетеді. Рухани құндылықтарға білім, ғылым, өнерді жатқызады.

Құндылықтар жеке адамдардың жан дүниесіне, көңіл-күйіне де жағымды әсер етіп, қуанышқа бөлейді, оларды қоғамдық талаптарға ұжымдастырып, рухани бірлестіктерге ынталандырады.

Олар адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынастарына әсер етіп, ондағы әлеуметтік, психологиялық ахуалдың жақсаруына жәрдемдеседі. Тарихи, рухани сабақтастық - жалпы дамудың, соның ішінде ғылыми, көркемдік дамудың да объективті заңдылығы болып табылады. Бұрынғы мен жаңаның арасындағы сабақтастық жоқ жерде ілгері өрлеу, даму болмайды. Өйткені адамзат баласы тарихи дамудың әр сатысында әдебиет пен көркем өнерді, ғылыми жетістіктерді қайталамайды, керісінше жаңаша қалыптастырып, өзгертіп, жетілдіріп отырады.

Адам тек зерделі тіршілік иесі ғана емес, сонымен бірге оның бойында қасиетті рух бар. "Руханилық - бұл сыртқы болмыс әмбебаптығын тұлғаның ішкі ғаламына этикалық негізде айналдыру қабілеті, сол ішкі әлемді құрау қабілеті арқылы үнемі өзгеріп отыратын жағдайдың алдында адамның өзіне сәйкестігі мен оның еркіндігін жүзеге асыра білуі. Руханилық ақыр аяғында өзіндік мағыналық космогонияға, әлем образының тұлғаның адамгершілік заңымен бірігуіне әкеледі" .

Жалпы өнерді рухани құндылық ретінде меңгеруге, игеруге және оның негізінде жаңа образдар сомдауға және адамның мәдениетін қалыптастыруға көмектесетін руханилық құбылысының бірнеше іргелі салалардың бір-бірімен тығыз байланысынан өрбіп отырады. Ал оларды болашақ ұрпақтың бойына қалыптастыруды қажет ететін негізгілеріне сипаттама берсек, төмендегілерді атап етуге болады.

Бұл айтылғандар руханилықтың өнермен байланысын көрсетеді. Әсемдікті көре білген, сезе білген адам оны қоғамның рухани әлемін өз тарапынан толықтыра түседі. Сөйтіп, ол өз іс-әрекеті арқылы адамдар арасындағы сұлулықпен, үйлесімділікпен көмкерілген руханилықтың қалыптасуына, оның дамуына өз үлесін қоса алады.

Өнерлік негіз руханилықтың әлеуметтік салада кең таралуына негіз бола алады. Әрбір өнер туындысы адам әлемін жаңа рухани күшке, рухани ахуалға айналдыруы шарт. Тарихи үрдіс өнерді уақыт таразысынан өткізе отырып, оның керектісін қалдырып сараптаушы, електен өткізетін сыншы болып табылады. Адамдар тарихи мұраларды, дүниелерді, көне жәдігерлерді сақтауға тырысады. Бұл - барлық халықтардың ұлттық мәдениетіне тән құбылыс. Сондықтан халық шығармашылығының, ұлы өнер туындыларының бүгінгі күнге жеткендерін ұлттық мәдени құдылықтар ретінде қабылдаймыз.

Ал Қазақстандық философтар құндылықтар - қасиеттер дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Ол құндылық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну т.б. туғызатындығын айта келе, мынадай құндылықтарды анықтайды: адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, отбасы, қарым-қатынас, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, күнкөріс көзі және әрекет мәні ретіндегі жұмыс, игілік, беделділік, заңдылық, мейірімділік, тәуелсіздік.

Заттық құндылықтарға заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеті жатады.

Ал, санадағы құндылыққа – қоғамдық ой, мақсат, баға беру, түрлі нормалар жатады.

Әлеуметтанушылар құндылықтарды белгілі бір ереже немесе іс-әрекеттің реттегіші түрінде қарастырады. Олар үшін құндылық- әлеуметтік объекті, қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған норма. Сондықтан олардың айқындаған басты құндылықтары:

1. Жалпы адамзаттық құндылықтар: адам өмірі, бостандық, отбасы, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, мәдениет, денсаулық, заңдылық.

2. Рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтар: мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, діл, ар, ұят, намыс, абырой, дәстүр, әдет-ғұрып, салт, ұлттық дүниетаным, туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер т.б.

Әлеуметтанушы Б.Ерасов - «құндылықтың пайда болуы, адамның қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет, бұл белгілі бір мақсатта жүреді»,-дейді. Сөйтіп, әлеуметтану ғылымында әлеуметтік-мәдени құндылықтардың мынадай түрлерін ажыратады: саяси мұраттар, мемлекет тарихы, мемлекет мәдениеті, мемлекеттік шекара, дәстүрлері, тіл т.б.

Сонымен, құндылықтар - идеал ретінде өмір сүретін неғұрлым жағымды сапаға ие объектілер мен тұлғаның ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Құндылықтар қандай да

болмасын құбылысқа баға берудегі негізгі үлгі және құндылық субъекті үшін объектінің жоғары мәнділігі ретінде айқындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаңғырған салт – дәстүрлер. Алматы, 1991жыл.
2. Ата салтыңды аяла (қазақ салт –дәстүрлері туралы таным) Алматы, «Ана – тілі» 1998 ж.
3. Биқұмар Кәмәлалиұлы Қазақ халқының туыс – туғандық жүйесі, ұрпақ өсуінің, тәрбиелеу дәстүрі, үйлену ғырыптары. Алматы, «Өнер» 2005 жыл.
4. С.Б. Бабаев Бастауыш мектеп педагогикасы.Оқу – құралы. Алматы, «Заң әдебиеті»2007
5. С.Г. Губашев, А.Ж. Отарбай Тәрбие жұмысының әдістемесі. Алматы, «Фолиант» 2007
6. Ш. Құрманалина, Ә. Ғылымова Педагогика. Астана, «Фолиант» 2008 жыл.

ӘОЖ 159.9.072.42

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛЫСТЫРУ

Алимкулова М.Е.
Ғылыми жетекші: Раушанова И.М.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында рухани жаңғыру арқылы еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы мәлім еткен болатын. Жастар - бүгініміз бен болашағымыздың алтын діңгегі. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жастар тәрбиесінде болсын, білім беру саласында болсын алатын орны ерекше.

Түйінді сөздер: жасампаздық, интеллектуалдық қабілет, көшбасшылық, прагматизм, инновациялық үдеріс.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне бүгінде көзді ашып жұмғанша жиырма жеті жылда толды.Егемен Қазақстанның алғашқы перзенттері ел тізгінін қолға алған дәуір де жетті. Сондықтан да болар Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізгі көзі жастарға, білім беру саласына, мәдениетке бағытталған болуы керек. Бұл аталмыш мақалада «ғылым», «білім», «ұлттық код», «жасампаздық», «бәсекелестік», «білім беру саласындағы мәселелер» тәрізді ұғымдар жастарға бірден-бір керекті құнды ақпараттар.Себебі, алда білімді мыңды жығатын жастардың заманы келе жатыр. Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан жас буынның қолында.

XXI ғасыр жастары сандық әлемге етене енбейтін болса, Кеңестік кезеңнің құрсауында болған жас буынның зейіні бірден ауа алмайды. Бұл жердегі басты талап – меңгеру. Қандай сала болмасын, қандай ғылым болмасын зейінін салып, қабылдау қасиетін арттырып, кәсіби біліктілігі мен маманданған практикасын жіті меңгеру, қолайлы қолдану арқылы жұмыс жасау.

«Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» - деген Елбасымыздың сөзі ықпалын жоғалтқан жоқ. Жоғалтпайды да деген ойдамыз. Бұл жай ғана сөз емес, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасын табатын құны бар ұғым ретінде қалары анық. Жас өреннің билікті қолына алуы, жаңашылдық пен жасампаздықтың белгісі. Олардың сауаттылығы мен ел басқарудағы түрлі методология тәсілдері ерекше маңызға ие. Жастар инновациялық сананы жаңғырту процесінде өздерінің сүбелі үлестерін қоса отырып, бәсекеге қабілетті интеллектуалдық жаңа технологияларды меңгеру арқылы жаңа заманға сай ой қалыптастырған тұлға болған жағдайда ғана, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен иық тірестіре аламыз.

Болашақ психолог маманы ретінде ауқымы кең, өте маңызды бұл тақырыпты жан ғылымымен байланыстыруға болады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мәселелерін басқару істерін, өмірді басқару бойынша маман, ұйымдастыру істері бойынша консультант және мұғалім Стивен Ковидің «Жеті дағды» атты кітабымен психологиялық салыстырмалы талдау ретінде салыстырып, Стивен Ковидің бұл кітабы жетістікке жетудің сан түрлі амалдарын қарастыра отырып, әлемдік деңгейдегі тәжірбиесін адамдық қарым- қатынастың жандануына септігін тигізетін негіз ретінде атауға болады.

Мұндағы бірінші дағды – кез келген жағдайда тұлғаға өте тиімді болып келетін адамның ең маңызды дағдыларының бірі - проактивтілік және реактивтілік дағдылары.

Проактивті адамдар көбіне жігер күшін ықпал ету процесіне жұмсайды, бар зейінін, назарын соған аударады. Олар өз қуаты арқылы ықпалына бағыныштыларға ғана бағыттау арқылы белгілі бір жетістіктерге жетеді. Олардың табиғаты оң және позитивті түрде болып келеді. Ал, реактивті адамдар болса керісінше, жігер күшін мәселелер шеңберінде жоғалтып алу арқылы, адамдардың кемшіліктері, сыртқы орта факторларына назары ауады. Осы дағдыға сәйкес қазақ елінің сан ғасырлық тарихын тәжірбиеден өткізіп саралай отырып, одан әрі дамытуды, білім арқылы көптеген шыңдарды бағындырып, дамыған көп елдермен терезе теңестіруді көздеген Елбасымыз: Н.Ә.Назарбаев ең алдымен халықтың әлеуметін арттыру арқылы, дамыған 30 елдің қатарына кіргізуді мақсат етті. [1, б. 1].

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Мемлекет пен ұлт құрыштап құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті» - деген еді Елбасымыз. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілеттті болуы, жасампаздық қасиетке де ие болуы қажет. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан заманға сәйкес жаңғырудың міндеті барлық мемлекеттер алдында тұрған миссия. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс.

Екінші дағдысы - жеке көшбасшылық қағидалар негізі болып табылады. Көшбасшылық - басқару негізінде құрылады. Басқару - екінші жаратылыс ретінде атауға болады. Рухани жаңғырудың жеке тұлғаға әсері, жастарға инновациялық тұрғыда мотивацияландыру, бейбіт және шуақты өмірге деген талпыныстарын атауға болады.

Бұл дағдыға байланысты өзіміздің саяси көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаев саяси көшбасшылық қасиеті мен халықаралық аренадағы биік беделіне Елбасының қасиеті, соның ішінде өзіндік ұстанымына беріктігі, нақты көзқарастығы, табандылығы себепші болған. Осы қасиеттер мен жаңаша интеллектуалдық тұрғыда дамыған жастарды көшбасшылыққа даярлау екінші дағдыға сәйкес келеді.

Үшінші дағды - істің маңыздылығы. Ең маңызды істер ешқашан төмен маңызға ие істерге бағынбайды. Тарихтан өзінше тағылым алу арқылы болашаққа бағдар ала алу маңызды.

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» - демекші білімді, көзі ашық, сана сезімі жоғары, көкірегі ояу - біздің қанымызда бар асыл қасиеттердің бірі әрі бірегейі. Сол қасиеттердің барлығы істің маңыздылығынан туады. Тәуелсіз атану үшін қыруар күш жігер жұмсалды. Елімізде білімді, білікті азаматтар «Болашақ» бағдарламасы арқылы өз қабілеттерін арттырып, істеріне мығым екенін дәлелдеді.

Әр істің маңыздылығын түсіндіру «Әрбір жасқа қолына күрек алып, шахтаға түс» - деген сөз емес, кемел көшбасшымыздың «Әрбір жас өз мамандығы бойынша отқа да суға да түсуге дайын болу керек» - деп айтқанымен тұспа - тұс келеді.

Төртінші дағды - «Жеңді\Жеңді» бағытында ойлану. Яғни, бұл айтып отырғанымыз барлық шешімдер бірдей пайдалы және екі жақты да қанағаттандыруы тиіс деген сөз. Биылғы Жолдауда кәсіби техникалық мамандығының болашақ иелеріне тегін білім алуына қолайлы жағдай жасалатынын және жылма - жыл шәкіртақының өсетіндігін Елбасының жастарға берген тікелей қолдауы деп түсінемін, және де Елбасы жолдауындағы талаптар мен міндеттерді орындай отырып, артылған сенінен шыға білуге шақырамын. Бұл жастарға беріліп отырған таптырмас мүмкіндік.

Бесінші дағды - әуелі түсінуге, кейін түсінікті болуға атты дағдысы. Қандай да бір мәселені көтерер алдында, оны бағалау мен кеңес берер алдында оны түсінуіміз қажет. Бұл дағды

тәуелділіктің ерекше күшке ие дағдысы. Бұл дағдыға байланысты прагматизм ұғымын қолданған жөн.

Прагматизм - ұлттық, жеке байланысты нақты білу оны үнемді пайдалана отырып, болашағыңды жоспарлай алу даңқойлыққа жол бермеу. Нақты алға қойған мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыда біліктілігінің деңгейін ұтымды пайдалану мінез - құлық прагматизмі болып табылады.

Біз қандай да бір ғылыммен айналысатын болсақ, әуелі түсінуге тырысамыз, ізденіс үстінде болу арқылы түрлі мағлұматтармен таныса отырып, кейіннен оны ұғынып алып, жеке дара практикада тәжірбие ретінде қолданамыз.

Стивен Кови кітабының алтыншы дағдысы - Синергияға жету деп аталады. Синергия - ең жоғарғы дәрежедегі қызмет. Шынайы сынақтан өткен барлық дағдылардың біріккен бөлігі. Синергия - дұрыс қағида. Ол атап өткен барлық дағдылардың жетістігі болып саналады. [2, б. 15].

Ұлттық салт - дәстүр, музыка, әдебиет, мәдениетіміз бәрі ұлттық рух болып жастардың бойында қалуы тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалылығы, Құрманғазының күйлері, Жамбылдың жырлары осы дәуірімізге жеткен рухани мәдениеттің бір парасы. Осындай даналықтарды жастар бойына сіңіріп интеллегенттік тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде болуы тиіс. Сол замандағы біздің даналарымыз, дараларымыз болашақ ұрпақтың ғұмырына ерекше көңіл аударған. «Тәрбие тал бесіктен» - деп бекер айтпаған, баланы жастан ұстап тәлім тәрбиені бойларына сіңірген. Болашақ елдің, жұрттың тағдыры өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қолында болғандығына кәміл сенген бабаларымыз өнегелі тәрбиелерін беруден тынбаған. [3 , б. 4].

Соңғы жетінші дағды - «Араны ұштастырыңыз» деп аталады. Рухтық дүниенің жаңаруы көшбасшылыққа жетуге көмектеседі, яғни ол екінші дағдымен тығыз байланысты. Рухтық дүние - өзек, орталық, жеке дербес құндылық ретінде қалыптасады.

Күн санап өзгеріске ұшырап жатқан мына дүниеде сана - сезімімен дүниетанымына сіңісіп қалған қағидалардан арылмасақ, көш басында тұрған дамыған мемлекеттермен терезесі тең, иық түйістіре алу мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, жаңа заманға жаңаша түрдегі көзқарастармен қадам басқанымыз жөн.

Н.Ә.Назарбаев мынадай қорытындыға келген: «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманның арқауы үзілмеген ұлттық салт - дәстүрлеріміз алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашақта сеніммен бет алуын қалаймын». [4 , б. 3].

Осы деректерді қарастыра отырып, мына көзқарастарды айтуға болады:

Біздің басты мақсатымыз айқын түрде жүзеге асуы тиіс, бағыт бағдарымыз да белгілі. Алдыға қойған үлкен мақсатымыз - дамыған 50 елдің қатарына қосылу. Алдыға қойған мақсаттарымыздан ойымыз озық жүруі тиіс. Себебі, жаңа заманға сай интеллегентті тұлғалар болғандықтан сана сезім, ойлау деңгейі жоғары дәрежеде болуы керек деп санаймын. Бұл саяси және экономикалық тұрғыдан жаңғыруды толықтырып қана қоймайды, олардың орталығына айналады. Алдағы бір жылда гуманитарлық пәндер бойынша әлемдік деңгейдегі 100 оқулықты әртүрлі тілдерден, өз ана тілімізге аударып, жастарға әлемдік білім деңгейімен таныстырып, жан - жақты болуға икемдеп, жаңаша түрде ойлауын қалыптастыруға ықпал жасап отыр.

Жаңа жағдайда жаңғыру - біздің яғни жастардың дамуының ең басты қағидасы ретінде айтуға болады. Ақпараттық технологияларға негізделген заман болғандықтан, заман ағымына сай әрекет жасаған адам тұлғалық дамуын күшейтеді. Адам өзгере білу керек, жасампаздыққа үйрену арқылы көптеген жетістіктерге жетеді. Инновациялық тұрғыда интеллегенттік тұлға ретінде қалыптасу керек, болашақта ұрпақтың да сондай тұлға боларына сенуіміз тиіс.

Нағыз өз ісінің маманы ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілеті мол, жан - жақты білімге ие, көптеген жаңа инновациялық бағдарламалар арқылы, білімі арқылы заман ағымына байланысты өзін көрсетуі тиіс. Процеске қатысқан субъектілердің барлығы іс – әрекет негізінде анықталады. Қосымша жүйе арқылы арнайы бағытқа мамандануын, өз әрекеттері нәтижесінде пайда болған әртүрлі қатынастардың қосындысы ретінде түсіндіріледі. [5 , б. 248].

Қазақстан түбегейлі жаңғыру мен қалыптасқан идеялар арқылы болашаққа бағдарлы түрде жоспар қояды. Оны іске асыру үшін білімді, білікті, өз ісінің нық шебері, жаңаша түрде дамыған жастар болуы тиіс. Осы тұста психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, инновациялық технологиялар дамыған заманда қандай заманды алып қарасақта қазақ елі ұрпағының озық ойлы,

жан-жақты қалыптасқан тұлға ретінде, тәрбиелі бас қасиеттерінің жаңа заман талабына сай болғандығына ерекше мән берген. Қазіргі білім беру жүйесінде лидерді таңдау және дамыту мәселелерін көптеп көтеріліп жатыр. Жастарды лидерлікке тәрбиелеу бағыты жаңаша көзқарас қалыптастыруға, интеллегенттік тұлға ретінде қалыптасуға өз ықпалын тигізеді.

Осы деректерді қарастыра отырып, мына көзқарастарды айтуға болады, жастарға күш қуат, бойына деген асқан жігер, қайрат беретін, мұралардың мәні мен маңызы қазіргі заманда көкейтесті мәселеге айналып отырған жастардың бойында көшбасшылық сапаларын дамытудың негізі екенін көруге болады.

Осы аталғандар қоғамда орныққан басты күшке айналуын қамтамасыз ету керек деген жүйелі принцип қалыптастыру қажет. Болашақтың негізі білімнің ордасында. Бүгінгі бейбітте, шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу - жастардың маңызды бағыты болуы тиіс. Бүгінгі таңдағы мақсатымыз: жастарды оқу – біліммен, ақылмен жүйелі түрде қаруландыру, ақпараттық тұрғыда дамыған интеллегенттік тұлға етіп даярлау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Егемен қазақстан. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». № 70, 2017 жыл
2. Стивен Кови. "Жеті дағды". - США: Альпина Паблишер, 2007 жыл-205 бет
3. Ә.Алдамұратов. Қызықты психология. - Алматы. 1992 жыл
4.http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
5. С.Б.Бабаев Жалпы психология . - Алматы: 2014 жыл

ӘОЖ: 378:37.01(045)

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Тұрғанбаева А.
Ғылыми жетекшісі: Міржақып Б.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. «Болашақ педагогикалық мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және оның маңызы» атты мақалада, олардың білімі, білігі,дағдылары, қабілеттіліктері туралы, яғни, мұғалімдік қызметке әзірлігі туралы айтылған. Болашақ мұғалімдерінен тек өз пәнінің терең білгірі болуды емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылықты талап етеді.

Түйінді сөздер: құзыреттілік, педагог, білім, ғылым, болашақ.

Білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі. Мұны Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер–білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген сөздерімен дәйектеуге болады. Яғни, осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше.

Жаңа қоғам кеңістігінде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр.

XXI ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім. Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаңалықтарымен

суарылып отыруға тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалім – қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік–экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан–жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан–жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең біліктілігі қажет.

Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әрқалай деп көрсетеді.

Болашақ мұғалім:

- ол өзінің пәнін біліп қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық үдерістегі әр қатысушының орнын көре біліп, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырып, оның нәтижелерін алдын ала байқап, мүмкін болатын жағдайда артта қалушылықты реттеуді меңгеруі;
- оқушылардың негізгі: құндылық-бағдар, жалпы мәдениет, оқу-танымдық, ақпараттық, әлеуметтік-тұлғалық құзырлылықтарын қалыптастыруға дайын;
- білімге ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуді жүзеге асыра білуі керек [1].

Құзыреттілік – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті. Жоғары құзыреттілік өзін «меңгеруді» күтпейді. Педагогтің құзыреттілігі туралы әр кезеңде әртүрлі авторлар еңбектерінде түрлі пікірлер кездеседі. Соларға сүйене отырып, мұның өзі жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің деңгейі, педагогикалық іс-әрекеттегі теориялық және практикалық дайындығы мен тәжірибесінің тоғысуы, сол сияқты педагогқа қажетті көптеген сапалардың болуы бұл өте күрделі сан-салалы мәселе деп тұжырымдауға болады [3].

Ш.Таубаева: «Құзыреттілік–ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» -деп қарастырылады. Ал А.Ф.Присяжная педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын айтады .

Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субьектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [2].

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін - өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйретететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы:ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы.Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың , интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында

тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.

2. Қызметтің эканомикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.

3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.

4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті

5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.

6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі күнделікті педагогикалық қызметте әр түрлі танылады және әр түрлі іске асады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі деп, біз өзара байланысты үш компонеттен тұратын тұлғаның қасиеттерін түсінеміз:

- Педагогикалық қызметте жүзеге асатын кәсіби білім;
- Кәсіби біліктілік;
- Мұғалімнің кәсіби құнды қасиеттері;

Бұл үш компонент мұғалімнің тұлғасын дамыту мақсатымен біріктірілген, сонымен қатар әр компонент педагогикалық қызмет үрдісінде бірде алғышарт, бірде құралы, бірде нәтижесі болып кызмет атқарады.

Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды. Ал кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру үрдісі кәсіби білім, білік, дағдыны қалыптастыру, педагогтің жалпы мәдени дамуын, оның тұлғалық көзқарасын және кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруды білдіреді [4].

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді.

Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «…өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы». «Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Мұғалімнің кәсіби құзырлылығы, оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Осыдан барып жетіктік іс-әрекеттің формасы, үлгісі (идеалы) ретінде көрініс табады. «Жетіктік» адамның білімі, білігі мен дағдыларының қолдану саласын белгілейді. Құзырлылығы қалыптасқан маман – кәсіби қалыптасу барысында жетіктік үлгісіндегі мақсатқа ұмтылуда белгілі бір міндеттер жиынтығына ие болатын маман.

Кәсіби оқытушы педагогының құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, Педагог мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (студенттердің)

психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (студенттерге) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды [5].

Педагогикалық қызмет табиғатында шығармашылықты талап ететіні белгілі қағида. Адамның шығармашыл мүмкіндіктерінің дамуы тұрғысынан интеллектуалды, эмоциалық, рухани потенциалының баюына, жетілдіруге, тануға ұмтылуға нақты жағдай туғызады. Осыған байланысты ұстаздардың кәсіби дайындығының мақсаты да өзгереді. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу процесі кәсіби білімнің, біліктің, іс-әрекеттің қалыптасуын қамтиды, ұстаздың жалпымәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды. Сондықтан кәсіби шеберлігі шыңдалған, құзырлығы жоғары, өз ісінің технологы болу ұстаздан нені талап етеді десек, ол мұғалімнің шығармашылық іс – әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден тұрады. Нәтижеге бағытталған білімдендірудің жаңа жүйесіне көшу мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда да жаңа көзқарасты қалыптастыруды, құзырлықтарын үнемі дамытуды талап етеді.Жоғары мәдениетті адам ғана осы қажеттіліктерді шешудің жолдарын іздейді, табады.

Ойы жүйрік, ақылы терең, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, шығармашылығы биік, кәсіби шеберлігі жетілген, ізденуші, зерттеуші, жасампаз жаңашыл ұстаз – бүгінгі қоғамның тапсырысы. Әр сабағына өздігінен білім меңгерудің, ізденіс пен жемісті еңбектің қайнар көзіне айналдырғанда ғана, талапқа сай мұғалім болу мәселесі шешіледі. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – дейді Жүсіпбек Аймауытов.

Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ұлы Абайдың: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деген сөздері ұстаздық мамандықтың болмысын ашатын сөздер емес пе? Сонымен, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2000. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2002.
2. Тұрғынбаева Б.А.Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. – Алматы, 2005. // Педагогика мәселелері. – 2006. - № 1-2.
3. Құдайбергенова К.А.. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б.
4. Нұрғазиева Н. М. Шығармашылық әрекеттегі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің аспектілері // Бастауыш мектеп. - 2010. - №11. - С. 58-60
5. Байжуманова Н. С. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі // Білім әлемінде. - 2008. - № 5. - С. 33-36.
6. Педагогика пәнінен білім беру мазмұнын жаңарту мәселелері // Оралдың ғылым жаршысы. - 2007. - №4 (5). - Б.35-41.

ӘОЖ: 378:37.01(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАСТАРҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Аяпкалиева А.
Ғылыми жетекші: Бағдатұлы М.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста ұлттың алдына қоятын басты мәселелерінің бірі – өркениетті, азаматтық – адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу, міне мақалада осындай мәселелер жан-жақты талқыланыып қарастырылады.

Түйінді сөздер: адамгершілік, тәрбие, бәсекеге қабілетті ұрпақ, саналы ұрпақ, мәдениет.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер айқын жолын көрсеткен тарихи құжатқа айналды. Сана сезімі биік, дүниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген адамға бұл мақалада ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалған.

Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қарауды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Адам бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян. Өздеріңізге белгілі қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты назарда болып отыр. Ал адамның жан қазынасын, адамгершілік болмысын қалыптастыруда кей адамдардың түрлі жағдайлармен бір-бірін түсінбеуі де сіз бен бізді толғанырады. Өйткені біз сол қоғамның ішіндеміз, яғни оның мүшесіміз. Иә, бұның бәрі шындық десек артық болмас [1].

Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты қылып тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек шығар.Оқыту,білім беру,тәрбиелеу - баланың ішкі жан – дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз.

Кез- келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі - тәрбие.Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі - тәрбие. Тәрбие - мәңгілік және адамзаттық... Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті.

Мәдениет жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады.Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды

қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата - аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым – қатынастарынан көрінеді [3].

Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. Адамгершілік - адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз - өзін сыйламайды.Рухани-адамгершілік тәрбиесі –өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды.

Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсірсе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез - құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани - адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт [4].

Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан - жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз [1].

Рухани - адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет - дарынының ашыла түсуіне, ақыл - парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Оқушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек процесінде іске асырғанда адамгершілік олардың сеніміне айналады. Адамгершілік қатынастар моральдық нормалармен өлшенеді. Моральдың негізгі міндеті - адамның мінез-құлқын тәрбиелеу, осы арқылы олардың бойында әдеп сақтау қатынастарын қалыптастыру, адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеу.

Адамгершілік тәрбиесінің теориялық мәселелері өл-Фараби, Ыбырай, Абай, т.б. еңбектерінде кеңінен қолданыс тапқан. Әл-Фараби "Адам өз өмірінің қожасы, сондықтан өз бағытын өзі жасауы керек. Ол не нерсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған - тергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мүдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамның ғана ар-ожданы таза болады" деген.

Бүгінгі таңдағы Қазақстан жайында оқушылардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу- тәрбие үрдісінде оқушыларды отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға.Тәрбиенің жалпы негізі рухани - азаматтық құндылықтары болуы керек. Рухани - азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым - қатынас кезінде бала бойына дариды. Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.Адамгершілік-адамның рухани

байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады [3].

Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Адамгершілік тақырыбы- мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам - өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды.Оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек:

- еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру;
- тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру;
- өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;- отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
- оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- оқушының сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, қозғау салу;
- оқушылардың сабақтар бойынша алған білім, білік дағдыларын одан әрі да-мытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
- оқушыларды сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау,бағалауға үйрету;- оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру.

Тұлғаны рухани – азаматтыққа тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады. Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына байланысты.

Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу ата - ана мен тәрбиешіге жүктелер міндет. “Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақытта қонады” деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық - қасиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез - құлықтарды өн бойыңа жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық болғаны. Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз [4].

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста жоғары оқу орындардың алдына қоятын басты мәселелерінің бірі – өркениетті, азаматтық – адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.Тәрбие – қоғамдық үздіксіз үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның қарым – қатынасындағы басты жүйе. Оның негізі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру. Адам бойында саналы тәрбие мен байыпты мінез қалыптастыру, рухани дүниесі бай интеллекті тұлға тәрбиелеу ұстаздың мақсатқа бағытталған іс – әрекетіне байланысты.

Тәрбиенің негізгі міндеті — қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар- ождан, қадір- қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру [2].

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – заман талабы. Әр

халықтың өзіне тән дәстүрі, оның білім беру мәдениеті осы оқу — тәрбие үрдісіне тікелей байланысты.Қазақ халқы – өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт – дәстүрін, әдеп – ғұрпын, рухани – адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған [2].

Халқымыздың ғасырлар бойы ұлан- байтақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда ерлігімен көріне білген батырлары мен қолбасшыларын, халқының сөзін сөйлеп, ел қамын ойлаған шешен — даналарын мақтан еткен. Отанымызды қорғау, шежіреге толы тарихын білу, тілі мен дәстүрін сақтау, зерттеу – азаматтық борышымыз. Рухани – адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез- құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.Салт – дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани құндылық білу.

Бұл мәселеге байланысты елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «… жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», — деп атап көрсетті.Міне, осы тұста қоғамға жан- жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер ізденімпаз, қабілетті, шығармашыл тұлға қажет. Ондай тұлғаны орта және жоғарғы оқу орындары тәрбиелейді [2].

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары – оқушылардың белсенді өміршіл, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Ол адамның жеке басының қалыптастырушы дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды.

Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан- жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі бір мақсатқа жетелеу іс–әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді.

Ізгілік отбасынан бастау алады, оған ата- ананың берген тәрбиесі, тұрмысы ықпал етеді. Халықтық мақал «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» адамгершілік тәрбиенің негізгі отбасында қалыптасатынын көрсетуде.

Халық,жанұя құндылықтарын ауызша халық шығармашылығы арқылы тапсырады, мысалы, аңыз ертегілерді, ырымдарды, салттарды қолданады, дін арқылы, әртүрлі қоғамдық ұйымдар арқылы т.б. Халық ауыз әдебиеті адамгершілік –эстетикалық тәрбие беруде баланың ой-өрісін дамытады. Олардың тіл байлығы және шексіз шешендік мүмкіндіктерін арттырады.

Адамды кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халқының тәлімдік тиімді құралының бірі – ертегі.Шебердің қолы ортақ, — деп адам бойындағы өнер жалпы халықтың қазынасы екендігін уағыздайды. Мақал бойындағы тапқырлық пен өткірлік, дәлдік қазақтың тәлім- тәрбиелік құралы ғана емес – дауға да тоқтам салған қаруы болған [2].

Студенттердің рухани адамгершілік тәрбиелеу мәселесі әрбір ата- ананың, қоғамның және жалпы мемлекеттің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі, себебі қоғамда жас ұрпаққа рухани тәрбие беру мәселесіне қатысты күрделі проблемалар қалыптасты. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа арналған нақты өмірлік бағдарламаның болмауы, қоғамдағы рухани- адамгершілік ахуалдың төмендеуі, балалармен бос уақыттағы мәдени жұмыстарының әлсіздігі,балалардың физикалық дайындығының нашарлауы және тағы басқа мәселелер өзекті болып отыр.

Білім беру жүйесі тұлғаның рухани дамуына жоғары деңгейде кепіл бола алмайды, өйткені тәрбие – бұл күнделікті өмірдегі адамның әрбір адамға деген құрметі мен сыйластығы негізіндегі басқа адамдарға деген қарым – қатынасын анықтайтын тұлғаның сапасы.К.Д. Ушинский: «Тәрбиелеудің басты міндетін адамгершілік әсер етуден құрайды»,- десе, дана Абай: «Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиісті,сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады. Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын»,- деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады [2].

Адамның адамгершілік негіздері болмаса, ол еркінен, өмірлік бағдарынан тез айырылып, тағдырдың ойыншығына немесе қылмыс әлемінің құрбанына айналады. Ондаған, мыңдаған нашақорлар, маскүнемдер, қаңғыбастар, қамқорсыз балалар, жетімдер – бұл күннің шындығы. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер кері жолға бейім болады.Әрине әр адам өз өмірінің қожасы және ол өз өмір жолын өзі таңдайды, басқа адамдармен қарым – қатынас жасайды, қателіктерге бой алдырады. Сені қоршап тұрған жағдайды өзгертуге болады, бірақ өзіңнің ішкі әлеміңнен қашып құтыла алмайсың. Сонымен қатар, егер адамның жаны немесе рухы сырқат болса, онда ешқашан сау бола алмайды.

Сондықтан адамның қандай рухани құндылықтарды игергені өте маңызды. Адамгершілік тәрбиесі оқу тәрбие үрдісінің барлық саласында, оқыту, білім беру және еңбекке баулу үрдісінде жүзеге асады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік қасиеттерді жатқа білу жеткіліксіз, оның терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру, мінез- құлыққа бекіту керек [2].

Тәрбие ісі нақты кезеңнің ерекшеліктерін сақтай отырып, болашаққа бағдар береді, жеке тұлғаны соған дайындайды. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтары өмірге келген күнінен басталады.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз.

Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет.

Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі – бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез- құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс [2].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айнұр Мыханова, «Рухани жаңғыру – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі», https//syr-media.kz

2. «Ұрпақ тәрбиесіндегі рухани-адамгершілік мәселелері»// https//tarbie. Kz

3. Ералиева Жаңагүл Қалыбекқызы, «Рухани жаңғыру – табысты ел болудың кепілі» https//ust.kz

4. «Рухани жаңғыру – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі»,https//infourok.ru

ӘОЖ 377.6

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ – ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАР МЕН ЖОО-ЛАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУҒА КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН КӨШУ МӘСЕЛЕСІ

Бердибаева Д.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Қандай қоғамда болмасын күнделікті күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі - ұрпақ тәрбиесі. Бұл мақала барысында білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен жоо-да ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі өзіндік ерекшеліктері қарастырылды.

Инновациялық үрдісті жүйенің бір жағдайдан екінші бір жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үрдісіне басшылық жасау мәселелерінің маңыздылығын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне қысқаша шолу жасалынды.

Түйінді сөздер: білім, мақсат, инновация, маман, тұлға, ағылшын тілі.

Елбасы, Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Ұлт жоспары. 5реформа.100 нақты қадам» – жоспарының негізгі мақсаты «АУРУЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ БЕЛГІЛЕРІН» СЫЛАП-СИПАП ҚОЮ ЕМЕС, ОЛАРДЫ «ЖҮЙЕЛІ ЕМДЕУ» болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды» делінген бағдарламалық құжаттың 79 қадамында білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу мәселесіне арналған. Онда басты мақсат – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру делінген.

«Бұл бағдарлама сіздердің құзырларыңызға берілді. Шегінерге жер жоқ. Ендігі жерде бұл әлемдік бағдарлама болады. «100 нақты қадам» Ұлт жоспары туралы барлықтарыңыз жақсы білесіздер, сондықтан енді біздің қадамдарымыздың қандай болатынын біліп отырасыздар. Біз бұл жолдағы барлық қиындықты жақсы білеміз және осы сынақтардан сүрінбей өтіп, экономиканың даму қарқынын бәсеңдетпеуге тырысамыз», — деді Н.Ә.Назарбаев[1].

Аталған міндеттердің жүзеге асырылуы ел келешегінің кемел болашағының жарқын болуына негіз болуы сөзсіз.

Білім сапасын арттыру, ұлттық тәрбиені, инновацияларды ендіру, әлемнің басқа жетекші университеттерімен белсенді ынтымақтастықты орнату, оқытушылар мен студенттердің академиялық ұшқырлығы, қосдипломды білім беруді енгізу арқылы жоғары деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыруымыз қажет деген сөз.

Білім сапасын арттыру мәселесі педагогика ғылымында қай кезеңде болсын өзекті болған. Білім деген ұғымның өзі сан қырлы.

ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру –үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен.

Инновациялық үрдісті жүйенің бір жағдайдан екінші бір жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үрдісіне басшылық жасау мәселелерінің маңыздылығы Н.Горбунова, М.Кларин, А.Лоренсов, М.Поташник, П.Пидкасистый, Л.Романова, В.Загвязинский, А.Найн, Т.Шамова, О.Хомерики, Н.Юсуфбекова зерттеулерінде қарастырылған[2]. Инновациялық процесс түсінігі, ол барлық динамикалық процестерді қамтып, жаңалық аймағында процесуалдық аспектілер, барлық жаңалықтардың өзгеруіне байланысты[3].

Осы аталған жайттарды есепке алатын болсақ, инновациялық үрдістің негізі-жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновациялық процесті болжау барысында қолданылатын инновациялық іс-әрекеттер тереңдетіліп, кеңейтіледі.

Жалпы көптілді меңгеру деген ұғым қазақ дүниетанымында бұрыннан бар түсінік. Қазақ даналығында «жеті жұрттың тілін білу» деген нақыл сөздің астарында, жастардың бойынан қарым-қатынас шеберлігін, ел мәдениетін үйретіп қана қоймай, әлеуметтік тұрпатын қалыптастыруға, оны белгілі бір этникалық, мәдени топтың мүшесі ретінде тәрбиелеуге, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға бағыттайды. Жалпы адам неғұрлым көп тілдерді білген сайын, соғұрлым мүмкіндіктері де арта түседі. «Мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал» болып табылатындықтан тіл мәдениеті де тілдік тұлғаның әлеуетін көрсететін негізгі құндылықтардың бірі.

«Тұлға бөлшектер бойынша қалыптаспайды» деген еді А.С. Макаренко. Жастар өзі өмір сүріп отырған мемлекеттің өткені мен келешегін, оның алдында тұрған жоспарларды жақсы білуі қажет.

Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Ол үшін қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін – қарым-қатынас тілі, ағылшын тілін – жаһандық экономикаға кірігу тілі ретінде игеру жас ұрпаққа жаңа жол ашады. Жалпы адам неғұрлым көп тілдерді білген сайын, соғұрлым мүмкіндіктері де арта түседі. Өз ана тілінен басқа бір шет тілді меңгерген адамның келесі тілдерді меңгеруі әлдеқайда жеңіл болатынын психолог ғалымдар дәлелдеген. «Қандай да болмасын бір өзге тілді білетін адамға екінші тілді меңгеру біріншіге қарағанда айтарлықтай жеңіл және тез болады. Себебі, бірінші өзге тілді меңгергенде, адамда ана тіліне қосымша үйренуші тіл сезімі қалыптасады, сонымен қатар,

жалпы тіл ерекшеліктерін айыра білу қабілеті дамиды, осы қабілеттің арқасында адам тек қана үйренетін тілдің емес, жалпы тілдердің арасындағы ерекшеліктерді айыра алады». [4]

Қорыта келе, Ұлт Жоспарын табысты орындау қолайлы халықаралық ахуалды қажет ететінін атап өткіміз келеді. Қазақстанның жұлдызы жоғары, жолы нұрлы болсын! Елдіктің туы биікте желбіреп, абыройымыз асқақтай берсін!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Ана тілі газеті. № 47 (1305),26 қараша - 2 желтоқсан,2015 жыл

2. Сластенин В.А., Исаев И.Ф. Педагогика Уч. пособие. – М.: Школа-пресс, 1997.-512 с.

3. Ангеловский К. Учителя и инновации. М., 1991

4. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. I том – Алматы, 1994-320 б

5. Педагогика. Сөздік. – Орал: БҚМУ, 2002

ӘОЖ 514.15

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ҚОЛДАНУ

Ерке Ү.Б
Ғылыми жетекші: оқытушы Бағдатұлы М.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» идеясы халқымыз үшін стратегиялық маңызы бар Қазақ елінің өркендеуіне қатысты өзекті мәселелерге аса назар аударған. Бұл жұмыста елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» идеясын білім беру саласында неғұрлым жеңіл, әрі тиімді пайдалану көзделеді. Білім рухани жаңғырудың басты алғышарты екенін ескере отырып, білім беру саласындағы жаңа өзгерістерге назар аударған жөн.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, білім, идея, ғылым,технологиялық оқыту, Smart education.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы еліміздің көркеюінің жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын айқындайтын күрделі ой, құнды пікір, тиімді шешімдерге құрылған маңызды құжат болып табылатыны баршамызға аян.[1]

Бұл мақалада сананы рухани жаңғырту, ұлттық болмысымыз бен ұлттық кодымыздан айырылып қалмай, оны әрмен қарай ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру және әлемдік құндылықтармен, принциптермен үйлестіріп, рухани жаңғыру идеяларын білім беру саласында Қазақстан Республикасының игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе қарастырылады.

Көздерінде от ойнар, сөздерінде жалын бар, көзі ашық, көкірегі ояу білімді азаматтар мен азаматшалар елімізге ауадай қажет. Республикамызда білімнің жалпыға ортақ салтанаты болуы тиіс.

Оның тайға таңба басқандай айқын себептері бар. Технологиялық революцияның дамуын қарасақ, алдағы он-жиырма жылдықтарда қазіргі кәсіптердің, мамандықтардың жартысына жуығы жойылып кетеді. Бүгінгі жаңа нәрсесі ертең-ақ ескіге айналатын экономиканың дамыған заманында заманнан қалып кетуге болмайды. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.

Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге аса назар аударып әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосыла аламыз. Табысты болудың ең тиімді, басты факторы білім екенін әркім мейлінше терең түсінуі керек. Еңбек пен малдан бұрын білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт.

Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана жетістікке жетеді. Білім барлық істің бастауы, берекесі,мәні мен мағынасы екенін естен шығармаған жөн.

Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегенділік пен ұлттың алға жылжуын жылдамдататын қозғаушы күш. Бұл – егемен еліміздің жарқын болашағы мен уайымсыз келешегі үшін жасалып жатырған елеулі жұмыс. Өйткені, рухани байлығымыздың терең болғаны азаматтарымыз бен азаматшаларымыз үшін де, әрбір қоғам үшін де, кіндік қанымыз тамған туған жеріміз үшін де өте маңызды үдеріс.[1]

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтса айтқандай-ақ, «қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман» болып отыр. Білекке емес, білімге сенетін заман туды. Заманауи әлемде елдің күш-қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытта өмір сүріп жатырғанымыз белгілі. Сол біліміміздi пайдаға, тұрмыс игілігіне жарата білсек қана бағаланады.

Пайдасыз білімге емес, пайдалы білімге ұмтылу, міне- бүгінгі таңдағы басты мақсат. Елбасы мақаласы назарда тұратын мәселелерді қамтыған. Мақалада маңызға ие болған саланың бірі- білім беру. Осы тұрғыда мемлекет басшысы білім беру сапасын арттырып, жастардың бәсекеге қабілетті болуын меңзейді. Елімізде «Болашақ» бағдарламасы арқылы көптеген жастар шетелдердің сапалы университеттерінде білім алып, мемлекет қолдауы арқылы мамандар дайындалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. [2]

Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. [2]

Латын әліпбиі әлемдік өркениетке аяқ басуымызға септігін тигізеді. Кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланса, ал дүниежүзі халықтарының 80%-ы осы әліпбиге көшкен. Осының есебінен басқа тілдерді үйренуге мүмкіндігіміз артады. Әрбір жаңа тіл – жаңа әлем, жаңа білім. Оның үстіне, латын тілі – жаңа технология тілі, ғаламтор тілі. 1929-1940 жылдары латын әліпбиінде жаздық. Сол замандағы ұлы тұлғаларымыздың шығармалары мен қолжазбаларын келер ұрпақ қиындықсыз оқи алуына жағдай жасалып жатырғандай. Бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақ тұрады. Оның 80 пайызы латын әліпбиін қолданады. [3]

Қандастарымызбен жақындасудың маңызы айтпаса да түсінікті. Әліпби өзгерту төл сөздерімізді жазуда кеткен олқылықтарды жөнге келтіруге көмектесіп, қазақ сөздерінің дұрыс айтылуына ықпал етеді. Бүгінде латын әліпбиі сәнге айналып үлгерді десем, артық айтқандық емес. Әлеуметтік желілерде латын қаріптерімен жазатын жастар саны жетіп артылады. Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу - ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады.Облыста 1321 білім беру ошағы бар. Олардың 565-і жалпы білім беретін мектептер. Бүгінгі күні 514 мектеп «Күнделік.кз» бойынша жұмыс істейді. Яғни, қағаздардың бәрі электронды түрде толтырылады. Ол үшін мектептер 1400-ден аса мультимедиялық құралдармен жабдықталған. Сондай-ақ, оқу орындары «Рухани жаңғыру» жобасы аясында робототехника элементтерін пайдалануда. Қазақстандағы қазіргі білім берудің маңызды бөлігі – осы үштұғырлы тілде білім беру.Бұл білім алушылардың басқа ұлтардың мәдениетін білуі,өмір сүру салтын, дәстүрін білу, халықтардың рухани құндылықтарын тану,өзге ұлтардың мәдени құндылықтарын сыйлау қадірлеу жүйесі. Осыған орай мемлекеттік тілдің қызметін арттыру үшін түрлі бағдарламалар, жобалалар қабылдана бастады. Солардың бірі – «Үштілділік» мемлекеттік бағдарламасы. Үш тілде оқыту – заман талабы. Негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.«Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, білім берумен қатар,

эволюциялық дамыған, ұлттық бірегейлігі сақталған, бәсекеге қабілетті, көзі ашық, көкірегі ояу саналы азаматтарымызды көбейту басты назарда. Қазақстан әлем бойынша ең жаңа деген оқу формаларын зерттеп, білім саласында үнемі жаңарту жасап келеді. Сонымен қатар өкіністісі елімізде ақпараттық қоғам әлі толық қалыптаспай жатыр.Сұранысқа орай технология даму үстінде. Білім ұйымдары «E-learning» негізінде электронды оқытуды 2015 жылға қарай 50% ал 2020 жылға қарай 90% іске асыратыны мақсаттық индикатормен анықталған. Бірақ соңғы жылдары SMART технологиясы ұғымы яғни ақылды оқыту пайда болды. Сәйкесінше, E-learning орнына SMART-learning келуі, ақпараттық қоғам орнына «smart қоғам» қалыптасуы біздің елімізде де күтілуде. Қазіргі таңда Smart технологиясын өндірушілер – АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея елдері. Заман талабының білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі оқыту процесін ақпараттандырудың қажеттілігі болып табылады.Осыған байланысты көкейтесті сауалымызға жауап табу мақсатында тақырыбымызға байланысты ақпараттарды саралап көрейік. Smart education негізгі идеясы неде екенін білу үшін білім берудің дамуының үдерісін қарастыруымыз қажет. Шартты түрде оны үш кезеңге бөлуге және келесі көзқараста қарастыруымызға болады.

I кезең: Кешегі таңда студенттің білім алатын көзі оқытушы болды. Басқа жерден білім ала алмады. Тек қана дәрісханада немесе оқытушы берген кітаптарды оқыды. Оқу орындарының мақсаты индустриалды өндіріске маман даярлау болды.

II кезең: Бүгін студенттің білім алатын жалғыз көзі оқытушы ғана емес, студенттер бір-бірімен ақпарат алмасады және жаңа білім деңгейін қалыптастырады. Сонымен қатар білім беруде жаңа педагогикалық технологиялар ұстаз шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, шәкірттің ойлау қабілетін ұштала түсуінен әсері мол. Сонымен бірге әлеуметтік рухани жан дүниесінің маңыздылығын іріктеуге, ізгілікті жағын дамытуға бағыттайды және өзінің психологиялық даралық сипатын анықтауға ниеттендіреді.

III кезең: Ал ертеңгі күні студенттің білім алатын көзі интернет болмақ, технологиялар жаңа білім жаратуға жекеше түрде бағытталады. Оқыту үдерісі әртүрлі бағыттарда білім нысанының қозғалысын реттеуде болжауға болады. Яғни студенттен оқытушыға және кері қатынаста, студенттен студентке және т.б.

Оқу орнының түлегі өз мамандық иесі ғана емес, ол әлеуметтік ортада өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және қабілетті қайшылықтарды ашуға мейлінше жетілген, оны түрлі өзгерістерге дамытуға қабілетті, шығармашыл, барлық істі сауатты шеше білетін тұлға ретінде қалыптаса алады.

Соңғы он жылдықта цифрлық қоғам белсене дамуда және білім экономикасы, электрондық армия, электрондық мәдениет, электрондық денсаулық сақтау, электрондық мемлекет, электрондық ғылым сияқты атрибуттармен белгілі нысанға келді. Электрондық оқыту цифрлық қоғамның құрылымына енгізілді және оның орталық, жүйелік элементі болып табылады. Алайда, электрондық оқыту туралы айтқанда негізінде технологияға тірелеміз. Қазіргі уақытта электрондық оқыту инновация емес болып отыр. Онда түсініксіз көмескі айқындамалар қалаған жоқ.

Білім беру контенті студенттерге еркін қолжетімді, оқытушы мен студенттердің кері байланысын қамсыздандыру, арасындағы білімдер сабақтастығы, әкімшілік мақсаттың автоматтандырылуы осылардың барлығы технологияларға жатады. Smart education тұжырымдамасының негізі барлық білім беру үдерісінің кешенді модернизациясы мен осы үдерісте пайдаланатын әдістері және технологиялары болып табылады. Smart тұжырымдамасы білім беру бағытында жаңа технологияның пайда болуына өз септігін тигізеді, атап айтқанда ақылды тақта, ақылды экрандар, интернетке әр жерден кіру сияқты және әр технологиялар контентті жаңаша жасау үрдісін, оның жеткізуін және актуализациялауын қалыптастырады.

Оқыту тек сыныпта, дәрісханада ғана емес, үйде немесе кез келген жерде: қоғамдық жерлерде мұражайда, кафеде т.б. жалғасады. Негізгі білім беру үдерісін байланыстыратын элемент - белсенді білім беру контенті болады және мезгілдік пен кеңістік ауқымдарды шешу үшін соның базасында дара репозиторий құралады. Smart education тұжырымдамасының негізінде оқытуды жекешелендіру идеясы жатады, нақты тыңдаушыға бағытталған контентті оқытушы құрастырып жасау арқылы және академиялық білімдерді басқару арқасында жетуге болады.

Жаңа білім беру контенті студенттерге құзыреттілік моделіне сәйкес дағдылар алуға көмектеседі. Ал Smart education философиялық тұрғыдан оқытушы әзірлеме дайындағанда әр студентке жеке қарым – қатынас жасау, талғам бойынша пән таңдауға септігін тигізеді. Осыған орай, Болон жүйесі реттеліп келтірілген.

Демек, студенттің өзі нақты мамандандырылған пәнді құрастыруға қатыса алады. Студент оқу жоспарын өзіне-өзі құрастырады, мұндағы оқытушының міндеті оған көмек беру. Smart education пән бойынша курс құрастырғанда техникалық әзірлемесіне байланысты оқытушыға уақыт үнемдеуіне жол береді. Модуль түрінде жүзеге асырылған, арнаулы бейнемен суреттелген бар контентті қолдана алады. Технологияның көмегімен осы модульдарды көрінген тізбектілікте жинауға мүмкіндік алады, ең бастысы автоматталған режимде.

Соңғы уақытты айрықша үлкен мәлімділікті жастар арасында әлеуметтік сервистер алды. Мысалы, Twitter, Facebook т.б. сияқты. Дегенмен, интернет желісінде контенттің орналасуы мен технологиялардың игерілуі білім беру үдерісінің байыпты жоғарылау сапасының түрткісі. Жаңа тұжырымдаманың енуіне байланысты оқытушының, студенттің рөлі ауысады. Егер бастапқыда студент сабаққа келіп, материалдарды жазуға міндетті болса, яғни білім алудың жалғыз көзі дәріс болды. Ал бүгінгі студент базалық ақпараттық технологияларды, интернеттің іздеу құралдарын өте жақсы қолданады. Керекті мәліметін өз бетінше іздеп таба алады.

Осыған байланысты дәріс жазуға мүмкіндік қажет етпейді. Бірақ ол жол бағдарлаушыға мұқтаж- бұл оқытушының функциясы, ол жаңа білімдерді құрастыруға, студенттің қажетті білімалуына бағыттау, әдеттегі қолданылатын технологиялардың көмегімен студент білімінің сапасын қанағаттандырып, қамсыздандырады. Рухани жаңғыру және білім беру ісі дегенде еңбектің екінші тарауындағы «Жаңа гуманитарлық білім: Қазақ тіліндегі 100 оқулық» атты жобаны атамай кетуге болмайды. Бұл игілікті істе қазіргі кезеңде өз шешімін тауып, жаңа құрылған Ұлттық аударма бюросы тарапынан аударылған әлемдегі үлгілі оқулықтардың алғашқы легі биылғы жаңа оқу жылында студенттермен табысты.

«Жаңа гуманитарлық білім: Қазақ тіліндегі 100 оқулық» атты жобаны мәні мынада:

1. Тарих, саясаттану, социология, философия, психология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, медиа, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, инновация ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау.
2. Алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасау. 2018-2019 оқу жылынан бастап студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастау.
3. Осыларды қамтамасыз ету үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес «Ұлттық аударма бюросы» құрылды. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарды бастап кетті. [6]

100 оқулықты аудару ісі кезең-кезеңімен жүзеге асады. Биыл 17 оқулық аударылса, келесі жылғы саны да бекітіледі. Енді қандай оқулық аударылады деген мәселе бойынша жоғары оқу орны оқытушылар ұсыныс білдіреді.

Жалпы, оқулықты аудару ісіне қатысты өзіндік шарттар бар. Біріншіден, міндетті түрде әлемдегі танымал оқу орындарының дәрістерінде қолданылған болуы керек, кем дегенде үш-төрт рет қайта басылған, сондай-ақ, ең соңғы басылымы соңғы үш-төрт жылда жариялануы керек. Сол шартқа сай келетін оқулықты ұлттық комиссия бекітеді. Алдымызда күтіп тұрған маңызды өзгеріс – латын графикасына көшу. Елбасы келісім бере салысымен, 17 оқулықты латын қарпімен беттеу процесі басталады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру жұмысы оқу-біліммен, ғылыммен тығыз байланыста атқарылатын жүйелі үдеріс. Мұны күнделікті өмір тәжірибесі көрсетіп келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтпақшы:

«Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр».

Айналып келгенде, латын әліпбиіне көшу, цифрлық Қазақстан құру, үштілділік білім беру жүйесінің бәрі бір-бірімен байланысты дүние. Елбасы 100 оқулықты аудару мәселесін бекер көтерген жоқ. Ойы ұшқыр, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтардың өсуі үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой –пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан — 2030» Жолдау.
2. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.
3. Qazaquni.kz
4.Г. Аманбаева «Рухани жаңғыру. Білім саласындағы бәсекелестік»
5. Р.И. Баянкулов «Smart education жүйесі – озық технологиялардың жетістігін білім беру саласына пайдалану жолдарын айқындау», 2015.

ӘОЖ 159.9(075.8)

ИНТЕРНЕТ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ БАЛА ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ

Жангозиева М.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Мінез-құлқы мен көзқарасы енді қалыптасып келе жатқан жеткіншектің ғаламторға тәуелді болуы қауіпті соматикалық жүйедегі ақаулар мен балалар неврозы пайда болуына әсерін тигізуде. Осыған орай, мақалада қазіргі таңдағы интернетке тәлелділіктің балалар психикасына зияны өзекті мәселе болып отырғаны туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: ғаламтор,тәуелділік,әлеуметтік желі, суицид.

Бүгінде ғаламторға тәуелділік атты жаңа дерттің пайда болғаны жасырын емес. The Independent басылымының мәлімдеуінше, адамның ғаламторға тәуелділігі ішімдік, кокаин немесе марихуанаға тәуелділікпен бірдей екен. Негізінен, компьютер тұтынушыларының 5-10 пайызы ғаламторға тәуелді. Ересектерді былай қойғанда, бұл күнде жасөспірімдер мен бүлдіршіндер де ғаламтор атты шексіз әлемге байланып отыр. Өкінішке қарай, елімізде ғаламтордан зиян шеккен балалар туралы дерек жоқ. Өйткені ел аумағында арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілмейді.

Әйткенмен мектеп жасындағы балалар әрқилы әлеуметтік желілердің тұрақты «қонағына» айналғалы қашан. Телефон ұстап отырған балаларды кез келген жерден кездестіреміз. Мектепте сабақ үстінде ұялы телефон арқылы хат алысатын оқушылар да жеткілікті.Өзгесін былай қойғанда, балалар ғаламтор арқылы бейтаныс жандармен танысып, «сәбиқұмар» жауыздардың құрбанына да айналып жүр. Оның үстіне сіз бен біз тұтынатын ғаламтор әлемі озбырлық пен асқан қанішерлікті де кеңінен насихаттайтыны жасырын емес. Тіпті ғаламтор арқылы баланы суицидке итермелейтін жандар да бар.Жақын арада ғана «Көк кит» аталатын ойынының елді біраз дүрліктіргенін білеміз.Ал ата-ана баланы интернеттен қорғай алмай әлек [1].

Шыны керек, бүгінде балалар ғаламтор арқылы таратылатын түрлі ақпараттан сақтанып отырған жоқ. Бүкіләлемдік желі балалар үшін қауіпті екені де түсінікті жайт. Осы мәселені алға тартып, қазақстандық режиссер Рубен Казарян «Интернеттегі балалар» атты қысқа метражды көркем фильм түсірді. Айналасы 20 минутты қамтитын туынды да ғаламтордың балаларға кері әсері жөнінде айтылады. Фильмнің сюжеті бойынша, мектеп оқушысына ата-анасы компьютер сыйлайды. Баласының «ғаламторға қостырып беріңізші» деген өтінішін жерге тастамай, ата-анасы ғаламтор желісін де қостырады. Бірақ күні-түні монитордан бас алмайтын баланың мінез-құлқы, өмірге көзқарасы өзгере береді. «М-агент» арқылы қаскөй педофилмен танысқан бала жауыздың арбауына түседі. Бірақ ата-ана дер кезінде қауіп төнгенін аңғарады.

Кейде ата-аналар ғаламтордың баланың өміріне қаншалықты әсер ететініне, онлайн-озбырлықтың басым екеніне зер салмайды. Тіпті бұл ата-аналар үшін елеуге тұрмайтын ұсақ-түйек мәселе ғана. «Бала түгілі, ересек адамдар ғаламторға тәуелділіктің бар екенін білсе де, одан көз алмайды. Ал балалардың психикасы бәрін сол қалпында қабылдайтыны белгілі. Теріс ақпарат әп-сәтте баланың миын жаулауда. Біз осы қауіп жөнін-де айтқымыз келді» дейді фильм режиссері Рубен Казарян. Режиссердің айтуынша, елімізде интернеттің адам баласына төндірер қаупі туралы арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілмейді. Дегенмен арам пиғылын жүзеге асырғысы келетін педофилдер үшін ғаламтор құрбан іздеудің таптырмас құралы. Тіпті фильмді түсіру тобы Ішк істер департаментінің мамандарымен де тілдесіп көрген екен. Арнайы мекеме қызметкерлері ғаламтор арқылы педофилмен танысып, тілдесіп, кездескен балалардың бар екендігін айтыпты. Фильмді түсіріп, жарыққа шығаруға «Microsoft Қазақстан» компаниясы қолдау білдірген. Фильмде Windows жүйесінде балалардың ғаламтордағы әрбір ісін бақылауға арналған «Ата-ана бақылауы» атты бағдарлама туралы да айтылады. Аталмыш бағдарлама арқылы әрбір ата-ана баласының іс-әрекетін толыққан-ды бақылап, қауіп-қатердің алдын алады. Рубен Казарянның фильмі көпшілікке ой салатын туынды болғандықтан, ғаламторға таратылып, мектептерде көрсетіледі [2].

Деректерге жүгінсек, халық арасында «В контакте», «Мой мир», «Твиттер», «Фейсбук» сынды әлеуметтік желілер кеңінен танымал. Бір минутта әлеуметтік желілер арқылы кем дегенде 20 миллионға жуық хабарлама жазылады. Ал минут ішінде 8 адамның жеке мәліметтері ұрланады екен. Бір қарағанда, компьютер алдында отырған баланың не істеп, кіммен тілдесіп отырғаны елеуге тұрмайтын-ақ жайт. Дегенмен әртүрлі ойындарды ойнап, мінез-құлқы мен психикасы бұзылған жасөспірімдер баршылық. Мәселен, 2001 жылы Ресейде үш бала ойынға беріліп, өздеріне қол салса, АҚШ-та Шон Вуллей есімді азамат виртуалды әлемге еніп, ақыры суицид жасады. Дәл сол кезде Шонның анасы: «Бұл тәуелділік. Сен не өлім құшасың, не жынданасың, не тірі қаласың. Менің ұлым өлім құшты» деген еді. Расында, ғаламтор әлемі балаларға жапа шектіреді. Бала түгілі, ересек адам ғаламторға тәуелді болатыны соншалық, ұйқы мен жұмысты, тіпті жеке өмірді кейінге ысырады. Ал мінез-құлқы мен көзқарасы енді қалыптасып келе жатқан жеткіншектің ғаламторға тәуелді болуы қауіпті-ақ.

Сондықтан «интернеттегі балалардың» қауіпсіздігін бір сәт ойланған жөн. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі баланың өзі жазу-сызуды білмесе де,компьютердің,телефон арқылы интернетке кіруді жақсы біледі. Демек, бала заманына қарай өседі. Технология тілін жатық біле бермейтін әке–шешелері «қазіргі балалар іштен біле туады» деп те айтып жатады. Компьютерге осыдан 10 жыл бұрын тек қалталылардың ғана қолы жетсе,бүгінгі күні оны әрбір үйден көруімізге болады.Сондықтан болар компьютерлік ойындар балалардың құмартып ойнайтын ойындарының біріне айналды.Енді мамандар зерттеулеріне сүйене отырып, бұл озық технологияларды ұзақ пайдаланудың бала психологиясына кері әсерлерін саралап көрсек.

Біріншіден, шамадан тыс ақпараттар тасқыны баланы енжарлыққа душар ететін көрінеді. Интернетті өзінің бірінші серігі, ал компьютерді «досы» етіп таңдаған жан айналасындағы адамдарменеркін араласу қабілетін лезде әлсіретіп алады екен. Бұл туралы мамандар:«Өзгенің адами мұң мұқтажын түсінбейтін,айналасындағылардың жан қиналысын сезіне бермейтін, яғни жүрегі селт етпейтін халге жетеді»,–дейді. Адамдармен, тіпті өзінің жақын-жуықтарымен,әке-шеше,бауырларымен араласудан қашқақтайтын ондай бала, абайламаса,шынайы мынау өмірді виртуалды, жансыз «өмірге» айырбастап жіберетіндей дәрежеге жетеді екен. «Компьютерге байлану» ауруы негізінен кімдерде пайда болады?» деген сауалға мамандардың жауабы: «негізінен, шынайы өмірде өз-өздеріне сенімсіз, сондай-ақ тұрмыста кездесетін қиын түйіндерді шеше алмайтын адамдар және әке-шеше қарауынан тыс қалған жас балалар аталған ауруға бейім». Олар:«компьютерден тыс жерде тірлік ету уақытты босқа жоғалтқанмен бірдей»,–деп есептейді екен. [3].

Қазіргі жаңа технологиялардың ішіндегі ең көп қолданылатының бірі ол-компьютер. Бүгінгі өмірді компьютерсіз елестету мүмкін емес.Компьютер адамзаттың өркениет жолымен дамуына ықпал ететін басты құралдардың бірі екені даусыз. Қай салада болмасын компьютер кеңінен қолданылып, адамдар тіпті онсыз өмір сүруін елестете алмайтындай дәрежеге жетті. Ал компьютерлік ойындар балалардың құмартып ойнайтын ойындарының біріне айналып, оған деген

тәуелділігі күннен-күнге артып отыр. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы құмар ойындарын психиканың бұзылуына әкеліп соқтыратын, адам ағзасына қауіпті ойындардың қатарына енгізді.

Психологтардың зерттеуіне қарағанда, компьютерлік ойын үстінде адамның ойлау қабілеті, эмоциясы төмендеп, тек көру қабілеті мен рефлекстері жұмыс істейтінін анықтаған. Қияли әлемге жіпсіз байланғандардың көпшілігі күнделікті өмірде көптеген қателіктерге бой алдырады екен. Себебі, компьютердегі бейнелер шынайы өмірге мүлдем ұқсамайды. Сондықтан,балаларды компьютермен емес, адамдармен қарым-қатынас жасауға үйрету керек [4].

Компьютерден басқа, қазіргі жастар ұялы телефонға да тәуелді болды. Қазақстандағы 2,5 миллионнан аса оқушының қазіргі кезде ұялы телефон ұстамайтындары кемде-кем шығар.Баланың «соткасы» күні кешке дейін қалтасында жүретіндіктен, ата-аналар ұл-қызының қалайша әлеуметтік желінің шырмауына түсіп қалғанын байқамай қалып жатыр. Ақпараттық технологиялар қаншалықты қарыштап дамыған сайын, олардың кері әсері соншалықты үдеп барады.

Ұялы телефон хат алысып, хабарласатын байланыс құралы ретінде өмірімізге етене жақын. Соңғы уақыттарда қарапайым байланыс құралынан функционалдық әлеуеті жоғары көп қолданбалы құрылғыға айналуы оған деген сұранысты да арттыра түсті. Әсіресе, смартфон мен 3G-4G технологияларының кәдеге жарауы бізді өзіне одан сайын тәуелді етті. Ұялы телефон байланыс құралы ғана емес, әлеуметтік желіге тікелей шығатын құралға айналды. Оны сөйлесуге емес, әлеуметтік желіге кіру үшін қолдана бастады. Осы әлеуметтік желілер ішіндегі ең атақты да, көп қолданатын бірі ол «mail.ru» желісі болып табылады [5].

Бүгінде «mail.ru» қызметіне жүгінбейтін адам аз. Әсіресе жастар арасында «агентшілердің» қатары күн санап көбейіп келеді. «Mail.ru» компаниясының деректеріне жүгінсек, «м-агент» қызметін айына 9 миллион адам пайдаланады, ал оған бір уақытта 2 миллионнан аса адам қосылады екен. Компьютерді былай қойып, енді қалта телефонына еніп алған бұл байланыс желісінің тиімділігі айтпаса да түсінікті. Әлеуметтік желілер бала психикасын уландыратыны сөзсіз. Тәулігіне 24 сағат болса, бала оның 12-13 сағатын осы қалта телефонмен өткізеді. Мектеп оқушыларының көбі, оны сабақ үстіндепайдаланады. Әуен тыңдайды, клип көреді, кейде сондағы әуенге еліктеп ұйқылы-ояу маужырап сабақта отырады. Ал сергек отырғандарының өзі бір-біріне агент арқылы «хат» жазып, сабаққа тіпті көңіл бөлмейді. Бұл тірлік, өкінішке орай, үйге келген соң да қайталана береді.Көптеген балалар, жастар түнде ұйықтар алдында ұялы телефонмен ойын ойнауға, әлеуметтік желілерде жазба оқуға құмар. Бұл бір жағы, телефонға шектен тыс тәуелділіктен туындаса, екінші жағы, ұйқысыздыққа ұшыраған тұрғындарының телефонды ермек ете тұру пиғылынан туған теріс әдет [6].

Сондай-ақ мұндай тұтынушылардың басым бөлігі көзі жұмыла бастаған бетте телефонды жастықтың жанына қоя салып, ұйқыға кетеді. Телефон радиациясынан өзге ағзаларға қарағанда адамның басы анағұрлым көп зақым алады екен. Мұндай бұрыс дағды адамдарды бас ауру, бас айналу, көз қарауыту, зеңу, ұйқысыздық дерттеріне шалдықтырып, уақыт озған сайын ауру белгілері созылмалы, қайталанатын сипат алады. Ал, бұл әрине психикаға өз әсерін тигізеді.

Ұялы телефонға тәуелділік бұл қазіргі заманның ең өзекті мәселелері деп айтуға болады, себебі балалар шың өмірде емес виртуалды әлемде, әлеуметтік әлемде өмір сүреді. Тіпті,мемлекет басшысы қазақстанды оқушыларды әлеуметтік желілерде көп отырмауға шақырды.«Твиттерде» немесе басқада әлеуметтік желілерде отырып, уақыттарыңды босқа ысырап етпеңдер. Ең дұрысы өз араларыңда көп әңгіме-дүкен құрыңдар. Өйткені, нағыз дос ғаламторда емес, жаныңда жүргенін ұмытпа. Бүгінгі қоғамда адамдарды кітап оқитындар мен компьютерде отырып, уақыт өткізетіндер деп екі топқа бөлуге болады. Компьютерде отыратындар өмір бойы кітап оқитындарға қызмет етіп өтеді»,-деді Н.Ә Назарбаев [7].

Қорыта келгенде, жаңа технологиялардың жақсы жақтары ғана емес, сонымен қатар зиянды жағы бар екеніне көз жеткіздік. Компьютерсіз, ұялы телефонсыз, интернетсіз біздің өмірімізді қазіргі таңда елестету мүмкін емес. Бірақ, осы технологияларды керек кезде және дұрыс пайдалана білу керек. Өз еліміздің ұрпақтарымызды осы тәуелділіктен құтқарып, виртуалды әлемнен шығарып қоғамда өмір сүруге шақыру тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Антон Платов. Дети, Сеть и родители. Мир компьютеров.-No 3.–2004.
2. Гордеева А. В. Увлеченность компьютерными играми: психологический аспект.–К.–2004.
3. Хоперская О. Осторожно, компьютер! // Природа и человек. Свет.-No 8.–2000.
4. Шлимович Б. Компьютеры и дети. // Наука и жизнь.-No 11.–1998.
5.Сымбат Абешова. Жеткіншектің компьютер тұтынушысы ретіндегі мотивациясы мен қарым-қатынасы. // Қызықты психология. Алматы.-No 2.-2011.
6. Әркімбай. Н. «Компьютер баланың қасы ма, досы ма?» // «Ана тілі».-No 8-2011.

ӘОЖ 373.2

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Жилкибаева Х.О.
№48 "Шаттық" МДҰ МК, Ақтөбе қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы шыққалы бері барлық жағынан рухани жаңғыру жүйесі қолға алынғаны белгілі. Білім салаына да рухани жаңғыру керек, ол баланың біліктілігі мен білімінің арқасында көрінетін дүние. Өзі жаңғырып, өзі өзгеріп, өзінің кәсіби шеберлігін арттырып отырған тәрбиеші ғана рухани жаңғыруға сай білім нәрін құя алады. Бұл мақалада автор қоғамды рухани жаңғырту ұлттық мәдени мұраны білуден басталады және ол мектепке дейінгі ұйымнан басталады деп түйіндейді.

Түйінді сөздер: Рухани жаңару, бала-бақша, ұлттық сана, ана тілі, орыс тілі.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы шыққалы бері барлық жағынан рухани жаңғыру жүйесі қолға алынғаны белгілі. Білім салаына да рухани жаңғыру керек. Ол дегеніміз баланың біліктілігі мен білімінің арқасында көрінетін дүние. Өзі жаңғырып, өзі өзгеріп, өзінің кәсіби шеберлігін арттырып отырған тәрбиеші ғана рухани жаңғыруға сай білім нәрін құя алады. Рухани жаңарудың ең маңызды миссиясы - ұлттық сананың әр түрлі тілдерді меңгерумен үйлестіру. Қоғамдық сананы жаңғырту саяси және экономикалық жаңғыртудың негізі болады.

ХХ ғасырдың ірі өкілі, белгілі ағартушы Ж.Аймауытов ұстаз қызметін былай сипаттайды: «Балаларға білім берумен, тәрбиелеумен мұғалімнің қызметі тәмәм болмайды. Ол балаларды тәрбиелеуге, үгіттеуге міндетті, басқаша айтқанда, мұғалім қарапайым қызметкер емес, ол шәкіртінің алдағы өмірін өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып, оларға келешекте өмірде аяғын шалыс басып, соққы жеп өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоры».

Өз елін сүю - отбасында, бала-бақшада, мектепте, тұтастай алғанда қоғамда өмірінің алғашқы жылдарынан бастап тәрбиеленуге тиіс маңызды құндылық. Патриоттары бар ел - бұл гүлденген ел. «Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс» деген еді ұлтымыздың мақтанышы, ұлы патриот атамыз Бауыржан Момышұлы. Өзі елі мен мемлекетін сүю дегеніміз - басқа барлық ұлттар мен халықтарды құрметтеу дегенді білдіретінін естен шығармауымыз керек. Осы сөздердің мағынасын түсіне алған адам ғана толыққанды патриот атана алады.

2017 жылы сәуірдің 12-жұлдызында Елбасымыз, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. Мақала төменде көрсетілген 2 бөліктен тұрады: I. XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы. II. Таяу жылдардағы міндеттер. Жеке адамның рухани жаңғыруы – өмірге, уақыт ағымына ақыл парасатымен, білімімен бейімделе білуінде. Адамды өмірге, қоғамдық ортаға ақыл парасатымен және білімімен бейімдейтін ұлттық қасиеттер (ұлттық сана) мен ұлттық құндылықтар (тәрбие, имандылық, тектілік және т.б.) болып

табылады. Ұлттық сана, тәрбие, имандылық, тектілік – жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіреді. Бұлардан қол үзген адам рухани жаңғырудың биігіне жете алмайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу... Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауы тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер, жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі жақсы жақтарын қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [1].

Рухани жаңғыру идеясы атамекен мен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тарихы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі. “Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады”,- деп Мұхтар Әуезов, айтқандай өз ұтының рухани байлықтарын түсініп, білу адам үшін өте маңызды. Б.Момышұлы “Халық тәжірибесі тек бізге ғана емес, біздің келер ұрпақтарымыз үшін де қымбат қасиет”,- деп атап көрсеткен, сондықтан мемлекетінің тарихын білу арқылы ғана, өзінің, өз елінің толыққанды болашағын құруға болады. Қоғамда интеллектуалдық ой өріс болу үшін ұрпақ болмысы мінсіз болуы қажет. Ал екінші орында бала-бақша мен мектеп тәрбиесі өте маңызды рөл атқарады. Менің ойымша, сан ғасырларды қамтыған тарихтың, ежелден келе жатқан мәдени даму жолының балаларға таныстырылуы шетел тілін, орыс тілін үйретуде де өз жалғасын табуы керек. Елдің тұрмыс тіршілігімен тыныс алып, өмірімен етене байланысып өскен ұрпақ өмірге ширығып өседі. Өмірге ширыққан адам елге жаны ашитын, бойында бар қабілетті, қолы жеткен бар игілігін елге арнайды. Елге жаны ашитын зиялы адам өз заманының жетістігін білімге, өнерге, ғылымға жастарды бағыттау оның жетістігіне елдің қолын жеткізу деп түсінеді. [2]

Балабақшада тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде-тәрбиеші басты тұлға болып табылатыны сөзсіз. Осындай талапқа сай қызмет істеу үшін алдымен оқытушы өзінің теориялық және әдістемелік білімін ұдайы толықтырып, үздіксіз ізденуі, өз мамандығын барынша жетілдіру және қызметі саласындағы жаңалықтар мен өз тәжірибесін үнемі пайдалануы тиіс. Сонда ғана оқытушы қызметі бүгінгі күннің талабына сай болады. Үздіксіз іздену - бүгінде мұғалімге қойылып отырған басты талаптардың бірі. Мұғалімнің шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік игеру. Оларды өзінің күнделікті қызметінде пайдалана білу, осы орайдағы мұғалімнің шығармашылық еңбегі, ең алдымен, сабақпен байланысты. Демек сапалы, тиімді әрі нәтижелі жүргізген әрбір сабақ – ұстаздың тынымсыз еңбегінің айғағы.

Менің ойымша, сан ғасырларды қамтыған тарихтың, ежелден келе жатқан мәдени даму жолының балаларға таныстырылуы шетел тілін, орыс тілін үйретуде де өз жалғасын табуы керек. “Нағыз патриот - өз елін мақтайтын емес, нағыз патриот кемшіліктерді байқап, оларды түзеуге ықпалдасатындар”, - деген Н.Ә. Назарбаев сөздеріндегідей, біздің, жастардың, Рухани жаңғыруды іске асыруға ықпал етуіміз өте маңызды. «Қандай жағдайда мемлекттік жаңғыру толығымен жүзеге асады?» - деген сұраққа: «Тек қана сол мемлекттегі әрбір азамат Рухани жаңғырудан өткерген кезде жүзеге асады»,- деп жауа берер едім. Өз тарапымыздан, тіл маманы ретінде, қазақтың, орыстың ұлы тұлғаларының әдеби шығармаларын оқудың мәнін түсіне отырып, оны насихыттауымыз маңызды. Шетелдік мамандар да осы ұстанымды қолдайды. Байранның айтуынша, шетел тілін оқыту төрт негізгі құрамдас бөлікті қамтуы тиіс, атап айтсақ: тіл үйрену, тілдік түсінік, мәдениет аясындағы білім және жаңа мәдениетті тану. Осы орайда ана тілі екі тіл мен мәдениетті байланыстырушы құрал ретінде қызмет атқарады. Тіл - бұл тіл мен мәдениеттің үйлесімі.

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір білімгердің сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті

болуын талап етеді. Оқыту технологиясы оқыту үрдісіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Қазіргі кездегі білім беру сапасы білімгердің әртүрлі әрекет саласында өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндікті қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзіреттілік түріндегі білім нәтижелерімен түсіндіріледі.

Еліміз жүйелі эволюциялық даму барысында мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы еліміздің мәдени-рухани өмірінде және қоғамдағы рухани құндылықтарды нығайтуда елеулі орын алатын аса маңызды бағдарламалық құжат. [3]

Сондықтан, бүгінгі таңда ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекеті мен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы, еңбек ұжымындағы әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Жалпы құзіреттіліктің сипаты қандай екендігіне тоқталып өтсек, кейбір сөздіктерде құзіреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірме берілген. Тұлға құзыреттілігін дамыту үшін ұстаздың құзыреттілікті тәсілдерді меңгеруі, білім беру мазмұнын жетілдіруі қажет және жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалануда жоғары нәтиже береді деген сенімдеміз.

Қорыта айтатын болсақ, Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетіп кет кендей: “ Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді”, әрбір қазақстандық азамат рухани жаңғырудың мәнін түсінуі өте маңызды. Елбасымыз бағдарлаған жол бойынша жүру, әрбіріміз үшін дұрыс шешім екеніне кәміл сенемін. Бір орында тұрмайтын, осынау заманда, жаһандану үдерісінің шаңында қалмайтындай, көзі ашық ұрпақ болу, біздің, яғни жастардың өз қолында. Әрқайсымыздың жаңғыруға деген ішкі ұмтылысымыз дамуымызға апарар жалғыз, әрі ең жемісті жол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан 26.04.2017 ж.

2..Үмбетхан Қуандықұлы, «Рухани жаңғыру идеясы және ұлттық рух» мақаласы, www.abai.kz

3. Х. Досмұхемедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінің басылымы, «Ұлттық сана-рухани жаңғыру» мақаласы, Университет газеті, 1б., 21 Сәуір, 2017

ӘОЖ 371.38(045)

ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ АРТТЫРУ

Жумабекова М.М.
Ғылыми жетекші: Сұлтан Ж.И.
С.Бәйішов атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа.Рухани жаңғыру идеясы ата мекенмен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін жетістігі.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, ұлттық болмыс, бәсекеге қабілеттілік, патриотизм.

Сөздің астарында елінің, жерінің тарихын біліп, қадірлеу, қазіргі өміріне белсене араласып, болашағын жоспарлау мәселесі жатыр. Патриотизм - бұл туған мәдениетін, дәстүрін, ана тілін білу және құрметтеу, сіздің отандастарыңызға деген сүйіспеншілік пен ізет. Бұл біздің болашақтағы әл-ауқатымыздың кепілі. Менің ойымша, бұл сөздер ежелден мәлім. Өз елін сүю - отбасында, мектепте, тұтастай алғанда қоғамда өмірінің алғашқы жылдарынан бастап тәрбиеленуге тиіс маңызды құндылық. Патриоттары бар ел - бұл гүлденген ел. «Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауғақабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген тереңсүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп,оларды сүйе білуге тиіс» деген еді ұлтымыздың мақтанышы, ұлы патриот атамыз Бауыржан Момышұлы[1]. Өзі елі мен мемлекетін сүй дегеніміз - басқа барлық ұлттармен халықтарды құрметтеу дегенді білдіретінін естен шығармауымыз керек. Осы сөздердің мағынасын түсіне алған адам ғана толыққанды патриот атана алады. Патриотизм дегеніміз жалған адамгершілік көрінісі немесе митингілерде жалынды сөз сөйлеу емес. Бұл сезім адамның жүрегінде өмір сүреді, сүйікті Отаны үшін қиын сағатта шешуші жалынмен өртеуге дайын, сөнбейтін ұшқын болып жарқырайды.

Мемлекетіміздің анық және табысты болашағына жол ашар, Елбасымыздың ұсынған бағдарламаларын дұрыс қабылдап, оны іске асыру жолында еңбек етуіміз де отансүйгіштіктің айқын көрінісі.

2017 жылы сәуірдің 12-жұлдызында Елбасымыз, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Содан кейін «Қазақстан–2030» Стратегиясын қабылдады және Астананы салды. Нәтижесінде еліміз әлемнің дамыған 50 елінің қатарына кірді. Екінші жаңғырудың нәтижелері. Биылғы жылдан бастап Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің Үшінші жаңғыруын іске асыруға кіріскені баршаға белгілі. Оның басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру. Бүгінгі таңда Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру аясында саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үш жаңғыру үдерісі жүзеге асырылатын болады[2].

Еліміз жүйелі эволюциялық даму барысында. Мемлекет Басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы еліміздің мәдени-рухани өмірінде және қоғамдағы рухани құндылықтарды нығайтуда елеулі орын алатын аса маңызды бағдарламалық құжат. [3]

Рухани жаңғыру идеясы ата мекенмен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тарихы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі.

“Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады”,- деп Мұхтар Әуезов, айтқандай өз ұлтының рухани байлықтарын түсініп, білу адам үшін өте маңызды.

Б.Момышұлы “Халық тәжірибесі тек бізге ғана емес, біздің келер ұрпақтарымыз үшін де қымбат қасиет”,- деп атап көрсеткен, сондықтан мемлекетінің тарихын білу арқылы ғана, өзінің, өз елінің толыққанды болашағын құруға болады. Қоғамда интеллектуалдық ой өріс болу үшін ұрпақ болмысы мінсіз болуы қажет. Елдің тұрмыс тіршілігімен тыныс алып, өмірімен етене байланысып өскен ұрпақ өмірге ширығып өседі. Өмірге ширыққан адам елге жаны ашитын, бойында бар қабілетті, қолы жеткен бар игілігін елге арнайды. Елге жаны ашитын зиялы адам өз заманының жетістігін білімге, өнерге, ғылымға жастарды бағыттау оның жетістігіне елдің қолын жеткізу деп түсінеді. [2]

Рухани жаңғырудың негізі мақсаты: өз тарихын, ел тарихын білуі арқылы нағыз елінің жанашыры, нағыз патриот болған ұрпақ тәрбиелеп, нәтижесінде қасиетті Отанымыздың дамуын ілгерілетіп, дамудың жоғары сатысына өту. Патриотизмді жас ұрпақ санасына сіңіру үшін, әрине, ең алдымен ата- ана тәрбиесі қажет. Ал екінші орында мектеп тәрбиесі өте маңызды рөл атқарады.

Менің ойымша, сан ғасырларды қамтыған тарихтың, ежелден келе жатқан мәдени даму жолының балаларға таныстырылуы шетел тілін үйретуде де өз жалғасын табуы керек. “Нағыз патриот - өз елін мақтайтын емес, нағыз патриот кемшіліктерді байқап, оларды түзеуге ықпалдасатындар”, - деген Н.Ә. Назарбаев сөздеріндегідей, біздің, жастардың, Рухани жаңғыруды іске асыруға ықпал етуіміз өте маңызды[3].

Қорыта айтатын болсақ, Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетіп кет кендей: “Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін... Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді” , әрбір қазақстандық азамат рухани жаңғырудың мәнін түсінуі өте маңызды. Елбасымыз бағдарлаған жол бойынша жүру, әрбіріміз үшін дұрыс шешім екеніне кәміл сенемін. Бір орында тұрмайтын, осынау заманда, жаһандану үдерісінің шаңында қалмайтындай, көзі ашық ұрпақ болу, біздің, яғни жастардың өз қолында. Әрқайсымыздың жаңғыруға деген ішкі ұмтылысымыз дамуымызға апарар жалғыз, әрі ең жемісті жол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрсұлтан Назарбаев, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, Егемен Қазақстан газеті, 1-2 б., 12 Сәуір, 2017

2. Гүлшара Әбдіқалықова, «Рухани жаңғыру – Қазақстанның үшіншіжаңғыруының негізі» мақаласы, www.abai.kz порталы, 6 Шілде, 2017

3. Үмбетхан Қуандықұлы, «Рухани жаңғыру идеясы және ұлттық рух» мақаласы, www.abai.kz порталы, 6 Шілде, 2017

ӘОЖ 37.014.7(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұмалықызы С.
Ғылыми жетекші: Сұлтан Ж.И.
С.Бәйішов атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесіндегі негізгі тұлға педагог болғандықтан, оқытудың жаңа деңгейіне көшуге байланысты сапалы білім беру міндеті мұғалімге жүктеледі. Мұғалім оқыту әдістемесіне жаңалықтарды енгізіп, шығармашылықпен айналысып, үнемі өз білімін жетілдіріп отыру керек. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру қарастырылған.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, педагогика, білім беру, үздіксіз білім.

Мен – қазақпын, мың өліп мың тірілген,Жөргегімде таныстым мұң тілімен.Жылағанда жүрегім күн тұтылып,Қуанғанда күлкімнен түн түрілген деп ақын Жұбан Молдағалиев жырлағандай қазақ халқы мың өліп, мың тіріле отырып қол жеткізген тәуелсіздігіміз мәңгілік жасамақ... Мәңгілік ұлт болу әр ұлыстың арманы болған тарихта. Бүгінгі күнде сол қағиданы рухани жаңғыру арқылы жалғастырамыз. Иә, мәңгілік ел болмақтың өлшемі мәңгілік тұғыр болмақ дедік. Ол тұғыр – ұлт. Мәңгілік ұлт арманмен, мұратпен ғана мәңгілік.

Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Сөз жоқ, «Ұлттың рухани коды» дейтін академиялық ұғым кешелі-бүгін ғана емес, Мемлекет басшысының ой-санасында

әлденеше рет елекке түскен, таразыға тартылған, сан жылдардан бері сарапталып, пісіп-жетіліп, өзінің сын сағатын күтіп келген дүние екені даусыз. Осы кезеңдерге дейін еліміздегі жүзеге асырылған ірі-ірі жобалар мен стратегиялық бағдарламалардың дені саяси-әлеуметтік, экономикалық ендіктерге құрылған болатын. Бәрі де рет-ретімен және өте сәтті жүзеге асырылып келді. «Ең бірінші экономика, содан кейін саясат» деген басқару жүйесін Елбасы тегін айтқан жоқ. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – ұлттық идеологиялық бағытымыздың кепілі[2]. Ұлттық дамуымыздың негізгі тірегі болар осы үш концепция сөзсіз бір-бірімен сабақтасып, тамырласып жатқан идеялар. Өз алдымызға жеке отау құрып, бабалар аманатына қол жеткізіп, шекарамыздың бәрін айқындап жаңа тұрпатты тәуелсіз мемлекет құрдық. Алыс-жақындағы алып елдермен саясі-әлеуметтік, экономикалық және рухани қарым-қатынасты жолға қойдық. Бұл, әрине, бір ауыз сөзбен түйіп айтуға ғана оңай. Әйтпесе, тәуелсіздіктің осы ширек ғасырында қаншама қиындықтар, шиеленістер, күрмеуі қиын әлеуметтік және ұлттық мәселелермен бетпе-бет келгенін іштеріңіз сезеді. Сол бір қысталаң кездерде көшімізді сүріндірмей, қайығымызды қайрандатпай осы кезге дейін жеткізген ел Президентінің сарабдал саясаты екенін баршамыз жан жүрегіміз сезіндік, сезініп те келеміз.

Елбасы «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде?» деген сауалды жалпы бұқараға қоя отырып, «Мен еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім. Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын!» деп кесіп айтты. Екі тарау мен алты тармаққа, алты тапсырмаға құрылған Елбасы бағдарламасы – рухани кеңістігіміздің жаңа жаңғыруының жарқын нышаны! «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» атты бірінші бөлімнің «Бәсекелік қабілет», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» атты алты тармақ және «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші бөлімдегі ойлар мен идеялар ұлттық мемлекеттілікті нығайту мен сақтаудың айқын да нақты көрінісі[1].

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.Еліміздің өркендеп қанат жайып өсіуне,қоғамның дамуы мен заман ағымындағы болып жатқан соңғы жаңалықтар мен өзгерістер білім беру саласының алғашқы сатысы болып жүзеге асырылады.Заман талабына сай білім беру саласына да көп көңіл бөлініп отырғаны баршаға мәлім. Педагогика ұзақ жылдар бойы ақпарат жинау барысында,педагогикалық ғылымдардың салалы жүйесіне айналды. Қазіргі заманғы ғылыми дифференциацияға,оқытудың бөліну аймағындағы тенденцияға енеді. Оқу орындарының оқу-тәрбие процесіндегі оқыту,тәрбиелеу заңдылықтарын қарастыратын ғылыми базалық пән жалпы педагогика. Педагогика – кең ауқымды ғылым.Оның шұғылданатын оқу және тәрбие мәні мен олардың барша байланыстарын жеке бір ғылым шеңберінде қамту мүмкін емес. Педагогика дамудың ұзақ жолын басынан кешіріп,көптеген білімдер жинақтап,бүгінгі күнде ғылыми білімдердің кең тармақты жүйесіне айналып

отыр.Сондықтан бүгінгі педагогиканы тәрбие жөніндегі ғылымдар жүйесі деп атаған дұрыстау келеді.Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуда.Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып,адамның болашағы оның алған білім сапасының көлеміне,ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті –ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау,оқытудың жаңа технологияларын енгізу,білім беруді ақпараттандыру,халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу.»-делінген.Бұл білім мекемелерінің мұғаліміне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға,педагогикалық нұсқаны кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді.Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып,әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: қазіргі білім беру парадигмасы өзгерді,білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.Атап айтқанда: -Білім мазмұны жаңа біліктермен,ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамыуымен,ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылауымен байи түсуде;-Ақпараттық дәстүрлі әдістер ауызша және жазбаша,телефон немесе радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығыстырып орын беруде;-Баланың жеке басын тәрбиелеуде,оның жан дүниесінің руханибаюына,азамат,тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;Қазіргі таңда қоғам білім беру жүйесінен экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге сай болуды талап етіп отыр. Бұл мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» [3].

1-сурет

Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесіндегі негізгі тұлға педагог болғандықтан, оқытудың жаңа деңгейіне көшуге байланысты сапалы білім беру міндеті мұғалімге жүктеледі. Мұғалім оқыту әдістемесіне жаңалықтарды енгізіп, шығармашылықпен айналысып, үнемі өз білімін жетілдіріп отыру керек. Білімді жаңғыртудың басты мақсаты білім беру жүйесінің тұрақты дамуынан және оны XXI ғасыр қажеттілігіне сай қамтамасыз етуден тұрады. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру. Үздіксіз білім берудегі математика рөлі көзге ұрып тұрады[5]. Мәселенің бәрі мынаған келіп тіреледі: математиканы қалай оқыту керек және оқу процесінде нені басты назарда ұстауға тиіспіз? Математикалық білімді қалай оқыту туралы алуан түрлі теориялық ізденістерде нақты практикалық міндеттерді шешуде математикалық әдістерге байланысты пікірлердің орын алуы – орынды құбылыс.Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге жол ашуда.Осы тұрғыдан алғанда,ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру,оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды.Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттердіңғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі.Ал жаңа технологияларды пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан мұғалімнің біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгеруі маңызды.Осының бәрі қордаланып келгенде, ұстаздар қауымының тұрақты да, жүйелі қайта даярлануы мен кәсіби біліктілігін көтеріп отырудан хабар береді. Бағдарламаның негізінде оқушылар белсенді іс-әрекет иесі бола отырып, өзінің зерттеулеріне сүйене отырып ой қорыта алуы.Оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыратын «жаңа тұрпатты» сабақ қандай болмақ? Сабақ – оқушы мен мұғалім арасындағы білім алуға негізделген үрдіс. Жеті модульді тереңірек түсіну – сабақты жаңаша жоспарлауға мүмкіндік беретінін байқауға болады. Сабақтың мақсатын дұрыс айқындау, «мұғалім — оқушы, оқушы — оқушы» коммуникативті қарым – қатынасын оңтайлы ұйымдастыруға жол ашады. Мұғалімді оқушыға тек қана білім беру ғана емес, сонымен қатар, әрбір оқушының бойында шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары туралы ізденістер толғандырады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі – жаңаша инновациялық көптілді білім беру моделін құру болып табылады. Заманауи мектеп бітірушілеріне шет тілін сапалы меңгеру – өмірден туындап отырған қажеттілік. Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы шет тілін еркін меңгеру сұранысын жоғарылатып, теориялық және практикалық білімді терең де сапалы меңгеру шеберлік пен дағдысын талап етіп отыр. Көп тілді оқыту негізінде бейімдеу – дамыған тұлғаның әлемдік өркениетін кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілік кепілі. Қазіргі жастар өздерінің алдына үлкен мақсат қоя біледі. Олар шетелде білім алуды армандайды. Қазіргі мәліметтерге сүйенсек, шет елде оқуға талапкерлер көбінесе тілдік мәселеде қиналады. Дәлірек айтсақ, нақты саналатын пән терминологиясынан көп қиналады. Себебі, ол сөздер күнделікті өмірде көп қолдана бермейді. Сол себепті, жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқыту заман талабы. Осы бағытта мектептерде көп тілдік орта қалыптастыруда кешенді әрекеттер ұйымдастырылуда. Жекеленген пәндер ағылшын тілінде оқылады. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуына септігін тигізеді. Білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен қалыптастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы тәжірибе жүзінде дәлелденіп келеді. Қайталау мен жаттауға негізделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған білім (конструктивтік) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау сияқты белсенді әрекеттерді талап етеді[4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
2. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.
3. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік
4. Жолдаева Ж.С. «Мәңгілік ел-Мәңгілік Қазақстан». Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал. 2016ж. №1 .
5. Ғаламтор (желісінен) http://bilimdiler.kz/kazakh_tili/7242-bilimdi-urpak-el- bolashagy.html

ӘОЖ 37.022(045)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛЫ ҒҰЛАМА ОЙШЫЛДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Комарова Д.Т.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын ұлы ойшылдардың еңбектері арқылы қалыптастырудың жолдары қарастырылған. «Рухани-адамгершілік құндылықтар» - дегеніміз адамның ішкі жан-дүниесінің даму жағдайын көрсететін, адамдық деңгейін ашатын, сипаттайтын оның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, әлеуметтену дәрежесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ішкі ең мәнді құрылымдық элементі деп білеміз. Рухани-адамгершілік тәрбие қоғамның барлық даму кезеңінің зерттеу обьектісі болып келеді. Оған түрлі кезеңдерде өмір сүрген қазақ ғұламалары, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтар (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Өтеубойдақ Тілеуқабылұлы, Қожа-Ахмет-Иассауи, Абай Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова,т.б) еңбектерінде рухани- адамгершілік құндылықтарды үнемі уағыздалуы, қазақ халқының қоғамдық, рухани, мәдени өмірінен орын алуын мұрат тұтқан идеялар айқын дәлел. Сондықтанда осы ғұлама ойшылдардың еңбектерін аша отырып, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын мақалада ашуға тырыстық.

Түйінді сөздер: Адамгершілік, құндылық, рухани-адамгершілік құндылық, ойшыл.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды қоғамдық әрі педагогикалық мәселелердің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылдық пен адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптастыру – уақыт талабына сай қажеттілік. Бұл туралы ел президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің халқына арнаған «Қазақстан-2030» жолдауында жан-жақты негіздеме берген болатын [1].

Қай заманда болмасын, сол қоғам талабына сай азаматты тәрбиелеуді жүзеге асырудың бірден-бір жолы – адамның рухани байлығын арттыру екендігі заңдылық. Бүгінгі таңда адам айтса нанғысыз аурулардың көбейуі, адамгершілік қасиетіміздің жүдеу тартуы, мейірімсіз жастардың кез-келген қоғамдық ортадан табылатындығы жасырын емес «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол изде» деген ата-бабамыз қашанда ұрпақ тәрбиесіне тірілікте ерекше мән беру керектігін ескерткен.Олай болса, жас ұрпақтың осындай күйге түспеуіне, олардың рухани бай, адами қағидаларға негізделген қарым -қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екені анық.

«Құндылық» - ұғымын адам бола білу, қадір – қасиетті сезіну, өмірдегі өз орны мен өмір сүру жолын білу деп түсінеміз.

«Рухани- адамгершілік құндылықтар» - дегеніміз адамның ішкі жан-дүниесінің даму жағдайын көрсететін, адамдық деңгейін ашатын, сипаттайтын оның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, әлеуметтену дәрежесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ішкі ең мәнді құрылымдық элементі деп білеміз.

Өйткені, рухани – адамгершілік құндылық адам санасында орын алып, сана арқылы игеріліп, іс-әрекетке жетелейді. Сондықтан, біз үшін құндылықтың өзегі- Адам, тәрбиесі-Адам болуға ұмтылыс жасау болуы тиіс.

Рухани-адамгершілік тәрбие қоғамның барлық даму кезеңінің зерттеу обьектісі болып келеді. Оған түрлі кезеңдерде өмір сүрген қазақ ғұламалары, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтар (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Өтеубойдақ Тілеуқабылұлы, Қожа-Ахмет-Иассауи, Абай Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова,т.б) еңбектерінде рухани- адамгершілік құндылықтарды үнемі уағыздалуы, қазақ халқының қоғамдық, рухани, мәдени өмірінен орын алуын мұрат тұтқан идеялар айқын дәлел.

Мәселен, Әл-Фараби «адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан табады. Осы қоғам арқасында жетіліп, өз қабілетін шындап өзіндік өмір сүру мәні қалыптасады» - десе, Қожа Ахмет Иассауи «Адамның жетілуінің нәтижесі- оның ақылдылығы, ал анықтаушысы- адамгершілік кемелінде» деп ескертеді.

Сыр бойының х\\ ғасырдағы білімді оқымыстысы, ақын Ахмет Иүгенекидің осы мәселеге қатысты, «адамгершілік мінез-құлық уағыздау жолымен ғана емес, оларда моральдық сенімді дамыту және адамгершілікке бейімділікті туғызу арқылы қалыптасады» дейді [2-286].

Өтеубойдақ Тілеуқабылұлы адамгершілікке тәрбиелеу әдісінде, ұлттық құндылықтың негізі ретінде тиым сөздердің мәнін аша отырып «Қырық бірге жұғыспау», «Жетіге тиіспеу», «Он екіден айырылмау» деген мағыналы ережелерді ұсынады.

Адам тумысынан адамгершілік қасиетке ие болып тумайды, ол адам бойына тәрбие арқылы дариды. Олай болса, тәрбие мәселесін ұстаздар қауымының мойнына арта салумен іс бітпейді. Оның нәтижелі болу ата-аналар мен қоғамдық ортаның тәрбие ісінен шет қалмай белсене араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапгершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуіне тікелей байланысты. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң жобасының 35-бабында: «Ата-аналар балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың денсаулықтарын, рухани әрі дене қуатының қауіпсіз дамуын, адамгершілік жағынан дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етуге міндетті» делінген [3]. Мұндай жағдайларда отбасылық дәстүрлердің тәрбиеге тигізер ықпалы зор. Білім министрлігінің тәлім-тәрбие тұжырымдамасында былай деп жазылған: «Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениетін жетілдіру - әділетті қоғамның басты міндеті» [4].

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбие негізінде жас ұрпақ бойына мақал-мәтелдер, жұмбақтар, айтыстар, өлең, жыр, дастандар арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытудың маңызы ерекше. Яғни ол-адамның ішкі жан дүниесінің ерекшелігін көрсететін, адамгершілік деңгейін анықтайтын, сипаттайтын, оның тұрақтылығы мен үздіксіздігін, дамуын, әлеуметтану дәрежесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ең маңызды ішкі жан дүниесінің элементі.

Халық ұстазы атанған Ы.Алтынсарин еңбектерінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу проблемасындағы атап көрсеткен құндылығы, иман, әділдік, адалдық, көңілдік, сыпайылық-шын берілгендік, адал-ниет, өсиет, жомарттық, кеңпейілдік, үнемді- орынды жұмсау.

Осындай түрлі адамгершілік мәселелерін талдап жүйелесек ғұлама ойшылдармен мен ұлы ұстаздарымыздың шығармаларында олардың адам бойындағы ең асыл қасиеттерді дәріптеуі бүгінгі ұрпақтың дүниетанымын кеңейте түсуге көмектесе қоғамның даму тарихын адамгершілік тұрғыдан қабылдай білуге, талдау жасауға, терең түсіне білуге үйретеді; олардың еңбектері жастардың адамгершілік мінез-құлықтарының қалыптасуына бағдар береді; ғұламалардың рухани қазынасы қазіргі жастардың адамды сүйе білу, адамды тану талғамын қалыптастыруға септігін тигізіп, адами жетілуіне, уақыт талабына сай үйлесімді дамуына негіз болады.

Еліміз әлемдік қауымдастыққа зор құрметпен, беделмен кіруі үшін ең алдымен ұрпақ тәрбиесін әрқашанда назардан тыс қалдырмауымыз керек. Ол үшін, мектеп оқушыларын рухани-

адамгершілік сапа-қасиеттерге тәрбиелеу қаншалықты қиын болса, соншалықты маңызды да жауапты іс ретінде басты назарда болуы тиіс. Рухани -адамгершілік тәрбие оқушының тәртібін және жеке басының дағдысын қалыптастырады. Осыған орай, бүгінгі тәжірибеде мектеп оқушыларына адамгершілік ұлттық-рухани мұралар негізінде жан-жақты, жүйелі тәрбие беруді көздейтін «Атамекен» бағдарламасының негізге алынып жүргендігі баршамызға аян. Бағдарламада «Салт», «Асыл мұра», «Балалар өсиеті», «Қыз бен жігіт», «Заманай», «Достық», «Ата-ана», «Қайырымдылық», «Сөнбес жұлдыз» атты тәрбиелік мәніне орай топтастырылнған бөлімдер бар. Егер біз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, көп болып жұмыла осы бағдарламаның өз дәрежесінде іске асырсақ, өркениетті ел қатарынан көрінуімізге мол үлес қосқан болар едік.

Қазақ халқы-рухани зор байлықтың мұрагері. «Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар!» деді Л.Н. Толстой [5].

Ендеше, өткеннен нәр алмай, рухани азық алмай болашаққа қадам басу және ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халкымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай, жастарды рухани-адамгершілікке баулу мүмкін емес. Рухани- адамгершілік құндылықтар мен сапаларды оқушының бойына дарыту үшін, ең алдымен, олардың саналығын көтеру; екіншіден адамгершілік тұрғыдан сезімталдығын тәрбиелеу және дамыту; үшіншіде, оқушының бойына жағымды мінез-құлықтың дағдылары мен қылықтарын үнемі сіңдіріп отыру қажеттілігі талап етіледі.Ол үшін жасөспірімдердің өздері өскен аймақпен, қоғамдық ортамен тікелей байланысты оған тәуелді екендігін, өзінің жүріс тұрысы мен мінез-құлқын өмір сүріп отырған ортада қабылданған тәртіп ережелеріне сәйкес үйлестіре қалыптасу қажеттігін түсінуі, оларды халықаралық аренада қолданып келе жатқан өзара сыйластық пен құрмет тұтынушылық сезімді тәрбиелеу мәселелерін жүзеге асыруды басты бағыт - бағдар ретінде белгіленуі тиіс.

«Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін рухани ерлік, жалпақ әлеміне қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек», - дейді Ә.Кекілбаев [6-86].

Әл-Фараби әсіресе Аристотельдің ғылыми мұраларын жан-жақты зерттеп, өзінің ғылыми еңбектерінде адам ақыл-ойының дүние танудағы мүмкіндігін, құдіреттілігін дәріптейді. «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету» т.б. шығармаларында ғылымды меңгеруді бірден-бір жолы –таза еңбек, адал еңбек, ой толғанысы болып табылады. Фарабидің осыдан сан ғасыр бұрын ғылым, білім, тәрбие туралы айтқан құнды пікірлері бүгінгі педагогика ғылымы үшін терең мән-маңызға ие, баға жетпес мұра болып табылады.

Жоғары мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда, оларға жан-жақты тәрбие беруде ойшыл Жүсіп Баласағұн шығармашылығы да ерекше роль атқарады. Оның түркі тілінде жазылған «Құдатғу білік» атты кеңінен танымал еңбегі тәлім-тәрбиелік ой-толғамдарына бай, әрі онда әл- Фараби сияқты ұлы ойшылдардың адам тәрбиесі жөніндегі гуманистік ілімдерімен астарлас мәселелер жан-жақты сөз болады.

Дастан авторы баланың мінез-құлқы жақсы тәрбиеден туындайды; отбасы тәрбиесі - бала мінез-құлқы мен психологиялық бейнесін қалыптастыру негіздерінің негзі; сондықтан баланы балғын шағынан оқытып, жақсылап тәрбиелеу керек; үлгілі тәртіптің негізі- білім, әдет-дағдыларға машықтану; сол себепті баланы кішкентайынан тіл алуға, үлкендерді сыйлауға, ағайын-туысты, ата-ананы қастерлеуге үйрету керек деп, тәрбиеші, ата-аналарға қажетті, маңызы зор ақыл-кеңестер береді.

Мысалы, Әл-Фараби өзінің философиялық трактаттарында: «жақсы мінез-құлық пен ақыл біріккенде ғана олар адамшылдық қасиеттер болып табылмақ», [7] - деген тұжырымы рухани құндылықтар өзіндік тұрғыдан адамгершілік нормаларда көрініп, сана арқылы адамның күнделікті тұрмыс- тіршілігінде, яғни рухани-адамгершілік қасиеттер адамның болмысынан көрініс табады.

Қожа Ахмет Иасауи. Аты әлемге әйгілі қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде шоқтығы биік өр тұлға-тарихи рухани мұрамыздағы өзіндік орны ерекше, сопылық әдебиеттің ірі өкілі ақын, кемеңгер ойшыл Қожа Ахмет Иасауи (XIIғ.) екендігі баршамызға белгілі.

Ұлы ойшылдың қазақ және көптеген Орта Азия халықтарына ортақ рухани құнды мұрасы «Диуани хикметі» («Ақыл, даналық кітабы») ата- бабаларымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі ұлағатты ойларымен астарласып жатқан терең тәрбиелік мәнге ие еңбек. Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» атты еңбегінің негізгі мақсаты араб парсы тілінде жазылған мұсылман дінінің негізгі қағида-

шарттарын түрік тектес халықтарға түсінікті етіп насихаттап жеткізу, байыппен баяндау болды. Көне түркі тілінде, айшықты өлеңмен жазылған бұл еңбегінде ойшыл адам баласын туыстық-бауырмалдыққа, адамгершілік, ізгілікке, имандылыққа шақырып, мұсылман дінінің қағида-шарттарын, Алланы танудың жолдарын насихаттайды. Біз өз еңбегімізде бұрын соңды этнопедагогикалық зерттеулерде жете сөз етілмей жүрген Ахмет Иасауи еңбегі мен танымдық, тағылымдық ойларына барынша тоқталып талдау беруге тоқталдық.

Ахмет Иассауи адам мен қоғам мәселелеріне де назар аударып, оларға дәстүрлі мұсылмандықтан айырмашылығы бар ұсыныс беруге әрекет жасайды. Оның дүниетанымында этикалық ойлар басым. Иассауидың этикалық көзқарстары құдай және оны тану туралы ілімімен тығыз байланысты. Адамгершілік тазалығы мен моральдық жағынан жетілгендікті Иассауи оппозициясылық суфизм позициясы тұрғысынан шешеді. Адам бойында кездесетін даңқұмарлық, күншілдік, екіжүзділік, надандық, кекшілдік, алдау сияқты жаман әдеттердің болатынын өкінішпен айтады. Иассауи іліміндегі адамгершілік ойлары дін арқылы түсіндіреді. Жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік, адамның жақсы және жаман іс- әрекеттері сияқты моральдық сипаттары оның құдайға сенуіне байланысты болады. « Кімде-кім жамандық жасаса, ол күнәдан арыла алмайды, кімде- кім жақсылық жасаса, ол құдайдың сүйіктісі болады»,- дейді.

Ахмет Иассауидің пайымдауынша, ол өзін-өзі тазартуға, кемшілігін жоюға, игілікті іс істеуге шақырған адам адасуы, әділетсіздік және жамандық жасауы мүмкін емес. Ол өзінің жолын қуушыларды өзін-өзі жетілдіруге шақырып отырып, адамгершіліктің құдайдан шығатыны туралы ойдан аулақ ұстайды.

Міне осындай ұлағатты ойларға толы Ахмет Иассауи шығармасының өн бойынан бүгінігі жасөспірімдер ұрпақ тек жақсылықты танып, жамандықтан сақтануды ұғынары хақ.

Жүсіп Баласағұн. Қазақ халқының әріден бастау алатын, өзіне ғана тән ұлттық педагогикалық мәдениетінен орнын алатын түркі тілдес залықтардың XI ғасырдағы аса көрнекті ақыны, қазіргі Жетісу өлкесі Шу өзенінің жағасындағы Баласағұн қаласында дүниеге келген есімі бүкіл шығыс елдеріне танылған данышпан ойшыл, шежіреші ғалым, белгілі қоғам қайраткері Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұни бабамыздың ұрпақ тәрбиелеудегі тәлім-тәрбиелік ойларын, өсиет-өнегелерін оның еңбектерінен табуға болады.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегінде адамның қадір-қасиетінің алдымен терең біліммен, ақылмен ғана қалыптасатынын сөз етеді:

Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол білікті болады.
Ақылды ұғар, білімділер біледі,
Түгел болар білімді, есті тілегі!...
Білімсіздер бар кеселді көреді,
Емдемесе, тектен текке өледі... [8].

Шығармада, сонымен қатар, сөз өнері, адамдар бойында кездесетін жақсы-жаман қасиетттер, ақылдылық, тәрбиелік, білімділік туралы да кеңінен жырланады. Мәселен, Баласағұн:

Тілесең сен есендікте жүруді,
Жаман қимылдатпа тіліңді,
Біліп айтқан сөз – білікті саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар,-

Деу арқылы әрбір сөзге есеп бере сөйлеп, әрбір қадамды ақыл безбенімен таразылау біліктілік белгісі екендігін айтады. Ақынның:

Ер ажары - сабырынды сақтай біл,
Сабыр жолы көк төріне бастайды.
Өлімді ойла, ұмытпа еш, сарала,
Өзіңді ойла, қасиетіңді бағала.
Жұрт алдында аузыңды бақ, лепірмей,
Кісі үйінде сөз қадірін кетірме...
Жалған сөздің сезілмесін лебі де,
Жүзің жанып, қор боларсың теңіңе.
Дос, туғаннан лебізіңді аяма,

Кіші, үлкенді жылы леппен аяла.
Тұз – дәміңді бөліс, жаса қайырым.
Кешіре сал, көрсең кісі айыбын

деген жыр жолдары – жас балалар үшін тәрбие тағылымының ізгі үлгі- өнегесін іспеттес. Ұрпағының « сегізқырлы, қайтпас қайсар нар болуын» армандаған дана ойшыл «жүсіп Баласағұн жас жеткіншектерді адамдық қасиеттерді жоғары бағалауға, әділ болып, өтірік сөз сөйлемеуге, үлкен-кішіге құрметпен қарап, достықты аялай білуге, ынтымақ – бірлікті сақтап, өз ар-намысын жоғары ұстауға үндейді.

Ж..Баласағұнидің «Құтты білік» поэмасы тарихта ерекше орны бар, рухани-адамгершілік тағылымы мол мұра. Ж.Баласағұни:

«Үш нәрседен жүр алыс, сақ, байқағын,
Бірі - қыңыр, қисық болма, айтарым.
Бірі - жалған, сұғанақтық - үшінші,
Үшеуінің түбі қорлық түсінші» - деп адам бойындағы теріс мінезден сақтандыра отырып, оның бойындағы асыл қасиеттерді - қайырымдылық, әділеттік, шыншылдық, парасаттылықты өте жоғары бағалап, «әділет- құт, құт құрығы - кішілік, әділеттің заты тұнған кісілік - деуі адам қадір-қасиетімен, білімімен, ақылымен және әділеттілігімен ғана Адам екенін көрсетеді. Демек, адам бойындағы бар қасиеттердің үйлесімді көрінісі оның болмысының көрсеткіші екендігіне мән берген.

Сондай-ақ, Баласағұн өз шығармасында еңбек адамдарын жырға қоса отырып, олардан түрлі өнер көздерін үйренуді, дана адамдармен араласу арқылы ғылым- білімді меңгеруді уағыздайды. «Құтты білік» дастаны - бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиелеуде басшылыққа алатын тәлім-тәрбиелік ой-толғамдарға өте бай педагогикалық рухани мұра.

«Құтты білік» дастанының басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылған. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ- дәулет яғни құт қонсын деген тілек. Бақ- дәулет мәселесі дастанда патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл- парасаттың қоғамдық рөлі уәзәрдің баласы Өгдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат- ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одғұрмыш бейнесі арқылы әңгіме болады. Өмір, тіршілік, адамгершілік туралы сан қатпарлы философиялық толғамдар осы төртеуінің сұхбаты түрінде өрбиді. Бұл дастан қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихи, қоғамдық-саяси өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, т.б. жөнінде аса қызықты, әрі қыруар мол деректер беретін көркем туынды.

Ахмет Иүгінеки. Бүгінгі жас ұрпаққа ұлттық рухани мұра негізінде жан- жақты тәрбие беруде ұлы ғалым Ахмет Иүгінеки (XII) шығармашылығы да ерекше рөл атқарады. Ғұлама шығармаларынан адамгершілік жөнінде айтылған қазақ халқының тарихи қалыптасқан педагогикалық мәдениетінің айқын көрінісін табуға болады.

Ахмет Иүгінеки - аса көрнекті ақын, есімі кезінде бүкіл ұлан-ғайыр Қарахан мемлекеті түркілеріне танымал ғұлама ғалым болған. Ақынның біздің заманымызға жеткен «Хибатул-хақайық» («Ақиқат сыйы» немесе «Шындық сыйы») атты кітабы-тәлім-тәрбие, адамгершілік туралы өнегелерді өлең өрнектерімен айтып, ұрпақты ұлағаттылыққа тәрбиелейтін аса құнды, терең мәнді ойларға толы рухани мұра.

Бұл даналық шығармада ақын тәлім-тәрбиенің негізі – адам болуға, кісілікке тәрбиелеу екенін баса көтеріп, ол үшін әрбір адам оқып, білім алу керек деп бастайды.

Айтайын білім жайын, құнты бар бол,
Ей, достым, білімдіге ынтызар бол.
Ашылар білімменен бақыт жолы,
Білім ал жолға түсіп бақыт толы.
Білімді- алтын, нұры ашылатын,
Білімсіз- қара бақыр шашылатын...
Жүрсе де тым шіреніп,

Білімсіз жан- тірі өлік, - деп, ақын білімсіз, надан адамның адамдық бейнесі болмайтынын басып айтады. Халқымыздың «оқу - инемен құдық қазғандай», «Оқу-білім қазығы, білім-өмір азығы» деген мақалы осы бір отты қайнар көзінен туындаған болу керек.

Дидактикалық шығарма болып табылатын «Ақиқат сыйы» дастанында негізінен адамның мінез-құлық қағидалары, адамгершілік, этика, әдептілік т.б. моральдық мәселелер жан-жақты сөз етіліп, олар жөнінде автор кейінгі ұрпағына тағылымдық ойлар айтып қана қоймай, сонымен бірге бірсыпыра пайдалы кеңестерін де ұсынды. Мысалы, «Егер билікке қолын жетсе, мақтанба, асып-таспа», «Бастық болсаң, жайсаң бол», «Кәріге де, жасқа да құрмет көрсет», «Айтар лебізіңді алдымен ойланып ал», т.б. ұлағатты өсиетнамаларын айтады.

Иүгінеки әдептіліктің бір белгісі - жомарттық деп, жомарттықтың асыл қасиет екенін дәріптейді:

Жұмсармас иілместі жомарт иер,
Мұрат та қол жетпейтін бұған тиер.
Мақтайтын бақылдарды жан бола ма,
Сақыны ағайын, ел бәрі сүйер, - дейді. Ақын жеке адамдардың мінез-құлқын жақсарту арқылы, оларды жомарт, мейірімді, білімді ету арқылы заманды да жақсартуға болады деп үміттенеді де, тәлім- тәрбиеге, білім беру ісіне ерекше көңіл аударады.

Тағы бір керекті сөз- айтам дастан,
Ұғып ал құлақ салып мендей достан:
Болып ал кішіпейіл өзгерместей
Аластат тәкаппарлық ойды бастан, - деп ол тәкаппарлық, паң, өркөкірек мінезден аулақ болуды уағыздайды.

Дұшпандықты жоя біл,
Жазықтыны кешіргін
Ақылға ден қоя біл,
Ашу өртін өшіргін, - деп, ақын соңғы бір сөзінде жақсы мінезді қалыптастыру үшін әрбір адам өзін-өзі тәрбиелей білу қажетекенін өнеге етеді. Жақсы мінездің қалыптасуы тәрбиеге, жеке адамды тәрбиелеуші оның тегіне байланысты екенін:

Тегі асыл адамның
Мінезі де сүйкімді,
Тексіз- бұзық наданның
Жоқ болады сүйкімі,- деп тұжырымдайды.

Ертедегі данышпан бабаларымыздың мұхиттай мол еңбектерінің шашырандысы іспеттес болса да, «Ақиқат сыйы» кітабы ұлы ойшылдардың ұлттық тәлім-тәрбиемізге бұдан былай да зор әсер ететін құнды еңбек екенін бағалай қажет.

Махмұт Қашқари (XI) Орта ғасырлық жұлдыздарымыздың бірі Махмұт Қашқари - XI ғасырда дүниеге келіп, Шу, Талас өңіріндегі Баласағұн қаласында өмір сүрген ғалым. Ол – ұлы әдебиетші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші, ойшыл-философ, белгілі саяхатшы, «Түркі тілдерінің жинағы» («Диуани лұғат ат-түрік») кітабын 1072-74 жылдары жазған.

«Диуани лұғат ат-түрік» тек түрікше-арабша түсіндірме сөздік емес, ол түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми еңбек болып саналады. Бұл түсіндірме сөздігінде автор халық ауыз әдебиеті үлгілерін, аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер және халық фольклорын өте орынды пайдалана білген.

М.Қашқари адамдарды өнер-білімге, әдептілікке шақырып, адамгершілік, мораль, этика, ұйымшылдық мәселелерін сөз етеді. Оның түркі халықтарының бәйіттерінде табиғат сұлулығы, махаббат, көркемдік, үлкен парасаттылық, білім, батырлық суреттеледі. Мысалы:

Құрметте, білімдінің сөзін тыңда жігітім,
Үйретіп парасатын, ақта әділ үмітін.
Өмірді білмесең - білімің жоғалар,
Талғамды қашанда да - бос сөзді доғалар.
Білімдінің қасына бар күнде балам ерінбей,
Төмен тұрып үйрен толық тәкаппар боп көрінбей.
Елім саған әдепті мирас етіп қалдырамын,

Жағалаған, жайқалған білімдінің бал құрағын.

Бүгінгі ұрпақ үшін Қашқарлық ғұламаның адамгершілік тәрбие жөніндегі идеяларымен танысудың қай қырынан алғанда да зор тәрбиелік мәні бар. Автор қайырымдылық пен қарапайымдылық, адалдық пен шыншылдық ұғымдарын дәріптеп, уағыздайды. Мінездің ар, ұят, әділеттілік секілді белгілерін бөліп атайды. «Итке ұят бітсе, өлексе жемес», - деп ұятты, ізетті болуға үндеп, адамдарды жаман қасиеттерден аулақ болуға шақырады. Осындай теңдесі жоқ тамаша туындыны оқып отырған адам қазақ даласының ежелгі дәуірлерден бері әдеби мұраларға бай, ал оның халқының рухани мәдени дәрежесінің жоғары, парасатты болғандығына көз жеткізе алады.

Қорыта айтатын болсақ, Махмұт Қашқаридың қалдырған бұл рухани мұраларының кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес асыл қазына екендігіне үлкен мән бере отырып, барлық түркі халықтарына ортақ энциклопедиялық тұрғыда жазылған ас құнды мұралардың бірі деп танып білеміз.

Сонымен қорыта айтқанда, бүгінгі ғылыми тұжырымдар мен жоғары клас оқушыларының дүниетанымы мен ақыл-ой, адамгершілік тұрғыдан дамып, қалыптасу ерекшелігін ескере отырып жоғары да мазмұндалған халық педагогикасының озық үлгілері ретінде ұлы ойшылдардың көзқарастарын ұтымды пайдалану болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 .Назарбаев Н.Ә.Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауы \\ Егемен Қазақстан, 2007 жылдың 28 ақпаны.

2. Ахмет Иүгенеки Қазақтар-Казаки; 9-ый попул.Справочник. Алматы ,1998-Т.9.С.287

3. Әбілова .З .Ә., Қалиева .К. М. \\ Этнопедагогика оқулығы .Алматы 1999 - 254 бет.

4. Толстой Л.Н.Чем люди живы .Собр .сочинений .М . ,1982.

5. Мұқанғалиев.Е. Өміртану ізгілік-Адамгершіліктің белгісі Жалын, 2007, №12, 86 бет

6. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 215б.

7.Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. Алматы: Жазушы, 1986. – 616б.

8. Нұрғалиева Д. Адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық шарттары. // Бастауыш мектеп. – 2004. -№3 – 6-7.

ӘОЖ 37.025.8

РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қоныс А.
Ғылыми жетекші: Комарова Д.Т.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада баланы тәрбиелеудегі рухани-адамгершілік тәрбиенің қазіргі уақыттағы маңыздылығы туралы жазылған. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам – ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады. Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Оқушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек процесінде іске асырғанда адамгершілік олардың сеніміне айналады.

Түйінді сөздер: Тәрбие, білім беру, оқыту, моральдық нормалар, рухани құндылықтар.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – рухани-адамгершілік тәрбие беру. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша

ойлаумен қарауды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті.

Оқыту, білім беру, тәрбиелеу – баланың ішкі жан-дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне апат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқан екен.

Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам – ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек [1].

Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Оқушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек процесінде іске асырғанда адамгершілік олардың сеніміне айналады.

Адамгершілік қатынастар моральдық нормалармен өлшенеді. Моральдың негізгі міндеті – адамның мінез-құлқын тәрбиелеу, осы арқылы олардың бойында әдеп сақтау қатынастарын қалыптастыру, адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеу. Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады.

Адамгершілік тәрбиесінің теориялық мәселелері өл-Фараби, Ыбырай, Абай, т.б. еңбектерінде кеңінен қолданыс тапқан. Әл-Фараби "Адам өз өмірінің қожасы, сондықтан өз бағытын өзі жасауы керек. Ол не нерсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған-тергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мүдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамның ғана ар-ожданы таза болады" деген [2].

Бүгінгі таңдағы Қазақстан жайында оқушылардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу- тәрбие үрдісінде оқушыларды отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет. Қазіргі жағдайда рухани-азаматтық тәрбиенің өлшемдік көрсеткіштері:

1. Өзін-өзі мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі;
2. Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің болуы;
3. Мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін білу;
4. Халықтың өткен тарихын білудің қажеттілігі;
5. Қазақ халқының әдет-ғұрыптарын сақтау, мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеу қажеттілігі болып табылады.

Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам – өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды.

Оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек:

- еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру;
- тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру;
- өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;

- отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
- оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- оқушының сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, қозғау салу;
- оқушылардың сабақтар бойынша алған білім, білік дағдыларын одан әрі дамытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
- оқушыларды сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау, бағалауға үйрету;
- оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру.

Тұлғаны рухани-азаматтыққа тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады [3].

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады. Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-зі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады [4].

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайрымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Балаларды адамгершіліке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады[5].

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

«Жақсымен жолдас болсаң- жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң- қаларсың ұятқа...» «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» -деген мақалдардан көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады [6].

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілова З. Этнопедагогика оқулығы / З. Әбілова: А. 1999
2. Асылов Ү Даналардан шыққан сөз/ Ү Асылов – А. Мектеп, 1987
3. Көбесов А. Әл-Фараби/ А. Көбесов– А. Қазақстан, 1971
4. Төреқұлов Н. Нақыл сөздердің тәрбиелік мәні / Н. Төреқұлов– А. мектеп, 1971
5. Әлімбаев М. Тәрбие туралы әңгімелер / М. Әлімбаев– А. Ғылым, 1979
6. Ғаббасов С. Ізгілік әліппесі / С. Ғаббасов – А Ғылым, 1991

ӘОЖ 373.2

КІШІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Дуйсекова А.А., Қуанышбекова А.С.
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тәрбиелеу. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар мектеп жасына дейінгі балалардың болашақ қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы және оған деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің адамзат болып өсуінің, жеке адамды адамгершілік және зиялы көзі болып табылады. Сонымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет.

Түйінді сөздер: еңбек, тәрбиеші, ойын, тәлім-тәрбие, қарым-қатынас.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында мемлекеттің күш-қуаты ең алдымен кез келген азаматтың өз ісіне шығармашылықпен қарайтын,ғылым мен техниканың, өнердің, мемлекеттік және жекеменшік тұрғыдағыөндірістің ойдағыдай дамуына өзінің жекелей еңбегімен ықпал етуге қабілетті адамдардың іс-әрекеті мен байланысты анықталады деп атап көрсеткен [1].

«Адамды - адам еткен еңбек». Жалпы адам баласы өмірге келген күннен бастап еңбекпен тығыз байланыста болады. Себебі, шыр етіп өмір есігін ашқан сәттен бастап ана сүтін емудің өзі еңбекке жатады. Еңбек тәрбиесі - қашан да ең маңызды қоғамдық міндеттердің бірі болып

табылады. Сондықтан жас жеткіншектің жан-жақты өсіп дамуы үшін бірден-бір қажетті нәрсе – еңбек екендігін айқын аңғарамыз. Мектепалды балаларының еңбегінің ерекшеліктерінің бірі– ойынмен байланысты. Еңбек тапсырмасын орындай отырып, оны ойынға айналдыру жиі байқалады. 5-7 жастағы балалардың бұл ерекшелігін еңбекке баулу кезінде ескеріп, еңбекпен байланысты ойын ситуациясын ұйымдастыруды ұмытпаған жөн. Балалардың еңбек процессі кезінде еңбек дағдылары мен біліктілікті меңгеруі нәтижесінде ересекке тәуелсізболып, өздігінен еңбектенуге бастайды.

А.С. Макаренко «Балаларды еңбеккеқай жастан тәрбиелеу керек?» деген сұраққа «мүмкіндігінше ертерек бастау керек» деп көрсетті. Ал баланы еңбекке тәрбиелеудің бастапқы ұясы – отбасы, сосын балабақша. Бұл ретте ата-ананың, балабақша тәрбиешілерінің орны бірінші кезекке қойылады[2]. Бала кез келген сәтте үйдегі адамдарға, алдындағы тәрбиешісінееліктейтін болғандықтан, олар өздерінің бала алдындағы іс-әрекет, қимылдарына ерекше мән беруі керек. Балалар сол үлкендерден көргенін жасауға талпынады. «Өзім киемін», «өзім істеймін» сияқты дамылсыз әрекеттеріне мүмкіндік беріп, қолдап отырған дұрыс. Өйткені, дәл осының өзі еңбек нышанының алғашқы бастамасы.

Тәрбиешінің айқын ұстанымының бірі – балаға белсенді және өзіндік тәжірибені жинақтау үшін және белгілі бір еңбек дағдыларын жетілдіруге көмектесу (баланың жас ерекшелігіне сай). Баланың еңбек тәрбиесін ұйымдастыруда басты бағыт болып ойын қала береді, ол мектеп жасына дейінгі баланың логикалық өзіндік дамуына әсер етеді. Педагогикалық іс-әрекеттерде ойын тәсілдерін қолдану барысында өзіндік қызығушылық пайда болатыны бізге мәлім. Ойын барысында бала мен тәрбиеші арасында қызығушылықтары түйіседі. Баланың өзіндік дамуында міне, сондықтан да ойын арқылы оқыту тиімді болып табылады. Бала мен тәрбиеші арасындағы қатынас формасы қызметтестік болып табылады. Бағдарлама бала тәрбиесінде еңбекті ойлау құралы ретінде қарастырады, себебі еңбек тәрбиесі баланың ойлауына, зейініне, тапқырлығына, шығармашылық қиялына, өз жұмысын жоспарлауына септігін тигізеді.

Тәрбиеші ойын арқылы балада еңбек тәрбиесінің сұрақтарын қарастыруға, қоршағанортадағы сұлулықты көруге, адам қолымен жасалып шыққан туындыларды байқап,бағалауға және кемшіліктерін жойып ұмтылуға үйретеді. Мектепжасына дейінгі балалардың еңбегі туралы айтатын болсақ, күнделікті өмірде кездесетін көзге көріне бермейтін, өзіміз мән бермейтін қарапайым еңбек түрлері өте көп.

2 – 3 жастағы баланың өздігінен тамағын ішіп-жеуі, ойыншығын, киімін жинауының өзі олар үшін үлкен еңбек. Баланың өз-өзіне қызмет қыла білуінің өзі еңбекке жатады.Еңбеккебаулу арқылы баланың есте сақтау, көру, сезіну қабілеттері арта түседі. Мысалы: Шұлығын, қолғабын, бас киімін, көйлегін киетін кезде оны қай жерге киетінін, ойлау, көру, есте сақтау қабілеттері арқылы жасалады. Балалардың жасаған еңбегін, қылығын мақтап отыру қажет. Мысалы: Ой, жарайсың, бәрекелді, өте жақсы, керемет деген сөздер баланы еңбек етуге деген қызығушылығын оятады. Баланы ойын арқылы даеңбекке баулуға болады. Баланың ойынына аса мән беру керек.

Ұлы педагог А. С. Макаренкоайтқандай бала ойын кезінде қандай болса, кейін есейгенде жұмыс орнында да сондай болады[3]. Сондықтан бала кезінде ойнаған кезде баланы қадағалап, ойынына мән беру керек. Егер дұрыс емес екеніне көз жеткізсеңіз, дұрыс жолға бағыттау керек. Бала ойын ойнағанда үлкендерден немесе теледидардан көргендерін қайталайды. Өйткені ойын кезіндегі іс-әрекеті қимыл қозғалысы бәрі өз отбасында көрген білгендерінің айқын дәлелі. Баланың ойыны арқылы отбасындағы беріп жатқан тәрбиенің қандай екенін аңғаруға болады және қандай мамандық иесі екенін білуге болады. Сондықтан баланың көзінше артық сөз, артық қимыл жасаудың қажеті жоқ. Балаға ата-ана жақсы жағынан көрінуі қажет. Сондай-ақ баланы еңбекке баулу арқылы адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу болып есептеледі.

Мектеп жасына дейінгі балалар бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинскийдің құнды ойларын келтіруге болады. «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сүру еңбегіне даярлау керек. Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек. Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет.

Еңбек тәрбиесі — мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеп, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің бір саласы. Еңбек тәрбиесі барлық халықтар мен ұлттардың дәстүрлі халықтың педагогикасының негізгі құрамдас бөлігі ретінде дамыған. Мысалы қазақ халқының дәстүрлі тәлім-тәрбие беру жүйесінде жас кезінен бастап еңбекке, белгілі бір кәсіпке баулынған әрбір жас сәби «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақал рухында тәрбиеленген (қ.Халықтық педагогика).

18ғ-дың ағартушылары (Ж.Ж. Руссо, И.Г. Пестолоций) оқыту мен еңбек тәрбиесін ұштастыру мәселесін алғаш рет ғылыми тұрғыдан талдады[4]. Қазақстанның халыққа білім беру жүйесінде еңбек тәрбиесі отбасында, мектепте, мектепке дейінгі мекемелерде жүзеге асады. Отбасында бала кішкене кезінен еңбек тапсырмаларын орындауға, еңбекқорлыққа, төзімділікке баулынады. Еңбек тәрбиесі мектепке дейінгі мекемеде білім берумен тығыз байланыста жүзеге асады. Оқу еңбегінің барысында балада ұқыптылық, еңбекқорлық, еңбек ету дағдысы қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тәрбиелеу - тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, мектеп жасына дейінгі балалардың болашақта қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы және оған деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, осымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет.

3 жастан бастап 4 жасқа дейінгі балаларды еңбекке баулу жолдарының мақсаты мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды еңбек әрекетіне ынталандыру, еңбекке және еңбек ету ниетіне қызығушылығын тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Балалардың еңбек әрекетінеқатысуға қызығушылығын тәрбиелеуді жалғастыру.

2. Ересектерге көмек көрсетуге(тәрбиешіге, оның көмекшісіне, ата-аналарына), оларға ықыласпен қарауға тәрбиелеп, сондай-ақ, олардың еңбектерінің нәтижесіне ұқыпты қарауға ынталандыру.

3. Топ бөлмесі мен балабақшаауласында тазалық сақтауға және тәртіпті қолдау бойынша ересектердің тапсырмаларын орындауға үйрету.

4. Бастаған ісін соңына дейінжеткізуге үйрету.

5. Еңбегінің нәтижелерінеұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Өзіне-өзі қызмет көрсету. Өз бетінше белгілі бірреттілікпен киіну, шешіну: киімін кию, шешу, бүктеу, ілу, түймелерін ағыту, түймелеу; аяқ киімнің бауын байлай білуді дамыту. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Киіндегі олқылықтарды (ағытылған түйме, қисайған жаға және т.б.) байқауға және ересектердің аздаған көмегімен оларды реттеуге үйрету.

Тұрмыстық-шаруашылық еңбек Қарапайым тапсырмалардыорындауға ынталандыру: қасықтар мен майлықтарды, нан салғыштар мен табақшаларды орналастыру. Екінші жартыжылдықтан бастап асхана бойынша кезекшілік ұйымдастыру: тәрбиешінің көмекшісіне дастарқан дайындауға көмектесу. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қажетті құрал-жабдықтарын (қарындаштар қорабы, қылқаламдар, мүсіндеуге арналған тақтайшалар және т.б.) дайындауға және оларды реттеуге, ойыншықтар мен құрылыс материалдарын ойнап болған соң өз орындарына орналастыруға үйрету.

Табиғат бұрышындағы еңбек Табиғат бұрышындағы еңбекке қатысуға талаптарын тәрбиелеу: өсімдіктердің ірі жапырақтарының шаңын сүрту, ересектердің көмегімен балықтар мен құстарды тамақтандыру, бөлме гүлдерін суару.

Табиғаттағы еңбек Табиғаттағы еңбекке қатысу ниеттерін тәрбиелеу: гүлдер мен бақша дақылдарының ірі тұқымдарын себу, жуа мен көкөністер отырғызу, өсімдіктерді суару, көкөністерді жинау.Жерге түскен жапырақтар мен өзауласындағы қоқыстарды жинауға, қыста жолдар мен орындықтарды қардан тазалауға үйрету.

4 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларды еңбеккебаулу жолдары Мақсаты: балаларды еңбек әрекетіне қатыстыру, оған оңкөзқарастарын тәрбиелеп, алғашқы еңбек дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Еңбекке жағымды қарым-қатынас және еңбек ету ниетінтәрбиелеу.

2. Жеке және ұжымдықтапсырмаларды орындауға үйрету.

3. Тәрбиешінің көмегіменжұмысты бөліп алуға келісу, бірлескен тапсырманы өз уақытында аяқтау іскерліктерін қалыптастыру.

4. Тапсырмаға жауапты(бастаған істі аяғына дейін жеткізу ниеті мен іскерлігі, адал және сапалы орындау) қарауын қалыптастыру.

5. Балаларға еңбектіңмаңыздылығын түсіндіру.

6. Жолдастары мен ересектергекөмек көрсету талабын көтермелеу.

7. Өзінің және ересектердіңеңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу – маңызды педогогикалық процесс. Өйткені, болашақ қоғам азаматтары өздерінің адамгершілік қасиеттерін, абыройын, өмірден алатын орнын тек қана еңбек арқылы ғана ақтай алады. Еңбекке баулуда бала күнделікті өмірге қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеріп қоймай, еңбек баланың ақыл-ойының дамуына әсер ететіндей, бастаған ісін соңына дейін аяқталуына, оның әсем де әлемі болуына назар аударту көзделеді. Еңбекке тәрбиелеудің негізгі мақсаты- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу отырып, оның нәтижесіне қуана білуге, балалардың күшін толықтыруға және денсаулығының нығаюына жәрдемдесу, дене қозғалысының үйлесімді, сергек болуына ықпал ету.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.НазарбаевН.Ә.«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдау, 2013.

2.Стандарт.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Алматы. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстан білім академиясы, 2003. - 247 б.

3.«Еңбекке тәрбиелеу мен оқыту тұжырымдамасы» //Қазақстан мұғалімі. 19 ақпан, 1993.

4.«Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы». Алматы, РБК, 1995. Жұмабекова Ф.Н. Тәрбие негізі балабақшада // Отбасы және балабақша.-2009. №1.

ӘОЖ: 378:37.01(045)

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РОЛІ

Бағдатұлы М.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. «Болашақ мамандардың интелектуалды әлеуетін дамыту – ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің белгісі» атты мақалада қазіргі таңда жастар тек білім алып қана қоймай, олардың өздігімен ізденуіне бағыттау қажет екендігі айтылады. Қазіргі түбегейлі өзгерісіп жатқан уақытта білім алудағы басты құндылықтар шығармашылық ой, алған білімді қорыта білу, тыңнан шешім қабылдау мен инновациялар екенін оқытушылар мен студенттерге түсіндіру. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жолдаулары мен мемлекеттік бағдарламалары талданды.

Түйінді сөздер: интеллектуалды ұлт, бәсекеге қабілеттілік, білім, ғылым, болашақ.

Әлемде сарапшылардың пікірінше, 19 ғасырға дейін мемлекеттің, қоғамның дамуы негізі қара күшке тәуелді болса, 20 ғасырда қоғамның дамуы, басқаруда ақша үстемдік құрған, ал 21 ғасыр білім мен зияткерлік ғасыры болмақ. Яғни, біз өмір сүріп отырған ғасырда мемлекетіміздің экономикасын, әлеуметтік әлеуетін және саясатын, бір сөзбен айтқанда, болашақ дамуын интеллектуалды адам капиталы айқындайды. Жаппай жаһандану дәуірі қоғам дамуының жаңа талаптары мен міндеттерін алға тартуда. Ғылыми-техникалық жетістіктердің жылдам қарқынмен

дамуы қоғамдық сананы өзгертті, жаңа құндылықтар пайда болуда. Білім мен ғылымның қоғаммен байланысы мүлде жаңа арнаға ауысты. Міне, сондықтан ақпарат тасқынына шайылып кетпей, бәсекелестік бәйгесіне ілесу үшін интеллектуалды әлеуетті арттырудың маңызы зор [1].

Қазіргі таңда, 21 ғасырдың талаптары негізінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылы 1 ақпанда Қазақстанда "Интеллектуалды ұлт - 2020"мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты туралы мемлекет басшысы 2008 жылы 30-қаңтарда "Болашақ" бағдарламасының стипендиаттарына арналған форумда мәлім еткен еді. Оның негізгі мақсаты - қазақстандықтарды жаңа формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекелестікке қабілетті адам капиталына бай елге айналдыру еді [2].

Әлем қазіргі таңда үздіксіз өзгеру үстінде. Заман талабы тек жастардың білім алуын қанағат тұтпайды, себебі бәсекеге қабілетті болуы үшін өздігінен жұмыс жасап білуі керек екендігін дәлелдей түсті.

Мемлекеттің интелектуалды әлеуетін негізгі көрсеткіші – сапалы білім, терең ғылым. Білікті, бәсекеге қабілетті білімді мамандарды дайындауда, еліміздің интелектуалды әлеуетін дамыту – жоғары оқу орындарының орны ерекше.

Бүгінде Қазақстандағы ЖОО-лар 200-ден астам мамандық түрі бойынша кадрлар даярлайды екен. 1990 жылдан бері елімізде ЖОО-ларда оқитындар саны үш есе артты. Сөйтіп Қазақстан ЖОО-лар саны жағынан әрбір миллион тұрғынға шаққанда Ұлыбритания, Германия, Жапония сияқты көшбасшы елдердің өзін басып озыпты. Ең өкініштісі, ЖОО жүйесіндегі сандық көрсеткішке сапалық дәреже мүлде сәйкес келмейді. Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша, елімізде ЖОО бітіргендердің 50 пайызы ғана алған мамандықтары бойынша еңбек етеді [2]. Міне осы тұста бітіруші мамандардың интелектуалды әлеуетін арттыру ЖОО-дары үшінде, бітіруші түлектер үшінде маңызды, ең бастысы мемлекеттің болашағын сенімді қалыптастыру, стратегиясын жүзеге асыруда орны ерекше.

Жалпы интелектуалды әлеуетті тұлға – адамгершілік және ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа және арнайы мамандарылған білім көздерін жоғары дәрежеде игеру арқылы пайда болған білім, құзіреттіліктерді тек өзіне емес, өзінің айналасына, қоршаған ортасына, ұлты мен Отан мүддесіне жарата алған азамат.

Дана Абай ұсынған «жанның тамағы» деген философиялық тұжырымы тұлғаның бойында болатын адами, рухани күш жігерінің қалыптасуына бағытталған ғой. Сол Абайдың «толық адамы» туралы тұжырымының негізгі қағидасы – арлылық, ақыл, рахым, парасат, әділеттілік пен қайырымдылық секілді қасиеттер инттеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында қамтылған қағидаларды ұлы Абайдың «толық адам» идеясымен сабақтастырып отыр.

Интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда Еуропа елдері 20 жыл бұрын интеллектуалды қоғамды құруды өздеріне мемлекеттік деңгейде негізгі мақсат етіп қойған.

Франция мен Германия мемлекеттерін алатын болсақ, осы елдерде Еуропа одағына кірудің бірден бір себепкері, интеллектуалды тұлға мен ұлт қалыптастырудағы көзқарастарының ұштасуы Еуропа елдеріндегі интеллектуалдық қорлардың басты көрсеткіші ретінде білім мен ғылым дамуына ықпал етерлік факторларды, рухани-мәдени құндылықтар мен этикалық нормаларды айқындау маңызды саналады. «Интеллектуалды азаматты» қалыптастыру жолында олардың қоғамдық санасына ықпал етерлік қоршаған ортаның тынысы мен болмысын танып білу де маңызды рөл атқарады [1]. Мәселен, интеллектуалды тұлғаны қалыптастыруға Германия елі үлкен мән береді. Ал интеллектуалды тұлға ұғымын Сабина Бергман-Поль енгізген болатын. Оның «Неміс халқы» деген еңбегі бүкілхалықтық сайлауда мемлекеттік жоба ретінде ұсынылған. Онда: «Мемлекеттің басты қозғаушы және жұмысшы күші – халық. Халыққа бар жағдай жасалуда. Ал халықтың мемлекетке беруі тек салық емес. Сонымен қатар, өзін «Неміс еліне» лайықты ету. Сондықтан да Бундес елінде интеллектісі жоғары адам ғана болуы керек. Егер адам интеллект болса, ол өмірдің барлық қыр-сырын қамтиды» делінген. Жалпы, немістер адамдарды психологиялық тұрғыдан дайындап, жетілдіруді мектеп кезеңінен бастаса да, балабақшада арнайы психологиялық кабинеттер жұмыс істейді. Яғни, бұл азаматтарды туғаннан бастап тұлғалыққа, өзін-өзі басқаруға үйретеді. Интеллект тұлға қалыптастыру әрбір елдің жетістікке қол жетуінің алғышарты деп саналады [1].

Мемлекеттің алдына қойылған негізгі мақсат – бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұрпақты қалыптастыру. Осы мақсатқа сай тұжырымдамада берілген негізгі қағидаларды және Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында негізгі «Бәсекеге қабілеттілік» бағыттарының бірінде көрсетілген және арнайы бағыт бағдарды негізге ала отырып келесі оқу жылынан бастап университеттің оқу-тәрбие үдерісіне эксперименттік тұрғыда студенттерге «Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері» атты пәнді енгізуді ұсынамын[3].

Жаңа көзқарас ұлтты ойлануға, ойлауға үйрету арқылы қалыптан тыс көкжиекке көз жіберуге тәрбиелеу, білімді өз бетінше зерделеу, технологиялар мен инновациялардағы жаңалықтарды жүзеге асыра білу бейімділігімен бағаланады. Ағымдағы ғасыр адамзат баласының алдында шешімі күрделі әрі іргелі мәселелерді қойып отыр. Әлем жаһандану дәуіріне қадам басумен бірге тұтастану, бірігу, кірігу үрдісіне батыл бет бұруда. Соны ерте түсінген әлем елдері мен олардың білім жүйелері жаһандану үрдісіне үн қосып, бұдан әрі дамудың жаңа стратегиялары мен жобаларын ұсынуда. Мұны Елбасы біліп, көріп, күрделі кезеңде еліміздің қайткенде аман алып шығудың қамын ойластырып жүргені бүкіл әлемге аян.

Еуропа елдерінде мектеп түлектерінің тек 20 пайызы ғана жоғары білім алуға ден қояды. Жоғары білімсіз де қоғамға қажетті нағыз кәсіби мамандық иесі болуға болады. Білікті мишинист, іскер шаштараз да қоғамның қозғаушы күші болуға лайық. Жалпы, білім мен біліктілік ұштасқанда ғана экономика жемісті болмақ. Үдемелі индустрияландыру бағдарламасы бойынша елімізде өскелең технологияларға негізделген жаңа өндіріс орындары ашылып, бұрынғы зауыт-фабрикалар жаңғыртылуда. Міне, осыған байланысты елімізде жұмысшы кадрларының тапшылығы айқын көріне бастады. Бұрынғы жұмысшылар басқа жаққа қоныс аударған немесе зейнет жасына жеткен. Ал жергілікті жастар қатарынан зауыт-фабрикаларға келіп, аға буынның ісін жалғастырар жұмысшы кадрлар жоқтың қасы.

«Біздің металл өңдеу зауыты жаңа технология бойынша қайта жаңғыртылды. Құрал-жабдықтардың бәрі бар, техникалық кадрларға деген тапшылық қолбайлау болып отыр. Электрмен дәнекерлеушілер де, білікті токарьлар да жоқ. Тіпті, қарапайым слесарьлардың өзі жетіспейді», дейді жақында іске қосылған зауыт басшысының бірі. Еңбекпен қамту орталықтарының деректері бойынша, бүгінде біздің елімізде кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітірген маман жұмысшыларды қажет ететін 20 мың жұмыс орны бос тұрған көрінеді [1].

Тәуелсіздігіміздің 27 жылдық мерекесі аталып өтілер кезеңде елімізде озық заманауи технологияларға негізделген ондаған өндіріс орындары ашылды. Экономикамыздың әлеуетін еселеп, еліміздің әлемдік рынокта бәсекеге қабілетті болуы үшін бұл жаңа өндіріс ошақтарының қосар үлесі зор.

Осы заманауи өндіріс ошақтарын білікті инженер-техниктермен, кәсіби жұмысшы мамандармен қамтамасыз ету ел Үкіметінің алдында тұрған кешенді міндет.

Ендеше, интеллектуалды ұлт белгісі – жаппай білімді ғалым болу емес, әркім өзінің лайықты орнын тапқан кәсіби білікті маман болу. Интеллектуалды ұлт жобасының тұғырлы басым бағыттарының бірі – еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру және ғылымды дамыту болып табылады. соңғы жылдарда қазақстандық ғылымның терең тоқырауға ұшырағаны, ащы да болса ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Гүлзейнеп Сәдірқызы Болашақ маманның зияткерлік әлеуеті// https://egemen.kz

2.Ел ертеңі интеллектуалды ұрпақ қолында// https://egemen.kz

3.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. 2017 жылы 12 сәуір www.akorda.kz

4.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылы 1 ақпанда Қазақстанда "Интеллектуалды ұлт-2020" мемлекеттік бағдарламасы, www.akorda.kz

ӘОЖ 396.5

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Дуйсекова А.А., Мұқашова Г.Қ.
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада дене тәрбиесінің мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы мен жеке тұлғасының қалыптасуындағы ролі көрсетілген. Мектепке дейінгі мекемелердегі дене тәрбиесі бойынша сабақтар мен ұлттық ойындарды өткізудің ерекшеліктері, формалары берілген.

Түйінді сөздер:Дене тәрбиесі, ертеңгілік гимнастика, сергіту сәті, қимыл-қозғалыс ойындары, балабақша, ұлттық ойындар, күн тәртібі.

Балалар денсаулығын қорғау – бұл кез келген мемлекеттің мәселесі. Соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстағы негізгі міндеттердің бірі – дене тәрбиесін дұрыс жүргізу болып табылады.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесі – бұл олардың дене шынықтыру білімін, біліктілігін және дағдысын қалыптастыру, дене шынықтыру сабақтарының жүйелілігіне үйрету, денсаулықтың, ақыл-ой мен физикалық жұмысқа қабілеттіліктің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету мақсатымен санитарлық-гигиеналық біліктілік пен әдеттерін баулу, дағдыландыру.

Дене тәрбиесі – жалпы тәрбиенің құрамды бөлігі. Ол денені жетілдіруге, яғни денсаулықтың, дене дамуының және дене әзірлігінің жоғары деңгейіне жетуіне бағытталған. Ол тәрбиенің басқа түрлері – адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, еңбек тәрбиелерімен байланысты [1]. Сондықтан да біздің елімізде дене тәрбиесі үдерісінде жалпы тәрбие мақсатынан туындайтын педагогикалық міндеттер де шешімін табады.

Дене тәрбиесі білімі – дене тәрбиесі салаларының бірі. Ол арнаулы білімді, қимыл-қозғалыс дағдылары мен іскерліктерді меңгеріп қамтиды. Дене тәрбиесі мәдениеті – жалпы мәдениеттің бір бөлігі, қоғамның адам денесін жетілдіру саласында қоғамдық – тарихи тәжірибе үдерісінде жиналған табыстарының жиынтығы. Дене тәрбиесі мәдениеті – дене тәрбиесі теориясының барлық ұғымдарының ішіндегі ең кең ұғым. Ол жоғарыда қарастырылған ұғымдардың бәрінің мазмұнын қамтиды. Ал дене тәрбиесі теориясы – адам денесін жетілдіру үдерісін басқарудың жалпы заңдары туралы ғылым. Ол педагогикалық ғылымдар жүйесіне енеді, психологиямен және педагогикамен, спорттың жекелеген түрлерінің теориясы және әдістемелік тығыз байланыста болады.

Дене тәрбиесі теориясы спорттың жекелеген түрлерінің жалпы және өзіндік заңдылықтарын спортпен айналысатындардың әр түрлі құрамындағылармен сабақтар оқу және өткізу әдістемесін талдап жасау кезінде ескеріп отырады [2,]. Мәселен, спорттың жекелеген түрлері бойынша жүргізілген зерттеулердің мәліметтері мектеп жасына дейінгі балалармен сабақ өткізу әдістемесін талдап жасауға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің теориясы –қоғамның болашақ құрылысшысы – баланың дене тәрбиесінің жалпы заңдылықтары жайындағы ғылым. Балалар дене тәрбиесінің теориясы дене тәрбиесі жүйесінің жалпы идеологиялық және әдістемелік негіздерінен шығады және оның бір бөлігі болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесі тәрбиелеу үдерісінде баланың дамуын басқарудың жалпы заңдылықтарын танып білуді қажет етеді. Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің басты міндеті – өмір қорғау және денсаулық нығайту, балалардың ағзасын шынықтыру болып табылады. Балалардың жақсы денсаулығы олардың барлық мүшелері мен ағза жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуімен анықталады. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің қазіргі кездегі мәселелерін одан әрі дамыту қоғамдық өмір талаптарымен байланысты. Өмірдің шапшаң қарқыны, ғылыми – техникалық прогресс, еңбектің алуан саласындағы сан түрлі шығармашылық іс-әрекет қабылдау, еске сақтау, ойлау процестерінің белсенділігін, дәл және тез бағдарлауға және түсіп жатқан ақпарат тудыратын реакцияға деген қабілетті талап етеді. Осыған

байланысты сәби жастан бастап балалардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру, денсаулығын нығайту және жан-жақты дамыту, мектепке және алдағы қоғамдық өмірге дер кезінде даярлаудыжүзеге асыру маңызды болып табылады [3].

Дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары балалардың сан алуан іс-әрекетінің тәрбие-білім беру кешені болып табылады. Бұл іс-әрекеттің негізі баланың қимыл белсенділігінен құралады. Бұл формалардың жиынтығын балалардың толық дәрежеде денесін дамыту және денсаулығын нығайту үшін қажетті белгілі бір қимыл режимін құрайды.

Балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына мыналар жатады:

1) дене тәрбиесі сабақтары;

2) денелік-сауықтырушаралары (ертеңгілік гимнастика, сергіту сәті, дене жаттығуларымен ұштастырылған шынықтыру шаралары);

3) балалардың дене тәрбиесі жөніндегі күнделікті жұмыс (қимыл – қозғалыс ойындары, серуендер, жекелеген балалармен және шағын топтармен дербес жұмыс істеу, дене жаттығуларының сан алуан түрлері мен өз беттерінш еайналысу, мейрамдар).

Бұл формалардың барлығы бәрі дене тәрбиесінің жалпы міндеттеріне және баланың жан-жақты дамуына жауап бере отырып, өзара байланысты болады: олардың әрбірінің өзіндік арнаулы міндеттері бар, олар мектепке дейінгі мекеменің күн тәртібіндегі міндеттің орнын анықтайды. Балабақшаның түрлі топтарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларының арақатынасы балалардың жасын және жеке басты типологиялық ерекшелігін олардың дене дайындығы дәрежесін, сондай-ақ белгілі бір топтың және бүкіл мекеменің нақты жағдайын ескере отырып, тәрбие-білім беру міндетімен анықталады.

Мектепке дейінгі мекемедегі сәби жасындағы топтың балаларымен жұмыс істеудің негізгі формасы дене жаттықтыруларымен жеке айналысу болып табылады (қимыл-қозғалыс ойындары, гимнастика, массаж). Ертеңгілік гимнастика және дене тәрбиесі сабақтары кішкентайлардың бірінші кішкентайлар тобынан бастап барлық топтарда жүргізіледі. Бірақ әрбір топта олар қозғалыс материалы мен сабақ өткізу әдістемесін іріктеу жөнінен өзіндік ерекшелікке ие болады. Балабақшаның ересектер тобында маңызы басым сергіту сәттері жақсы тыныңу және балалардың жұмыс қабілетін қалпына келтіру сәті ретінде сабаққа және екі сабақтың аралығына енгізіледі. Шынықтыратын іс-шаралар барлық топтарда пайдаланылады. Алайда бөлме ішіндегі, даладағы қимыл – қозғалыс кезіндегі бірте–бірте температурасы төмендейтін таза ауа ваннасы көбінесе ересектер тобында қолданылады.

Балаларды таза ауадағы қимыл–қозғалыс ойындары және өз бетінше сан алуан қимыл жасау әрекеті барлық жастағы топтарда балалардың күнделікті өмірінің міндетті түрде мазмұны болып табылады. Дене тәрбиесі сабақтары – балаларға дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Сабақтың арнаулы міндеті барлық жастағы топтардың балаларына дұрыс қимыл-қозғалыс үйрету мен дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады. Сабақтың маңыздылығы өзара байланысты сауықтыру, білім беру, тәрбиелеу міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыруда болып табылады. Олардың орындалуы баланың дене күшінің дамуын, денсаулығының нығаюын, олардың дұрыс қимыл-қозғалыс дағдыларын игеруін, дене тәрбиесі мен спортқа эмоционалды-жағымды қатынасын қалыптастыруды, оның жеке басын жан-жақты дамытуды қамтамасыз етеді. Сауықтыру міндеттерін жүзеге асыру тиімді гигиеналық жағдайда ағзадағы бүкіл физиологиялық процестердің артуына, оның өмір іс-әрекетін күшейтуге көмектесетін сабақтарда балалардың жан-жақты қимыл әрекеттері жолымен қамтамасыз етіледі. Тәрбие-білім беру міндеті сабақ үдерісінде баланың жеке басының моральдық ерік-жігер белгілерін қалыптастыру, дене тәрбиесі мен спорт саласын кейбір қарапайым білім мен терминдерді хабарлау, дұрыс қимыл-қозғалыс дағдыларын және дене қасиетін тәрбиелеу жолымен шешіледі. Мұның бәрі баланың танымын, ерік және эмоционалдық күшін, оның ақыл-ой қабілетін, адамгершілік қасиеті мен шығармашылық белсенділігін кешенді дамытуға бағытталған. Сабақ қоршаған ортаға жақсы бейімделгіш, алға қойылған тапсырмаға сай нысаналы, тез әрі сенімді түрде әрекет ете алатын тәртіпті адамдарды тәрбиелеуге көмектесуі тиіс. Ертеңгілік гимнастика– баланың отбасындағы, балабақшадағы күн тәртібінің міндетті бөлігі. Оны ересек адамның басшылығымен жүйелі түрде жүргізу балалардың бойында жанға жағымды бұлшық ет сезімдерімен, жағымды эмоциялармен байланысты шат көңіл туғызатын дене жаттығуларын

жасауға үйреншікті әдетті қалыптастырады. Ертеңгілік гимнастиканың маңызы сан алуан: ол ағзаның тіршілік әрекетін арттырады, ұйқыдан кейін жүйке жүйесін сергітеді, ұйқыдан ширақтыққа ауысу уақытын қысқартады. Ертеңгілік гимнастика тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып, тыныс алуды тереңдетеді, қан айналысын күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі. Ертеңгілік гимнастика балалардың зеректігін, мақсатқа жетуге ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттыруға көмектеседі, эмоция мен қуанышты сезім туғызады. Балалардың дене жаттығуларын таза ауада немесе фрамугалары, терезелері ашық таза бөлмеде су іс-шараларымен ұштастыра орындауы барынша жақсы сауықтыру тиімділігіне жеткізеді [4].

Сергіту сәті (қысқа мерзімді дене жатттығулары) – естиярлар, ересектер және даярлық топтарында сабақтар арасындағы үзілісте, сондай-ақ нақ сабақ үдерісінде (сурет салу, жапсыру, ана тілі т.б.) өткізіледі. Сергіту сәтінің маңызы шаршағанды ұмыттыратын, психиканың эмоциялық-жағымды жай-күйін қалпына келтіретін қимыл белсенділігі жолымен баланың іс-әрекет сипаты және дене қалпының өзгеруінде болып табылады. Сергіту сәті зейінді, бүкіл ағзаның әрекет ету жағдайын қалпына келтіруге бағытталған.

Дене жаттығуларымен ұштастырылған іс-шаралар неғұрлым тиімді болса, соғұрлым бұлшық еттердің ширақ жұмыс істеуі, жылжу, ретеу үдерісін жетілдіруге және сол арқылы ағзаның қоршаған сырттқы ортаға бейімделуіне көмектеседі. Шынықтыру үдерісінде ағзаның терең өзгеруі іске асады. Ал егер бала ширақ болса, ол өзгеріс табиғи әрі қарапайым жүзеге асады. Балалар үшін қызықты дене жаттығуларымен және ойындармен ұштастырылған шынықтыру шаралары эмоциялық өрлеуді туғызады, жоғары жүйке орталықтарының қызметін жақсартады, ішкі мүшелердің жұмысы мен зат алмасуды реттейтін вегетативтік жүйке жүйесіне жақсы ықпал жасайды. Күнделікті өмірде балалардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру баланың денсаулық жағдайы және күні бойғы оның психикасы үшін қажетті режимін орындауды қамтамасыз етеді. Балалардың дене тәрбиесі бағдарламасының сауықтыру және тәрбиелі білім беру міндеттері әр түрлі формада жүзеге асырылады: қимыл-қозғалыс ойындары, серуендеу, жекелеген балалармен және шағын топтармен жеке жұмыс істеу, дене тәрбиесі жаттығуларының және дене тәрбиесі мерекесінің сан алуан түрлерімен балалардың өз беттерінше айналысуы. Қимыл-қозғалыс ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі қимыл әрекеті ретінде тәрбиеші әрбір жастағы топтардың күн кестесіне сәйкес күннің әр түрлі уақытына жоспарлайды. Қимыл-қозғалыс ойындары балалардың жан-жақты дамуына жағдайды, ағзаны сауықтыруға көмектеседі, балалардың өмірін жаңа мазмұнмен байытады, олардың сезімін, мінез-құлқын, қоршаған ортада бағдар ұстауын, дербестігі мен шығармашылық инициативасын қалыптастыру. Балалар мекемелерінен тысқары жерге жаяу серуендеу және экскурсия жасау балалар туризмінің ең қарапайым түрі болып табылады. Олар балалардың денсаулығын күшейтуге, дене күшін дамытуға эстетикалық қалыптастыруға, табиғатпен қатынаста болуға, қимыл дағдылары мен дене қасиетін жетілдіруге көмектеседі.

Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын–сауықтар) өткізген дұрыс. Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Ол әрбір жас топтарында аптасына 2 рет өткізіледі. Дене шынықтыруды өткізген кезде балалардың құлап жарақат алмауын көп қадағалауымыз керек [5].

Топта тәрбиеші жай қимылдайтын, әлжуаз балалармен үнемі жеке жұмыстар жүргізіп отырады. Балаларды сәби кезінен бастап қабылдап, үнемі сол балалармен жұмыс жасайтын болсақ, барлық баланың даму ерекшелігін, мінез-құлықтарының барлығын, не нәрсеге бейімділігін өте жақсы білуімізге болады. Дене шынықтыру кезінде бала дұрыс қозғалыста болуы үшін жыл мезгілдеріне сай киіндіруге, демалыс күндерінде де үйде жаттығулар жасауды әдетке айналдыруды, ашық есік күні, мерекелік ертеңгіліктерге, түрлі спорттық ойындарға ата-аналардың белсене қатысып, қызығушылық танытуын ынтымақтаса жүргізген жұмыстарымыздың нәтижесі. Топтарда «Әкем, шешем, мен» спорттық сайыс өткізіліп, атааналармен бірге ойындар ойнап, жаттығулар жасаса, балалардың бір жасап қалары анық. Мектепке дейінгі мекеме ауласы, бөлме тазалығы безендірілуі, балаларға ыңғайлылығы, әдемілігі, эстетикалық талғамдылығы жоғары болуы шарт. Неғұрлым ерте жатып, уақытымен таңертеңгілік тамағын ішіп, серуенге шығып

ойнаған, жылы сөз, мақтау естіген, спортпен шұғылданған, шыныққан бала әрқашан да ауруға төтеп беретін, жігерлі, ақылды болып өседі. Бала денсаулығы жақсы, шыныққан, көңіл – күйінің жоғары, ынталы болуы үлкендерге, яғни ата-ана, тәрбиешіге, қоршаған ортаға байланысты.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, тәрбиелейтін негізі іс-әрекет - ойын. Ойын арқылы балалар ұйымшылдыққа үйренеді. Қазақ халқы балалардың дені сау болып қалыптасуына көп көңіл бөле білген. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтікпсихологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы ғылыми тұрғыдан ғалымдар көп ізденген. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістері педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттеген этнограф, педагог-ғалым Әбубәкір Диваев өзінің «Қазақ балаларын қалай жұбатады», - деген мақаласында қазақтың бауырмалдылығын сипаттай келіп, «бала бас бармағын көтеріп, оған пайғамбарымыз не дейді деп, көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған» - десе, «Бес саусақ» ойынымен саусақ атауларын алға тартады [6]. Саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелей шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығын сөз етеді.

Қазақтың белгілі ғалым-ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудің тәрбиелік мәнін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдаған. Ұлтымызды ұлықтайтын тұрмыс-салтының өзі - дене тәрбиесіне негізделген. Бесікке салудан бастап, баланы шомылдыру, маймен сылау, тұсау кесу рәсімі, атқа мінгізу, ұлттық ойындарға араластыру - баланы жастайынан шынықтыру, моральдық-рухани нығайту, темірдей тәртіпке үйрету, ерік-жігерді дамытуға тәрбиелейді. Ата-бабамыздан қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық ойындарды дене тәрбиесіне енгізу баланың күш-жігерінің дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ дене құрылысы икемделеді, сымбатты, қырағы, алғыр, өмірдің барлық қиыншылығына төзімді азамат болып қалыптасады. «Денсаулық - зор байлық» - дейді дана халқымыз. Өзін іргелі ел санаған халық әдеп-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін қадірлей біліп, жас ұрпақтың бойына дарыту қажет. Ел арасында көп тараған ойын түрлерін баланың жас ерекшелігіне сай саралап, рухани талап-тілектеріне сәйкес бағыттауымыз керек. Ең басты міндет - ұлттық ойынның өзіндік құндылығын жоғалтпай, ойынды мазмұнды ұйымдастыруға жағдай жасау, тәрбиеге де, ой-санаға да лайықты етіп пайдалана білу. Ұлттық ойынның тәрбиелік мәні - бала өз халқының ұлттық мәдениетімен танысып, заттардың пішінін, көлемін, қасиеттерін байқауға, қоршаған ортаға еркін араласуына көмектесетіндігінде. Өмір туралы қарапайым түсініктер алады, жылдамдық, мергендік сияқты қасиеттері артады. Баланың күні бойы ойнауға шамасы бар.

Ойын - оның шынайы тіршілігі. Көзіне көрінген, қолына түскен нәрсенің бәрімен ойнайды. Бірақ, ойын іс-әрекетінде де олардың жыныстық және жастық ерекшеліктерін ескерген жөн. Мысалы, үш жасар бала көбіне жалғыз ойнайды. Көппен бірге ойнауды ол әлі көтере алмайды, мазасыздана бастайды.

Ұлттық ойындарды мектеп жасына дейінгі дене тәрбиесіне енгізуде үш бағытта ұстанғанымыз жөн:

1. Ағартушылық - ұлттық тәрбиеге насихаттау, үйрету.
2. Тәрбиелік - имандылыққа, әдептілікке баулу.
3. Бақылау- дене тәрбиесінде ұлттық ойындардың қажеттілігіне әсер ету, қолдау көрсету.

Балабақшада ұлттық ойындардың қолдану жүйелері:

1. Таңертеңгілік-гигиеналық жаттығуда;
2. Сергіту сәттерінде;
3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде;
4. Таза ауаға серуенге шыққанда.

Ұлттық ойындарды табиғат аясына серуенге шыққанда, тәрбие жұмысына мүмкіншілікке қарай ұйымдастырса, балалар сол ойындар арқылы жақсы тәрбиені, өмірге қажетті қимылдарды тез үйреніп, ақылой парасаты дамиды. Дене тәрбиесі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің міндеті - қимылдың белгілі бір кешенін жасап үйрену болып табылады. Мақсаты - баланы өнегелікке, сымбаттылыққа, күштілікке, төзімділікке тәрбиелеу. Ойынды тиімді пайдалану -

ұйымдастырылған іс-әрекеттің әсерлігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне орай, қарапайым болуы керек. Ойынның ережеге сәйкес орындалуына - тәрбиешілердің ойынның мазмұнын дұрыс түсіндірмеуінен болады. Мұндай жағдайда балалар оған қызықпайды, зейін қойып тыңдамайды. Ойын барысында көрнекілікті алдын-ала дайындауы тиіс. Мысалы, «Аңшы мен ит және қояндар», 5-6 жастағылар үшін «Торғай мен мысық» ойындары барысында алғашқы күннен бастап өзін-өзі тежеуге үйрету керек. Барлық баланың қабылдау қабілеті бірлей емес екендігі, яғни белсенділер мен әлжуаз балалар арасындағы тепе-теңдікті сақтау оларды әр түрлі орынға тарту арқылы шыңдау, ұмтылдыру, бірнеше рет бір ойынды ойнату барысында баланың физиологиялық өзгерісімен қатар психологиялық тұрғыдан сенімділігі артады.

Ұлттық ойыннан ой-танымы жаттығуларын, тапқырлыққа, ептілікке машықтану көріністерін байқаймыз. Атап айтқанда: ұлттық ойындардың ішінде ер балалардың денесін шынықтырып, икемділігін, сергектігін, күш-қабілетін толықтырып, машықтандырытын да, ой тапқырлығы мен шешендігін жетілдіретін, ой сергітетін, білімін байытып, тапқырлығын танытатын түрлері бар. Ер балаларға арналған «Ат жарыс», «Қап киіп жарысу» баланың күшін дамытып, жігерін, денесін ширатып, бұлшық еттерін нығайтып, төзімділікке, батылдыққа баулиды. Өз бойындағы күшін, әдіс-айласын түгел пайдаланатын «Қазақ күресін» алайық. Күрестің «Білектесу», «Аударыспақ» сынды көптеген түрлері бар. Ойын барысында бала мінез-құлық ережелері мен нормаларын, өмірге көзқарасын, өзара қарым-қатынасын шығармашылықпен игереді.

Қазақтың ұлттық ойындарының өзіндік ерекшелігі қыз балаларға арналған ойындардың болуы. Қыз баланың биязы болуы, дене икемділігі мен нәзіктігіне тәрбиелейтін ойындарды жас ерекшеліктеріне қарай пайдаланған. Қыздардың «Қуыршақ» ойынында қуыршаққа киім дайындау, отбасындағы ата-ана рөлдерін сомдау, кейіптендіру олардың психологиясына саналылық өзгерістер тудырады. Мазмұнды ойындар арқылы өз әрекетін өзгелермен үйлестіруге, түсінуге талпынса, өзінің ақыл-есін түгел сол ойынның мақсатына жетуге жұмсайды, шындыққа сенеді, тапқырлық пен табандылыққа ұмтылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет барысында «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» сияқты ұлттық ойындарды жаңа материалдарды бекіту немесе қайталау кезінде қолдануға болады. Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетті ұлттық ойынмен сабақтастырып түсіндірсе, баланың пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруіне ықпал етеді. Мысалы: «Даусынан таны» ұлттық ойыны барысында балалар шеңбер болып отырады. Санамақ санау арқылы бір бала жүргізуші болып, көзін орамалмен байлайды. Ортаға шыққан жүргізуші атын атаған баланың даусынан тануы тиіс. Таба алмаса, айыбына тақпақ немесе ән айтуы керек. «Шалма тастау» ойынына қатысушылар алаңға топталады. Мәре сызылып, он метр жерге қазық немесе үшкір ағаш қағылады. Ұзындығы сол жерге жететін арқанның бір ұшы ілмекпен, шалма тастайды. Қыз балаларға арналған «Үй тұсынан ақ қоянды ояту» ұлттық ойынында бір ырғақта әрекет жасап, ән айтуға, тіл байлығын молайтуға, моральдық, эстетикалық тәрбие беруге тигізер септігі мол. Ойынды қызықты өткізу үшін – ойынның шартын бұзбау, достарын ренжітпеу, жеңілсе ашуланбау, бастаушының айтқандарын орындау керек. Пайдаланылған ойындарды қорытындылағанда баланың өздеріне талдау жасату қажет. Балалардың не себептен немесе қандай мүмкіндікпен жеңіске жеткендіктерінде көздерін жеткізу арқылы балалар ойын ережесін жете түсінетін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С., Аюбай Қ. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 1996.
2. Ильин Е.П. Психология физического воспитания. – М., 1991.
3. Джамгарова Т.Т. Психология физического воспитания и спорта. – М., 1989.
5. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2003.
6. Сағындықов Е.Н. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында қолдану. – Алматы, 1992.

ӘОЖ 37.037.(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оразымбетова Л.Б.
Ғылыми жетекшісі: Сұлтан Ж.И.
С.Бәйішов атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Рухани жаңғыруы – өмірге, уақыт ағымына ақыл парасатымен, білімімен бейімделе білуінде. Ұлттық сана, тәрбие, имандылық, тектілік – жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіреді. Адамды өмірге, қоғамдық ортаға ақыл парасатымен және білімімен бейімдейтін ұлттық қасиеттер (ұлттық сана) мен ұлттық құндылықтар (тәрбие, имандылық, тектілік және т.б.) болып табылады.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, ұлт, ұлттық идея, ұлттық құндылық.

Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Рухани жаңғыру Атамекен мен Ұлттың бір болуын, ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейтін ұлттық идея. Ғалымдар ұлттық идеяны ақыл таразысынан өтіп халықтың басым бөлігі қабылдаған ұлттық мәдени құндылықтар жүйесі деп түсінеді. Ұлттық идея Қазақстанда жүріп жатқан мәдени мұраларды жаңғырту үрдісі мен әлемдік өркениет ықпалымен туындаған жаһандану процесінің арақатынасында қарастырылуы тиіс.

Рухани жаңғыру идеясының пайда болуына, осы өмірдің объективтік негіздеріне өркениеттің ақпараттық толқынының қарқындап енуі, Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі батыстандыру мен американдырудың жаңа пәрмеге ие болуы себепші болды. Қазақстанда «рухани жаңғыру» идеясының қалыптасуына үш суперөркениеттердің тоғысуында орналасуы (православтық, мұсылмандық, конфуцийлік), мәдени-әлеуметтік транзиттік, тоталитарлық және атеистік сана қалдықтары, номадалық діл архетиптері ықпал етті. Басқа да ТМД елдеріндегі сияқты, Қазақстанда да ұлттық идеяны іздеу амбивалентті құбылыс болып табылады. Сондықтан, қазіргі өркениеттік және ұлттық-рухани құндылықтарға қарай бетбұрыс әлемдегі отыз озық елдердің қатарына қосылуға септігін тигізеді деп білеміз.

Қазіргі кезде ойлау жүйесінің шеңбері ұлғайып, ауқымдалып, ғылымды, қоғамды және адамның өзін дұрыс бейнелеу белесіне жетуге мүмкіншілік туып отыр. Ерте кезден-ақ, рухани жаңғырудың негізінде жеке адамның, халықтың тұлғаға айналатындығын ата- бабаларымыз жақсы түсінген. Батырлықтың, ақын-шешендіктің, тума талант иесі болып ұлт өнерінің тарихта терең арнасын қалдырудың өзі қазақтардың тарихтағы жасампаздық рухының биіктігін көрсетеді. Ұлтына игілік пен жақсылық әкелетін жасампаздық қасиет бұл жаңашылдыққа бейім, өресі биік адамның ғана қолынан келетіні сөзсіз. Осындай адамның басты бағыты: зерттейтін объектісі осы заманнан шығып, өткенді, қазіргіні, келешекті жүйелі түрде ақыл-ой елегінен өткізіп, сол арқылы өз бойындағы жаңа типті ойлау мәнерін, өрнегін таразылап, жаңартады. Осы мақсатта мына мәселелерді ескеруіміз қажет: қоғамдық келісім және демократиялық дамудың барысын, адам және қоғам, нарық және ғылымның байланыстарын. Ерекше бөліп қарайтын мәселе, азаматтық қоғам қалыптасуындағы қазақ идеясының орны. Қазіргі зерттеулерде «Қазақстан – жалпы біздің үйіміз» деген қоғамдық ой негізі орын алуда. Бұл идея өткен қоғамдағы ұрандарға ұқсас, негізінен саяси мәнге ие болып тұр. Ұлттық идея – адамдардың ішкі рухани дүниесімен астасып жатуы керек. Сондықтан, қазақ идеясы «Еркіндік түбі бірлікте!» деген формулаға айналса, ұлтымыздың өресінен шығар еді. Қоғамда интеллектуалды ой өріс мықты болуы үшін, ұрпақ болмысы мінсіз болуы қажет. Елдің салт-дәстүріне негізделген тұрмыс тіршілігімен тыныс алған, жан-жағында болып жатқан түршілік барысымен етене байланысып өскен ұрпақ жаңа өмірге бейім жақсы адам болып өседі[2].

Жаңа өмірге саналы түрде бейімделген жақсы адам елге жаны ашитын болады және бойындағы бар қабілетін, қолы жеткен бар игілігін еліне арнайды. Еліне жаны ашитын жақсы

адам өз заманының жетістігін білімге, өнерге, ғылымға жастарды бағыттау, оның жетістігіне елдің қолын жеткізу деп түсінеді.

Жалпы, жеке адамның рухани жаңғыруы – өмірге, уақыт ағымына ақыл парасатымен, білімімен бейімделе білуінде. Адамды өмірге, қоғамдық ортаға ақыл парасатымен және білімімен бейімдейтін ұлттық қасиеттер (ұлттық сана) мен ұлттық құндылықтар (тәрбие, имандылық, тектілік және т.б.) болып табылады. Ұлттық сана, тәрбие, имандылық, тектілік – жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіреді. Бұлардан қол үзген адам рухани жаңғырудың биігіне жете алмайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу... Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауы тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер, жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі жақсы жақтарын қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [3].

Рухани жаңғыру қоғамның барлық мүшесіне, ұлттың барлық өкілдеріне өз міндетін жүктейтін құбылыс. Рухани жаңғыру жолында адамдар бай мен кедей болып бөлінбеуі тиіс. Ұлттық мүдде мен тарихтың рухы, елдің болашағы –халықтан, әрбір адамнан ортақ қасиетті, ортақ құндылықтарды, ортақ дүниелерді ғана талап етеді. Жеке адамның тұлғалануын, ел азаматы ретінде танытатын қасиет – жаңа тұрпаттағы рухани жаңғырудың негізгі үлгісі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан 26.04.2017 ж

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар. 2014 жыл // Егемен Қазақстан. 18.01.2014 ж

3. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті //Қазақстан орта мектебі – 2005

УДК 37.014.7(045)

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОБРАЗОВАНИЯ В РАМКАХ ДУХОВНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ

Умбетова М.Ж., Низамова У.Х.
Аркалыкский государственный педагогический институт им. И.Алтынсарина, Казахстан

Аннотация. В статье говорится о модернизация общественного сознания, о вхождении в число 30 развитих стран мира, о необходимости воспитании патриотических чувств у молодого поколения и конкурентноспособностив.

Ключевые слова:Президент, духовные ценности, культура, воспитание патриотических чувств, конкурентноспособность .

В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Нурсултан Абишевич объявил народу о начале третьей модернизации Казахстана. Президент отметил, что особое внимание в этом процессе должно быть уделено духовно-культурным ценностям народа [1].

Президент подчеркнул: «Наши национальные традиции и обычаи, язык и музыка, литература и свадебные обряды – одним словом, национальный дух, должны вечно оставаться с нами. Мудрость Абая, перо Ауэзова, проникновенные строки Джамбула, волшебные звуки Курмангазы, вечный зов аруаха – это только часть нашей духовной культуры»[2].

Главная цель – вхождение в число 30 передовых стран мира на базе выполнения Плана нации. Всё начинается с воспитания подрастающего поколения. Любому государственному образованию, если оно заинтересовано в развитии, нужен человек, преданный своему Отечеству.

Воспитание патриотических чувств у молодого поколения есть социально-идеологический заказ общества. Для духовного возрождения нужно только воспитание, и еще раз воспитание. Естественно, прочной основой модернизации общественного сознания должны стать веками сложившиеся духовные ценности казахского народа, которые хранятся в сакральных местах Казахстана. Потому что духовные ценности - это наше богатство, богатство страны, богатство народа. Поэтому ставилась задача - развить у каждого духовную ценность и патриотизм[3].

Такие дисциплины как: «религиоведение», «краеведение», «казак елі» «история» эти дисциплины направленына развитие патриотизма, изучение культуры и истории нашей страны. Молодежь получает хорошее образование, так как в современное время наше государство уделяет большое внимание на развитие и духовное возрождение молодого поколения.

Вместе с этим поднят вопрос перевода казахского языка на латинский алфавит, в качестве одного из важнейших проектов. Глава государства размышляет о таких вопросах как национальное самосознание, конкурентоспособность, сохранение национальной самобытности, верховенство знаний, развитие Казахстана, открытость сознания, и указывает конкретные задачи на ближайшие годы.

В прошлом году стране был представлен проект «100 новых лиц Казахстана» – это история 100 конкретных людей из разных регионов, разных возрастов и национальностей, которые добились успеха за эти стремительные годы. Это были конкретные истории конкретных людей, которые стали героями телевизионной документалистики. Примечательно, что всего в рамках проекта «100 новых лиц Казахстана» поступило более 1500 заявок.

На сегодняшний день, можно сказать, что граждане Казахстана не остаются в стороне, народ поддержал идеи Президента о возрождении традиций предков. Каждый стремится внести свой вклад в это глобальное дело. Это говорит о том, что статья лидера государства не оставила народ равнодушным, и каждый из нас с воодушевлением смотрит в будущее.

Это проявляется в конкурентоспособности человека, владеющего компьютерной грамотностью, иностранными языками, конкурентоспособность в современном мире культуры. Что является главными целями для всех казахстанцев.

Поэтому, как говорит лидер нации, каждому гражданину страны, обществу в целом, политическим партиям и движениям, всем государственным органам необходимо провести работу над собой: проанализировать текущее состояние, определиться, где вы сейчас находитесь, понять, что нужно сделать всем и каждому из нас, чтобы деятельно участвовать в преобразовании общественного сознания на основе реализма и прагматизма[3].

Мы должны гордиться, что принадлежим к единой и великой нации.

Дорога у нас одна: через обновление к лучшему будущему!

ЛИТЕРАТУРА

1. Н.А.Назарбаев «Взгляд на будущее: модернизация общественного сознания» // «Духовное возрождение-приоритет третьей модернизации Казахстана» // Казахстанская правда. 2017г.

2. Н.А. Назарбаев «Эра независимости» 2017 г.

3. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан — Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Алматы: ЮРИСТ, 2013. 48 с.

ӘОЖ 37.034(045)

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Абдразакова А.У.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу қажеттілігі жайында айтылады. Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу.

Түйінді сөдер: Рухани жаңғыру, ұлттық құндылықтар, ұлттық сана, ана тілі, ұлттық тарих.

Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты басқаларынан ерекшелендіріп тұратын тілі, ұлттық мінез-құлқы, әдет- ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, тарихы т.б. Бұл құндылықтарды ата-бабаларымыз өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырған. Ұрпағының болашағы үшін ұлттық құндылықтарымызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мың өліп, мың тірілген қазағымның осындай ерлігін, еліне деген шексіз ұлтжандығына құрметпен қарап, бағалауымыз қажет. Сонымен қатар бізге де өз кезегімізде бұл құндылықты келер ұрпаққа жаһанданудың салқынын тигізбей жеткізу парыз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жарқын болашаққа нық қадам басу үшін - ұлттық сана-сезіміміздің көкжиегін кеңейтіп, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып жетуге болатындығын негіздеп берді. Елбасы салт - дәстүріміздің, тіліміз бен әдебиетіміздің, тарихымыздың бойымызда сақталып, жаһандық әлемнің жаңалықтарынан тыс қалмауға шақырады.

Белгілі ғалым ағамыз Амангелді Айталы бұл жөнінде: «Мемлекеттің ішкі саясаты ұлттың рухани кодының күрделілігіне негізделгенде ғана тиімді болады. Әлеуметтік деңгейі тұрғысынан ұлттың білімі, мәдениеті, діндарлығы, кәсіби деңгейі, экономикалық табысы, тұрмыстық жағдайы, қоныстануы, тууы, өлім-жітімі, отбасы және оның беріктігі, аралас некелер, қылмыстылығы, бір сөзбен айтқанда, ұлттың әлеуметтік сапасы оның биік рухына негіз болады»,- дейді[1].

Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби айтқандай адамға ең алдымен тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы.

Ал, бала тәрбиесін қалыптастырушы ең алғашқы бесік – ол отбасы. Конституциямыз бойынша әрбір отбасыға өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген. Отбасы ұлттың әлеуметтік биологиялық тұрақтылығын, төлтума бітімін, ұлттық тәрбие арқылы ұлттың құндылықтарын сақтап, оның басқа ұлтқа сіңіп кетуінің алдын алады. Құрамында көп ұлты бар елдерде ұлтаралық некеден арылу мүмкін болмай отыр. Ғалымдар аралас некелердің шамадан тыс жиілеуі ұлтқа қауіп төндіретіндігін ескертуде. Бұның ақыры аз ұлттардың басқа ұлтқа сіңіп, бара-бара ұлт ретінде жойылуына, яғни ассимиляцияға әкелетіні болжамдалуда. Сонымен қатар қазақы ұлттық болмыстың сақталуы жөнінен күтілетін аса қауіпті нәтиже – аралас некеден туылатын балалар қазақтан гөрі өзге ұлт өкілінің қасиетін бойына көбірек сіңіреді екен. Ұлтын сүю сезімі балаға ана сүтімен, анасының ана тілінде айтқан әлдиімен берілетіні белгілі. Кез келген ана баласын өзінің бойына сіңген ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелейтіні де хақ. Кішкентайынан анасы сәбиін емізіп отырып, өзінің ана тілінде әлдилеп ұйқытатқан сайын баланың құлағына анасының тілі жағымды естіліп, ыстық болатыны анық. Сондықтан да, аралас некелі отбасында балардың Анасының ана тіліне деген құрметі де ерекше болатыны сөзсіз. Өзгенің тілінде сөйлеп, өз тілін ұмытудың соңы өз мәдениетін жоғалтуға алып келетін тура жолдың бірі деп білу керек. Ұлт үшін тілден асқан асыл жоқ. Тілден айрылған ұлт, ұлттық құндылықтарынан айрылып, өзін-өзі жоғалтады.

Ана тілінің мәртебесі туралы елбасымыз «Тарих толқынында» атты еңбегінде өз ойын өте ұтқыр білдіреді: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса

қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде не бар екен?! Әрине одан қымбат ештеңе жоқ деп айтуға болады. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған - оның ғажайып тілі»[2]. Сондықтан, ұлт үшін тілден асқан құндылық жоқ. Қазақ әдебиетінің мәйегі Ғабит Мүсіреповтің тіл құдіреті туралы айтқан сөздері бүгінгі күні де құндылығын жоғалтпай отыр:«Қай халықтың болса да қоғамдық өсу – өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл –ой тереңдігі, сана – сезім сергектігі көп салалармен тармақтана, молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Ана тілі қорлана береді, ажарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы – қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала береді. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі»[3].

Бүгінгі күні қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде жүз отыздан астам этносты құрайтын Қазақстан халқының тұтастығына ұйытқы болып отыр. Полиэтникалық қоғамда ұлтаралық некенің де көтерер жүгі ауыр, салмақты болмақ. Мұндай некедегі ерлі - зайыптылардың дүниетанымдық көзқарастарының, үлгі –өнегелерінің, ұлттық психологияларының сәйкес келмеуі бір ұлтты отбасыларда кездесетін қиындықтармен салыстырғанда қосымша қиындықтар тудыратыны ақиқат. Бұның зардабы да зор болып шығады. Қазақ отбасындағы кикілжің туып, ерлі - зайыптылар ажырасса да олардың баласы – «мен қазақпын» болып қала береді. Ұлтқа деген өкпе, жеккөрініш сезім болмайды, ұлтынан бас тартпайды. Ол мүмкін емес. Ал егер ұлтаралық некедегі ерлі зайыптылар ажырасса бала нағыз дүбара болады. Сондықтан өзге ұлттан жар сүйген азаматтарымыз жүрек қалауымен үйленген соң, ұлтымызға қысастық жасамай әйелін де, одан туған балаларын, Қазақстанның болашағы – ұлттық байлығымызды, елбасымыз айтқан адами капиталды көзінің қарашығындай сақтап, отбасының шаңырағы шайқалмауына кепілдік болуы керек. «Үйлену оңай, үй болу қиын» болса, ұлтаралық некенің жауапкершілік жүгі тым ауыр болады. Жауапкершілікті дұрыс сезінбесе ұлтқа кесірі тиетіні анық. Ұлтаралық неке мәселесі бүгінгі жаһандану дәуірінде әсіресе өзекті. Өйткені жаһандану үдерісі ешқандай кедергіге кезікпестен жастар санасын тез жаулап алуда. Сондықтан, мәдени жаһандану саласында әрбір ұлттың, халықтың өзіне тән ділі мен мәдениетін сақтап қалуы орасан зор күшті талап етеді. Бүгінгідей еш шекарасыз, бақылаусыз, тосқауылсыз келіп жатқан ақпараттық жаһандану дәуірінде тек ұлттық салт - дәстүрлеріміз бен дініміз, ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп беруге мүмкіндігіміз бар.

Рухани бірлігі мен дініне берік елге ешқандай алауыздықтар, сыртқы ықпалдар әсер ете алмайды. Бұл жөнінде елбасымыз: «Біз өзіміздің ең ірі әлемдік діни дәстүрлерге ұдайы қосылып отырғанымызды ұмытпағанымыз абзал. Бұл да біздің бүгінгі бірегейлігіміздің негізі болмағанмен де, бір бастау көзі. Жиырмасыншы ғасыр жалпы тосын қайшылықтар дәуірі, солардың бірі – бүгінгі әлемде рухани жаңғырудың қосымша құрамдас бөлігі боларлық діні жоқ ұлт арагідік бөгде мемлекеттік жүйенің жемі болатындығы. Ал ондай мемлекеттер өзінің діни құндылықтарын саналы түрде немесе ойланбай – ақ басқалар үшін үлгі ретінде ұсынады... Жалпы, дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңеге үйретпейді. Жалғыз – ақ бізге қауіп төндіретіні діни білімдеріміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны. Әрине, бұл мемлекеттің ісі емес. Алайда, біз бір елде өмір сүріп жатырмыз, сондықтан шынайы сенімнің жарық сәулесі дүмшелердің кесірінен көмескі тартпаса екен дейміз. Діни фанатизм нанымның молдығынан емес, шынайы діни мәдениеттің кемдігінен шығады.

Қазақстанда дін өкілдерінің өзара құрметі мен түсіністігінің игі дәстүрі қалыптасты, ал бұл – ұлы игілік» - деп еліміздің бірлігі жолында діннің алатын орнын атап көрсетті.[2,185-186].

Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болып келген оның-ғажайып тілі. Кешегі қылышынан қан тамған кеңестік кезеңнің өзінде ана тіліміздің келешегі үшін аянбай басын бәйгеге тіккен абзал азаматтардың бірі Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов: «халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі оның - «Ана тілі»[3, 572] – деп, осындай құндылықты бағалауға шақырады.

Қазақстанда қазіргі таңда әлем қоғамдастығында жоғары баға алған, өзге елде баламасы жоқ, өзіндік этносаралық келісім моделі қалыптасқан. Оның нәтижесінде қазақтармен бірге татулықта 130 - дан астам этнос пен 40 - танастам конфессияның өкілдері тұрады. Өз кезегінде әр түрлі этностардың бірге ұзақ тұруы қоғамда толеранттылықтың тұрақты дәстүрлерін қалыптастырды. Этносаралық келісімді қамтамасыз ету үшін тиімді нормативтік-құқықтық және тұжырымдамалық негіздер жасалынды. Қазақстан Республикасының Конституциясы этностық, нәсілдік, діни және өзге тиістілігіне қарамастан барлық азаматтардың мүдделерін қорғауға кепіл береді. Негізгі заңның нормалары барлық этникалық топтардың арасында сенім мен өзара құрмет сезімін қалыптастыру үшін негізін салды. Қоғамдағы ұлтаралық келісім мен татулыққа ықпал негізгі факторлардың бірі – тіл жағдайы. Кез келген халықтың тілі – оның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, әдебиеті мен мәдениетін сақтауының негізгі болып табылады. Соған сәйкес біздің елімізде де тіл саясатына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп отыр. Тіл саясаты Қазақстандағы ұлт саясатының маңызды тармақтарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының бүгінгі таңда жүргізіп отырған тіл саясаты ең алдымен елдің әлеуметтік-саяси тұрақтылығына, қоғамдағы ұлтаралық, этносаралық келісімдерді нығайту бағытталған. Себебі, әр ұлттың тілі мен мәдениеті, даму жағдайлары белгілі бір мөлшерде халықтар арасындағы қарым-қатынастарға, байланыстарға да өзіндік әсерін тигізеді.

Бұл жөнінде елбасының «Тарих толқынында» атты еңбегінде: Күллі ұлттық мәдениеттердің кедергісіз өркендеп, кібірткісіз өмір сүруін қамтамасыз ететін арналы шарттардың бірі оларға құқықтық жағдай туғызу болып табылады. Низами мен Гете, Тоқай мен Шевченко, Руставели мен Науаи, Колас пен Айни біздің азаматтардың басым көпшілігі үшін аты мектеп әдебиетінен таныс есімдер ғана емес, жүрегінің бір бөлшегі де. Сондықтан да Қазақстанда ұлттар мәдениетіне ең бір аялы көзқарас қалыптасқан, - деді[1]. Басқа этностар үшін қолайлы жағдай жасаумен бірге қазақ халқының мәдени өзегін мақсатты түрде дамыту ұлттық саясаттың басты элементтерінің бірі болып табылады. Жаһандану заманында көп этностық мемлекеттерде ірі титулды этностардың аз санды топтарды ассимиляциялау арқылы жұту саясаты толастар емес. Өркениетті, дамыған мемлекеттерде аз санды халықтар қоғамның объективті талаптарына сәйкес, көп санды, басым ұлттың мәдениетін, тілін, дәстүрлерін еріксіз қабылдауға мәжбүр.

- Егер біз өзіміздің біртұтас тарихи тағдырымыз туралы, жаңадан қалыптасып жатқан геомәдени бағдар - межедегі белсенді рөлімізді айқындау жайында сөз қозғасақ, осынау әлемге неге жаңа мәдени - өркениеттің тұтас бір тұлғасы ретінде енбейміз? - деген сұрақ қоя отырып, елбасы Н.Ә. Назарбаев оған өзі былай деп жауап береді:

- Шынтуайтқа келгенде, таңдаудың екі жолы бар. Біріншісі – қатарласа өмір сүріп келе жатқан қазақтың ұлттық мәдениеті мен шашыраңқы диаспоралар мәдениетінің жиынтығын қалау.

- Екінші ұлттық мәдени жүйелердің пәтуа келісіміне арқа сүйейтін мәдениеттер шендесуі. Мұның діттеген мұраты жалпы Қазақстан мәдениетін өалыптастыру болмақ. Әрине, бұл арада өзге ұлыстардың өкілдері қазақ мәдениетін көз алдына айқын келтіріп, оны шындап игеруіне тура келеді. Кезінде қазақтардың өзі де орыс мәдениетін дәл сондай байыппен меңгеріп еді ғой [2,130].

«Рухани код - ұлттың жан дүниесі» деген мақаласында ф.ғ.д., профессор Амангелді Айталы: «Қуғы-сүргінге ұшыраған ұлт жалтақ, өзіне-өзі сенімсіз», дейді[4]. Отар да болдық, қуғын да, сүргін де, зобалаң да, ашаршылық пен нәубет те көрдік. Сенімнен айырылмадық. Болашақтан үміттіміз. Әркім өз еңбегіне қарай лайықты қажетін алатын, қабілетіне сай жоғары өрлеуге мүмкіндіктер беретін постиндустриалды қоғамда кез келген азаматқа этносына, жынысына, жасына қарамастан әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартып, тұрмыс деңгейін өсіруіне жағдай жасалады. Алайда постиндустриалды қоғамда ұлт тілін, төл мәдениет пен өнерді сақтау аса қиын болмақ. Осы тұста Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселелер дер кезінде көтерілгендігін тағы да мойындаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Амангелді Айталы. «Рухани код - ұлттың ішкі жан дүниесі» /Егемен Қазақстан» 2017 жыл 6 қараша

2.Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999–296 бет, 28 б.

3.Мүсірепов Ғ. Таңдамалы, II том, «Жазушы». Алматы-1980-576 бет, 572б

4.Амангелді Айталы. Рухани код-ұлттың ішкі жан дүниесі./ Егемен Қазақстан. 2017 жыл, 6 қараша.

УДК 371.321

ДИАГНОСТИКА УЧЕБНЫХ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ В СИСТЕМЕ ЦЕЛОСТНОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА В 12-ЛЕТНЕЙ ШКОЛЕ

Махметова С.Д.
Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им.Ш.Есенова, Казахстан

Модернизация образования, в т.ч. переход на 12-летнее образование предполагает существенное обновление целей, структуры, содержания, методов и средств обучения, форм организации учебного процесса, которое невозможно решить без активного участия педагогов, родителей, руководителей различных уровней систем образования, т.е. всей педагогической общественности. Этот процесс – не одномоментный акт, а долгая кропотливая работа всех нас, причем, не только учителей, но и заинтересованных структур. А если говорить о результатах, разработчики идеи модернизации, определяя миссию и цели образования, предусмотрели и тактические шаги. В соответствии с этим при творческом и ответственном отношении к данному делу каждого педагога, управленца, своевременном анализе и корректировке собственной деятельности, мы должны прийти к хорошим достижениям. Но вместе с тем каждый учитель, каждый руководитель школы, каждый родитель и даже ученик должен представлять себе будущую школу, осознать свое место в ее созидании. И тогда мы сможем построить такую школу, которая бы гарантировала право детей на выбор индивидуальных образовательных маршрутов, формирование у них необходимых в жизни способов и технологий деятельности, соответствовала возрастным и личностным особенностям, социальным притязаниям. Мы живем в эпоху революции средств коммуникации, которая меняет образ жизни, общения и мышления, а также методы достижения благосостояния.

Мир современных детей не похож на мир предыдущих поколений, будущее во многом будет зависеть от их способности понимать и воспринимать новые концепции, делать правильный выбор, а также учиться и уметь адаптироваться к изменяющимся условиям в течение всей своей жизни.

В этой связи на первый план выходят определенные требования к такой личности:

- креативность, активность, социальная ответственность, обладание хорошо развитым интеллектом, высокообразованность, профессиональная грамотность.

Система образования в любой стране призвана способствовать реализации основных задач социально-экономического и культурного развития общества. Школа как базовое звено образования играет значительную роль в развитии ребенка. Особенность 12-летней школы определяется тем, чтобы именно здесь сложится психологически необходимый институт, где он мог бы разносторонне развиваться, учился бы открыто выражать свои чувства и мысли, реализовывать творческий потенциал, заложенный в каждом человеке от природы, быть подготовленным к осознанному самоопределению и активному участию в разных сферах экономической, культурной, политической жизни общества.

Диагностика учебных знаний учащихся в системе целостного педагогического процесса в 12-летней школе - это совокупность приёмов контроля и оценки, направленных на решение задач оптимизации учебного процесса, дифференциации учащихся, а также совершенствования

образовательных программ и методов педагогического воздействия. Педагогическая диагностика - неотъемлемый компонент педагогической деятельности, т.к. осуществление процессов обучения и воспитания требует оценки, анализа и учёта результатов этих процессов. В современной педагогической практике контроль и оценивание достижений учащихся осуществляются несколько односторонне, т.е. достижения оцениваются только по конечному результату, а точнее по соответствию результатов деятельности учащегося по овладению определенной суммой знаний, умений и навыков учебной деятельности существующему стандарту. Собственно деятельность учащегося, его энергетические затраты, уровень его собственного развития, его усилия, характер его личностных приобретений остаются неоцененными. Следует обратить внимание на исследования Б.Т.Лихачёва, который выделяет также в качестве отдельного компонента образовательного процесса педагогическую диагностику. Он указывает, что "образовательный процесс всегда строился как целесообразная, управляемая система отношений, взаимодействий взрослых и детей, передачи и усвоения знаний, умений и навыков. Эта система способна функционировать эффективно при условии регулярного обмена информацией. Прямая информация поступает от педагога детям, а обратная информация - о степени усвоения знаний, умений и навыков - от детей к педагогу. Эта обратная информация может быть получена с помощью педагогической диагностики. Используя педагогическую диагностику и получая данные об уровне развития детей, педагог может внести коррективы, изменить, дополнить педагогический процесс недостающим элементом".

В настоящее время становится актуальной проблема педагогической диагностики. Проблемам организации системы педагогической диагностики в последние годы неоднократно посвящались исследования ученых. Теоретически обоснованы и апробированы следующие модели:

-педагогическая диагностика образования школьников; диагностика начального уровня обученности студентов на основе гетерогенных тестов;

- диагностико-информационное и компьютерное обеспечение непрерывного повышения квалификации педагогов села; система педагогической диагностики в высшем военном училище и др.;система педагогической диагностики в процессе профессиональной подготовки в высших учебных заведениях; диагностики в воспитательном процессе; подготовки будущих учителей к педагогическому диагностированию.

Несмотря на всю значимость научных исследований по вопросам диагностики, касающихся разработки ее основных целей и задач в психолого-педагогической науке, принципов, методов исследования основных этапов диагностики, назначения диагностической функции в педагогическом процессе, определения ее объектов и предметов, разработки и апробации комплекса различных вариативных методик, многие ее положения изучены недостаточно на сегодняшний день и затрагивают лишь одну сторону образовательного процесса - дидактическую. В настоящее время в диагностику вкладывается несколько иной смысл, заключающийся в определении не только результативных, но и процессуальных показателей развития личности, исследовании всего спектра факторов и условий, оказывающих влияние на обучение, воспитание и развитие школьника, тесно связанных с его субъектным опытом. Уделяется большое внимание вариативности диагностических процедур. Таким образом, она должна носить комплексный характер и способствовать реализации личностно-ориентированного подхода в образовательном процессе. Необходимо разработать диагностический инструментарий, который был бы доступен и понятен для участников образовательного процесса, организовать мероприятия по подготовке педагогов к диагностической работе в учреждениях образования, дать представление о степени значимости данной работы для всех участников образовательной среды, в спектре факторов и условий, влияющих на осуществление образовательного процесса (семья, школа, среда, средства массовой информации).

Анализ результатов комплексного изучения ребенка позволяет вносить коррекцию в обучение и воспитание учащихся, сделать данный процесс личностно ориентированным, организовать его на основе учета детских интересов и потребностей, имеющихся у школьников возможностей и уровня усвоения знаний, формирования умений и навыков. Рассматривая полученные в ходе исследования результаты, педагоги могут определить индивидуальную

траекторию развития ребенка, осуществить профессиональную ориентацию школьников. Несмотря на преимущества личностно-ориентированного обучения и воспитания, многие из школ работают в рамках традиционной системы образования, не уделяя достаточного внимания комплексному изучению личности учащихся и построению учебно-воспитательной работы с ними на основе анализа полученных данных. Это расходится с требованиями, которые предъявляет современное общество вступающим в жизнь молодым людям. В концепции модернизации казахстанского образования предполагается, что 12-летняя общеобразовательная школа должна работать не только на усвоение обучающимися определенной суммы знаний, но и на развитие его личности, познавательных и созидательных способностей. Образовательное учреждение должно формировать знания, умения и навыки, позволяющие человеку адаптироваться в обществе, а также опыт самостоятельной деятельности и личной ответственности, то есть те ключевые компетенции, которые определяют современное качество содержания образования. Это возможно только при личностно ориентированном подходе к участникам образовательного процесса, при внедрении в него вариативных образовательных технологий, форм, методов обучения, воспитания и развития школьников, на основе данных комплексной диагностики личности каждого школьника.

При этом существует реальное противоречие, проявляющееся в том, что, с одной стороны, педагогическая общественность признает и понимает необходимость реализации личностно-ориентированного педагогического процесса на основе результатов комплексной диагностики, а с другой стороны, в практике преобладает привычный и традиционный подход с ориентацией на «среднего» несуществующего ученика, от которого большинство педагогов не могут и не хотят отказываться. Для разрешения вышеуказанного противоречия, необходимо найти ответ на вопрос: каковы условия эффективности реализации на практике личностно-ориентированного подхода в образовательном процессе в условиях школы?

Одним из путей ее решения может быть комплексная диагностика в педагогическом процессе, позволяющая выявить элементы субъектного опыта участников образовательной среды, найти сферу приложения их интересов, реализации их возможностей, что является важной составной частью принципов личностно-ориентированного подхода и его реализации в процессе деятельности учителя.

Многие исследователи (П.Е.Решетников, А.Н.Майоров, С.Е.Шишов) указывают на то, что вопрос оценки и отслеживания изменений, происходящих в образовательном процессе - один из самых сложных в практической и экспериментальной деятельности. Сложность этой проблемы, как отмечает Решетников П.Е., «обусловлена отсутствием научных разработок по данной проблеме, неопределенностью критериев эффективности инноваций, многогранностью и многоаспектностью педагогической деятельности». Не следует забывать также о возможном нарушении объективности оценки, которое можно представить в виде следующих действий:сравнивание обучаемых с разной степенью одаренности; при выявлении эффективности технологий не учитываются изменения в личностном развитии обучаемых; сравнение отдельных фактов, достижений в экспериментальных и обычных группах, а не статистических данных, массовых явлений; неадекватность сравнительной оценки результатов образовательной деятельности вследствие различных информационных потоков обучающихся.

Как правило, объектами диагностики в системе целостного педагогического процесса выступают как отдельные подсистемы образования, так и различные процессы, уровни образования, управления, отдельные аспекты деятельности, знания и т.д. Так, например, можно говорить о различных видах образовательной диагностики: диагностики педагогической и психологической; диагностики качества подготовки учащихся; диагностики государственной, региональной, локальной; диагностики учебно-материальной базы школы; диагностики качества подготовки педагогических кадров; диагностики образовательного процесса; диагностики качества образования.

Нетрудно заметить, что результативность исследований в области диагностики зависит от ряда характерных признаков педагогического процесса, под которым Хмель Н.Д. понимает «совместную деятельность учащихся, направленную на усвоение богатства культуры и подготовки к труду и общественной жизни, происходящую при участии и руководстве

педагогов». При этом исследователь подчеркивает интегративность качества педагогического процесса, по существу предопределяющую условия функционирования системы. Характерными признаками целостного педагогического процесса также являются:

- социальная природа педагогического процесса, существующая за счет взаимодействия людей;
- педагогический процесс - многоуровневое и полиструктурное явление;
- система способна функционировать только при обмене деятельностью;
- объектом управления педагога является деятельность учащихся;
- деятельность со всеми ее элементами является компонентом системы.

Как видим, деятельностная природа педагогического процесса, направляет в нем развитие многочисленных структур, которые могут и должны поддаваться системе управления и контроля. В этом случае, диагностика качества образования, обучения является, на мой взгляд, важнейшим условием повышения эффективности управления системой образования, совершенствования процессов обучения. В качестве подтверждения можно привести высказывание автора известной концепции «постоянного улучшения качества» Эдвардса Деминга, который считал, что только 15% отклонений в качестве зависит от непосредственных исполнителей, а 85% дефектов определяется недостатками управления.

Низкая удовлетворенность качеством общего образования и сознание насущной необходимости коренных преобразований в средней школе обусловили массовый характер инновационных процессов в современной школе. До 90 % школ, по данным социологических исследований, охвачено поиском новых подходов, средств и форм образовательной деятельности. Происходит переосмысление содержания, целей и задач образования, поиск новых образовательных парадигм и технологий, создание многоукладного образовательного пространства, демократизация, гуманизация образовательного процесса, предполагающие избавление от монополий государственного образования, автономию образовательных учреждений; идет процесс гуманизации и гуманитаризации разработки новых моделей школ, нового содержания образования и, что наиболее актуально, - начался переход от допрофессиональной эпохи к эпохе профессионализации и становления культуры управления. Это естественно, ибо школа представляет собой сложную систему, состоящую из многих звеньев, поэтому модернизация и дифференциация школы требует и новых управленческих подходов, поисков новых моделей и принципов управления в современной школе. Процесс управления обладает рядом признаков:

- совокупность элементов (частей) - полиструктурность; при этом заметим, что элемент в процессе управления выполняет только одну, присущую ему роль; связи и отношения между элементами: взаимообусловленность и взаимозависимость, что определяется структурным построением процесса управления; интегрированное качество процесса управления системы: обладает свойствами, которые не имеет отдельно взятый элемент;
- открытость, взаимодействие с другими составными звеньями процесса управления (среда, другие образовательные системы, учреждения культуры и т.д.) цель процесса управления и всех его элементов связана с его целью. Как замечал Тейлор, отец научного управления, «искусство научного управления - это эволюция, а не изобретение»; мысль, очевидным рациональным зерном которой является понимание того, что система управления не задается, а развивается вместе с развитием системы, т.е. эволюционирует вместе с ней, рождаясь из нее самой, и не может быть создана искусственно, а закономерно вытекает из целей и задач системы как необходимый компонент (центральный, важнейший) нормального функционирования и развития системы.

Современная школа становится все более сложной системой, ей приходится действовать в развивающемся мире, предъявляющем к ней все возрастающие требования: изменение жизни требует и изменения образования, так как оно одно занимается «изготовлением» самого важного для жизни общества и нормального функционирования социума «продукта» - человека; каким будет человек, таким будет и общество. Вне и внутри школы появляются педагогические, управленческие новшества, создающие возможности для качественных изменений в способах и результатах ее работы. Все это приводит к усложнению задач управления в школе и порождает потребность в новых, научно-обоснованных способах их решения.

ЛИТЕРАТУРА

1.Берцфаи Л.В., Захарова А.В. Оценка учащимися процесса и результатов решения различных задач // Вопр. психол. 2013.

2.Захарова А.А. Функция контрольно-оценочных действий в структуре учебной деятельности // Психологические проблемы процесса обучения младших школьников. М., 2008.

3.Шишов С.Е., Кальней В.А. Школа: мониторинг качества образования, М., Педагогическое общество России, 2012.

ӘОЖ 371.39(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Ансатова М.Н.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Ұлттық тәрбиенің өзегі - отансүйгіштік пен ұлтжандылық болып табылады. Ұлттық патриотизм мен ұлтжандылыққа тәрбиелеу, оны қалыптастыру біздің егеменді мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінің, көсегесі көркеюінің басты шарты, себебі ұлттық мемлекетіміз, оның халқының көпшілігі өз ұлтымыз. Жаһандану қармағына ілінген сайын тарихи санамызды күшейту үшін, өзіміздің, ұрпағымыздың болашағы үшін өткеннің рухани қазынасына терең бойлайтынымыз да ақиқат.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, ұлттық тәрбие, отансүйгіштік, ұлттық сана, мәдениет.

Кемеңгер ата-бабамыз « Мың жылдығыңды ойласаң, ұрпақ тәрбиеле» деп ұлағатты да маңызды өсиет қалдырса, ХХ ғасырдың заңғар жазушысы М.Әуезовтың «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген кемел ойынан адам өміріндегі ең ұлық, ең мағыналы іс ұрпақ тәрбиесі екені аңғарылады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақ деген қасиетті халыққа тән ұлттық үрдісті ұлықтау қажеттілігін « Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: « Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» , деп көрегенділікпен дәл айта білген[1] . Әлемдік үрдістен оқшау өмір сүре алмағандықтан, өзгеріп жатқан дүниеге орай, жан-жақты болу- уақыт талабы. Ұрпақтарымызды дәстүрлі құндылықтармен сусындатып, өркениет көшінен қалдырмай, бүгінгі бәсекелі кезеңнің талаптарына сай тәрбиелеу үшін сананың саралығы қажет. Ел мен ұлтқа, қоғам мен отбасына тұлға болатын қайраткерлерді қалыптастыру-ұлттық жаңашыл тәрбиемен, ізденімпаз еңбекқорлықпен, өлшеусіз тер төгумен келетін жеңіс. Сондықтан жас ұрпаққа білім ғана емес , сапалы тәрбие беруге ден қойып, жанқиярлықпен күресу- әрбір азаматтың парызы.

Мемлекет басшысы: « Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі- ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі-алға басу үшін ұлттық дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деп ұлттық санамызды қайта жаңғыртып қазақтың тағдырын алдыңғы орынға шығарып, кезек күттірмейтін, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға үндейді.

Ұлттық тәрбие-жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің қайнар көзі, рухани мұрасы. Еліміз тәуелсіздік алғалы қол артқан қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жетістік пен мемлекеттілікті баянды етпекке , әрі келешектегі ел тұтқасы жастардың санасын дамыту үшін тек материалдық игілікті ғана мақсат ету жеткіліксіз. Олардың бойына ата-баба дәстүрі мен өз халқының тарихын қастерлеуге, ең бастысы ,отансүйгіштікті нығайту үшін ұлтының рухани-мәдени құндылықтарын сіңіру қажет. Мұстафа Шоқайдың « Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» [1,252 б], - деген түйінді ой-пікірі ұлттық рухани –адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген адам ғана қандай да келеңсіз іс—әрекеттерден аулақ жүретініне себеп болатыны мәлім деген ойды

білдіреді. Халқымыздың сан ғасырлық тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған ұлттық тәрбиеге қатысты тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мол.

Берік сақталып және ұрпақтан- ұрпаққа мұра болған салт-дәстүр ұлттық тәрбиенің негізгі идеясы . Ата-бабалар жолы, олардың өмірлік, жасампаз еңбек тәжірибесі жастар тәрбиесіндегі негізгі компонент ретінде саналады. Демек, қоғамдағы тәрбие мен білім беру ұлттық тәрбиесіз тиімді қызмет атқара алмайды. Ұлттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасы негізінде қарастыру тиімді.[3,84-89бб] Қай заманда болмасын заманына қарай жеке тұлғаның болмысын қалыптастыру туралы ойлар мен пікірлер көпшілікті толғандырып келген. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы кемелділік, мінсіз адам бейнесі тәрбиенің ең жоғары көрсеткіші ретінде қабылданып , қоғамда жоғары жауапты міндеттерді атқаруға лайық деп танылған.

Қазақ халқы үшін қашанда адамның адамгершілігі, ар-намысы, денсаулығы, достық, еңбек, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуі ізгі құндылықтар болып табылған. Заманауи жағдайда халықтық өсиетті қоғамда және ғылымда қолдану-рухани адамгершілікті, азаматтық-отансүйгіш тұлғаны, олардың тұлғааралық және ұлтааралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру шарттарының бірі болып табылады.

Дәстүр-белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы. Халықтық дәстүрді зерттеу тәжірбиесі көрсеткендей, оның дәлелдеусіз қабылданатын негізгі пікірлері, яғни, жорамалдары, бұрын да және бүгін де тәрбиенің тиімді құралы болып табылады, сонымен бірге, өскелең ұрпақты қоғамдағы өмірге, еңбек әрекетіне, өзінің өмірлік ұстанымына ғана емес, Қазақстанның басқа да халықтарына түсіністікпен толерантты тұрғыда қарауға дайындауда маңызды рөл атқарады.

Ұлттық тәрбиенің бағыттары мен әдістері саналуан. Оның басты тармақтары отбасы мен мектептен нәр алады. Мәселен, ізгілікті тәрбие тал бесіктен басталып адам ғұмырын түгел қамтиды. Отбасының күнделікті тәжірбиесі, тәлім-тәрбиесі, үй шаруасы, балаға тиісті ықпал етеді. Бұл процесстерді толықтыратын мектептің оқу тәрбие жұмысы. Қазір жалпы білім беретін мекемелерде этнопедагогикалық бағдарламаларға сәйкес ұлттық ұстанымдар (отаншылдық, еңбексүйгіштік, тән саулығы, парасат, патриотизм, өнер мен ғылым, табиғатты аялау және т.б.) басшылыққа алынуда.

Ұлттық тәрбиенің бағыттары сан қырлы әрі өте күрделі ерекше құбылыс. Мұнда арасалмағы байқалмайтын немесе ескерусіз мәселелер болуы тәрбиенің тиімділігіне кері ықпал жасайды. Осыған орай жауапкершілік жоғары болғаны абзал. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық мазмұнмен сабақтаса отырып ұлттық психологияның элементтеріне сүйенеді. Отан сүю, қонақжайлық, адамгершілік пен имандылық, ұлттық мүдде мен намыс, ұлттық сезім және т.б. рухтық құрылымдар өзінің қалыптасуы мен жетілуінде халқымыздың төл зердесінен іргетас қалану қажет. Сонда ғана орнықты ұлттық тәрбие жүзеге асады. [4,180 б],

Дәстүрге адал, парыз бен қарыздың салмағын, құндылықтардың қадірін білетін жасампаз ұрпақ тәрбиелеу- халқымыздың келешегіне қызмет ету деген сөз. «Өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті - осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі» - деген Елбасы өзгеге көзсіз елдіктеуді емес өзгелердің ең озық жетістіктерін бойға сіңіру қажеттілігін айта отырып, санамызды жаңғыртып , уақыт көшінен қалып кетпеуді ұсынады.[5]

Ұлттық тәрбиенің өзегі - отансүйгіштік пен ұлтжандылық болып табылады. Ұлттық патриотизм мен ұлтжандылыққа тәрбиелеу, оны қалыптастыру біздің егеменді мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінің, көсегесі көркеюінің басты шарты, себебі ұлттық мемлекетіміз, оның халқының көпшілігі өз ұлтымыз. Президент Н. Назарбаев қолға алуды ұсынған « Туған жер» бағдарламасы» патриотизмді қалыптастыруға бағытталған. « Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқытуда көрінісін тапса игі деген» Елбасы сөзі туған жер тарихын білу ұлт тарихын білудің бастауы екенін түсіндіреді. «Туған жер» бағдарламасының жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынын айтады. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Жаһандану қармағына ілінген сайын тарихи санамызды күшейту үшін, өзіміздің, ұрпағымыздың болашағы үшін өткеннің рухани қазынасына терең бойлайтынымыз да ақиқат. Әріден алғанда, хан, батыр, би, шешен, ақын, жырау, беріден қайырғанда Абай, Шәкәрім, Ахмет, Әлихан, Міржақып, Жүсіпбек және өзге де ұлтын сүйген зиялылардың рухани қазынасы-рухани жаңғырудың алтын қазығы. Ең бастысы, ешкімге ұқсамайтын рухани сүрлеуіміз бар. Мақсат-сол қазынамызды түрлі деңгейдегі білім беру орындарында білім алып жүрген жастар бойына сіңіру.

Әсіресе, мектеп қабырғасында алған білім адамның тұлғаға айналу процесінде негізгі рөл атқарады. Рухани тамырларымызды жастар бойына сіңіру арқылы рухани жаңғыру өміршең болмақ. Адам мәңгілік болмағанымен , әлеуметтік іс пен әлеуметтік тәжірибе ғасырлардан ғасырларға жалғасын тауып, мәңгілік жоғалмайтын рухани құндылыққа айналатындығы ақиқат.

Ақиқатына келгенде, қазақтың төл тарихы ауызша тарихтың өне бойында жатыр. Ал, қазақ тарихының ерекшелігі тарихта ғылымының ұрпақтан-ұрпаққа ауызша берілуімен сипатталады. Сол ауызша тарихымызды білетіндер де азайып бара жатыр. Тарихымызды түгелдей қағаз бетіне түсіріп, толыққанды зерттеу рухани жаңғырудың тура жолы болып табылмақшы.

Ұлттың мәдени мұрасы-ұлт рухының көрінісі. Ұлт мәдениетінің қалыптасу, даму дәрежесіне қарай ұлттың қауіпсіздігі де қорғалмақ. Мәдениет дегеніміз, адамның ақылымен, қолмен жасалған құндылықтардың жиынтығы ғана емес, әрбір адамның, ұлттың есеюі, жетілуі, кемелденуі, жасампаздық істің, танымдық қабілеттің ашылып, жүзеге асуы. Мәдениет-тарих өрісі, яғни адам ақыл-ойының жемісі.Мәдениет адамдық негізі, адамдықтың субстанциясы, тұлғалану негізі. [6,78 б].Өйткені, тарихтың қозғаушы күші-тұлғалық іс. Сондықтанда, сөз бен істің жарастығы тұлға мен қоғамның үйлесімді тіршілігі мәдениет ошағы болмақ.Тарихтың мәнін түсіну үшін алдымен адам болмысын зерделеуіміз шарт деген түсінікті де жиі кездестіреміз

Ұлт ісі қоғам өмірінде кісілік келбеттің қалыптасып, терең тамыр жаюына қатысты дамымақшы. Сондықтан, рухани жетілген жан ғана рухани құндылықтардың мәнін түсініп, оны қорғаушы ғана емес, кейінгі ұрпаққа жеткізуші қызметті атқарып, Отан алдындағы азаматтық борышын, ұлт алдындағы адамдық парызын адал орындайды. Сөйтіп, өзін өзгелерге қадірлете біледі. Рухани құндылықтар тарих өрісінде тұнып тұр. Сондықтан да, тарихи сана-тұлғаны қалыптастырудың негізі десек, қателеспейміз.

Тарих өрісінен ұлттық болмысымыздың рухани негізіне айналған ұлттық сана құбылыстарын зерделеу қиын емес. Қазақ ұлтының ұлттық санасының тарих өрісіндегі құбылысы елдік, бірлік, ар-намыс, батырлық, ержүректілік, тектілік, кісілік, имандылық, адалдық, тазалық,намысшылдық, қамқорлық және ұлттық қасиетке терең болу. Қазақ қоғамының тарихи кеңістігінде ел болмысының рухани негіздеріне айналған ұлттық сана құбылыстары ең алдымен жеке адамның ерік-жігерін қалыптастырып отырған. Табиғатпен етене араласқан қазақ халқы рухани өмірде елдікті, ұрпақтың ауызбіршілігін сақтайтын сапа-қасиеттерді қалыптастырып, кейінгі буынға жеткізуді мақсат еткен. Сезімталдықтың, дарындылықтың, даналықты қадірлеудің, зиялылардың жауапкершілігінің арқасында қазақ ұлты тарихи өмірдің күрделі оқиғаларына парасаттылық танытып, тазалығын сақтап әрі рухын қорғап өмір сүру қазақ баласының ұлттық санасына айналған ұғым.

Ұлттық сана ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан-ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие арқылы беріліп отырады. Ұлттық сананы ұлт руханиятының өзегі дейтін себебіміз, тарихта қазақты ұлт ретінде сақтап қалған дүние ұлттық сана, ұлттық сананың рухы. Ұлттық сана ұлттың рухани әлемінде сақталып, ұрпаққа рухани дүниелер арқылы беріліп отырғандықтан да тарихтың қиын кезеңдерінің өзінде елдің бірлігі жоғалмаған.

Қорыта айтқанда,қайсар бабаларымыздың ғасырлар бойғы күресімен келген еліміздің басты құндылығы тәуелсіздікті баянды ету, ұрпағымыздың санасына рухани құндылықтардың баға жетпес қасиетін сіңіру- ұлттық тәрбиенің басты мақсаты .

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаладағы «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деген риясыз ықыласын жастарға түсіндіріп, өскелең ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды терең сіңіруге әрқайсысымыз ат салысуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.// Егеменді Қазақстан, 2017 . 12 сәуір.
2. Шоқай М. Таңдамалы, Алматы: т.2. 1998, 520 б.
3. Ұзақбаева С. А. Тәрбиенің қайнар көзі-халықтық педагогика жайлы // Қазақстан жоғары мектебі. – 1996, №1, 84-89 б.
4. Елікбаев Н. Дәуір тынысы: қазақ ұлтының психологиясы. – Қарағанды, 2000, 180 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.// Айқын , 2017 . 12 сәуір
6. Мәдениет-ұлттың болмысы. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 1998, 78 б.

ӘОЖ 159.973

АУТИСТ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада аутист балалардың психологиялық ерекшеліктері, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу проблемалары, аутизм классификацияларына сипаттама беріліп, олармен жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстар, әдіс-тәсілдер туралы сөз болады. Сонымен қатар, аутизм проблемесы туралы отандық және шетелдік тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасалады.

Түйінді сөздер: аутизм, аутист, бейімдеу, психокоррекция, арттерапия, иппотерапия, дельфин терапиясы, пет-терапия, канистерапия, Каннер синдромы, аутизм классификациясы, ақпараттық технологиялар.

Қазақстанда да аутизммен ауыратын балалар жиі кездеседі. 2002 жылғы мәліметтер бойынша олардың саны 93 болса, 2009 жылы ол 326 -ға жетті. Психологиялық- медициналық-педагогикалық консультациялардың статистикалық мәліметтері бойынша Каннер синдромы бар балаларды жынысына қарай бөлгенде, ұл балалар қыз балаларға қарағанда 3-4 есе көп болып отыр.

Аутизм - (гр. *autos* - өзім) - адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Бұл терминді 1912 жылы Э. Блэхер адамның ішкі эмоциялық кажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген [1]. Аутист балалардың көріп есте сақтау қабілеттері жоғары болады. Сондықтан бұл балаларға көбінесе глобальды оқыту әдістемесі көптеген жетстіктермен қолданылып келеді. Математика және музыкадан дарынды, бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Көптеген белгілі тұлғалар жас кездерінде аутизм синдромына шалдыққан. Бірақ бұл дерт олардың өз армандарын жүзеге асыруларына кедергі жасамады. Алайда, бұл қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Сол себепті, аутизм синдромы бар балалар арнайы интернаттарда емес, отбасы жағдайында тәрбиеленулері керек. Аутизм синдромы – баланың ерте жас кезеңіндегі дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік қоршаған ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді.

Педагогтар мен психологтардың аутист балалармен жұмыс жүргізулерінің мамандандырылған біліктіліктері болмағандықтан, олар аутист балаларда арнайы білім беру ұйымдарында оқытудан бас тартады. Көптеген аутист балалар үйде оқытылылады, ал бұл оларды құрдастарынан және әдеттегі қалыпты өмірден оқшаулайды.

1943 жылы доктор Л.Каннер алғаш рет бала аутизмін психикалық дамудың жеке бұзылысы ретінде ерекшеленеді. Ол бала дамуындағы ауытқушылықтың ерекше түрін сипаттап, оны ерте жастағы бала аутизмі деп аталды. Қазір оны *Каннер синдромы* деп те атаймыз. Бала аутизмін айналасындағы адамдармен эмоциялық қарым-қатынасты орнатудағы үлкен қиындықтардан, тәртіптің қайталанатын, біртекті түрлерін үнемі қайталай беруге талпынуынан,

белгілі бір объектілермен іс-әрекеттерге қатты берілуінен, сөйлеу тілін меңгеру мүмкіндігінің сақталғанымен, сөйлеу тілінің болмауы (мутизм) немесе сөйлеу тілінің адамдармен қатынаста пайдаланбауынан, басқа салаларда танымдық қабілеттерінің жақсы болуынан байқаймыз.

Л.Каннер бұл бұзылыстар ерте жастан екі жарым жасқа дейін байқалады деп есептеді, бұл кейіннен аутизмнің балалардың психикалық дамуының туа біткен және ерекше бұзылыстары деп айтуға мүмкіндік туғызды [2].

Бала аутизмі – бұл сан қырлы бұзылыстарға жататын, психологиялық дамудың өзіндік бұзылысы. Аутизмдегі әр түрлі ауытқушылықтардың арасынан бала аутизмі синдромының негізгі және міндетті үш белгісін ерекшелейді:

1. Қарым-қатынастың сапалы бұзылыстары;
2. Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің сапалы бұзылуы;
3. Тәртіптің стереотиптік түрлері.

Сәби жастағы немесе ерте жастағы бұзылыстарда биологиялық шығу тегіне және психикалық бұзылыстарға тән ремиссиясыз және асқынусыз тұрақты ағымы көрсетіледі. Бала аутизмі психиканың барлық жақтарындағы: танымдық және эмоциялық аймақтағы, сенсорлық және моторлық дамудағы, сондай-ақ жоғары психикалық қызметтердің, еркін тәртіптің, сананың және тұлғалық қалыптасуындағы бұзылыстарда байқалады дизонтогенезді білдіреді.

Балалардағы аутизм бұрмаланған (асинхрондық) даму ретінде сипатталады, бұнда психикалық дамудың жеке жақтарының бірі уақытында, екіншісі алға кетіп, ал үшіншісі дөрекі тежеліспен даму мумкін, сонымен бірге олардың дамуы қалыптыларға да, тежелген онтогенезге де дәл келмейді.

Аутизмнің этиологиясы(туындаудың себептері) мен патогенезі.

Бала аутизмін қазіргі кезде зерттеу бала аутизмінің туындауының көптеген себептері мен оның әр түрлі патологиялыр аясында пайда болу дәлелдейді. Аутистік бұзылыстар әр түрлі туындаудың себептерінен болуы мүмкін [4].

1. Эндогендік-тұқым қуалаушылық.
2. Хромосомдық абберрация және зат алмасудың туа біткен аурулары.
3. Экзогенді- органикалық этиологиясы орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдалуы.

О.С.Никольскаяның бала аутизмін негізгі топтарға жіктейтін психологиялық классификациясын ұсынамыз [3].

1-топ. Сыртқы дүниемен қатынастан толық бас тарту. Бұл топ балаларында жайсыздық пен белсенділіктің бұзылуы ерте жастан байқалады, бала кейіннен бұдан өзі үшін ең тиімді қорғаныс тәсілінің көмегімен өтеді (сыртқы дүниемен қатынастан толық бас тарту). Мұндай балалар өз есімін айтқанда бұрылмайды, басқалардың өтінішіне жауап бермейді, сонымен бірге өздері де ештеңе сұрамайды. Балаларда сөйлеу тілі болмайды, алайда олардың кейбіреулері кейде коммуникативті бағытталмаған жеке сөздерді немесе тіптен сөз тіркестерін де айтулары мүмкін. Балалар қоршаған ортамен қатынас үшін сөйлеу тілін, мимикамен ишаратты пайдаланбайды, жақын адамдарына деген бауыр басушылықты білдірмейді. Қоршағандарға енжарлық білдіре отырып, олар тактильді қатынасқа қарсылық білдірмейді, ол өзін тамақтандыруға, киіндіруге және басқа да іс-әрекеттерге енжар қатысады. Оларда, ереже бойынша мақсатты түрде бағытталған тәртіп қалыптаспайды, керісінше алаңдық бір объектіден екінші объектіге ауысуы, заттарға қол тигізу, оларды қолдарында ұстау, бір затқа өрмелеу, шеңбер бойымен жүгіру, объектілерді ұзақ уақыт енжар бақылау байқалады. Бұл аутизмнің ең терең түрі.

2-топ. Бұл топтың балалары ортамен қатынаста белсенділеу, тез ренжімейді, қоршаған ортамен таңдап қатынасқа түсе алады, бірақ оларға қоршаған әлемді тануға деген ұмтылыс пен қызығушылыққа қарағанда оны қабылдамау тән болады.Балалар қорғаныс тәсілі ретінде жайсыздық пен қорқыныш тудыратындардың бәрінен белсенді түрде бас тартуды пайдаланады. Бұл топ балаларда қолдарын сермеу, қол бастарын айналдыру, секіру, таяқшаларды және жіптерді сілкілеу сияқты қимыл-қозғалыс стереотиптері байқалады. Олар өзінің қажеттілігін білдіру үшін сөйлеу тілін пайдалана алады, бірақ олардың сөйлеу тілінің дамуы ерекше. Сондықтан қоршаған ортамен қатынас баланың бекіткен және бұлжытпай орындайтын тәртібі бойынша ғана жүреді. Мұндай балалар үшін қалыптасқан өмірлік стереотиптерді, белгілі бір әдеттерді қатал сақтау өте

маңызды.Олар таныс еместердің барлығын жаратпайды. Ұнату оларда өте тар және қатал қалыптасады, баланың тәртібін қалыптасқан әдеттің аясынан шығаруға ұмтылу, балада қарама-қарсылық реакциясын тудырады(айқайлау, жылау, агрессия). Бұл топ балалары анасынан бир минут та ажырамайды себебі қатты қорқыныштарға беріліп кетеді.

3-топ: Балалар қатынасқа оның ішінде сөйлеу тілдік қатынасқа түсе және оны қолдай алады, бірақ оны орнату айрықша жан-жалдықпен ерекшеленеді. Олар қырсық, қыңыр болып, басқалардың пікірлерін есепке алмай, сөйлесіп тұрған адамның сөзіне және одан алған әсеріне мән бермей барлық жерде өздерінің айтқандарын істеткілері келеді.Олар үшін басқа адамдардың сезімін түсіну олардың басқалардың ісіне жауап беру, жол беріп, жаны ашу қиындық туғызады.

Бұл балалардың жоғарыдағы топтармен салыстырғандағы психикалық белсенділігінің жоғары болғандарына қарамастан, оларда басқа аутистер сияқты өте сезімтал, тез ренжігіш болып келеді.Олар жайсыздық пен қорқынышты жеңу үшін аутистік қызығушылықтары басым болып келетін психологиялық қорғаныш тәсілін пайдаланады. Балалар қандай да бір интеллектуалды түрдегі сабақтармен және қызығушылықтармен айлап айналысуы мүмкін.

Бұл топ балалары іс-әрекеттерін жоспарға сәйкес қатал дәйектілікпен орындауға тырысады; егер оны іс жүзіне асыру бұрмаланса, онда ол тәртіптің бұзылуына : қырсықтыққа, агрессияға, керісінше істеуге ұмтылуға әкеліп соқтырады.

*4-топ.*Бұл балалардағы аутизм қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікті ұйымдастырудағы қиындық ретінде жеңіл түрде байқалады. Осы топ балалары үшін тәртіп пен қызметтің стереотиптік формаларына ұмтылу тән. Әдеттегі стереотиптің сәл болса да өзгерген кезінде оларда бірден қорқыныш пен ыңғайсыздықтың жоғарлауы байқалады. Қимыл-қозғалыстыңтежелулігі мен сенімсіздігі тән. Оларда жиі жағдайда психикалық және сөйлеу тіл дамуының тежелуі байқалады. Бұл балалар жоғары сезімталдығы мен және тез ренжігіштігімен,сын мен қолдамауды жаратпайтындығымен ерекшеленеді. Олар жақындарына бауыр басқан,олардан үнемі көңіл мен эмоциялық қолдауды талап етеді. Осы топқа жататын балалар жасық, ұялшақ және қорқақ балалар сияқты әсер қалдырады. Оларда басқа адамдардың сезімдерін, тәртібін және олармен белсенді және икемді әрекеттес болу ұғымы, түсіну мүмкіндігі төмендеген; олар қарапайым әлеуметтік жағдайларда естері шығып кетуі мүмкін. Сөйлеу тілі байланысқан, бірақ кедей, көмескі болып келеді.

Аутист баланың психикалық дамуының ерекшеліктеріне тоқталсақ. Аутист балалардың ата-анасы және оларды бақылайтын бала дәрігерлері әдетте олардың өмірінің бірінші жылында нәрестенің психомоторлық дамуындағы қандай да бірауытқушылықтарды байқамайды. Көптеген аутист балалардың психофизикалық дамуы олардың өмірінің бірінші жылында жас шамасы нормативтеріне сәйкес болады. Баланың эмоциялық дамуы да оның бір жасқа дейінгі жас ерекшеліктеріне қарай одан психикалық жоғары белсенділікті күтпейтіндіктен ата-анасын көп алаңдатпайды.

Сонымен бірге мамандарға аутист балалардың психикалық ерекшеліктері олардың өмірінің алғашқы айларында -ақ, әсіресе ерте аффекті немесе эмоциялық-коммуникативті саласының дамуынан байқалатыны жақсы мәлім.

Егер, түзету, реабилитациялық жұмыстарды ерте жастан бастаса, әрине, баланы мұндай күйден шығаруға болады деген тұжырымдар қалыптасқан. Бірақ, балаларға ерте жастан қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдылары үйретілгенімен, аутистік көзқарастар мен міне-құлықтағы аутистік белгілер толықтай жойылмайды. Арнайы түзету көмегі көрсетілген балалар есейгенде әлеуметтік өмірге толық қосылып кете алмайды екен. «Аутизм белгілері, ғылыми деректерге сәйкес, ерте жаста, яғни үш жасқа дейін байқалады. Көпке дейін аутизмнің этиологиясы анықталмай келсе, кейінгі бес жылдағы зерттеулерде негізгі себептер ретінде мидағы синапстық байланыстардың жетілуіне кедергі жасайтын гендік себептерді көрсетеді. Тағы бір мәліметтерде қарама-қайшы тұжырымдар жасалады: нәрестелерге жасалатын вакцинациялар, вирустық науқастардың салдары, ата-ананың балаға деген көзқарасы, отбасындағы әлеуметтік жағдайлар т.б.» [1]. Аутизмнің себебін мультифакторлы механизммен түсіндіргенмен, оның алдын алу, жеңілдету немесе емдеу әдістерін іздестіру ісі қазіргі күні бүкіл әлемде белсенді жүзеге асып жатыр.Әсіресе, аутистер саны жағынан Америка Құрама Штаттарында өте көп, соған сәйкес бұл елдерде жүргізіліп жатқан зерттеулер мен тәжірибелер де басым, одан кейінгі кезекте батыс

елдерінің зерттеулеріне сүйенеміз. Заманауи арнайы педагогика мен психологияда аутизмді емдеудің дәстүрлі және дәстүрлі емес, инновациялық жолдары мен әдістері толып жатыр. Әрине, кез келген әдістің тиімді-тиімсіз болуы немесе нәтижелі-нәтижесіз болуы оның дұрыс ұйымдастырылып, жүйелі қолданылуына байланысты. «Киев қалалық клиникалық психоневрологиялық аурухана дәрігері А.Чуприков психологиялық және дәрімен емдеуді альтернативалық әдістермен қатар қолдануды ұсынады. Мысалы, дәстүрлі емес әдістер - дельфин терапиясы, иппотерапия (жылқының көмегімен), канистерапия (иттің көмегімен). Қазіргі күні Украинада дельфин терапиясы жақсы дамып келе жатқандығын айтады. Дельфиндер баламен ойнай біледі, әрі олардың шығаратын ультра дыбыстары аутист балалардың назарын аудара алады. Ал иппотерапия ұзақ уақытты қажет етеді екен, кемінде бір жыл айналысу керек. Канестерапия да аутист балалар үшін оң нәтижелер көрсеткен. Иттер өзінің биофизикалық қасиеттерімен балаларға жағымды әсер етеді екен. Кез келген пет-терапия (жануарлардың көмегімен) балалар үшін оң әсер етеді, балаларды қарым-қатынасқа, сезімге үйретеді» [5].

Дельфин терапиясы қазіргі кезде АҚШ-тың медициналық тәжірибесінде кеңінен қолданылады. «Дельфинтерапиясы – ультрадыбыспен емдеу. Дельфин емдік қасиеті бар ультрадыбыстық толқындар мен қимыл-қозғалыс белсенділігін және өте күшті психологиялық әсер туғызады. Медицинада ультрадыбыстар сонофорез немесе фонофорез ретінде қолданылады, яғни, ағзадағы жеке тіндер мен ұлпаларға, мүшелерге «массаж» жасайды, тіндерге белсенді заттардың енуін қамтамасыз етеді. Сәйкесінше, тіндер арасындағы зат алмасу жақсарады, сұйықтықтар айналымға түседі. Сондай- ақ, дельфиннің ультрадыбыстық сигналдары ауырсыну сезімін басатын анальгетик»[5].

Біздің елімізде кейінгі жылдары иппотерапия әдісі кеңінен қолданылып жүр. Әсіресе тірек-қимыл аппараты зақымданған балаларды емдеу мақсатында қолданылып жақсы нәтижелерге қол жетуде. Иппотерапия балалардың ойлау, есте сақтау, зейін қабілеттерін дамытады. Ат үстінде отыру адамнан үнемі зейінін шоғырландыруды, жинақылықты, дәлдікті, өзінің әрбір қимылын бағу мен басқаруды, жоспарлауды талап етеді. Бұл, әрине, өз кезегінде психикалық үдерістерді белсенділендіреді. Сонымен бірге, жылқымен сөйлесу, сипау, алақанмен жайлап қағу т.б.әлеуметтік қарым-қатынас жасауға жақсы тәжірибе болып табылады. Жылқы жануарының биоөрісі өте күшті болғандықтан, адамға жағымды, оң энергия бере алады. Ал иппотерапияны аутизмі бар балаларға қолдану тәжірибесі алғаш Америкада ұсынылған. «Иппотерапия – адамның бұлшық ет балансын қалпына келтіруші, әрі сенсорлық дамытушы әдіс. Аттың басын ұстау (жүгенді басқару) когнитивтік, эмоциональдық қиындықтарды жеңуге, баланың өз тәртібі мен әрекетін басқара білуге үйретеді. Иппотерапияны аутизм, церебральды паралич, бұлшық ет склероы, Даун синдромы жағдайларында қолдану пайдалы екендігі дәлелденген» [5].

Арт-терапия да қазіргі уақытта кеңінен қолданысқа ие болған әдістердің бірі. Арт-терапия ең алдымен ұсақ қол моторикасы мен қиялды, қол мен саусақ координациясын, шығармашылық қабілеттерді дамытады. Өнер арқылы балалар өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге, өзара қарым-қатынас жасауға үйренеді, өзара сенім атмосферасы туындайды. Аутизмдегі ең негізгі белгі – вербальдық және әлеуметтік коммуникация қиындығы. Олар тілдік қарым-қатынас жасаудан мүлдем бас тартуы мүмкін. Сондықтан олар өз сезімі мен ойын сурет, бейне, түстер арқылы жеткізе алады. «Сиднейдің Маккуэри Университетінде құрылған білім алу қажеттілігі ерекше балаларға ерте көмек көрсету бағдарламасының мазмұнында арт-терапия негізгі әдістер тобына енгізілген, себебі бейнелеу немесе қол еңбегі барысында балалар өзара қарым-қатынас жасайды, өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге үйренеді» [3].

Драматерапия деген де ұғым бар. Бұл әдіс сөйлейтін аутист балалардың сөйлеу мәнері мен мәнерлілігін дамытады, эмоцияны жеткізе білуге дағдыландырады. Сахнада өзін-өзі ұстау, сезімін айқын көрсету мәнеріне үйретеді. «Драматерапияны аутист балалармен алғаш рет қолданған ағылшын психологы Синди Шнайдер болып табылады. Ол Аспергер синдромын шалдыққан жасөспірім балалармен жұмыс барысында театрды қолдану әдісін ұсынған. Нәтижесінде жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы жоғарылаған, өз іс-әрекеттері мен айтқан сөздеріне деген сенімділік қалыптасқан, өзгелердің сезімдерін түсіну қабілеті пайда болған, яғни өздерінің жолы болғыш адам екендіктеріне сенімдері артқан» [6].

Зерттеушілер аутизмі бар балалардың компьютерлер мен өзге де ақпараттық технологияларды қауіпсіз деп санайтындығын, олар үшін қызықтылығын және ынталандырушы құрал екендігін айтады. Зерттеушілер ECHOES бағдарламасын жасауда тек аутист балаларға көмек көрсету құралы жасалып қойған жоқ, сонымен бірге ғылыми қызметкерлер мен педагогтардың, ата-аналардың, тәжірибесі бар мамандардың әрбір жеке баланың өзіндік ерекшеліктеріне сай заманауи ақпараттық технологияларға негізделген дамытушы-түзетуші әдістер таңдап алудың жолдарын да көрсетті» [6]. «Аутизмді емдеудің тағы бір жолы – антивирустық терапия, яғни вирустық жұқпалы науқастарды емдеу. Себебі, соңғы жылдары аутизмді вирустармен байланыстыру үрдісі пайда болды.Оның ішінде – екпе жасау кезінде ағзаға еніп кететін қызылша мен қызамық және герпес пен цитомегаловирус. 1998 ж. Эндрю Уэйкфилд, британ зерттеушісі, аутизмі бар балалар мен Крон науқасына (ішек ауруы) шалдыққан балалардың лимфа түйіндеріне биопсия жасағанда олардан MMR (қызылша, паротит, қызамық) вирусына сәйкесқызылша вирусын табады. Оның пікірінше, бұл вирустар ішекті зақымдап, аутизмге әкеп соқтырады. Доктор Виджендра Сингхтің (АҚШ) айтуынша, MMR екпесінің қызылша вирусы ағзада аутоиммундық үдерістер туғызады. Нәтижесінде ағзадағы жүйке тіндерінің қабығын құрайтын миелин «шабуыл» жасай бастайды да жүйке тіндерінің дамуы бұзылады. Кеңінен қолданылып жүрген Хелат терапиясы туралы айтсақ, бұл – сынап тәрізді ауыр металдардан ағзаны тазарту. Сынаппен улану симптомдары аутизм симптомдарына ұқсас: өзгелердің бет – жүзі мен эмоцияларын тану қиындығы, стереотипті қимылдар, жарық пен дыбыс тәрізді тітіркендіргіштерге шектен тыс сезімталдық т.б. бұлардан басқа, олардың ағзаларындағы биохимиялық өзгерістер де тым ұқсас. Сынаппен уланған адамдар сияқты, аутизмге шалдыққан адамдардың да қанындағы эритроциттерде немесе шашында жоғары сынап концентрациясы байқалған. Мұның барлығы аутизмі бар адамдардың ерте балалық жасында сынаппен улануы мүмкін деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сынаппен улануға себеп - вакцина болуы мүмкін деген тұжырым бар. Себебі вакцинаны сақтау үшін құрамында сынабы бар заттар пайдаланылады. Бала өз өмірінің алғашқы жылында толып жатқан вакциналар алады, демек сынаптың біршама көлемін қабылдайды. Балалардың барлығы бірдей мұндай көлемдегі сынаппен күресе алмайды. Аутист баласы бар аналардың көпшілігі екпе алғаннан кейін баладағы өзгерістердің пайда болғанын немесе күшейе түскенін айтады. Ағзаны сынаптан тазарту арқылы аутизм симптомдарын жеңілдетуге болады деген пікірлер бар, оның ішінде мінез-құлық жағынан да, биохимиялық жағынан да (кейбір балалар емделгеннен кейін бұған дейін аллергиялық реакциялар тудырған тағамдарды жей алатын болған)» [6].

Сонымен аутизмді жоюдың ең тиімді жолдары мен әдістері қандай деген сұраққа жауап беретін болсақ, олар - дұрыс ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүргізілген жұмыстар кешені. Сондай-ақ, ойын терапиясынан бастап кешенді биомедициналық терапияларға дейін, барлығының қолданылуында, ең алдымен, баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу қажет.

Демек, әр баланың ағзасының өзіндік ерекшеліктері мен мінез-құлқына, жас мөлшеріне сай жеке емдік-түзету бағдарламасын құру шарт. Себебі, түзету-емдеу әдістерінің бірі нәтижесіз болса да зиянсыз болғанымен, енді біреулері қате немесе шамадан тыс қолданғанда кері әсерін тигізуі мүмкін екендігін ұмытпаған жөн.

Акутистикалық спектр және дамудың басқа да ауытқуларына дәрігер-невропатолог, дәрігер-психиатр, психолог, логопед, педагог-дефектолог сияқты мамандар диагноз қояды. Балаларға диагностика клиникалық, психологиялық-педагогикалық және арттерапия, аудио-вокалдық жаттығулар, сенсорлы интеграция әдісі, сияқты халықаралық стандартталған әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Соның ішінде сенсорлы интеграция әдісіне тоқтала кетсек: *Сенсорлық интеграция әдістемесі* - көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаған ортаны сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол қиынға соғады.

Сенсорлы интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырғанын, немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтауға көмектеседі. Осылайша, сенсорлы интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлы ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

Сенсорлы интеграцияның мысалдары:

– гамакта тербелу (кеңістікте бағдарлану);
– музыкаға билеу (есту жүйесі)
– бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамыту);
– тунельде жорғалау (кеңістікте бағдарлану және жанасу);
– қозғалып тұрған шариктерге жанасу (көру сезімі мен тактильді бағдарлануы);
– орындықта айналу (тепе-теңдік және көру қабілетіне әсер);
– бөренеде тепе-теңдік ұстап тұру (тепе-теңдік сақтау)[7].

Аутизмі бар баланың әлеуметтік табыстылығы көп жағдайда, оның отбасының психологиялық қолдауына байланысты. Сонымен бірге баланың проблемаларын дер кезінде анықтап, оған дәрігерлер, психологтар, педагог-дефектологтар, әлеуметтік қызметкерлер, тәрбиешілер тарапынан көрсетілетін көмектер және қолдауды ерте жастан қажет болған уақытта көрсету және ата аналардың қолдауы, келісімі, үйден қайталауы маңызды.

Аутизмі бар балалар өздерінің мүмкіндіктеріне және мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне қарай, жалпы білім беру бағдарламаларымен бірге арнайы(түзеу) білім беру ұйымдарының бағдарламалары бойынша тәрбиелене алады. Бірақ медициналық көмектер қатар орындалуы керек.

Аутизмі бар балаға өзінің басты проблемаларын, яғни қарым-қатынастағы және өзара әрекеттік жағдайдағы қиындықтарды жеңу үшін қатарларының, құрбыларынын, құрдастарының, сыныптастарының, достарының әдеттегі ортасы ауадай қажет екенін ескерген жөн. Балабақша мен мектеп оған тек тәрбие мен білімді ғана беріп қоймайды, сонымен бірге ең алдымен, басқа адамдармен бірге өмір сүру мүмкіндігін де үйретеді. Сондықтан, мұндай балаларды үйде оқу түріне көшірмей, мектепте қалдыру, яғни инклюзивті оқыту өте маңызды. Аутизмі бар баланы ауру немесе ауырады деп санаудың орнына, оның дамуы мен оқуына белгілі бір жайлы жағдай мен тәсіл қажеттіктен «өзгеше бала» деп санаған дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каган В.Е. Аутизм у детей –М.: Медицина, 1981
2. Башина В.М.Аутизм в детстве.-М.:Медицина-1999.
3. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребенок. Пути помощи.-М.: Терефинф-1997.
4. Левченко И.Ю., Забрамная С.Д., Добровольская Т.А. Специальная психолого-педагогическая диагностика – М.: Академия, 2003. – 320 с.
5. Никуленко Т.Г. Коррекционная педагогика: Учебное пособие / Т.Г.Никуленко. – Ростов н/Д: Феникс, 2006. – 381с.
6. Истратова О.Н. Практикум по детской психокоррекции: игры, упражнения, техники / О.Н.истратова. – Ростов н/Д: Феникс, 2007.– 349с.

ӘОЖ 159.9.072.42

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛЫСТЫРУ

Кенжебаева А.Ж.
Ғылыми жетекші: Раушанова И.М.
«Тұран-Астана», Қазақстан

Аңдатпа. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

Түйінді сөздер: көшбасшылық, бәсекелік қабілет, рухани жаңғыру, бұқаралық сана, прагматизм, жасампаздық.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды.

Адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де – жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол – жан. Жанды дұрыс тәрбие қыла білу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек. Бұл үзіндіні алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінен мысал ретінде қарастырып отырмын. Болашақ психолог маманы ретінде мағынасы терең, аса маңызды бұл тақырыпты жан ілімімен байланыстыра жазуды шештім.

Толығырақ тоқталатын болсам, рухани жаңғыру аясында білім берудің өзекті мәселелерін, өмірді басқару бойынша маман, ұйымдастыру істері бойынша консультант және мұғалім Стивен Ковидің «Жеті дағды» атты кітабымен салыстырмалы түрде жазуды өте орынды деп санаймын. Стивен Ковидің бұл кітабы жетістікке жетудің әлемнің тәжірибесін сіңіріп, адамдық қарым қатынастың мәдениетін жандандыруға септігін тигезетін негіз болып табыла алады.

Мұндағы бірінші дағды – кез келген жағдайда аса тиімді адамның бірінші және ең маңызды дағдыларының бірі — проактивтілік және реактивтілік дағдылары.

Проактивті адамдар жігер күшін ықпал ету шеңберіне жұмсап, бар көңілін оған аударады. Олар қуатын ықпалына бағынышты нәрселерге ғана бағыттайды. Олардың қуатының табиғаты оң және позитивті, ол ықпал ету шеңберін кеңейтіп, үлкейтеді. Ал, реактивті адамдар керісінше, күш - жігерін мәселелер шеңберінде жоғалтады. Олар басқа адамдардың кемшіліктеріне, сыртқы ортаға және олар әсер ете алмайтын жағдайларға көңіл аударады.

Дәл осы дағдыға сәйкес, қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударғанымыз жөн.Екінші дағды жеке көшбасшылық қағидаларына негізделген. Көшбасшылық — бұл басқару. Басқару — бұл екінші жаратылыс.

Бұған мысал ретінде біз қарастыратын мәселе: «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс.

Үшінші дағды – істің маңыздылығы. Яғни, ең маңызды істер ешқашан маңыздылығы төмен істерге бағынбауы тиіс. Бұған дәлел, біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Төртінші дағды «Жеңді/жеңді» бағытында ойлану. Яғни, бұл деп отырғанымыз, барлық келісімдер мен шешімдер бірдей пайдалы және екі жақты да қанағаттандыру болып табылады.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?

Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады.

Стивен Кови кітабының бесінші дағдысы бұл – әуелі түсінуге, кейін түінікті болуға атты дағдысы. Мәселені көтерер алдында, оны бағалау мен кеңес беру алдында, өз идеяларымызды айтар алдында – түсінуге тырысуымыз қажет. Бұл өзара тәуелділіктің күшті дағдысы.

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халық-тың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсы-на алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, соны-мен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақ-стандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың сана-тында.

Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

Алтыншы дағды – синергияға жету деп аталады. Синергия – бұл ең жоғары деңгейдегі қызмет – шынайы сынақтан өткен барлық дағдылардың біріктірілуі.

Синергия — бұл өзара тәуелділік шындығындағы (реальность) тиімділік. Бұл команданың құрылуы, командадағы жұмыс, ауызбірліктің және басқа адамдармен творчестволық өзара әрекеттесудің дамуы.

«Жалғандық жарға жығады» дейді қазақ даналығы. Біз – бабалар батасы дарыған, ата аманатын аялаған елміз. Сондықтан Елбасы Тәуелсіздік жылдары қоғамды білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке бағдарлады. Бұл – қалыпты өмірді қауіпті өмірге айналдырмаудың және нақты жаңғырудың қамы. Біз ұлтымыз бойындағы тек жақсы қасиеттерді дамытсақ, озық білім мен үздік жаңалықтарды дарытсақ, жымиып күліп, жылмаң сөйлеп, жыландай жылжыған жат идеологияларға лайықты тойтарыс берсек, жерұйықтай мемлекетке айналамыз.

Менің ойымша, руханиятты көтеру үшін тарихымызды жаңғыртар дүниежүзілік музейлер ашу,қызықты деректерге тола кітаптар жазу,туризм салаларын дамыту керек деп ойлаймын.

Соңғы жетінші дағды «араны ұштаңыз» деп аталады. Бұлай аталу себебі, рухтық дүниенің жаңаруы көшбасшылыққа жетуге көмектеседі, яғни ол екінші дағдымен тығыз байланысты. Рухтық дүние – бұл сіздің өзегіңіз, сіздің орталығыңыз, сіздің жеке дербес құндылықтар жүйеңізге бейілділік.

Рухани жаңғырудың негізі - халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. Әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар демекші, мемлекеттің дамуы - ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты.

Рухани жаңғырудың бірнеше бағыттарын атап өтсек:

1. Ұлттық бірегейілікті сақтау.

Ұлттық жаңғыру - ұлттық сананың кемелденуі. Бірінші, Елбасымыз айтқандай "жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты ұлттық кодты сақтай білу." Ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі - ұлттық болмыстың өзегін сақтау, өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту.

2. Бәсекелік қабілет

Ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықтағы бағасы, өзгелерден сапасымен ұтымды дүние ұсынуға қабілеті. Заман талабына сай тұтас халық қана емес,жеке адамның өзі бәсекелік қабілетін арттырып, табысқа жетуге мүмкіндік алады.

3. Прагматизм

Өзінің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, сол байлықты үнемдей отыра қолдана білу. Болашақты жоспарлай отыра, ысырапшылдық пен даңғойлық қасиеттерге жол бермеу. Білім алуға, мақсатқа жетуге, кәсіби тұрғыдан жетілуге деген ынта ықылас, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану мінездің прагматизмі. Заманауи әлемдегі бірден-бір үлгі.

4. Білімнің салтанат құруы

Біздің қанымызда бар қасиет - білімді болуға ұмтылу. Табысты болудың басты факторы - білім. Жыл өткен сайын, біз жүрісі жылдам дамыған дәуірге аяқ басып келеміз. Сондықтан, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт биік табыстарға жетеді.

Елбасы жаңа тұрпатты жаңғырудың басты шарты – ұлттық кодты сақтау екенін баса айтып, онсыз жаңғыру дегеніңіз – құр жаңғырық дегені орынды. Мақалада айтылған ойлардың тереңдігінен Елба-сы-ның тарихты терең білетіндігі, сонау түркі халқының көне жазуынан бастап барлығын ой елегінен өткізе айтқанын байқау қиын емес.

Расында, халқымыз небір аласапыран замандарда көп қиындық көрді. Араб жазуынан латынға, латыннан кириллицаға көшіп жүре тұра халқымыз білімге ұмтылысының арқасында ешбір халықтан қалыс қалған жоқ. Бұл біздің жоғары мәдениеттілігімізді аңғартса керек. Бүгін міне, тәуелсіз елде есімізді жинап, өз жазуымызды қа-лып-тастыруымыздың сәті келген сияқты. Себебі, оң мен солы-мыз-ды әбден танып, өткеннің кемшіліктері мен жетістіктерін бойымызға сіңіріп нақты шешім жасайтын дәуірге жеттік. Сондықтан бұл – Елбасының сарабдал саясатының аясында жасалған үлкен қадам.

Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік алғаннан кейін бұрын тыйым салынған – Алаш қозғалысы тақырыбы қазіргі таңда отандық тарихымыздың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қайта зерттелуде.

Алаш зиялыларының өмірі мен ісін мұқият зерттеп, олардың жетістіктерін бағалап, қателіктерінен сабақ алу, даналығын бағамдап, олар ашқан ақиқатты пайымдау қажет. Елімізідің өткенінен сабақ ала отырып, бүгінгі жаңаруларда жаңылыспауға тиіспіз.

Қорыта айтқанда, біз тек Қазақстанның емес, бүкіл шығыстың руханиятын көтеруіміз керек. Абай тек қазаққа емес, бүкіл шығыс елдеріне тән. Астана мен Алматыда Абайдың рухани академиясын ашу керек! Сол жерде тек Қазақстан емес, бүкіл шығыс елдеріне Абайдың рухани құндылықтарын, философиясын, шығармаларын бір жағынан ғылыми ізденіс жасап, екіншіден, бүкіл Орта Азия мемлекеттеріне кең көлемде насихат жасауымыз керек. Міне, бұл Елбасымыздың рухани жаң-ғыруына нағыз, тікелей септігін беретін, тікелей жұмыс істейтін идея болады.

Екіншіден, Түркістанды алайық. Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихта үлкен орны бар рухани орталық. Түркістанды рухани жаңғырту арқылы біз Қазақ елін қайта жаңғыртамыз. Менің

Түркістанның рухани-технологиялық кластерін құру деген жобам бар. Бір жағынан бұл – руханиятты көтеру. Дін академиясын, дүниежүзілік тарихи музей жасау, тағысын тағылар. Сосын технологиялық кластер ашу. Туризм мәселесі де – руханият. Логистиканы көтеру керек. Түркістанды рухани жаңғырту арқылы Елбасы айтып отырған нағыз мәселені орындаған боламыз.

Кез-келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. XXI ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын. Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендік алып берді. Ендігі еліміздің болашағы жастардың, яғни, біздің қолымызда. Елімізді көркейту, оны өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу - біздің борышымыз деп білемін.

Елбасымыздың жолдауында XXI ғасыр білім ғасыры делінген. Олай болса, елімізді өркендету үшін жақсы оқып, жан-жақты білім мен ғылым алып, үнемі ізденіс үстінде болуымыз қажет.

Дәл осыған сәйкес, жастардың өзекті мәселелерін шешу мақсатында Елбасы Н.Ә.Назарбаев биылғы 2019 жылды "Жастар жылы" деп жариялады. Менің ойымша, бұл XXI ғасырдың тәуелсіздік ұрпақтарына қазіргі қоғамдағы барлық салаға атсалысып, тәуелсіздіктің тұғырлы болуы жолында аянбай еңбек етіп немесе өз үлестерін қосуға беріліп отырған үлкен мүмкіндік. Сол мүмкіндікті барынша тиімді пайдаланып, еліміздің көркеюіне өз үлесімізді қосуды ең басты міндетімізге айналдырсақ нұр үстіне нұр болар еді. Бұл жиынға шығармашылық, студенттік және жұмысшы жастардың өкілдері, жас спортшылар, дарынды балалар, заманауи медиа саласының өкілдері, балалар үйінің тәрбиеленушілері және жас әскери қызметшілер де келіп, өздерінің алға қойған мақсаттары мен жоспарларын бөлісіп, көптеген ұсыныстарын айтып өтті. Елбасы жастардың креативті идеяларын тыңдап, оларға қолдау көрсетілетінін мәлімдеді. «2019 жылды жастар жылы деп жариялап, іс - шаралар өткізу керек, оған біздің тәжірибеміз бар. Жастарымызды, Қазақстанның болашағын әр салада қолдауымыз керек» – деді елбасы Н.Ә.Назарбаев.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Егемен Қазақстан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» № 70, 2017ж.

2.Стивен Кови «Тиімділігі жоғары адамдардың жеті дағдысы» США: Альпина Паблишер, 2007 жыл – 205 бет.

3.Ә.Алдамұратов. Қызықты психология, Алматы 1992 жыл

4.С.Бабаев «Жалпы психология» – Алматы, 2014 жыл

5.Мағжан Жұмабаев «Педагогика»

ӘОЖ 37.026.4(045)

«К. КАРИМОВТЫҢ «ҰЛЫ ДАШТ БӨРІЛЕРІ» ТАРИХИ РОМАНЫНЫҢ «КЕЙС-СТАДИ» ТЕХНАЛОГИЯСЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ»

Отарова Т.Ж.

Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Қарақалпақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада Қарақалпақ жазушысы К. Каримовтың “Ұлы дашт бөрілері” тарихи романын оқыту әдістері жайында сөз етіледі. «Кейс-стади» заманауи оқыту технологиясы жәрдемінде студенттер романды тереңірек түсініп алады. Бұл бойынша сабақты өту жасалмада келтіріп өтілген.

Түйінді сөздер: роман, оқыту әдістері, Кейс-стади, педагогикалық аннотация.

Қарақалпақ әдебиетінің белгілі өкілі К. Каримовтың «Ұлы дашт бөрілері» романы 2014-жылы баспадан шыққан. Роман Орхон Енесей жазба естелігі арқылы баян етілген ежелгі турк қағандығы жайында оқиғалардан құралған болып, ол туркі тілдің «Туркі» болып қалыптасқан

дәуірлері, біздің эрамыздың VII-VIII ғасырларындағы оқиғаларда баян етіледі. Қарақлапақ халқының халық болып қалыптасу дәуірлер жайында бірқанша ғылым-теориялық еңбектерде, көркем әдеби шығармаларда кездеседі. Шығыс кешенектердің «Қарақалпақ» деген атқа ие болуы да осы дәуірге тура келеді. Ал, енді Туркиялық Зия Куртлар Қарақалпақтар VIII-X ғасырда Мауераннахрда осы ат пен халық болып қалыптасқан деп көрсетілген.[2.9] Құрылысы жағынан III бөлім, пролок, эпилоктан тұрады. Автор кітаптың соңында өзінің соңғы сөзінде: - «бүгінгі күні әлемде жүз миллиондаған адамдар: Өзбек, Қазақ, Қырғыз, Осман түрктері, Түркмен, Қарақалпақ, Әзербайжан, Татар, Башқұрт, Ноғай, Құмық, Қарашай, Тива, Гагауздар тағы басқалар түрки тілде сөйлейді. Жасау жағдайлары орталығына қарай фонетикалық өзгерістерге ұшырағаны болмаса барлық түркутдер үшін ортақ, түснікті болған түбір сөздер де талай ғана. Әрбір тілдегі сияқты басқа тілдерден кіріп келген немесе өздестірілген сөздер, фонетикалық ерекшеліктері, интонациялар туысқан түркі тілдердің әр біріне, мәселен: өзбек тіліне өзбек ұлттық тілі, қазақ тіліне қазақ ұлттық тілі, қарақалпақ тіліне қарақалпақ ұлттық тілі көрінісін береді. Әр бір халық, әр бір ұлт табиғи түрде алғаш құлағына ана әлдиі арқылы естілген, анасы мен әкесі сөйлеген ұлттық тілін-өзінің ұлтының тілін жан-тәнімен сүйеді, жақсы көреді, құрметтейді.

Мені өз ана тілінің келешегі мен тарихы да қызықтырады. Әр қашан ойлаймын: «Қарақалпақ тілі қашан қалыптасқан? Оның бүгінгі дәрежеге дейін өсіп-жетісуіне қандай факторлар себеп болған екен?[4.285]», - деп, өзінің бұл романды жазуға себеп болған турктердің ойларын келтіріп өтеді.

К. Каримовтың «Ұлы дашт бөрілері» романы өсіп келе жатырған жас ұрпақты ата-бабалардың ітібарлы істері қаhармандықтары, күресшілдігі, төзімділігі мен таныстырып, жарқын келешек рухында тәрбиелеуге қызмет етеді. Сондықтан да біз, мақаламызда романды жоғары оқу орны студенттері үшін арнаулы практикалық сабақтарда үйірме жұмыстарында және тағы басқа аудиториялар үшін ыңғайластырып «Кейс-стади» технологиясы жәрдемінде өтуді мақсат қылдым

Соңғы уақыттарда «Кейс-стади» методы шет елдерде білімдендіру системасында практикасында сондай-ақ, бүгінгі күнде республикамыз білімдендіру системасында да көбірек қолдануда. Бұл әдістің (технология) маңызы жайында ғылыми әдебиеттерде төмендегі пікірлер айтылған: «Кейс-стади» технологиясы (ағылшынша « Case»-чемодан метод «study»-өзекті жағдай: өзекті анализ немесе өзекті жағдайларды анализ ету) – 1) талаптарда анық реал өзекті мәселені анализ етіу арқылы ең қажетті варианттарын табу көндікпелерін қалыптастыруға қызмет ететін технология. 2) реал жағдайларды баяндауда қолданатын оқыту техникасы [3.33,34,35]

Романды оқытуда төмендегі негізгі жоспарлар негізінде амалға асырамыз.

К. Каримовтың «Ұлы дашт бөрілері» тарихи романы модулы бойынша кейстер жинағы, практикалық тапсырмалар жасалмасы

«Ұлы дашт бөрілері» Кейс-стади: «қара түргеш ханы, Сұлу хан өз қызметкері қолынан өлтірілуінен қандай пайда бар еді?» тақырыбында

ӘОЖ 159.922.7(045)

БАЛАЛАРДАҒЫ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖОЮДА ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада балалардағы қорқыныш, үрей туралы сөз болады. Қорқыныштың анықтамасы, олардың пайда болу себептері, қорқыныш пен үрей проблемасын зерттеген ғалымдардың пікірлері баяндалады. Қорқыныш пен үрей себептерінің бірнеше топқа бөлінуі және бастауыш мектеп жасындағы балаларда қорқыныш пен үрейдің пайда болуының алғышарттары айтылады.

Балалардағы қорқыныш пен үрейді жоюдағы арттерапияның мақсаты және артерапиялық әдістемелердің түрлері: музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия, изотерапия әдістерін қолдану жолдары сөз болады.

Түйінді сөздер: қорқыныш, үрей, балалар, алғышарттар, арттерапия, әдістемелер, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия, изотерапия, сурет салу .

Балалардағы қорқыныш проблемасымен көптеген ғалымдар айналысқан Ш.Левис, А.М. Прихожан, И.К. Макшанцев, Е.Г. Макарова, А.И. Захаров, А.А. Осипова, С.Боулби, Т.Рэчмен, В.Р.Кисловская және т.б. өз еңбектерінде қарастырған. Қорқыныш индивидтің-биологиялық немесе әлеуметтік тіршілік етуіне қауіп төнген ситуацияда пайда болатын, ақиқат немесе қияли қауіп-қатерге бағытталған эмоция. Өмірдегі ситуациялардағы сынақ сәтттерде кездейсоқ жағдайларда эмоцияналды мазасыздық туындап, күрделі психологиялық мәселелерді, қиындықтарды, шешілген немесе шешілмеген қабылдау көрінісін елестетуге болады. Күнделікті өмірде әртүрлі қиыншылықтардағы мазасыздық, сонымен қатар адамдарда туындайтын уайым бұл қорқыныш пен үрейдің пайда болуына әкеледі.

Балалық қорқыныштар, үрейлер егер де оларға дұрыс қарап, пайда болу себептерін түсінсе, көп жағдайда ондай қорқыныштар ізсіз жоғалып кетеді. Егер де олар ауыртатындай күрделі немесе көпке дейін сақталса, онда ол баланың физикалық және нерв жүйесінің әлсіздігін, жанұядағы конфликті жағдайдағы ата-ананың өзін дұрыс емес ұстануы туралы айтып, жақсы белгілерден еместігін көрсетеді. Балаға әсер етіп, қорқынышынан арылуға көмек беру үшін, ата-анаға қорқыныштың не екенін, қандай қызмет атқаратынын қалай пайда болып, дамитынын және балалардың ең көп қорқып, оның неліктен екендігі туралы білуі қажет.

Баланың көзінше өлім, ауру, өрт, өлтіру туралы әңгімелер оның психикасына еніп, оған нұксан келтіреді. Егер де тіпті бала күтпеген шу немесе түртуден шошынатын болса да, осының бәрі қорқыныштың шартты - рефлекторлы сипаты жайында сөйлеуге негіз береді. Қорқыныш пен мазасыздықтың психологиялық және мінез-құлықтық реакциялары сан-қилы, әлдеқалай және ғажап. Қорқыныш пен мазасыздық, үрей әдетте, шешім қабылдауға, қиналуға, қимыл-қозғалыс координациясының бұзылуына әкеліп соқтырады. Қорқыныштың себебі болып қауіптің басы болатын жағдайлар, шарттар, оқиғалар болуы мүмкін. С.Боулби қорқу себебі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бір нәрсенің қатысуынан да болуы мүмкін деп көрсетеді. Қорқыныш зат ретінде қандай да бір адамды немесе объект бола алады. Кейде үрей нақты ештеңеге байланысты болмауы мүмкін, олар жөнсіз қорқыныштар ретінде қайғырылады. Қорқыныш пен үрей жапа шеккеннен де болуы мүмкін, бұл балалық шақта сезімдер арасында байланыстың тууына байланысты. Қорқыныш пен үрей себептерін бірнеше классқа бөлуге болады. Бастауыш мектеп жасындағы балаларда қорқыныш пен үрейдің пайда болуы.

1. Әлеуметтік-мәдени және психологиялық алғы шарттары.

Бала алғашқы жылдары барлық таныс емес әрі жаңа заттардан қорқады, ертегі кейіпкерлері мен заттарды жандандырып, бейтаныс жануарлардан қауіптеніп, ата-анасының мәңгі өмір сүретініне сенеді. Кішкентай балалар үшін бәрі шын, демек олардың қорқыныштары шындық сипатқа ие. Жалмауыз кемпір - жақын маңда жүретін тірі жан. Тек олар түйсіктерін ажырата алып, сезімдерін жеңіп және абстракты-логикамен ойлай бастағанда ғана баланың елестері бірте-бірте ақиқат сипатқа иелене бастайды. Көптеген өркениеттерде балалар өзінің дамуында бірнеше қорқыныш сезімін көреді.

2.Қорқыныш пен үрей жасаралық және невротикалық болады.

Жасаралық қорқыныштар эмоционалды сезімтал балалар арасында олардың жеке және психикалық дамуының ерекшеліктерін бейнелеу ретінде белгіленген. Әдетте олар келесідей факторлар әсерінен пайда болады: қорқыныш сезімінің ата-анасында бар болуы; баламен қарым-қатынастағы қобалжулық; қатерден баланы шамадан артық қорғау және құрбыларымен араласудан оңашалау; ата-анасының біреуінің балаға деген көптеген тыйымдар салу немесе ата-анасының екіншісінің балаға толық бостандық беру, сонымен қатар жанұядағы барлық ересектердің көптеген іске аспайтын бай-баламдар; ер балаларға қатысты өзіне жыныстас ата-анамен ролдік ұқсастыруға мүмкіндіктің болмауы; шошу сияқты психикалық жарақаттар; мұқтаж

не әдейіленген жанұялық ролдерін ауыстыру салдарынан анасының әр уақыт жүйкелік-психикалық үнемі ауыртпалық көруі.

3. Биологиялық алғы шарттар

Жоғарғы жүйке қызметінің кейбір типологиялық қасиеттері қорқыныш сезімінің пайда болуына әсерін тигізеді. Бұл эмоционалды сезімталдылық және сонымен байланысты әсерленгіштік. Агрессивті жауап қайтара алмай, бәрін «жүрекке тым жақын қабылдап және тез ренжитін» адамдардың жоғары әсерленгіштігі олардың эмоционалды ренжігіштігі мен осалдығынан көрініс табады. Көптеген балалар психикалық дамуында қорқынышқа деген жоғары сезімталдықтың бірнеше жас ерекшелік кезеңдерінен өтеді. Бұл қорқыныштардың бәрі өтпелі сипатқа ие, бірақ олар мазасыз ата-анасының ойында қалып қоятын қорқыныштарды қайта жандандыруы мүмкін. Ересектердің үрейі жанұядағы балаларға беріледі. Бұл қорқыныштардың берілуінің ең типтілік психологиялық жолы. Көптеген қорқыныштар балаға санасыз беріледі, бірақ кейбір қорқыныштар, дәлірек қауіптер, оған танылатын бағалы бағдарлар жүйесі күштеп сендірілуі мүмкін. Сөйтіп, қорқыныштардың өздері емес, елеудің кейбір жалпы қасиеттері тұқым қуалайды.

Жас ерекшелік қорқынышы эмоционалдық сезімтал балаларда олардың психикалық және тұлғалық даму ерекшеліктерінің көрінісі ретінде байқалады. Олар мына факторлардың негізінде пайда болады: ата-аналарда қорқыныштың болуы; баламен қарым-қатынаста мазасыздану, оны қауіптерден шектен тыс қорғау және құрбыларымен араласуын шектеу; сол жыныстағы ата-анасының тарапынан көп тыйым салыну немесе басқа жыныстағы ата-анасының балаға толық еркіндік беруі, сонымен бірге отбасындағы үлкендердің көптеген іске аспаған қоқан-лоққылары; сол жыныстағы ата-анамен рөлдік идентификация мүмкіндігі көбінесе ұл балаларда болмайды; ата-аналардың арасындағы қақтығыстық қарым-қатынас; шошыну тәрізді психикалық жарақаттану; үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасау үрдісінде қорқынышқа психологиялық бой алдыру.

Оқу жүктемесін әртүрлі себептермен игере алмай жүрген бірінші сынып оқушылары, уақыт өте келе үлгермеушілер қатарына ілігеді, ол өз кезегінде, невроздарға, мектептен қорқушылыққа алып келеді. Мектепке дейін үлкендермен және құрбыларымен қарым-катынас жасаудың тиісті тәжірибесін алмаған, өзіне-өзі сенімсіз оқушылар, үлкендердің күткен нәтижелерін ақтай алмай қалуға қорқады, мектеп ұжымына бейімделу қиындықтары мен қорқыныш сезінеді. Бұл қорқыныштың негізінде қателік жасауға, ақымақтық қылуға және сол үшін күлкіге ұшырауға деген қорқыныш жатыр. Мұндай балалар көбінесе тақтаның алдында жауап беруге қорқады. Әсіресе осы тақтаның алдында олардың қорғансыздығы толық көрінеді.

Кейбір балалар үй тапсырмасын орындағанда қателік жіберсе, зәре-құты қашып қорқады. Бұл ата-анасы оларды шұқшия тексеріп және қателікке драмалық мән берген жағдайда болады. Ата-анасы баланы жазаламаса да, психологиялық жазалау бәрібір сезіліп тұрады. Бастауыш мектеп жасындағы бағалау іс-әрекеттің нақты нәтижесін ғана бағалау емес. Оны бала өзінің тұлғасын бағалау деп түсінеді. "Сен жамансың, өйткені сен жаман оқисың",- деген сөздер айтылады балаға. Ол онымен келіседі, соның негізінде беймәлімдік, сенімсіздік сезімдерімен және әртүрлі қорқыныштармен жалғасқан шешілмейтін ішкі қайшылық пайда болады.

Бірқатар жағдайларда мектептен қорқу, құрбыларымен қақтығыстан, олар жағынан шығатын дене қара күштен қорқудан туындап отыр. Әсіресе бұл эмоционалды сезімтал, әлеуметтік-мәдени және педагогикалық олқылығы бар балаларға тән.

Жас өсе келе осы тәрізді қорқыныштар өзінің сипатын өзгертеді, кейде мүлдем жоғалып кетеді. Бірақ ұзаққа созылу сипатына қарай олар балада әлсіздік, өзінің сезімдерін игеруге, бақылауға қабілетсіздікті тудырады. Мектептік қорқыныш баланың психологиялық жайлылығын ғана емес, сонымен қоса балалар неврозының дамуына да ықпал етеді.

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет.

Балалармен жұмыс жасауда психотерапевтік жұмыстың икемді түрлерін қолдану өте маңызды. Психотерапевтикалық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай

ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді.

Қазіргі уақытта қандай да болмасын психологиялық проблемасы бар адамдарға көмек көрсету үшін көп әдістер мен тәсілдер қолданылады. Соның бірі психотерапевтік бағыт. Ал балалармен жұмыс кезінде тиімді әдістің бірі-арттерапия.

"Арттерапия" терминін санаториядағы туберкулез ауруына шалдыққан науқастармен жұмысын сипаттау барысында Адриан Хилл (1938) қолданысқа енгізген. Бұл сөз тіркесі психикалық денсаулық орталықтары мен емханаларда өткізілген өнер сабақтарының барлық түрлеріне байланысты қолданылған.

Арттерапия - өнерге негізделген, соның ішіндегі негізінен шығармашылық және бейнелеу іскерлігіндей қолданылатын психотерапияның арнайыланған формасы. Бастапқыда арттерапия К.Г.Юнг пен З.Фрейдтің теориялық идеялар контекстінде пайда болған, ал одан кейін К.Роджерс пен А Маслоудың жеке адам дамуының гуманистикалық модельдерін қоса, кеңінен концептуалды базаға иемдене бастады.

Арттерапия мақсаттары:

1.Агрессия мен басқа да негативті сезімдерге әлеуметтік қолайлы сыртқа шығарту. Картина, суреттер, скульптуралармен жұмыс "бу" шығарудың қауіпсіз әдісі болып табылады.

2. Емдеу процессін жеңілдету. Санаға қонымсыз ішкі конфликттер мен уайымдарды көп жағдайда вербалды коррекция процессінде айтқаннан гөрі, көру бейнелері арқылы шығару жеңілдеу болып келеді.

4.Баланың басып тастауға үйреншікті болған ойлары мен сезімдерін жұмыс істеткізу. Вербалсыз құралдар кейде қатты уайымдар мен сенімдердің айқындалуына және сыртқа шығарудың жалғыз мүмкін нәрсе бола алады.

5.Психолог пен клиент арасындағы қарым-қатынасты жақсарту. Көркем қызметке бірігіп қатысу екі жақты қабылдау мен эмпатия қарым-қатынасының тууына себепші болуы мүмкін.

6.Ішкі бақылау сезімін дамыту. Суреттермен, картиналармен жұмыс немесе жабыстырма (лепка) түс және форманың реттелуін ескереді.

7.Зейінін сезім мен түйсіктерде топтау. Бейнелеу өнерімен айналасу көру және кинестетикалық түйсіктермен эксперимент жасауға және оларды қабылдай алу қабілетінің дамуына кең мүмкіншілік туғызады.

8.Көркемдік қабілеттілігін дамытып, өзін-өзі бағалауды жоғарылату. Арттерапияның қосалқы өнімі жасырын таланттардың ашылуы мен олардың даму нәтижесінде пайда болатын қанағаттану сезімі болып табылады.

Арттерапияда әдістемелердің түрлілігі өте көп. Мысалы, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия және т.б. Солардың ішіндегі әсіресе изотерапияға жеке тоқталып өтеміз.

Изотерапия сурет салу арттерапия түрлерінің бірі болып табылады.

Сурет салу - балаға өз-өзін сезініп және түсінуге, өз ойы мен сезімін еркін шығаруға, қатты уайымдар мен конфликтерден босануға, эмпатияны дамытуға, өзімен өзі болып сурет салуды ағзаны жетілдіру бағдарламасының орындалу жолдарының бірі ретінде қарастыруға бейім.

Сурет сала отырып, бала өзінің сезімдерін, арман-тілектерін шығарады, түрлі ситуациялардағы қарым-қатынасын қайта құрастырып, кейбір қорқынышты, жағымсыз, жарақаттайтын бейнелермен ауыртпалықпен жақындайды. Осылай сурет салу өз мүмкіндіктерін мен айналадағы шындыққа жету әдісі, ара қатынасты модельдеу мен әртүрлі, соның ішінде жағымсыз, негативті эмоцияларды сыртқа шығару әдісі ретінде көрсетіледі. Сондықтан сурет салу психикалық қысымды, стресстік күйлерді алып тастауға, невроздар мен қорқыныштарды коррекциялау үшін кең қолданыс тапқан.

Изотерапияның тағы бір әдісі: Ол - жобалық сурет. Бұл әдіс өзінің екі мінезділігімен қызықты. Бір жағынан бұл керемет диагностикалық әдіс, екінші жағынан ол психокоррекционды әсер етудің барлық қажетті техникаларға ие.

Салуға ұсынылатын тақырыптар жалпы топтық та, жеке де проблемаларға қатысты болатындай әртүрлі болуы мүмкін. Әдетте сурет салу тақырыптары мынаны қамтиды:

1.Өзінің өткені мен қазіргі кезең ("Балалармен араласудағы менің ең басты проблемаларым", "Өзімді сенімсіз сезінетін өмірлік жағдайларым", "Менің күнделікті күнім"),

2.Болашақ немесе абстрактылы түсініктер ("Кім болғым келеді", "Үш арманым", "Бақыт аралы", "Үрей");

3.Топтағы қарым-қатынас ("Топ мен үшін және мен ол үшін не бердім", "Топта қарым-қатынастан не алдым және одан күткенім").

Жобалық суретте келесідей әдістер (Кратохвил классификациясы) қолданылады:

Еркін сурет салу: (әрбіреуі не қаласа соны сала береді). Суреттер жеке-

жеке орындалып, топ ішінде талқыланады. Тақырып не беріледі, не өздігінен топ мүшелерімен таңдалынады. Сурет салуға 30 минут беріледі, одан кейін суреттер ілініп, талқылау басталады. Әуелі сурет туралы пікірін топ мүшелері, ал одан кейін автордың өзі айтады. Сурет интерпретациясындағы айырмашылық талқыланады.

Бірігіп сурет салу: Бірнеше адам (не барлық топ) тып-тыныш бір бетке сурет салады (мысалы, топты оның дамуын, ондағы көңіл-күй мен атмосфера және т.с.с). Сурет салу аяқталысымен әрбір топ мүшесінің қатысымы, қосқан үлесінің мінезі және сурет салу процесіндегі басқа қатысушылармен қарым-қатынасының ерекшеліктері айтылады.

Қосымша сурет салу: Сурет топ арасында жіберіледі - біреуі бастап салады, келесісі бір нәрсе қосып жалғастырады және т.с.с.

Дайын суреттермен жұмыстың екі түрі бар:

1.Барлық суреттердің бір мезгілдегі демонстрациясы, көру және салыстыру, жалпы салыстыру, жалпы және айрықша мағынаның бірігіп табу.

2.Әр суреттің бөлек талдануы ол қолдан қолға өтіп, қатысушылар ол туралы психологиялық мазмұнын айтады.

Балаларға мына тақырыптарға да сурет салуды ұсынуға болады: «Мектепте», «Далада, аулада», «Жанұя», «Мен қандай қорқынышты түс көремін немесе мен күндіз неден қорқамын», «Менде ең жаман немесе ең жақсы қандай жағдайлар болды», «Мен кім болғым келеді» т.б.

Суреттерді зерттеу баланың қызығушылықтарын, әуестіктерін, темпераменттерінің ерекшеліктерін, көңіл-күйін және ішкі әлемін жақсы тусінуге мүмкіндік береді. Мысалы, суреттегі сұр түстердің көптігі және қара түстің басымдығы өмірге құштарлықтың жоқтығын, көңіл-күйдің темендігін, баланың өзінің шамасы келмейтін қорқыныштардың көптігін білдіреді. Керісінше ашық, қанық, көзге жағымды түстер белсенді өмір тонусын және оптимизмді көрсетеді. Бояумен салғандағы кең құлаш, көлемділік, алғашқы сюжетті өзгертетін алдын-ала және соңынан кескіндеуі жоқ сурет сенімділікті және нық шешімділікті білдіреді. Жоғары қозушылық және әсіресе шектен тыс белсенділік суреттің тұрақсыздығынан, көмескілігінен немесе сызықтардың нақты, бірақ бір-бірімен қиылысып жатқандығынан байқалады. Тежелуі және мазасыздығы бар балалар суретті аз салады, оған қарағанда басқа іс-әрекет түрлерін қалайды. Сурет сала бастағанда түрлі-түсті қарындаштармен салған дұрыс. Сурет салардан бір ай бұрын балаларға үйде сурет салуға тапсырма беруге болады, ол кейіннен үйде белсенді сурет салуға қызығушылықты тудыру үшін қажет. Оның болмауы психикалық дамуды жүдетеді және қандайда бір қиыншылықтың барлығын білдіреді.

Балалардағы қорқыныштарын аяқталмаған сөйлемдер әдістерімен анықтауға болады.

Аяқталмаған сөйлемдер әдісі оқушы қарым-қатынасының және іс-әрекетінің әртүрлі аймағындағы қорқыныштарды зерттеу үшін қолданылады:

Мен мектеп туралы ойласам...
Мен мектепке келе жатқанда...
Қоңырау соғылған сәтте...
Мен мұғалімді көрсем...
Бізде бақылау болғанда...
Сабақ аяқталғанда...
Тақтада жауап бергенде мен...
Мен екі алғанда...
Мұғалім сұрақ қойғанда, мен...

Берілген сөйлемдердің аяқталуында баланың, мұғалім білуге тиісті өте маңызды эмоционалдық көңіл-күйі көрініс береді.

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет.

Психотерапиялық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді. Қорыта айтқанда, олардың бойында қорқыныш симптомдары жойылғанша тұрақты түрде, психотерапевтік әдіс-тәсілдерді қолдану өте тиімді болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Юнг К.Г.Об отношении аналитической психологии к поэтико-художественному творчеству. -М., 1923.- 178 с.
2. Фрейд 3. Психология бессознательного. - М., 1989. -223с.
3. Прихожан А.М. Психокоррекционная работа с тревожными детьми. – М., 1990. -165с.
4. Захаров А.И.. Как помочь нашим детям избавиться от страха. С–Пб., 1995, С.31-32.
5. Кассиль Л. Твой защитники, изд. «Детская литература –М:, 1970. -150с.
6. Копытин С.А.,. Основы арттерапии. СПб., 1999. –190с.
7. Захаров А. И. Дневные и ночные страхи у детей. – СПб.: Издательство «Союз», 2004. С. 55-59.

УДК 378.18

МОДЕРНИЗАЦИЯ ЦЕННОСТЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ КАК КЛЮЧЕВОЙ ФАКТОР ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ

Рыщанова У.М.
Костанайский инженерно-экономический университет им.М.Дулатова, Казахстан

Аннотация. В данной статье затронуты задачи формирования у молодого поколения духа патриотизма, которые поставлены в программе Главой государства. Юных казахстанцев призывают смотреть на современный мир разумно, и учат отделять настоящие вечные ценности от мимолетных увлечений. И в этом направлении та работа, которая проводится сотрудниками библиотеки, успешна. Но некоторые проекты только недавно встали на рельсы и требуют серьезных усилий.

Ключевые слова: программа духовной модернизации, сохранение национальной идентичности, культурное наследие, выдающийся педагог-просветитель Ибрай Алтынсарин, инновации мультимедийного пособия.

Под таким названием была проведена встреча с участием кафедры АНК КИнЭУ им. М.Дулатова, библиотекой и партией «Ауыл» с преподавателями и студентами университета и колледжа. На повестке дня два вопроса. И первый из них - как сегодня в области реализуется программная статья Президента страны - "Рухани Жангыру". Вниманию участников встречи были предложены два видеоролика «Қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең – кезең мен көшуі» и «Специальный проект «Туған жер».

В своем выступлении модератор партии «Ауыл», методист кафедры АНК Куйшинова А.М. отметила, что Казахстан вступил в новый исторический период. Цель известна – войти в тридцатку развитых государств мира. Была проведена большая работа по восстановлению историко-культурных памятников и объектов на территории Казахстана, системно собраны и изучены документы из ведущих мировых архивов, посвященные истории нашей страны. А сегодня перед нами стоит более масштабная и фундаментальная работа. Она акцентировала

внимание присутствующих в зале на основных направлениях модернизации сознания как общества в целом, так и каждого казахстанца. Это – конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное, а не революционное развитие Казахстана, открытость сознания.

Модернизация национального самосознания способствует росту интереса к истории народа, его культуре и родному языку. В Послании говорится, что сегодня современная молодежь должна:

-знать иностранные языки;

-знание IT технологии;

-культурная осведомленность.

Основная цель этой работы – воспитать в подрастающем поколении любовь к своей земле и своей стране. Сохраняя национальную идентичность, необходимо, как указывается в статье Главы государства, выработать свою модель. Президент подчеркивает: «Если нация теряет свой культурный код, то разрушается и сама нация» [1,с.3].

Зав. библиотекой КИнЭУ им.М.Дулатова Рыщанова У.М. указала на главную задачу - сохранить культурное наследие страны. В регионе создана карта сакральных мест. Врамках реализации проекта полным ходом идет разработка карты сакральных мест Казахстана. Одним из первых объектов, построенных по этой программе стали ма взолей первого педагога-просветителя Ибрая Алтынсарина, памятник известному батыру, прославленному бию и первому тархану в истории казахов Шакшак Жанибеку и возвращение одного из лидеров народного восстания 1916 года, Кейки батыра на родину. Эти мероприятия в области стали поистине событиями сакрального значения.

В общенациональный список сакральных объектов Костанайской области вошли: мавзолей Кейки батыра, памятник на захоронении Амангельды Иманова, мавзолей Ибрая Алтынсарина, памятники раннего периода «Екидин», мавзолей М. Дулатова, торгайские геоглифы, археологический памятник «Аркаим», мавзолей Барака батыра и Жауке батыра. Кстати, работа по программе "Рухани Жангыру" ведется в четырех направлениях. Одно из них "Воспитание и образование".

В рамках реализации данной программы, мы знаем, что созданы областные проектные офисы, что такая задача стоит перед, теперь уже нами, учебными заведениями.

Сегодня у нас в библиотеке много уже делается в рамках «Рухани жангыру» - есть у нас большие задумки, большие планы. Это и организация книжных выставок, полок, исторических уроков, виртуальных экскурсий, интеллектуальных игр, конкурсов, викторин, дебатов среди студентов университета и др.

В программе «Рухани жангыру» самым значимым пунктом считаю составление карт сакральных мест по областям. Казахская земля славится полезными целительными источниками, у нас выросли талантливые личности, которые теперь и покоятся здесь же. Обо всем этом нужно знать молодежи. Наши национальные традиции и обычаи, язык и музыка, литература и свадебные обряды, – одним словом, национальный дух, должны вечно оставаться с нами. Мудрость Абая, перо Ауэзова, проникновенные строки Джамбула, волшебные звуки Курмангазы, вечный зов аруаха – это только часть нашей духовной культуры.

В октябре 2018 года исполнилось 177 лет со дня рождения нашего выдающегося земляка, Великого Учителя, известного ученого, поэта-прозаика, этнографа Ибрая Алтынсарина. В рамках реализации республиканской молодежной программы «Рухани Жаңғыру» сотрудники библиотеки КИнЭУ им. М.Дулатова провели тематический вечер «Педагог. Просветитель. Человек.» и оформили книжную выставку «Великий Ибрай: жизнь, отданная народу». С большим интересом первокурсники университета и колледжа слушали выступающих, узнавали новые для себя факты о нашем земляке. Ибрай Алтынсарин — великий просветитель, который положил начало светскому образованию в Казахстане. Первая русско-казахская школа в Костанае была открыта Алтынсариным в 1884 году. Сегодня это здание представляет собой большую школу, оснащенную самым современным оборудованием. Кроме того, Алтынсарин открыл четыре русско-казахских, ремесленное и женское училища, пять волостных школ, два училища для детей русских поселенцев, учительскую школу в Троицке.

Многие выпускники этой школы стали выдающимися людьми и прославили Казахстан. Это Алиби Джангильдин, Спандияр Кубеев, Мухамеджан Сералин, Сералы Кожамкулов, Елюбай Умурзаков, Ильяс Омаров, Сырбай Мауленов, Амир Канапин и другие.

Особое внимание вызвало выступление ибраеведа, зав. библиотекой университета Рыщановой У.М. об истории создания алтынсаринских школ, об открытии областного мемориального музея Ибрая Алтынсарина, об открытии мавзолея Ибрая Алтынсарина 4 октября 2017 года. Так увлекательно и с большим интересом рассказывала об агитпоезде, который прошел 4 этапа (Костанайская, Торгайская, Актюбинская области и г. Оренбург) по местам, где И. Алтынсариным были открыты школы, что присутствующие в зале стали непосредственными участниками этой экспедиции. В Оренбурге участники агитпоезда установили мемориальную плиту (автор: костанайский скульптор Белоусов Леонид Прокофьевич) на здании школы, где с 1850 года размещалась школа для детей казахов, в которой в 1850-1857 г.г. учился Ибрай, с 1889 г.- Орская учительская школа, с 1920г. - казахское отделение Оренбургского пединститута, ныне - НСШ № 3 города.

Всем без исключения интересна была информация о создании мультимедийного пособия «Ибрай Алтынсарин — выдающийся казахский педагог - просветитель», которое произвело на них особое впечатление. Пособие состоит из 6 основных глав и 18 разделов, весь материал расположен в строго хронологической последовательности: освещаются годы жизни и творческой деятельности, годы учебы и инспектирования школ в тургайских степях, материалы об увековечивании памяти земляка. Издание сопровождается фотодокументальными материалами, копиями из архивных документов, музыкальным и звуковым оформлением. Пособие издано на трех языках: казахском, русском и английском. Инновационность пособия состоит еще в том, что были использованы видеофайлы, анимационные эффекты (использование лупы при исследовании архивных документов, перелистывание страниц знаменитой «Киргизской хрестоматии» И.Алтынсарина, фрагменты из документальных фильмов, сценарии массовых мероприятий. Создание мультимедийных пособий - одно из важнейших направлений работы библиотеки, содействующее реализации ее информационной и воспитательной функций [2, с.190-193].

Цель данного мероприятия для студентов - осмыслить значение личности и творчества Ибрая Алтынсарина для современников, сохранение и развитие педагогического наследия, популяризация его трудов.

Участникам тематического вечера были предложены экскурсии в областной мемориальный музей И. Алтынсарина, областную детско-юношескую библиотеку им. И. Алтынсарина и мавзолей Ибрая Алтынсарина, торжественное открытие которого состоялось 4 октября 2017 года.

Жизненный и творческий путь Ибрая Алтынсарина, отдельные страницы его биографии, отдельные аспекты его философских и педагогических воззрений вызывают особый интерес и способствуют духовно - нравственному развитию современной личности.

Сотрудники библиотеки отметили, что «в последние годы интерес к истории растет. Благодаря переменам в современной жизни сформировался новый взгляд на историю, и изыскания в области прошлого позволяют уточнить исторические события, делают историю абсолютно правдивой, живой, наполненной духом времени и проявившейся в судьбах конкретных людей». Мы делаем все возможное, чтобы творчество Ибрая Алтынсарина не угасло, ведь именно его наследие играет ведущую роль в образовании и самообразовании человека, становлении и формировании его личностных, гражданских качеств [3,с.102-112].

Зав.библиотекой рассказала об инновационных подходах к изучению наследия Ибрая Алдтынсарина - необходимо изучить множество документов, успеть переработать, проанализировать и выстроить некую логичную аналитическую схему пропаганды его трудов.

Прошедший тематический вечер - событие не ординарное. Он еще раз убедительно показал, что обращение к педагогическому наследию И.Алтынсарина сегодня как никогда актуально. В наше время необходимо обращение к исторической основе воспитания, ибо без осмысления исторического педагогического наследия невозможно приобщение подрастающего поколения к человеческим идеалам.

«Наша важнейшая идеологическая задача – воспитание казахстанского патриотизма, формирование ясного самоопределения каждого гражданина»,- отмечает Президент Казахстана в стратегии независимости.

Таким образом, современный человек должен быть всесторонне развитой личностью, обладать большим запасом знаний, уметь судить, воспринимать, и перерабатывать невероятное количество информации. Ведь сегодня модернизация общественного сознания требует компьютерную грамотность, знание иностранных языков, культурную открытость. Судьба Ибрая Алтынсарина - нравственный пример для всех, кто жил и живет после него. Его педагогические идеи используют лучшие учителя области, его стихи и проза любимы народом.

Сохранить и приумножить духовные и культурные ценности — вот основная цель работы по программной статье президента «Рухани жангыру» - взгляд в будущее. Одним из направлений модернизации общественного сознания является работа по формированию чувства патриотизма. Патриотизм начинается с любви к своей земле, к своему аулу, городу, с малой родины.

В жизнь современного образования активно вошло воспитание казахстанского патриотизма. Знакомство с бытом и культурой отчего края, способствует нравственно-эстетическому воспитанию юного поколения, становлению их гражданственности, формированию высоких патриотических убеждений, активной жизненной позиции воспитанников, а знакомство с героическими делами современников, приобщает к культуре и умственному труду, способствует формированию характера и воспитанию гражданских качеств подрастающего поколения.

Казахстанцы постепенно переходят на латинскую графику. Этот вопрос сегодня один из самых актуальных. Благодаря латинице наша республика сможет открыть для себя много новых возможностей. Переход на латиницу нам дает возможность в целом войти в этот мир глобальный. Для нас будут доступны все информационные пространства, которые сейчас в мире существуют. Переход на новый алфавит будет поэтапным в течение 8 лет.

К слову, в библиотеке университета открыта обзорная книжная выставка «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», в которой освещены 6 основных проектов. Здесь постоянно проводятся мероприятия по реализации общенациональной программы.

Программная статья Лидера нации дает четкие ответы на актуальную тему духовного возрождения, позволяет понять глубинную суть происходящих преобразований в политике, экономике и социальной сфере.

Уверена, призывы Главы государства будут услышаны казахстанцами и станут для них руководством к действию.

ЛИТЕРАТУРА

1. Послание Президента РК Нурсултана Абишевича Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»,12 апреля 2017 года.

2.Рыщанова У.М. Использование наследия Ибрая Алтынсарина в деятельности современного музея.- Материалы ХШ международного научно-творческого форума «Молодежь в науке и культуре ХХ1 века. Встречи в новом формате». 2014.- С. 190-193.г. Челябинск, Челябинская государственная Академия культуры и искусства.

3.Рыщанова У.М. Современные аспекты краеведческой деятельности библиотек.- Журнал «Ваша библиотека ». - январь 2014.-№1-2.-С.102-112.Профессиональный журнал. г. Москва

ӘОЖ 159.99

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада психология оқытушысының жұмысындағы психологиялық ағарту жұмыстарының формалары: ғылыми-танымал дәрістер, әңгімелесулер, семинарлар, көрмелер, маман-психологтармен кездесу және ата аналармен, мұғалімдермен, оқушылармен психологиялық жұмыстардың түрлері, жүргізу әдіс-тәсілдері баяндалады.

Түйінді сөздер: психологиялық ағарту, ғылыми-танымал дәріс, әңгімелесу, семинар, көрме, маман-психологтармен кездесу, лектория, практикум, диагностикалық сабақ, тренинг, факультатив, үйірмелік сабақ, зерттеу, психологиялық газет, психология апталығы, интонация конкурсы

Психологтың ең маңызды функциясының бірі – халыққа психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады. Психологиялық ағартудың *негізгі мақсаттары:*

– халықты тұлға психологиясының негіздерімен, яғни қарым – қатынас, іс-әрекет, өзін-өзі тәрбиелеу және өзіне-өзі білім беру мәселелерімен таныстыру;

– жаңа психологиялық зерттеулермен, әсіресе оқыту және тәрбиелеу саласындағы нәтижелерді түсіндіру, тарату;

– психологиялық білімдерді және оларды өз өмірі мен қызметінде орнымен қолдана білу қажеттілігін қалыптастыру [1].

Психологиялық ағарту жұмысының формаларына: ғылыми-танымал дәрістер, әңгімелесулер, семинарлар, көрмелер, маман-психологтармен кездесу және т.б. жатады. Психологиялық білім беру жұмыстарын өткізу барысында кейбір ерекшеліктерді ескерген жөн:

1. Мейірімділік, яғни психолог өзінің білімін бере отырып шын тілектестігін білдіруі;
2. Аудиторияның кәсіптік және жас, даму деңгей ерекшеліктеріне жұмыс әдістері, формалары мен мазмұнының сәйкестігі;
3. Берілген ақпараттың мақсатқа сайлығы мен практикалық қажеттілігі;

Перспективалы жұмыстың қатарына оқушылармен, олардың ата-аналарымен, оқытушылармен, мекеме басшыларымен, сауда қызметкерлерімен, менеджер және т.б. мамандық иелерімен жүргізетін жұмыстары жатады. Біз, өз жұмысымызда ата-аналармен, оқушылармен, мұғалімдермен жүргізілетін жұмысқа тоқталамыз. Тұрғындардың бұл категориясы психологиялық білім беру жұмыстарын көбірек қажет етеді.

Ата-аналармен ағарту жұмысының мақсаты:

– бала тұлғасын қалыптастыру және дамыту туралы психологиялық заңдылықтар туралы білім беріп және осы заңдылықтарды тәрбие процесінде есепке алып, пайдалану;

– баланың жанын түсінуді үйрету;

– балаларды оқытып-тәрбиелеуде оларға жиі көңіл бөлуді меңгерту;

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың ең тиімді формасы – психологиялық лекторияларды ұйымдастыру. Лектория бұл лекция циклі емес. Оның мазмұны 2 бөлімнен тұрады: теориялық және практикалық [2].

Теориялық бөлім ереже бойынша маман-психолог лекция оқитын ғылыми-танымал циклдан тұрады. Мұндай лекцияға қойылатын ең басты талап оның мазмұны тыңдаушылар үшін қажетті және қызықты болуы. Қызықсыз лекция ата-аналарды жалықтырып қана қоймай психологтың беделін түсіреді. Әр түрлі аудитория (ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер үшін қандай лекция қызықты) бұларды мысалы, Н.В. Самоукинаның «Мектептегі практикалық психология: лекция, кеңес беру, тренингтер» деген еңбегінен қарауға болады.

Ата-аналар аудиториясы психологтарға белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Ата-аналардың кейбір категориясы психологиялық білімдерді қажетті деп санамайды. Мұндай ата-

аналар бәрін дұрыс жасаймын деп өздеріне сенімді болады. Сондықтан, бұл тәжірибе дұрыс дайындықты қажет етеді. Ал, ата-аналардың кейбір топтары қиындықтан қалай жол табуды білмейді. Олар баланы түсінбейді және қалай тәрбиелеу керек екенін де білмейді. Мұндай ата-аналарды сендіріп, үйретіп, көрсету қажет. Қиыншылықтар психологиялық заңдылықты қате түсінуінен де болуы мүмкін. Мысалы: темпераментті тәрбиелеуге болады, қабілет туғаннан ген арқылы беріледі, қаталдық дұрыс тәрбиелеуге мүмкіндік береді және т.б. Көпшілік ата-аналар балаларға жас ерекшелігіне сай қалай қарым – қатынас жасауды білмейді.

Лекторияның теориялық бөліміне лекция, әңгімелесу, семинар-пікірталас, «дөңгелек үстел» кіргізуге болады. Бұл тыңдаушылар мен лектор арасында қажетті қарым – қатынасты орнатып, қолайлы атмосфераны жасайды.

Лекторияның тақырыбын баланың жас ерекшеліктеріне сай жоспарлаған дұрыс. Тақырыптардың тізімі құрастырылып, ата-аналарға алдын-ала сұрақ анкета өткізген пайдалы. Бұл тізім ата-аналар жиналысында оларға беріліп, өздеріне қызықты тақырыпты белгілеуін өтінуге болады. Таңдалған тақырыптар лекторияның негізі болып табылады.

*Практикалық бөлім***.** Практикалық бөлімсіз лектория формальды шара болып қалады. Көптеген ата-аналар лекториядан тыңдағандарын тереңірек түсіну үшін арнайы тренингтерді, нақтылауды, дәлелдеуді сұрайды.

Практикалық бөлімнің формаларына төмендегілерді жатқызуға болады [3]:

– *практикум,* яғни, ата-аналарды мазалайтын өмірлік ситуацияларды талдау(мысалы: баланың жеткіншектік кезеңдегі мінез-құлқы)

– *тренингтер, қ*арым – қатынас тренингі кең танымал болып табылады.

Ата-аналарды үй жағдайындағы өз бетіндік жұмыстармен орындауға жетекшілік жасауды, зейінді, есті жаттықтыруды, эмоцияны басқаруды үйрету және т.б.

Диагностикалық сабақтар: ата-аналарға өздерінің балаларының қандай екенін білдірту қажет және олардағы аз ғана өзгерістің өзіне көңіл аударуға үйрету. Бұл мақсат үшін байқағыштық жаттығуларын ұйымдастыру (темпераментін, эмоциялық жағдайын анықтау т.б.).

Ата-аналар лекториясының құрамында *жеке кеңес беру* жұмысы болмаса, ол толыққанды болып есептелмейді. Баласының бойындағы қиыншылықтарды түсінбейтін ата- аналар да кездеседі. Мұндай ата-аналарға кеңес міндетті түрде қажетті. Төменде кеңес беру кезінде сақтауға тиісті кейбір ережелерді атап өтеміз:

– кеңес жеке кабинетте, жекеше өткізіледі, ешкім бөгет жасауға болмайды. Ата-аналар қатаң белгіленген уақытта келгені дұрыс. Көп ата-аналарға кеңесті бірге белгілемеңіз;

– қайырымдылық, мейірімділік, ең бастысы сенім мен байланыс орнату;

– шешім тек бірге қабылданады;

– әңгімелесуді жақсыға сеніммен аяқтау;

– келесі кездесуді жоспарлау (бәрі өзгеретіндігін білу керек).

Мұғалімдермен жұмыс: Психологиялық лектория психологиялық білім берудің бұл формасы мұғалімдер аудиториясына барынша жемісті болады [4]. Жаңа психологиялық әдебиеттерді оқып және терең талдауға мұғалімдердің бос уақыттарының жетіспеушілігінен мүмкіншілігі болмай қалады.Мұғалімдерге проблемалық лекторияларды өткізген дұрыс. Ол жарты жылға немесе бір жылға есептеліп, практикалық және теориялық сабақ ретінде кіргізіледі. Бастауыш мектеп және орта мектеп мұғалімдері үшін лекцияны мүмкіндігінше бөлек өткізген дұрыс. Лекторияның тақырыптарын төмендегідей етіп өткізуге болады:

– жеткіншектік кезеңдегі қиыншылықтар (сексапатолог, нарколог және т.б. мамандардың қатысуымен).

– кіші мектеп жасындағы проблемалар;

– мұғалімнің коммуникативтік мәдениетін жоғарылату т.б.

Қазіргі уақытта әр түрлі тренингтер мен рөлдік ойындар кең танымал болып есептеледі. Мұғалімдерге тренингтер өткізумен әдістемелік материалдарды дайындауды Н.В. Самоукина мен С.В. Кривцованың және т.б. жұмыстарынан табуға болады. Жаңа психологиялық әдебиеттерге, ғылыми-практикалық конференция мен семинарлардағы ғылыми мақалаларға мерзімдік басылымдарға шолу жасауға да болады [1].

*Оқушыларға психологиялық білім беру жұмыстары:*Оқушыларға жүргізілетін жұмыстың әр түрлі типтерін: факультатив, лекция, психологиялық тақырыптағы кеш, КТК (КВН), ғылыми-практикалық конференция, қабырға газеті және т.б. жатқызуға болады. Оқушыларға қызықты тақырыптағы лекция оқуға болады. Мысалы, «Түс көру және оны жору». «Адамның экстрасенсорлық қабілеті», «Адам өмірінде түстің маңызы», «Психологиялық символдар» және т.б.

Тақырыптық кештер. Мысалы: «Жұмбақ ес», «Таныс бейтаныс», «Түс кеші».

Сұрақ және жауап кеші. Мұндай кешті ұйымдастырар алдында алдын-ала сұрақтарды жазбаша түрде алған дұрыс. Сұрақтарға оқытушы жауап берген дұрыс, ал қарапайым сұрақтарға оқушылар жауап беруге болады.

Кездесу кеші. Мұнда кездесу кешіне тыңдаушыларға мамандықтың оң және теріс жақтарын айтуға практик-психологты шақыруға болады. Кездесу кештеріне режиссер, прокуратура қызметкерін, тергеушілерді, жазушы, оқытушы, дәрігер, журналист және т.б. шақыруға болады. Бұл мамандардан өз кәсіптеріне психологиялық білімнің қандай көмегі бар, сол жөнінде сұрауға болады. Мұндай кездесуге дұрыс дайындалу қажет. Оқушыларды қызықтыратын сұрақтарды алдын – ала ескеріп, тыңдаушылар мен сөйлеушілерді әңгімелесуге дайындау қажет.

Факультатив, үйірмелік сабақтарды ұйымдастыру: Ғылыми студенттік қоғамды өздерінің бағдарламасымен және ұйымдастырылған формасымен факультатив, үйірмелік сабақтарды ұйымдастыру. Жұмыстың мұндай формаларының бағдарламалары нормативтік психологиялық курстың бағдарламасын қайталамауы, қызықты және аз оқытылған тақырыптарды қамтуы тиіс. Егер мұндай сабақтар мектепте өткізілетін болса, онда тақырыпты таңдағанда тыңдаушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

Мысалы: Жоғары сыныптардың оқушылары үшін қызықты тақырып: *«Сенім, өзін - өзі сендіру және гипноз», «Тұлға және ақыл»* және т.б. Төменгі сынып оқушылары жануарлар психикасы, психиканың құпия құбылыстары және т.б. тақырыптағы әңгімелерді қызыға тыңдайды. Ал, жеткіншектерді өзара қарым – қатынас, тұлғаны қалыптастыру мәселелері, ерік, мінез және темперамент және т.б. туралы проблемалар қызықтырады.

Шағын эксперименттік зерттеулер: Мұнда лекция және практикалық сабақтар үшін студенттер күшімен жасалған экспериментті және тәжірибені демонстрациялауды жатқызуға болады. Бұл диагностикалық зерттеу мектепте мектеп психологына көмек болады. Жоғары сынып оқушыларына, студенттерге өзін-өзі бағалауды, танымдық процестерді өзара қарым – қатынасты және т.б. психологтың тікелей жетекшілігімен диагностикалауды тапсыруға болады. Психолог керекті әдебиеттер тізімін беріп, дайындаған жоспарларын қарап, кеңес беріп, алдын – ала дайындық жасатады [3].

Психологиялық газет: Бұл психологиялық факультативтің, үйірменің немесе ҒСҚ (ғылыми студенттік қоғамның) органы болып табылады. Газет қабырға газеті болуы мүмкін. Газеттің осы түрі ЖОО және мектепте кең қолданылады. Мұндай газетті безендіргенде оқу орындарының психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Рубрикалар әр түрлі, көлемі шағын, мазмұны қысқаша, оқығанда қиындық келтірмеуі тиіс. Теориялық қағидалар мүмкіндігінше бір – бірінен бөлек орналасқан және иллюстрациялармен берілуі тиіс.

Психология апталығы: Соңғы жылдары, әсіресе мектепте пәндік апталықтар кең танымал болып отыр. Психология апталығы бұл ғылымның және психолог мамандығын танымал етудің тиімді формасы болып табылады.. Бұл апталық кезінде барлық топтарда, сыныптарда танымал лекциялар, әңгімелесулер, демонстрация, ғылыми конференция, кездесулер, кештер өткізіледі. Апталық аяғында психологиялық тақырыптағы қабырға газеттерінің конкурсы, ал қорытындысында КТК (КВН) немесе *«Не, қайда, қашан?»* сайысы өткізіледі.

КВН (КТК) – ны және тақырыптық кештерді дайындау: Кештер мен КВН (КТК) – ны өткізу үшін көптеген материалдар қажет. (тарихи фактілер, ғалымдардың өмірбаяны, олардың айтқандары, афоризмдер, тақпақ, конкурс, викториналық сұрақтар, әзілді тестілер, театрландырылған көрініс, ойын т.б.). Кеш сәтті өту үшін алдын – ала жоспар құрылуы қажет. Жоспарды құрастыру кезінде кештің барлық деталдары жөнінде ойлану керек.

Кештің басталуы. Кешті әдеттегідей психология пәнінің оқытушысы ашады. Өз сөзінде ол таңдалған тақырыптың тұлғаның қызметі, кәсібі, жанұясы және т.б. үшін мәні зор екенін атап өтеді.

Тарихи фактілер. Олар мүмкін көріністер немесе біреудің айтқандары (мысалы: Психея жөніндегі аңыз). Кештің бұл бөлімі тікелей таңдалған тақырыптарға байланысты. (Мысалы: «Психолог кәсібі жөнінде», «Біз бәріміз әр түрліміз», «Менің ішкі жан дүнием» т.б.). Ақпаратты баяндау формасы әр түрлі болады: баяндама, көрініс, арнайы сценарий т.б.

Көрермендер үшін соңында шағын сыйлығы бар *конкурсты* ұйымдастыру қажет. Төмендегідей конкурстар өткізуге болады:

– «Сіз білесіз бе?»
– «Егер мен сөйлей алмасам!» (вербальды емес қабілетке конкурс).

Тапсырма:«Көрермендер алдында сөйлемей вербальды емес құралдармен көрсету. Мысалы: ым, мимика, пантомимика» т.б. Көрермендер оқылған өлеңді немесе тақпақты айтуы тиіс.

Интонация конкурсы. Мысалы: «мында кел» фразасының интонациясын білу.1) бұйрықпен; 2) өтінішпен; 3) қуанышпен; 4) қобалжушылықпен; Көрермендер сынға қатысушы дұрыс айтты ма, соны анықтайды.

Сен жақсы психологсың ба? (психология ғылымының негізгі ұғымдары туралы білімін анықтау тапсырмасы).

Біз жақсы көреміз бе? (плакаттағы әр түрлі бейнелерді айыру тапсырмасы. Бұл мүмкін әртүрлі бейнелердің иллюзиясы болуы мүмкін). Сыйлықты тек дұрыс айтқанға ғана емес, біз неге осылай көреміз мүмкіндігінше осыған жауап бергенде беруге болады[3].

Шақыру билеттерінің конкурсы. Билетті алдын – ала дайындау қажет. Мысалы: 1 билетте (тақ билет) символ, фраза, суреттің жартысы, басқа билетте (жұп билетте) басқа бөлігі бейнеленуі тиіс. Жігіттерге тақ номері, қыздарға жұп номері беріледі. Бір – бірін тапқандар ұтады, жеңеді. Бұл конкурсты кештің басында өткізген дұрыс.

Тақпақ, проза, афоризм, мақал және т.б. таңдау.

Музыканы ойлап шығару (қазіргі заманғы билейтін, мүмкіндігінше, келесі би әзілді атаумен немесе таңғажайыпты мәтінмен хабарланған тиімді).Осындай психологиялық ағарту жұмыстарының ата-аналарға, оқушыларға, мұғалімдерге көп көмегі болатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Самоукина Н.В. Практическая психология в школе: лекции, консультирование, тренинги. М., 1997., 80с.
2. Егенисова А.Қ. ЖОО психологиялық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі, Оқу құралы, -Алматы: «Бастау», 2018, 304б.
3. Герасимова В.С. Методика преподавания психологий. Курс лекции. М:, 2004, 78с.
4. Карандашев В.Н. Методика преподавания психологии: Учебное пособие.-СПб:Питер, 2008-250с.
5. Касен Г.А. Теория и методика преподавания психологических дисциплин В Вузе, Алматы, Қазақ университеті, 2013, 148с.

ӘОЖ 159.99

КӨРУ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІ МЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абиева А.
Ғылыми жетекші: Садуахасова А.Б.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада көру қабілеті бұзылған балаларға инклюзивті білім берудің ерекшеліктері мен кездесетін қиыншылқтарды шешу жолдары баяндалады. Көру мүмкіндігі бұзылған балалардың сөйлеу және қарым-қатынас ерекшеліктері мен көруі бұзылған балалардың әлеуметтік психологиялық негіздері қарастырылады.

Түйінді сөздер: көру, қарым-қатынас, Брайл жүйесі, инклюзивті оқыту, сурет салу.

Көру – бұл адам мен жануарлардың күрделі нерв рецепторлы жүйені көру анализаторлары арқылы іске асыратын оптикалық қабылдау. Көру арқылы адам қоршаған орта туралы көп мөлшерде хабарлар алады. Заттардың түсі, пішіні, үлкендігі, олардың бірігіп орналасуы және өзара ара қашықтығын адам көру арқылы біледі. Көру қабілетінің зақымдалуына байланысты бұл топтағы тұлғалар 2ртопқадбөлінеді:

1. Көрмейтіндер;
2. Нашар көретіндер.

Соқырлар (көрмейтіндер) – көруінде ауытқуы бар балалар қатарындағы жарықты көру сезінуі толығымен бұзылып немесе қалдық көру сезімдері мен көру қабілеті бар (жақсы көретін көзіндегі өткірлікті көз әйнек арқылы түзету 0,04 дейін) және көру көлемі тарылу жағдйындағы, көру өткірлігі (0,08 дейін) прогредиентті сипатқа ие көз аурулары бар балалар. Нашар көретіндер- 0,05-тен, 0,2-ге дейін жақсы көретін көзінде түзететін қарапайым көзілдірік арқылы көретіндер. Нашар көретіндерде көру қабілетінің өткірлігінің төмендеуімен қатар, көру қызметінін басқа салалары да бұзылуы мүмкін, мысалы: жарық пен түстерді сезінуі, шеткі бинокулярлық көруі. Көру қабілеті бұзылған балалардың ата-аналары мамандардың кеңесі көмегіне үнемі сүйеніп отыруы тиіс.

Соқырлар мен нашар көретін балаларды мектепте оқытудың өзіндік принциптері мен міндеттері бар, яғни бұзылған көру функцияларын қайта қалпына келтіру, коррекция және компенсация. Ал тифлопедагогиканың ең басты мақсаты — ол дамуында ауытқушылықтары бар балалардың тұлға ретіндегі жан-жақты толысуы, дамуы. Осыған байланысты оларға арналған мектептердің атқаруға тиіс функциялары бар. Олар: оқыту-тәрбиелеу, коррекциялық-дамытушылық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-қалпына келтіру, әлеуметтік бейімделу және кәсіби бағыттандырылу функциялары.

Көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған мектептердің ерекшеліктері:

1. Балалар дамуының жалпы және жеке ерекшеліктерін ескеру.
2. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жаңартып отыру, оқыту мерзімін ұзарту және оқу материалдарын ыңғайлап қайта құру.
3. Сыныптар мен тәрбие топтарындағы бала санын азайту, жіктеу, жұмыстың арнайы әдістері мен түрлерін қолдану, көрнекі құралдар мен қызықты кітаптарды және жаңа тифлотехниканы қолдану.
4. Оқу сыныптары мен кабинеттерін жабдықтау, санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасау, емдеу-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Еңбек және әлеуметтік бейімдеу жұмыстарын күшейту, соның нәтижесінде түлектердің өмірден өз орнын табуын қамтамасыз ету.

Көру қабілеті бұзылған балаларды орта мектепте оқыту үш кезеңге бөлінеді: бастауыш, негізгі және орта мектеп. Барлық деңгейде де оқыту арнаулы бағдарламалар және оқу жоспарлары арқылы іске асырылады. Бастауыш мектепте оқыту-есту, иіс сезу, сөйлеу және мүмкіндігінше

көру қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сондай-ақ емдеу дене мәдениеті, ритмика, әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы сабақтар жүреді. Көруі нашар немесе мүлде көрмейтін балалар бастауыш мектепте оқу іс-әрекетінің дағдыларын – оқу, жазу, санауды меңгереді, көрнекі-бейнелік және теориялық ойлауға, жеке гигиена негіздеріне, кеңістікте бағыт ұстауға үйренеді.

Мектептегі білім берудің III-ші деңгейінде жалпы орта білім беру және дифференциация негізіндегі кәсіби оқыту аяқталады. Орта мектептің соңғы кезеңінде балалардың қызығушылығы, әлеуметтік-психологиялық бейімделуі есепке алына отырып, оның еңбек ете алатын саласы анықталады. Осы мақсатта оқу жоспарына түрлі бағыттағы факультативтік сабақтар енгізіледі. Нашар көретін балалар кейбір тітіркендіргіштікпен, тұйықтықпен сипатталатын мінез-құлқындағы ерекшеліктермен ерекшеленеді. Бұл жетіспеушілік көру кемістігі салдарынан ойында, оқуда, құрдастары қарым-қатынасқа түскенде болатын қиындықтармен түсіндіріледі. Сондықтан нашар көретін балалар оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайын талап етеді. Егер де нашар көретін бала жалпы білім беретін мектепте оқи бастаса, оның жұмыс қабілеті басқа оқушыларға қарағанда тез артта қала бастайды. Егер оның үлгерімі оның мүмкіндіктерінен төмен болса, онда бұл үлгере алмаушылыққа алып келеді. Көру жүйесінің бұзылу деңгейіне, оның белгілеріне, пайда болу уақытына, компенсация мүмкіндігіне байланысты нашар көретіндерге арнайы оқыту мен тәрбие жүйесі құрылған. Нашар көретін балаларды оқыту жағдайы әлсіз көру қабілетін сақтай алатын, оның көру арқылы қабылдауын жақсартатын, ауыртпалық түсірмейтін жағдайда болу керек. Оған көруді түзететін көз дәрігері ұсынған құралдарды қолдану жатады: кәдімгі және арнайы көзілдіріктер, жұмыс істейтін жердегі жарық беретін құралдар, арнайы оқулықтар, көру жұмысының күнтізбесін сақтау жатады.

М.И.Лисина қоршаған әлеммен балаларды өзара іс-әрекеттің дамуы қарым-қатынастың бірнеше ерекше пішіндерінің ауысуымен болады деп қарастырды. Олардың әрқайсылары жас кезеңдерінің коммуникативті іс – әрекет күйін көрсетеді және эмоционалды реакциялар, әлеуметтік қатынастардың жиынтығымен, вербалды және вербалды емес тәсілдердің айқындылығымен сипатталады. Баланың дүниеге келуінің өмірлік жолының бірінші қадамы – әлемді тану болып келеді. Бұл әрекет тәжірибелік жолмен жүзеге асырылады. Бірақ, баланың әлемге белсене араласуы үшін коммуникативті іс-әрекетке қосылуы керек. Осы жас кезеңнің негізгі мәселесі - бала мен ересек арасындағы эмоционалдық әсерлермен айырбас жасау. Бұл іс-әрекет физиологиялық және психикалық факторларды қоса, барлық өмірлік іс-әрекеттің жүйесінің жұмысын қамтамасыз етеді. Олардың әсері дамуда бұзылыс шақырады, соның ішінде көру анализаторының дамуындағы бұзылыс. Көру ақауы баланың дамуында ең бір күрделі және ауыр бұзылыстардың бірі болып келеді. Жаңа туған нәрестенің көру бұзылысының тереңдігін анықтау қиынға соғады. Себебі, нәрестенің көру жүйесі ересектердің көру жүйесінен ерекшелінеді. Баланың дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы айларында көру қабілеті қарапайым, диффузиялық жарық сезінуімен сипатталады. Нәрестенің көріп қабылдауының дамуы реакциясымен көрінеді. Екінші айында ғана балада заттық көруі анасын сезінуінен пайда болады. Ерте жастағы коммуникативті әсер етудің негізгі түрі тікелей эмоционалды немесе ситуациялы - жеке қарым-қатынас болып табылады. Бұл әрекет бала ересектің махаббаты мен қамқорлығымен қанағаттануына бағытталған. Баланың мүлдем көрмеуі немесе көру бұзылысының айқындығы туғаннан кейін бірінші аптада білінеді. Сондықтан, көру қызметінің бұзылысы баланың жалпы дамуында білінбейді, әсіресе, бұл кезеңдегі қарым – қатынастың дамуында мүлдем білінбейді.

Көру анализаторы барлық ағзаның жұмысын ұйымдастырады және түзетеді. Сол себептен, оның қызметінің бұзылысы басқа ағзалардың анализаторлық жүйесіне кері әсер етеді. Көру патологиясы бар балаларға өзінің көру бұзылысына сенуі өте ауыр болып келеді. Олар бұл жағдайда басқа анализатордан келген ақпаратты нашар саралайды немесе мүлдем елемейді. Көру бұзылысы бар балалар қоршаған ортаның сапалы алуан түрлілігін қабылдай алмайды. Себебі, сенсор эталондарының жүйесі бұрмаланады. Кез-келген объект, әрекет немесе күйі сияқты күрделі жиынтықтар қоздырғыштар болып келеді. Бұған сенсорлық, перцептивтік, апперцептивтік сияқты сезгіштіктің барлық деңгейлері жауап қайтарады. Субъективті перцептивтік бейне сенсорлық ақпараттың бұрмалануымен сипатталады. Сенсорлық ақпараттың бұрмалануы барлық анализаторлық жүйенің өзара әрекеттесуін бұзады. Бұл елестетуде де көрінеді. Себебі, «қабылдауда не жоқ болса, елестетуде ол болуы мүмкін емес».

Елестету – көру бұзылысы бар балалардың жоғарғы психикалық функциялардың негізін құрушы және қарым – қатынас әрекетінің дамытушысы болып табылады. Көру ақауының әсерінен қозғалу белсенділігі, қозғалыс тепе-теңдігі төмендейді және пәндік іс-әрекеттің дамуына кері әсер етеді. 5 – 6 айында көру бұзылысы бар баланың қалыпты көретін құрдастарынан артта қалғандығы айқын көрінеді. 6 айдан 3 жасқа дейін көру бұзылысы бар балаларда бірінші кезекте - ынтымақтастық қарым-қатынасқа түсу. Ынтымақтастық қарым-қатынасқа түсу ересектермен іскерлік – ситуациялық сөйлесуде жүзеге асырылады. Ересектермен сөйлесу мазмұн деңгейімен бір мезетте жүзеге асуы мүмкін. Яғни, сөз арқылы жеткізілген цифрлық ақпарат. Аналогия ақпаратты беретін қарым-қатынастық деңгей – мұнда сөйлеп тұрған адамның тыңдаушыға деген қарым-қатынасы. Көру бұзылысы бар балалар сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарынан айрылған. Олар арнайы оқытуды қажет етеді.

Көру бұзылысы бар балаларда пәндік қызметті 3 – 4 жас аралығында қалыптастыру созылады. Бала сөйлей бастағанда пәндік қарым-қатынаста коммуникативті іс-әрекетінің дамуында сапалы жоғарылау байқалады. Сөз маңызды екі қызмет атқарады: қарым-қатынастық және сигнификативті, осының арқасында сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсу құралы және ойлау қабілетінің және сананың қалыптасуы. С.Л.Рубинштейн ойлауды ауызша қалыптастырудың ерекшелігі қалыптасса, ой қалыптасады. Сөйлеудің қалыптасуы психологиялық процестердің дамуымен тығыз байланысты: сезіну, елестету, ойлау, есте сақтау.

Көру бұзылысы бар балада сөйлеу қабілеті жақсы дамыған. Олар өз құрдастарымен, ересектермен белсенді сөйлесе алады. Көру бұзылысы бар бала қалыпты баладағы сияқты сөйлеуі бірдей негізде қалыптасқан. Қалыпты көретін балалар сияқты көру кемістігі бар балаларда сөйлеу қабілеті коммуникативті үрдіс кезінде дамиды және түсінеді. Бірақ кейбір ерекшеліктер болады – даму темпі өзгереді, сөйлеудің сөздік – сематикалық жағы өзгереді, вербализм пайда болады, көру әсерлері болмағандықтан сөздерінде айқара ашық сөздер сирек қолданады.

Көру қабілеті бұзылған балалардың жаңа қажеттіліктерін қалыптастыру процесінде, әлеуметтік және қоршаған ортамен қарым-қатынасында дұрыс сөйлеуді біртіндеп меңгертеді. Жаңа сөз қоршаған әлемнің әлеуметтік өзара байланысын таныстырады, оның қарым-қатынастық қызметінің негізгісі болып табылады. Көру бұзылыстары бар балалардың қарым-қатынастық бейімделуі, оның қарым-қатынастық қызметінің әртүрлі суреттеу құралдарының пайдалануын бағамдайды және баланың дамуы эмоционалды, әлеуметтік бағынышты болады. Оған индивидтің вербальды емес қарым- қатынастары, сонымен бірге дауысы, қалыпы, киімі, интонациясының ерекшеліктерінің бәрі жатады.

Мектепке дейінгі көру бұзылысы бар балалармен, көру қабілеті жақсы дамыған балаларды салыстырғанда вербальды емес ауызша қарым-қатынасты иеленеді. Онда балалар ересектермен қарым-қатынас кезінде мәнерлі қозғалыстарды, сонымен қатар ымдармен мимиканы мүлдем пайдаланбайды және серіктестің көңіл-күйінің өзгерісін де сирек байқайды. Көру бұзылысы бар балалардың қарым-қатынасы көбінесе сөйлеу мүмкіндігіне қарай көбірек арқа сүйейді, ал осы уақытта қалыпты көретін балалар қарым-қатынас қызметін іс-тәжірибе жүзінде белсенді жетілдіреді және «теориялық» жүйенің дамуы ересектердің ынтымақтастығы арқылы сөз жүзінде вербальды және вербальды емес құрал-жабдықтары арқылы қарқынды дамиды.

Көрмейтін және нашар көретін балалармен түзету жұмысы педагогикалық үрдіс жағдайында кешенді, жан жақты ықпал ету түрінде жүргізіледі. Түзету жұмысы жалпы дидактикалық және арнайы қағидаларға сүйеніп ұйымдастырылады. Арнайы қағидаларға түзете оқыту, бірінші реттілік, екінші реттілік ақаулықтар, сақталған анализаторларға сүйену және полисенсорлы негіздерін құруға жағдай жасау, қоршаған орта туралы ұғымын қалыптастыру, сөйлеу тілінің қалыптасу деңгейі мен сөйлеу тілінің бұзылу құрылымын ескеру, сөйлеу іс-әрекетінің сақталған (компоненттерін) бөліктеріне сүйену, сөздік материалдың жаңалығын, көлемін, күрделілігін ескеру жатады. Түзету жұмысында арнайы ұйымдастырылған логопедиялық сабақтардың орны ерекше. Көбінесе жеке сабақтар жүргізіледі. Топпен сабақтарда баланың көру деңгейін, сөйлеу қабілеті, қабылдау тәсілдері және жеке басының ерекшеліктері ескеріледі. Тәрбиешілер мен тифлопедагогтар логопедпен бірге сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету жұмыс бағыттарын анықтайды. Сөйлеу мәдениетін дамыту жұмысын барлық сабақтарда жүргізу керек. Логопедиялық сабақ барысында нашар көретін балалардың сақталған көру мүмкіндіктерін

пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді. Ол үшін рельефті суреттер, «сиқырлы қапшық», дыбысты, буынды, сөзді белгілеуге қажет кубиктер т.б. көрнекіліктер пайдаланады. Түзету жұмысында мына бағыттар қарастырылады:

- есту зейінін дамыту;
- сөз қорын дамыту және молайту, сөздің мағынасын анықтау;
- тиісті ұғымдар мен түсініктерін қалыптастыруға байланысты сөйлеу қимыл дағдыларын, координациясын, кеңістікті бағдарлауын жетілдіру;
- жалпылама түсініктерін қалыптастыру;
- сөйлеу тілінің грамматикалық жағын меңгеру;
- байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- дыбыс айтуын және фонематикалық талдау және жинақтау дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар, көруі бұзылған балаларда кездесетін ринолалия, тұтықпа, дауыстың бұзылуын түзету жұмыстары жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Қ.Өмірбекова, Г.С.Оразаева, Г.Н.Төлебиева, Г.Б.Ибатова. Логопедия. Оқулық, Алматы, 2011ж.

2. Под ред Л.С. Волковой Логопедия. М., Просвещение. 2010г.

3. Орфинская В.К. «Дифференциальные методы логопедической работы при разных формах алалии и афазии» М., 2013г.

4. Ибатова Г.Б., Коржова Г.М. Дамуында түрлі ауытқуы бар балалардың сөйлеу тілі дамуының ерекшеліктері., Алматы, 2010ж.

5. Тебенова Қ.С., Рымжанова А.Р., Арнайы психология., Алматы: Дәуір, 2011. 264б

6. Кенжебаева Т.Б. Арнайы психология. Павлодар, 2011ж. 122 б.

ӘОЖ 159.99

СЕНСОРЛЫҚ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНЕ ҚОСУ ЖОЛДАРЫ

Жанадилова Ә.
Ғылыми жетекші: Садуахасова А.Б.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада балаларда кездесетін сенсорлы алалия және оның зерттелу деңгейі баяндалады. Алалия, сенсорлы алалия, моторлы алалия ұғымдарына сипаттама беріліп, оларды түзетуде қолданылатын психотерапиялық әдістердің түрлері және жүргізу жолдары қарастырылады. Сонымен қатар осындай бұзылысы бар балаларды зерттеуші ғалымдардың пікірі келтірілген.

Түйінді сөздер: сенсорлы алалия, ойын, әдістеме, афазия, психокоррекциялық жұмыс.

Алалия – туылғанға дейін немесе бала дамуының ерте кезеңінде бас ми қабығының сөйлеу аяларының органикалық зақымдану салдарынан болған сөйлеу тілінің дамымауы немесе мүлдем жоқ болуы. Алалия термині (грек тілінің – жоқ lalio –сөйлеу, тіл) – аудармасы – сөйлеу тілінің жоқтығы, бұл термин сөйлеу тілі бұзылыстарына арналған әдебиеттерде бұрыннан бері беріліп келеді. «Алалия» терминінен басқа, сөйлеу тілі бұзылысының бұл түрін белгілеу үшін (әсіресе медициналық және шет елдік) басқа да көптеген терминдер қолданылады: туа біткен афазия, дамудың афазиясы, онтогенетикалық афазия, дисфазия, сөйлеу тілі дамуының тежелуі, сөйлеу тілінің конституциональды тежелуі, сөйлеу тілін меңгерудің бұзылуы, (мылқау-естімей сөйлей алмау) т.б. Статистикалық деректер бойынша алалия 0,1% тұрғындарда кездеседі. Мектеп жасына

дейінгі балаларда 1%, ал мектеп жасындағы балаларда - 0,6-0,2% кездеседі. Ер балаларда қыздарға қарағанда алалия екі есе жиі кездеседі деген деректер бар.

Алалияны зерттеуге үлкен үлес қосқандар Г.Гутцман (1894), А.Либманн (1900), М.В.Богданов-Березовский (1909), Э.Фрешельс (1931), ал кейінгі кезде М.Е.Хватцев, Н.Н.Трауготт, В.К.Орфинская, Р.Е.Левина, Б.М.Гриншпун, Л.В.Мелехова, Г.В.Мациевская, Е.Ф.Соботович, В.А.Ковшиков, С.Н.Шаховская, В.К.Воробьева және басқалар. Н.И.Красногорскийдың айтуы бойынша, егер сөздер, бала естіген сөз тітіркендіргіштері ретінде болса және де үнемі сөз есту және сөз кинестетикалық анализаторларда бірінші сигналды жүйенің тітіркендіргішімен сәйкестенетін болса, соңғы аталғандар олармен тұйықтасып шартты рефлекторлы байланыстарды құрайды. Бірінші сигналды жүйенің тітіркендіргіштері сөз белгілеріне ие болып, сөз оларды ауыстырады. Зерттеушілердің бақылауынша, қалыпты дамыған балада мағыналық байланыс 3-5 сәйкестіктен соң тұрақталады. Сенсорлы алалиясы бар балаларда бұл байланыс қиындатылған болып келеді: шартты рефлекторлы реакция саналы түрде орта есеппен алғанда 20-25 сәйкестіктен кейін пайда болады. Сенсорлы алалияның негізгі белгілері, ол есту-сөйлеу анализаторы қызметінің бұзылу салдарынан болған сөйлеу тілін түсінбеуі. Ол доминантты жартышардағы самай бөлігінің зақымдануынан пайда болады. Соның салдарынан бас миының қабығына өтетін дыбыс қоздырғыштарының жеткіліксіз талдап жинақтауына әкеп соғады, одан соң дыбыстық бейнемен, ол белгілеген зат арасында байланыс болмайды. Балалар айтқан сөзді естігенімен түсінбейді, себебі, қабылдап алатын сөйлеу тіл механизміндегі дыбыстарды ажыратуы дамымаған. Н.Трауготт 6м. қашықтықтан айтылған сөзді естіген балалар туралы айтады — бұл қалыпты есту қабілетіндегі сөзді қабылдаудың орташа деңгейі, бірақ, балалардың зияты қалыпты болғанымен, естігеннің мәні оларға түсініксіз болып қала береді. Зерттеушілердің пікірі бойынша, егер сенсорлы алалияда есту қабілеті төмен болса да, сөйлеу тілінің дамымауында ол жетекші (негізгі) емес. Қабылдаудың жеткіліксіздігі есту қабілетінің төмендігімен емес, бас ми қабығының ерекше жағдайымен байланысты. Ю.А.Флоренскаяның айтуы бойынша, сенсорлы алалияда (сенсорлы-акустикалық синдромында) акустикалық қозғыштықтың және есту функциясының әлсіздігінің ерекше жағдайы байқалады. Оның салдарынан есту реакциялары тұрақсызданып, естіп ажыратудағы қиындықтар, естіп талдап жинақтауының жеткіліксіздіктері пайда болады.

Сенсорлы алалиясы бар балалардың есту қабілетін тексеру өте қиын, арнайы электроакустикалық аппаратурада тексергенде есту қабілетінің тұрақсыздығы байқалады: жиілігі мен дауысының қаттылығы бірдей сигналдар бірде қабылданады, бірде қабылданбайды. Сенсорлы алалиядағы есту зейіні мен қабылдау ерекшеліктері, олардың баяулығы, тұрақсыздығы, тербелісі (баланың есту қозғыштарына деген есту реакцияларының тұрақсыздығы) есту қабілетін дұрыс бағалауды қиындатады. Дыбысқа деген реакция оның интенсивтілігінен тікелей тәуелді емес. Шартты есту зейінінің бұзылысы байқалады: балалар тындамай, дыбыстарды естімейді, тез шаршайды, алаңдап тұрады, дыбысталуларға деген қызығушылықтарын жоғалтып алады, есту функциясы тежеледі. Аудиометриялық зерттеулер бірнеше рет өткізіліп, бала жағдайға үйреніп, тапсырмаларды дұрыс түсінген жағдайда аса сенімді болады. Баланың есту қабілетінің жағдайы жөнінде соңғы қорытынды тек қана, бірнеше аудиограммаларды салыстырғанда, дұрыс көрсеткіштердің орнына 8-10 зерттеулердің мәліметтеріндегі жақын сәйкестіктерді алғанда ғана шығарылады. Есту анализаторының естіп өткізу функциясын сақталған жағдайда балаларда дыбысты кеңістікте шоғырландыру білігі жоқ, естіп есте сақтауының бұзылуы айқындалып, дыбыстық қоздырғыштарға индифференттілік байқалады. Бағытталған сигнал (ересек адамның сөзі) баланың оны түсінуіне, қызығушылығына және жауап беруге ұмтылыс жасауы үшін өте әлсіз болады. Зейінді қатыстырмау және оның тез тежелуі — жеткіліксіздік сипатына тән белгілер.

Моторлы алалия — сенсомоторлы және мағыналық операциялардың сақталған жағдайындағы сөйлеудің пайда болу процесіндегі тіл операцияларының қалыптаспауы салдарынан орталық органикалық сипаттағы экспрессивті сөйлеу тілінің жүйелі дамымауы. Бұл тұжырымды жақтаушылар (Р.Коэн, Г.Гутцман, Р.А.Белова-Давид, Н.Н.Трауготт, Ф.К.Орфинская т.б.) сөйлеу тілінің қалыптаспауын моторлы кемшілікке байланысты дейді. Авторлардың көбі алалияны кинетикалық немесе кинестетикалық апраксиямен байланыстырып, осыған байланысты эфферентті және афферентті түрлерін бөліп атайды. Афферентті алалияда сөйлеу тілі

бұзылысының механизмі кинестетикалық апраксиямен, эфферентті — кинетикалық апраксиямен (афазия сияқты) салыстырылады. Соңғы аталған түрі 9-10 рет жиі кездесетіні туралы ақпараттар бар. И.Т.Власенко, В.В.Юртайкиннің (1981) айтуы бойынша, мұндай балалардың сөйлеу әрекетін құрайтын құрылымдық компоненттер арасында диссоциация айқындалады: біреулерінде операция жасау мүмкіндіктері сақтаулы болғанда мақсатты нұсқаулардың қалыптаспауы байқалса, екіншілерінде — тұрақты мотивация болғанда әрекеттің операция жасау аясында кемшіліктер байқалады. Орындау әрекетін қадағалау аясы да жетілмейді, нәтижелерді бастапқы жағдайлармен салыстыру да мүмкін болмайды.

Заманауи психолингвистикалық көзқарас мына авторлардың тіл туралы концепцияларында орын алды: Е.Ф.Соботович, В.А.Ковшиков, Б.М.Гриншпун, В.К.Воробьева т.б. Сенсорлы алалияда логопедиялық әсер ету сөйлеу тілінің құрамын саналы түрде талдауға үйретуге, фонематикалық қабылдауын дамытуға, сөз құрылымын түсінуге бағытталады. Сенсорлы алалиясы бар балаларды оқытқан кезде әрекетті дамытуға, сөйлеу тілінің дыбыстық және морфологиялық талдауын қалыптастыруға бағытталған арнайы әдістер қолданылады. Бұл жерде өз сөйлеу тілін түсінудің, танымдық әрекеттерінің, бала тұлғасының жалпы ерекшеліктері жетілмеуінің деңгейі ескеріледі. Балаларда аналитикалық дамытудың ерекше мақсаты: түстер үйлесімін ажырата білу, заттар пішінін бөлшектеу, мөлшерлеудің жеке өлшемдерін анықтау. Осы мақсаттардың негізінде дидактикалық ойындар мен жаттығулар жүйесі жасалған. Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ. Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие. М.Монтессори әдістемесі бойынша мынадай бірнеше дидактикалық ойындар ойлап табылды:

1. «Судан аулайық» – елеуіштің көмегімен ыдыстың ішінен ұсақ заттарды (тығындар, бұтақтар және т. б.) аулайды;
2. «Тұқымдарды сұрыптаймыз» – бір қорапқа салынған тұқымдарды түрлі бөліктер бойынша сұрыптайды (қолдың саусақтары дамиды);
3. «Кәрзеңкедегі кір қыстырғыштар» – кір қыстырғышты үш саусағымен алып, кәрзеңкенің шетіне қыстырады. Оң немесе сол қолының саусақтарының ұшын жаттықтырады. Мұны қадағалай отырып, баланың солақай немесе оңқай екендігін анықтауға болады;
4. «Төгіп алма» – жармасы бар құмыраны оң қолында ұстап және сол қолымен көмектесе отырып стақанға салады;
5. «Қасықпен саламыз» – жармаға толы тостағаннан бос тостағанға қасықпен салады.

Соңғы екі ойын балалардың көзбен өлшеуін дамытады, ұқыптылыққа, заттарды сақтықпен пайдалануға үйретеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Қ.Өмірбекова, Г.С.Оразаева, Г.Н.Төлебиева, Г.Б.Ибатова. Логопедия. Оқулық, Алматы, 2011ж.

2.Под ред Л.С. Волковой Логопедия. М., Просвещение. 2010г.

3.Орфинская В.К. «Дифференциальные методы логопедической работы при разных формах алалии и афазии» М., 2013г.

ӘОЖ 159.99(045

ПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР МЕН КОМПЬЮТЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада психология пәнін оқытуда техникалық және көрнекі құралдарды қолдану туралы сөз болады. Техникалық құралдардың түрлері: видеоаппараттар, аудиоаппараттар, проекциялық аппараттар. Бейнелеу көрнекілік құралдарына: фотолар, суретшілердің картиналары, плакаттар, диапозитивтер және т.б құралдарды жатқызуға болады. Таңбалы-символикалық көрнекі құралдарға: модельдер, символдар, таңбалар, графиктер, кестелер, схемалар, диаграммалар және т.б**.** жатады.

Түйінді сөздер: видеоаппарат, аудиоаппарат, проекциялық аппарат,техникалық, көрнекілік, фотор, картина, плакат, модель, символдар, таңба, график, кесте, схема, диаграмма.

Психологияны оқытуда техникалық және көрнекі құралдарды, компьютерлік жүйелерді қолдану білімді толықтай қабылдауға мүмкіндік береді. Техникалық құралдарға ақпараттық оқу құралдары жатады. Олар вербалдық және бейнелік ойлаудың арасындағы байланысты және оқу материалын терең меңгеруді қамтамасыз етеді. Бұндай құралдарға:

А) видеоаппараттар (теледидар, кинокамера, видеомагнитофон, фотоаппараттар және т.б.) жатады. Оларды демонстрациялау үшін қолдануға болады:

– оқу фильмдерін немесе олардың фрагменттерін;

– кеңес беру процесін (белгілі психотерапевттер, студенттерге кеңес берудің әр түрлі техникалары және т.б.).

– зертханалық типтегі ғылыми эксперименттер;

– психологиялық құбылыстың пайда болуы (темперамент типтері, мінез акцентуациясы, эмоциялық күй және т.б.).

Видеоаппараттарды қолдана отырып видеотренингтер, кәсіптік мінез-құлық талдау, студенттердің оқыған лекцияларына әдістемелік талдау, қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету мәселелерін ұйымдастыруға болады.

Б) аудиоаппараттар (магнитофондар, диктофондар және т.б.). Бұларды жалпы психология курсында есту сезімталдығы, есту түйсігі мен қабылдауды демонстрациялау үшін қолдануға болады. Психология сабақтарында сөйлеудің кейбір фрагменттерін жазып алып, сөйлеудің темпін, интонациясын, тембрін және оның басқа да сипаттарын талдау үшін пайдалануға болады. Кеңес берушінің сөйлеуін тыңдай отырып студент - болашақ психолог кәсіптік сөйлеудің кемшілігі мен жетістігін сезінуге және өз уақытында түзеуге мүмкіндігін алады[1,37б.].

В) проекциялық аппараттар – бұл әдеттегідей әртүрлі басылған материалдарды экранда көрсету үшін қолданылады. Бұл эпипроекторлар болуы мүмкін (схемалар, графиктер, таблицалар, ғалымдардың порттетін, әртүрлі бейнелерді қайта салу немесе демонстрациялау үшін). Эпипроекторларды пайдаланғанда қараңғылауды қажет етеді. Ал кодоскопта қараңғылаудың қажеті жоқ. Кодоскоп арқылы экранда жазбаны түссіз пленкада орындауға немесе оқытушының сабақ кезінде орындағанын жобалауға болады. Педагогикалық психологияда «көрнекілік» деген термин жиі қолданылады. Адамның танымдық қызметтері өз негізінде әрқашанда тұтас психикалық бейнеге біріктіріледі: қабылдау, елес, қиял, ойлау бейнелері. Сондықтан да оқытуда әртүрлі көрнекілік құралдарын, яғни заттықтан абстрактылы таңбалы -символдық модельге дейін қолданылады. Алайда барлық зат көрнекілік болып есептелмейді.

Обьектіні бейнелеу тәсіліне байланысты психологияда көрнекілік құралдар: *табиғи құралдар, бейнелеу көрнекілік құралдары, таңбалы-символикалық көрнекі құралдар* болып бөлінеді. Табиғи құралдар: өсімдіктер, хайуанаттар, құстар, пайдалы қазбалар және т.б.

Психология ғылымында заттың абстрактылы күшіне қарай табиғи құралдар психологияны оқытуда қолданылмайды.

Бейнелеу көрнекілік құралдарына: *фотолар, суретшілердің картиналары, плакаттар, диапозитивтер және т.б құралдарды жатқызуға болады.*

Фотолар. Психология кабинетінде көрнекті психологтардың фотолар жиынтықтарын (портреттерін) жинақтауға болады. Мүмкіндігінше олар қысқаша автобиографиялық анықтамалармен берілгені дұрыс. Фотолар эмоцияны оқытуда қолданылады. Эмоцияға дәл сипаттама беру күрделі және қиындау екені белгілі Бірдей эмоция түрлі адамдарда әр түрлі болады. Бұл процесте адамның жеке тәжірибесі аз роль атқармайды. Психология сабағында әр түрлі эмоциялар бейнеленген фотографияларды пайдалану, студенттердің әртүрлі эмоцияның пайда болуын анықтауда біршама тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Суретшілердің картиналары. Портреттік живопись адамды «оқып үйрену» өнерінің моделі ретінде ыңғайлы. Мұндай жұмысты ойын түрінде өткізуге болады. Ойынның мәні мынадай: белгілі адамдардың портреті ұсынылып, оған зейін қоя қарап қарап, оның тұлғалық сапаларын айтып беру ұсынылады. Соңынан нәтижелері мінез тақырыбындағы берілген сапалармен салыстырылады. Бұл ойында адамды түсіну тәжірибесі молайып, бақылағыштығы артып, қабылдағыштығы қалыптасады.

Плакаттар. Бұл құрал оқытушыға оқу материалын тікелей аудиторияда демонстрациялау үшін беріледі. Мысалы: рефлекстің қызметінің механизмінің схемасын тақтада салу үшін дайын плакатты қолдануға болады.Плакаттық нұсқада көру иллюзиясы, Гильфорданың интелект моделі, А.Маслоу және т.б қажеттілік пирамидасы иллюстрацияланады.Плакаттарда салынған әр түрлі суреттер де бейнеленуі мүмкін.

Диапозитивтер. Диапозитив – бұл анық түссіз пленка, яғни проекциялық аппарат немесе жарық арқылы қарауға болатын оң, дұрыс (позитивті) жағдай бейнеленген сурет.

Таңбалы-символикалық көрнекі құралдарға: модельдер, символдар, таңбалар, графиктер, кестелер, схемалар, диаграммалар және т.б**.** жатады.

Модель *дегеніміз – нақты объектіні, процесті немесе құбылысты ықшам әрі* шағын түрде бейнелеп көрсету. Модельдеу – объектілерді, процестерді немесе құбылыстарды зерттеу мақсатында олардың (макетін) құру. Модель – көрнекті түрде жазбаша жоспар, сызба ретінде жасалуы мүмкін.

Ал. В. Штоффуаның пікірі бойынша модель - бұл материалдық немесе ойластырылып, бейнеленген жүйе, яғни бейнеленген обьектінің орнын басатын, оны оқып, үйренуде осы обьект туралы жаңа ақпарат береді. Оқу процесінде обьект моделіне сүйену ғылыми теория мен заттық болмыстың арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, түсінуді жеңілдетеді, оқылған модель психикалық бейнелеу ерекшеліктері болады және сол себептен көрнекілік болып саналады. Модель психикалық бейнелеу болатындықтан көрнекілік болып табылады[2,105б.].

*Жеке символдар***.** Қазір ғылымда түрлі символ, таңба сияқты шартты белгілерді қолдану өте қатты күшейіп кетті. Ғалымдар қазіргі ғылымның даму қарқынына сай заңды құбылыс деп санайды. Бұдан түрлі таңбалар сөзді, сөйлеуді жеңеді деген пікір тумайды, адамдардың табиғи тілі ең күшті, баға жетпес құнды қатынас құралы, халықтың ата-бабадан келе жатқан бағалы қазынасы, оны басқа ешбір құрал ауыстыра алмайтыны – талассыз мәселе.

Ғалымдар бұл шартты белгілерді терминология саласына жатқызады. Әрине шартты таңбалар, символдар, графикалық белгілер ғылымның барлық саласына қатысты емес сөз-терминдерге қарағанда, олардың қолданылу аясы тар. Бірақ олар ғылымның белгілі салаларында терминдік және көрнекілік қызмет атқарады, белгілі ғылыми ұғымдарды білдіреді. Көпшілік жағдайда жеке алғанда, олар мағынасыз белгілер. Мысалы a, b, c, t сияқты әріптер ғылымда белгі ретінде қолданылады. Мысалы, психологияның, педагогиканың, медицинаның өзінің жеке символдары бар. Әр бір мемелекет, облыс, өлкенің, рудың, оқу орнының символы, таңбасы болады.

*Кестелер.*Кестенің дидактикалық мақсаты әртүрлі болады. Кесте үлкен көлемдегі материалды жалпылау үшін құрылады. Мұндай кестелерді құрастыру ақыл- ойдың қызметі болып табылады және материал есте жақсы сақталады. Кесте әдеттегідей бірнеше баған мен жолдан тұрады. Онда ақпараттың негізгі құрылымдық бірліктері жазылады. Жазбаларды пайдаланып,

ақпаратты қорыту арқылы кесте толтырылады. Мұнда оқытушының сөзбен түсіндіруі ғана емес, кестенің жекелеген элементтерін практикалық мысалдармен қосымша иллюстрация жасау да қажет[3,88б.].Кестеде психологтың ізденіс және зерттеушінің жұмысының нәтижесін көрсетуге де болады. Кесте оқу тапсырмасының формасы ретінде де қолданылады. Мұндай тапсырмалар көп уақытты қажет етпейді және студентке оқыған материалды жақсы меңгеруге ал оқытушыға студенттің танымдық қызметін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы: кестені толтыру. Кестелік тәсіл білімді меңгеруге ақпаратты есте сақтауға қиындық әкеледі. Егер:

– оны қолданудың мақсаты болмаса және кесте бұл мақсатқа сәйкес келмесе;
– кесте элементтерінің мәні жоқ немесе мазмұнына сай болмаса;
– кестеде сөздік ақпараттар өте көп болса.

Схема. Схеманың кестеден айырмашылығы ол оқу ақпаратын өңдеуге және есте сақтауға ыңғайлырақ. Онда ақпараттар жалпыланған түрде ғана емес, компактылы оңай шолынған формада элементтер арасындағы қатынас байланысты түрде беріледі. Схемада обьекті тұтас түсініксіз ақпараттан тазартылған түрде беріледі[4,58б.].

Психологияны оқыту құралында әр түрлі схемалардың көптеген түрлерін оқытушы сабағында қолдана алады. Студенттің ақыл - ой қызметіне талдау жасау, схема қолданғанда, яғни схема дидактикалық функцияны атқармайды, егер:

– ақпарат элементтерінің саны өте көп болса, схеманы бір мезгілде қолдану мүмкін емес;
– әр түрлі формадағы геометриялық фигуралар қолданылса, ол ақпартты қабылдауды қиындатады;
– графикалық элементтің сәтсіз орналасуы;
– схемада сөздік ақрапаттың болмауы және т.б.

Әр бір схема өз бетінше дидактикалық құндылығы төмен. Оның мазмұнын студенттерге тікелей оқытушының түсінігі арқылы жеткізіледі. Себебі схеманың элементтері, стрелкалар, әртүрі сызықтар оқытушының сөзінсіз дұрыс меңгерілмейді. Әр бір оқу материалы схемада бейнеленуге келмейді. Психологияда танымдық процестер, қабілет түрлері, эмоцияларды оқытуда схеманы қолдануға болады. Мысалы: қиялдың, түйсіктің, ойлаудың түрлерін оқытуда схеманы құрастырып уақытты үнемдеуге және олардың жекелеген түрлеріне жеке - жеке сипаттама беруге болады[5,33б.].

Суреттер. Психологияны оқытуда сурет оқытудың ыңғайы және кең қолданатын құралы болып табылады. Көбіне суретті оқытушы өзінің жеке ойланумен салады. Кейде әдістемелік әдебиеттердегі суреттерді қолдануға болады. Сәтті салынған сурет обьектіні оқытуда оған зейін аудартуда маңызы зор. Динамикалық суреттің дидактикалық салмағы жоғары. Бұл жағдайда оқытушы дұрыс жетпеген элементті толықтыруға мүмкіндігі болады. Мысалы: А.Маслоу бойынша қажеттіліктің классификациясының онтогенетикалық дамуын көрсететін динамикалық суреттерді демонстрациялауға болады[6,119б.].

Психологияны оқыту барысында оқу міндеттерін шешуге бағытталған оқу бағдарламалық құралдары (ОБҚ) (электронды оқулықтар, электронды курстар, дәрістер, слайд-дәрістер, мультимедиялық презентациялар және т.б.) кеңінен қолданылады.

Оқу бағдарламалық құралдары келесі аспектілерге сай болуы керек:

– *психологиялық* – аталған бағдарлама оқу уәжіне, психологияға оқу пәні ретінде қалай ықпал етеді, оған деген қызығушылықты арттыра ма, төмендетеді ме, машинада құрастырылып ұсынылған қиын әрі күрделі, дәстүрден тыс талаптары білім алушыларда қиындықтар тудыра ма;

– *психологиялық* – бағдарлама қаншалықты көлемде психология курсының жалпы бағытын түсіндіре алады және де білім алушылар бойында психологиялық іс-әрекет туралы оң көзқарастарын қаншалықты көрсете алады;

– *әдістемелік* – бағдарлама материалды меңгертуге дұрыс таңдалған ба, студенттерге ұсынылған тапсырмаларды таңдау дұрыс шешімін тапты ма, материал әдістемелік тұрғыдан дұрыс берілген бе;

– *ұйымдастырушылық* – компьютерді және жаңа ақпараттық технологияны қолданумен өткізілетін сабақ дұрыс жоспарланған ба, білім алушыға өзіндік жұмыстарды орындау үшін уақыт жеткілікті көлемде беріле ме және т.б.

Осы жайттардың басын ашып құрастыру өте үлкен еңбекті, арнайы іскерлік, дағды мен уақытты талап етеді. Сонымен қатар оқу сабақтарының сапасы (дәрістер, семинарлар) виртуалды иллюстративтік материалдарды әзірлеу мен өңдеу сапасына байланысты болады.

Кең таралған құралдың бірі – мультимедиялық презентация. Презентация – логикалық жағынан бірізді жүйеленген, мәтіндік және көру материалдары (фотосуреттер, суреттер, диаграммалар, бейнероликтер және т.б.) бар слайдтар. Презентация мақсаты студенттерге оқытылып жатқан тақырыптың мәнін түсіндіруге және оның негізгі ойларын есте берік сақтауға көмектеседі.

Слайдтағы материалдар айқын құрастырылып, оларда тек тірек тезистері, маңызды ұсынымдар, ойлар, түсініктер, суреттері болуы мүмкін. Сонымен қатар қатал дизайн, барлық слайдтарға ортақ шрифт, бірыңғай шаблон қолдану, сапалы оқылатын, көрінетін жазулар мен бейнелер болуы керек Презентация әзірлеу барысында мынандай ортақ ұсыныстарды қолдану керек:

– презентация үшін жинақталған оқу материалы айқын құрылымдалған, жүйеленген болуы тиіс;

– иллюстрациялауды қажет ететін оқу материалы іріктелініп алынуы керек;

– презентация әзірленетін тақырып бойынша немесе тұтас оқу материалы бойынша басты және жанама ақпаратты анықтап алып, мақсат пен міндеттерді тұжырымдау керек;

– презентацияны әзірлеудің жалпы сызбасы қисындық жағынан бірізді және параллельді байланыстар тізбегін құрайды (пәнаралық, ғылым аралық, пән ішілік және т.б.);

– презентацияның құрылымына жоспар-конспектісі кіреді, онда басты ұғымдардың анықтамасы, ойлардың қорытындылары, слайдтардың аты мен мазмұны, мәтін үзінділері, суреттер, сызбалар, кестелер, фотосуреттер, белгілер (графикалық бейнелер, басқа да символдар) беріледі;

– презентация түрін таңдап алу қажет. Ол екі типті болады: ажыратылымсыз (музыкалы және музыкасыз), кадрлық (музыкасыз). Ажыратылымсыз презентация дәріске дейін не одан кейін, ал кадрлық презентация лектордың сөйлеу барысында, дәріспен қатар жүріп отырады;

– презентация шрифті мен бейнелері ірі, нақты, анық, түрлі-түсті болуы арқылы оның сапасын айқындайды;

– мәтін мен бейнелер бір-бірін толықтырып отырулары керек;

– слайдтағы негізгі ойларға, анықтамаларға, ережелерге дәріс материалдарын бекіту үшін әлсін-әлсін оралып отырған дұрыс;

– видеотүсірілім мен анимация материалдарын қолдануға болады;

– слайдты ұсақ жазбалармен, әр түрлі иллюстрациялармен, жүгіріп, айналып тұратын жазулармен безендірудің еш қажеті жоқ, ол қызығушылықты төмендетіп, презентацияны бүкіл мән-мағынасынан ажыратады.

Осылайша, мультимедиялық презентациялар студенттердің қаралып отырған материалдың мәнін жете түсініп, есте сақтаулары үшін аса маңызды.

Дербес компьютер – психология бойынша оқу сабақтарының әр түрлі кезеңдерінде қолданылатын әмбебап оқыту құралы. Сонымен қатар ол оқыту құралдарының кең көлемін қолданатын дәстүрлі оқыту аясына да ене алады. Дербес компьютер білім алушылардың белсенді түрде оқу іс-әрекетіне араласуына себепкер бола тұра, студенттердің оқу материалын түсініп, есте ұстауларына негіз бола алады.

Оқытудағы компьютердің негізгі қызметі – оқытушылық. Оқыту кезінде компьютерді қолданудың негізгі міндеттері мынандай:

1) оқу үдерісі кезінде кері байланысты қамтамасыз ету;
2) оқу үдерісін жекелендіруді қамтамасыз ету;
3) оқу үдерісінің көрнекіліктігін арттыру;
4) әр түрлі дереккөздерден ақпарат іздестіру;
5) оқылып жатқан үдерістер мен құбылыстарды модельдеу;
6) ұжымдық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру.

Мақсаты мен міндеттері жағынан компьютерлік оқыту бағдарламалары иллюстрациялық, кеңестік, тренажер-бағдарламалар, оқу-бақылау бағдарламалары, операциялық орта болып

бөлінеді. Олардың бірі білім мен іскерліктерін бекітуге арналса, екіншілері жаңа ұғымдарды қалыптастыруға негіз болады. Білім алушыларға зерттеулердің, іс-тәжірибелердің тікелей қатысушылары болуға мүмкіндік беретін үйрету бағдарламалары да бар.

Бір бағдарламада бірнеше режимдердің тоғысуы сирек (оқыту, жаттығу, бақылау) кездеседі. Оқыту режимінде жұмыс істей отырып, бағдарлама экранға оқу ақпаратын шығарады, оны меңгеруге арналған сұрақтарын қояды. Егер жауабы қате болса, машина дұрыс жауабын табуға көмектеседі немесе дұрыс жауабын бірден айтып, жаңадан сұрақ қояды. Жаттығу режимінде тек сұрақтар мәтіні экранға шығады, қате жауап берілсе, толықтырулар айтылады, жауап нәтижелері сақталмайды, оларды ойлауға берілген уақыт шектелмейді. Бақылау режимінде тапсырмалар нұсқасын компьютер өзі таңдайды, ойлану уақыты шектеулі болады, қате жауап берілсе, дұрыс жауабы айтылып, түсіндіріледі. Соңынан қате жібергендер тізімі құрылып, баға қойылады.

Компьютерді оқыту құралы ретінде қолдану жолдары әр түрлі: бүкіл топпен жұмыс немесе жеке жұмыс. Көрсетілген жұмыс істеу жолдары аппарат құралдарының бар не жоқ болуына ғана емес, дидактикалық мақсаттарға да байланысты. Егер, дәрісханада тек оқытушының компьютері ғана болып немесе оқытушы тапсырмаларды ұжымдық жұмыс арқылы орындатуды міндет етіп алса, ол оқытушылық компьютер арқылы оқу тобының жұмысын ұйымдастырады. Мұндай жағдай студенттердің әрқайсысының компьютермен жеке жұмыс істегенінен гөрі нәтижелі болады. Қорыта айтқанда, психология пәнін оқытуда жоғарыда аталып өткен техникалық және көрнекіліктерді қолдану және компьютерлік жүйелерді пайдалану білім алушылардың білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға, танымдық іс-әрекеттерін белсендендіруге ықпалын тигізеді

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бадмаев Б.Ц. Методика преподавания психологии: Учебн. метод. Пособие для препод. и аспирантов вузов. –М.:Гуманит. издат. центр Владос, 1999. –206с.
2. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: –Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2012.
3. Мұхамбетова С.Қ.,Жәрменова Г.С., Дәрібаева С.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі, –Ақтөбе: 2007. –304б.
4. Бапаева М.Қ. Жоғары мектепте психологиялық білім беру процесін жетілдіру. – Алматы, 2006. –176б
5. Егенисова А.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі. – Ақтау: 2016. –367б.
6. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. – Алматы: «TST-compay» 2005. –368б.

УДК 378.147.004

ГРУППОВАЯ ФОРМА РАБОТЫ КАК СРЕДСТВО МОТИВАЦИИ ИЗУЧЕНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА

Битикова А.И.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова, Казахстан

Происходящие изменения в сфере образования, вызванные с нехваткой учителей в школах, массовым оттоком молодых и перспективных специалистов в другие сферы, определяют необходимость обновления метода обучения студентов в вузах посредством использования новых методов обучения, повышения требований к качеству образовательных процессов, оказываемых высшими учебными заведениями.Поэтому нужны новые подходы в обучении в вузах, где будущие специалисты получают необходимые навыки, помогающие ему стать востребованным специалистом.

Основные задачи образования сегодня – не просто вооружить студента фиксированным набором знаний, а сформировать у него умение и желание учиться всю жизнь, работать в команде,

способность к самоизменению и саморазвитию на основе рефлексивной самоорганизации.Поэтому наиболее эффективно реализовать данный подход на практике позволяет групповая форма работы, предоставляющая преподавателю активно включать студентов в атмосферу сотворчества и создавать мотивацию обучения.

Студенты оказываются в условиях, когда им хочется высказаться, так как в группах каждый ощущает свою личную значимость и веру в свои творческие силы. Все это формирует у студентов качественно новое отношение к занятиям, чувство личной ответственности за результат.

Главными признаками групповой работы студентов на занятии являются:

- студентыделятся на группы для решения конкретных учебных задач;
- каждая группа получает определенное задание (либо одинаковое, либо дифференцированное) и выполняет его сообща под непосредственным руководством спикера группы или преподавателя;
- задания в группе выполняются таким способом, который позволяет учитывать и оценивать индивидуальный вклад каждого члена группы;
- состав группы непостоянный, он подбирается с учетом того, чтобы с максимальной эффективностью для коллектива могли реализоваться учебные возможности каждого члена группы.

Цель групповой работы: вызвать интерес к предмету; повысить уровень знаний студентов; учить критическому мышлению. Она создает хорошее условие для дифференцированного обучения, при котором коллектив обучает каждого своего члена, и каждый член коллектива активно участвует в обучении своих товарищей по совместной учебной работе. Задачи групповой работы: научить студентов работать в коллективе, подтянуть отстающих студентов, научить студентов самооцениванию и взаимооцениванию. При совместной работе вся деятельность обучающихся строится на сотрудничестве и товарищеской взаимопомощи и работает по принципу "все обучают каждого, и каждый - всех, коллектив заботится о каждом, и каждый обо всех". Только в таких условиях возможно истинно нравственное воспитание в духе общечеловеческих гуманных принципов. Воспитание личности в процессе коллективных учебных занятий не классное руководство и не индивидуальное преподавание, которое нам знакомо по ГСО. Это - всеобщее сотрудничество и товарищеская взаимопомощь всех обучающихся образовательного коллектива [1.].

Групповая форма работы студентов наиболее применима и целесообразна при проведении практических занятий, так как максимально используются коллективные обсуждения результатов, взаимные консультации при выполнении определенных заданий, при изучении и закреплении новой тем и т.п. И все это сопровождается интенсивной самостоятельной работой [2.].

Функции преподавателя при использовании групповой работы:

- контролирование хода работы студентов;
- ответить на вопросы;
- регулирование споров;
- оказывание помощи.

Исключительно эффективна групповая организация работы студентов на занятиях русского языкав группах с казахским языком обучения. Так как многие преподаватели сталкиваются с определенными трудностями: во-первых, многие студенты недооценивают значимость русского языка, так как чаще бывают, ориентированы на глубокое изучение отдельных дисциплин, необходимых для получения профессии; во-вторых, студенты с различными уровнями знаний и подготовкой, это и выпускники городских школ, которые свободно владеют русским языком, а так же выпускники сельских школ, у которых зачастую не было практики общения на русском языке, хотя мы практикуем деление студенческих групп с начинающим и продолжающими уровнями подготовки.

Учитывая эти обстоятельства, я ставлю следующие цели:

– вызвать интерес студентов к изучению русскогоязыка;

– эффективно организовать деятельность студентов, чтобы каждый студент чувствовал себя на занятии комфортно и мог полнее себя раскрыть;

– организация самостоятельной работы студентов;

– развитие навыков устной и письменной речи;

– воспитывать у студентов чувство уважения к каждому члену коллектива.

Во время практических занятий по объяснению и закреплению нового материала очень важно использовать групповую работу. Приведу пример использования групповой работы на занятии русского языка по теме: «Модели научной информации» со студентами 1 курса (гр. ЮП-17-1).

Величина групп различна. Она колеблется в пределах 3-6 человек. Состав группы не постоянный. Он меняется в зависимости от содержания и характера предстоящей работы. При этом не менее половины его должны составлять студенты, способные успешно заниматься самостоятельной работой.

Вначале занятия студенты знакомятся с целями занятия (преподаватель должен ставить конкретные, достижимые цели), затем студенты делятся на 3 группы по четыре студента. При разделении групп особое внимание обращаю на комплектацию групп, создание группы из упорядоченного списка (наличие в группе «сильного», «среднего», «слабого» студента). Также учитываю распределение ролей в группе (коллективное обсуждение темы, ответы на вопросы, запись постера, защита постера). Перед началом студенты должны ответить на вопросы:

- Какие особенности имеет научный стиль?
- Что такое дефиниция?
- Что такое информация?
- Для чего нужна информация?
- Какие виды информации знаете?
- Какие модели научной информации знаете?

Так как это было одним из завершающих моментов, они были уже знакомы с некоторыми научными понятиями.

Критериями успеха данного занятия являются:

Все студенты смогут дать определение понятию «Что такое информация?».

Большинство студентов будут уметь, находить модели научной информации.

Некоторые студенты смогут составить примеры научной информации.

Перед началом выполнения заданий студенты обмениваются тезисами: какие особенности имеет научный стиль, что такое дефиниция, приводят примеры моделей научной информации. Выполнение заданий требует от студентов определенной атмосферы занятия: атмосферы спора, рассуждения, доказательства, совместного поиска решения проблемы. При групповой работе важную роль играет эмоциональный климат в микрогруппе, желание студентов поддержать друг друга. Поэтому преподаватель должен обратить внимание на состав группы. Данная группа ПД-17-1, где было проведено занятие, отличалась дружелюбием, взаимовыручкой, взаимопониманием.

При наблюдении групповой работы студентов особо хотелось бы отметить то, как студенты работали над своими постерами. Они выслушивали мнения друг друга, обменивались своими суждениями: какие особенности имеет научный стиль, что такое дефиниция, приводили примеры моделей научной информации.

После устных ответов студенты приступили к обсуждению этих вопросов в своей группе и начали работу над созданием постера. Во время данной работы я наблюдала за работой студентов, старалась учесть вклад каждого студента, отвечала на вопросы студентов. В конце занятия использовала прием рефлексии «Незаконченное предложение

- Сегодня я узнал ….
- Я научился 6…
- У меня получилось ….
- Меня удивило ….
- Мне захотелось …

Насколько эффективна групповая работа?

Благодаря данной работе студенты научились работе в команде, по моим наблюдениям было видно, как они чувствуют ответственность групповой работы. Во время групповой работы не

было пассивных студентов, все они были вовлечены в работу, в создание своего «продукта». По наблюдениям, по эмоциональному состоянию студентов было видно, как они старались внести свой вклад в конечный результат. Члены группы больше общались между собой и было видно, что групповая работа нравится им. Обучение было направлено на конечный результат – составление презентации полученных данных о моделях научной информации.Вот некоторые моменты составленных постеров:

1 группа: Модель или конструкциякто это кто, что это что?передает определение понятия, явления. Например:Наречие – часть речи. Астана является столицей Республики Казахстан.

2 группа: Модель что является чем? часто употребляется в научном стиле речи для обозначения сущности предмета и его существенного признака. Конструкция характеризует место предмета в определенной системе. Например:Земля являетсяпланетой солнечной системы

3 группа: Модель что отличается чем?используется для указания на различительные признаки предмета, явления, а также для описания признаков, выявляемых в результате сопоставления или сравнения. Например:Вопросный план отличается от назывного плана характером предложений по цели высказывания.

Активно развиваются основные 4 вида учебной деятельности: слушание, говорение, чтение и письмо. Даже «слабые» студенты были охвачены работой, помогали написанию постера, что-то подсказывали, делились новыми идеями. И это еще раз доказывает, что групповая работа развивает коммуникативные компетенции, творческий потенциал обучающихся, активизирует мыслительную деятельность, учит коллективной работе, умению работе в команде.

Хочу отметить, что внедряя в обучение групповую работу, я заметила, что студенты внимательнее читают теоретический материал, находя интересное и акцентируя внимание на самом важном. И ответы студентов стали развернутыми и аргументированными. Повысилась степень понимания материала. Они научились рассуждать, творчески мыслить, приобрели уверенность в своих силах и способностях. Благодаря данной работе, я еще раз убедилась в эффективности групповой работы, особенно, если использовать ее при закреплении темы или завершения модуля.

Как в каждой работе групповая работа имеет и недостатки: субъективное оценивание студентов (в плане взаимооценивания), при комплектации групп, когда в группу по случайному выбору попадают только «сильные», которые нуждаются в более трудных, оригинальных заданиях или одни «слабые» студенты, усваивающие материалс трудом, рабочий шум на занятии.

Несмотря на отмеченные трудности, данный вид работы показывает, что применение групповой работы является одним из средств мотивации, особенно при изучении языковых дисциплин. Она является наиболее эффективной, способствующей развитию критического мышления, коммуникативных компетенций студентов, позволяет выявлять многообразие подходов и точек зрения по поставленным проблемам и вопросам, дает всесторонний охват изучаемой темы. Студенты приучаются сотрудничать друг с другом при выполнении общего дела, формируются положительные нравственные качества личности.

ЛИТЕРАТУРА

1.Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении. Книга для учителя. М., Просвещение, 1991г.

2.АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012. Руководство для учителя. Третий (базовый) уровень. Третье издание.

ӘОЖ 376.3(045)

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Игилманова А.П.
Ғылыми жетекші: Кабакова М.Б.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Инклюзивті оқыту-балалардың оқу-танымдық әрекеттерінің ерекшеліктерін ескере отырып жеке бағытта оқыту әдістерін қолдану негізінде, жалпы білім беру мекемелерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін сапалы білім беруге бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ететін кешенді үдеріс. Яғни, дамуында сәл бұзушылығы ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Елбасы Н.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бірмүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Бүгінгі бала–ертеңгі азамат. Сол азаматты балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені сау адамдардың арасында өздерін жайлы сезіну үшін қолайлы атмосфера қалыптастыру-білім беру ұйымдарының міндеті болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беріп, әлеуметтендіруге екінші амал тұрғысынан келетін ғалымдар адам әлеуметтендіру үрдісіне белсенді араласады, қоғам өміріне тек қана бейімделмейді, өзінің өмірлік жағдайына және өзіне ықпал етеді деген пікірді ұстанады.

Түйінді сөздер: инклюзив, интеграция, стратегия, дефектолог, психолог, логопед

Ал жалпы әлеуметтендіруге феномен ретінде кезеңде түрлі ғалымдар: психологтар, әлеуметтанушылар және философтар мен педагогтар да жете мән берген. Атап айтатын болсақ: Г.Асмолов, Е.В.Бондаревская, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, В.А.Караковский, С.Кон,Л. Подласый, А.В.Мудрик, Г.А.Цукерман т.б. [5,6,7,8,9,10,11,12,13]

Қазақстандық ақын-жазушыларымыз бен ғалымдарымыз Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С.Қалиев, К.Қожахметова, М.Демеуова, және т.б. енбектерінде әлеуметтендіру мәселесі жекелеген қырларынан қарастырылған [14,15,16,17,18,19].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға бірдей білім беру орталықтарына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқы рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады [20]. Осы заң шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларға білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. 2000 жылдардың басында педагогтардың 80%-ы бұл жүйеге қарсы болса, 2007 жылы 49% ғана қолдамаған. Қазіргі уақытта, бұл жүйені педагогтар қауымы толықтай қолдауда. Бұл инклюзивті білім берудің дамып келе жатқанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық-медицина-педагогикалық кеңестің қортындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік білім жалпы беретін мектептерде тегін оқуға құқылы деп шешілген [20].

Атап айтсақ мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген [21], сонымен қатар 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын атауға болады [1].Бұл бағдарламаның басты міндеттерінің бірі –еліміздің инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту – барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Біздің мемлекетіміз, 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттенген [22]. Осы мәселені талқылаған халықаралық конференциялар, түрлі симпозиумдар мен семинарлар ұйымдастырылуда. Мамандар «Қазақстан инклюзивті білім беруді дамытуға дайын» деп есептейді. Мемлекетіміз алғашқы қадам жасай отырып, Мемлекетік білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарғаарналған бағдарламасына біріншірет инклюзивті білім беруді дамытуды қосқан болатын[1]. Бірақ біздің елімізде жұмыс істеп тұрған арнайы мектептердің жүйесі сақталады. Себебі қаншама айтсақ та, барлық мүгедек балаларды бірден партаға отырғызып, оқытып алып кету мүмкін емес. Сондықтан бұл процесті мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру кабинеттерін ашудан бастап, біртіндеп кеңейте түсу қолға алынуда.

Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар.

Бірінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі – біржақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену процесі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болу керек.

Екінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Негізгі факторы да осы.

Л.С. Выготский: «Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі – бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі – кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері» - деп атап көрсетеді [7]. Сондай-ақ, ол бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады деді, ол үшін кемтар балаларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керектігіне ерекше мән берген.

Педагог мүмкіндіктері шектелген балаларды экскурсия, сюжетті-рольді ойындар, ертегі қойылымдар, театрландырылған қойылымдар барысында сыртқы ортаның қасиеттерімен, құбылыстарымен таныстырады. Бұл балалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздеріне қызмет ету, тұрмыста және арнаулы өндірісте қиын емес еңбек операцияларын орындауға, мүмкіндігінше қоршаған ортаға икемделуге бағытталған жұмыстар. Осындай жұмыстар барысында дамуында проблемасы бар балалар белсенділік көрсетіп, өз беттерінше жұмыс істей алуға, түрлі жағдаяттар барысына сай әрекет етуге, өзін өзгелердің бағалауына парапар ұстауға үйренеді. Түзету жұмыстары барысында жасаған жұмыстарына сын көзбен қарауға үйреніп қана қоймай, салыстырмалы түрде бағалауға, өзгелердің сындарын қабылдай және текшелей алуға, керек кезінде жолдастарын қолдауға, көмек қолын созуға үйренеді. Ерекше балалардың қоғамдық өмірге араласулары үшін әлеуметтік- тұрмыстық білім мен икемдерін қалыптастыру екенін назарда ұстай отырып, педагог арнайы сабақтарда балалардың қоғамдық орындарда өздерін ұстай алу, қажетті хабарламалар мен жарнамалық ақпараттарды түсіне бастауға үйрету керектігін де басты назарда ұстайды. Мысалы, жаяу жүргіншіге арналған белгілер, ойнауға тиым салынатын белгілер, жақын жердегі асхана, емхана барекені туралы айтатын белгілерді көріп, керегіне жарата алу, кез-келген жағдаяттан шығатын жол болатынын түсіндіру әрине білім беру барысында алатын біліммен байланысты. Мүмкіндіктері шектелген балаларда қоршаған орта туралы сәйкес түсінік қалыптастыру көп жағдайда педагогтың оқыту мен тәрбиелеудің түрлі әдістері мен формаларын қолдана отырып, дұрыс педагогикалық процесс ұйымдастыруымен анықталады.

Ерекше көзқарасты қажет ететін балардың дамуы оқу мен тәрбие барысында практикалық әрекеті негізінде құрылады.

Сондықтан, бұл балаларды өмірге бейімдеу экскурсия және сабақтар, түрлі ойындар формасында ұйымдастырылып, бала дамуында жетекші орын алады. Егер, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде «Тағамдар», «Дүкенде» тақырыптары өтілсе, сабақтан тыс уақыттарда тақырыптық экурсия өткізудің маңызы ерекше. Бірақ балалар белгілі бір объектіні сырттай бақылап қана қоймай, ересектердің әрекеттеріне еліктей отырып, өздері де жас шамаларына қарай әрекет ете алатындай етіп ұйымдастыру өте маңызды. Мысалы, дүкен жұмысын бақылаудағы экскурсиялар балалар сауда залдарында жүріп түрлі бөлімдерді белгілер арқылы анықтауға болатынын, сатушыдан керектерін сұрауға, дүкендегі қалыптасқан қоғамдық тәртіп ережелерін сақтауға үйренетіндей және өздері әрекет жасайтындай етіп жоспарлану керек. Мұндай экскурсия үлкен, егжей-тегжейлі ұйымдастыру жұмыстарын қажет етеді. Егер педагог әрбір ұйымдастырылатын әрекет, іс-шаралардың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатын, алынған материалдарын игертіп қана қоймай, балаларға (экскурсия барысына есеп беру, әңгіме жазу немесе бір оқушының әрекеттерін сипаттау) т.б. тапсырмалар жүйесін дайындаса, бұл мүмкіндіктері шектелген балаларды өз ісіне, жұмысына, берілген тапсырмаларды орындауға дағдыларын қалыптастырумен қатар, балаларға үлкен жауапкершілікті сезіне бастауға дайындап, жүктей бастайды. Мысалы, төменгі топтарда ұйымдастырылатын ойындардың өзінде жеке баланың әрекеті барлық ұжымның әрекетімен тікелей байланысты екенін түсіндіру. Яғни, «Кітапханада» ойыны барысында бір бала кітапханашыдан керек кітабын сұрамаса, кітапханашы ол балаға керек кітабын тауып баре алмайтынын, ойын желісі осы жерден үзіліп қалуы мүмкін. Немесе қимылды ойындар барысындағы ойын ережесін қатаң сақтау керектігін түсіндіру. Ал ойын ережесі сақталмаған жағдайда ойын барысы осы жерден үзілетіні туралы түсіндірілумен қатар, ережені сақтамаудың себебі мен салдарын түсіндірудің де маңызы ерекше.

Әр бағыт арнайы диагностикалық әдістермен тексеріліп, қорытындыланып тиісінше балл қойылады. Шығарылған балға сәйкес психологиялық-педагогикалық профиль толтырылады. Профиль – баланың даму деңгейін көрсететін құжат. Профиль баланың қатер даму зонасын анықтап береді. Әр маман баламен жүргізілген алғашқы диагностикалық тексеру бағыты бойынша өзінің қорытындысын ұсынады. Консилиумда баланың дамуының мінездемесі, оның одан әрі дамуы, балаға түзете дамыту бағдарламасын құру бойынша мәселелері қарастырылып ортақ шешімге келеді.

Біз әр психологиялық тренинг сабақтарымызда ойындарды екі түрге бөліп ойнатамыз. Олар: дайындық ойындары және шығармашылық ойындары. Дайындық ойындарына грамматикалық, лексикалық, фонетикалық және орфографикалық ойындар жатады. Грамматикалық құрылымдарды есте сақтау қиындау және оқушыны жалықтырып жібереді. Сол себептен ойын бұл тапсырманы жеңілдетеді. Мысалы, заттарды көрсетіп «Артығын тап», «Бір сөзбен ата», «Мектепке баратын жолды қызға көрсет» және «Әуенді тап», «Сурет жұмбақтарды табу» т.б. тапсырмалар беру. Сөз орындарын есте сақтау оңай емес болғандықтан, ойын ойнатқан жөн деп есептеймін. Мысалы, «Домино», «Бинго» ойындары, қызықты геометриялық фигураларды сызып, оның әр бұрышына сандарды немесе әріптерді эстетикаға сай, ретсіз жазып қойып, атап беру. Сабақтарымда танымдық ойын түрлері, жаттығулар, суретті кестелер, математикалық графикалық диктант т.б. жүргізіп отырамын. Ойындарға дайындықтың қажеті жоқ, тек қана оқушыларды ойынның шарттарымен таныстырамын. Бұл ойындарды шығармашылық ойындардың қатарына қосуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы.

2.Альтшуллер Г. С., Верткин И. М. Как стать гением: Жизненная стратегия творческой личности. Минск: «Беларусь», 1994.

3.Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. –Орынбор, 1924. -34 б.

4.Алтынсарин Ы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 201 б.

5.Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.

ӘОЖ 376.56

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Кабакова М.Б.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Инклюзивті білім беру мәселесі білім беру саласында ерекше өзекті мәселелерінің біріне айналуда. Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Қазіргі таңда көру қабілеті бұзылған балалар күн санап артуда. Сондықтан балаларға инклюзивті білім беруді қарастыру маңызды мәселе болып табылады.

Түйінді сөздер: инклюзив, әлеуметтік – психология, брайл жүйесі.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге қажет. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз етуі қажет», – деп атап өткен. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. [3]

Көруінде әртүрлі бұзылыстары бар адамдарды оқыту мен тәрбиелеу әдістерін қарастыратын дефектология саласы.

Көзі көрмейтіндерге арналған ең алғашқы оқу-орнын тифлопедагогикалық негізін қалаушы Француз педагогы Гаюи Парижде ашты. Шетелдерде XVIII – XIXғғ Көзі көрмейтіндерге арналған мектептер Ұлыбританияда, Австрияда, Германияда, АҚШ-та құрылды. Бұл оқу орындарында көзі көрмейтіндер жазуға, оқуға, есептеуге және музыкаға оқытылды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап көзі көрмейтіндерді жазуға, оқытуға үйретуде, Луи Брайльдің (1829ж) жасаған рельфті шрифті кең қолданыла бастады. Көзі көрмейтіндерге арналған көптеген рельфті алфавиттердің ішінде (Галь, Лукас,Барбе) және т.б Брайль шрифті жазуға оқытуға үйретуде тиімдірек болды. [1]

Көруі нашарлардың тұлғалық қалыптасуы мәселелері көру бойынша мүгедектердің әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық реабилитациясының тәжірибесінің мәселелерімен ажырамайды. Әлеуметтік реабилитацияның теориясы мен тәжірибесінде келесі принцип қалыптасқан: зағиптың реаблитациясы - бұл ең алдымен оның тұлға ретіндегі реабилитациясы.

Алайда Д.Э.Урлакис атап өткендей, зағиптар мен әлсіз көретіндердің тұлғалық қалыптасуы мен әлеуметтігін тікелей зерттейтін зерттеулер аз. Авторлар көбінесе көру бойынша ересек мүгедектердің реабилитациясының түрлі аспектілеріне талдау жасайды.

Осыған байланысты, А.Н.Силкиннің еңбегі қызығушылық тудырады.(1983), онда жалпы және әлеуметтік психологияның позициясынан әлеуметтік – психологиялық реабилитацияның бағдарламасын ғылыми негіз беріледі.

Әлеуметтік – психологиялық реабилитация туа зағип және көрудің жоғалуы нәтижесінде бұзылған есейе келе көрмей қалған адамның тұлғалық және тұтастай адекваттық жүріс-тұрысы

процестерінің психикалық функцияларының қалпына келуі ретінде қарастырылады, ол психологиялық құрамдар және әдістермен жүзеге асады.

Негізінен үш аспектінің бөлуге болады: 1) тұлғаның заттық әлемге бейімделеді; 2) тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделеді; 3) тұлғаның жеке «менге» бейімделуі.

Бірінші жағдайда мобильділік, жекелік, сенімділікке жету туралы сөз қозғалуға, көзі көрмейтін адамға жеке өміріне қажетті ұстанымдардың қалыптасуымен және қайта қалпына келуімен байланысқан реабилитацияның операциясы іскерлік жағы білінеді.

Екінші аспект көруі нашар адамның өзінің әлеуметтік айналасына әсерімен байланысты. Адаптацияның үшінші аспекті өзінің қоғамдағы күйін бағалаумен, өз дефектісіне қатынасымен, өзінің «менін» уайымдауымен тікелей байланысты. Тұтастай алғанда көру жағынан мүгедектің реаблитациясы тұлғалық жоспары тұлғаның ішкі өзін-өзі реттеуінің құрылуының мәселесі ретінде шығады. [2]

Көру қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері негізінен көретін балаларға тән дамудың жалпы заңдылықтарына сай жүреді.

Көру қабілеті бұзылған балалар үш топқа бөлінеді.

Олар: 1-топ мүлдем көрмейтін балалар;

2-топ көру деңгейі төмен балалар;

3-топ көру деңгейі функционалдық бұзылған балалар. (қыли, амблиопия)

1-топтағы балаларға брайль жүйесінде оқытылу ұсынылады. Брайль жүйесі – бұл бедерлі нүкте арқылы оқыту мен жазу. Аталған жүйемен оқыту үшін арнайы құралдар (прибор, брайль дәптері, грифель) қолданылады.

1-топтағы балаларға брайл жүйесін үйретпес бұрын ет сезім қабілеттерін дамытумен жұмыстану керек. Баланың ет сезім мүшелері дамыса, қалыптасса бедерлі нүктелерді сезуіне, әріптер мен сандарды тез үйренуіне көп көмегін тигізеді.

Ет сезім мүшелерін дамытуға түрлі әдістерді пайдалануға болады. Үлкен заттан бастап, ұсақ затқа дейін ауысу. Мысалы: жіпке тізілген үлкен моншақтан бастап, ұсақ моншаққа дейін төмендеу және оған ілгекті де алуға болады. Сабаққа қатысты үлестірмелі материалды грифелмен бастыру, құрастырмалы, бұрандалы заттармен, жіптің түрлерімен, өсімдік дәндері мен дақылдарын пайдаланға т.с.с. көрнекі заттармен жұмыстануға болады.

Әр 15 минут сайын көз бұлшықеттері шаршамауға, көру деңгейі төмендемеуі үшін көзге арналған жаттығулар жасап тұру керек. Мысалы мынадай жаттығуларды қолдануға болады. Брайль жүйесінде оқитын балаларға әуеннің сүйемелдеуімен орнында отырып, басты оңға, солға, алға, артқа айналдыру. Қолды алға созып алақандарымызды ашып-жұму. (15-20 рет). Орнынан тұрып, басын жүректен төмен қойып, дем алып, дем шығару. Қолдарын жаңға созып, жұдырығын түйіп білегін, шынтағын, айналдырады, қолдарын жоғары көтеріп жұдырықтарын ашу. (15-20) рет, басында 5-10 рет, т.с.с. Сонымен қатар саусақ ұштарына, алақанға бүдірлі заттармен жеңіл массаж жасау.

Көру қызметі бұзылған балаларды ПМПК жағдайында тексерту тәжірибесі диагностикалық кеңесті тездетуге, нәтижесін жүйелеуге, жағдайды толық түсінуге, көру қабілеті бұзылған баланың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып «Баланың даму картасына» төмендегі толықтырулардың қажеттілігін көрсетті.

«Психикалық даму» бөліміне төмендегі берілген бөлімшелер қосылады:

- Ашық түсті ойыншық пен заттарға реакция;
- Балаға қараған көзқарасқа реакция;
- Ииске реакция,
- Естігенін жинақтауға реакция;
- Дыбысқа реакция;
- Сөйлеу екпініне реакция;
- Дыбыс ойыншықтарға реакция;
- Бала мен ана арасындағы қатынас жағдайы;
- Жанасуға реакция;
- Тыныс дыбысқа реакцияның барлығы;

- Заттармен қатысы (берекесіз қозғалыс, мазасыздық,қимылындағы тоқталыс, итеру реакциясы);
- Затты қағып алу әдісі;
- Бес айлығына затты ет сезіммен тексертудің болуы (затты сипау әдістері).

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Обучение детей с нарушениями интелектуального развития: [олигофренопедагогик]: учеб пособие Б.П: Пузанов, Н.П Коняева, Б.Б:Горский и др−М 2000.- 55 с.

2.Ульенкова У.В: Шестилетние дети с задержкой психического развития. − М. 1990.- 125 с.

3.Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан 2050»: новый политический курс состоявшегося государства.

УДК 811.161.1

СЕМЬЯ – ОСНОВА ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ НАРОДА (НА МАТЕРИАЛЕ КОНЦЕПТА «СЕМЬЯ»)

Есенова П., Тайбекова Л.
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются паремиологические единицы казахского языка, репрезентирующие концепт «семья». Предпринята попытка выявить специфические признаки данного концепта. Отмечено, что в казахских пословицах и поговорках широко представлены такие темы, как родственные отношения, воспитание детей, уважение к родителям. Авторы приходят к выводу, что система родственных отношений у казахов имеет отличительные особенности.

Ключевые слова: семья, концепт, культура, народ, ценность.

Концепт как совокупность концептуальных признаков, способных к вербальному воплощению, может быть объективирован как посредством лексических средств, так и посредством паремий, выражающих содержание интерпретационного поля концепта. По мнению А.М. Мелерович, в языковой репрезентации концептов важная роль принадлежит пословицам как «микротекстам особого рода, типизирующим, обобщенно характеризующим различные явления жизни социума, содержащим назидание» [1, с.570]. Именно в пословицах субъективно интерпретируются представления социума о мире и отражается универсальность общечеловеческого жизненного опыта. Каждый народ сохраняет в памяти только самые главные, важные и необходимые ценности.

В.Н.Телия дает емкое понятие пословицы: «Пословицы – мощный источник интерпретации, поскольку они и есть по традиции передаваемый из поколения в поколение язык веками сформировавшейся обыденной культуры, в котором в сентенционной форме отражены все категории и установки этой жизненной философии народа – носителя языка» [2, с.241]. Семантика паремии тесно связана с воспроизводимостью пословиц и поговорок в определенной ситуации: «появление их как бы вынуждается силою обстоятельств, как крик или возглас, невольно сорвавшийся с души…» [3, с.18]. Известный казахский паремиолог Ө. Тұрманжанов дает очень

меткую характеристику пословицам: «Әншейінде жәй бір мақал, дәл орнына қозғалған кезде тіпті күшті, пәрменді болып кетеді. Жай орнында тұрғанда жабайы теміртек «түйте» мақал, дәл айтылатын жерінде қолданғанда нар кескендей кесіп түседі» [4, с. 5].

Как известно, в пословицах и поговорках отражена вся жизнь народа, сложная и противоречивая, обобщен его жизненный опыт; центральное место в них занимает человек во всех своих «ипостасях».

В рамках данной статьи концепт «семья» рассматривается как фрагмент концептуальной картины мира, выявляется специфика его объективации в языке казахского народа на материале пословиц и поговорок.

В казахской культуре существует понятие Жеті ата – знание своих предков до седьмого колена. Когда встречаются два казаха, первый вопрос к собеседнику – знает ли тот своих предков до седьмого колена? Спрашиваемый, если даже он ребенок семи лет, должен был ответить, иначе можно было прослыть невеждой и невоспитанным человеком (*Жеті атасын білмеген мұрт [құл]*). Казахский народ не одобряет людей, не знающих и не ценящих всего того, что объединяет их с семьей, с предками, а значит и со всем народом; людей, легко забывающих сделанное им добро, свою историю, культуру.

Значимость родственных отношений в жизни разных этносов проявляется по-разному. Казахский народ придает очень большое значение родственным отношениям (*Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, Ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің. Ана жақсылығын ауырсаң білерсің, қайын жақсылығын қыдырсаң білерсің. Ағайын бірде араз, бірде тату. Ағайын бір өліде, бір тіріде керек. Ағайынға карап бала өсер, қарағайға карап тал өсер. Ағайында өкпе бар да кек жоқ. Ағайын қадірін білмесең жалғыздық берсін сазанды. Ағайынмен жауласпа — басың азаяды, Көршіңмен дауласпа — асың азаяды. Ағайынның азары болса да безері жоқ. Ағайын тату болса — ат көп, абысын тату болса — ас көп* и др).

Система родственных связей у казахов разветвленная, сложная и насчитывает сотни наименований субъектов. Казахи разделяют своих родственников на три социума (жұрт): свой социум – отцовская родня, второй социум по материнской линии – нағашы жұрт, третий – со стороны жены (қайын жұрт). Каждый человек занимает в данной системе свое место, в соответствии с которым он получает как определенные права, так и определенные обязательства. В казахской культуре генеалогию принято вести по отцовской линии, поэтому отцовский клан считается главным. Казах считал своим «немере» - внуком только того, кто рождался от сына. Тот, кто рождался от дочери, не мог считаться внуком, и потому его называли жиеном (племянником).

Важное место в системе родственных отношений занимает также материнский социум (нағашы жұрт). В казахском языке существует сочетание нағашы – жиен, передающее особые отношения между жиен и нағашы: «Қазақ салт-дәстүрінде нағашы-жиен арасындағы қарым-қатынастарға ерекше мән беріледі. Жиен нағашыға арқа сүйеп, оған еркелік жасайды, ал нағашы жиенге қамқоршы, оның еркелігін көтеретін ең жақын туыс болып саналады. Жиеннің нағашыдан алынбаған еншісі («қырық серкеші») бар деген ұғымға байланысты ол нағашылап барып, одан қалағанын алып қайтуға, бере қоймаса, ретін тауып, «жиендік істеп» алып кетуге ерікті болған, оған нағашысы ренжуге тиісті емес» [5, с.332]. Эти отношения нашли отражение и в паремиях: *Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды. Нағашысымен күрессе, жиены жығылар.*

Как видим, человек чувствует себя частью сообщества людей, связанных родственными отношениями, в нем он чувствует себя, с одной стороны, защищенным от враждебного, холодного внешнего мира, с другой стороны, он ощущает свою нужность, необходимость этому социуму. Так, в казахской культуре человек, имеющий младшую сестру, младшего брата, обязан помогать им в решении крупных жизненных проблем, опекать, советовать, при необходимости – корректировать их поведение, младшие братья и сестры обязаны слушаться старшего брата и, в свою очередь, избавлять его от мелких бытовых забот и проблем. Это нашло отражение в паремиях: *Ағасы бардың – жағасы бар, інісі бардың – тынысы бар. Ағасы ұрар болар, інісі тұрар болар*.

В казахских паремиологических единицах широко представлены отношения родителей и детей. В пословицах утверждается: *Бала - көңіл гүлі, көз нұры /Ребенок – цветок жизни, источник света/. Бесіктегі баланың күлгенін көрген бір мұрат /Видеть улыбающегося в колыбели ребенка –*

большое счастье/. Баласыз үйде бақыт болмайды /В бездетном доме счастья не бывает/. Балалы үй базар, баласыз үй мазар /Дом с детьми – базар, дом без детей - могила/. Традиционно казахские семьи многодетны, самое большое несчастье для казаха – отсутствие наследника: *Атадан ұл қалса - өзі қалғаны, қыз қалса - ізі қалғаны /Если после отца остался сын, значит, остался он сам, если осталась дочь, значит, остался след/.*

В казахских пословицах подчеркивается ответственность за воспитание дочери: *Қызға қырық үйден тыю /Воспитание дочери – дело всего рода/.* В этой пословице заложен глубокий философский смысл: за воспитание дочери несут ответственность не только родители, но и весь аул, весь род. Это объясняется тем, что сегодняшняя девочка завтра станет женой, матерью, хранительницей семейного очага. Как известно, в казахской семье девушки (дочери) занимали особое положение. Вопреки сложившемуся мнению, казашки никогда не были забитыми и бессловесными. Их баловали, лелеяли, сажали в доме на самое почетное место (*төр*); снохи давали своим золовкам шутливые прозвища «*Еркежан» /Шалунья/, Шырағым /Светик мой/.* О девушках казахи говорят*: Қыз жоқ жерде қызық жоқ /Где нет девушек, нет веселья/. Астың дәмін тұз келтірер, ауылдың сәнін қыз келтірер/ Вкус пищи - соль, краса аула – девушка/. Қыз - қонақ /Дочь – гостья/.* Последняя поговорка имеет свое реальное основание, т.к. по достижении определенного возраста дочь выйдет замуж и уйдет жить в другую семью.

В казахской семье серьезное внимание отводилось почитанию детьми своих родителей*: Ана алдында - құрмет, ата алдында - қызмет. Анана ауыр сөз айтпа, атана ауыр жүк артпа.* У казахов особенно уважительное отношение, чувство благодарности воспитывали к матери, поскольку считалось, что хорошие качества передаются человеку с материнским молоком (*Ана сүтімен*). Мысль о том, что мать очень многое сделала для своих детей, ее труд неоценим, каждый человек в неоплатном долгу перед ней отражена в следующей паремии *Ананды үш рет Меккеге арқалап барсаң да, қарызыннаң құтыла алмайсын /Даже если трижды на себе мать в Мекку перевезешь, с долгом перед ней не рассчитаешься/.* В связи с этим считаем целесообразным выделить группу пословиц и поговорок о матери. В них подчеркивается безграничная любовь матери к своим детям (*Мейірімі мол ананың жүрегі жылы, қолы кең*), забота о детях (*Баланың қолы ауырса, ананың жүрегі ауырады).*

В результате анализа фактического материала мы пришли к выводу, что в казахской культуре семья состоит из следующих ценностных составляющих: родители любят своих детей и желают им только добра, любовь матери к детям безгранична (*Ананың алақаны -балаға айдынды қоныс*), дети должны оправдать доверие родителей. Не менее важным является воспитание, от которого зависит будущее семьи (*Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер*).

Семейная жизнь казахов немыслима без приема и встречи гостей. Знаменитое, известное всему миру, гостеприимство казаха! Он считал каждого гостя посланцем Аллаха, который несет с собой счастье, удачу, достаток: *Құтты қонақ келсе, қой егіз табады, құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады. Қыдырлы қонақ қыдырып келер, қыдыры артынан шұбырып келер. Бір кісі мың кісіге олжа салар.* Любого из гостей, даже совершенно случайного, незнакомого, казах принимал достойно, с уважением (*Қонақ келсе есікке, жүгіріп шық, кешікпе. Қарсы алмасаң қонақты, кесір болар несіпке)*, отдавал последнее, не думая о том, что будет завтра: *сойса қозы өледі, соймаса өзі өледі*. Если гостя нечем угостить, то хозяин всегда находит для него доброе слово: *Сыйларға асың болмаса, сыйпарға тілің болсын.* Для казаха гость - и отдых, и возможность общения с интересными людьми. И не столь важен для него подарок, как искренняя благодарность и благословение гостя: *Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал.* Казах убежден, что *от жағылмаған үй - қора, кісі келмеген үі – мола*, и верит, что гость приносит в дом счастье, удачу: *Қонақ келсе құт келер*.

Для казахской культуры характерны пожелания, содержащие такие понятия как семья, потомство, гостеприимство, долгая совместная жизнь, терпимость, скромность, благодарность родителям, забота о родителях, воспитание потомства (*Үйің бала-шағаға толы болсын, Қонақжай отбасының қолы болсын, Ақ тілек сапарыңның жолы болсын, Тілеуі мол тірлігіннің тынысы болсын. Шаңырағың биік болсын! Үбірлі-шүбірлі бол!Қосағыңмен қоса ағар. Ата-анаға мейірімді бол. Жұптарын жазылмасын* и др.).

Понятие *гостеприимство* обладает в казахском языке глубокой символичностью, отражающейся в важном символе казахской культуры – юрте. Юрта представляет собой модель Вселенной. Не случайно, место напротив входа называется «төр» или верхнее место. Казахи говорят: «Төрге шығыныз», «Төрлетініз!», что буквально означает «Проходите наверх», т.е. «Займите почетное место». Понятие «төр» существует и в современном жилище.

Анализ фактического материала показывает, что культ почитания духов предков является неотъемлемой частью содержания концепта «семья» в казахском языке. Это отражено в поговорках типа *аруақ риза болмай, тірі байымайды* (Пока духи умерших не будут довольными, живые не разбогатеют). Когда казаху тягостно или хорошо, он всегда мысленно обращается к духам, делает жертвоприношения, просит о помощи. Такая форма общения с духами предков существует не только в устном народном творчестве, но и в современной реальной жизни: мы понимаем, что счастливая семейная жизнь немыслима без почитания духов предков и жертвоприношения.

Казахский народ чувствовал себя всегда частью Вселенной и природы, он знал, что его жизнь, как ничья другая, тесно связана с ней. Ощущая себя частицей природы, человек воспевал ее в песнях и кюях, восторгался ею и боготворил, он испытывал «не только естественное восхищение сияющей красотой и бесконечностью Вселенной, но и одновременно чистую радость человека за самого себя, могущего вступать в такие одухотворенно-гармоничные отношения с Мирозданием» [6,с.8]. Любое событие, происходящее в своей жизни (радостное или горестное, счастливое или несчастное), казахи связывали с благосклонностью неба и небесных светил. Как подчеркивает З.К. Сабитова, «у древних тюрков неперсонифицированным божественным мужским началом, распоряжающимся судьбами человека, народа и государства, был Тенгри (Тәңір, Тәңірі) – вечное небо, небесный океан» [7, с. 113].

Казахи считают, что Великий Тенгри – создатель всего сущего на Земле, потому преклонение перед небосклоном (Тәңір – бог), перед Луной, Солнцем является неотъемлемой чертой мировоззрения и миропонимания казахского народа. Он не сомневался в том, что счастье, благополучие, сопутствующие в семейной жизни (материальный или духовный уровни), ниспосланы свыше. И даже случайное «оказаться в нужном месте и в нужное время» вовсе не случайно. Все предопределено всемогущим Аллахом и жизнь человека (здоровье, достаток, благополучие, удача, счастье) в том числе: *Адамның басы - Алланың добы. Құдайдың алдында бай да, кедей де, бәрі құл. Пенденің сұрағаны болмай, Алланың қалағаны болады.* Все в руках Аллаха: *Емшекті ана береді, несібені Алла береді. Жүгірген жетпес, бұйырған кетпес. Басқа салса Алла, не көрмейді пенде.*

Луна как небесное светило по сей день почитается казахами наряду с Солнцем. При наступления новолуния казах, раскрыв свои ладони, просит: «Ескі ай есіркеді, жаңа айда жарылқасын» (Старый месяц был благосклонен, пусть и новый месяц благословит). По мнению исследователя Д.К. Кшибекова, «слово *құдай* происходит из двух тюркских слов: Құт(ты) и ай. Құт(ты) означает «богатство, счастье, благополучие». Ай – это луна. Из этих двух слов образуется понятие құтты ай – месяц, приносящий благополучие, счастье. ... из них образовалось одно слово – құдай, т.е. луна, приносящая счастье, богатство» [8, с. 127].

В жизни каждой семьи бывают счастливые, светлые моменты и темные, неблагоприятные. Они неизбежны в жизни человека, в этом и проявляется, видимо, противоречивость жизни, когда рядом с благополучием, уважением, признанием, счастьем могут идти неудача, презрение, неуважение, провал. Жизнь человека состоит из радостных и горьких минут, как говорят казахи: «Не тәтті – өмір тәтті, не ащы – өмір ащы». Однако в жизни каждого из нас, по мнению К.Нурлановой, есть вечная опора и поддержка и сейчас и всегда – это «Жарық Дүние – Мир-Свет (означает одновременно и Жизнь и Мироздание, чувствование-понимание неотторжимости и Жизни и Мира; вот это и есть вечная «арқа суйеу», данная каждому человеку на уровне глубокого внутреннего чувствования-знания. Оно живет в человеке всегда, и не приходится сомневаться ни в мощи, ни в вечности этой опоры – этого «арқа суйеу». Эта опора, данная на уровне глубокого внутренне-органичного ощущения – чувствования «своего» незыблемого «арқа суйеу», дарует каждому человеку особенную полноту жизни, поскольку напрямую выводит человека на лично им самим воспринимаемую и особенным благотворным образом переживаемую истину, что вечен

мир, вечна жизнь, вечна и его жизнь и через него самого, и через жизнь его детей и детей его детей» [6, с. 24-25].

Исследование паремиологического материала выявляет антропологическую направленность пословиц и поговорок казахского языка. В центре внимания – человек (его жизнь, философия, деятельность, различные виды отношений и т.д.). Концептуальная сущность семьи в казахском языке заключается в ценностной основе, заложенной в пословичном фонде исследуемого языка:

1. Семья – самое ценное в жизни каждого человека.

2. Провиденциальный субъект в лице Аллаха занимает в сознании казаха большое место. Вера в Высшие силы, преклонение перед ними есть у каждого народа. Однако, у казахов почитание Творца (Тәңір, Құдай) проявляется несколько иначе. Казахи боготворят духов предков, преклоняются перед ними, приносят в их честь жертвоприношения, обращаются к ним за помощью и советом. Небо и небесные светила (Солнце, Луна, звезды) играли в жизни казаха огромную роль. От их благосклонности зависела благополучная семейная жизнь казаха-кочевника, и он тесно связывал все происходящее в своей жизни с небом: *пенденің сұрағаны болмай, Алланың қалағаны болады.* Счастье, благополучие в жизни – все от бога, так считают казахи. Но без активного участия самого человека ничего не создается и не сотворяется: *Берер Тәңірім талап қылсаң, тұк таппайды қарап жатқан.*

3. Народная мудрость даёт нам ценный совет - беречь семью, беречь спутника жизни, так как только в семье мы находим поддержку и защиту.

Итак, изучение пословичного фонда казахского языка позволяет сделать вывод о том, что пословицы, образно отражая «дух» народа, его мировидение и миропонимание, являются одним из ярких средств языковой репрезентации концепта «семья».

ЛИТЕРАТУРА

1. Мелерович А.М. О способах репрезентации фрагментов национальной языковой картины мира в словаре Х. Вальтера и В.М. Мокиенко «Антипословицы русского народа» // Слово в словаре и дискурсе: Сб. науч. ст. к 50-летию Х. Вальтера. – М.:ООО «Изд. «Элпис», 2006. - С. 570-576.

2. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурный аспекты. - М.: Школа «Языки рус. культуры», 1996. - 288 с.

3. Даль В. Напутное // Пословицы русского народа. Сборник В.Даля. – М.: Госуд.изд-во худ. лит.,1957. – С. 5-31.

4. Тұрманжанов Ө. Осы кітап туралы // Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. –Алматы: «Білім» баспасы, 2004. - 272 б.

5. Қайдар Ә.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1том. Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 332б.

6. Нурланова К. Человек и мир: казахская национальная идея. – Алматы: Қаржы-қаражат, 1994. – 48 с.

7. Сабитова З.К. Прошлое в настоящем. Русско-тюркские культурные и языковые контакты. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 320 с.

8. Кшибеков Д.К. Истоки ментальности казахов – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 204 с. 9. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. (Жинап, құрастырған Өтебай Тұрманжанов). – Алматы: «Білім» баспасы, 2004. – 272 б.

10. Қазақтың 6000 мақалы мен мәтелі. Ж.С. Кейкін. – Алматы, 1995. – 339 б.

11. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құраст М.Қ. Рахметова – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2007. – 240 б.

ӘОЖ 008:001.8

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ КЕЛТІРІМДЕРІ

Ақбердыева Б.Қ.
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару акдемиясының Маңғыстау облысы бойынша филиалы, Қазақстан

Аңдатпа. Дүниенің фразеологиялық бейнесінің айнала қоршаған болмыс жайлы шындықты түсіндіруге ықпал жасайтыны белгілі. Әрине, функционалды-семантикалық тұрғыдан алып қарағанда әр түрлі болып келеді. Сонда да дүниені фразеологиялық тәсілдердің көмегімен танып білу мүмкіншілігін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені дүниенің фразеологиялық бейнесі ұлттың ғасырдан ғасырға жинаған тәжірибелері мен өмірге көзқарасынан, ақыл-ойынан тұрады. Мақалада көне түріктердің ежелгі мәдениетіндегі дуалистік мифология кезеңінен бүгінгі күнге келіп жеткен кейбір реликтілік қалдықтар, мифтік ұғымдар қарастырылады.

Түйінді сөздер: миф, дуализм, дуалистік мифология, жұп сиволдар, мифтік ойлау, алғашқы ойлау, түркі фразеологиясы, дүниенің фразеологиялық бейнесі.

Мифтік-танымдық жүйедегі жұптық бұл тек қана қарама-қайшылықтар емес, сәйкестік, үйлесімділік, жарасымдылық ретінде қабылдануы: қажет. Жұп символдардағы осы ерекшелік ассоциация, образ, фондық элементтерге байланысты туындап, қалыптасып, тұрақталған бейнелі сөз орамдарында, әсіресе, айқын білінеді. Оның себебі о баста образды (көркем) ойлаудың тереңінде миф-тіл-поэзияның тарихи сабақтастығы жатқандығында болса керек. Оның мысалы ретінде тілімізде шендестіру (антитеза), оксюморон, дамыту, параллелизм, анафора түріндегі жұп фразеологизмдерінің жиі кездесетіндігін айтуға болады. Антитеза - сөз тіркестерінің қарама-қарсы мағынада келуі, яғни кереғар ұғымдарды бетпе-бет қоятын айшықтаудың бір түрі [1,29].Антитеза тәсілімен жасалған жұп фразеологизмдерге: торқалы той, топырақты өлім, тілінде шоқ, ұртында мұз, іші өлген, сырты сау т.б. тәрізді сөз үлгілерін жатқызуға болады. Антитеза жолымен жасалған жұптардың бір-біріне қайшы келуі антонимдік параллель туғызып, көркемдік әсерлілікті күшейте түседі. Ал оксюморон - бірін-бірі теріске шығаратын қайшы ұғымдардан, мағынасы жағынан қарама-қарсы сөздерден құралып, соны тапқырлық, образды ұғым тудыратьш біртұтас сөз тізбегі, стильдік тәсіл. Мысалы: ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылу, өлгені тіріліп, өшкені жану, қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер т.б. Фольклорлық туындыларда жал-құйрық жұбының «туыс, бауыр; аға-іні, үлкен-кіші» ұғымында астарлы қолданылған түрлері кездеседі. Мысалы: Бердің бе рұқсатың, жақсы ағалар, Артыңда - қаба құйрық, алдыңда - жал. Тіліміздегі «сүйеніші, тірегі, аға-інісі жоқ» ұғымында қолданылатын құйрығы жоқ, жалы жоқ фразеологизмінің қалыптасып, тұрақтануына да жоғарыдағы мағына негіз болған, Мысалы: Ағасы бай болса да қыз бермеңіз, Артында құйрығы жоқ, жалы жоққа. Ал енді тіліміздегі осы модельмен қалыптасқан тұрақты сөз орамдарын төмендегі кесте арқылы түсіндіреміз:

+	-
Жақсы тауып сөйлейді	Жаман қауып сөйлейді
Жақсыдан жапа келмес	Жаман опа бермес
Жаманнан жақсы туса	Жақсыдан жаман туса
теңі табылмас	емі табылмас
Жақсылыққа жақсылық	Жамандыққа жақсылық
әр кісінің ісі-дүр	ер кісінің ісі-дүр
Жақсы жолдас жанға дос	Жаман жолдас жанға қас
Жақсыға өтірік айтпа	Жаманға шыныңды айтпа
Жақсы болса алғаның,	Жаман болса алғаның,
үйіннен кісі кетпейді	шын досыңда шеттейді
Жақсы атқа бір қамшы	Жаман атқа мың қамшы
Тоқ не демейді,	Аш не жемейді

Тіліміздегі мақал-мәтелдердің қайсыбірін алсақ та, терең толғаныстардың, философиялық ой жүйелерінің түйіскен жері, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Өмірдің барлық құбылыстары теңбе-теңдікке құрылмайды. Олай болған жағдайда, өмірдің өзі де күрделілігін жоғалтып, ойлануға да орын қалдырмаған болар еді.

Дүниенің фразеологиялық бейнесінің айнала қоршаған болмыс жайлы шындықты түсіндіруге ықпал жасайтыны белгілі. Әрине, функционалды-семантикалық тұрғыдан алып қарағанда әр түрлі болып келеді. Сонда да дүниені фразеологиялық тәсілдердің көмегімен танып білу мүмкіншілігін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені дүниенің фразеологиялық бейнесі ұлттың ғасырдан ғасырға жинаған тәжірибелері мен өмірге көзқарасынан, ақыл-ойынан тұрады. Сондықтан да әр тілдің фразеологиялық тіркестерінің идиоэтностығы мен өзіндік ерекшелігі айқын дәлел болып табылады.

«Түркі фразеологиясы» атты еңбектің авторы А.Нұрмаханов былай деп жазады: «Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі антонимдердің құрамына назар аударсақ, оларда белгілі бір заңдылықтар бар. Соны ата-бабаларымыз білген, терең түсінген, артына өшпес өсиет етіп қалдырған. Өмір бір тегіс тек ащы, немесе бір тегіс тәтті болмайтындығын ескерте отырып, адам баласы жақсыны да, қорлық-зорлықпен қатар, жақсы күн, жарқын өмірді де басынан кешіретіндігін мақал-мәтелдер арқылы алдыңа жайып салады. Мәселен, түрікменнің Ақылдыныц ісіне жаның сүйсінер, ақымақтыц ісіне жаның күйінер немесе туваның Өзінің басындағы түйені көрмей, басқаның басындағы тебенді көреді деген мақал-мәтелдерінде ақылды мен ақымақты салыстырады» [2,139].

Құрамында антоним сөздері бар мақал-мәтелдер түркі тілдерінде кеңінен тараған. Мақал-мәтелдерде антоним жасауға бар-жоқ, жақсы-жаман, үлкен-кіші, алыс-жақын т.б. сөздер қолданылады. Негізгі қарама-қарсылықтар ұжымның прагматикалық ойлау жүйесімен тығыз байланысты, яғни айналасындағы қоршаған ортаны ұжым мүшелері ең алдымен, жақсы-жаман, пайдалы-зиянды деп жіктеп алады. Ал өз кезегінде бұл қарама-қарсылықтардан әр түрлі деңгейдегі бинарлық жұптар туындайды.

Алғашқы қауымдық қоғамның жоғары палеолит дәуірінен бізге келіп жеткен мәдени-тарихи мұралардан, атап айтқанда, тас қабырғалардағы бейне-таңбалардаи ежелгі адамның танымдық ізденістерінін іздерін көруге болады. Бұнда пиктографиялық сурет жазуларға жақын тұрған ерекше таңбалар жүйесі берілген. Зерттеуші ғалымдар тас қабырғалардағы қол арқылы көрсетілетін ым белгілерде (таңбаларда) ежелгі адамдар оң қол мен сол қолға белгілі бір мағыналар жүктеп, екі нәрсені бір-бірінен ажырату, белгілеу үшін пайдаланғанын байқаған.

Француз антропологы Леруа-Гуран алғашқы қауымдағы сол қолдың белгісі - әйелдік негізді символдық таңбалаудың бір тәсілі деп көрсетеді. Яғни ежелгі қоғамдағы ең негізгі, ең алғашқы еркек (аталық) пен әйел (аналық) жұптық қарама-қарсылықтары болып табылады. Мифологиялық дүниетанымның логикалық қаңқасын құрайтын екі негізді жұптық, төрттік құрылымдар өте терең психофизиологиялық және эмпирикалық негіздерден бастау алады. Бұл дуалистік немесе жұптық символдар жоғары палеолит дәуірінде пайда болып, сол дәуірдің мифологиясы мен өнерінде көрініс тапты. Ал осы алғашқы қауымдық мәдениеттің негізінде жатқан қарама-қарсылықтар жүйесі адамзаттық ақыл-ой дамуының ең бастапқы кезеңіне тән құбылыс дуалистік мифологияны дүниеге келтіреді. Дуализм (лат. екі жақты) болмыстың бастамасы бір-біріне тең және тәуелсіз екі - материалдық және идеалдық субстанциялар деп танитын монизмге қарама-қарсы ілім. Дуализм ұғымы ежелгі ерте шығыстың діни-моралдық және ертедегі Грециянның діни-космологиялық мифтерінде кездеседі: дүние процесі өзара үнемі күресетін екі бастамадан: жақсылық пен жамандықтан құралады. Ол бойынша, дүние қарама-қарсылықтардың бірлігінен, жиынтығынан тұрады. Ежелгі дәуір мифологиясының ең бастапқы белгісі оның дуалистік (екі ұдай) негізінде болып есептеледі. Бұл тұжырым 40-жылдардың басында әйгілі этнограф-ғалым А.М.Золотаревтің классикалық зерттеуінде анықталып, соңғы көптегеи зерттеулердс, ғылыми ізденістерде қолдауын тапқан болатын.

Дуализм - қазақ және жалпы түркі мифологиясының басты көрсеткіштерінің бірі, оның ғалам жасау (космогония) мифіндегі сюжеті екі түрлі болып келеді. Біріншісі - екі бастау: аталық - аспан мен аналық - жер әрекетінен үшінші дүние - тіршілік, жер беті, (адам баласы) пайда болады, мысалы Орхон-Енесей жазбасында кездесетін «көкте тәңірі, төменде қара жер пайда болған кезде,

екеуінің арасында адам баласы жаралады» (Күлтегін, кіші жазу) деген жолдар көктүріктердің шамамен Y-YIII ғ.ғ. мифтік космогониясының қысқа түйіні болып табылады. Екіншісі - ғаламды ағайынды екі жігіттің (көбіне егіз болатын) бірлесіп жасауы жөніндегі түсінік.

Мұндай мифте егіздің біреуі жақсы нәрселерді, екіншісі жаман нәрселерді жасайды, қазіргі түркі халықтары арасында осындай мифтер Алтай-Саян халықтарында барынша мол сақталған. Мысал ретінде алтайлықтар мифіндегі жарқын тәңірі Үлген мен өлілер дүниесінің әміршісі Ерліктің дуализмін айта кетуге болады. Бұл туралы А.М.Золотарев былай дейді: «Один из братьев близнецов изображался ловким, опытным и добрым, другой неуклюжим, неумелым и злым. Они постоянно соперничают друг с другом, причем каждый раз победу одерживает первый. Позднее первый брат трансформируется в доброе божество, небо, а второй - в злое, повелителя подземного мира мертвых» [3,298].

Көне түріктердің ежелгі мәдениеті дуалистік мифология кезеңін бастан кешіргенін бүгінгі күнге келіп жеткен кейбір реликтілік қалдықтар, мифтік ұғымдар дәлелдейді. Мысалы, якуттарда айыы ойуун (ақ шаман) - жақсылықты, абаасы ойуун (қара шаман) - жамандықты әкелуші болып бөлінген. Тувалықтардағы мұндай таным іздерін ақ ээрен, қара ээрен сөз тіркестері көрсетеді. Бұны тіліміздегі ақ бақсы, қара бақсы, ақ сайтан, қара сайтан, ақ әулие, сары әулие, қара дәу, қара албасты т.б. тіркестерімен салыстырыңыз.

Алғашқы ойлаудағы қауымды іштей екі жікке бөліп қарауды түркі халықтарындағы ру-тайпалардың атауларындағы ақ-қара қарама-қарсылықтары арқылы көрсетуге де болады дейді этнограф-ғалым Л.П.Потапов. Мысалы: алт. қара найман - көгүл найман; телеуіт. ақ тумат - қара тумат; шор. қара шор - сары шор; көшпенді өзбек. ақ маңғыт - қара маңғыт; ноғ. ақ ноғай - қара ноғай; қаз. ақ қойлы - қара қойлы; түрік. ақ қоюнлу - қара қоюнлу [4,39].

Ал енді Абылғазы хан туралы жинақта, оғыздардың сол және оң қанатқа бөлінуін генеалогиялық аңызбен байланыстырады: «Оғыздың көктен түскен аспан қызымен некесінен тараған ұрпақтары - шығыс (бузук) жақ қанаты ал Оғыздың жер қызымен некелік одағынан тарағандар - батыс (учук) жақты білдірген» [5,48-50]. Шынында да, ертедегі тілдік ескерткіштерде бұл құрылымның айқын іздері байқалады. Оғызнамадағы екі баған, ақ қой мен қара қой, Оғызханның екі әйелі (көктік және жерлік), осы екі әйелден тараған ұрпақ (жиырма төрт ұл адам баласы мен бүкіл жан-жаңуарлар дүниесіне ортақ жиырма төрт қабырғалы құрылым) ескі мифтік дүниетанымнан хабар береді. Бұл мифтік сюжеттің дуалистік мифологияға жақындайтын тұсы - шығыс қанатқа «жақсы», батыс қанатқа «жаман» деген мағыналардың берілуі.

Олай болса, біздің ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан ұғымында өлген адамдарды, батыс жаққа, күнбатысқа жерлеу салты болғандығында осындай дуалистік таныммен түсіндіруге болады. Мысалы:

В.В.Бартольд мынадай дерек келтіреді: «Алтайцы до сих пор кладут умершего в могилу ногами на запад, считается, что, поднявшись душа его пойдет на запад, где находится мир мертвых; восток, напротив, был местом обитания доброго божества и духов» [6,131].

Ш.Уәлиханов жинаған қазақ аңыздарының құрамында да осындай наным-сенімге байланысты сюжеттер кездеседі. Дүниенің батыс жағына бет алған жолаушы көп ұзамай, өлілер мекеніне кезігеді. Алдынан шыққан қара сақалды жауды өлтіріп, одан әрі батысқа қарай жылжи береді. Ең соңында өзі де өлім табады. Ал қазақ халқының қолөнерін зерттеген зергер С.Қасимановтың қазақтың ою-өрнектеріндегі екі негізділік - егіздер культін түсіндіретін дөңгелек (әлем), оның бөліктері оң-теріс, ақ-қараны білдіретін егіз немесе жұп деп аталатын ою-үлгілер мәдениетіміздегі бинарлық жүйенің іздерін аңғартса керек [7,31].

Мифтік ойлаудың екі түрлі мағынадағы семиотикалық құрылымдарының бірігуі, атап айтқанда «мифтік қабат» пен «логикалық қабаттың» тұтасуының мүмкіндігіне психофизиологиялық, нейросемиотикалық зерттеулер нәтижесінде көз жеткізуге болады. Яғни мифтік ойлау құрылымы жай гомогенді емес, күрделі гетерогенді болып келеді. Жалпы, адамның сана-сезімінің өзі о баста гетерогенді сипатта екендігін мойындауымыз керек. Сананың гетерогенді сипаты адам миының «ми ассиметриясы» деп аталып жүрген құрылысымен байланысты. Адам миы мен оның құрылысын зерттеудің соңғы 25-30 жылда жеткен табыстарына сүйенсек, әрбір адам белгілі бір интеллектуалдық мәселені шешу барысында екі түрлі тесілді

қолданады. Оның біреуі - мидың сол жақ бөлігінің қызметімен, ал екіншісі мидың оң жақ бөлігінің қызметімен байланысты.

Бұларға жеке-жеке тоқталып өтеміз. Егер «сол жақ жартышарда», берілген нысанды тану, белгілі бір интеллектуалдық есептерді шешу, сондай-ақ оларды жеке бөліктерге бөлу және құрылысын анықтау (грамматикалық, логикалық конструкциялар) сияқты бір бүтін нәрсені бөлшектеп танитын аналитикалық амал басым болса, ал «оң жақ жартышардың» қызметі керісінше, біртұтас құрылымдық жүйелер - гешталттарды жасауға бейім болып келеді.

Адам танымын оның психофизиологиялық жүйесімен байланыстыра зерттейтін ғалымдардың тұжырымдарына қарағанда, дуализмнің шығуы табиғи заңдылық болып есептеледі: Бинарлық жүйе - жұптық саралаудың негізіндегі адамның дене бітіміндегі, жалпы табиғатындағы, ми жартышарларының қызметіндегі (оң жақ және сол жақтың) екі ұдайылық ерекшеліктердің генезисімен түсіндіріледі. Сонымен, адамдар үшін ең әуелі аспан мен жерді, оңы мен солын, яки дүниенің тараптарын тану өмірлік қажеттілік еді. Осының бәрі сана арқылы сараланып, тілде көрініс табады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1996.
2. Нұрмаханов А. Түркі фразеологиясы. Алматы: Ғылым, 1998. -272 б.
3. Золатарев А.М. Родовой строй и первобытная мифология. М., 1964. -328 с.
4. Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение Алтайцев: истористорико-этнографический очерк. Л., 1969. -196 с.
5. Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази, хана хивинского. М.-Л. Изд. АН СССР, 1958.
6. Бартольд В.В. История Туркистана. Соч. т. 2, ч.1. М.: Изд.Восточной литературы, 1963г. - 763 с.
7. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. Алматы : Қазақстан, 1969. - 248 б.

ӘОЖ 37.014.5

ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМГЕ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Баярыстанова Э.Т.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына
білімге негізделген этикалық
құндылықтар мен өнер қуатын дарыту
Әбу Насыр әл-Фараби

Аңдатпа. Мақалада тәрбие мен білімнің құндылықты аспектілері жөніндегі философиялық концепцияларға теориялық талдау жасалған. Автор негізгі аксиологиялық мәселелердің педагогикалық ой-пікірде даму жолын сипаттап, білімнің құндылық ретіндегі мәні мен мағынасын негіздейтін көзқарастарға сүйене отырып, жастардың білімге құндылықты қатынасын қалыптастырудың тұлға үшін, қоғам үшін, мемлекет үшін маңыздылығын негіздейді.

Түйінді сөздер: білім беру, тәрбие, құндылық, құндылықты қатынас, педагогикалық аксиология.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында әрбір қазақстандық үшін, жалпы қоғам үшін жаңғырудың бірнеше жолдарын көрсете отырып, соның ішінде білімнің маңыздылығына айрықша тоқталған болатын.

Елбасының «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген тұжырымы өскелең ұрпақты білім әлеміне жетелейтін педагог мамандарға қойылатын талаптарды күшейтеді.

Адам, Отбасы, Еңбек, Мәдениет, Білім, Отан сияқты ұғымдарды қамтитын құндылықтар әлемі педагогика ғылымы мен тәжірибесінде әрқашан да басты орынға ие болып, тұлғаның рухани-адамгершілік бейнесінің өлшемі ретінде танылған.

Педагогикалық ой-пікірдің даму тарихына көз салсақ, оның құндылықтық бағдары білім беруді мемлекеттік, қоғамдық, тұлғалық құндылық ретінде түсіндіретін философиялық идеялардан бастау алатынын байқаймыз. Мұнда оқу-тәрбие ісінің орталық идеясы баланың дербес дамуы болғанымен, жеке тұлға осы дербестікті іске асыру ортасы ретіндегі қоғамға ешқашан қарама-қарсы қойылмаған, керісінше, дербестіктің толыққанды дамуы және қоғам тарапынан талап етілетін қабілеттер адам мен қоғам дамуының алғышартына айналды. Бұл ретте білім беру қоғамдық прогрестің шарты ретінде қарастырылды.

Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әртүрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды. Ойшылдар үнемі береке, сұлулық, қайырымдылық және т.б. түсініктердің мәнін ұғынуға ұмтылды, кейінірек мұның барлығы «құндылық» ұғымына біріктірілді.

Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы неміс философы Р.Лотце «Практикалық философияның негіздері» атты трактатында берді (XIX ғасырдың 60-жылдары). Ол құндылықтың өлшемі объектінің (заттың, құбылыстың) сапалық сипаттамасында емес, оның «маңыздылығында» (мәнділігінде) деп көрсетті.

Р. Лотценің пікірінше, құндылықтар әлемі ақиқат түрінде өз бетінше өмір сүреді, адам оны ғылыми білім арқылы ұғынады. Әрбір танымның үш бастауы болады: ақиқат, фактілер, құндылықтық ұғымдар. Ақиқат интеллектуалдық әрекет арқылы танылады, фактілер – байқау (бақылау) арқылы, құндылықтық ұғымдардың өлшемі – ар-ұят.

Неміс философы Ф.Ницше тұлға мен оның дамуын жоғары құндылық ретінде қарастырды. Ол тәрбиенің мақсаты – қолынан барлығы келетін «асқанадам» (сверхчеловек) қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін тұқымқуалау факторын, индивидтің мүмкіндіктерін және өзін-өзі дамыту ынтасын ескеру қажет, жеке адамның даралығын оны қоршаған социумда дамытуға жағдайлар жасау керек. Өнегелі адамның ерік-жігері мықты, жауапкершілік сезімі жоғары. Білім берудің мақсаты – адамды белсенді іс-әрекетке дайындау, мәні мен мазмұны – өнегелі тұлға қалыптастыру. Адамның бүкіл даму жолы – өзін-өзі жетілдіру арқылы «асқанадам» болуға ұмтылуы. Сондықтан мектептің маңызды міндеті – тұлғаның өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру. Философтың педагогикалық көзқарасының негізі – белсенді, өзін-өзі дамытушы тұлға, ал білім беру – өзін-өзі дамытудың табиғи жағдайы.

Құндылық ұғымының педагогика ғылымында терең де жан-жақты зерттелуі білім беру мен тәрбиенің құндылықтарын, олардың табиғаты мен функцияларын, өзара байланысын зерттеу мақсатын көздейтін педагогикалық ғылыми танымның жаңа саласы – педагогикалық аксиологияның пайда болуына негіз болды. Мұнда құндылық адамды тәрбиелеу үшін оның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы дүниелердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырылады.

Педагогикалық аксиологияның қалыптасуына неміс философы Г.В.Гегельдің еңбектері негіз болды. Ол білім мен тәрбиені жеке индивидтің де, жалпы адамзаттың да негізгі құндылықтары ретінде қарастырды. Философ тәрбиені адамның екінші рет дүниеге келуі деп санайды, ол адамның бастапқы-хайуанаттық қалыптан саналы тіршілік иесіне айналуы үшін қажет. Тәрбие – білімді адам өзінің әрбір ісіне «жалпыға ортақ таңба» сала алатындай болуы керек. Гегельдің бұл ой-пікірінің өзектілігі бүгінгі таңда да өзіне назар аударады. Оның негізгі мазмұны мынада: білімнің құндылығы оның руханиятпен ажырамас бірлігінде. Гегельдің пікірі бойынша, ақыл-ой және ұждан (ұят) адамның басым құндылықтары, ал бұл сапалар білімді адамға тән, себебі ол – ақылды және ұжданды (ұяты бар) адам.

Гегельдің тұлға туралы ілімі оның (тұлғаның) белсенді бастамасының құндылығын айрықша көрсетеді. Абсолюттік идеяның санада және тарихта дамуының рухани кезеңіне жеткенде, адам өзіне-өзі кері қайтады да, өзін сана мен іс-әрекет түрлері арқылы ұғынады. Бұл ретте идея өзін екі формада іске асырады: теориялық және практикалық. Практикалық рух (ерік-жігер) және теориялық рух (ақыл) өзара байланысты. Осылар тығыз бірлікте болған жағдайда ғана, адам өзіндік құндылыққа, кемелділікке жетеді, себебі тұлғаның рухани бастауы оның тән-дене кемшіліктерін жеңуге көмектеседі.

Білімнің құндылығы туралы айта келе, Гегель білімді адам рухани тіршілік иесі ретінде өз сезімдерін айтарлықтай дәрежеде басқаруға қабілетті екендігін баса көрсетеді. Алайда сезімдерді дамытуда білім ғана емес, адамның мақсаттары мен құндылықтық бағдарлары да маңызды роль атқарады.

Гегель қоғам дамуның заңдылықтарын педагогикалық процесті түсіндіру үшін қолдануға талпыныс жасады. Ол адамның субъективті құндылықтарын қоғамдық құндылықтармен байланыстыра қарастырды.

Қайта өркендеу дәуірі (XIV-XVII) қоғамдық-саяси және мәдени өмірде елеулі өзгерістер болып, зайырлы мәдениеттің ролі артты. Бұл дәуірдің мәдениеті гуманизм құндылықтарына негізделіп, адамның өзіндік санасы өзін таныту, өз күш-қабілетін сезіну ретінде көрініс тапты. Негізі идеялар: дүниенің орталық тұлғасы – адам; қоғам – адамдар әрекетінің нәтижесі; адамның тұлға ретіндегі құндылығын, оның еркіндікке, бақытқа және дамуға ие болу құқығын мойындау қажет.

Неміс философы И.Кант адамды барлық тіршілік иелерінен жоғары тұрған субъект ретінде қарастыра отырып, оның бастапқы ерекшелігі саналы тіршілік пен еркіндік негізінде қол жеткен өнегілік жетілуі деп көрсетті. Канттың өнегелік қағидалары: сенің жеке іс-әрекетің өзгелерге ереже болатындай болсын; ар-намысың мен қадір-қасиетіңді жоғары ұста; сезімді ақылға жеңдіре біл.

И. Фихтенің «Мен» туралы ілімі XVIII ғасырдағы педагогикалық ой-пікірдің басты назарын тұлғаның белсенділігіне бағыттады. Білімнің шынайы құндылығы оның дайын құрылымымымен айқындала алмайды, құндылық – білімге ұмтылу, танымдық белсенділік.

Қайта өркендеу дәуірінің философтары құндылық пен мәдениеттің арақатынасын белгілеуге талпыныс жасады. Бұл – педагогикалық теорияны едәуір толықтырып, тәрбиенің әлеуметтік шарттылығын негіздеді.

Гегельдің тәрбие мен білімді тұлға қалыптасуының нәтижесі емес, процесс ретінде тануы да педагогикалық теорияның одан әрі дамуына әсер етті.

Педагогика теориясында құндылықтық тәсілдемені қолданып, өмір бойы оқу қажеттігі туралы ойды тұжырымдаған және алғашқы болып үздіксіз білім алу идеясын негіздеген көрнекті чех педагогы Я.А.Коменский болды. Ол «білім берудің құндылығы – адами істерді жақсарту (білім өмір сүру үшін), тұлғаны жетілдіру (білім өзін-өзі дамыту үшін)» деп көрсетті.

Ұлы гуманист-педагог білімнің құндылығын адамның білімді меңгеру процесі емес, адамды қалыптастыру процесі ретінде қуаттады. Білімді (парасатты) адам қоғамға пайдалы, білімді адамдар қоғамы әрбір адамның толыққанды өмір сүруі үшін қажет, себебі «білімді халықтың өмірі реттеулі, адамдардың іс-әрекеті өзара келесімді, тұрмысы түзелген, қарым-қатынастар гуманистік (адамшылық) сипатта, пейілдері талғамға сай, кәсіптері алуан-түрлі». Сол себепті білім берудің мақсаты – бәрін, бәріне, тиянақты үйрету. Білім – өмірлік міндет, өзіндік мақсат және қалыпты (табиғи) күй. Оқыту – адамды жетілу жолымын алып жүретін білім беру және тәрбиелеу процесі.

Өркендеу дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің қарқынды даму орталығы Франция болды.

Ш. Монтескье әрбір баланың білім алу құқығын қуаттай отырып, еркіндік идеалына негізделген тәрбие бағдарламасын ұсынды. Д.Дидро, Ж.Ж.Руссо білім мен тәрбиені тұлғалық және әлеуметтік дамудағы тең әсерлі құндылық ретінде қарастырды.

Руссо бойынша, тәрбие индивидтің табиғи дамуына, өзіндік жеке тәжірибесіне негізделген жағдайда ғана құндылық бола алады. Осыған байланысты ол тәрбиенің екі қырын ажыратады: ішкі және сыртқы. Табиғаттан берілген қабілеттер мен бейімділіктердің еркін дамуы – ішкі тәрбие; бірақ адам оларды пайдалана білуі керек, сол үшін оған адамдардың және сыртқы жағдайлардың

ықпалы қажет. Сыртқы тәрбиенің мақсаты – ішкі тәрбиенің орынды жүруіне жағдай жасау. Оқыту баланың танымдық қызығушылығын, қабілеттерін дамытудың алғышартын жасауы қажет. Бірақ еркін тәрбиелеу теориясы баланың әлеуметтену мәселесін шетте қалдырмайды. Сыртқы тәрбие баланы өзге адамдармен қарым-қатынаста бола тұрып, еркін өмір сүруге үйретуі қажет.

Швейцариялық педагог И.Г. Песталоццидың білім беруге қатысты құндылықты тәсілдемесі оның тәрбиелеу мен оқытуды еркіндік пен адамгершілік сезімдірдің қалыптасу шарттары ретінде қарастыруында болды. Қарастырған педагогикалық проблемалары: үйлесімді дамыған тұлға; оқытудың еңбек және адамгершілік тәрбиесімен байланысы; отбасы тәрбиесі; баланы еңбек етуге даярлау; дамыта оқыту; танымдық белсенділік; танымдық қызығушылық, т.с.с.

Білімнің құндылықтық аспектісін анықтауда, И.Г. Песталоцци баланың дербес дамуы мен оқыту процесінің өзара әрекеттестігін көрсетуге тырысты. Бұл ретте ол субъект-объектілі қатынасты көрсетіп, баланы – субъект, ал білімнің мазмұнын объект ретінде белгіледі. Осылайша, педагог қоршаған ортамен әрекеттесе отырып дамитын бала тұлғасының өзіндік құндылығына ерекше мән берді.

Білімнің құндылық ретінде қалыптасып дамуына неміс педагогы И.Ф. Гербарт үлкен үлес қосты. Білімнің құндылығы – оның қоғам қажеттілігіне «жақындауында». Гербарт барлық білімдерді екі үлкен топқа бөліп қарастырды: «азық беретін» білімдер (егіншілік, қолөнер, сауда, өнер, ғылым) және өнегелік табиғатн жетілдіретін білімдер (діни білім, мораль, азаматтық құқық). Педагогикалық қызметті құндылықты маңызы бар қызмет түрі ретінде қарастыра отырып, И. Гербарт алғашқы болып «педагогикалық такт» категориясын енгізді, оның мәнін «практикалық педагогикалық қызметтің құндылықтық сипаттамасы» деп түсіндірді.

Ағарту дәуірінде (XVIII-XIX) білімге деген жаңаша құндылық көзқарастар пайда болды. Білімнің қоғам дамуына әсер ететін ерекше құндылық ретінде танылуымен қоса, білім алу Құқығы туралы ұран көтеріліп, жалпыға бірдей білім беру жүйесі туралы мәселе қарала бастады.

XIX ғасырда жаппай білім беру идеясы жан-жақты өрлей бастады: жалпыға бірдей бастауыш білім беру жүйесі құрылды, орта білім құндылық басымдылықтарына қарай екі бағытта дамыды: классикалық (гуманитарлық) және нақтылы (практикалық бағыттағы). Бірінші жағдайда білімнің құндылығы баланың дамуы тұрғысынан, ал екіншіде – оның нақты жағдайда тіршілік ету үшін пайдалылығы қарастырылды.

Қорыта айтқанда, білім беруге қатысты аксиологиялық көзқарастар білімнің тұлғалық және қоғамдық құндылық ретіндегі ролін негіздеп, жастардың білімге құндылық қатынасын, яғни тұлғаның жеке және қоғамдық мәні бар ұғымдардың өзара байланысын көрсететін ішкі позициясын қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Құндылық қатынастың негізгі элементтері – бастапқы ниеттілік, таяу және алыс мақсаттарға бағдарлану, өмірлік таңдаудың өзгелердің бағыт-бағдарын бағалау өлшеміне айналуы.

Бүгінгі күнгі жаһандану жағдайында білім – өркениеттіліктің өлшемі. Себебі кез келген мемлекеттің рухани даму дәрежесі де, әлеуметтік-экономикалық өркендеу мүмкіндігі де онда өмір сүретін халықтың білім деңгейіне байланысты бағаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.-Астана, Егемен Қазақстан, 26.04.2017

2. Ә.Тұрғынбаев, С. Кенжебаев, Т. Есімханов. Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы. -Алматы, 2006.- 288 б.

3. Аксиология образования: фундаментальные исследования в педагогике [Кирьякова А.В., Повзун В.Д., Полякова А.А. и др.]. – М.: Дом педагогики, 2008. - 575 с.

4. Каган М.С. Философская теория ценности.-Санкт-Петербург, ТК «Петрополис»,1997, 205 с.

5. Чижакова Г.И. Педагогическая аксиология: монография. - Красноярск: СибГТУ, 2008. - 293 с.

ӘОЖ 808.1(045)

ЖАНАҚ ПЕН ТҮБЕК АЙТЫСЫ

Асан С.
Ғылыми жетекші: Көбегенова Л.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Ақын айтыстарының әлеуметтік арқауы басым екендігі, азаматтық, адамгершілік жайын алға тастап сөйлейтін тұстары көп болғандығы, Жанақ ақын айтыстарында күрделі, тосын эпитетпен қарсы жақ ақынның характерін ашып, ауызша портретін жасайды, кейпін жеткізетіндігі, заман күйі, әлеуметтік теңсіздік жайы басым айтылып отырғандығы баяндалады.

Түйінді сөздер: суырыпсалма ақындық, айтыс, дүлдүл, өнер, көркемдік ерекшелік

«Жанақ пен Түбек» айтысы әріден халық арасына белгілі, кең тараған айтыстың бірі. Бұл айтыс алғаш рет Радловтың «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» жинағына енді. Сонымен бірге бұл айтыстың 1879 жылғы Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енгенін білеміз. Сәкен Сейфуллиннің 1931 жылы шығарған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында да айтыс мәтіні бар. ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталған үлгілері 1965 жылғы «Айтыс» кітабының 1-томында басылды (1 с. №1396, папка №256) (Біз осы мәтін бойынша біршама салыстыру жүргіздік – Л.К.).

«Айтыс» жинағында Жанақтың өмір сүрген кезеңі туралы берілген мынадай мәлімет, кезінде Мұхтар Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» монографиясында Жанақты XVIII ғасырдың айтулы ақыны деп айтқан ойындағы уақыт дерегінен алшақ. Әдебиет тарихында екі Жанақ болғаны туралы да пікірлер болды. «Айтыс» (1965) жинағындағы түсінікте былай делінген: «Жанақ XIX ғасырдың екінші жартысында қазіргі Алматы Облысы, Талдықорған жерінде өмір сүрген. Жанақ Түбекпен, Бақтыбаймен, Сарыбаймен тағы басқа көп ақындармен айтысқан. Жанақ Түбекті балам деп сөйлеуіне қарағанда одан көп үлкен болса керек» [1, 536 б.].

Осы қысқа мәліметтегі Жанақтың өмір сүрген кезеңі жайлы деректің қайшылығы бар сияқты. Түбекті балам деген дейді.

«Айтыс» жинағында Жанақтың бір айтысы ғана берілген. 1927 жылғы «Әдебиет тарихында» Мұхтар Әуезов Жанақтың аса ірі айтыс ақындарының бірі болғаны туралы айтты. Негізінде Жанақтың айтыс өлеңдері мол болғаны даусыз.

«Елдің айтыс өлеңді қатты қадірлегендіктен айтыс ақындары: Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Сарыбай, Мұрат, Тоғжан, Біржан, Сара сияқтылардың атағы қазақ ішіне тегіс жайылған» [2, 174 б.].

Жанақ ақын туралы зерттеу еңбектерде ақынның XIX ғасырдағы айтыс өнерін дамытып, байыту еңбегі айтылып келеді. Соның ішінде ақын айтыстарының бір ерекшелігі – тұстас айтыс ақындарының көпшілігінде бар қыз бен жігіт айтысы Жанақта кездеспейтіндігі ескерілмеген екен. Ақында дін жұмбағы айтысы да жоқ.

Ақын айтыстарының әлеуметтік арқауы басым. Азаматтық, адамгершілік жайын алға тастап сөйлейтін тұстары көп. «Жанақ пен Садыр» айтысында ешкі сойды деп, дәмге астамшылық жасаған Садырға айтқанында Жанақ әйгілі «Тоқты менен ешкінің қаны бірдей, Жақсы менен жаманның жаны бірдей» деген тоқетер сөзін айтады. «Төренің буы соққан аңғал ақын» деп, күрделі, тосын эпитетпен қарсы жақ ақынның характерін ашып, ауызша портретін жасайды, кейпін жеткізеді.

Жанақ ақын айтыстарында дәстүрлі ру таласы мазмұны да аса көзге ұрып тұрмауы – бір ерекшелік.

Жанақ айтысында заман күйі, әлеуметтік теңсіздік жайы басым айтылып отырған. Ру бәсекесі бар деген айтыстарының әлеуметтік желісі негізгі арқау екендігі көрініп жатады.

«Жанақ пен Түбек айтысы» – Жанақ ақын айтыстарының ішіндегі көрнекті айтыстың бірі. Мұнда ру таласы басым. Тиісіп сөйлеген Түбекке Жанақ мұнда жүргені атасының көзі отырған соң екендігін айтып, өзінің кедейшілік жайда, күнкөріс қамындағы халінен хабар берген.

Осы айтыста Жанақ әйгілі «Арғынның айналасы алты айлық жер» деген сөзін айтқан. Бір тұста арғын, найманның біріне бірі бөтен еместігін де еске салып қояды. Арғынның найманмен жарысына Жанақ өнерім артық деген уәж айтады.

Біздерді шу дегенде өлең басты,
Өлең айтсаң аруақ сенен қашты...

Бұл айтыста ру жарысы тек тілге тиек қана негізінде елдің тұрмыс-ахуалы орыс отаршылдыының саясаты ауыр-ауыр әлеуметтік ақиқаттар айтылан.

Одан Жанақ та, Түбек те тартынбағаны көрінеді. Орыс бекет салған жерінде кедейшілік тұрмыста қалған Жанақ ақынның күйі де, төрелік пен бегінің ісінен береке қашқан, елінің мінезі тіршілік ағымында құбылып, қитұрқы күймен шапқылаған ауыр тағдыры, ащы шынлығы тұсау салған Түбек ақынның күйі де бұл айтыстың ру айтысы мағынасындаңы мазмұнынан әлдеқайда мол ұғымдарды қамтып жатқанына дәлел.

Орысым салған екен қырға бекет,
Еліңіз бермейді елеп қайыр-зекет.

Малдымын, жандымын деп арындап сөйлегенімен, Түбек бір сәт түпкі сырын да жайып салады.

Ауылым Бес Қазылық, Үйтүндік-ы,
Тоқсан бие сойдырып, жүз үй тікті.
Осы ақын сылқылдай бер, күн сенікі,
Қайғылы көкірегім, көңілім күпт.

«Жанақ пен Түбек» айтысы – 11 буынды қара өлең, өлең түрлері аралас келіп отырған, қайым элементтері бар көлемді айтыс.

Жанақ:
Мен үйімнен шығып ем Ертісті өрлеп,
Үш жүзге айтып жүрмін сөзімді өңдеп...
Түбек:
Шығып ең сен үйіңнен Ертісті өрлеп,
Үш жүздің үш аулына алым бер деп...
Жанақ:
Ауылы Оспан ханның Беркі ағашта,
Атым Жанақ болғанда жетті алашқа...
Түбек:
Ауылы Оспан ханның Беркі ағашта,
Атың Жанақ болғанда алты алашқа...
Жанақ:
Ауылың сасық судан көшкен екен,
Ырысың, бәлем найман, өскен екен...
Түбек:
Ауылым сасық судан көшіп жүрген,
Ырысым жылдан жылға өсіп жүрген...

Жанақ:
А, балам, арғын қайда, найман қайда,
Арғындығымды көрсетейін осындайда...
Түбек:

А, Жәке, арғын қайда, найман қайда?
Арғын болсаң Қарқаралы қалаң қайда...
Жанақ:
Дегенсің менің атым ақын Жанақ,
Шалбарым бес теріден сеңсең балақ...
Түбек:
Дегенсің сенің атың ақын Жанақ,
Қойыпты қылғындырып құлқын тамақ...

Айтыс екі ақынның ел үстінен күнелтіп жүрген жайынан хабарлай басталады. Түбек Жанаққа «Жамбы түгіл түк алмассың» дейді. Жанақ та «Мен де неге олжа алудан құр қаламын» деп жарыса сөйлеп, айтыс жалғасып кете барған. Әрі қарай ру таласы түрінде сөз қағыстыру жалғасады.

Жанақ:
Ақылың сасық судан көшкен екен,
Ырысың, бәлім найман, өскен екен.
Төре-қараң жиналып, кеңес қылып,
Жанақты бір жеңелік дескен екен.
Түбек:
Ауылым сасық судан көшіп жүрген,
Ырысым жылдан жылға өсіп жүрген.
Қамбардың кедей шалы келе қалса,
Бозбала дым бермеңіз десіп жүрген.
Жанақ:
Әу, балам, сенің өзің қай наймансың,
Қонағасы беруге жәй наймансың.
Арғынның айналасы алты айлық жер,
Кемдігіңді, балам найман, ойлағайсың.
Түбек:
А, Жәке, сіздің найман – бай найман ба?
Мейманға қонағасы жай найман ба?
Жаман, жаман дейсің де бір қоймайсың,
Жаман бала еркіне қойғандай ма?
Жанақ:
А, балам, арғын қайда, найман қайда,
Арғындығымды көрсетейін осындайда.
Тарбағатай талқан болып келіп еді,
Төрт ұлы бәйбішенің қосылмай ма?

Осылайша ру атынан біраз сөз таластырып алып барып, ақындар әрі қарай ағылады.

«Шынында Жанақ, Сүйінбай, Шөже, Түбек, Майкөт, Қабан, Құлмамбет, Жамбыл сияқты талай елдерге атақтары жайылған ақындарды алсақ, солардың өмір бойы қолданған негізгі ақындық жанры, көбінесе, айтыс екенін білеміз. Бұлар ұзақ өмір жасаған ақындар болумен қатар, барлығы да айтысқа ерте араласып, 15-16 жастарынан ақындық өнерлерін бастайды.

Сол айтыстардың бәрінде шын ақындар бір айтқанын қайталаған емес. Жаттандыны айтпаған болса тек қана бір Шөже, Сүйінбай, Жанақтар өмірінде қаншалық ұшан-теңіз, суырып-салма өлеңдер туғанын мөлшерлеу қиын емес. Бұл атақты ақындар жайындағы сөз» [3, 319 б.].

«Әр жылдар ойларында» (1959) Мұхтар Әуезов өзінің ілгерідегі («Әдебиет тарихы», 1927) айтыс туралы ой-тоқтамдарын кеңітіп, таратып, тың байламдармен толықтырып отырған. Айтыстың ру жайын қозғауы – бұл жанрдағы дәстүрлі желінің бірі екендігі туралы Мұхтар Әуезов әр кезеңде де арнайы сөз қозғап келген. Ірі айтыс ақыны атанған Жанақ айтыстарының да бір арқауы ру таласы айтысына апарып соғатын тұстары айқын айтыстары болса керек.

Жанақ пен Түбек айтысында ел өмірінің әжептәуір көрінісі бар. Жанақ ру атынан бармын, баймын, көппін дегендей көсіле сөйлегенімен, сөз өзіне ойысқанда шындыққа жеңіліп былай дейді:

Ұранымды сұрасаң арғын, найман,
Кедей Жанақ десең де ар қылмеймын.

Сонан кейін қайтадан елінде барды айтып, бойына күш-қуат құйылғандай өр сөйлеуге ойысады.

Жанақ:
Оспанның асынғаны алтыннан қыл,
А балам, жеңе алмасам саған бір сын.
Алтай-Қарлық балам бар, алда – Жұман,
Тап өзінің жылқысы жиырма үш мың...

Айтыста байлық жарыстыру біршамаға жеткенде Жанақ ақын мынадай тапқыр сөзбен Түбекке бір тосқауыл қойып тастайды.

Түбек:
Найманда бұрымынан толған қатын,
Тоқсан санды айдаған Қамбар батыр.
Сексен атан түйеге әрең артар,
Жүз сандық Бексұлтанда жамбы жатыр.
Жанақ:
Біздерді «Шу!» дегенде өлең басты,
Өлең айтсаң аруақ сенен қашты.
Кесер бас, жүрер аяқ жылқыңды айтша,
Ұрыдай не қылайын жатқан тасты.

Айтысқа Түбек тосылып қалған бір сәтте, арасында Сарыбай бір шумақ өлеңмен қосылған.

Айтыс тағы да бар мен жоқ, күнкөрістің қам-жайын жарыстыра барып біткен. Бұл айтыстың кезеңінде аса бір көркем, суырыпсалма өнердің биігінде болған айтыс түрі болғаны байқалады. өлеңде табылған тіркес, нақтылы жағдай аясындағы қарсы жақтардың көңіл-күй бағыты сезіліп тұрған шебер қиюласқан сөз айшықтаулар мол. Тегінде бұл айтысты, айтыс дәстүрі, айтыс шартымен кейіннен жеңіліс тапқан қайта жырлап шыққан да болуы мүмкін. Соның өзінде екі ақынның да беталысы, өзіндік машық, дағдысы сезіледі.

Жанақ сөздерінен арғы-бергіні көп көрген, еркіндікке мүмкіндік мол айтыс өлеңнің өзінде кісілікті ұстанып отырған, әдептен аса озбаған ой мәдениеті, сөз мәдениеті көрінеді.

Руын арқаланып өктемдеу кетіп отырған Түбекке қаратып айтқан айтыстың түйін сөздерінде Жанақтың ақындық мәдениеті айқын.

Жанақ:
Түбек маған қылады омырауын,
Найман оған тағады қоңырауын.
Көрмегендей мақтанба, балам, Түбек,
Үзеңгінің үзерсің шараң бауын.
Түбек:
Өлеңімді айтамын жағым тынбай,
Сірә, мені жаңбейсің, Жанақ сұмырай.
Сені де қалашылар мақтамайды,
Үйіңнің тесігі бар сексен мыңдай.
Жанақ:
Үйімнің сырты жаман, іші тәуір,
Сен, Түбек, қатыгезсің қара бауыр.
Үйімде тығып қойған жүз жамбым бар,

Шетінен ап жеп жатыр қаншама ауыл.

Жанақ – әдебиет тарихында аты қалған, қазақ сөз өнерінің өрісінде ауқымды орны бар әйгілі ақын.

Жанақ – өз дәуірінің ғана емес, жалпы қазақ сөз өнерінің тарихындағы елеулі тұлға.

Жанақ ақынның өмірбаян дерегін баяндауында профессор Ханғали Сүйіншәлиев оның шамамен 1770 жылдары туып, 1848 жылдары қайтыс болғанын айтады.

Жанақтың әдеби мұрасы әдебиет тарихы оқулықтарында, қазақ әдебиеті тарихын зерттеген арнаулы монографиялық еңбектерде, хрестоматиялық жинақтарда басылым көріп, насихатталып келеді. Жалпы, жанақтану Шоқан Уәлихановтан басталады. Кезінде Жанақтың әдеби мұрасына еуропалықтардың да назар аударғаны белгілі.

«Тілмаштар маған жол бойы Жанақ туралы әңгіме айтып келді. Ол бұл өңірге аты жайылған жыршы-әнші емес, жуырда қайтыс болыпты» [3].

Жанақтың әдеби мұрасы кейінге тұтас сақталып жеткен жоқ. Соның өзінде ақынның асқан қазақ өлеңін жаңа тіл қолданыс, түр ерекшелігімен байытып, дамытқан; ақындық дара даусы айқын сөз шебері болғанын тану қиын емес.

Жанақ қазақ әдебиетінің тарихында суырыпсалма ақындықтың үздігі, айтыстың дүлдүлі саналады. Ақынның «Рүстем төреге айтқаны» арнау өлеңі – қазақ әдебиетінің тарихындағы арнау жанрының айрықша үлгісі. Әлеуметтік астары қалың бұл арнау өлең – Жанақ поэзиясының өзінше бір бөлек асқары. Жанақ ақынның айтулы ақындығын қазіргі кезеңде де жаңа бір қырларынан қарастырып зерттеп, тың, тосын сыр-жұмбағын ашуға ұмтылу – ғылым талабы.

Жанақтың өмір сүрген дәуірі XIX ғасырдың бірінші жартысы. Қазақ жерінің отаршылдық екпінін айқын, пәрменді ереже, заңдардың ауқымында сезіне бастаған кезеңі. Ақын өлеңдері осы мәнде, үстем зорлыққа наразылық, қарсылық көрсете сөйлеу мағынасында асқан әлеуметтік астарлары бар поэзия. Жанақтың көп қырлы өнерпаздық тағдырының бір арқауы – айтыс өлең. Жастай ел ішін аралап, ақындыққа бой ұрып, сол бағытта ауқымды өнеге көріп, тәрбие алған ақын кейін қазақтың айтулы ақпа, суырыпсалма өнерпазы болып танылды.

Жанақ ақынның Түбек, Балта, Сабырбай, т.б. ақындармен айтыстары сақталған. Жанақтың өнерпаздық қырындағы бір ерекшелік – ақынның өлең-жырды қобызға қосып, орындауы. Бұл мәнде Жанақ дәстүрлі көпқырлы өнердің (синкретті) сақтаушысы, дамытушысы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы, 1958. – 403 б.

2. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 270 б.

3.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.

ӘОЖ 82-145(045)

ЖАНАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘУІР СИПАТЫ

Сәулебаева Н.
Ғылыми жетекші: Көбегенова Л.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Жанақ ақын шығармашылығындағы әлеуметтік сипат, дәуір сипаты, өзі өмір сүрген кезең шындығы, Жанақтың қазақ әдебиетінің тарихында суырыпсалма ақындықтың үздігі, айтыстың дүлдүлі саналады. Жанақтың өмір сүрген дәуірі XIX ғасырдың бірінші жартысы. Қазақ жерінің отаршылдық екпінін айқын, пәрменді ереже, заңдардың ауқымында сезіне бастаған кезеңі. Ақын өлеңдері осы мәнде, үстем зорлыққа наразылық, қарсылық көрсете сөйлеу мағынасында асқан әлеуметтік астарлары бар поэзия. Жанақтың көп қырлы өнерпаздық тағдырының бір арқауы

– айтыс өлең. Жастай ел ішін аралап, ақындыққа бой ұрып, сол бағытта ауқымды өнеге көріп, тәрбие алған ақын кейін қазақтың айтулы ақпа, суырыпсалма өнерпазы болып танылатындығы айқындалған.

Түйінді сөздер: өнерпаз, дәуір, кезең шындығы, айтулы ақпа, суырыпсалма.

Ақындық дәстүр мәселесі әдебиеттану ғылымының қай кезеңінде болсын кеңінен зерттеліп жүрген өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, халқымыздың қастерлі сөз өнерінің бастау көздерінің негізі болып саналатын ақындық дәстүрдің қалыптасу даму жолдарына назар аудармайынша біздің ұлттық поэзиямыздың өсу, өркендеу жолын тану мүмкін емес-ті. Ал, сол ақындық поэзияның көсегесін көгерткен ақындарымыз туралы әдебиетіміздің алыбы, ұлы ғұлама М.Әуезов: «Халық поэзиясының таңдаулы үлгілерінің туып таралып және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштармыз» [1, 35-б.] деген болатын.

Қазақ әдебиетінде ақындық дәстүр мәселесі мен жеке шығармашылық тұлғалардың әдеби мұраларындағы дәстүр жалғастығы, жаңашылдық мәселесі М.Әуезов, Е.Ысмайлов, Ә.Марғұлан, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Бердібаев, Ә.Дербісәлин, Ш.Сәтбаева, М.Базарбаев, Х.Сүйіншәлиев, С.Қасқабасов, Р.Нұрғалиев, Т.Кәкішов, Т.Тебегенов, және т.б. зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде зерделене жан-жақты қарастырылғаны белгілі.

Дәстүр мен жаңашылдық жайында жаңа мәселелер қойып, кемшін соғатын тұстарын басып айтқан белгілі ғалым, қаламгерлеріміз М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, М.Қаратаев, С.Қирабаев, Ә.Дербісәлин еңбектерінің құндылығы жоғары болғандығын айтып өткеніміз орынды.

Ақындар поэзиясындағы дәстүрлілікті зерттеуде отандық және шетел ғалымдары еңбектерінде ғылыми тұрғыда пайымдалып, жүйеленді. Атап айтқанда, У.В.Далгат, В.Я.Пропп, Х.Г.Короглы, В.М.Жирмунский, В.М.Гацак, В.Г.Гусев және т.б.ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Ақындық дәстүр, халық әдебиетінің көрнекті өкілдері шығармашылықтарынан диссертациялар қорғалып, ғылыми айналымға енгізілгені белгілі [2].

Дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін жан-жақты зерттеуде біршама еңбек сіңірген М.Базарбаев, Ә.Дербісәлин, С.Қасқабасов т.б. сынды ғалымдарымыз халық ауыз әдебиетінің үйрену, нәр алу мектебі болғандығын айтады. Халық поэзиясының дәстүрі өміршең құбылыс екендігін айта келіп, Ә.Дербісәлин: «Жалпы әдебиетіміздің ауыз әдебиетіндегі үлгілі, үздік нәрселерден көп уақытқа дейін үйреніп келгенін және әлі де үйрене бермегін айтпағанда совет үкіметі тұсындағы халық поэзиясының және оның әйгілі өкілдерінің таза ауыз әдебиеті дәстүрлері негізінде және сол дәстүрлерді бірте-бірте жазба әдебиетке ұластыру арқылы тамаша туындылар жасағаны, сөйтіп көне дәстүрлерді біздің заманымызда қайта туғызғаны, жасартқаны, жаңадан өмір бергені бүгінгі жұрттың бәріне айқын шындық»[2, 202-б.] – деп пайымдайды. Сонымен қатар, фольклордың Абай үйрену мектебінің басты арнасы саналатындығын нақты мысалдармен дәлелдеп берген ғалым С.Қасқабасовтың: «Абай бүкіл қазақ фольклорын, өзіне дейінгі ақын-жыраулар поэзиясын толық меңгерген, қорытқан, сөйтіп қазақ әдебиетін жаңа сапаға көтерген» [2, 4-б.], – деген тұжырымы да зерттеу еңбегіміздегі негізгі бағыт түйіндерімізді бекіте түседі.

Ғалым Б.Әбдіғазиев те Шәкәрім Құдайбердіұлының поэтикалық мұрасына жан-жақты ғылыми талдаулар жасай отырып, оның Абайдың ақындық дәстүрімен байланысын, шығармашылық тамырластығын саралаған еңбегінде осы ойды, яғни дәстүр желілерінің әр дәуірде өмір сүрген өнер шеберлерінің арасын жалғастырып жататындығын айтады [3, 35-б.].

Ғалым Е.Ысмайлов ақын болу, ақындық туралы халық ақындарының жүйелі ұғымдарының төрт түрін еңбегінде: киелі, аруақты, түс көру, аян беру арқылы қонатын бір жат сырлы қасиет деп ұғыну; атақты, қарт ақындардан бата алу; ақындықтың тұқым қуалап ауысуы; үйрену, еліктеу үлгі алу, іздену арқылы деп талдай келе, ақындардың үйрену-оқуында жазып немесе кітаптан оқып, үйрену әдеті сирек, мұнда ауызша үйреніп жаттау негізгі ақындық дәстүрге жататындығын көрсеткен [4, Б-71-73].

Қазақ сөз өнерінің тарихында айрықша аталатын ақынның бірі – Жанақ Сағындықұлы.

Жанақ туралы мәліметтер хат бетіне әріден түсе бастағаны, оған Шоқан Уәлиханов, В.В. Радлов назар аударды. Арқаның айтулы сөз иесінің даңқы жалпақ жұртқа жайылған еді. Жанақ

белгілі айтыс ақыны, асқан жыршы болуымен бірге қазақ әдебиеті тарихындағы сыршыл лириканың, көңіл күй жырларының басында тұрған жаңа бағыттағы ақын.

Жанақ ақынның атақ-даңқы орыс отаршылдығына қарсы күресі үшін қазақ қырына жер аударылған поляк патриоты Адольф Янушкевичтің жазбалары арқылы XIX ғасырда Еуропаға да белгілі болған. Янушкевич Аякөз маңында аты шулы Орынбай ақынмен айтысына куә болып, оның айтқырлығы мен тапқырлығына таң қалған. Әсіресе, оған Жанақтың өлеңдерін қобызға қосып зарлата, сарната айтатыны қызық көрінген. «Жырды қобызға қосып айту, суырып салма саңлақ ақын Жанаө өлген соң сәннен шықты, ол Қаракесек руының Қамбар тармағының тумасы еді, – деп жазады ұлы Шоқан Уәлиханов. – Әйгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастанын атақты ақын маған өлең түрінде айтып берген болатын».

Шынында да, атақты айтыс ақыны суырып салма өнердің өрен шебері, жаны телегей теңіз жампоз жыршы. Ол күллі өмірін өнер сапарында ел аралаумен өткізген. Қазақ даласын түгел шарлап, өнер шашқан ол иісі қазаққа ортақ танымал ақын болған. Орынбай, Түбек тәрізді жыр дүл-дүлдерімен өнер сайысы өз алдына, ол өз кезіндегі көптеген көрнекті ақындармен айтысып, көбінен басым түсіп отырған. Оның үстіне Жанақ – қисапсыз көп батырлар жыры мен ғашықтық дастандарды жадында сақтап, біразын жанынан қосып жаңғартып, жаңаша жырлаған эпик. Көнеден келе жатқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ең тәуір нұсқасы Жанақ есімімен байланысты болуы тегін емес. Оның мірдің оғандай өткір сөздерінің, тапқыр сөздерінің біразы мақал-мәтелге сұранып тұрады.

Ат биеден туады, алып – анадан,
Ел ағадан азады, тон – жағадан.

Тұлпар ақау болады аяғынан,
Ақсаса оңалмайды би парадан.

Хан – қайрақ, қараша – тас.

Халық – дария, хан – балық.

Көлсіз жерде аққу құлаш жая алмас.
Адамның жан жолдасы – ол сүйген жар,
Әркімнің өзіне сай тұғыры бар.

Жанақтың шыққан тегі кедей шаруадан. Ата-анасы көріп өскен жоқшылықты Жанақ та бастан кешірген.

Жасымда кедейліктен жедім таяқ,
Жалаң бас, жамау дамбал, жалаң аяқ.
Кедейлік қыршаңқы аттай топтан қуып,
Үйірге қосыла алмай жүрдім саяқ, –
деген ақынның өлең жодары бұған дәлел.

Жанақ өз шығармаларын қобызға қосылып орындаған. Қобыз өнерін жоғары бағалаған Шоқан Уәлиханов осы өнерді дамытуда Жанақтың дәстүрі жойылып барады деп кезінде өкініш білдірген екен. Жанақ өлеңдеріндегі әлеуметтік сипатқа да Шоқан ерекше назар аударып, оның Қарқаралы округына қарасты Қаракесек руынан шыққан даңқты импровизатор ақын екенін атап көрсеткен.

Ә.Марғұланның ескертуінше Жанақ – XIX ғасырдың ортасына дейін жасаған ақын.

Жанақ айтыстары Ыбырай Алтынсаринді де қызықтырған көрінеді. Өзінің хрестоматиясында (1879) оның Жанақ пен Бала ақын айтысын енгізуі де осыған дәлел.

Жанақ өз заманындағы ақындар арасында суырып салма қабілетімен, басқа өнерімен де аты шығып, көзге түскен.

Жанақтың өнерімен көзінің тірісінде-ақ аңызға айналған. «Жанақ айтыпты» деген сөз ел ішіне кең тараған. Оларда ақынның тапқырлығы бірбеткейлігі тілінің өткірлігі көп айтылады. Сондай әңгіменің бірі – Бәкі төремен бірге шыққан сапары жөнінде. Ақынды өз ықтиярымен сөйлетпек болған Бәкіні ол көп тыңдамай кетеді. Қолына қобызы тиіп, қызған кезде өз

ойындағысын еркін, қысылмай айтқан. Ақын бұл мінезін төреге ашық мойындап, «Қобызым қолыма тиген соң құдай аузыма не салса, соны айтамын... Өлең деген сөз солай болады, мен сіздің тапсырмаңызбен айтсам, сол сөз менікі емес, сіздікі боп шығады. Ал, мен сізден ат мініп, шапан киіп жүр екенмін деп бас билігімді берсем де, сөз билігін бере алмаймын» деген. «Кет, олай болса...» деп төре ашу шақырыпты. Жанақ төре мінгізген атынан түсіп, шапанын сұрағам жоқ, апарып беріңдер» деп кісі жұмсаған. Жанақ алмаған. «Төреге ерген ерін арқалайды» деген.

Жанақтың шыншылдығы, тілінің өткірлігі және тапқырлығы «Рүстем төреге айтқаны» деген атақты өлеңінде анық көрінеді. Бұл – сюжетті ұзақ өлең. Ол төрені іздеп келіп сәлемдесуімен басталып, оның зұлымдығын, парақорлығын әшкерелейтін өткір сатираға ауысады. Рүстем сияқты ел басшыларының халықтың арман-мұңына құлақ аспайтынын айта отырып, отаршылдықтың елді аздырып-тоздырып бара жатқанын, сол елдің шерін арқалаған өзінің ауыр сеземін суреттейді. Өлеңнің образдық жүйесінде халықтық даналық ойлардың әсері мол. Ең алдымен ақын Рүстем төреге кірудің қиындығын, мұның да басын қатерге тігіп келгенін ашық айтады.

Біреу айтты Рүстем қастайды деп,
Жасқанбаған бетіңді жасқай деп.
«Барсаң, аман қайтпассың, тоқта» – деді
Ашуланса, басыңды ап тастайды деп,
Кейбіреу Жанақ тілің ащы деді.
Бетің қайтпай араның тасты деді.
Ащы тілмен төрені сұғып алып,
Алғызып-ақ қайтарсың басты деді.

Жанақ төреге елдің бүгінгі күйі жайында көп әңгіме айтады. Оның бәрі хандықтың жойылып, ел басшыларының әлсіреп кеткенінен, отаршылдықтың езгісі ұлғайғанынан деп түсіндіреді.

Бұл күнде хан қара тең болған кез,
Бағалы бағасыздан кем болған ез.
Ғаламат аспандағы жерге түсіп,
Ғажайып түсте болған өң болған кез.
Қайғы – теңіз, көз жасы – сел болған кез,
Сөз байлаусыз, оғы да жез болған кез.
Шалқыған шалқар көлің тандыр болып,
Шалшық су тепсеңі жоқ көл болған кез.
Асқар тауды бұлт басып, мұнар алып,
Теріскей тебіні жоқ бел болған кез.
Ханнан қайрат, байынан қайыр кетіп,
Телмірген теңдігі жоқ ел болған кез.
Қайғың азық, ермегің шер болған кез,
Шен бұзып, ту құлатқан батыр құрып,
Тебінгі сауған ұры ер болған кез.

Осындағы тың образдар, дәуірдің шындығын сол кезеңнің түсінігі, бейнелері арқылы суреттеу тапқырлық Жанақты үлкен ақындардың қатарына қояды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1Тәбәрікұлы С. Жанақ ақын. – Алматы: Арда, 2006. – 203 б.
2 Сүйіншәлиев Х. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 293 б.
3 Жармұхамедұлы М. Айтыс. – Алматы: Білім, 1990. – 52 б.
4 Сүлейменов Т. Сегіз сері. – Алматы: Өнер, 1991. – 341 б.
5 XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Хрестоматия / Құраст. Х. Сүйіншәлиев. – Алматы, 1991. – 258 б.

УДК 330.341.4:339.13

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ: СУЩНОСТЬ И ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ

Джанисенова А.М.
Научный руководитель: Калиева Э.И.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, Казахстан

В 1998 г. Бертон Р.Кларк первым предпринял попытку системного научного осмысления этого феномена и ввел в научный оборот сам термин «Предпринимательский университет» [1]. Что же представляет собой подобный университет? Нам представляется определение предпринимательского университета как источника предпринимательской активности [2]. В свою наиболее универсальным и емким очередь возникает вопрос, а что же понимается под предпринимательской деятельностью применительно к ВУЗу? В статье «Предпринимательский университет: стратегия институционального развития» П. Шульце указывает два пути реализации предпринимательской функции университета [3].

Первое направление связано с подготовкой будущих предпринимателей, людей готовых основать и нести ответственность за собственный бизнес.

Второе направление – предпринимательская деятельность самого университета. Университет должен вовлекать студентов и выпускников в предпринимательство, оказывая им не только информационно-консультационную, но и ресурсную помощь.

При этом речь идет не просто о предпринимательстве и создании новых предприятий. Опираясь на свои конкурентные преимущества, университеты создают в первую очередь наукоемкие, инновационные производства. Предпринимательская деятельность университетов направлена не только на получение финансового результата, но и несет важнейшую социально- экономическую составляющую - разработку и внедрение инноваций,

По мере развития общества меняется отношение людей к его основным институтам. Однако скорость этих изменений применительно к разным институтам существенно варьируется. Институты бизнеса преобразуются, вероятно, быстрее всего. Что касается системы образования, то в целом она весьма консервативна, а ее подсистема — университеты — особенно. Это объясняется многими причинами, главная из которых заключается в привычке людей воспроизводить тот способ передачи знаний, посредством которого знания получили они сами.

Однако через систему университетов проходит наиболее активная часть каждого нового поколения, поэтому возникает известный парадокс: потенциально инновационная часть социума готовится к трудовой жизни на основе устаревших, консервативных методов. При этом часть образовательного сообщества (как правило, составляющая большинство) приводит веские доводы о необходимости сохранения традиций в этой области, опасности резких изменений и пр.

На наш взгляд, существует несколько серьезных проблем, стоящих перед современными университетами и заставляющих переосмысливать их миссию.

Первая проблема состоит в «массовизации» университетского образования. В конце XVIII — начале XIX в. при формировании современной модели университета высшее образование охватывало незначительную часть социума, и обладание им представляло скорее исключение, чем правило. В этих условиях было возможно предъявление жестких требований при поступлении в университет (например, знания латыни и греческого) и поддержание высокого уровня преподавания, рассчитанного на подготовленную и достаточно однородную по своему интеллектуальному потенциалу аудиторию. При переходе к массовому высшему образованию ситуация меняется. В частности, растет дисперсия в уровне подготовки поступающих и мотивации обучающихся, не говоря уже об их уровне

культурного и интеллектуального развития. Многие современные университеты «решают» эту проблему путем снижения требований как «на входе» в университет, так и в процессе обучения; кроме того, они вынуждены осуществлять процесс выравнивания подготовки студентов, тем самым отчасти выполняя ту роль, которую ранее играла средняя школа [4].

Со времени создания В. Гумбольдтом современной модели университета его основными функциями считались генерация и распространение знаний. Однако характер знаний, востребованных обществом, постепенно менялся. Модель современного университета формировалась в период бурного развития естествознания, когда открытия в области физики, химии и других точных наук преобразовывали жизнь человека. В формировавшихся тогда университетах шла борьба, связанная с переносом акцента в образовании на изучение «позитивных» наук. Для индустриальной эпохи такое развитие событий было вполне естественным. Однако индустриальная эпоха закончилась. Мы переходим к «обществу знания». О каком знании идет речь? Вновь о естественно-научном? Вряд ли. Общество знания прогрессирует за счет приращения социального знания, которое по природе своей не может быть эксклюзивным и необходимо буквально каждому члену общества. Более того, генерация знания в этих условиях перестает быть занятием исключительно ученых: социальное знание рождается, например, в бизнесе, когда происходит осмысление поведения потребителей. Таким образом, требуется переосмысление того, какие знания должен генерировать и распространять университет. Изменение природы этого знания требует ревизии и методов его распространения. В нашей предыдущей работе [1] мы описали навык интеллектуального предпринимательства, развитие которого может рассматриваться как важнейшая задача образования будущего.

Наконец, еще одна проблема, стоящая перед современными университетами, заключается во все расширяющемся «разрыве» между культурами. Если в начале 1960-х годов широкую дискуссию практически во всех развитых странах породила публикация доклада Ч.П. Сноу «Две культуры», в котором подчеркивалась опасность взаимной неприязни представителей гуманитарной и естественно-научной культур, то теперь возникает потребность в работе, которую можно было бы назвать «Три культуры». К описанному Сноу противостоянию между гуманитарной и естественнонаучной культурами добавилось враждебное непонимание представителями этих культур сформировавшейся бизнес-культуры. Заметим, что само название «университет» подразумевает некое единство, целостность человеческого знания и культуры. Какую роль в этой связи должен играть университет в преодолении этого поистине цивилизационного разрыва между культурами?

На наш взгляд, одной из важных идей относительно преобразования современного университета, направленного на обеспечение лучшего соответствия результатов его деятельности требованиям времени, стала концепция предпринимательского университета. Этой теме посвящено уже множество статей. Однако анализ этой литературы порождает странное ощущение: авторы очень разнятся в своей интерпретации понятия «предпринимательский университет». Под этим термином понимают высшее учебное заведение, способное привлечь дополнительные финансовые ресурсы для обеспечения своей деятельности, университет, использующий инновационные методы обучения, вуз, тесно взаимодействующий с промышленностью, где внедряются разработки университетских ученых. Этот разнобой затрудняет операционализацию понятия «предпринимательский университет» и приводит к тому, что многие университеты в целях саморекламы объявляют себя предпринимательскими без достаточного, на наш взгляд, основания. В настоящей статье на основе четкого определения понятия «предпринимательский университет» предлагается схема для анализа степени предпринимательской активности в высших учебных заведениях, которая, на наш взгляд, облегчает стратегическое планирование их деятельности.

Понятие «предпринимательский университет» используется во множестве работ, опубликованных с середины 1990-х годов. Однако четкое определение этого понятия до

сих пор отсутствует. Большинство авторов просто описывают характеристики предпринимательского университета, например, так, как это сделано в работе Ропке. Автор выдвигает следующие требования к университетам, претендующим на то, чтобы называться предпринимательскими:

- университет должен демонстрировать предпринимательское поведение как организация;
- члены университета — преподаватели, студенты, сотрудники — должны быть предпринимателями;
- взаимодействие между университетом и окружающей средой должно приводить к «структурному сопряжению» университета и региона.

Б. Кларк, один из самых известных разработчиков рассматриваемой концепции, считает, что основным признаком предпринимательского университета является отсутствие боязни коммерциализовать генерацию и распространение знаний. По его мнению, [1], члены такого университета не видят в коммерциализации опасности для академических традиций и качества образования. Такой подход в неявном виде предполагает диверсификацию источников финансирования университета. Кларк подчеркивает, что важным условием эффективного функционирования предпринимательского университета является такой стиль управления, который обеспечивает гибкость и стратегическое взаимодействие с внешней средой.

Нельзя сказать, что описанные характеристики не отражают важных элементов того, что можно назвать предпринимательским университетом. Однако сведение этого понятия лишь к коммерциализации или той или иной форме традиционно понимаемого предпринимательства, по нашему мнению, сужает проблему, и это не позволяет указать пути преодоления трудностей высшего образования, описанных выше. Поэтому нам представляется целесообразным еще раз вернуться к определению понятия «предпринимательский университет».

Принимая во внимание то, какие именно сферы деятельности являются ключевыми для высшего учебного заведения, можно сказать, что университет, желающий называться предпринимательским, должен преодолевать ограничения в трех сферах:

- генерации знаний, постоянно работая над созданием новых исследовательских методов и изучением новых областей знания или новых проблем в уже известных областях;
- в преподавания, развивая инновационные методы обучения и модифицируя содержание обучения путем отражения в нем новейших достижений науки и практики;
- внедрения знаний в практику с помощью различных видов взаимодействия с внешней средой.

Отметим, что считаем неправомерным преувеличивать значение какой-либо из этих сфер в ущерб другим. Такое преувеличение в долгосрочной перспективе неизбежно приведет к возникновению серьезных трудностей. Так, например, пренебрежение инновациями в образовании при концентрации на исследовательской деятельности может привести к истощению важного ресурса: сократится приток молодых талантливых исследователей, воспитанников данной научной школы. Избыточный акцент на преподавании в ущерб исследованиям приводит к снижению квалификации преподавателей. Отсутствие постоянного контакта с практикой связано с риском «схоластизации» исследований, превращения их в самоцель. Последствия отсутствия связи с практикой для преподавания очевидны.

Таким образом, можно сформулировать следующее определение предпринимательского университета:

Предпринимательский университет — это высшее учебное заведение, которое систематически прилагает усилия по преодолению ограничений в трех сферах — генерации знаний, преподавании и преобразовании знаний в практику — путем инициирования новых видов деятельности, трансформации внутренней среды и модификации взаимодействия с внешней средой.

ЛИТЕРАТУРА

1. Clark, Burton R. Creating Enterpreneurial Universities: Organ izational Pathways of Transormation. London and New York: International Association of Universities Press and Pergamon-Elsevier Science, 1998

2. Предпринимательские университеты в инновационной экономике / Под общей редакцией профессора Ю.Б. Рубина. – М.: ООО «Маркет ДС Корпорейшн», 2005– 402 с.

3. Schulte P. The entrepreneurial university: a strategy for institutional development // Higher education in Europe. V.29. – P. 187-193.

4. Дмитриев Г.Д. Анатомия американского университета. – М.:Народное образование, 2005. – 223 с.

ӘОЖ 17:37.01

ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ [Сүгір Бегендікұлы мұралары негізінде]

Миров М.О.
С Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлы дала жырауларының соның ішінде белгілі жырау Сүгір Бегендікұлының шығармалары арқау ете отыра ұлттық тәрбиені қалыптастырудағы орны ғылыми негізде сараланған

Түйінді сөздер: жыршылық-жыраулық өнер, ізгілік,инабаттылық қасиеттер, халық поэзиясы,рух пен жүрек,түр мен үн,адамзаттық құндылық

Тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімделу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс [1]. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады. Қазақ халқы үшін осы адам деген атына сай ізгілік, инабаттылық ұстанымдарының бәрін біз халқымыздың көне заманнан келе жатқан ескірмес жәдігері ой-өлшемдеріміз бен дүниетанымымыздың бір діңгегі – ауыз әдебиетінен аламыз. Ауыз әдебиетінде халқымыздың «Не жаман, не жақсы», «не артық, не қадірлі т.б.» барлық ұстанымдары жинақталған. Ол біздің тұтас қазақ болмысымыздың да айнасы. Ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде халқымызға көбірек жеткені – ЖЫРШЫЛЫҚ-ЖЫРАУЛЫҚ өнер. Өйткені, ол рухани болмысын ауызша айтып, жадында сақтаған халқымыздың ұлттық болмысымен тікелей байланысты. Ойшыл-жазушы Мұхтар Әуезовтің: «Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап шарқ ұрған мұңдар жолаушы – қазақ халқы бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті. Жыршы халық, ақын халық есте жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылмас эпостық дастандарында, сан-сан, әр-алуан түрлі жырларында бейнеледі» деуі де содан [2].

Екі ғасыр тоғысына қарай дүниеге келіп (1894 ж.), бүкіл саналы өмірін Кеңестік заманда өткізсе де, ұлт дәстүрін жалғастырудан жалықпаған, өзінің үлгілі жырларымен ұлт тәрбиесіне араласа білген тума таланттардың бірі СҮГІР ЖЫРАУ БЕГЕНДІКҰЛЫ. Қазақта өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілдерін жыраулар деген. Ұрпақ тәрбиесіне, жалпы ұлттың рухани тәрбиесіне елеулі ықпал ететін дүниенің бірі ата-бабаларымыздан қалған асыл мұраларымыздың жақұты жыраулардың жыр-толғаулары. Сонау бағзы заманнан, көк бөрінің ұрпағымыз дейтін түркі жұртының көп тармағының бір ұлысы болған кезіміздан бері, біздің ата-бабаларымыздың сана-сезіміне әсер етіп, жүректеріне от, бойларына қуат берген ең басты күш ол «құдіретті сөз» екендігі баршамызға аян. Елдікті, ерлікті жырлаған жыр-дастандардан қуат алған бабаларымыздың өрлігі мен ерлігінің ешкімнен кем болмағаны секілді, жыраулардың имандылықты насихаттаған толғауларынан рухани нәр алған ұлтымыздың адамгершілік қағидаларына келгенде бойларындағы ар-намысы да кіршіксіз таза болған. Сондықтан да тілі шала, түрі қазақ, шұбар ұрпақты көбейтпей, рухы мен

жүрегі, түрі мен үні үндескен нағыз қазақты тәрбиелеу үшін оларға бала күндерінен бастап ой-санасының жетілу сатысына қарай түрлі деңгейдегі ауыз әдебиетінің үлгілерін оқып, қазақи тұлға болып қалыптасуына ықпал етуіміз қажет. Ал жастайынан ауыз әдебиетін, оның ішінде жыр – дастандарды оқып өскен жеткіншек кейіннен Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар, Абыл, Ақтан, Махамбет, Қашаған, Сәттіғұл, Сүгір т.б. секілді ақын-жыраулардың еңбегін оқу арқылы өзінің ұлтына, дініне, тіліне деген ұлттық негіздегі көзқарасы мен болмысы қалыптасары анық .Өзі тұстас,замандас ақындар ортасындағы Сүгір Бегендікұлының алар орнын ғұлама Қараш Ыбырай ахун былайша айқындап кеткен

....Бегендіктің баласы,
Сүгірдей айтқыш жыршы бар.
Алқаға түсіп жырласа,
Аузынан түрлі жыр шығар.
Хабар келсе Сүгірден
Сөйлемес басқа жыршылар

Ауыз әдебиетіне барлық уақытта да жалпы адамзаттық құндылық мәселелері арқау болған. Оның басты ерекшелігі жақсы мен жаманды, қарыз бен парызды, тазалықты, шыншылдықты қарапайым тілмен жеткізе білуінде. Бұл Сүгір жырау шығармаларына да тән.

Балаңның жаман болғаны,
Жақынын жатқа санаса.
Қызыңның жаман болғаны.
Ата менен анасын,
Сыйламаса ағасын.
Келіннің жаман болғаны,
Келген жерге жағдайсыз,

Жақсының ашса жарасын, – деп Сүгір жырау Аталық сөзін айтады. Айтса айтқандай, қазіргі уақытта ұл-қыздарымен тіл таба алмай, мәмілеге келе алмай жүргендер қаншама?! Кейін солардан ата-енесін сыйламас келін шықпасына кім кепіл.

Ақын-жыраулар шығармаларында ықылым замандардан сақталған халықтың данышпандық ой-пайымдаулары жинақталған, бұқараның арман-мақсаттары мен мүдделері қорғалып қана қоймай, олардың айтар ойлары да жүйеленген. Елдегі әлеуметтік әділеттілік үшін күрескен жыраулардың, оның ішінде Сүгір жыраудың да ісі бүгінгі күнгі ұрпақтары үшін, олардың алдағы асыл мұраттарына жетулеріне жол сілтер үлгі бола алады:

Бірінші айтар ақылым:
Салмақты бол шырағым,
Балалық қылып, байқамай
Алымға бола өкпелеп
Нәпсі қума бекерге
Қарсы тұрып сөйлеме
Қаумалаған нөкерге

Осы азғантай өлең жолдарында біз жастарға айта алмай жүрген, айтсақ та санасына сіңіре алмай жүрген тағылымдар қаншама?! Әрине бүгінгі жастарды Сүгір жырау заманында өмір сүрген жастармен салыстыруға келмес. Өйткені қазіргі заман жаһандану заманы, оның өз өлшемі, өз ұстанымдары бар. Бірақ, бір нәрсенің басы ашық, бұрын да, бүгін де жалпы адамзаттық тәртіп пен тәрбие, ұстанымның негіздері жойылып кеткен жоқ, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғаспақ. Сүгір жырау жырының тәрбиелік мәні де сонда.

Ұрпақтар жалғастығы, олардың бойында тәлім-тағылымның болуы бүкіл адамзатқа тән. Адамзаттың өзі жалғастықтың арқасында өмір сүреді. Бұл туралы Абай өзінің 37-ші Қара сөзінде:

«Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын - ағалар,
Артқы толқын – інілер
Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер» [3] – деген. Бұл өмір диалектикасы. Ал тіршілікте Сүгір жырау айтқандай салмақты, салиқалы, өкпешіл болмай, байыпты болу, нәпсі қумау, көпке қарсы жүргенше, пікіріне құлақ салу, ақылың мен беделің асса, соңыннан жұртшылықты ерту, бір сөзбен көппен үндесу, түсінісу қажет. Жыраулар шығармашылықтарына көз жүгіртсек, оны жырламаған ақын -жырау кемде-кем. Онда бұрынғы өткен замандағы парасат иелері, ел үшін қызмет еткендердің әлеуметтік қызметтері дәріптеліп, кейінгілерге үлгі ретінде жырланады. Ондай жырлар Сүгір жырау шығармаларында да молынан кездеседі. Олардың мазмұнын көбіне жыраудың өз замандастарына, өткен заманғы айтулы тұлғаларға берген бағалары құрайды.

Сүгір жырау шәкірті Жақсылыққа берген бәтихасында ел аузында жүрген, аты дүйім жұртқа жайылған, өзі бірін аға, бірін замандас ретінде үлгі тұтып сыйлаған танымал тұлғалар туралы былайша толғайды:

«Нартай ақын өнерлі,
Тілі мақпал шеберлі,
Балқы Базар, жыршы Оңғар,
Қарасақал Ерімбет,
Нұрмағанбет, Ізтілеу,
Шораяқтың Омары
Халқымның болған шынары.
Абыл менен Нұрым бар,
Байбақтыда Сырым бар,
Қашаған, жүйрік Аралбай
Қарт Сәттіғұл қазына
Сөйлеген талай алқада...» [4]

Бұдан әрі Сүгір жырау жастарға аталық сөзін айтады. Оның негізгі мазмұны салмақтылық, әр түрлі жастағы, мінездегі, ортадағы адамдармен санасу қажеттігі туралы:

«Көп жиналған халықтың
Біреуінде жастық бар,
Біреуінде мастық бар,
Біреуінде тәкаппар
Менменсінген мінез бар.
Біреуінде ащы тіл,
Сүйреңдеген шабақтай
Бірдей емес адамзат...
Бұл сөзімді сынасаң
Он бармаққа назар сал,
Бірі ұзын, бірі қысқа
Бәсеке қуған дүние...»

Қоғамды ізгілендіру, рухани құндылықтарды қалыптастыру – XXI ғасырдағы өркениетті дамудың басты талабы, мұның өзі әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді нысандарына қол жетуіне байланысты болып отыр, әрі бұл қатынастарда алдымен әлемнің тұтқасы ретінде адам, жас ұрпақ рөлі аса айшықтана көрінеді. Ендігі жерде ізгілендіру мақсатына жету құралы зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды, ең бастысы елдік сананы қалыптастыруды көздейтін сан қырлы процесс болып табылады. Өйткені, біздің ертеңгі күні осы қазіргі мәдениеті, бүгінгі білім, тәрбие берудің аясында өзіміз қалыптастырған қоғамға қадам басатынымыз айқын.

Қазіргі ғалым-зерттеушілеріміз айтып та, жазып та жүргендей қазіргі заман – жаһандану заманы, сондықтан, ел тәуелсіздігі мен қауіпсіздігі басты басымдықтардың ең негізгісі болып қала береді. Ал ел тәуелсіздігін сақтау, қоғамды ізгілендіру - рухани құндылықтарды бойына сіңірген тағылымды азаматтардың ғана қолынан келетін іс. Ендеше «рухани құндылықтарды жастар бойында қалыптастыру бүгінгі күннің басты қажеттілігі. Қай халықтың болмасын рухы оның елдік санасында айқындалады. Елдік санаға көтерілгенше халықтың рухы туралы айту да қиын, ол көмескі болмақ. Ал рухани танымы мол адам еліне қызмет етуді өзіне мұрат тұтады. Бар

физикалық күш-қуатын, интеллектісін ұлты үшін, оның, елінің болашағы үшін саналы түрде жұмсайды»[5].

Елдік сананы ерлердің бойында қалыптастыру, әрі елі үшін күні-түні қызмет қылған ерлерді дәріптеп, келер ұрпаққа идеал тұлға ретінде жеткізіп отыру сол кездегі жыраулардың үлесіне тиген айрықша қызмет болды. Жыраулар өз жыр-толғауларында елдік, ынтымақ, бірлік мәселесін ту еткен, шын мағынадағы «өркениеттілік», «азаматтық сана» ең әуелі рухани танымға негізделген деп түсінді және сол бағытта жырлады. Бұған Сүгір жыраудың төмендегідей жыр жолдары дәлел:

«Әділді ердің белгісі
Алашқа сөзі танылған
Ақылдының белгісі
Көпті көрсе, үлгі алған.
Сарт мінездің белгісі
Алдын-артын болжап біле алмай,
Дәрежеден бір күн құр қалған.
Ешкім де қайыр көрген жоқ,
Жан қинап, дүние жиғаннан.
Біздер емес, бұрынғы
Атамыз Адам пайғамбар,
Олар да еді құр қалған.
Сөйлесе Сүгір ғылыммен:
Дүнияға жетем демеңіз!
Ағайын болсаң, тату бол,
Егеспе қатар еріңмен...
Мен-мен болып сөйлесең
Аллаға қарсы болғаның
Шабысын халық байқайды
Шабан менен жорғаның
Көп ішінде сыналар
Надан менен білімді
Ел ішінде сыналар
Ақылды мен азамат
Ақылсыз туған жаманды»

Сүгір жыраудың тәлім-тәрбиелік, тағылымға толы, мән-мазмұнды бұл сөздерінің өміршеңдігіне және оның ұлт руханиятына қосылған қомақты олжа екендігіне, жас ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше боларына ешкімнің де дауы бола қоймас. Қазіргі рухани жаңғыру тұсында Сүгір жырау Бегендікұлының артына қалдырған мұраларын таразылау, өскелең ұрпақ санасында қайта жаңғырту саналы іс деп есептейміз

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 8-том. Алматы, 2006. 302 бет.

2.Мұхтар Әуезов. Мысли разных лет. Алма-Ата., «Госполитиздат», 1961. 76-77 беттер.

3.Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. Бір томдық. Алматы, «Қазмемәдеббаспа», 1961. 468-бет.

4.Жүйрігі едің Адайдың. Алматы, 2008. 336-337 беттер.

5. А. Тайжанов. Жыраулық-жыршылық дәстүр және Балқы Базар (әлеуметтік-философиялық сараптама). Кітапта: БАЛҚЫ БАЗАР ОҢДАСҰЛЫ. Ақтөбе – 2014. 94-95 беттер.

ӘОЖ 342.9.07

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІНІҢ АЙНАСЫ

Кусаинов С.С., Тургунбаева А.Т.
Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
мемлекеттік басқару академиясы, Қазақстан

Аңдатпа. Ғылыми мақалада мемлекеттік қызметтердің көрсетілу үрдісіне тікелей әсер ететін өзекті мәселелер мен кедергілер көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы азаматтардың электронды қызметтерді қаншалықты қолданатындығы бойынша және кейбір аймақтардағы көрсетілген мемлкеттік қызметтер туралы статистикалық мәліметтер келтірілген. Өзекті мәселелер мен кедергілердің шешілу жолдары ұсынылған.

Түйінді сөздер: мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, e-Gov, цифрландыру, электронды қызметтер, мемлекеттік саясат.

Елбасымыз «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында: Жалпы, 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілуге тиіс.

Сол үшін Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңды жедел жаңарту керек. [1]

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында: «Бір терезе» қағидаты бойынша бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету үдерістерін цифрландыруды қамтамасыз ету қажет.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы «бір өтініш» қағидаты бойынша жекелеген мемлекеттік қызмет көрсетуден кешенді қызмет көрсетуге көшуге мүмкіндік береді. [2]

Ал, «Үшінші жаңғыру: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында: Мемлекеттік қызметтер көрсету үдерісі мейлінше оңтайландырылуға тиіс. Құжаттардың мерзімі мен тізбесін қысқартып, қайталанатын рәсімдерді жою керек. Бұл орайда адамның өзінің баруын қажетсінбейтін толық электрондық форматқа көшіру керек, деп тапсырма берген болатын. [3]

Қазіргі таңда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге аса мән берілген. Оны Президентіміздің жыл сайынғы жолдауларынан байқауға болады.

Жалпы, адам баласы мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен өмірінің барлық сатысында кездеседі. Туылған кезінен бастап, туу туралы куәлігін алады, отбасылы болғанда неке қию туралы құжатын алса, дүниеден өткен кезде қайтыс болуды тіркеу туралы куәлігі беріледі.

Осыған байланысты, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қазіргі кездегі өзектілігін ескеріп, біз магистрлік жобамызға «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтердің көрсетілу процесстерін жетілдіру» атты тақырыпты таңдағалы отырмыз. Жобаның мақсаты мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің үдерісін зерделеу және қызметті алушылардың игілігі үшін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу болып табылады.

Бүгінгі күні Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде 741 қызмет түрі бар, оның ішінде 454 немесе 61% электронды түрде алуға қолжетімді. Сонымен қатар, 165 қызметті электронды нысанда ғана алуға болады, олардың ішінде рұқсат құжаттары, лицензиялар және кәсіпкерлікті субсидиялау бойынша қызметтер бар.

Алайда, басты кедергілердің бірі қызметті алушылар электронды мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға қызығушылық танытпайтындығы болып табылады. Мұның бірден бір себебі, халықтың цифрлық сауаттылығының деңгейі төмен болуы және электронды қызметтер тартымдылығының дұрыс жеткізілмеуі десек қателеспейміз.

Екіншісі, 741 мемлекеттік қызметтің 289-ы баламалы түрде көрсетілуінен деп пайымдаймыз. Атап айтқанда, баламалы 289 мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес, қызмет алушы аталған қызметтерді баламалы түрде e-Gov веб-порталы арқылы және мемлекеттік корпорация арқылы да алуға құқылы. Бұл, электронды нысанда көрсетілетін қызметтердің

ұлғаюына кедергі келтіретіндігі анық. Өткен жылы ХҚКО арқылы 10 млн-дай мекенжай анықтамасы берілгендігі бұған дәлел. Бірақ, бұл анықтамаларды қазіргі кезде электронды цифрлық қолтаңбасыз бір реттік құпиясөз арқылы e-Gov порталында немесе мобильдік смартфондағы телеграм-бот арқылы алуға болады.

Иә, электронды үкімет мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің басты құралы екендігі күмәнсіз. Қазіргі таңда, e-Gov веб-порталына 8,5 млн-нан астам қолданушы тіркеліп, 2018 жылы 30 млн-ға жуық мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Электронды жүйелердің дамуы қарқынды жалғасуда. Мысалы, осы уақытта қазақстандықтардың 64% интернет желісіне шыға алатын смартфондар қолданады. Бірақ, m-Gov мобильдік қосымшасында 87 қызметтер мен сервистер ғана қолжетімді. Осыған байланысты, тиісті құзыретті органдармен мобильдік қосымшамен веб нұсқаны синхрондау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осымен бірге, 1,3 млн азамат мобильдік қосымшаның қолданушысы болып тіркелсе, 2018 жылы m-Gov қосымшасы арқылы 3,6 млн қызмет көрсетілген.

Мысалы, біздің «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ филиалдарында өткен өндірістік тәжірибе кезінде алынған мәліметтерге сүйенсек, 2018 жылғы есептік кезеңнің қорытындысы бойынша Маңғыстау облысы бойынша филиалдың бөлімдері арқылы 1 377 536 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, соның ішінде электронды нысанда – 798 025 құжат қолға берілді, бұл дегеніміз барлық көрсетілген қызметтің 58% құрап отыр.

Ал, аталмыш есептік кезеңде Мемлекеттік корпорацияның Астана қаласы бойынша филиалына қарасты бөлімдері арқылы барлығы 2 949 029 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, оның ішінде электронды түрде 1 508 908 қызмет көрсетілген, ол барлық көрсетілген қызметтің 51% құрайды.

Қазақстандықтардың 64% немесе 11,5 млн азамат интернет желісіне қолжетімді смартфондар қолданса, жоғарыда m-Gov қосымшасы арқылы көрсетілген қызметтер саны тым аз.

Осы мәселені 2019 жылдың 15 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының төрағасы Аблайхан Оспановқа көтерген болатын. Қызметтерді электронды түрде алуға барлық жағдайларды жасап жатырмыз. Алайда сауалнама жүргізгенде азаматтар өздерінің ХҚКО-на келіп қызметтерді алуы ыңғайлы және түсінікті деп айтады. Олар осындай шешімге келіп отыр, - деп Оспанов жауап берді.

Артынша, Премьер-министр осы кедергілер ақпараттық түсіндірме жұмыстарына тікелей қатысты, олар e-Gov порталына кірген кезде көп мәселелер түсініксіз және азаматтардың ХҚКО-тарына баруға мәжбүр болатындығын айтты. [4]

Бұдан бөлек, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы (бұдан әрі – Заң) 5 бабы 2 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайлар жасалынуы тиіс, делінген. [5]

Ал, қазіргі таңда Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдерінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолайлы жағдайлар жасалғанмен, шартты белгілер арқылы құлағы естімейтін адамдарға мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы түсіндіретін сурдоаудармашылар жоқтың қасы. Мұндай сурдоаудармашы мамандар тіпті штат санында мүлдем көзделмеген.

Қазіргі таңда, саңырау немесе мылқау секілді мүмкіндігі шектеулі қызмет алушылар халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүгінген жағдайда, оларға келесідей жолдармен қызметтер көрсетіліп жатыр.

Нақтырақ айтқанда, тиісті рұқсаты бар ХҚКО қызметкері арнайы компьютер арқылы Мемлекеттік корпорациямен келісімге отырған жеке сурдоаударма орталығының маманымен онлайн режимде тілдеседі. ХҚКО қызметкерімен айтылған түсіндірмелер, қызметті алушыға арнайы маманмен монитор арқылы онлайн түсіндіріледі.

Егер, мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 20 (жиырма) минут екендігін ескеретін болсақ, жоғарыда көрсетілген мүгедек қызмет алушылармен тілдесу әдісінің ұзақтығы, стандарт талаптарының бұзылуына жол берілуі әбден ықтимал.

Заңның 30-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады, делінген. Осымен бірге, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексінің 465 бабына сәйкес, рұқсат құжаттарына жатқызылған мемлекеттік қызметтердің көрсетілу мерзімін бұзғаны үшін 20АЕК, тәртібі бұзылған үшін 30АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген. [6]

Дей тұрғанмен, кей жағдайда мемлекеттік қызметтерді көрсететін уәкілетті органдармен, яғни қызметті берушілермен мемлекеттік қызметтердің көрсетілу мерзімдері, тәртіптері бұзылып, негізсіз бас тартылу секілді заңбұзушылықтар орын алатындығы сөзсіз.

Демек, Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдерінде уәкілетті мемлекеттік органдармен заңбұзушылықтар жасалған жағдайда, олардың жауапкершіліктен жалтаруына жол беріліп қызметті алушылардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылуы мүмкін.

Мұнымен бірге, өзекті мәселе ретінде ХҚКО қызметкерлерінің жалақысының аздығын (шамамен 60 мың теңге) айтуға болады. Осының салдарынан, ХҚКО-тарында қызмет көрсететін операторлар тұрақтамайды және қызмет көрсету сапасы төмендейді. Өйткені, енді жұмысына үйреніп келе жатырған маман жалақысының аздығынан оңай жұмысын ауыстырады және жаңадан қабылданған қызметкерлер қайтадан қызмет көрсету мәселелерін үйрену керек болады. Бұл жағдайлар мемлекеттік қызметтердің көрсетілу үрдісіне тікелей әсерін тигізеді.

Тұтастай алғанда, орын алып жатырған кедергілерді жоюға бағытталған шаралар қабылдануы тиіс және келесідей ұсыныстар қаралуы керек деп ойлаймыз.

Баламалы мемлекеттік қызметтердің веб-портал арқылы ғана көрсетілуіне бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

Халықтың қызығушылығын танытатын және электронды қызметтердің тартымдылығын көрсететін жаппай ақпараттық түсіндірме жұмыстарды жүргізу. Оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы (what’s app, Instagram, Facebook) электронды қызметтерді алудың тиімділігін насихаттайтын видео, аудио және суреттерді кеңінен тарату;

ХҚҚО-тарында интернет желісі арқылы құлағы естімейтін адамдарға онлайн сурдоаударма сайттарын қолдану мүмкіндіктерін қарастыру;

Мемлекеттік корпорация және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) арасында келісім немесе меморандумға отыру арқылы, Мемлекеттік корпорация бөлімдері қызмет көрсететін уәкілетті органдар тарапынан мемлекеттік көрсетілетін қызмет саласы бойынша заңбұзушылық анықтаған жағдайда, дереу түрде Агенттіктің аумақтық департаменттеріне жазбаша жүгіну және тиісті шаралардың қабылдануы бойынша жұмыстарды атқару;

Факторлық баллдық шкала тәжірибесінің негізінде, Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсететін мамандарының жалақысын көтеру мәселесін қарау.

Ендеше, көріп отырғанымыздай мемлекеттік қызметтердің көрсетілу үдерісінде және сапасына қатысты бірқатар шешілмеген мәселелер мен кедергілер орын алған. Қазіргі таңда, біз мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мейлінше электронды форматқа көшіру сатысындамыз. Әлбетте, мұның бәрі халықтың игілігі үшін жасалынып жатырған мемлекеттік саясат. Цифрландыру нәтижелерінен бәлкім болашақта ХҚКО қызметі мүлдем қажет болмауы мүмкін, біздің ел сол цифрландыру бағытында жүріп келе жатыр. Осыған орай, әрбір азамат, оның ішінде қызмет көрсететін қызметшілер мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің маңыздылығын толыққанды түсінуі тиіс. Өйткені, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы – мемлекеттің даму деңгейінің айнасы ретінде, қызметтердің көрсетілу сапасына қарай мемлекеттің даму деңгейі бағаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру», 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Үшінші жаңғыру: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдаулары;

2. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі;
3. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы;
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 15 қаңтардағы отырысы жөніндегі жарияланым/ https://forbes.kz/process/internet/90_gosuslug_v_kazahstane_v_blijayshie_2_goda_stanut_dostupnyi_onlayn/

ӘОЖ 94(574): 821.512

ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТАНЫМ МЕН ТӘЛІМ (XVI-XVIII ғғ.)

Табылдиева О.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жырау сөзінің шығу төркіні, XYI-XYIII ғасырлар арасында өмір сүрген қазақ елі арасында жыр-толғауларымен кең танымал болған Шалкиіз Тіленшіұлы, Жиембет, Ақтамберді жыраулар, жыраулар шығармашылығы қазақ елінің рухани биіктігінің басты белгілерінің бірі ретінде қарастырылған. Сонымен бірге жыраулар шығармаларының негізгі мазмұны, тарихи оқиғаларды қамтуы, нақыл сөздері де қамтылған.

Түйінді сөздер: жырау, шешен, толғау, жыраулық дәстүр, ауыз әдебиеті.

Тарихта талай жақсылар өтті, артына сөз қалдырды. Оларды термек керек, үйренбек керек, үйретпек керек. Жақсыны көрген-көреген, танығаны-тағылым. Халықтың ғасырлар бойы өткен жолы оның қай атырапты мекендеп, қандай елдермен айқасып, кімді қол астына ұстағандығымен, болмаса кімге бодан болғандығынан мәлімет беретін жылнамашы мен тарихшының жазбаларымен шектелмейді. Сәулет өнері, ауыз әдебиеті секілді елдің естиярлығын, халықтың жады мен зердесін таразылайтын рухани қазыналарында да ел тарихының іздері сайрап жатқаны хақ.

Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысы, көшпелі өмірінің өзіндік ерекшеліктері халық мәдениетінің бірегей түрлерін туғызып, қоғамның рухани өмірінде жыраулар, шешен-билер мен батырлық және тарихи мазмұндағы шығармаларды алдыңғы қатарға шығарды.

XX ғасырдың аса көрнекті ақыл-ой иесі, белгілі мемлекет басшысы Джавахарлал Неру өзінің «Әлемдік тарихқа көзқарас» атты еңбегінде: «Ең ұлы және мақтан тұтатын патшалар мен императорлар әлем сахнасында тек қысқа ғана сәтке көрінеді. Ал өркениеттер ұзақ өмір сүреді»,- дегеніндей, небір есімімен елді титіркенткен атақты билеушілердің дүниеге келіп-кетіп жататын адам ретінде өмірінің қысқа, ал өркениет пен мәдениеттің ұлы ескерткіштерінің оларға қарағанда ғұмырлы болатыны сөзсіз. Сондай өмірлі мұралардың қатарына адам ақыл-ойының кейінгіге қалдырар елеулі ескерткішітердің бірі қазақ жыраулары, олардың толғау жырлары.

Ұлттық рухты қалыптастыруда жыраулар шығармаларының орны ерекше. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде былай дейді: «Халық рухының ұшқыны ақындардың, сазгерлер мен айтқыш абыздардың жүрегінде тұтанып, жалындай бастады. Асан қайғы, Шалкиіз, Бұқар жырау шығармашылығында шынайы қазақ руханияты қалыптасып дамыды» [1].

М.Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде жырау атағына ие болған шығармашылық өкілі өз ортасында ерекше салмағы бар қоғамдық тұлға екенін айтып, оның негізгі атқарар қызметі «өлеңшілік емес, елге басшылық істеп, басалқы айту болатын» дейді, олар хан қасындағы «қалың елдің ішінен қосылған қариялар кеңесінің» өкілі деген тұжырым айтады.

Ә.Тәжібаев: «Жырау сөз жоқ, ақын. Ақын болмай, жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сиқын бұзбай

көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық-ертеден келе жатқын халық поэзиясының үлкен дәстүрлі бір саласы»,- деп баға береді.

«Жырау» деген термин «жырлау», «жыр айту», «жырламақ» сөздерінен шыққан. Сөздің төркіні байырғы «жыр, жыршы» деген ұғымдармен өзара астасып жатыр. Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» еңбегінде былай деп көрсетеді: «Ақындардың бір бөлігін жыршы дейді. Бұлар да ақынға тең түседі. Жыр қисынға құрылған, сөзі мадақ, насихат мағыналы, мысал сипаттас әсерлі болады»,-дейді. Есмағамбет Самұратұлы Ысмайылов жыраулардың қоғамдық рөлін аса жоғары бағалап: «Жыраулар өмірдің ұсақ мәселелеріне аз араласып, көбінесе, заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық пен жамандық жайында ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған»,-деп ой толғаса, Ә.Марғұлан «Жырау - ру басы ақсақал, халықтың көкейтесті арманының мұңшысы, жаршысы ретінде өте қажетті тұстарда ғана болмаса, суырып салып жыр тудыра бермеген. Ел құрметіне бөленген жырауларға жұрт болашағына қауіп төніп, қалың бұқара жол таба алмай тығырыққа тығылған екіталай ауыр сағаттарда ғана ақыл салып, кеңес сұрайтын болған. Сонда ғана жыраулар халыққа күш-жігер беріп, осы оқиғаның немен тынарын болжап, тебірене жыр толғайтын болған»,-деп жазады [2]. Мемлекеттілік, оны қорғау мен нығайту қажеттілігі жағдайында көреген суырыпсалма ақын, әрі хандардың серігі және кеңесшісі, әрі жауынгер-басшысы ретінде көрінген жыраулардың рөлі арта түсіп, сонымен бірге жыраулар өнегелі ісімен халыққа белсене қызмет етіп, ел ұйытқысы, тәлім-тәрбие мектебінің ұстазы бола білді.

Қазақ жыраулар шығармашылығын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. XI-XIY ғғ. аралығын қамтитын, жыраулық дәстүрдің негізі қаланған кезең, алғашқы өкілдері: Қорқыт, Кетбұға, Сыпыра жыраулар.

2. XY-XYI ғғ. аралығын қамтитын жыраулықтың қалыптасу кезеңі, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет жыраулар шығармалары.

3. XYII-XYIII ғғ. жыраулық дәстүрдің әбден толысып, кемелденген кезең, өкілдері Үмбетей, Жиембет, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқар жыраулар.

Қазақ хандығының қалыптасуы кезеңінде ұзақ та қызықты, тартысқа толы қиын ғұмыр сүрген Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560) аса көрнекті жырау болды. Деректерге қарағанда Шалкиіз ер жүрек жауынгер, асыл сөз иесі, ақын ретінде танылған. Ноғай ордасы - Мұса бидің маңайында, Үлкен орданың әміршісі Мансұр ұлы Темір бидің, кейін ноғайлы Жүсіп бидің төңірегінде, қазақ ханы Хақназар қасында болған. Оның шығармаларынан ортағасырлық қарапайым көшпелілердің өмірі, билеуші туралы, жақсы мен жаман, батырлық, өзінің қуғынға ұшырауын емес халықтың тағдыры көрініс тапқан. Оның шығармалары ерлік рухқа толы. «Алаштан байтақ озбасы», «Жапырағы жасыл жаутерек», «Би Темірге айтқаны», «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқан» толғаулары бізге жеткен. Мұхтар Мағауиннің айтуынша, Шалкиіз жырау «...аузын ашса болғаны көмекейінен күмбірлеген жыр төгіле берген жыраудың классикалық үлгісі, қазақ әдебиетінің тарихындағы ерекше құбылыс, феномен» деп баға береді.

«Тоқал торы ат жайлаған,
Тобығына тондық ала байлаған,
Хандар шыққан төбедей,
Қабырғадан бүтін шыққан сүбедей,
Аударылмас мара кемедей,
Қандауызға сырлап салған жебедей,
Хан ұлы Төредей
Би ұлы Шорадай
Қан жұқпас қайқы болат өтпеген
Мақтауына адам тауып жетпеген
Бұл жиынның ішінде
Ер Жақсымбет-аға бар»...[3].

Шалкиізді қазақтың барлық жырауларының атасы деуге болады. Оның толғау жырларының ерекшелігі қиыннан қиыстыру, нақтылық, ықшамдылық, тереңдік. Шалкиіз жырау «көп түкірсе-көл» деп елді ұйымшылдыққа, бірлікке шақырды. Көп жауға айбар, елге қорған дейді. Сондықтан Шалкиіз жырау: «Жалғыздың жоғы жоғалса табылмас, рулының оғы қалса табылар», «Жағаға

дұшпан қолы тимеске, артында туысқанның көбі игі», «Белуардан саз кешсең тобығыңнан келтірмейтін» «қамалаған қалың туғанның арқасы»,-деп туғанның ағайынның көп болғанын қалайды. “Кенелейін деген жігіттің, жылқы ішінде екі арғымағы тел өсер. Сүйінейін деген жігіттің, сүбеде алтау-жетеу ағайыны тең өсер!” деген өсиет қалдырған.

Шалкиіз жырау:

Жауынды күні көп жүрме
Жар жағасы тайғақты,
Жаманға жақыным деп сыр айтпа,
Күндердің күні болғанда,

Сол жаман өз басыңа айғақты![4],- жамандық пен жақсылық жөнінде де айта келіп «көрінгеннің бәрі бірдей емес», «қырға шықпас жаманның барынан да жоғы жақсы» деп, адам бойынан үлкен адамгершілік, игілік, тереңдік іздейді.

Жыраулық дәстүрлің көрнекті өкілдерінің бірі Жиембет жырау. Халық оны әрі батыр, әрі жырау деп аңыз етеді. Жиембеттің бұлайша халық аузында сақталу себебі елдің көкейіне қонымды жыр толғап, бойындағы ақындық шабытын батырлықпен байланыстырған болса керек. Жиембеттің өмір сүрген кезі-XYII ғасырдың екінші жартысы. Деректерге қарағанда Есім ханның Кіші жүздегі әмірі болған. Ол 1620 жылғы қазақтар мен ойраттардың қақтығыстарында, 1627 жылы Ташкент билеушісі Тұрсынның бүлігін басуда шешуші рөл атқарған басты қайраткерлердің бірі болды.

Тұрсын сұлтан – Жалым сұлтанның ұлы. 1598 жылғы хан сайлауда Есімнің жолы үлкен болғандықтан, Тұрсынның таққа таласының қисыны болмады. Тұрсын сұлтан Өзбек хандығына қарсы күресте қазақ әскерлерін бастап, әлденеше рет үлкен жеңістерге жетеді, беделі артады. Көп ұзамай Тұрсын сұлтан 1613 жылы өзін хан, Ташкент қаласының билеушісі деп жариялайды. Өз атынан ақша шығарады. Деректерге қарағанда Тұрсын хан Есім ханмен екі рет бітімге келіп, екі рет серттен тайған.

Өзін хан санаған Тұрсын қарауындағы халықтың күш - қуатына әбден сенім артады. Тұрсын ханның сенімді тірегі саны көп, айбынды Қатаған руы болған. Тұрсынның хандық билікке ұмтылысы Есім ханның билігіне мойынсұнбауы еді. Қазақ хандығы ішінен оңаша отау тігілді. Халық біреу, хан екеу болуы хандықтың бірлігі, ынтымағының бұзылуына жол ашты.

Есім ханның ел ішінде беделінің артуы Тұрсын ханға ұнамады. Есім ханның көзін жоюға, дара билікке жетуге ұмтылды. 1627 жылы жоңғарлардың қазақ жеріне жиі - жиі жорық жасап, елдің мазасын алып, таран - таражға түсуіне байланысты Есім хан жорық туын көтеріп, қалың қол жинап, қалмақтарға қарсы соғысқа аттанады. Елдің мазасын алған қалмақтарды, Жоңғар тауынан ары асырып жібереді. Есім хан жорықта жүргенде Тұрсын хан барлық әскерін жинап, алыстағы жауды емес, бауыры тұрған Түркістанды шабады. Қараусыз жұртты қанға бөктіріп, ойранын шығарады. Есім ханның үй ішін, әйелін, жас балаларын тұтқындап, Ташкентке әкетеді. Есім ханның көзін жоймақ болып, жолын тосады. Екі ханның әскері Сайрам қамалының түбінде кездеседі. Жеңіліс тапқан Тұрсын хан Ташкентке шегінеді. Қазақ пен қазақ арасындағы жан түршігерлік мейрімсіз ұрыс өрттей лаулады. Бар әскерінен айрылған Тұрсын хан қамалға тығылады. Есім Тұрсынға қолдау көрсеткен қатаған руын да жазалайды. Тұрсын ханның бұл бүлігі тарихта «Қатаған қырғыны» деп аталды.

Жиембеттің Есім ханмен бұл достық қарым-қатынасы ұзаққа бармайды. Екеуінің арасында ел аралық бітімгерлік, жер, жесір дауы кезінде келіспеушілік өрістей береді. Бетің бар, жүзің бар демей, турасын кесіп айтатын қайсар өжеттігімен Есім ханның кейбір озбыр жөн-жосықсыз іс-әрекеттеріне қарсы шығады. Оның бұл мінезі ханға да жаға бермейді. Сөйтіп ханмен арасы суып, Жиембет ханнан іргені аулақтатып, қол астындағы елге өзінше билік жүргізе бастайды. Мұны білген хан оның соңына түсіп, қуғынға салады. Сонда бір кездесуде Жиембет жырау Есім ханға былай депті:

Еңсегей бойлы Ер Есім!
Есім сені есірткен,
Есілде менің кеңесім.
Ел білгеннен Есім хан,
Қолында болдым сүйесін,

Қолтығыңа болдым демесін.
Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға,
Есіктегі ебесін;
Сонда ханым не десін?!
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің.
Жиембет қайда дегенде,
Не деп жауап бересің?..

Менімен ханым ойнаспа! [5],- деп ханға ауыр салмақ сала отырып, өр мінезін көрсетіп ашына жырлайды.

Ақтамберді жырау Сарыұлы (1675-1768) суырып салма сөз өнерінің жетік өкілі, халық оны жоңғарларға қарсы жорықтар кезінде қол бастап, ерлік көрсеткен батыр, өзінің өжет те, өткір сөздерімен қалың қауымға әсері күшті болған жалынды жырау деп санайды. Ақтамберді қазақ-тардың моғолстан мен жоңғарларға жасаған жорықтарына қатысып, ер жүрек батыр-жауынгер деген атағы шығады. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында ол жұрт таныған батыр-жыршы және Орта жүздегі беделді рубасы ретінде көптеген шайқастарға қатысты. Ақтамберді жыраудың жиырма алты туындысы бізге белгілі. Жырау жалынды толғауларымен батырлық пен ерлікке шықырып, елді жауға бірлесіп тойтарыс беруге топтастырды. Ақтамберді бүкіл ел мүддесін, ру, ата намысы емес, иісі қазақтың намысын қуады, елді ерлікке, бірлікке шақырады.

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке,
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп құдай тілекке!

Ақтамберді өзінен бұрын өткен Доспамбет, Шалкиіз дәстүрлерін әрі қарай жалғастырушы болып табылады. Бұған жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп»деп басталатын ұзақ толғауы дәлел бола алады. Ақтамберді жырау: Қоңыраулы найза қолға алып.

Қоңыр салқын төске алып,
Қол қашырар ма екенбіз,- деп өзінің замандас жас ұрпағын табандылыққа, ерлікке, жауға батыл аттануға шақырады.

Деректерге қарағанда Ақтамберді жырау тоқсан үш жасында дүние салыпты. Жырау толғауында өзінің өмірлік мақсатының орындалғанына ризашылығын білдіре келіп «батырларша оққа ұшпай, төсекте жатып тек өлгендігіне» өкінеді. [4, 172-173 бб.]

Жырау: “Сары аязда қата ма, қайнардың аққан тұнығы. Қап түбінде жата ма, болаттың асыл сынығы” немесе “татулықта береке”, “бірлікте қасиет” деп жаңа дәуірдің, жаңа қатынастардың талабын көрсетеді. “Қалың қазақ елім” деп үн қатқан, ұран тастаған жырау: “Ылайым, елім аман болсын” деген тоқтамды алға тартты. Ол шешендігімен, көрегендігімен, қайырымдылығымен жамандықтан, жалғандықтан, жұғымсыздықтан, жауласудан сақтандырды.

Қазақ халқы сөз өнерін ерекше қадірлей білген, көркем сөз құдіретін қастерлей білген ел. Жыраулар сөз кестесін құра білген, тіл құдіретін игерген асыл сөз шеберлері. Шығармаларында әлеуметтік өмірді, халық тұрмысын кеңінен қамтыды. Сөздің құдіреті мен еркіндігі өркениеттің-өлшемі. Сондықтан да Асан қайғыдан бастап Абайға дейінгі ұлы ділмәр-шешендер ұлттық дүниетанымды, сананы, тәрбиені, әдет-ғұрыптық жүйені қалыптастыру мен дамытуға, даналықты түсіндіру мен көркейтуге ғаламат күш жұмсады. Қазақ халқы түйінсіз, мәнсіз сөйлегенді ұнатпаған. «Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтсада, көптің мұңын, көптің жайы туралы айтылады»,- деген М.Әуезов. Нақыл сөз, өсиетнама түріндегі жыраулар шығармалары ұлттық рух пен тарихи санамызды жаңғыртуда тәлім-тәрбие құралы бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы., 2003. 175 бб.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т. Алматы., 2000. 31-37 бб.
3. Маданов Х, Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы., 1998. 130 б.
4. Алтаев Ж., Ғабитов Т., Қасабеков А. Философия және мәдениеттану. Алматы., 1998. 72 б.
5. Сүйіншәлиев Х. Ж. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы., 1997. 289-295 бб.

ӘОЖ 82-145(045)

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ ИІРІМДЕРІ

Қамарова Н.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ хандығы құрылып, дербес мемлекеттің нығая бастаған дәуірінде қазақ халқының мәдениеті де ілгерілей түсті. Бұл кезде жыраулық әдебиет өмірге араласты. Тұрмыс-салт жырларынан мүлде бөлек жеке адамды дәріптеген туындылар дүниеге келді. Осы тұста әдебиеттің мақсаттары да айқындала бастады. XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жыраулары өздері өмір сүрген қоғамның күрделі мәселелеріне толғау-жырлары арқылы қатысып, поэзияны бұқара халықтың дүниеге көзқарасын қалыптастыратын күшке айналдырды. Бұл мақалада ақын-жыраулар поэзиясындағы психологизм иірімдері сөз болады.

Түйінді сөздер: ақын-жыраулар, жыраулар поэзиясындағы жан толғаныстары, психологизм, рухани жаңғыру

Жыраулар поэзиясының ішкі көркемдік сымбаты ұлттық дүниетанымның бір кезеңінің көрінісі іспетті. Жалпы «жыраулар адам жан-дүниесін аса терең, жан-жақты суреттеуден гөрі қысқа да шола суреттеуді, сол кездегі оқиғаға байланысты бейнелерді машық еткен» [1, 11], - дейді ақын-жыраулар поэзиясын зерттеуші Қ.Сыдиқов. Дегенмен де жыраулар поэзиясында ішкі монологқа құрылған, ішкі тебіреністі бейнелейтін толғаулар көп. Мысалы: Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын толғауы ақынның алдына қойған арман-мақсатын айқын танытып, ішкі ойынан хабар береді. Жастайынан жоқшылықты көп көрген ақын жалғыздығына, кедейшілігіне өкіне, шерлене сөз толғайды:

Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін.

Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп.
Жасым жетпей он беске,
Қорғайтын жан адам жоқ [2].

Сонда да жырау жақын-жуықтар түрткісін көп көрсе де олардан кек алуды ойламаған. Пендешіліктерден өзін жоғары ұстай білген.

Жақыннан көрдім қорлықты,
.....
Он жетіге жас толды,
Көңілім сонда орнықты.
Жауласарға жау емес,
Дауласарға дау емес,
Жақынға қылман зорлықты! [2]

Ақын тек өз мүддесін емес, ел тағдырын ойлауға серт береді. Сырт жаулардың көрсеткен қорлық-зорлықтарына ақын қабырғасы қайыса қайғырады.

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке [2], -

деп жанына аяздай батқан бүкіл халықтың мұңын мұңдап, халық шерін өз атынан толғайды. Осы жолдар арқылы көрген қорлықтың жанына қатты батқанын аңғартып тұр. Жүрекке сары су болған қайғы – ақын жан-дүниесіндегі ауыр төңкеріс.

Ақынның өзі туралы айтқан мына бір жолдарын оқып көрсек:

Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өлермін.
Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен.
Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айрылман.
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсаң майрылман [3].

Бұл жердегі торлаусыз өскен құлан – еркіндіктің, байраққа біткен құрақ – ерліктің символы. Өзін бейнелеген эпитеттер мен ауыстырулар көз алдымызға өршіл де асқақ ер тұлғасын әкеледі. «Жапанға біткен тірекпін» деп жалғыздығын айтса, сол жалғыз теректің еңсесінен жел соқса да теңселмейтіні – қайсарлылықтың, қажырлылықтың белгісі. «Қарағайға қарсы біткен бұтақпын, балталасаң да айрылман», - деп ақын ержүректілігінен де хабар береді. Тасқа да салса майрылмайтын сырты құрыш, жүзі болат нағыз азамат ердің бейнесі емес пе? Бұлардың бәрі – ішкі психологиясының көріністері.

Осындай бейнелеу Жиембет жырауда да кездеседі.

Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқының асау тайындай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре мен жайындай.
Беріктігім сұраса,
Қарағай мен қайыңдай [4].

Халық ауыз әдебиетінің жетістіктерін жете меңгерген ақын өз бойындағы қасиеттерді бейнелеу үшін жоғарыдағыдай тамаша теңеулер қолданған. Сол теңеулерді қолдана отырып, жырау өзінің тұлғасын сомдайды және ішкі дүниесінен де хабар береді.

Қазақтың халық поэзиясымен біте қайнасып кеткен сөз өрнектерін ақын-жыраулар туындыларынан молынан ұшырастырамыз. Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауында» мынадай жолдар бар:

Аспанда бұлт құрсайды-
Күн жауарға ұқсайды,
Көлдерде қулар шулайды –
Көкшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды,
Көп ішінде бір жалғыз –
Көп мұңайып жылайды –
Күйбеңдескен көп жаман
Сөзі тигенге ұқсайды! [2, 23]

Халық ауыз әдебиетімен сусындаған ақынның сөз қолданыстары өзіндік бетін, өзіне тән шеберлігін де айқын танытады. Ақын психологиялық параллелизм тәсілі арқылы «көп ішіндегі бір жалғыздың» мұңын білдіреді. Бұл жердегі «көп ішіндегі жалғыз» – ақын бейнесі. Жырау жалғыздықтан жапа шеккен күйін ашық бейнелейді. Моральдық-психологиялық толғаныстарымен

ерекше көзге түсетін философ-ақын Асан қайғы толғауларының да поэтикалық тілі бай. Асан қайғы мен Әз Жәнібек хан арасындағы қайшылықтарды мына төмендегі жолдардан көреміз:

Құладын құстың құлы еді...
Аққу – құстың төресі.
Ақ мамығын тараған.
Тұңғиыққа қараған.
Аққу көлдің көркі еді,
Ерте-кеш көлде әндеген.
Әнімен көлді сәндеген,
Қу көлдегі ерке еді.
Құладынға ілдіріп,
Ақ мамығын жұлдырдың...! [3, 61]

Ақын Жәнібек ханның ел басшысына лайық істермен айналыспайтынын бетіне басып, батыл сынайды. Аққудай момын құстың жыртқыш құсқа зәбірленуін озбырлықтың символы ретінде ұтқыр бейнелеген. Сұлуды өз теңіне бермей, өзі сүймеген жетесіз жанға қосқанына ақын қатты наразылық білдіреді. Құстың төресі, еркесі, аруы – аққудың ақ мамығын жұлдырған, яғни панасыз ару жанды аяусыз зәбірлеген хан ісіне, әділетсіздігіне күйінеді.

Бұқар жыраудағы:

Көкте бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас, не пайда;
Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес, не пайда?! [2, 80].

немесе
Бұл жалғанда бір жаман-
Ағайынның аласы [2, 81].

немесе
Ақсам батпай күн шықпас,
Ажал жетпей жан шықпас...
Қара қойдың терісін,
Сабындап жусаң ағармас,
Қалған көңіл табылмас... [2, 100].

Өмір жалғандығы, ағайын татулығы, ел бірлігі, адамның көңіл-күйі, сезімдері туралы бейнелі ақыл-нақылдар бүгінгі ұрпаққа ғибрат болып қалған. Жыраудың әр жастағы адамдардың ішкі сезімдері, мінез ерекшеліктері, әдет-дағдылары түрлі-түрлі болып келетіндігі туралы толғаған ойлары қызықты. Жігіттік шақ пен кәрілік шаққа айрықша көңіл бөле толғанады. Кәрілік құпиясына ерекше үңіліп, қарттықтың сырын аңғартады.

Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңілі қарайып,

Қарауытып көзі тұрса да-
Үмітін қоймас адамзат! [2, 104].

Қалжыраған, қарайған көңіл, қарауытқан көз арқылы адам жанының бір қалыпта тұрмай, үнемі қозғалыс үстінде болатынын айтады. Өмір өзгеріп, уақыт озып, адам жанын құбылтып, жастықты кәрілік жеңетінін көрсеткенімен адам баласы өле-өлгенше үміт отын өшірмейтінін тамаша жеткізеді, яғни адам баласының оптимистік рухын баса көрсетеді.

Терең ойға құрылған ғибратқа толы жолдар Шал ақында да көп-ақ.

Жаманнан көрген қорлығың
Көкірекке біткен шермен тең [2, 115].

Мұндағы ақын жаны дұшпаннан көрген қорлығының жүрекке сары су болғанын көрсеткен жоғарыда мысалда келтірілген Ақтамберді жыраудың жан-дүниесімен қатарласып тұр. Шал ақын сезінген көкірекке біткен шер – жалпы адам баласының ішкі психологиясына тән жан күйі.

Бір қалған соң көңілің
Қаңтарда қатқан мұзбен тең [2, 115].

Қалған көңілді қаңтарда қатқан мұзға балау да – адам жан күйінің бір ғана сәтін бейнелеу. Адам психологиясын дәл көрсете білген ақын қартайған шағында:

Өткен еске түскенде құлазимын,
Ақ киіктей айрылған ордасынан [2, 152].

Бірақ жыр түйіндерінде құр қайғырудың зиянды екендігі айтылып, адам баласын сабырға шақырады.

Махамбеттің жалынды жырларынан күрескер ақынның «халқым» деп соққан жүрегінің дүрсілін естіп, хан-сұлтандарға деген күндей күркіреген, найзағайдай жарқылдаған ашу-ызасын байқаймыз, өз кезеңінің кескілескен күрес дүбірін көреміз. Ақын толғаулары еш қоспасыз, реалистік тебіреніспен суреттеледі. Қай шығармасынан да заманының озық ойлы, терең сырлы табиғи талант иесінің психологиясы көрінеді. Ақындық «Меніне» ел мұңы, халық арманы, ерлігі, халықтың асыл қасиеттері – бәрі-бәрі сияды. Махамбет ақын «Қызғыш құс» өлеңінде өз басындағы күйінішін егіздеу тәсілімен жеткізген. Исатай өлгеннен кейінгі өз басындағы ауыртпалықты, жалғыздығын, құсалықпен өткен күндерін лашын құстан зәбір көрген қызғыш құспен қатар бейнелейді:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен,
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Аспандап ұшқан қызғыш құс!
Сені көлден айырған –
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған –
Хан Жәңгірдің екпіні [5, 192].

«Поэзияда тұрақты образдар жүйесі мен символдар қалыптасып, кейінгі әдебиеттің дамуына, шарықтап, кемелденуіне, толысып, нығаюына көмектеседі. Өлең өмір шындығына тамырын терең жаяды да, өнерлік сипаттарды молынан қамтиды. Ол ұқсастыру мен шендестіруге салыстыру мен әсірелеулерге т.б. поэзиялық амал-тәсілдерге, яғни синтездік құдіреттерге сүйенеді» [6, 24], - дейді зерттеуші С.Негимов. Ғибраттық, даналық сазы басым, философиялық толғамдары мол кестелі ойларға құрылған жыраулар поэзиясы – әдебиетіміздің даму деңгейін білдіретін өзіндік ерекшелігімен дараланатын біртұтас әлем.

«Әрбір елдің тарихы, оның мәдениеті, әдебиетінің шежіресі жалаң ойдан жасалмайды, ежелгі жазба мұраларға, шежірелерге сүйеніп жасалады» [7, 108], - деген зерттеуші М.Жолдасбеков тұжырымына сүйеніп, психологизмнің де алғашқы элементтері сонау көне заман туындыларын жатқанына көз жеткіздік. Психологиялық талдау, ішкі монолог, жан әлеміндегі арпалыс, тебіреніс, кейіпкер ойының жан-жаққа жүгіруі, бір адамның өз-өзімен бір мәмілеге келе алмай жанталасуы, адамның соны шешімге, характерге бой ұруы, яки жан диалектикасы, әдебиет зерттеушісі Ш.Елеукеновтің айтуынша, қазақ әдебиетінде алдымен лирика жанрында өріс алды [8, 187]. Қазақ поэзиясы әлемдік поэзияға тән ортақ арнада тоғысқанмен де, қазақ өлеңі кейбір өзіндік сипаттарымен ерекшеленеді. Ол ерекшеліктер психологизмнің бүгінгі деңгейіне көтерілу сипатында көрінеді.

Ақын-жыраулардың терең астарлы, ұшқыр да ұтымды, тағлымды нақылдары бүгінге өлмес мұра болып келді, әлі де жасай бермек. Жыраулар толғауларының өміршеңдігі өлеңнің поэтикалық қуатында, ой тереңдігінде, психологиялық мазмұнға толы сыршылдығында жатыр. Жыраулар поэзиясы сол дәуір талабы тұрғысынан қарап, баға беруді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыдиқов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы: Рауан, 1992. – 80 б.
2 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 176 б.
3 Алдаспан. Қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1971. – 279 б.
4 Бекмұхамедов М. Жақсы үгіт. – Қазан: Ағайынды Наримановтар баспасы, 1908. – 24 б.
5 Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
6 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі
7 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.
8 Елеукенов Ш. Мағжан шығармаларындағы психологизм. // Жұлдыз, 1994, № 10-12. – 187-198-бб.

ӘОЖ 82-145(045)

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚ ОЙЛАР

Оразымбетова С.
Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің сонау көне заманнан бері жасап келе жатқан халықтық туындылары аз емес. Сан салалы өлең-жыр, философиялық терең негізгі ойға құрылған асыл сөз үлгілері – жыр-толғаулар, асқақ ән, сәнді де сазды төгілген күй-көркем өнер саласындағы халық мұрасының асыл куәсі. Дәуірлік мәні бар философиялық терең сырлы жыраулық поэзия туындылары, әдеби шығармалар – халқымыздың мәдени мол мұрасы, байлығы. Бұл мақалада ақын жыраулар толғауларындағы даналық ойларға шолу жасалады.

Түйінді сөздер: Ақын-жыраулар, даналық ойлар, философия, психология, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет, рухани мұра.

Әрбір халықтың рухани байлығы – ғасырлар бойы даму тарихында жасалған, ұрпақтан-ұрапаққа ауысып отыратын мирас. Басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да өзіне тән тарихи басынан кешкен кезеңдері, өрлеу сатылары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар. Адамзат ақыл-ойы туғызған небір ғажайыптар ішіндегі уақыт сынына төтеп беріп, адамзатпен жасасып, келе жатқан ең көне, ең бір құдіретті өнер – ол сөз өнері. Дүниені билейтін – сөз, сөзді билейтін – атақты шешендер, би-көсемдер, ақын-жыраулар екені әлимсақтан белгілі жай.

Халқымыз қалдырған көркем сөз өнері баға жетпес мол қазына. Оның ішінде қамал бұзар қаһарлысы да, шебер қиылысқан қисындысы да, нөсердей құйылған төкпе туындысы да мол. Асылды жасықтан айыра білген халық шешендерінің аузынан шыққан философиялық тұспалдар мен нақылдар өмір ережесіндей ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, адамгершілік үшін қызмет етіп келеді. Өшпес, өлмес мұрамыздың мол бір саласы – мақал-мәтел,шешендік сөздер, саналы да салмақты жыраулар қалдырған философиялық терең ойлы толғаулар мен арнаулар,ерлік эпикалық жырлар, жыраулар дәстүрін жаңарта, жақсарта жалғастырған төкпе ақындардың философиялық өнегеге толы поэзиясы.

Қазақтың шын мәніндегі авторлы әдебиеті осы аталған жыраулар мен шешендер мен төкпе ақындар творчествосының өркендеуіне байланысты. Халқымыздың даналығы мен саналығының айқын көрінісі, оның бай ауыз әдебиеті десек, оның ең алғашқы туғызушысы да, жетілте жырлап,

талай ғасырлардан аман алып шығып, кейінгі ұрпақтың қолына аман табыс етушісі де жезтаңдай жыраулар мен адуын ақпа ақындар. Жыраулар – сөз өнерінің ілкі авторлары, ақындыққа жол ашқан асыл сөз шеберлері, халықтың шешендікпен ұштасқан ойлы – сырлы толғау, арнау, термелер мен эпостық жырлардың бастау бұлақтары . Поэзия – өнердің көне түрі. Адам өмірінің қат-қабат қыры мен сыны, қуанышы мен қайғысы, арманы мен мұраты - баршасы поэзияда барлық бояумен, сан-қилы философиялық терең де сырлы ою-өрнегімен көрініс табады. Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті мұрасының дені – поэзиялық шығармалар. Көне қазақ поэзиясы өлең, толғау, ғашықтық жырлар, айтыс, батырлар жыры, қисса, т.б. түрінде жеткен. Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы ақын-жыраулардың жарыққа шығарған философиялық өнегеге толы өлең-жырлары болып саналады. Бұлар қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса маңызды мұралары.

Ақын-жырауларды қазақ халқы ақылгөй атадай ардақтап, олардың ақыл-нақыл тұжырымдарын ынталы ықыласпен тыңдап қадір тұтады. Өлең-жырларында Отанды, халықты сүю, елдің береке-бірлігін сақтау, әділетті жақтау, жамандық-пасықтыққа қарсы тұру сияқты адамгершілік дәріптеліп отырды. Ақын-жыраулар халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлады. Ақын-жыраулар халық басына келген қайғыға да, ел басына ауыр күн туғанда шапқыншы жауларға қарсы жан аямай күресіп, елін қорғаған ерлерді дастан етіп жырлап отырды.

Біз алдымен ақын-жыраулар шығармашылығы мен поэзиясына кіріспестен бұрын жыр, жырау, толғау деген сөздердің мағынасын ашып алайық. Жыр (көне түркі тілінде-иыр) кең мағынада, поэзиялық шығармалардың жалпы атауы. Көне түркі тіліндегі «иыр» сөзі де қазіргі «поэзия» терминінің мағынасында қолданылған. Бұл атау дәл осы мағынада қазіргі қарақалпақ,қырғыз, ноғай, қарашай, балқар, башқұрт,татар, т.б. түркі тілдерінде әлі күнге дейін қолданылады; 2) тар мағынада-қазақ халық поэзиясындағы 7-8 буынды өлең өлшемі, поэзиялық шығарма жанры.Қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры, тарихи жырлар, лиро эпостық жырлар, жоқтаулар, жыраулар поэзиясы, толғаулар, термелер, т.б. түгел дерлік поэзияның осы өлшемдегі үлгісіне құрылған.

Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Жырау атауы «жыр» сөзінен туындайды. Махмұт Қашқари жырау сөзін «йырағу»- деген өлең шығарушы, музыкант деп түсіндіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар қазақ халқының рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарады. Жыраулар жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, кейде, батыр, қолбасы бола жүріп, ел қорғау азаматтық тақырыптарға арналған өлең-жырлар туғызған. Жыраулар қолданған көркемдік тәсілдер оның поэзиясының ішкі орайлас. Әйткенмен жырау бағзы замандардың өзінде, ең алдымен, сөз зергері ретінде танылды. Туындылары адам көңілін дөп басар әсерлігімен, мірдің оғындай өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, қиыннан қиыстырған көркемдігі және қуатты серпінділігімен ерекшеленеді. Жыраулық қызмет көшпелілер арасында ежелгі арий (абыз-дар), сақ, ғұн дәуірлерінен бастап жоғары бағаланған. Түркі қағанатының тарихын тасқа қашап жазған Иолық тегін,оғыздардың ұлы озаны Қорқыт ата көшпелілер қоғамында үлкен рөл атқарған. Ал кейінгі қазақ әдебиеті тарихында жыраулар шығармалардағы үлкен бір кезеңді қамтиды.

Жыраулық поэзия – 15-18 ғасырлардағы қазақтың халық поэзиясы.Біздің дәуірімізге, негізінен, ауызша жетті. Жыраулық поэзияның алғашқы өкілдері, кезінде бүкіл Дешті Қыпшаққа даңқы жеткен Қодан Тайшы, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған жыраулар жаңа әдебиеттің ізашарлары ғана емес, көне мұраны жалғастырушылар деп те саналады.

Жыраудың ең сүйікті жанры – толғау. Толғау, осы сөздің өзінен де көрінетіндей,толғану, толғаныс деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің ойға да, сезімге де қатысы бар. Сондықтан да толғаудың өзін ойға құрылған толғау, сырға құрылған (лирикалық) толғау деп жіктеуге болар еді.

Ой толғауларда жырау-ең алдымен философ. Мұндай толғаулар нақыл, тақпақ, афоризм түрінде келеді. Атақты жыраулардың толғауларында кездесетін афористік сөздердің көбі мақал-мәтелге айналып кеткен. Сонымен бірге жырау өзінің замана жайындағы түйгендерін мораль, этика хақындағы ойларын баяндайды, қоғамдық мәселелерді көтереді.

Қазақ жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Асанқайғы Сәбитұлы (XIV-XV) Еділ бойында дүниеге келген. Асанқайғының «Жерұйық» іздеуіне қатысты айтылатын аңыздардан да халықтың

бас құрап, ірге орнықтырып, ел болу қамын ойлауда оған шешуші міндеттің жүктелгені байқалады. Асан аты халық арасына ертеден қанықты болса да, оның өзі тұлғасы тым көмескіленіп, бұлдыр сағымға айналып кеткен болатын. Әрі мемлекет қайраткері, әрі философ, ақын ,халықтың қамын ойлап, қабырғасы қайысқан ер-азаматтың тұлғасы оның сөздерінен жарқырап көрінеді.Қазақ халқының тарихындағы аласапыран, алмағайып дәуірдің ақиқатын көркемдеп айта білген, еліне өшпес өнеге, кемел кеңес қалдырған.Асанды данышпан философ-ақын десек артық айтылғандық болмайды. «Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады.Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас, жел толқыса шығады. Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады». Бұл жолдарды дүние жүзінде аты мәшhүр дүлдүл ақындардың қайсысының да шығармасымен қатар қоюға болады.

Асан айтқан шешендік, тапқыр сөздер, Асан айтқан философиялық негізге толы толғау жырлар, әрине, өте көп болған. Бізге соның кейбір нұсқалары ғана жетіп отыр. Асан сөздерінің дені: «Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтіп күн көрер, аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер. Жалаң аяқ байпаңдап қаздар қайтіп күн көрер, шыбын шықса, жаз болып таздар қайтіп күн көрер», - іспеттес нақыл, толғау түрінде келсе керек. Бұл жолдардан адам тағдыры ғана емес, жан иесі мақұлықтардың бәрінің тіршілігі толғантқан, көне заманда өмір сүрген көне философ-гуманисттердің типіндегі ойшыл ретінде танылады. Кейін аңызға айналып, аты ұрпақ аузында құрметпен аталған адам теңіздей терең ақылдың иесі болғандығы күмәнсіз.

Қазақ әдебиеті төлбасыларының бірі – Қазтуған жырау Сүйінішұлы. Қазтуған – ірі эпик, ерлік жырларын шығарушы жорық жырауы, әрі нәзік лирик ақын болған. Қазтуған өз артына өмір туралы, атамекен, туған ел жайлы және әскери тақырыптағы сан алуан мазмұнды туындылардан құралған мол философиялық әдеби мұра қалдырды. Бұлардың дені сақталған. Қазтуғанның біздің дәурімізге жеткен жырлары табиғат арасындағы көшпендінің болмыс, тіршілік, өзін қоршаған орта туралы түсінігін бейнелейді. Жырау қиялының байлығы, суреттеу тәсілдерінің кемелдігі мен әсемдігі көне дәуірдегі қазақ поэзиясының биік өресін, өзіндік сыйпатын танытады. Қазтуғанның ұлттық бояуы қанық, афоризмдерге, көркем тіркестерге бай, өр рухты толғаулары туған әдебиетіміздің таңдаулы үлгілері қатарына жатады. Қазтуған Сүйінішұлының тек қана ақындығын ғана біз айтпай-ақ, ол өз заманының әрі батыры, әрі күйші, әрі биі, әрі ділмар шешені болған. Мұның бәрі өзі туралы бір толғам жырдан айқын көрініп тұр:

«Бұлт болған айды ашқан,мұнар болған күнді ашқан, мұсылман мен кәуірдің арасын бұзып өтіп дінді ашқан – Сүйінішұлы Қазтуған!!!»[1, 28]. Бұл нағыз керемет терең ойлы да, «таза далалық поэзия!», - дейді жазушы әрі зерттеуші Мұхтар Мағауин. Иә, бұл жолдар тек қазақ тілінде ғана сұлу, қазақ оқушысына ғана түсінікті.

Шағырмақ бұлт жай тастар,
Ағытқан қойды жол бастар,
Ақ желкенді жел бастар,
Ғадыл төре ел бастар,
Батыр жігіт қол бастар,
Шешен адам сөз бастар.
Құсты жисаң бүркіт жи,
Қыс тоныңды түлкі етер,
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мүлкі етер [2,43].

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы – Шалкиіз Тіленұлы 1465 жыл шамасында Жайықтың шығыс бетінде дүниеге келеді.Шалкиіз жыраудың туындылары көңіл пернесін дөп басар әсерлігімен, кезегенін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігі, асау серпінді қуатымен ерекшеленеді.

Зерттеуші М.Мағауин Шалкиіз өлеңдерін ауызша да жазбаша да шығарған деген пікір айтады.Әбден мүмкін нәрсе.Қазақ даласында жазып шығаратын шайырлық салт әркезде болғаны ақиқат.Сол дәстүрді замананың білікті, беделді кісісі, билеуші әмірлермен терезесі тең адамша жауаптаса алатын ойшыл, философ жырау Шалкиіздің де ұстануы ықтимал.Ақын-жыраулар сауатсыз болған емес.Олардың көбі өз дәуіріне лайық кітап білімін де алып отырған. Шалкиіз

өскен далада философ, ғұлама данышпан А.Иассауи де, Сараи де өмір кешкенін ұмытпалық [1, 136].

Ақтамберді Сарыұлы 1675 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Қаратау бойында ауқатты семьяда дүниеге келеді. Болашақ жырау жамағайын туысы Бердіке деген батырдың қолында өседі.

Жоңғарлар басқыншылығына қарсы жорық дәуірінің қаhарманы Ақтамберді жырау жырлары да өзінен бұрыңғы дәстүрді жалғайды.Жыраудың ең мықты мұраты-қазақ елінің кең далада еркін жайлап, азат күн кешуі.Дала өмірінің өзіне тән сәні мен салтанатын Ақтамберді зор сүйіспеншілікпен жырлайды:

Арудан асқан жан бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма,
Биенің сүті сары бал-
Қымыздан асқан дәм бар ма!
Желіде құлын жусаса,
Кермеде тұлпар бусанса,
Сәні келер ұйқының,
Жылқы қолдан тайған соң,
Қызығы кетер күлкінің.
Қыздың көркі құлпыда,
Жігіттің көркі жылқыда [2 , 60].

Ол сахара тіршілігінің ішкі қатпарларын емес, нұрлы күнгей жағын ғана көреді.Ақтамбердінің «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын толғау өлеңі дала гимні тәрізді.Оның өлеңдерінен төніп келе жатқан сырт жауға деген наразылық орын алуы да барынша табиғи.

Ұлы дала бастан кешкен ұзақ сонар қилы тарихтың қиын – қысталаңдарында орда бұзар батырларымыз бен қалың жауға ақ алмастай қайрап салар аруақты ақындарымыз қоян-қолтық жүріп қайрат көрсеткен-ді. Жоңғар басқыншыларына қарсы жүздеген жылдарға созылған Отан соғысында туған жыраулар поэзиясының жойқын дүбірі ішкі әлеміңді әлі күнге дейін әлемет дүрліктіріп, делебенді қоздырмайқоймайды.Азуы алты қарыс Абылай ханның Ақ Ордасында алысты болжаған абыз әрі ақиқат ақберені Бұқар жырау ақылмандық қызмет атқарды.

Халық «өнер алды – қызыл тіл»десе, Бұқар – бұл мақалдың даналығын әбден ұғынған адам. Ол сөз өнерінің қиындығын да, құрметтілігін де білген. Сондықтан да жырау: «Ел бастау қиын емес- қонатын жерден көл табылады. Қол бастау қиын емес - шабатын жерден ел табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ»-дейді. Бірде Абылай: «Қазына қайда?»-деп сұрағанда жырау: «Басы жеткен жігіттің екі езуі қазына: бір езуі алтын, бір езуі күміс , аузы қазына», - депті.

Бұқардың өзі осы қазынаны –сөз өнерін жеріне жете меңгерген еді. «Өз заманындағы жандар бұл кісіні көмекей әулие» деседі екен,-деп жазады Мәшhүр Жүсіп. –Қара сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен».

Бұқар – халық поэзиясы үлгісін меңгерген нөсер тілді шебер, философ ақын.Оның шешендігі, әсіресе жыраудың толғауларынан анық байқалады.Ауыз әдебиетінде қалыптасқан жыр,толғау үлгілерін барлық жырауларға тән үлгі десек, Бұқар шығармалары соның куәсі боларлық.

Заманының озықтығы,қазақ әдебиетінің ескімен салыстырғанда біршама өскендігі және өзінің зор таланты мен ақындық интуициясының тереңдігі Бұқарды жекелеген реттерде көне сүрлеуден шығарып жіберіп отырады. Бұқар кейін Абай қазақтық еткен Еуропалық поэзия үлгілеріне жақын барады.

Бұқардың ақындық қуатын танытатын бұл жолдар Еуропалық лириканың озық үлгілерінің деңгейінде.

«Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат!

Ілімді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де,
Өмірге тоймас адамзат!
Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап , көңілі қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да,
Үмітін қоймас адамзат!» [2, 98].

Бұл сияқты шығармалар Бұқарды шығыстың Рудаки сынды өлең алыптарымен бір қатарға шығарады. Бұқар өлеңдері өзінің құрылысы жағынан толғау түріндегі көп жолды шумақтан тұрады.Ұйқас белгілі бір орындарды қайталанып, өлең ырғағын сақтап отырады. Бұқар өлеңдері – өзінің стилі жағынан ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз жыраулар толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі дидактикалы толғаулар. Бұқар шығармашылығы өзіне дейінгі және кейінгі дәуір ақындарымен туыстасып, жалғасып жатыр. Ол қазақ поэзиясының желілі бір сарынын танытады.

Туған әдебиетіміздің түп негізі көне дәуірге – түркі тайпалары әлі жеке-жеке халық боп жіктелмеген, ортақ мәдениет, ортақ мұра жасап жүрген кезеңге барып тіреледі. Ал туыстас түрік руларының біртобы қазақ деген атпен бөлініп, өз мемлекетін құруымен байланысты, XV ғасырдың орта шенінен бастап дербес, қазақ атымен аталатын әдебиет аренаға шығады. Ертеде өткен ақын-жыраулар шығармашылығы бірімен-бірі сабақтас екендігі, алдыңғы ұрпақтан соңғы ұрпақ үлгі алып, олардың жақсы жақтарын өрге бастырып отырғандығы байқалады. Қанша заман өтсе де, ақын-жыраулар поэзиясындағы даналық ой-толғамдар өз құндылығын жоймақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мағауин, М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. - Алматы : Жазушы, 1991. - 427 б.
2 Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.

ӘОЖ 821.512.122

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС АЙМАҒЫ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ ЖАЙЫНАН

Сейтмаганбет Г.А.
Ғылыми жетекші: Миров М.О.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан

Аңдатпа: Аталмыш мақалада Қазақстанның батыс өңірінің әдеби жәдігерліктері олардың жинақталу, зерттелу жайы сөз болып, Ақтөбе өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұралары мен аймақтық әдебиеттану мәселелеріне назар аударылады.

Түйінді сөздер: Қазақстанның батыс өңірі әдебиеті, Ақтөбе өңірі әдебиеті, аймақтық әдебиеттану мәселелері.

Елбасы Н Ә Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау, олардың бойына ұлттық рух нәрін молырақ себу мәселесі нақты айтылған. Рухани байлықтың адам өмірінде алар орны ерекше екені әлмисақтан белгілі жайт, дау тудырмас ақиқат. Көшпелі мәдениеттегі қазақтардың ұлттық рухани байлығына өзге ел оқымыстылары В.Радлов, Г.Потанин, П.М.Мелоранский, т.б. таңғалып, тамсана жазды.

Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті өзінің құнары жағынан да көлемі жөнінен де ғаламдық фольклор мұраларының арасында көш бастап тұр. Мұндай мол рухани құндылықтарымыздың

тарихи-мәдени мәнімен көркемдік жағынан осыдан екі ғасырдай бұрын шетелдік ғалымдар оң пікір білдірсе кейін орыс фольклор танушыларымен отандық зерттеушілеріміздің еңбектерінде де толыққанды салиқалы да терең көземелер жасалып, жоғарыдағы пайым ғылыми тұрғыда дәлелденді. Қазақтың қай даласы да әрқашан да аузымен құс тістеген арқалы ақындарға, елін жерін қорғаған ержүрек батырларға, от ауызды орақ тілді шешендерге кең де болған жоқ.

Халық – жасампаз. Әр халықтың да өз тарихы мен мәдениеті, өз тарихының шежіресі, өз мәдениетінің асылы тәрізді көркем әдебиеті бар. Халық арасынан талай саңлақ жыраулар мен жыршылар, бармағынан өнер төгілген күйшілер шыққан. Талант-гүл, халық соның нәр алар топырағы. Қазақ табиғатынан ақын халық. Ұлы Қазан төңкерісіне дейін сан ғасыр байтақ дала төсінде көбіне көші-қонды күндер кешкен халқымыз қуаныш, күйінішін – жан сезімін жырмен ағытқан, өлең – ақыл мен ойдың кені, даналық сөз өнерінде деп қадірлеген.

Қазақ өнерінен тау өзеніндей тасқын жырлы ақпа жыраулар, олардың сөзін таратушы жыршылар көп шыққан. Әр дәуірде де ақын, жыраулық, жыршылық өнерді дарынды ұрпақ өнеге тұтқан. Өмір сырын мол сезініп, санаға жазған дала даналары халқын елдікке, ерлікке үндеген, қайғысына қабырғасы қайысып, қуанышына жүрек жарды жыр төккен. Мұндай озық дәстүр сипаттарын ақын жырының идеялық-көркемдік сапасынан нақты, әрі затты тануға болады. Халықтық, ілгерішіл дәстүрдің басты белгісі – шығарма қандай формада келмесін, айтушы қандай мәнерімен айтпасын – оның идеялық мәні мен өмірлік мазмұнында, шыншылдығы мен шынайылығында жатады. Егеменді елдің өміріндегі оң өзгерістерге орай Қазақстанның батыс өңірі әдебиетінде есімі аталмай, еңбектері насихатталмай жүрген көптеген ақын-жазушылар шығармашылығы қайта жаңғырды. Дегенмен, әлі де зерттеуін күтіп жатқан тың дүниелер де бар. Олардың дер кезінде қолға алынып, зерттеуіне әлі де түрлі бөгесіндер болып тұр.

Қазақстан батыс өңірінің әдебиетін жинауда «Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің даму заңдылықтары (XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезі)» ғылыми-зерттеу жобасы авторларының құрамында көрнекті әдебиетшілер мен белгілі әдебиет зерттеуші мамандар атсалысты. Филология ғылымдарының докторы, профессор С.А. Қасқабасов («Махамбет Өтемісұлы»), ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Жұмалиев («Шернияз Жарылғасұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Дербісалин («Шөже Қаржаубайұлы»), филология ғылымдарының кандидаты Қ.Сыдиықов («Абыл Тілеуұлы», «Нұрым Шыршығұлұлы») туралы тарауларды жазды. Зерттеу жұмысында еңбектері ғылыми айналымға тартылды [1, 60-61]. Қазақстан батыс өңірінің 60-80 жылдардағы қазақ әдебиеті «Х.Ерғалиев», «Ж.Молдағалиев», «Т.Ахтанов», «Қадыр Мырза-Әли», «Ә.Кекілбаев» сынды сол дәуірде үздік табыстарымен көзге түскен ақын-жазушылардың шығармашылық портреттерінен тұрады.

Аймақтық әдебиеттану проблемасы - соңғы жиырма жылдың дидарында ерекше қолға алынып, көтеріле бастаған қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы. Ұлттық ерекшелігімізге орай белгілі бір регионның, не аймақтың әдеби мұралары әртүрлі болуы мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда Ақтөбе өңірі ежелгі мұраларға өте бай, ірі эпикалық ауданға жатады. Ол мұралар туралы кезінде академик Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ә. Тәжібаев, Ә. Дербісалин, Р. Бердібаев, Т. Кәкішевтер оң пікірлерін білдірген. Оған облыс территориясындағы небір көмейінен жыры төгілген ақын-жыраулары мен от тілді, орақ ауызды шешен-билері, өнерімен тәнті еткен біртуар саңлақтары куә. Олардың қатарына шығармашылығы аз-мұз баспа бетін көріп, есімдері халық арасына кеңінен тараған Шернияз Жарылғасынұлы, Әбубәкір Кердері, Ақтан Керейұлы, Сары Батақұлы, беріректегі Нұрпейіс Байғанин, Құрманәлі Дәуітұлдарымен қоса, кешегі егемендік алғанға дейін есімдерін атауға мүмкіндік болмаған Мөңке би, Ақпан Әйітбекұлы, Сарышолақ Боранбайұлы, Қожахмет Бұжыртегі, Кете Қазақбай, Әкімгерей Қостанов, Ашубай Жарымбетұлы, Құтаяқ Сейітұлы, Сенбай Төлегенұлы, Әлима, Бақи, Таразылар бар. Бұлардың сыртында әртүрлі себептермен ұмытылған ақын-жыраулар қаншама?! Соның өзінде олардың шығармаларының кейбір үзінділері, жұрнақтары, халықтың рухани қажетін өтеуге керек болғандықтан, ауыздан-ауызға көшіп, бүгінгі күнге дейін жетті.

Тек тәуелсіздікке қол жеткен соң ғана орынсыз, ретсіз күсталанған ұлттық поэзиямыздың хас жүйріктері қайта ақталып, еңбектері қауымның игілігіне айналды. Мөңке, Сарышолақ, Ашубай есімдері «Қазақ әдебиеті энциклопедиясы» сияқты құнды еңбекке енді. Ал Нұрпейіс Байғанин шығармалары түп нұсқасы бойынша қайыра басылып, тәуелсіз жыршысы Сарышолақ

Боранбайұлы, атақты эпик ақын Жөкей Шаңғытбайұлы шығармалары орталық басылымдардан шықты.

Жәкібай Сағымбайұлы, Сидақ Дайранбайұлы, Закария Шоқаев, Бақтыгерей Науқанов, Құрманәлі Дәуітов, Мәлік Әлмұратовтардың поэмалары, дастандары, өлең жырлары еніп жарық көрді. Бұл, әрине, өңір әдебиеті зерттеліп бітті деген сөз емес, бұлар тек ғажайып мол мұраның алғашқы бастаулары, алғашқы игі әрекет, қадамдары ғана. Есімдері исі қазақ жұртына мәшhүр – Шернияз Жарылғасынұлы, Сары Батақұлы, Әбубәкір, Тәңірберді мұралары толық жинақталып, ғылыми айналымға түсуде. «Қазақ әдебиеттану ғылымында «эпикалық аймақ» болып есептелетін Ақтөбе облысында бұл жұмыстар жалғасын табуда. Қазақ жерін – алтын тұғырым, Ақтөбем – туған жерім деп санайтын айтулы өнерпаздар, ірі-ірі тұлғалар мен ғалымдар, қоғам қайраткерлері, өлеңмен өрмек өрген жыр дүлділдері мен қарасөзбен жырлаған сөз зергерлері де баршылық. Кешегі кеңестік заманының алмағайып кезеңінде өмір сүріп, дүниеден озған, артына бай әдеби мұра қалдырған Сағыр Камалов, Бернияз Күлеев, Ғалым Ахмедов, Сағи Жиенбаев, Ізтай Мамбетов, Тобық Жармағамбетов, Сәбит Баймолдиндер мен Өтежан Нұрғалиев, Есенбай Дүйсенбаев, Мұхтар Құрманалин, Қажығали Мұхамедқалиев, Құрал Тоқмурзин, Үмбетбай Уайдин, Мәндібай Төрежановтардың шығармаларын жаңа заман талабына сай қайта ғылыми тұрғыдан талдау керек деп ойлаймыз.

«Ол үшін төмендегі бағыттағы мәселелер зерттеліп, шешілуі керек және филология ғылымының докторы ,профессор А.Мусаевтың пікірлерін басшылыққа алған жөн деп есептейміз» [3, 306] деген пікірді басшылыққа аламыз:

- Ақтөбе өңірінің Қазақ хандығы құрылғаннан бергі сөз мұрасы, қол өнері мұрасы және сөз өнері мұрасы;
- Ақтөбе өңірінің Алтын Орда және Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеті;
- XIX ғасырдағы әдебиеті мен өнері;
- XIX ғасырдағы жазба әдебиеті және өнері;
- Би-шешендер мұралары (Мөңке би, Нияз би, Жетес би т.б дәстүрлерін зерттеу) .

Ақтөбе өңірі – ертеден батырлар мен ақындардың елі атанған, тамыры терең тарихы, жомарт жері мен еңбеккер елі бар қасиетті мекен. Әбілқайыр ханның ордасы қонған, Қобыланды батырдың қонысы болған осы топырақ – небір шайырлар мен билердің, сөз зергерлерінің кіндік қаны тамған жер. Асанқайғыдан бастау алып дархан даламызда салтанат құрып келе жатқан сөз өнері керуенінің қоржынын толтырып, ата-бабаның аманатын болашаққа жеткізу бүгінгі буынның еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 4-том. Алматы. ҚАЗақпарат., 2005. - 438-б.
2. Мұсаев А. «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы » Ақтөбе; 2006.
3. Ақтан Керейұлы және аймақтық әдебиетттану мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Ақтөбе-2010. 446 бет.

ӘОЖ 894.375

ҚОРҚЫТ АТА ЖАЙЛЫ ҚАРАҚАЛПАҚ АҢЫЗДАРЫ МЕН ӘПСАНАЛАРЫ

Сейдін ӘМІРЛАН
Қарақалпақ гуманитар пәндер ғылыми-зерттеу институты

Аңдатпа. Түбі бір түркі халықтары үшін ортақ болған тарихи тұлғалар мен рухани құндылықтар сан-санақсыз. Тарихи тұлғалар – тек те мәдени байланыстардың ғана емес, тектік жақындықтың да кепілі және дәнекері болса, рухани құндылықтар – ұлттық мұралардан сусындаушы ұрпақты ұлы мұраттарға бастаушы, ұлылыққа ұмтылдырушы қайнарлардың бірі болып саналмақ. Түркі халықтарының көгінде орны оқшау тұрған сондайын ұлы тұлғалардың бірі

Қорқыт ата екендігі баршаға аян. Сондықтан Қорқыт ата туралы аңыздар мен әпсаналар, ол қалдырған құндылықтар исі түркі жұрттары тарапынан ұдайы ұлықталып келеді. Мақалада Қорқыт атаға байланысты қарақалпақ аңыздары мен әпсаналары жайлы баяндалады.

Түйінді сөздер: Қорқыт ата, қарақалпақ, аңыздар, әпсаналар, ұлттық құндылықтар.

Сан ғасырлар бойы атадан-балаға, ауыздан-ауызға жетіп келген Қорқыт ата жайлы аңыз-әпсаналар қарақалпақ халқы арасында да біршама сақталған. Қарақалпақ халқында бұл аңыз-әпсаналар әрі жазбаша, әрі ауызша жетіп келген. Біз негізінен, ауызша тараған мағлұматтардың кейбіріне зер салайық. Қорқыт ата жайындағы аңыз-әпсаналарды жиі тілге алушылар көбінесе бақсы-балгерлер, сәуегейлер, жыраулар болған. Бақсылар қобызын күйге келтіргенде, балгерлер бал ашқанда, сәуегейлер сәуе (сыр) көріп, бір жәйтті жорып бергенде, жыраулар ұзақ жыр толғар алдында, бата бергенде Қорқыт атаға сиынып, ұлы пірді еске алған және жұртшылықтың сұраулары бойынша әрбір үзіліс арасында ол жайлы аңыз-әпсаналарды да қызғылықты түрде әңгімелеп беріп отырған.

Өлі десем, өлі емес,

Тірі десем, тірі емес,

Ата Қорқыт әулие..., - деп Қорқыт атаның «өлмес тұлға» екендігін тілге тиек еткен жыраулар баршаны ұлы баба туралы аңыз-әпсанларды естуге құштар етеді. Осылай басталатын жыр жолдарын кезінде В.В.Радлов та жариялаған болатын [7: 147].

1906-жылы академик А.Н.Самойлович Аралбойы өлкесінде болып, қарақалпақ ақпаратшыларынан Қорқыт ата туралы бірнеше аңыздар жазып алған және және Молла Зәріп есімді кісіден көптеген ескі жазбаларды алған. Олардың ішінде «Қорқут баһадур» деген қолжазба да болған. Бұл мағлұматтарды қарақалпақ деректанушы ғалымы Оңғарбай Юсупов өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдарында КСРА Ғылымдар Академиясы Шығыстану институтының Ленинградтағы бөлімінен тапқан [9: 105-106; 12: 7-8].

Қарақалпақ ғалымдары арасында Қорқыт ата жайлы аңыз-әпсаналарды тұңғыш жазып алған зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, профессор Қаллы Айымбетов. Ең алғаш ғалым «Қорқыт атаның қобызы аспаннан түсіпті-мыс» деген әпсананы жазып алады [1: 110]. Зерттеуші бұл әпсананы дер кезінде академик В.М.Жирмунскийге жолдайды. В.М.Жирмунский өз кезегінде Қ.Айымбетовке шексіз ризашылығын білдірген [4: 167]. Қ.Айымбетов Қорқыт атаға байланысты тағы бір қызықты әпсананы атақты қарақалпақ дастаншылары Есемұрат жырау және Қияс жыраудан жазып алғандығы ғалымның «Халық даналығы» атты кітабында келтіріледі:

«...Қобыздың пірі – Қорқыт ата және Диуанайы Бұрық деп есітеміз. Біздерден бұрынғы өткен жыраулар былай деп әпсана ететін еді: – Қорқыт ата ағаштан «қобыз»* жасап, саз шалуды арман етіпті. Ағаштың көптеген түрлерін жонып әуреленсе де, жасаған дүниесі көңілдегідей болмапты. Қорқыт атаның қобыз жасап отырғанын шайтандар көріп қалып, Қорқыт атадан «қобызыңды көрсет» деп сұраса, Қорқыт ата оны олардан жасырыпты. Одан кейін Қорқыт ата тоғайдан кері қарай қайтып бара жатырған кісідей болып бой тасалапты да, екінші бір басқа жолдан білдірмей, бұқпантайлап барып, шайтандардың не айтатынын тыңдапты. Шайтандар Қорқыт ата туралы мынадай деп отырған екен: – Қорқыт ата тамаша бір істі бастаған екен де, бірақ соңына жеткізе алмапты. Егерде [Қорқыт ата – С.Ә.] тоғайдағы доңыз сүйкеніп қураған жігілдік жиденің* ағашынан қобызды (аспапты) жонса, одан тостаған шығарса, сосын тостағанның ашық жағын бақырауық түйенің бас терісімен қаптаса, оған кіснеуік аттың құйрығынан алып қыл тақса, және құмдақта, тауда өсетін сасық курайдың шіресінен (шайырынан) жақса, қылдың астынан көтеріп тұрғандай етіп ескі қабақтан жонып тиек салса, өте бір әуезді, дауысы шыққыр аспап болған болар еді...

Қорқыт ата шайтандардың бұл әңгімелерін естуден ізіне дереу айналып, тап солардың айтқанындай етіп қобызын жасаған екен. Айтса айтқандай-ақ, аса бір жақсы қобыз* болыпты.

---

* **«қобыз»** сөзі ескі қарақалпақ тілінде **«саз асбабы»** дегенді де білдірген. Қобыз (асбабының) түрлері ретінде «қылқобыз», «шыңқобыз» *(қазақша: шаңқобыз)*, «желқобыз» *(қазақша: желбуаз)* т.б. да аспаптар аталады – С.Ә.

* **жігілдік** – дәнесі кішкене жабайы жиде – С.Ә.

* **қобыз** – бұл жерде: қылқобыз – С.Ә.

Қорқыт ата қобызбен әртүрлі күйлерді тартып жүре беріпті. Әне, сол-сол екен, Қорқыт ата – қобыздың пірі атаныпты...» [2: 75].

Қорқыт ата жөніндегі бірнеше аңыз-әпсаналар филология ғылымдарының докторы, профессор Әбдісайыт Пахратдиновтың авторлығында жарияланған «Мәнили гәплер хәм халық әпсаналары» атты кітапта да берілген. Ұзақ жылдық фольклорлық экспедициялар кезінде жиналған бұл материалдар арасында «Қайда барсаң, Қорқыттың көрі», «Қорқыт баба туралы аңыз» деген тақырыптар орын алған [11: 53-56]. Мұның алғашқысында «Қайда барсаң, Қорқыттың көрі» деген мәнілі сөздің келіп шығу тарихы баяндалса, екіншісінде қарақалпақ халқы арасындағы Қорқыт атаға байланыслы жүретін әртүрлі сенімдер, көзқарастар туралы айтылады. Мысалы: «Ол сазды* алғаш жаратқан екен», «Қорқыт – батыр адам екен», «Қорқыт ата – дүниені кезіп жүретін жан екен», «Қорқыт – әулие кісі екен», «Қорқытты жұма күні қарақалпақтардың арасында көрсең, тап сол күні қазақтардың да, өзбектердің арасында көреді екенсің», «Кім Қорқыт ата туралы жаман сөз айтса, ол таң ата тап сол үйдің есігінің алдына келеді екен» деген тәрізді таным-түсініктердің ел арасында жеке-жеке әңгіме түрінде айтылатындығы еске алынады [11: 55].

Ел арасында жиі айтылатын осы тәріздес әңгімелер 1992-жылы «Қарақалпақстан» баспасынан шыққан «Қарақалпақ аңызлары, әпсаналары хәм шешенлик сөзлери» атты жинақта да орын алған. Жинақта келтірілген «Қорқыт баба», «Қорқыттың көрі» деген тақырыптар Қорқыт ата туралы аңыз-әпсаналардың басқаша бір нұсқалары екендігімен ерекшеленеді. «Қорқыт баба» атты бірінші тақырыпта: ажалдан қашып өзен үстінде кетіп бара жатырған Қорқытты Шірін деген қаланы жайлаған қырық қыз көріп шақырса, баба қайырылмапты. Керісінше, сол кетісте кете беріпті. Қыздар бабаға аса нала болыпты. Содан кейін Қорқыт баба сол жерде тас болып қатып қалған-мыс. Халық бабаны Жаңадария бойына жерлеген екен [5: 46]. «Қорқыттың көрі» деген келесі әпсанада Қорқыт баба таулардан, теңіздерден мәңгі жасаудың сырын сұрайды. Олар өздерінің мәңгілік тұрмайтындығын айтады. Өзінің де мәңгі жасамайтындығын білген Қорқыт баба дүниенің төрт тарапын кезіп кетіпті-мыс. Ең ақырында қайда барса да көр қазып жатқан адамдарға тап болады. Кімнің көрі екендігін сұраса да олар: «Қорқыттың көрі» деп жауап береді. Өзінің бәрібір өлетінін сезген Қорқыт ата дария үстіне кілемшені жайып жіберіп отыра қалады да, қылқобызын қолына алып, мұңды бір күйді шала бастайды. Осылай жүзіп кете береді. Дүниеде өлмей ешкімнің қалмайтынына анық көзі жетеді. Бірақ та, «қобыз және оның сазы өлмейді екен» деген қорытындыға келеді. Осылай өзен үстінде қалқып бара жатқанында көзі қалғып кетеді, сол кезде күй тоқтап қалып, күні бойы сол күйге елтіп келе жатқан сұжылан Қорқыт бабаны шағып алып, ақыры ұлы абыз ажал құшқан екен, - делінеді [5: 47].

1990-жылғы фольклорлық-диалектологиялық экспедиция кезінде Нөкіс мемлекеттік университетінің студенттері Бұқар қарақалпақтарынынан шыққан белгілі жырау Құрбан Наурызұлынан қобыз туралы тағы бір аңыз жазып алған. Аңызда: «Бір патшаның жалғыз баласы болып, ол қырық жігітімен аңға шыққанынан қайтып келмейді. Із-түссіз жоғалған баласын іздеген патша ешбір жерден оның дерегін таба алмапты. Сонда тақ иесі: «Баламның дерегін кім айтса, есепсіз дүние-мал беремін» деп қалаға жар ұрдырыпты. Ешкім хабарын білмепті. Қаһарына мінген патша: «Егерки, кімде-кім баланың жаман хабарын жеткізсе, өлтіремін» деп жариялапты.

Баланың анық хабарын тек қана Қорқыт ата біледі екен. Асылы, бала жазым болған көрінеді. Ол айтайын десе қорқыпты, содан соң қобыз жасауға кірісіпті. Алайда, қобызының үні шықпайды. Сөйтіп отырса, жақын маңдағы тойға жол алған бір топ жігіттер ән салып бара жатқан болады. Дауыстары сондай әсерлі және өте үйлесімді шығып тұрады. Олар қайту жолында да тағы сол жерден өтеді. Бірақ, дауыстары манағыдан біраз ұяң, әуезді болмайды. Мұның себебін Қорқыт ата әлгі жігіттерден сұрайды. Олар «Біздер тойға бара жатқанымызда аш едік, енді болса, бәріміз тойып келе жатырмыз» депті. Сонда Қорқыт ата: « – Ә, мен сені енді бір аш етейін» деп қобызын теседі. Содан кейін патшаға барып баланың хабарын қобызбен жырлап баян етеді. Патша оны өлімге бұйырғанында, Қорқыт: «Баланың хабарын жеткізген мен емес, мына қобыз ғой», - депті. Патша сол мезетте-ақ қобызды ойдырыпты», - дейді [10: 109]. Шынында да, қарақалпақ қобызының іші ойық, басы имек. Бұл аңыз да халық даналығы тудырған ғажайып туындылардың

бірі. Қорқыт ата атымен байланысты айтылатын осы сынды аңыз сарындары «Қарақалпақ фольклоры» көптомдығының соңғы басылымдарына да енген [3: 52-53, 170-171].

Әрине, ел ішінде Қорқыт ата жайлы хатқа түспеген аңыздар мен әпсаналар әлі де болса кездеседі. Өйткені, Кеңес өкіметінің өктем саясаты жүріп тұрған кезде мұндай мұраларды жинауға, ұлттық құндылықтарды түгелдеуге түбегейлі түрде тиым салынған-тын. Сондай өрескел әрекеттердің әсіресе Қарақалпақстанда өте белең алғаны сыр емес. Оны мына авторлардың мақалалары да дәлелдей түседі [6; 8]. Осындай келеңсіз жағдайлар салдарынан аса зор тәлім-тәрбиелік мәнге ие фольклорлық үлгілер: аңыздар, әпсаналар, рәуаяттар, тәмсілдер... халық қиялының таңғажайып туындылары болған т.б. да көптеген жанрлар мен жанрлық түрлер солайымен жиналмай қалды. Олардың жиналуы, жарық көруі, бұл бағытта магистрлік, кандидаттық және докторлық диссертациялардың қорғалуы, монографиялардың шығуы, тек те Қызыл империяның мызғымас іргетасы ұнырап, іргесі сөгілгеннен кейін ғана біртіндеп іске асуда. Сондықтан да соңғы жылдар шенінде жиналған материалдар негізінде бұл тақырыпқа әлі де талай қайта оралатынымыз айқын. Ұсынылып отырған тезисіміз болса, сол ұлы істердің ілкі бастамасы ғана...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айымбетов Қ. Қарақалпақ бақсы-жыраўлары // Әмиўдәрья. – Нөкис, 1960. – №6. – 128 б.

2. Айымбетов Қ. Халық даналығы. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1968. – 260 б.

3. Әпсаналар // Қарақалпақ фольклоры. 78-том. – Нөкис: Илим, 2014. – 560 б.

4. Жирмунский В.М. «Огузский героический эпос и «Книга Коркута» // Книга моего деда Коркута. – Москва-Ленинград: Наука, 1962. – 300 стр.

5. Қарақалпақ аңызлары, әпсаналары ҳәм шешенлик сөзлери / Баспаға таярлаған: С.Баҳадырова (филология илимлериниң докторы), Қ.Мәмбетназаров (филология илимлериниң кандидаты). – Нөкис: Қарақалпақстан, 1992. – 164 б.

6. Муратов К. Балаларды надурыс тәрбиялайтуғын идеясыз китап // Қызыл Қарақалпақстан. – Нөкис, 1952. – №102.

7. Наречия тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. I отделение. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи, собраны В.В. Радловым, ч. III. – СПб. 1870. – 776 стр.

8. Нәренов Н. «Қорқыт» легендасының реакциялық характери ҳаққында // Қызыл Қарақалпақстан. – Нөкис, 1952. – №114.

9. Палымбетов К. Қорқыт ата ҳәм ол туўралы қарақалпақ рәўаятлары // Әмиўдәрья. – Нөкис, 1995. –№10-12. – 128 б.

10. Палымбетов К. «Қорқыт ата китабы» ҳәм қарақалпақ дәстанлары. – Нөкис: Билим, 2010. – 128 б.

11. Пахратдинов Ә. Мәнили гәплер ҳәм халық әпсаналары. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1989. – 116 б.

12. Турдымуратов Ж. Қорқыт ата ҳәм халық яды // «Қарақалпақ жыраўшылық мектеплериниң бүгинги машқалалары» атамасындағы илимий-әмелий конференция материалларының топламы. – Нөкис, 2014, 28 апрель. – 216 б.

ӘОЖ 894.375

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ
(бабалар мұрасы және дәстүр жалғастығы)

Қанаатова Г.О.

Қарақалпақстан Республикасы Халыққа білім беру қызметкерлерін қайта дайындау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығы, Нүкіс қаласы, Қарақалпақстан Республикасы

Аңдатпа. Ақын-жыраулар поэзиясы – ұлттық поэзиямыздың қайнар бастауы саналады. Сан ғасырлық поэзия өрнектерін бойына жинаған ақын-жыраулар шығармашылығында ежелгі түркі дүниесіне тән сөз өнерін ұлықтау, дәстүр жалғастығын сақтау – қашан да бұлжымас қағида болып келді. Ең бастысы, жырды ауызша жеткізу, оның әсерлілігі мен әуезділігін күшейту үшін дыбыс үндестігінен мейлінше пайдалану – ақын-жыраулар поэзиясының негізгі әдістерінің бірі екендігімен ерекшеленеді. Мақалада осы мәселелер тиісінше сөз болып, олар айқын мысалдар арқылы талдап көрсетіледі.

Түйінді сөздер: сөздер: ақын-жыраулар, шығармашылық, дәстүр жалғастығы, көркемдік, әуезділік, дыбыс үндестігі.

Ақын-жыраулар – түркі халықтары арасындағы ежелгі жыршылық дәстүрді, жыраушылық жолды дамытушы әрі таратушы өнер өкілдері ретінде белгілі. Академик Р.Бердіқұлов «Халқымыздың сан ғасырлық тарихы бар поэзиялық байлығын жасаушы, таратушы, жетілдіруші және сақтаушы ретінде жырау, ақын, жыршының творчестволық тұлғасы ерекше орын алады. Бұл топтағы өнер иелерінің бір-біріне ұқсастығы да, айырмашылық сипаттары да жұртшылыққа әбден танымал екені анық. Халық жыраудың да, ақынның да, жыршының да қастерлі орнын белгілеп, олардың дарын даралығын тану мен бағалауда әсте жаңылыспаған» деп түйеді [2: 4]. Ендеше ақын мен жырау, әнші және жыршы жөнінде жеке-жеке сипаттама берудің өзі де артық деп есептейміз. Біз бұл жерде негізінен кей ақын-жыраулар шығармашылығында кездесетін дәстүрлі үлгілер жайында сөз етпекпіз.

Ақын-жыраулар шығармашылығындағы ерекше көзге түсетін жәйт – сөзді төкпелеп, түйдектеп айту және аса көркемдікпен жеткізу. Әсіресе, бірыңғай дыбыс үйлесімділігін сақтау арқылы сөз құраудың қалыпты дәстүр болғандығы белгілі құбылыс. Өйткені, ассонанс пен аллитерацияға құрылған көркем сөз кестелері қашанда өз тыңдаушысының ықыласын тартып отырған. Осындай әуезді үнмен айтылған жыр жолдарды сонау Ноғайлы заманы ақын-жыраулары поэзиясында өте мол кездеседі:

Қалаға қабылан жаулар тигей ме,
Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,
Қатарланып, қарланып,
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме! [3:31]. Азаулының Ер Доспамбет ағасы (XVI ғасыр) тілінен айтылатын осынау жырда буын саны әркелкі болса да, бірдей қ дыбысынан басталған бастау сөздер оның әсерлілігін ерекше күшейтіп берген. Жырдан жыраудың өр мінезі, өктем үні, ағалық айбыны айқын байқалады.

Ноғайлының шер жырауы Шалкиіз (1465-1560) толғауларындағы:

...Жағаға жақын қонғанда,
Жайылып сулар алмас па,
Жаманға дос болғанда,
Жазымда басың қалмас па,
Жат туғанды өз еткен,
Жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па!, - деген жолдардан да сол сарынды аңғарамыз [3: 44]. Бұл толғауда бірыңғай ж дыбысы қайталана келіп, сөз қуатын арттырып тұр.

Ноғайлы заманындағы жыр алыптарының дәстүрі Ақтамберді жырау (1675-1781) шығармашылығында сәтті жалғастығын тапқан.

Балпаң, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас, - дейді өктем сөзді, асқақ рухты жырау [3: 60]. Осынау сарын Бұқар жырау (1668-1781) толғауларында тағы да шыңдала түседі. Бұқар сөзді тақпақтап та, жырлап та айтқан жыраулардың бірі.

...Бас, аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен сүрген жұрт,
Бай төбетің маңқылдап,

Байсал тауып үрген жұрт..., - деп жыр толғайды Бұқар жырау [3: 87]. Ақтамберді мен Бұқар жыраудың сөз саптауларында б дыбысы басым келіп, діттелген ой жеріне жеткізіле батыл түрде айтылады. Дауыссыз дыбыстардан құралған мұндай баяндаулар аллитерациялық үйлесімділікке тән.

Жыраулар поэзиясындағы дәстүрлі жол ақындар шығармашылығында да сақталып қалған. Махамбет (1804-1846) ақынның:

Жапанға біткен бәйтерек,

Жапырағын байқасақ,

Жайқалмағы желден-ді..., - деп келетін толғауында да сонау Ноғайлы жырауларының арынды екпіні сезіледі. Шалкиізде:

Желп-желп еткен бәйтерек,

Жайылмағы желден-дүр..., - деп басталатын толғау бастамасы Махамбетте қайтадан түрлендіріліп, қайта сомдалған және оған жаңа жолдар да қосылған. Махамбеттің өзінен алдыңғы жыраулар поэзиясынан еркін сусындап, оны дамыта пайдаланғандығына сол кезең мұраларын зерттеген М.Мағауин де мән берген [4: 178-179].

Халықтық қалыпты жетік меңгерген Махамбет өлеңдерінде ертедегі үрдіс тіпті де жетілдіріле түскен. Ақынның «Мұнар да мұнар, мұнар күн» деген дәстүрлі бастау сөзбен басталатын толғауында:

...Бұлттан шыққан шұбар күн,

Буыршын мұзға тайған күн,

Бура атанға шөккен күн,

Бұлықсып жүрген ерлерден,

Бұрынғы бақыт тайған күн..., - деген аллитерациялық ұйқаспен ұштасады [3: 183].

Махамбет жырларында кездесетін дәстүрлі жол онымен замандас ақындардан Дулат (1802-1871) шығармашылығында да үлгі етілген. Дулаттың «Сүлейменге» деген арнауындағы:

Аруақтың артқы сарқыны,

Адал бекзат, туысым,

Айбарыңды байқасам,

Алтын зерлі түбімсің,

Ауыл-аймақ көршіңе,

Алтынның айшық буысың..., - деген жолдар соны айғақтайды [3: 200]. Дулаттың арнауында аллитерацияға қарағанда ассонанс бой көрсетеді. Бірыңғай а дыбысынан басталған сөздер легі осындай дәстүрлі үлгі болып табылады.

Ертедегі түркі поэзиясы, әсіресе, жыраулар шығармашылығына тән болған дыбыс қуалаушылық, сөзді арындата айту, кейінгі уақыттардағы ақындар шығармашылығында да ішінара ұшырайды. Бірақ, оларда ол бұрынғы көп буынды, бірнеше жолды жыр үлгісінде емес, ал өлең түрінде кездеседі. Абай салған сара жолға түсіп, жазба әдебиеттің дамуына үлес қосқан сөз зергерлерінің бірі, ақынның өз інісі Шәкәрім (1858-1931) өлеңдерінің кейбірінен де соны сеземіз.

Шәкәрімнің «Өлген көңіл, ындынсыз өмір» атты өлеңі ақынның көңіл-күйінің, жан дүниесінің әртүрлі күйге бөленген мезетін көрсетеді:

Қабағынан қар жауған,

Қараңғы бұлт жоғалды,

Қас қараймай беті ауған,

Қаһарлы жел де оңалды... [5: 87]. Табиғат құбылыстарының осылайша оңала бастағанын көңіліне медеу көрген ақын:

Қатып қалған желіннен,

Қаймағы бар бал шықты,

Қайғылы біздің көңілден,

Қайғырған сайын жан шықты..., - деп бұл қуаныштың артында ауыр қайғының тұрғанын да ұғындырады. Осы өлеңінің ең соңғы жолында ол:

Жанған оттай жалындап,

Жайлауға қарай ел көшті,

Жанбақ түгіл жабырқап,

Жаралы жүрек қайта өшті, - дейді жанының жабығып, жүрегіндегі әлсіз үміт сәулесінің сөнгенін айтқан ақын [5: 88]. Ел жайлауға көшіп жадырап жатқан шақта, ақын жанының жабыраңқы жағдайда болуы ж дыбысынан келетін сөздердің қарама-қарсы жәйттерді сипаттауы арқылы дәл бейнелеген. Аллитерациялық үйлесімділіктен сәтті пайдаланған ақын өз жүрек түкпіріндегі ой-сезімдерді осылайша жеткізеді.

Жалпы алғанда, жыраулар мұрасы – әдебиетіміздің бастауы екендігі анық. Жыраулардан үлгі болып қалған қалыптар ақын-жыршылар шығармашылығында да өз жалғасын тапты. Бұрынғы жолды қазіргі халық жыршылары да дамытып отыр [1: 88; 2: 33]. Ертедегі түркі сөз өнерінде айқын байқалатын дыбыс үндестігі жыраулар шығармашылығында ғана емес, жазба ақындар поэзиясында да қолданылған. Бұл әрине, ілкі замандардағы поэзиялық формалардың ізсіз қалмай, жоғалмай, дәстүрлі түрде қайта жаңғырып отырғандығына дәлел болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1979. – 184 б.
2. Бердібаев Р. Жыршылық дәстүр. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 64 б.
3. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
4. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Мектеп, 2007. – 192 б.
5. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

ӘОЖ -81-112

ТАРИХИ ЖАЗБАЛАРДАҒЫ ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Жуынтаева З.Н.
Бөкетов Е.А. атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Аңдатпа. Мақалада көне және орта дәуірлердегі етіс категориясының түрлері, олардың қолданылу аясы сөз болады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде етіс категориясының жиі ұшырасатындығы байқалады. Етіс категорияларының көрінісі ескерткіштер тіліндегі деректермен айғақталып, М.Қашқаридың етіс жайындағы пікірлері айтылады. Етістің түрлену категориясын жасаудағы қызметі қарастырылады.

Түйінді сөздер: етіс, көне түркі тілі, түрлену категориясы.

Етіс категориясы – тілдің грамматикалық жүйесінде көрнекті орын алатын қимыл, іс-әрекеттің, субьекті мен обьекті арасындағы әртүрлі қатынасын білдіретін, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістіктің лексика-грамматикалық категорияларының бірі.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде етіс категориясы жиі ұшырасады. Ол іс істеуші адамға немесе іспен байланысты затқа іс-әрекеттің белгілі қарым-қатынасын білдіреді. Бұған қарағанда, етістер де тарихи категориялардың бірі болып саналады. Біз мақаламызда етістердің тарихи жазбаларда, яғни көне, орта түркі дәуірдегі қолданысын және олардың түрлену категориясын жасаудағы қызметін қарастырмақпыз. Ескерткіштерде төмендегідей 4 түрлі етістің түрі бар: өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс.

Көне түркі тілінде істі, қимылды істеушінің басқа біреу емес, тіке өзі істейтіндігін, я істегендігін білдіретін өздік етістер де кездеседі. Олар сабақты етістіктің түбіріне – н, -ын, -ін, ун, үн жұрнақтарының жалгануы арқылы жасалады: өтүн – өтін, атлан – аттан [1, 94]. М.Томанов: «Y-YШ ғасыр ескерткіштері тілінде –н аффиксі мынадай орындарда жұмсалған: өзінің тура мәнінде, яғни іс-әрекет иесі сөйлеушінің өзі екендігін білдіреді: өзім сақынтым, анча сақынтым (өзім қайғыландым.., қатты уайымдадым) [2,119], – дейді.

М.Қашқари –н аффиксінің ырықсыз мәнде қолданылатындығын көрсетеді: «бірінші, басқалардың жәрдемінсіз, істеушінің бір өзі істегенін аңғартады…Ол евге барынды – ол үйге барды. Екіншіден, істі істеуші ешкімнің жәрдемінсіз өзі істегендігін білдіреді: ер алымын алынды – қарыз берген адам қарызын бір өзі өндіріп алды» [3, 160]. Қазақ тілінде майланды, тазаланды,

әдеміленді, сыланды т.б. етістіктер өздік етіс мәнін де, өзгелік етіс мәнін де береді. –Н тұлғасының мұндай екі түрлі функциясы, бір жағынан, түбір етістіктің мағынасына байланысты.

Көне түркі жазбаларында істің басқа біреу арқылы істелетіндігін білдіретін етістіктің түрі өзгелік етістер де қолданылған. Олар салт, сабақты етістіктерден де жасала береді. Өзгелік етістер төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады:

1. -т, ыт, іт. Қағансырат – қағансырат, олурт – отырт, йарат – жарат, йорыт – жүргіз т.б.

2.– тур, - түр, - дур, - дүр. Бінтүр – міндір, қонтүр – қондыр, йүкүнтүр – жүгіндір.

3.– ур, - үр, -ыр, - ір. Келүр – келтір, түшүр – түсүр, тегүр – жеткіз.

4.– тыз, кіт, - гір. Алтыз – алғыз, сарқыт т.б. [1, 94].

Өзгелік етіс қосымшалары көп вариантты болып келеді. Ескерткіштер тілінде қолданысы қазіргі мағынасынан алшақ кетпейді. Жалпы етіс жұрнақтарының қабаттаса қолданылуы қазіргі тілдерге де тән. Мысалы, жаз-дыр-т- қыз.

Ескерткіштерде іс істеуші арнайы айтылмай, іспен байланысты зат өздігінен істелетіндігін білдіретін ырықсыз етістер де кездеседі. Олар тек сабақты етістіктен жасалып, - ыл, іл, -л жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: адырыл – айырыл, тіріл- тіріл, арыл – арыл.

-ын, - ін, -н жұрнақтары жалғанған сөздер қазақ тіліндегідей бірде өздік, бірде ырықсыз етіс болып келе береді [1, 95].

Y-YIII ғасыр ескерткіштерінде өзінің тура мәнінде: табғачта адырылты, өздік етіс мәнінде: Табғач іліңе қылынтым.

М.Қашқари - л аффиксінің мынадай қызметін көрсетеді: 1) жаңа етістік жасайды, 2) ырықсыз етіс жасайды, 3) салт етістіктен ырықсыз етіс жасайды. Іс-әрекеттің үзілмей жалғасатындығын білдіретін сипат: тапынған – табынған, иүкүнген – жүгінген түрінде келеді [3, 233].

Ескі, жаңа түркі тілдерінің қайсысында да тұлғалық жағынан бірыңғай болып келетін – ортақ етіс. Ортақ етіс қосымшасы – уш, - үш, - ус, - үс жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: уруш – ұрыс, сүңүш – соғыс, йараш – жарас [1, 95]. Көне түркі жазбаларында ортақ етіс қосымшасы істің істелуі бірнеше субьектінің ортақ әрекеті арқылы болғанын, істі істеуге бірнеше субъектінің қатынасатындығын білдіреді. Ортақтық мағынада қолданылғанда, кейде бірле шылауы қосарланып отырады. Інім Күлтегін бірле сүңүшдіміз – Інім Күлтегінмен соғыстық.

М.Қашқари етістіктерге –ш қосылып, іс екі, не бірнеше кісілер арасында, солардың қатысумен болғанын білдіреді дей келе, мынадай пікір айтады: «Екі адамның арасында болған іс-әрекетті білдіру үшін етістіктің түбіріне –ш қосымшасы қосылады. Мысалы: Ол иығаш тербетішді – Ол ағаш тербетіп жәрдемдесті. Ол оның бірле табратышды – Ол онымен бірге асығысты. Ол менің бірле топық қапушды – ол маған тобықты тартып алуға серік болды» [3, 523]. Қашқари көрсетіп отырған –ш/с аффиксінің мағыналарының ішінен қазіргі қазақ тілінде кең етек алып, тұрақталып қалғандары – бірлестікті және істі істеуге екі, не одан көп субъектінің қатынасқанын білдіру мәндері.

Сондай-ақ қазіргі кезде түбір мен қосымшаға ажырамайтын, өлі түбір деп есептелетін, бірақ тарихи тұрғыдан бір кездегі өзгелік етіс пен өздік етіс қосымшалары деп танылатын, қазі әрқайсысы жеке-жеке сөз, лексема деп қаралатын оян, оят, үйрен мен үйрет, жұбан мен жұбат, уан мен уат сияқты жеке-жеке параллель сөздердің тілімізден орын алуы етіс қосымшаларының сөзжасамдық сипатының белгісі болса керек. Сондай-ақ етіс қосымшаларының бірінің үстіне бірінің, тіпті өзгелік етіс қосымшаларының өзі бірнеше рет қабаттасып жалғануы да таза грамматикалық немесе категориялық грамматикалық тұлғалар қасиеті шеңберінен шығатын белгілер болса керек [4, 507].

А.Қалыбаева «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» атты еңбегінде: «Соңғы еңбектердің ішіндегі құндысы және мазмұны жағынан толығырағы – «Алтай тілінің грамматикасы». Бұл еңбекте де «етіс» деген термин өз орнына қолданылмай, етістер «вид» деп берілгендіктен, ортақ, өздік, өзгелік етістерден басқа, шынында да, вид категориясына енетін -қыла, -гіле аффиксі арқылы жасалатын етістіктің дүркінді түрі де бір категорияда берілген. Видтық мағына беретін етістіктің бұл дүркінді түрін етістермен қоса қарау Катаринскийде, соңғы кезде жазылған қазақ тілі грамматикасында да кездеседі» [5,7], – дейді. Бұл пікірге қарап, етіс категориясының видті жасауға қатысатындығын түркологтардың байқағандығын көреміз. Әрі қарай ғалым мынадай пікір

білдіреді: «Етіс жұрнақтарының күрделеніп келетіндігін сол күрделенген жұрнақтардың кейбіреулері о бастағы мағынасын жойып, етіс емес, вид мағынасын беретіндігін ең алғаш Архангельский былай көрсетті: «Вид многократный, показывающий повторяемость действия или состояния через известные промежутки времени, образует присоединением к глагольному корню, если он кончается гласной, приставки – штыр (штер), происшедшей, очевидно, от приставки взаимного залога ш и понудительной приставки тыр (тер)... например, караштыр – посматривай по временам... қала (кяля), гала (гяля), если корень глагольный окончивается на согласную, баргала – похаживай по временам. Бірақ бұл жағдай қазақ тілінде күні бүгінге дейін ескерусіз келді» [,7-8]. Осы көзқарастан да қазіргі қазақ тілінде вид категориясының даулы мәселе болып жүргендігін байқаймыз.

А.Байтұрсыновтың да «дүркінді етіс», «өсіңкі етіс» [6, 49-50] деген қолданысынан да қимылдың жасалу тәсілдеріне қатысты мәселенің айтылып тұрғаны байқалады.

А.С.Аманжолов орыс тіліндегі «Глагольное управление в языке древнетюрских памятников» деген еңбегінде етіс туралы былай жазған: «Өзара бірлескен етіс аффикспен бірліскен қимыл, екі немесе бірнеше субъектік қосылған қимылы (көпше түрге сәйкес келеді) айтылса, тура ауыспалы етістіктің тура толықтауышпен меңгеруі өзгермейді, мысалы: үлэ «бөлу» – үлэш – үлэс – бірге болу , бөлісу (салыстыру қазақша үлес бөлу, тарату). Сөзлэ – сөйлеу, айту – сөзлэш – «бірдемені» бірлесіп айту, яғни талқылау, «кэс» – кесу, аралау – кәсім – кесуге көмектесу немесе кесуде жарысу, тут – ұстау , тұту, ұстап алу – тутум – бірге ұстау, бірлесіп ұстау, ұстауға көмек көрсету және т.б. Руникалық мәтін тілінде өзіне назар аударылатын ауыспалы етістік йоққыш жою, құрту, ол йоқ «жоқ» атауынан -қыш форманты арқылы жасалған, онда –қ тарихи етістіктің интенсивтік аффиксі болып табылады, ал –ыш – аффиксі өзара бірлескен етіс аффиксі. Ортақ етіс аффиксімен бір-бірімен бірлескен қимыл, екі немесе субъектерледің қосылған қимылы айтылады. Бірлескен қимылдың екінші субъекті жиі грамматикалық жанама септікпен көрсетіледі (аты көмектес, барыс септіктерде немесе бірлэ деген шылаумен). Сонымен бірге ортақ етіс аффиксі тура ауыспалы етістікті жанама ауыспалы етістікке айналдырып жібереді: соқ – соғу , ұру – соқуш «қағысу, біреумен кездесу, біреумен кездесіп қалу». Мысалы: Утру әкі айлыг кіші оғлы - н – соқушмыш – Ол екіайлық баламен кездесіп қалды; Бай эр қоны үркүрэт бармыш бөрікэ сооқушмыш – Байдың қойы, үркіп, қашты да қасқырмен кездесіп қалды. М.Қашқари сөздігінде ортақ етіс аффиксі қимыл етістігінде бірлескен, қос қимыл күй етістігі – бастау, интенсификациясы және т.б. орта бірлескен (медиалдық) мазмұнын білдіріп ауыспалы емес етістікке қосыла алады [7, 77-79]. Етіс етістіктің салт, сабақты мағынада жұмсалуымен де байланысты, өйткені етіс түбір етістіктерге қосымшалардың қосылу арқылы жасалады. Етіс категориясы қимылдың субьекті мен обьектіге әртүрлі қатынасын көрсететін жұрнақтар қосылу арқылы, түбір сөздің бастапқы грамматикалық мағынасын өзгертіп, сөйлем мүшелерін синтаксистік байланысқа түсіреді.

Қазақ тіл білімінде етіс құрылымдық аспектіден етістіктің грамматикалық категориясы ретінде қарастырылса, функционалды грамматикада етіс функционалды-семантикалық категория болып табылады. Функционалды-семантикалық категориялар көбінесе етістік категорияларына негізделгендігі байқалады. Мысалы, аспектуалдылық категориясы құрылымдық грамматикадағы қимылдың өту сипаты (вид) категориясына, темпоралдылық шақ категориясына, модалдылық рай категориясына, персоналдылық жақ категориясына негізделген.

Етіс категориясының да түрленуді жасауда қызмет атқаратынын байқауға болады. Өздік етіс көне, орта дәуірде іс-әрекеттің жасалуының даму фазаларын көрсете алады. Мысалы, көне түркі тілінен: Қапаған Елтеріс қаған еліңе <u>қылынтым</u> – Қапаған Елтеріс қаған елінде <u>тәрбиелендім</u>. Анта етрү қағанымa <u>өтүнтм</u> – Содан соң қағанымa <u>өтіндім.</u> М.Қашқаридан: Атан иүкі аш болса ашқа аз <u>көрүнүр.</u> – Атан жүгі аз (тағам) болса, ашқа аз <u>көрінер.</u> Өздік етісте дүркіндік мағына көрінбейді. Тіліміздегі кейбір етістер ырықсыз бола тұра, контекст ыңғайына қарай өздік етіс қызметінде де ұшырасады: Түрк будун қанын болмайын Табғачда <u>адырылты, қанланты</u> – Түркі халқы ханы болмай Табғаштан <u>бөлінді, ханданды.</u>

Өзгелік етіс тұлғалары да бұрынғы мағыналарын жоймаған. Етістің бұл түрі де ескерткіштер тілінде кездеседі. Көне түркі тілінен: Көк Өңүг йуғуру <u>удызтым</u> – Көк Өңнен жоғары <u>жүргіздім.</u> Йарақлыг йағыг <u>келтүрмедім</u> – Қарулы жауды <u>келтірмедім</u>. Үзе теңрі басмасар, асра

йір телінмесер, түрк будун іліңін-төрүңін кім артаты? – Үстіңнен тәңрі баспаса, астында жер айырылмаса, түркі халқының ел-жұртын кім құртады? М.Қашқаридан: Мен аны емлеттім. – Мен оны емдеттім. Бу еріг ерсер, емтіке еріг йірте ерсер, анча еріг йірте беңгү таш тоқытдым, бітідім – Бұл аялдама болса, енді ол аялдама болса жерге мәңгі тас тоқыттым, жаздым. Сантуң балыққа талуй үгүзке тегүртім – Шантуң қаласына теңіз өзеніне жеткіздім. Мысалдардан байқағанымыздай, өзгелік етіс қимылдың аяқталу мағынасымен байланысты белгілі бір уақыт шеңберінде болуын тоқтатуды білдіріп тұр, әрі аяқталған қимылдың басқа біреудің ықпалымен болғандығын да аңғартады.

Ырықсыз етіс: Үзе теңрі басмасар, асра йір телінмесер, түрк будун іліңін-төрүңін кім артаты? – Үстіңнен тәңрі баспаса, астында жер айырылмаса, түркі халқының ел-жұртын кім құртады? Мұндағы ырықсыз етіс қосымшалары іс-әрекеттің бірден аяқталуын аңғартады. Қашқаридан: Қой башы үтүлді. - Қой басы үйтілді. 5. Көңүл ашылды. – Көңіл ашылды. Бұл етістер қимылдың бірден шұғыл басталғандығын білдіреді.

Ортақ етіс қосымшасы істің істелуі бірнеше субьектінің ортақ әрекеті арқылы болғанын білдіреді. Мәселен, көне түркі ескерткішінен: Ізгіл будун бірле сүңүсдіміз. - Ізгіл халқымен соғыстық. Қашқаридан: Ол менің бірле оқ айышды. – Ол менімен оқ атысты. Олар іккі бойұн қайрышды. – Олар екеуі мойын қайырысты. Олар телім сайрашдылар. – Олар көп сайрасты. Бұлар іс-әрекеттің үздіксіз, созылыңқы дәрежеде өтіп жатқандығын көрсетеді.

Қимылдың ішкі өту сипаты семантикасының шеңберінде әр қилы өткен тез немесе баяу, кенеттен, шұғыл жасалған қимыл, араға уақт салп қайталанған немесе жалғасатын созылыңқы қимыл, шекті/шексіз қимыл, қимылдың басталуы мен аяқталуы, жасалу үстіндегі қимыл т.б. қамтылады да, бұл созылыңқылық, шектілік, шексіздік, дүркіндік, созылыңқылық, қимылдың даму фазалары т.б. аспектуалдылық категориясының семантикалық құрылымын түзеді. Бұл сипаттамалар қимылдың «ішкі өту ағымының» құрылымын ашады [8,190] дегендей, біз де етіс категорияларының бойынан осындай қасиеттерді аңғарды. Бұл қасиеттер көне, орта түркі кезеңдерінен көрініс беріп, бүгінге дейін сол мағынасын сақтап бізге жеткен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 173 б.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1981. – 207 б.
3. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – 528 б.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. –784 б.
5. Қалыбаева А. Қазақ тіліндегі етіс категориясы. – Алматы: Ғылым, 1951. – 80 б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
7. Аманжолов А.С. Көне түркі жазу ескерткіштері тіліндегі етістіктің меңгеруі. –Алматы: Ғылым,1969. – 101 б.
8. Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, 2011. – 290 б.

ӘОЖ 82-131

Қ.ЕРГӨБЕК ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ұлттық әдебиеттің қай қырында да өнімді қалам тербейтін сыншы Құлбек Ергөбектің әдеби талдау еңбектері бүгінгі әдеби үдеріспен үндес т ік тауып келеді. Белгілі сыншы, әдебиет зерттеушісінің ұлт руханиятына қосқан үлесі әдебиет пен өнердің танымал тұлғалары туралы шындық жайларымен табиғи байланыста дамып келеді.

Мақалада зерттеушінің ғылыми пайымдауларының ерекшелігін, өлеңсөздің тереңінде тұнған негіздерді ашып көрсетуде жалпыдан жалқыға қарай, жалқыдан жалпыға қарай талдау жүйесін шебер қолдануын, сөздің мәні ақынның ұғымымен, түсінігімен, өмір шындығын тану қабілет қарымымен, ой сезім қуатымен астасатынын философиялық тұрғыда тұжырымдалуын жан жақты талдап көрсетіледі.

Түйінді сөздер: поэзия, дерек, портрет, жанр, суреткерлік шеберлік, сыншылдық ұлттық ойлау, поэтика, теңеу, ауыстыру, ұлттық рух, таным.

«Ұлттың өмір сүруі шын мәнінде ізденіс, мәңгілік өзін және өзгені тану, салыстыру, өз орнын айқындау. Ұлттық мұратқа жету тынымсыз әрекет, машақатты жол. Қазақ ұлтының бүгінгі проблемалары қазақтың басқалардан кемдігінен емес, тәуелсіздік жүктеген іргелі істер. Мақсат, мұрат биік болған сайын, ол жолдағы қажыр қайрат та соншалықты жауапты болмақ» деп ұлт зиялыларының бірі А. Айталы тұжырымдағандай бұл міндетті орындауда бірегей ғалымдар санатындағы Құлбек Ергөбек еңбектерінің ұлт руханиятындағы орнына арналғандай.

Қандай да бір үздік таланттың өз халқының махаббатына, шексіз құрмет, сеніміне лайық болмағы, таныла білуі заңды құбылыс. Бүгінгі әдебиеттану ғылымында әдебиет сыншысы, зерттеуші, жазушы, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергөбек те осындай мархабатқа лайық тұлға дер едік.

Құнарлы жерге түскен дәннің жақсы өнім беретіні сияқты, Құлбек Ергөбектің де қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті өкілі, ғұлама ғалым Бисембай Кенжебаевтың көзіне түсіп, келешегінен зор үміт күткен шәкірті болудың өзі қаншалықты мәртебеге тұрады. Өзінің әкесіндей болған қамқор ұстазының тәрбиесін алып, тәлімін көрген зерделі жан алдына қойған ұлы мақсаты - алған білімін ұлт қажетіне жаратуға еңбегін арнап келеді. Әдебиеттің қай саласында да өнімді қалам тербейтін сыншы Құлбек Ергөбектің мақала, эссе, әдеби талдау еңбектерінің баршасы бүгінгі әдеби үдеріспен үндесіп жатады. Құлбек Ергөбектің ұлт руханиятына адалдығы мен қамқорлығы әдебиет пен өнердің танымал тұлғалары Б.Кенжебаев, т.б өмірі мен еңбектерін естелік жазбалары арқылы жан- жақты байытып, адамдық іс, қоғамдық қызмет, тұрмыс сырларын шындық жайларымен табиғи байланыста шынайы баяндайды.

Құлбек Ергөбектің «Арыстар мен ағыстар» деп аталатын еңбегінде әдебиетіміздің алтын ғасыры ХХ ғасыр басында өмір сүрген Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, С.Дөнентайұлы поэзиясынан бастап Бекен Әбдіразақовқа дейінгі әр буын ақындарының шығармашылық портреттеріне архивтік тың дерек, соны пайымдаулармен мақалаларын арнағанын білеміз. Өткен ғасырда өмір сүрген ұлтжанды санаткер, қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс болған Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы жазылған «Дүлдүл ақын, дүлей жыр», «Құбылыс», «Сұлтанмахмұт социализмді қалай түсінді?» мақалаларында ақынның адамдық тағдыры, дүниетанымы, шығармашылығы, ұлттың ой-санасын оятудағы өзгеше өрісін танытады.

– Сұлтанмахмұт Торайғыров ақынның лирикалары әлі терең талданып жетпеген,–дей отырып, орыс поэзиясындағы А.Блок, В.Маяковский, С.Есенин мұрасын танудағы талдау тәсілінен үлгі алу керектігін айтады.[1, 14б].

– Расында С.Торайғырұлы дүниені, қоғамды қалай түсінеді? Социализм идеясына келді ме? Бұл сұраққа жауап беру бүгін де оңай емес, – дейді, «Сұлтанмахмұт социализмді қалай түсінді?» деген мақаласында. [1, 21б].

Өз ұлтының азаттыққа жетер күні талай ұрпақтың толассыз күресінің, ұлт қамын жеген ұлылардың азапты өмірінің нәтижесінде келерін жанымен түйсінген ақын, аз ғана өмірінде соның сәл де болса жақындауына «пайдасын» тигізуді мақсат тұтатынын дәйекті тұжырымдарымен ашып көрсетеді.

Қазақ әдебиеті тарихындағы бірегей тұлға, профессор Бейсембай Кенжебаевтың шығармашылық, азаматтық тағдырын арқау еткен "Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы немесе профессор Бейсембай Кенжебайұлының рухани ерліктері жайлы хикая" атты әдеби талдау, сын эссе бағытындағы хикаясы тағылымы терең толғау. Шығармаларын зерттегенде оларды әдебиетші ғалым ретінде сыншылдық жағынан қарастыру ғана емес, олардың еңбектеріндегі халықшылдықты, оны туындататын ұлттық негізді ашып көрсету екендігін де аңғарамыз. Оған ғалымның: «Бейсембай Кенжебаевтың бүкіл ғалымдығының, қайраткерлігінің кілті ұлттық ойлау

жүйесінен ажырамағандығында. Ал ұлттық ойлау жүйесі берік ол секілді қайраткер, ғалым, оқымыстының дені кезінде ұсталып, қамалып, атылып кетті. Халық бағына Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Мұханбетханов секілді бірлі жарымы аман қалды. Аман қалды да өзгелердей кеудемсоқтанбай ақырын жүріп, аяндап халқына қызмет жасады» немесе «Өз халқының жамандығын көре білмеген, жақсылығын да парақтай білмесе керек» деген пікірі дәлел болады. [2, 177б].

Сыншы Құлбек Ергөбектің мақалада көрсеткен Бейсекеңнің бес ерлігінің бірі ана тіліміздің тағдыр талайы 1933 жылы саудаға түсіп жатқанда, Бейсекең тағы да «Қазақ тілі туралы», «Тағы да қазақ тілі туралы» деген өткір мақалаларын жазыпты. Сол кезеңнің өзінде мақаланың қаншалықты мәні жоғары және батыл ойды қозғағанын Қ.Ергөбек одан мынандай үзінді келтіре айтады: «... Ұлы орысшылдар социализм болғанда барлық ұлт бірігіп кетеді. Олардың тілдері де бір болады – жалпы тіл болады. Олай болса, ұлт айырмасын жоғалтатын мезгіл жетті дейді», деп қате пікірдің әлеуметтік астарына үңіледі, өлтіре сынайды. Ойлап қарайықшы, осы толымды да толғақты ойлар жасы отызға жетпеген жас жігіттің ойлары».[2, 184б].

Ұлт мүддесі үшін заман, саясат ағымына басын бәйгеге тіге отырып осылайша шырылдай араласуы Бейсекеңнің ұлтын сүйген ұлы жүректі азаматтығында екен. Туған тілінің хал жайы ғалымды қалай толғандырытыны осы еңбегінен айқын аңғарылады. Бұл жөнінде кітаптың өн бойында ретіне қарай пікір білдіре отырады. Ұлттың ұлт ретінде ұйысуының, тарихта қалуының кепілі тілге деген перзенттік борышын адал атқарып, сақтап, дамыту екендігін автор мынадай пікірмен тұжырымдайды: «Бүгіндері ұлт тілінің ұлттық дербестігі республикада мемлекеттік тіл болуы ай мен Күндей ақиқат бола тұра дауға айналуы, ана тілін өркендетудің заң қабылдаудан өзге шешімді істерінің өте баяу жүргізілуі де сол өзіміз қолдан қылғындырып өлімші еткен ұлттық сананың қайта жандана алмай жатқанынан болса керек». Біртуар халық перзенті ғұлама Б.Кенжебаевтың мақалалары кезінде М. Дулатовтың Үкімет басшысы Ж. Мыңбаевқа жолдап жазған «Қазақ тілінің мұңы» мақаласымен үндес дүниелер дер едік. Мұның өзі – арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, кеңестік режим құласа да, «қазақ тілінің мұңы» сол қалпында қалып отырғандығын байқататын факті.

Осы мақаланы оқи отырып, шіркін-ай, әсіресе бүгінгі таңда қазағымның әр азаматы осындай ұлтжанды болса тіліміз бен дініміз, діліміз басқа ұлттардың тарапынан ешқашан да қысым көрмес еді-ау деген қиялға берілесің.

Ғалымның осы уақыт ішінде жазылған туындылары атап айтқанда, әдеби сын, қазақ поэзиясы, мемуарлық жанрлар, шығармашылық шеберханасы сияқты салалардың қай қайсысында да халқының тарихын танып, мәдениетін дамытуға қызмет етеді.

Ең бастысы оларда халықтың бүгіні мен болашағына қатысты көкейтесті мәселелер қозғалады.

«Ел-шежіре» баспасынан шыққан «Өлең сөз» аталатын кітабына соңғы жылдары поэзия жанры жайында жазған көркем әдеби сын мақалалары топтастырылған екен. Кітаптың «Дарын даралығы» деп аталатын бірінші бөлімінде С.Торайғырұлы, Ә.Тәжібайұлы, С.Мәуленұлы, Қ.Шаңғытбаев, Т.Бердияров, Ғ.Балақадырұлы, Қ.Мырза Әлі, С.Жиенбаев, Қ.Ыдырысов, Ә.Дүйсембиев, Ө.Нұрғалиев, Т.Медетбек, Ж.Ерман сияқты әр кезеңдегі халқымыздың өлеңін өміріне айналдырған перзенттерінің шығармашылық портреттерін сомдаған. «Жанр жаңалығы» делінген екінші бөлімі қазіргі қазақ поэзиясының проблемалық мәселелеріне арналады. Атап айтқанда, «Абай мен Есенин жағасына жармаспай-ақ», «Қазақ поэзиясының дәулеткері», «Күлкі сыры мен сымбаты», «Көзайым», «Қолжазбадан кітапқа немесе жабық рецензияның ашық сипаты», «Бір өлең», «Фотоөнер тұтқыны және қос Қадыр», «Мейірімсіз қара жер сөзімі менің қарашы...», «Өсер жасқа өріс кең» делінетін көлемді мақалаларының өзіндік ерекшелігі бар. Жекелеген ақындардың шығармашылықтары арқылы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің өткен тарихынан біршама хабар береді.

Қ.Ергөбектің сын мақалалары мен зерттеу еңбектерін оқып, танысқан соң қазақ тарихында өмірінен өнеге таратып жазар небір тұлғалар, олар жайында жазылған деректі, деректі көркем әдебиет бар екен деген ойға бекіндік.

Поэзия сыншысы, зерттеушісі ретінде Қ.Ергөбек поэзияның барлық өнер туындыларынан өзіндік ерекшелігін, көркемдік шеберліктің шыңы деп бағалануын оның өмірді танудың, танытудың құралы екендігімен сабақтастыра дәлелдейді. Ғалым «поэзия музыкамен іштей үндесіп жататын өте нәзік муза деп білемін, оны асқақ ұстамай, күнделікті тіршілік күйбеңіне жұмсайтын ақын аға, замандастарыма өлердей өкпелеймін... Өлеңді жанды дүние деп біліп, поэзияның бүлкілдеп соққан жүрегіне ден қоямын. Поэзия ақынды ғана емес, өзінің сыншысын да іздеуге тиісті деп ойлаймын. Поэзия өзі іздейтін сыншыға айналғым келеді» деген пайымының өзі оның көркемдік, эстетикалық талғамының биіктігін танытады.

Зерттеушінің ғылыми пайымдауларының ерекшелігі сол, ол өлеңсөздің тереңінде тұнған негіздерді ашып көрсетуде жалпыдан жалқыға қарай, жалқыдан жалпыға қарай талдау жүйесін шебер қолданады. Өлеңнің нәрі сөзінде болса, сөздің мәні ақынның ұғымымен, түсінігімен, өмір шындығын тану қабілет қарымымен, ой сезім қуатымен астасатынын философиялық тұрғыда тұжырымдайды. «Бөлшектік талдауды» қазақ әдебиетінде орнықтыру ниетінде «Бір өлең талдау» мәнеріне жиі барады. Қазақ әдебиетінде профессор Бейсембай Кенжебаев, Тәкен Әлімқұлов, Мұзафар Әлімбаев бастап берген «Бір өлең талдау» дәстүрінде «Жапырақтар» кімнің өлеңі?» (С.Торайғырұлы), «Түрік халықтары гимні» (М.Жұмабайұлы), «Майға сәлем!» (С.Мұқанұлы), «Сәбитке...» қалай туған?» (Қ.Аманжолов), «Құлаған – «Қазақ...», құлатқан – қазақ...» (Ә.Тәжібайұлы), «Тал бесіктен – Жер бесікке дейін» (М.Мақатаев), «Балдырғанда» туған өлең» (М.Мақатаев), «Жүрек әні» (Б.Әбдіразақов) аталатын бір өлең талдау мақалалары сөзімізге дәлел. Ол мақалаларда С.Торайғырұлының, С.Мұқановтың, Қ.Аманжоловтың, Ә.Тәжібаевтың, М.Мақатаевтың, Б.Әбдіразақовтың бір-бір өлеңі назарға алынып арнайы талданады. Бір ғана өлеңнің әр бөлшегіндегі мағыналы, мәнді тұстарын бөліп алып, оның жалпылық сипатына қарай дендей бойлауы ғалымның сөз өнерін танудағы өзіндік ерекше қырын танытқандай. Сондықтан да ақындық қолданыстағы жаңа мәнге ие болған жеке сөздің суретті, бейнелі сөздің бүтін бір халықтың ой санасындағы, ұғым түсініктеріндегі ұлттық сипаттардың айқын көрінісіндей бағалануы соның айғағы. Сөз орамының шынайылығы мен қарапайымдылығы, халықтың көркем дүниетанымы,ойлау жүйесі әлеуметтік тарихи жағдайлармен өзара байланыста қалыптасып, дамитыны белгілі. Міне, олай болса, өлеңді талдаудың негізінде халқының тарихын тану, тағылым берер түйінді тұстарын табу мәселесі де жатады екен. Осылайша, өлеңнің құндылығы тек өмір шындығын суреттеп қана қоймай, халықтың арман, мұратының көркем танымға айналғанын көрсететін құдіретін ашып береді.

Сыншы тұжырымдарында өлеңсөз халықтың ақындық дарынының, суреткерлік биік өлшемінің, сезім күшінің, эстетикалық талғамының нақты көрінісі ретінде зерделенеді.

Қазақ халқының тарихы мен тағдыр- талайының көркем шежіресі болып келе жатқан қазақ әдебиеті қазір барлық жанрда дамып, тақырыптық-мазмұндық тереңдігімен, көркемдік эстетикалық қуатымен халқымыздың мәдени, рухани өміріндегі алар орны ерекше. Бұл құбылыс әдебиетші ғалымдар мен зерттеушілер тарапынан әр қырынан зерттеліп- зерделеніп, әдебиетіміздің сан қырлы мәселелері мен жеке ақын- жазушылардың шығармашылығы өзінің лайықты бағасын алып келеді. Жекелеген қаламгердің шығармашылық тағдырын қазбалап танытып, тереңіне бойлап, қаламынан шыққан туындылардың көркемдік сапасын ажырату, талдау, таразылау бүгінгі күннің сұраныстары екендігі анық.

Осы орайда ғалым жұрт жиі жазған ақындардың поэзиясынан гөрі көбіне әдебиетте көп атала бермейтін, бергенінен берері көп арманда кеткен шынайы таланттар туындыларына талдау жасайды, кейінгілердің зерттеулеріне ниеттестік білдіреді. Мәселен, «Арманды ақын қыз» мақаласында отыз бір жыл ғұмыр кешіп артына «Шолпан», «Кавказ шыңында», «Таңдамалы шығармалары» сияқты әлеуметтік мәні зор қомақты мұра қалдырған қазақтың талантты ақын қызы Зияш Қалауованың еңбектерін қадірлі ғалым, ұстазы Б.Кенжебаевтың арнайы тапсыруымен зерттеп, зерделейді. «Жана алмай маздап жас кеткен...» мақаласы ұстазы айтқандай «ерекше қазақы рухта жазатын бетті ақын, әдебиетте асыл өлеңін қалдырған» Ғұбайдолла Балақадыров поэзиясына арналады. Кешегі қызыл империяның солақай тоталитарлық саясатына ерте бастан-ақ сенбей, миграцияға қарсы үн көтеріп, елдің есесін, жердің шұрайын аңсап жоқтаған «ұлтым», «қазағым» деп соққан қайран өр рухты ақын жүрегінің лүпілін танытқандай болады. Баймағамбет Ізтөлин бар болғаны жиырма екі жыл өмір сүріп ақын атын қалыптастырып кеткен, жалынғұмыр

отты жүрек жалындап шығып, жас кеткен ақынның бірі. Оның әдеби мұрасын жинақтап, қайраткерлік істерін көпшілікке танымал етуде өзі ақындықтың әліппесіне баулыған әдебиетіміздің классиктерінің бірі Сәбит Мұқанов екендігін «Жалынғұмыр жалғасы» атап мақаласында тап басып дәлелдейді. [3, 218б].

"Көркем әдебиетті тек ұлы ақын-жазушылар жасамайды. Оның ұлылы-кішілі, ірілі- уақты өкілдері болады. Әдебиет тарихы әр кезеңде әдебиетке атсалысқан, оған өзінше аз да болса үлесін қосқан ақын - жазушыны ұмытпайды, ұмытуға тиісті де емес", – деген ғалым Т. Кәкішевтің пікірі жоғарыда аталған жана алмай кеткен ақындардың да әдебиеттегі еңбегіне арналғаны сөзсіз.

Сыншы әрі әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ поэзиясындағы алдыңғы толқын ағалар творчествосын бағалап, әдеби процесті өзіндік талғаммен бағамдап отырады. Оған дәлел, «Дүлей ақын, дүлдүл жыр» иесі Сұлтанмахмұт Торайғырұлы туралы үш рет, «Сүлей ақын, сыршыл жыр» деп атаған Әбділда Тәжібаев жайында отыз алты мақала, «Айда өмір сүріп жатқан ақын...» атап Өтежан Нұрғалиев жайында екі рет арнайы жазады. Қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі, тарлан ақын Сырбай Мәуленов туралы «Бұлбұл ақын, бұла жыр», «Сыншыл ой», «Сыраған соққан мүсіндер» деп аталатын мақалаларын жазып, оның ойлы, суреткер, образды ақын болумен қоса, әдебиет сыншысы ретінде жазған бірнеше мақалаларындағы әдеби эстетикалық пікірлері, әдебиет, өнер жайындағы көзқарастарына талдау жасайды.

«Жастық шақ жыршысы» деп атаған Аманжол Шамкеновті, «Жақсылық жасауға асық еді» деген Қабдікәрім Ыдырысовты, «Сырлы саз, жырлы наз» атап Сағи Жиенбаевты, «Мейір гүлдеген жүрек...» атап Әнуарбек Дүйсенбиевті, «Махаббат – пірім, сенгенім...» деп Жүсіп Қыдыровты, «Ақын еді ол көкірегіне гүл өскен...» деп Сабырхан Асановты, «Рух туын жықпай өткен қаламгер...» атап Бекен Әбдіразақовты өз тарапынан ақындық мәнерін, бір-бірінен ерекшеліктерін анық танып, шынайы ғалымға тән зердемен, айрықша шабыттана талдауы ғалымның зерттеушілік ерекшелігін танытады.

Түйіндей айтқанда, Құлбек Ергөбек бүгінгі поэзия, проза, сын туралы айтса да оның тарихына, өткен жолына үңілмей сөз ете алмайды. Олай болса, ол қазақ әдебиетінің бүгіні мен келешегіне немқұрайлы қарай алмайтын сыншы. Бүгінгі қол жеткізген табысымыздың төркінін, шыққан тегін сөз ету, салыстыра зерттеу оның қаламына тән ерекшелік болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. Астана: Таным, 2003. – 360 б.
2. Ергөбек Қ. Баянғұмыр. Алматы: Жазушы, 1991. – 232 б.
3. Ергөбек Қ. Өлеңсөз. Алматы: Ел шежіре, 2012. – 576 б.

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШІ (ҚАРАУЫЛКҮМБЕТ КЕСЕНЕСІНЕ КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУ)

Нұрдәулетова Б.И.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

2018 жылдың мамыр-қараша айларында «Маңғыстаудың материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұралары» халықаралық кешенді экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедицияның бір ғылыми бағыты Маңғыстаудың ноғайлы кезеңіне арналды.

Ноғайлы дәуірінің тарихи-архитектуралық ескерткіші ретінде Маңғыстау ауданының Онды аулынан оңтүстік шығысқа қарай 19,5 км қашықтықта орналасқан Қарауылкүмбет қойылымындағы кесенеге (1-сурет) археологиялық қазба жұмысы жүргізілді.

Кесене уақыттың, табиғаттың небір қысталаңына төтеп берген, бір кездерде жергілікті плита тастармен қапталып, зәулім етіп салынған салтанатты ғимарат қазір жартылай қирап, ішкі жағы құланды тастармен көмілген. Қазба барысында кесененің ортасында және сәл шеткерілеу екі қабіртас табылды. Қабіртастардың астынан бірі ер адамның, екіншісі әйел адамның сүйегі қазып алынды. Қазба жұмысын жүргізген археологтардың және басқа да зерттеушілердің

пайымдауынша, қабір басындағы тастардың қойылу уақыты мен ғимараттың салыну кезеңі бір емес, яғни ғимарат кейін салынған. Мәйіттердің жанында қосымша жерленген зат-бұйымдары жоқ. Ер адамның мәйіті барынша жақсы сақталған, басын құбылаға беріп, жастық тас төсеген, мойнын сәл оң жағына бұрып, маңдайын Темірқазық жұлдызына бағыттаған. Оң қолын ұзына бойына жіберіп, сол қолын кіндік тұсына қойған. Лақат-көр онша терең емес, тіке қазылған, бетіне жүзген ағашынан белағаштар салған. Көрдің бетін таспен емес, ағашпен жапқанына қарағанда, мәйіт асығыс және құпия жерленген, кесене кейіннен салынған. Жанындағы әйел адамның қабірі жартылай кесене іргетасының астында қалған, соған қарағанда ер адамға салынған кесене – іргесіндегі қабірді де қоса қамтып кеткен болуы керек.

Қарауылкүмбет қойылымындағы зәулім кесененің архитектуралық жақтан қай ғасырға жататындығын нақтылау, мүмкін болса, қабірде жерленген адамның кім екендігін анықтау мақсатында кесенеге археологиялық, тарихи-деректік, зертханалық зерттеулер жүргізілді. Археологиялық қазба жұмысына Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының Антикалық кезең және орта ғасыр археологиясы бөлімінің аға ғылыми қызметкері Е.Оралбай жетекшілік жасады. Қабірден қазып алынған сүйектерге радиоуглеродты сараптау жасау, бассүйекке антропологиялық реконструкция жасауға РҒА Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтының физикалық антропология бөлімінің ғылыми қызметкері Е.П.Китов басшылық жасады. Сондай-ақ зерттеу, талдау жұмысына РҒА Сібір бөлімінің тарих және этнография институты аға ғылыми қызметкері Д.В.Поздняков, РҒА Египтология зерттеу орталығының кіші ғылыми қызметкері А.О.Китова, Самар мемлекеттік әлеметтік-педагогикалық университетінің профессоры А.А.Хозлов, Қазан федералды университетінің іргелі медицина және биология институтының доценті О.А.Кравцова, Солтүстік Ирландияның Бэльфаст қаласындағы Королдік университетінің ғылыми қызметкері С.В.Святко қатысты.

Қарауылкүмбеттегі араб графикалы жазуларды оқу, Маңғыстаудағы ноғайлы тарихы, Едіге бидің кезеңі туралы тарихи құжаттармен жұмыс жасау, деректер жинау, Едіге бидің ұрпақтары болып саналатын қазіргі маңғыт руының адамдарынан сынама алу жұмыстарына тарихшы, ноғайтанушы Ә.Сарай жетекшілік етті, зерттеу жұмыстарына профессор Б.Нұрдәулетова, доцент Ш.Сапарбайқызы қатысты.

Едіге бидің қазіргі ұрпақтарына тектік талдама жасау мақсатында «Бұқар сапары» ұйымдастырылды.

Аталған кесененің қас бетінде сол жағында: «Шаһидолла Едіге» деген жазу (2-сурет), оң жағында шөміш таңба (3-сурет) салынған. Ал сыртқы қабырғаның төменгі плитасында «Едіге бұ баһадұр болдұ, би болдұ», «Әбубашар...» деген жазулар бар (4-5-суреттер). Сондай-ақ кесененің алдыңғы бетінің ең жоғарғы жағында бірнеше әліп таңбалар, оған жалғас екі құстың (бүркіт не самұрық құс?) сұлбасы бейнеленген.

1-сурет

2-сурет

3-сурет



4-сурет

5-сурет

6-сурет

7-сурет

Қазақтың тарихында батырлығымен, билігімен даңқы шыққан 4 Едіге болған. Соның ішінде өзінің тарихи да, эпикалық та биографиясы жағынан Маңғыстауға жақын тұрған – Ноғайлының биі әрі батыры Едіге.

Кесененің Ноғай Ордасының биі баһадүр Едігеге қатысы болы мүмкін бе?!

Маңғыстау тарихында оғыздар мен қыпшақтардан кейінгі тарихи маңызы бар кезең – Алтын Орда, Ноғайлы дәуірі. 16 ғасырдың екінші жартысында Ноғай Ордасы ішкі-сыртқы жағдайларға байланысты 2-3 бөлікке ыдырағаны белгілі, олар: Үлкен Ноғай ұлысы, Кіші ноғай ұлысы және Алты ауыл ұлысы, Жембойлық ұлысы. Кіші Ноғай ұлысы негізін қалаған Жем мен Жайықтың арасын, Маңғыстау мен Үстіртті мекендеген, жыр-дастандарда «он сан ноғай» деген атқа ие болған жұрт екені айтылады. Маңғыстау мен Үстірттің топоареалында Ноғай, Ноғайты, Ноғайлы, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы, Сары, Қалау, Қараүлек, Қарашаш, Манашы, Күйкен, Әділ т.б. атаулар кездеседі. Ноғайлы батырлары туралы «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің де поэтикалық ареалы Маңғыстау аймағы болуы тегін емес.

14 ғасырдың соңында саяси аренаға шығып, Алтын Ордадан бөлініп, жаңа Орда құрған, екі жүз мыңнан астам тұрақты әскері бар Едігенің қуатты мемлекеті «Маңғыт жұрты» деп аталғаны белгілі. Маңғыттар туралы Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» атты еңбегінде және «Моңғолдардың құпия шежіресіндегі» деректерде келтіріледі. Басқа да тайпалармен бірге моңғол халқының негізгі бөлігін құраған маңғыттар кейін Дешті-Қыпшақ жерінде Жошы ұлысының батыс бөлігін иемденген деген пікірлер айтылады. В.В.Трепавлов маңғыттар Шыңғыс империясының «сол қанатында» болды десе [1], Әнес Сарай Рашид ад-диннің еңбегіне сүйеніп, маңғыттардың Шыңғыс хан заманындағы мыңбасы Құйылдыр шешеннің ұрпақтары Мөңке-Қалжа, Мулукур-Қалжаның Иранға келіп Хулагу қаганның қызметінде болғандығын, олай болса, маңғыттардың XIII ғасырдың орта шенінде батысқа (Дешті-Қыпшақ жеріне) қоныс аударуы басы ашық мәселе екендігін айтады [2,13]. Ал маңғыттардың Алтын Орда тұсында хан тағының төңірегіне тартылуын Орыс ханның билігімен байланыстырады: «1358 жылы Орыс-оғлан Жыр-Құтуды өлтіріп қырғызға қашқанда Ноғай, Шығай ордасында жан бақты. Ақордаға хан болғанда оларды ілестіре келулі. Олардың арасында маңғыттар да бар еді...» [2,14], – дейді. Зерттеуші Алтын Орда аймағында маңғыттардың екі қонысы болған деп көрсетеді: бірі – Созақтағы Құмкентте, екіншісі Еділ-Жайық арасы. Екі мекеннің да Едігеге қатысы бар: бірі – оның туып, ержеткен, бабалары

жерленген атамекені болса, екіншісі – Орыс ханнан қашып, маңғыт ағайындарын сағалап келіп, паналаған, кейін билік құрған ордасы.

Зерттеу еңбектерден: «XIV ғ. соңына қарай Жайық пен Еділдің арасындағы тайпаларды біріктірген қауым өзін маңғыттар, ал өз ұлысын "Маңғыт жұрты" атады. "Ноғайлар", "ноғайлықтар", "Ноғай Ордасы" деген атаулар деректерде XVI ғ. бас кезінде пайда болады» [3], – деген пікірлерді кездестіреміз. Әнес Сарай Ноғай атауын Алтын Орданың әскербасы Ноғай есімімен байланыстырған пікірлерді дұрыс деп есептейді. Түрлі тарихи-жазба деректерге сүйеніп: «Белгісіз Ноғайдың биік баспалдақтарға өрмелеп шығуы Берке хан тұсында болды (1257-1266 жж.). Демек Ноғай Алтын Орда қолбасы дәрежесіне дейін көтеріліп, Днепр-Дунай тарапынан жаңа иеліктер алғанға шейін ортаңғы және жоғарғы Еділ-Жайықты қоныс еткен.

Ноғайдың өлімінен кейін бұл өңір маңғыттарға берілгенмен, Ноғай жұрты аты қалмаған, өшпес-өлмес ел жады ақыры маңғыт атауын ысырып шығарған» [1,15],– дейді. Сөйтіп, өздерін «маңғыт жұрты» деп атаған Едігенің елін өзгелер «ноғайлылар» деп атап, жазба деректерге Ноғай Ордасы атауымен еніп, тарихта солай айту қалыптасқан болуы керек. И.Х.Калмыков, Р.Х. Керейтов, А.И.Сикалиевтердің бірлескен еңбегінде Ноғай ұлысының орнына XIV ғасырда Едіге тұсында Еділ мен Жайық аралығында құрылған жаңа этникалық топ ноғай атауын қайта жаңғыртты деп көрсетіледі [4]. Ал маңғыт тайпасы осы бірлестікті құраған көп тайпалардың бірі ретінде аталады.

Едіге туралы жырлардың бұлғар татарлары арасында тараған нұсқасында ғана Едігенің тегі маңғыт екені Тоқтамыстың сөзінде айтылады. Қарақалпақ нұсқасында Едігенің тегі қоңырат деп сипатталады. Қазақ нұсқаларында Едігенің тегі Баба Түкті Шашты Әзиз әулиемен байланыстырылады. Бұл – Едігедей ұлы бидің тегін қасиетті тұқымнан шығарып көрсету мақсатындағы халық қиялының жемісі болса керек.

Қабірден табылған сүйектердің генетикалық жақтан маңғыт тайпаларына қатысы бар-жоғын анықтау үшін РФ БҒМ Қазан (Приволжа) федеративті университеті Іргелі биология және медицина институтында молекулярлық-генетикалық сараптау жүргізілді Сүйектің талдамасын салыстыру мақсатында Өзбекстан Республикасының Нөкіс, Бұхара, Навои аймағындағы тұрғындар арасынан маңғыт руының өкілдерінен 22 сынама алынды. Бірінші сүйектен алынған ДНК үлгісі ер адамға тиісті екені анықталды. Берілген үлгі № 1а 2 гаплогруппасына сәйкеседі. Сүйектен алынған профиль оның қазіргі ұрпақтары болуы мүмкін 22 ДНК үлгілерімен салыстырылған. Нәтижесінде №5 және №9 үлгілердің ДНК мәліметтері сүйектен алынған профильмен толыққа жуық сәйкеседі. Қалған ДНК үлгілерінің өзара және сүйек ДНК-мен кейбір маркерлері сәйкеседі, ер адам жағынан туыстық байланысы бар және оның мерзімі 100-115 жылдарды қамтиды.

Кесенеден қазып алынған екі сүйекке радиокарбонды талдау жүргізілді. Зерттеу Бэльфаст университетінде орындалды. Екі сүйектің морфологиялық жақтан ұқсастығы олардың туыстық байланысының бар екендігін көрсетеді. Сүйектің морфологиялық құрылымы, әсіресе, мұрын сүйегінің көтеріңкілігі бұл сүйек иелерінің Ортаазиялық тұрғындар болуы керек деген болжам айтқызады. Қазіргі Батыс Қазақстан аймағының автохонды тұрғындарына бұндай бас сүйек бітісі тән емес [5, 2018].

Бэльфаст қаласындағы Королдік колледжінде жүргізілген зерттеу бойынша сүйектердің калибрлі углеродты мерзімі 1220-1280 жылдарға, яғни Алтын Орда дәуіріне сәйкес келеді. Зерттеуші Егор Китовтың пікірі бойынша, сүйек иелері Маңғыстау жеріне Алтын Орда мемлекетінің басқыншылық саясаты тұсында Орта Азиядан келген болуы керек. Ер адамға арнап салынған кесене тұлғаның жоғары әлеуметтік ортадан (ақсүйек) шыққанын танытады. Бұған сонымен бірге сүйектің, бассүйектегі тістердің жақсы сақталғандығы, тірі кезінде дертке ұшырамағандығы, буындарда, бұлшық еттер бекітілген орындарда ешқандай паталогияның ізі байқалмауы дәлел бола алады. Зерттеуші осы кезеңде Орта Азиядан дін таратушылардың жан-жаққа, соның ішінде Маңғыстау аймағына да келуі мүмкін екендігін, олардың өте беделді болып, соған сәйкес тұрмысының да жақсы, жайлы болғандығын, ауыр физикалық жұмыстармен айналыспағандығын айта келіп, тарихи құжаттарға зерттеу жүргізу арқылы аталған кезеңде Маңғыстауға қандай белгілі әулеттен шыққан тұлғалар келіп, жерленуі мүмкіндігін жан-жақты зерттеу қажеттігін атап көрсетеді.

Екінші сүйек әйел адамға тән. Зерттеу барысында оның ер адамнан әлдеқайда бұрын жерленгендігі және олардың туыстық (мүмкін анасы?) байланысының бар екендігі анықталды.

Радиоуглеводородты сараптау мен молекулярлық-генетикалық талдама нәтижесі сүйек иесінің Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген тегі ақсүйек тұлға екенін, генетикалық жақтан маңғыт тайпасына жақындығын анықтады. Сонымен бірге археолог мамандардың көрсетуінше, қабірдегі жерлеу рәсімі де осы кезеңге сәйкес келеді.

Қабірдің үстіне өңделген тас плитадан постамент оның үстіне белтас қойылған. Белтаста таңбаланған қару-жарақ түрлеріне қарап оның қойылу мерзімі туралы болжам айтуға болады. С.И.Ажиғали қабір басындағы қойтастарда қылыш, найза, садақ, соғыс айбалтасы, қайшы, сөмке, айна, тарақ т.б. суреттерінің салынуы XV-XVI ғасырларға тән, ал мылтықтың суретін салу одан ба бергі кезеңдерде үрдіске ене бастаған деп көрсетеді. Қарауылкүмбет кесенесіндегі белтастарда жуан қылыш және жіңішке сапты қылыштардың ғана салынуы оны XV-XVI ғасырлардан да арғы кезеңге жатқызуға болатынын көрсетеді [5, 2018].

Біз жоғарыда Қарауылкүмбет қорымындағы жұмбақ кесененің алдыңғы жақ маңдайшасында екі құстың таңбасы бейнеленгендігін айтып өттік.

Зерттеулерге сүйенсек, қос бүркіт немесе екі басты бүркіт императорлық гербтерде бейнелетін символикалық белгі болып табылады. Сөздіктерде: «Двуглавый орёл – гербовая фигура в виде орла, имеющего две головы, обращённые вправо и влево, или двух орлов, расположенных друг за другом, когда от орла, расположенного на заднем плане, видна только голова»е, – деген түсінік берілген. Сондай-ақ, зерттеулерде б.з.д. XIII ғасырдағы Хет патшалығының астанасы Хаттуси қаласының орнынан табылған цилндр пішінді мөрде екі басты құс бейнеленгендігі айтылады (8-сурет) Зерттеушілер екі бас құстың мемлекеттік рәміздерде бейнеленуін шумер заманымен байланыстырады [6].

8-сурет

9-сурет

Екі басты немесе екі бүркіттің («екі баш қара құш») Алтын Орда мемлекетінің символикалық таңбаларымен қатынасы туралы түрлі пікірлер бар.

«В Золотой Орде двуглавый орёл встречается на монетах с конца XIII по вторую половину XIV века. Наиболее ранними считают двуглавых орлов на медных фолляриях монетного двора Сакчи (район Дуная) с изображением тамги беклярибека Ногая (1235—1300). К настоящему времени не сохранилось в подлиннике ни одного официального документа (ярлыка) с печатью Узбека, Джанибека или Азиз-шейха, но сохранилась тамга Ногая с двуглавым орлом. На сохранившихся ярлыках двуглавый орёл не обнаружен» [6] (9-сурет).

Жоғарыда біздің назарымызды аударған ендігі бір белгі шөміш таңба болатын. Түркі халықтарының тайпалық, рулық таңбалары, олардың этникалық, саяси-әлеуметтік, танымдық маңызы туралы еңбектерге тоқталып жатпаймыз. Ноғайлардың этникалық тарихын зерттеген, Ноғай Ордасын құраған тайпалардың этникалық ерекшеліктеріне талдау жасаған, ноғайлардың қазақ, қарақалпақ, башқұрт, татар, қырғыздармен этногенетикалық байланысын зерттеген, соның ішінде таңбаларға ерекше тоқталған Р.Х.Керейтовтің монографиясындағы деректерге ғана жүгінеміз. Автор бірнеше зерттеу еңбектерге талдау жасай келіп, маңғыттардың ноғайлар құрамындағы белгілі тайпа, олардың ұраны – Алаш, таңбасы шөміш екендігін жазады [7, 62-65]. Сондай-ақ, аталған еңбекте ноғайлы тайпаларының рулық таңбалары кесте түрінде берілген, онда

шөміш таңбасының өзі бірнеше түрде бейнеленген және ноғайларды құрайтын бірнеше тайпалардың таңбасында кездеседі. Бұл мәселені тереңірек зерттеуді таңбатанушылардың үлесіне қалдырып, біз әзірге Қарауылкүмбеттегі кесененің қас бетінде маңғыттардың шөміш таңбасы таңбаланған деген пікірімізде қаламыз.

Қорыта айтқанда, ғимараттың салтанаттылығы, салыну стилі, қабір үсті белтастар және олардағы таңбалар (өкінішке орай белтастардағы жазулар оқылмады), мүрденің жақсы сақталуы, мұсылманша жерлену рәсімі, ғимарат қабырғасында Едіге есімінің таңбалануы, ғимараттың кіреберіс бетінде Ноғайлы мемлекетінде өмір сүрген көптеген тайпаларға, соның ішінде маңғыттарға тән шөміш таңбасының болуы, ғимараттың қас бетінде ең жоғарғы жағында империяның қос бүркіті бейнеленген гербінің таңбалануы қабірде Алтын Орда империясының мемлекеттік деңгейдегі танымал тұлғасы жерленген деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұлғаның нақты кім екендігі, оның қандай да бір Едіге есіміне қатыстылығы алдағы зерттеулердің еншісінде деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Трепавлов В.В. Ногайская Орда. М., 2002.
2. Сарай Ә. Ноғайлы. Алматы: Арыс, 2009. - 480 б.
3. XIII-XY ғг. Ноғай Ордасы. Солтүстік Қазақстан және Батыс... //https://qazbrand.info/all/510/xiii-xy-ғг-ноғай-ордасы-солтүстік-қаза/
4. Калмыков И.Х, Керейтов Р.Х., Сикалиев А.И.-М. Ногайцы: Историко этнографический очерк. Черкесск: Ставроп. кн. изд-во, 1988. – 230 с.
5. «Маңғыстаудың материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұралары» халықаралық кешенді экспедициясының есебі. Ақтау, 2018
6. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B2%D1%83%D0%B3%D0%BB%D0%B0%D0%B2%D%8B%D0%B9_%D0%BE%D1%80%D1%91%D0%BB
7. Керейтов Р.Х. Этническая история ногайцев. Страврополь, 1999. 176 с.

УӘЛІ ҚҰДЫҚТАРЫ ЖӘНЕ САРЫҮЙЕКТЕР ЖЫРЫ

Оңайгүл Тұржан
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Ғұлама Әбіш Кекілбаев кезінде «Көзің барда Маңғыстауды көріп қал!» деп жазған еді. Десе, дейтіндей Маңғыстау жері ежелгі халықтардың талайы келіп, талайы өз ізін қалдырған, өзінің көнелігімен бүгінгі жаңалық құмар жұртты таңқалдыратын өлке. Әлем туристері жер шарының түкпір-түкпірін аралап көріп, Еуропа мен Американың, қайнап тұрған Африканың небір таңғажайыптарына таңғалып болып, енді олар жаңа бағыт, жаңа таңғажайыптар іздеуге кіріскен қазіргі шақта Қазақ елінің оларға қол бұлғау сәті туған шақ. Мақаланы неліктен туризмге назар аударудан бастадық? Оның себебі – туризм елді, елдің тарихын жер-жаһанға таратудың ең басты амалдарының бірі. Ал жер-жаһанның тануына мүдделі болатын себебімз, ол мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік жағынан дамуына ықпал етеді. Сол себептен де дамыған елдер өз елдеріне туристердің көбірек келуіне мүдделі. Ол мүдделілік біздің еліміздің де өткен шақтарында болған. «Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов 1926 жылы КСРО Ғылым Академиясының тапсырмасымен Адай уезін зерттеуге бағытталған экспедиция құрамында болған кезінде шыңырау құдықтарға ерекше назар аударған» [1]. Өйткені құдықтар да тарихтың бір парасы.

Туризм тарихына қарап отырсақ, адам баласы өзінің саяхаттық сапарын сона-а-ау көне дәуірлерде-ақ бастап кеткен. Дүниенің төрт бұрышы болмаса да, Африка мен Азияны, Еуропаның жартысын кеме мініп, кемесі жоқ жерді дала кемесі – түйемен аралаған саяхатшы Ибн Батута Арабиядан шығып, Меккеге қажылық жасап, Африканы шарлап, Шри-Ланканы басып өтіп, Бағдат пен Мысырды, Каирды аралап өтіп, Үнді жерін кезіп Византияға келіп, қазіргі Қырымның сай-саласын аралап, Волганы жағалай жүріп Астраханға келіп, 1334 жылы қазіргі Атыраудың

іргесіндегі Сарайшық қаласына маңдай тірепті [2]. Маңдай тіреп тұрып, "Бұл үлкен өзеннің жағасына орналасқан гүлденген қала екен. Бағдаттан кейінгі 2-ші жүзбелі көпір осы қалада екен" деп, Сарайшық туралы ең алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың ұлы саяхатшысы Ибн Батутаның осы бір ғана дерегінің өзі біздің тарихымыздың сонау дәуірден жеткен жаһұт тасындай. Сол Батута Сарайшықтан шығып, Үргенішке қарай бет алғанда Үстірттің үстімен жүріп өткен екен дейді. Сол жолында Үстірттің үстінде ежелден ел көшіп, керуен жүрген жерлердегі, оның ішінде Уәлі жеріндегі құдықтардың басына келіп, тізгін тартып, қона кеткен екен делінеді. Вероятно, Ибн Баттута согласился бы с турецким суфием, которым он восхищался: «Когда мы мертвы, ищите наши могилы не на земле, а в сердцах людей». Уәлінің өзінің аты айтып тұрғандай, бұл ежелгі жол сапарлардың түйіскен жері болса керек, жергілікті аңыздар Уәлі деген ос ыжерді билеген ханның есімі екен дейді. Ал жалпы «уәлі» деген сөздің мағынасы «билеуші», «әкім», «қамқоршы» деген мағынан береді екен [3. 67].

Сол құдықтардың өте ескі жұрнағы сол Уәлі жерінде әлі де бар. Әрине, кейіннен салынғандары да көп. Тек Уәлінің өзінде 38 шыңырау бар.

Уәліде қазір ел жоқ. Бірақ сол құдықтардың суы әлі де мөлдіреп тұр. Құдықтар туралы жалпы не білеміз? Құдық екенін білеміз тек. Ал оның тағдыры туралы, тіпті оның тарихи ескерткіш екеніне назар аударған кім бар? Әбіш Кекілбайұлының «Еңсеп өлгенінен» кейін құдықтар туралы тақырып та кейінге шегеріліп кеткен тәрізді. Ал Уәлідегі шегенделген құдықтардың сол шегені әлі тұр. Бір шыңыраудың әйкеліне «1959 жыл. Капремонт облводхоз» деп жазылыпты. Екінші бір шыңырауда «1962 г. Капремонт. облводхоз» деген жазу бар екен. Бір құдықтың тереңдігінің қандай екенін білмеймін, бірақ суы бір метрдей жерде ғана тұр. Қолыңды созсаң жететіндей. Бұл құдықтар туралы керемет аңыз да бар. Енді қазір иесіз жатқан осы құдықтарды да біржола көміліп қалмай тұрған кезінде тарихи ескерткіш ретінде сақтап қалу керек сияқты. Енді 100 жылдан кейін келетіндер мұның не екендігін түсінбей таңдануы мүмкін. Тіпті «адамдар осылай құдық қазып, содан су ішкен» дегенге сенбейтін де ұрпақ келетін шығар. Туристер үшін айтылатын әңгіменің ең көнесі осы құдықтардан басталса болғандай. Тіпті осы өңірдің ежелгі Татис мұхитының асты екендігін және сол мұхиттың табан іздерінің әлі де сайрап жатқан табан іздерін де осы өңірден бастап көрсетіп келіп, Тұзбайыр мен оның айналасын көмкерген ахар-шахар тауларды аралатудың өзі ерекше әсер берері сөзсіз.

Бұл мәселеде Маңғыстау құдықтарының картасын түзу де маңызды болар еді. Жер-жердегі елсіздіктің бір кездері елді жер болғандығының хабаршыларындай болып жатқан құдықтар тарихы халықтың тарихының бір парасы екені даусыз.

Кейбір деректер ескі заман құдықтарын қытайлықтар қазған дегенді айтады. Бірақ қытайдан басқа шөлді мекен еткендер де су ішкен. Сол қытайдың Маңғыстауға келіп құдық қазбағаны анық. Неліктен қытайлар деп отыр? Өйткен бұл тарихышлар Маңғыстау деген даланың бар екендігін, ол жерде басқа пенделер сияқты ежелден су ішетін халық тұрғандығын, бұл далада өзен, көл жоқ екендігін білмейтіндер. Сондықтан да маңғыстаудың ғана тарихы емес, қазақ жерінің тарихы адамзаттың тарихынан, адамзат туғызған небір тарихи ескерткіштердің тарихынан үнемі шет қалады. Шет қалатындығына ең алдымен өзіміз кінәліміз, өзіміз дегенде қазақстан тарихшылары мен маңғыстаулық тарихшылар. Өйткені бұл құдықтарға тарихи мұра ретінде қарап көрмеген. Ол күнделікті өзінен өзі болатын, бабалар жүріп өткен, өмір сүрген замандардың тарихы деп санауға келмейтін, «оның несі таң?» деген ұғыммен жүретіндіктен. Мысалы мына картада Каспий теңізінің оңтүстік жағындағы аты шулы құдықтардың орналасқан нүктелері белгіленген.



Ұлы Жібек жолы осындай құдықтардың арқасында жүзеге асты. Зерттеуші П.Франкопана «Әлемнің орталық нерв жүйесі» деп атаған Жібек жолының әр нүктесі құдықтардың атауымен аталмаса да, құдықтардың үстімен жүріп өткені анық [4. 9]. Құдықтар кезінде шет-шексіз, қандайда бір белгісі жоқ мен далада негізгі бағыт-бағдардың да рөлін атқарған. Бірақ оны да даланың қан тамырларындай болып сан тарауға таралып жататын жолдарды жақсы білетін дала-білгірлері ғана санасында жаттап, көкірегінде сызып, сақтап келген. Сол арқылы небір бай керуендер талай елдің табысты болуына, тарихтың шөілне ұрынып қалмай осы заманға аман-есен жетуіне септігі тиді. Жер бетін, оның ішінде қазақ жерін де шиырлаған жалғыз аяқ жолдардың қай-қайсысы да құдығы бар жерге келіп тірелетіні де анық.

Құдық қазу да ескіден келе жатқан сәулет өнерінің бірі десе болдғандай. Өйткені ол тек жер қазу емес. Ол ең алдымен су шығатын жерді табу, жерсақ адамдар қай жерден қандай мөлшерде су шығатыныдығын да болжай білген. Білетіндердің айтуынша, қара сексеуіл өскен жерден мол су шығатын көрінеді. Өйткені қара сексеуілдің тамыры тым тереңге кетеді екен. Қара сексеуіл жер қойнауының қабат-қабат қыртысында жатқан мол су көзіне тереңдеп барып, нәрді сол жақтан алады екен. Сондықтан да ол жер бетінің ыстығы мен аптабынан сескенбей жайқалып өсіп тұрады екен.

Құдықтармен қоныстас болып, өмір кешкен көне заман қазақтары сол құдықтарды мазмұнына арқау еткен небір аңыздарды өмірге әкелді. Демек, құдықтар тек құдықтар ғана емес, бұл ел мен елдің мәдени-рухани байланысына жол ашқан, сол кездегі ғылымның дамуына да ықпал, білім мен білімді, ілім мен ілімді тоғыстырған аса маңызды нүктелер.

Сондай аңыздың бірі Уәлі құдықтарына байланысты айтылады. Ол аңызды мен 95 жыл ғұмыр кешкен өз анаман естідім. Менің ата-анам 1956-1962 жылдар аралығында Уәлі жерінде тұрған. Мен ол кезде кішкентай едім. Жаз айларында киіз үйде отырамыз. Түн қараңғысында бізді құдық басына жақындатпайтын. Ал кей күндері түн ішінде өте жіңішке бір дауыс естілетін еді. Ол дауыстар әуелі біреу ғана болады да, кішкенеден кейін оған тағы бірнеше жіп-жіңішке дауыстар қосылады. Біз бала-шаға ол дауыстардан қорқатынбыз. Осы бертінде анам тоқсан жастан асып отырған шағында мен одан сол дауыстар жайында сұрадым. Сонда анам «Сол күндері Уәліде 37 құдық бар еді ғой. Оның ішінде өте ескілері де, кейін қазылғандары да болды. Әлгі ескі құдықтарда су бар, бірақ одан ауыз су алмайтынбыз. Одан тек колхаздың малын суаратын. Өйткені ол құдықтарда сарыүйектер бар дейтін еді. Мен өзім сарыүйектерді көрген жоқпын. Сенің айтып отырған дауысың – ол сол сарыүйектердің дауысы. Айдың тоғысы болған кезде олар осындай дыбыстар шығарады» дейтін. Сосын осы сарыүйектерге байланысты бір жырды есіне түсірді. Ол жырды жас кезінде әкем айтады екен. Бірақ анам жырдың жыр күйіндегісін ұмытып қалыпты. Әкем 1993 жылы қайтыс болды. Мен сол аңызды жыр тіліне түсірдім:

Жыландар жыры
Айхай да айхай сал еді.
Жан-жағы түгел жар еді.
Уәлі деген жерімде,
Отыз жеті шыңырау бар еді.

Құшаққа алғанда құмай-түн
Тоғысы айдың ұнайтын,
Отыз бір шыңырау қосыла,
Дауыс етіп сонда жылайтын.

Ай құшақтаған сырнай-түн,
Сырнай-түндегі үн де айқын.
-Сарүйектердің даусы, - деп,
Әкеміз толқып тыңдайтын.

Тыңдайтын! Сосын жырлайтын,
Дауысы – керім, сырнайтын.
Домбыра ап жаңғыз қолымен,
Әуенге салар бір қайтым.
Көзінде жасы мөлдіреп,
Анам да үнсіз тыңдайтын.

-Сарыүйек барда – ие бар,
Ие бар жерде кие бар, -
дейді әкем сосын толғанып, -
-Қасиетті оның сүйегі әр!

Көшсе де қанша бұлғақ-күн,
Сарыүйек – рух ырғақ-мұң.
Өлексе іздеп кеп жүрген,
Қаңғымасы емес бір жақтың.

Сылдырлақ сауыт тұтқан кіл
Жау шапқан кезде сырттан бір.
Ең соңғы батыр өлгенде,
Шыңыраулардан атыла,
Сарыүйектер самсай шыққан-дүр.

Адам мен рух арасы,
Жыланның арғы бабасы –
Қасиеті жатқан тылсымда,
Сарыүйек қарап тұрсын ба?!
Жиналған жауға әр қайдан,
Сарыүйектер салған қан майдан

Қалғанда белден кесіліп,
көш-үміт желдей есіліп,
Қыр денесі бір бөлек,
Тұл құйрығы бір бөлек,
У шашатын тіл де ерек,
Ысқырынған үн бөлек,
Омыртқасы он бөлек –

Түрегеліп құйындай,
Дөңгеленіп тиындай,
Бір жылан – мыңға айналып,
Қайтпайтын кекке қайралып,
Ұқсап бір ұлы дауылға,
Атылған екен жауына.

Біріне бірі жалғасып,
Қылдай үнімен сарнасып,
Шыңыраудан жауы су тартса,
Қауғасына жармасып,
Аңдаусыз тұрған жауларға,
Атыла шыққан деседі.
Жер асты жатқан дарияны,
Сапыра шыққан деседі.

Қолға таққан оймақтай,
Домалана қалады.
Жазыла жатқан айлақтай,
Тарала да қалады.
Түн өтсе де, таң атып
Құмнан құйын боратып,
Айқай-шуы қан кешіп
Жан алысып, жан кешіп,
Жау келгенде көлденең.
Бұл жерді сөйтеп бермеген,

Сары белден құлай кеп,
Бір ауыз датын сұрай кеп,
Солардың енді ұрпағы
Жылайды екен былай деп:

-Баламның рухы желде жүр,
Атамның рухы менде жүр.
Анамның рухы, ей, адам,
Ей, адам, мына сенде жүр! -
Біле ме соны пенде бір?

Ай, босаға, босаға,
Рухтан күшің аса ма?!
Бейуақытта жылан кеп,
Керегеңе керілсе,
Дөдегеңе өрілсе,
Адамдай ойлы көзімен
Өзіңе қарай емінсе.

Ақ ала таңмен таласа,
Жетім қалған балаша,
Бейуақытта жылан кеп,
Түндігіңнен қараса,

Сыңсып бір әнге сал-дағы,
Қасына таяп бар-дағы,

Ақ құя қой басына,
Сүт-рух оның талғағы.

«Жезбен түстес құйрығым,
Орайын деп келген жоқ.
Тілімдегі зәрім де,
Тамайын деп келген жоқ.
Адамдардың үрейін
алайын деп келгем жоқ.
Неше түрлі ойменен,
Харам іздеп келгем жоқ,
Адамның асын жемеймін,
Тамақ іздеп келгем жоқ».

Ай, босаға, босаға,
Жыланға зорлық жасама.
Ақ құя ғой басыма,
Рухымның жерік асы да.
Қасыңнан жайлап өте-дүр,
Риза болып кете-дүр.
Ризашылығым Аллаға,
Аллаға барып жете-дүр».

Деп анам аңыз айтатын,
Өткенді шарлап қайтатын:

Әр нәрсені ұқтырған,
Жанарына шық тұнған,
Аңыздар бізді ап шықты,
Білместік деген тұтқыннан.

Еңку-еңку жер едік,
Байлығы тасқан кеме едік.
Рухқа арқа сүйеген,
Қазақ деген ел едік.

Құр босқа өмір сүрмеген,
Кештік де дәурен дүрбелең.
Сүттің де рух екенін,
Бірақ мен де білмегем,
Бәлкім, сен де білмеген.

Адамның рухы – құт-кемең,
Тазарды екен сүтпенен.
Сақтайды бойды, ой, тілді,
Сәбилік және кейпіңді,
Өйткені – мына ақ сүтке,
Ақ сүтке Алла дем салып,
Жібереді екен дейтін-ді.
Алланың демі адамға,
Білінбейді дейтін-ді.
«Сүт төгілсе қара жер
дірілдейді» дейтін-ді.

Бұл мақалдың мәнісін
Енді ұқтым мен де тербеп кең!
Адамға қуат беретін,
Рухтың күші кең неткен!?

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Е.Оралбай. Құдық қазу ісінің қалыптасуы және құдық түрлері (археологиялық және этнографиялық материалдар бойынша) Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 4(08)
2. https://ru.wikipedia.org/ .
3. Қ.Халиди. Таурих-и хамса-и шарқт. Шығыстың бес тарихы: бірінші кітап. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017. – 328 б.
4.П.Франкопана. Шелковый путь. Дорога тканей, рабов, идей и религий. М.: Эксмо, 2015. ISBN 978-5-699-95706-4.

УДК 378.147

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ИГРОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Дуйсебекова А.Е.
Аркалыкский педагогический институт им Ибрая Алтынсарина
Казахстан, г. Аркалык

Аннотация. В игровую технологию включаются последовательно игры и упражнения, формирующие одно из интегративных качеств или знание из образовательной области. Но при этом игровой материал должен активизировать образовательный процесс и повысить эффективность освоения учебного материала.

Ключевые слова: игровая технология, мотивация, формирования, навык, умения, деятельность, условия, функционирования, дошкольного учреждения уровень, развития, дети.

«Без игры нет и не может быть полноценного умственного развития. Игра-это огромное светлое окно, через которое в духовный мир ребёнка вливается живительный поток представлений, понятий окружающего мира. Игра-это искра зажигающая огонёк пытливости и любознательности».

В.А.Сухомлинский

Игровые занятия проходят очень живо, в эмоционально благоприятной психологической обстановке, в атмосфере доброжелательности, свободы, равенства, при отсутствии изоляции пассивных детей.

Игровые технологии помогают детям раскрепоститься, появляется уверенность в себе. Как показывает опыт, действуя в игровой ситуации, приближенной к реальным условиям жизни, дошкольники легче усваивают материал любой сложности.

Игровые технологии широко применяются в дошкольном возрасте, так как игра в этом возрасте является ведущей деятельностью в этот период.

В деятельности с помощью игровых технологий у детей развиваются психические процессы.

Главная цель игровой технологии — создание полноценной мотивационной основы для формирования навыков и умений деятельности в зависимости от условий функционирования дошкольного учреждения и уровня развития детей.

Её задачи: Достигнуть высокого уровня мотивации, осознанной потребности в усвоении знаний и умений за счёт собственной активности ребёнка.Подобрать средства, активизирующие деятельность детей и повышающие её результативность.

Игровая педагогическая технология — организация педагогического процесса в форме различных педагогических игр. Это последовательная деятельность педагога по: отбору, разработке, подготовке игр; включению детей в игровую деятельность; осуществлению самой игры; подведению итогов, результатов игровой деятельности[1].

Игровые технологии тесно связаны со всеми сторонами воспитательной и образовательной работы детского сада и решением его основных задач.

Игровая технология должна быть направлена на решение таких задач:

- ❖ дидактическая цель ставится перед детьми в форме игровой задачи;
- ❖ деятельность подчиняется правилам игры;
- ❖ учебный материал используется в качестве ее средства;
- ❖ в деятельность вводится элемент соревнования, который переводит дидактическую задачу в игровую;
- ❖ успешное выполнение дидактического задания связывается с игровым результатом.

Игровая форма организованной образовательной деятельности, создается игровой мотивацией, которая выступает как средство побуждения, стимулированию детей к обучению.

Игра — это самая свободная форма погружения человека в реальную или (воображаемую) действительность с целью ее изучения, проявления собственного «Я», творчества, активности, самостоятельности, самореализации.

Используя игровые технологии в образовательном процессе, я много использую доброжелательности, стараюсь осуществлять эмоциональную поддержку, создавать радостную обстановку, поощрять любую выдумку и фантазии ребенка. Только в этом случае игра будет полезна для развития ребенка и создания положительной атмосферы сотрудничества со взрослым.

Сначала игровые технологии я использовала как игровые моменты. Игровые моменты очень важны в педагогическом процессе, особенно в период адаптации детей в детском учреждении. Работая с детьми четырех – пяти лет для меня основная задача — это формирование эмоционального контакта, доверия детей к воспитателю, умения видеть в воспитателе доброго, всегда готового прийти на помощь человека, интересного партнера в игре. Использую фронтальные игровые ситуации, чтобы ни один ребенок не чувствовал себя обделенным вниманием. Это игры типа «Хороводные», «Догонялки».

В своей деятельности я ежедневно применяю игровые моменты на занятиях, в свободной деятельности детей, на прогулках, во время разных игр: это и пальчиковая гимнастика в стихотворной и игровой форме, и артикуляционная гимнастика, сюжетно-ролевые игры, дидактические игры, подвижные игры, игры малой подвижности, речевые игры и задания хорошо развивают речь ребенка и готовят к успешному обучению в школе [2].

Игровые моменты должны присутствовать во всех видах деятельности детей: труд и игра, учебная деятельность и игра, повседневная бытовая деятельность, связанная с выполнением режима и игра.

Уже в раннем детстве ребенок имеет наибольшую возможность именно в игре, а не в какой-либо другой деятельности, быть самостоятельным, по своему усмотрению общаться со сверстниками, выбирать игрушки и использовать разные предметы, преодолевать те или иные трудности, логически связанные с сюжетом игры, ее правилами.

ИГРОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ВКЛЮЧАЕТ В СЕБЯ:

- Игровые тренинги –
- Сюжетно – ролевые игры
- Театрализованные игры

Познавательное развитие предполагает развитие интересов детей, любознательности и познавательной мотивации; формирование познавательных действий, становление сознания; развитие воображения и творческой активности; формирование первичных представлений о себе, других людях, объектах окружающего мира, о свойствах и отношениях объектов окружающего мира. Здесь выбор игр огромен и разнообразен, но следует выделить игровые технологии, направленные на формирование знаний, умений и навыков – это так называемые обучающие игры, проблемные игровые ситуации и игровые технологии, направленные на закрепление полученных знаний, развитие познавательных способностей.

Речевое развитие включает владение речью как средством общения и культуры; обогащение активного словаря; развитие связной, грамматически правильной диалогической и монологической речи; развитие речевого творчества; развитие звуковой и интонационной культуры речи, фонематического слуха; знакомство с книжной культурой, детской литературой, понимание на слух текстов различных жанров детской литературы; формирование звуковой аналитико-синтетической активности как предпосылки обучения грамоте.

Применение игровых технологий в работе позволяет повышать успешность обучения детей с речевыми нарушениями.

Проведение специально подобранных игр создает максимально благоприятные условия для развития речи детей. Например, таких технологий, как:

- Игровые технологии, направленные на развитие мелкой моторики
- Игровые технологии, направленные на развитие артикуляционной моторики
- Игровые технологии направленные на развитие дыхания и голоса

Художественно-эстетическое развитие предполагает развитие предпосылок ценностно-смыслового восприятия и понимания произведений искусства, мира природы; формирование элементарных представлений о видах искусства; восприятие музыки, художественной литературы, фольклора, изобразительного искусства.

Физическое развитие включает приобретение опыта в следующих видахдеятельности детей: двигательной, способствующих правильному формированию опорно-двигательной системы организма, развитию равновесия, координации движения, крупной и мелкой моторики обеих рук, а также с правильным, выполнением основных движений, формирование начальных представлений о некоторых видах спорта, овладение подвижными играми, становление ценностей здорового образа жизни.Таким образом, игровые технологии тесно связаны со всеми сторонами воспитательной и образовательной работы детского сада и решением его основных задач.

Дошкольный возраст является уникальным и решающим периодом, в котором закладываются основы личности, вырабатывается воля, формируется социальная компетентность. Обучение в форме игры может и должно быть интересным, занимательным, но не развлекательным.

Для реализации такого подхода необходимо, чтобы игровые образовательные технологии, разрабатываемые для обучения дошкольников, содержали четко обозначенную и пошагово описанную систему игровых заданий и различных игр. Это необходимо для того чтобы, используя эту систему, педагог мог быть уверенным, что в результате он получит гарантированный уровень усвоения ребенком того или иного предметного содержания[3].

Игровая педагогическая технология - организация педагогического процесса в форме различных педагогических игр. Это последовательная деятельность педагога по:

- ❖ отбору, разработке, подготовке игр;
- ❖ включению детей в игровую деятельность;
- ❖ осуществлению самой игры;
- ❖ подведению итогов, результатов игровой деятельности.

Концептуальные основы игровой технологии:

❖ Игровая форма совместной деятельности с детьми создаётся при помощи игровых приёмов и ситуаций, выступающих в качестве средства побуждения и стимулирования ребёнка к деятельности.

❖ Реализация педагогической игры осуществляется в следующей последовательности - дидактическая цель ставится в форме игровой задачи, образовательная деятельность подчиняется правилам игры; учебный материал используется в качестве её средства; успешное выполнение дидактического задания связывается с игровым результатом.

Игровая технология охватывает определённую часть образовательного процесса, объединённую общим содержанием, сюжетом, персонажем.

В игровую технологию включаются последовательно игры и упражнения, формирующие одно из интегративных качеств или знание из образовательной области. Но при этом игровой материал должен активизировать образовательный процесс и повысить эффективность освоения учебного материала.

Значение игровой технологии не в том, что она является развлечением и отдыхом, а в том, что при правильном руководстве становится: способом обучения; деятельностью для реализации творчества; методом терапии; первым шагом социализации ребёнка в обществе.

Воспитательное и обучающее значение игры зависит от:

- знания методики игровой деятельности;
- профессионального мастерства педагога при организации и руководства различными видами игр;
- учёта возрастных и индивидуальных возможностей.

На современном этапе игровая деятельность в качестве самостоятельной технологии может быть использована: для освоения темы или содержания изучаемого материала; в качестве занятия или его части (введения, объяснения, закрепления, упражнения, контроля); как часть образовательной программы, формируемой коллективом дошкольных учебнық образовании[4].

Игра, как правило, собственная инициатива детей, поэтому руководство педагога при организации игровой технологии должно соответствовать требованиям:

- выбор игры - зависит от воспитательных задач, требующих своего разрешения, но должен выступать средством удовлетворения интересов и потребностей детей (дети, проявляют интерес к игре, активно действуют и получают результат, завуалированный игровой задачей - происходит естественная подмена мотивов с учебных на игровые);
- предложение игры - создаётся игровая проблема, для решения которой предлагаются различные игровые задачи: правила и техника действий);
- объяснение игры - кратко, чётко, только после возникновения интереса детей к игре;
- игровое оборудование - должно максимально соответствовать содержанию игры и всем требованиям к предметно-игровой среде;
- организация игрового коллектива - игровые задачи формулируются таким образом, чтобы каждый ребёнок мог проявить свою активность и организаторские умения. Дети могут действовать в зависимости от хода игры индивидуально, в парах или командах, коллективно.
- развитие игровой ситуации - основывается на принципах: отсутствие принуждения любой формы при вовлечении детей в игру; наличие игровой динамики; поддержание игровой атмосферы; взаимосвязь игровой и неигровой деятельности;
- окончание игры - анализ результатов должен быть нацелен на практическое применение в реальной жизни.

Главный признак педагогической игры в игровой технологии - чётко поставленная цель обучения и соответствующие ей педагогические результаты, характеризующиеся учебно-познавательной направленностью.

Виды педагогических игр очень разнообразны. Они могут различаться:

- По виду деятельности - двигательные, интеллектуальные, психологические.
- По характеру педагогического процесса - обучающие, тренировочные, контролирующие, познавательные, воспитательные, развивающие, диагностические.
- По характеру игровой методики - игры с правилами; игры с правилами, устанавливаемыми по ходу игры; игры, где одна часть правил задана условиями игры, а устанавливается в зависимости от её хода.
- По содержанию - музыкальные, математические, социализирующие, логические и т. д.
- По игровому оборудованию - настольные, компьютерные, театрализованные, сюжетно-ролевые, режиссёрские и т. д.

Главный компонент игровой технологии - непосредственное и систематическое общение педагога и детей.

Её значение:

- активизирует воспитанников;
- повышает познавательный интерес;
- вызывает эмоциональный подъём;
- способствует развитию творчества;

- максимально концентрирует время занятий за счёт чётко сформулированных условий игры;

- позволяет педагогу варьировать стратегию и тактику игровых действий за счёт усложнения или упрощения игровых задач в зависимости от уровня освоения материала.Особенность развивающей методики Воскобовича состоит в том, что он попытался совершить путь от практического опыта к теории. В основном это игры-конструкторы и головоломки, сопровождающиеся сказочными сюжетами[5].

Отличительной особенностью этих игрушек является сочетание сказки и головоломки. По методике Воскобовича, которую сам он назвал «технологией», ребёнок с помощью игр попадает в развивающую среду, названную «Фиолетовый лес».

«Геоконт» -её еще называют «дощечкой с гвоздиками» или «разноцветные паутинки"- представляет собой фанерную дощечку с нанесенной на неё координатной пленкой.

На игровом поле закреплены пластмассовые гвоздики, на которые натягиваются разноцветные «динамические» резинки. В результате такого конструирования получаются предметные силуэты, геометрические фигуры, узоры, цифры, буквы. Игровой набор сопровождает методическая сказка «Малыш Гео, Ворон Метр и я, дядя Слава» (в названии сказки зашифровано слово «геометрия»).

«Квадрат Воскобовича» или «Игровой квадрат» бывает 2-х цветным (для детей 2-5 лет) и 4х цветным (для 3-7летних детей)

Игра представляет собой 32 жестких треугольника, наклеенных с двух сторон на расстоянии 3-5 мл друг от друга на гибкую тканевую основу. С одной стороны, «Квадрат» - зеленого и желтого цвета, с другой – синего и красного. «Квадрат» легко трансформируется: его можно складывать по линиям сгиба в разных направлениях по принципу «оригами» для получения объемных и плоскостных фигур. Потому-то эту игру называют еще «Вечное оригами» или «Квадрат– трансформер».

"Кораблик «Брызг-брызг" представляет собой игровое поле из ковролина в виде корабля с приклеенным фанерным корпусом и нанесенными цифрами от 1 до 7. К мачте на корпусе нужно прикреплять по цветам радуги и по необходимому количеству флажки на липучках - паруса.

Логические игры с блоками Дьенеша способствуют развитию логических, комбинаторных и аналитических способностей детей. Ребенок разделяет блоки по свойствам, запоминает и обобщает.

Игровые упражнения по методике Дьенеша доступно знакомят детей с формой, цветом, размером и толщиной объектов, с математическими представлениями и основами информатики. Блоки способствуют развитию у детей мыслительных операций: анализа, синтеза, сравнения, классификации, обобщения, а также логического мышления, творческих способностей и познавательных процессов - восприятия, памяти, внимания и воображения[6].

С блоками Дьенеша могут играть дети разного возраста: от самых маленьких (с двух лет) до начальной (и даже средней) школы.

В настоящее время во всем мире для развития детей и подготовки к школе широко используются "Логические блоки Дьенеша" в различных вариантах исполнения: объемные и плоскостные.

Игра - что может быть интересней и значимей для ребёнка? Это и радость, и познание, и творчество. Это то, ради чего ребёнок идет в детский сад.

ЛИТЕРАТУРА

1. Касаткина Е. И. Игра в жизни дошкольника. М., 2010.
2. Пенькова Л. А., Коннова З. П. Развитие игровой активности дошкольников.
3. Аникеева Н.П. Воспитание игрой/Н. П. Аникеева. Москва, 1997.
4. Касаткина Е. И. Игровые технологии в образовательном процессе ДОУ. //Управление ДОУ. 2012. №5.
5. Елистратова И. Давай с тобой поиграем. //Мой ребенок/И. Елистратова. №11. 2006.

6. Запорожец А.В., Маркова Т.А. Игра и её роль в развитии ребенка дошкольного возраста. Москва, 1998 г.

ӘОЖ 82-131

М.ӘБДІХАЛЫҚОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР, ЕЛ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Қаражанова М., магистрант
Ғылыми жетекші: Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Өмірмен ілесіп отыратын шағын жанр очерк, мақалалар дәуір туғызған жаңалықтарды, жақсы адамдарды ел-жұртқа таныстыру мақсатында көп міндеттер атқарады.

Өзінің іс-тәжірибесінде публицист өмірдегі бар адамдардың өзара байланысы, сезімдері мен қарым-қатынастары, осылардан туындайтын қоғамның бүкіл проблемалар әлемінде іс-әрекет жасайды.

Мақалада М.Әбдіхалықовтың журналистік мұрасын саралай отырып, публицистикадағы басты өзекті проблемалардың қатарында адамгершілік, қайырымдылық, жауапкершілік, мейірімділік қағидаттарын, атамекенінің өткен тарихын, туған жерінің жарқын болашағы үшін адал қызмет етіп жүрген замандастар бейнесі, өлке байлығы, жаңа бастамаларды автор кеңінен талдап, ғылыми сараптаулар жасаған.

Түйінді сөздер: очерк, публицист, тақырып, дәуір туғызған жаңалықтар, әлеуметтік, көкейкесті проблемалар, замандас тұлғасы, еңбек адамдары

Әрбір жазушы шығармашылығы оның өмір тарихымен тығыз байланысты болады. Адамдық болмысымен, азаматтық бітімімен, білім, өмір тәжірибесі, мәдениет, дүниетанымымен ұштасып, өріліп жатады.

Жазушы М.Әбдіхалықовтың шығармашылық қызметі әр алуан. Ол 60-80 жылдар қазақ әдебиетінде жазушы, публицист, очеркист, драматург, аудармашы ретінде қаламгерлік қырын танытқан еді. М.Әбдіхалықов әдебиеттің қай саласында да заман шындығы мен замандастарының қоғамдағы орны, халық алдындағы азаматтық борышы, рухани бейнесі жайында ой саларлық бірнеше шығармалар берді.

М.Әбдіхалықовтың газет қызметкері ретінде жарияланған жүздеген мақалалары ұлттық баспасөздің сарғайған парақтарында сақталып келгенімен, бүгінгі ұрпаққа жеткізу міндетін уақыт талап етеді. Әбдіхалықов мұнайшылардың, жұмысшылардың, балықшылардың, ауыл жастарының, зиялы қауымның, әйелдердің және т.с.с. бейнелері сомдалған жүзден астам шығарма жазған. Жазушы өзінің мақалалары мен очерктерінде не туралы жазса да – жақсы өмірге деген күрес немесе мұнайшы, шопан, жұмысшы еңбегі не өнер туралы болсын – оның ойлары әрдайым туған жер, отан, оған деген сүйіспеншілік, оның аясындағы атқарылып жатқан істердің ізгілік мазмұны туралы болады. Уақыттың, дәуірдің өзекті проблемаларын қарастырардағы Әбдіхалықовтың негізгі тұғырнамасы - адамдардың мінез–құлқы мен олардың тағдырын ашып көрсетерде бұл мәселелерге адамгершілік тұрғысынан келу. Публицистің басты назарында үнемі ұрпақтар, дәстүрлер, республика мәдениетіндегі сабақтастық тұрады.

Өнердің ішіндегі ең өміршеңі әдебиет десек, әдебиет жанрларының ішіндегі сан-салалы мол мүмкіншіліктерге ие, өмір болмысын шындық шеңберінде суреттейтін очерк жанры деуге болады. Очеркке тағылар талап – нысанасы дәл, мағлұматтары айқын, нақты өмірде болған оқиғалар тізбегінен тұратын, сол оқиғаларды белгілі дәрежеде дәлірек бейнелейтін, қатысушылары өмірде болған адамдар.

Өмірмен ілесіп отыратын очерк жанры 60-70 жылдары дәуір туғызған жаңалықтарды, жақсы адамдарды ел-жұртқа таныстыру мақсатында көп міндеттер атқарды.

Публицист өзінің іс-тәжірибесінде өмірдегі бар адамдардың өзара байланысы, сезімдері мен қарым-қатынастары, осылардан туындайтын қоғамның бүкіл проблемалар әлемінде іс-әрекет жасайды.

М.Әбдіхалықовтың журналистік мұрасын саралағанда публицистикадағы басты өзекті проблемалардың бірі - бұл ең алдымен адамдық фактор, осыдан туындайтын адамгершілік, қайырымдылық, жауапкершілік, мейірімділік сияқты принциптер.

Екіншіден – қазақ халқының дәстүрлерін, өнер, мәдениетін, әдебиетін ұлттық тұрғыдан жаңғыртудың көкейкесті проблемалары. Осы мәселелер арқылы адам баласының ұлтаралық қарым-қатынасының проблемасы келіп шығады. Сондықтан М.Әбдіхалықовтың публицистикасының жанрлық сипаты ол көтерген проблемалардың өзектілігін айқындай бастайды.

Оның публицистикалық шығармаларында өз заманының әлеуметтік және көкейкесті проблемаларын ашатын ерекше тұлғаларға автордың жан-жақты жіті аңғаруға тырысатындығы көрінеді. М.Әбдіхалықовтың замандас тұлғасы туралы тақырыпқа арналған шығармаларын талдағанда оларды - өндірістік, моральдық-этикалық және әлеуметтік-психологиялық деп 3 топқа бөліп қарастыруға болады.

